

Ж. ТҮЙМЕБАЕВ, М. ЕСКЕЕВА

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ



MODERN TURKOLOGY

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ**

Ж. Түймебаев, М. Ескеева

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ
(VII-IX ғғ.)**



**Астана
2013**

УДК 811.512.1

ББК 81.2

Т-84

Бастаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Түркі академиясының Ғылыми-үйлестіру кеңесі ұсынған

Рецензенттер:

Ф.ғ.д., академик Ә.Т. Қайдар
Ф.ғ.д., профессор Н.И. Егоров

Түймебаев Ж., Ескеева М.

Т-84 Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: ТОО «Prosper Print», 2013. – 336 бет.

ISBN 978-601-7340-38-4

Монографиялық зерттеу жалпытүркілік морфологиялық жүйенің көне-түркілік қабатының ерекшеліктерін айқындауға, VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі дифференциациялық және интеграциялық лингвоиндикаторлар негізінде көнетүркілік морфологиялық құрылымның қазақ тілінде сақталу деңгейін шамалауға бағытталған. Еңбек филология факультетінің студенттері мен магистранттарына және түркі тілдерінің тарихы қызықтырушы көпшілік қауымға арналады.

УДК 811.512.1

ББК 81.2

ISBN 978-601-7340-38-4

© Түркі академиясы, 2013



**EDITORIAL BOARD OF
«MODERN TURKOLOGY» SERIES**

Editorial Board Chairman – Shakir Ibrayev

Abdullaev K. (Baku), Akmatalliev A. (Bishkek), Butanaev V. (Abakan),
Vasilyev D. (Moscow), Gabibeili I. (Baku), Golden P. (West Windsor),
Guliev A. (Nakhichevan), Dybo A. (Moscow), Egorov N. (Cheboksary),
Zholdasbekov M. (Astana), Zakiev M. (Kazan), Ivanich M. (Szeged),
Illarionov V. (Yakutsk), Isen M. (Ankara), Kaidar A. (Almaty),
Kaseinov D. (Astana), Kiyasova K. (Ashkhabad), Kydyrali D. (Astana),
Kachalyn M. (Ankara), Kojaoglu T. (Michigan), Lacaze G. (Strasbourg),
Minnegulov H. (Kazan), Mudrak O. (Moscow), Nasilov D. (Moscow),
Reichl K. (Bonn), Rakhmonov N. (Tashkent), Samashev Z. (Astana),
Sarybayev S. (Almaty), Tashagyl A. (Istanbul), Tuymebayev Zh. (Astana),
Hisao Komatsu (Tokio), Horata O. (Ankara), Hulagu M. (Ankara),
Zevendorzh (Ulan-Bator), Chechenov A. (Moscow), Shaihulov A. (Ufa),
Erkebayev A. (Bishkek), Jankowski H. (Poznan)





«ҚАЗІРГІ ТҮРКОЛОГИЯ»
СЕРИЯСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Редакция алқасының төрағасы – Шәкір Ибраев

Абдуллаев К. (Баку), Акматалиев А. (Бішкек), Бутанаев В. (Абакан),
Васильев Д. (Мәскеу), Габибейли И. (Баку), Голден П. (Вест Виндзор),
Гулиев А. (Нахчыван), Дыбо А. (Мәскеу), Егоров Н. (Чебоксары),
Жолдасбеков М. (Астана), Закиев М. (Қазан), Иванич М. (Сегед),
Илларионов В. (Якутск), Исен М. (Анкара), Қайдар Ә. (Алматы),
Қасейінов Д. (Астана), Қиясова Қ. (Ашхабад), Қыдырәлі Д. (Астана),
Качалын М. (Анкара), Кожоаглу Т. (Мичиган), Лаказе Г. (Страсбург),
Миннегулов Х. (Қазан), Мудрак О. (Мәскеу), Насилов Д. (Мәскеу),
Райхл К. (Бонн), Рахмонов Н. (Ташкент), Самашев З. (Астана),
Сарыбаев Ш. (Алматы), Ташагыл А. (Стамбул), Түймебаев Ж. (Астана),
Хисао Коматсу (Токио), Хората О. (Анкара), Хулагу М. (Анкара),
Цэвээндорж Д. (Улан-Батор), Чеченов А. (Мәскеу), Шайхулов А. (Уфа),
Эркебаев А. (Бішкек), Янковски Х. (Познань)



АЛҒЫ СӨЗ



Түркі тілдері тарихи дамуының VII-IX ғасырлардағы жай-күйін сипаттайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымын саралау қазіргі түркі тілдері морфологиялық жүйесін құрайтын түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тұлғалық-мағыналық даму бағытын, грамматикалық-функционалдық әлеуетін айқындауға мүмкіндік беретін өзекті мәселе. Көне түркі тілінің морфологиялық құрылымына талдау жасау ең алдымен ескерткіштер тілінің морфологиялық жүйесін құрайтын түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың жалпы корпусын сомдауды, олардың қазіргі түркі тілдеріндегі сақталу деңгейі мен өзгерістерін ажыратуды міндеттейді.

Агглютинациялық тілдік жүйенің басты ерекшелігін сипаттайтын түркі тілдеріндегі түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың дамуы фонетика-фонологиялық жүйенің, лексикалық құрам мен синтаксистік конструкцияның өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуына ықпал ететіндіктен морфологиялық құрылым тұтас тілдік жүйенің тарихи дамуы мен өзара (тілдік деңгейлік) үйлесімділігін қамтамасыз ететін басты грамматикалық тетік болып табылады. Тіл тарихына қатысты зерттеулердің негізгі ғылыми ұстанымдарының бірі – сөз тұлғасы мен сөз құрылымына бағытталған морфологиялық принцип. Морфемдік талдау әдісінің ретроспективті бағыты «агглютинациялық даму процесінде о бастағы ілкі де көне түбірге қат-қабат жалғанып, онымен бірігіп, кірігіп кеткен жалғау-жұрнақтарды морфемалық жіктеу тәсілімен сөз жасау модельдері

бойынша біртіндеп бөліп алып, одан ары морфемалық бөлшектерге жіктелмейтін монолитті ілкі түбірді айқындауға мүмкіндік береді, ... ол түбір тілде жеке дара қолданылмайтын «өлі» түбір болуы да ықтимал»¹. Сондықтан түркі тілдері грамматикалық құрылымының даму жолын саралаудың нәтижелі болуы морфемалардың дұрыс ажыратылуымен тікелей байланысты.

Морфологиялық құрылымның арқауы – түбір морфемалар мен қосымша морфемалар форма мен мазмұнның өзара үйлесімділігіне негізделген тілдік бірлік ретінде сөйлеу үдерісін қамтамасыз етеді және жалпы тілік жүйенің функционалдық әлеуетінің көпқырлы сапалық қырларын сипаттайды.

Агглютинациялық құрылымдық жүйеге байланысты қалыптасқан түркі тілдеріндегі морфемалардың өзіндік ерекшеліктері негізінен морфологиялық және морфонологиялық заңдылықтар мен құбылыстарға байланысты туындағанымен бұл үдерістен басқа грамматикалық заңдылықтар да тыс қалмайды. Тіл жүйесіндегі эволюциялық дамудың жиынтығы негізінен лексикалық деңгейден көрінетіндіктен даму барысындағы фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, грамматикалық құбылыстар түбір морфемалар мен қосымша морфемаларға бірдей қатысты. Сондықтан қазіргі түркі тіл білімінде қосымша морфемалардың қалыптасу тарихы мен этимологиялық негіздеріне, құрылымдық дамуына қатысты – жалғамалылық тілдік жүйенің заңдылықтарына сай дербес лексикалық мағынасын, соған сәйкес екпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалардың қалыптасуы; сөз тіркестерінің соңғы сыңарларының дербес мағыналарынан ажырауы негізінде грамматикалық көрсеткіштерге айналуы; бірнеше қосымшалардың кірігуі немесе фузиялық құбылыстарға ұшырауы нәтижесінде күрделі грамматикалық тұлғалардың орнығуы немесе осы күрделі тұлғалардың өз ішінен ыдырауы, редукциялануы арқылы жаңа грамматикалық көрсеткіштердің қалыптасуы жайлы теориялардың ұсынылуы да түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың өзара тығыз байланысы мен сабақтастығына негізделеді.

Глоттогониялық және құрылымдық-диахрониялық тұрғыдан қарастырылатын конвергенциялық үдерістердің теңестіру тетік-

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998. -64-бет

тері, омонимдік грамматикалық формалардың күңгірттенуі немесе жойылуы, септік жүйесінің ықшамдалуы; контаминациялық құбылыстардың сөзжасамдық қабілетінің; семантикалық өрістегі прагматикалық қатынастарды сипаттайтын гипонимиялық құбылыстардың; сөз мағынасына қатысты басқа да құбылыстар мен заңдылықтардың (полисемиялық омонимиялық, синонимиялық, антонимиялық, аналогиялық т.б.) диахрониялық табиғаты сөздің морфологиялық құрылымының қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етіп, архитүбірлер мен архиформанттардың, аффиксоидтардың тұлғалық, мағыналық тұрғыдан деривациялану ерекшеліктерін бағдарлауға мүмкіндік береді.

Еңбек VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық ерекшеліктерін, грамматикалық-функционалдық әлеуетін саралау негізінде жалпытүркілік тілдік даму үдерісінің көнетүркілік қабатына тән морфологиялық заңдылықтарды талдауға; аглютинациялық тілдік жүйенің түбір морфемалар мен қосымша морфемалар арасындағы тығыз сабақтастыққа негізделетінін дәйектеуге; лексика-семантикалық және грамматикалық даму заңдылықтарының түбір морфема мен қосымша морфемаға бірдей қатыстылығын сипаттауға; лингводиференциациялық және лингвоинтеграциялық көрсеткіштер негізінде көнетүркілік морфологиялық құрылымның қазақ тілінде сақталу деңгейін шамалауға бағытталған.

Бірінші бөлімде түркі тіл біліміндегі морфология саласының ұғымдық ерекшеліктері мен метатеориялық негіздері тілдік иерархияның іштей саралануы, тіл құрылымының салалық-деңгейлік жүйеленуі тұрғысынан талданып, тіл мен тіл иесі арасындағы көпқатпарлы, көпвекторлы байланыс глоттохронологиялық өріс аясындағы тұлғалық-мазмұндық өзгерістердің өзегі ретінде қарастырылады. Аглютинациялық тілдік құрылымға тән грамматикалық заңдылықтар, сөз формасының күрделенуі, грамматикалық мағына мен грамматикалық көрсеткіштердің арақатысы, морфема мен морфонемалардың табиғаты, лексема мен семантеманың байланысы сараланады. Түркі тілдері дамуының көнетүркілік-фрагментарлық кезеңінің тілдік ерекшеліктері ортағасырлық қыпшақ ↔ оғыздық,

оғыз ↔ қыпшақтық аралас тілдік жүйенің бастапқы хронологиялық кезеңі ретінде қарастырылады.

Екінші бөлімде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің морфемалық әлеуеті гомогенді моносиллабтардың тұлғалық-мазмұндық даму парадигмасы шеңберіндегі сөзжасамдық қабілеті негізінде сипатталады. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі түбір морфемалардың құрылымдық модельдері сараланып, есім негізді түбірлер мен етістік негізді түбірлердің диахрониялық-архаикалық мазмұнындағы полисемиялық сапа синкретикалық-омонимиялық, оппозициялық-антонимиялық құбылыстар мен олардың рефлексиясы негізінде дәйектеледі.

Үшінші бөлімде түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың қалыптасуы мен дамуы жайлы ғылыми-теориялық тұжырымдар мен гипотезалық көзқарастар сараланып, Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалардың құрылымдық модельдері жүйеленеді. Ескерткіштер тіліндегі қосымша морфемалардың ерекшеліктері сөз таптарының лексика-семантикалық, грамматикалық және функционалдық-прагматикалық табиғаты аясында сипатталады.



**VII-IX ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

§ 1. ТҮРКІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Тіл адамзат мәдениетінің даму үдерісіндегі маңызды белгілер мен сапалық өзгерістерді өз мазмұнында сақтай отырып, адамның рухани-танымдық әлеміндегі өзгерістер мен жаңғыруларға сәйкес мағыналық тұрғыдан да, тұлғалық-құрылымдық жағынан да дамып отырады. Тілдің тарихи даму барысындағы тұлғалық өзгерістері тіл феноменінің қоғамдық-әлеуметтік үдерістер аясындағы коммуникациялық және ақпараттық қызметтерімен бірге жүретін құбылыс. «Тірі сана мен тірі қарым-қатынас барысында тілді бұлжымас, қозғалмас жүйе деп қарастыру мүмкін емес. Адам үшін оны қоршаған тілдік орта да, ол адамның өзінің тілдік санасы да түгелдей дерлік көпдауыстылықтан, көпмағыналылықтан тұратындықтан»¹ тілдің нақтылы фонетикалық жүйесі, грамматикалық құрылымы сөйлеушіні қызықтырмайды, тілдің ақпараттық әлеуеті мен коммуникативті қызметі бірінші орынға шығады. Сондықтан да антикалық лингвистика өкілдері ең алдымен тілдің адамзатты жаратушы құдіретті күшпен байланысына, рухани-мәдени-танымдық әлеммен, адам болмысымен сабақтастығына ерекше назар аударып, тілдің грамматикалық құрылымын негізінен номинациялық құбылыстарды анықтау, риторикалық әлеуеттілікті саралау, сөздіктер түзу мәселесі барысында қарастырды.

Тілдік иерархияның ішкі салаларға саралануы, яғни тіл құрылымының салалық тұрғыдан жүйеленуі, әр салаға қатысты метатілдің қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтитын ғылыми ізденістердің нәтижесі. Бұл грамматиканың қалыптасу тарихы, даму дәстүрі терең ғылым

¹ Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2007. – 49-бет.

саласы екенін көрсетеді. Оның зерттелу тарихы ежелгі үнді, грек, араб т.б. тіл білімдері дәстүрлерінен басталады. Әлемдік тілдердің бірсыпырасы қабылдаған қазіргі еуропалық грамматика ғылымы мен оның терминологиясы да көне грек, көне үнді философиясының негіздеріне сүйенеді. Жалпы тіл білімінің аясындағы грамматиканың академиялық сипат алып, метатеориялық деңгейде зерттелуі ХІХ-ХХ ғасырларға сәйкес келеді. Осы орайда қазақ тіл білімінің салалық жүйелері мен метатілдік аппаратының негізін ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ қалыптастырған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы сынды қазақтың біртуар азаматтарының есімін мақтанышпен атап өту орынды.

Тіл мен тіл иесі (этнос) арасындағы көпқатпарлы, көпвекторлы байланыс этнос тілінің мыңдаған жылдарды қамтитын бірнеше лексикалық қабаттарының глоттохронологиялық өріс аясына кіретін мазмұндық және тұлғалық құрылымының өзгеру, даму парадигмасы шеңберінде жүзеге асады. Тілдің мазмұнында сақталатын этностың рухани-мәдени-танымдық әлемі, этногенездік құрылымы, этностық деңгейге дейінгі жүріп өткен жолы, дербес халық ретінде қалыптасқаннан кейінгі тарихы және олардың басқа этностық топтармен тарихи-әлеуметтік қарым-қатынасы тілдің құрылымдық-тұлғалық ерекшеліктерінен де көрініс береді. Сондықтан этнос тілінің қалыптасу, даму тарихын ғылыми тұрғыдан зерделеу ең алдымен нысанаға алынған белгілі бір халық тілінің грамматикалық құрылымының моделін анықтаудан басталатыны белгілі.

Әлем тілдерін типологиялық классификация бойынша түбір тілдер, флективті тілдер, агглютинативті тілдер, инкорпоративті тілдерге бөлу әрбір тілдегі лексемалардың морфологиялық құрылымының ерекшеліктеріне негізделеді. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында тілдік типологияның бір түрі ретінде ғылыми-методологиялық тұрғыдан негізделген морфологиялық топтастыру тіл біліміндегі ірі концепциялар қатарынан орын алды. Лингвистиканың арнайы иерархиялық саласы ретінде сөздің құрылымдық элементтерін құрайтын морфемалардың лексикалық, семантикалық, грамматикалық және функционалдық сапасы мен өзара байланысу, тіркесу ерекшеліктерін саралау тілдердің морфологиялық типтерін айқындауда ғана емес, әрбір тілдің грам-

матикалық құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеудің бас ты тетігі болып табылады. Кезінде А.Байтұрсынұлы сөз жүйесі деп атаған морфология - тілдесім үдерісін қамтамасыз ететін сөз бен сөйлем құрылымын, сөздің грамматикалық мағынасы мен формаларын жүйелеуге мүмкіндік тудырады Соған орай сөздің морфологиялық құрылымын нақтылау, түбір және қосымша морфемалар табиғатын мүмкіндігінше дәл анықтау, сөзжасам және сөз түрленім жүйелерінің ерекшеліктерін саралау, морфемалардың құрылымдық модельдерін сомдау грамматика теориясының ең маңызды мәселесі қатарынан орын алады. Атау тұлғадағы сөздерді, етістіктердің негізгі тұлғаларын, грамматикалық тұрғыдан түрленген сөздерді толық қамтитын түркі тілдеріндегі жалпы лексиканың морфологиялық құрылымы үш құрамдас бөліктен тұрады: түбір, жұрнақ, жалғау. Осыған байланысты сөздер де құрылымына қарай негізгі төрт типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір жұрнақтан немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер (түбірлер мен тарихи түбір-негіздер, жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздер); түбірлер мен түбір-негіздердің бірігуі, қосарлануы, қайталануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы жасалған туынды сөздер; түбір сөздерге немесе туынды сөздерге бір немесе бірнеше жалғаудың жалғануы арқылы жасалған сөздер (грамматикалық формалар). Соңғы тип өздеріне қатысты грамматикалық категорияның ерекшеліктеріне байланысты іштей бірнеше топқа бөлінеді. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі морфологиялық типтерге қатысты кейбір элементтердің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас сөздер де қолданылады.

Агглютинациялық тілдік құрылымның өзіндік ерекшеліктерін анықтау сөз тұлғасы мен грамматикалық мағыналардың берілу жолдарын айқындаумен ұштасатынын көрсеткен М.Томанов: «Қазіргі тіл білімінде агглютинация құбылысын жан-жақты қамтитын айқын ереже қалыптаса қойған жоқ. Зерттеушілер бұл құбылысқа әртүрлі әрқилы анықтама берумен келе жатыр. Алайда тіл мамандарының көбісі агглютинацияның негізі деп мына заңдылықты атайды: агглютинативтік тілдерде берілетін грамматикалық мағыналардың санына сөз құрамындағы грамматикалық көрсеткіштердің саны біршама сай, көбіне екеуі тепе-тең болып отырады. Сондықтан ол

тілдерде сөз формасының күрделенуі (көрсеткіш қана емес, сөз беретін мағыналарының да) аффикстердің сөзге қабаттасып жалғануы арқылы іске асады да, ондай құбылыс сөз формасының іштей өзгерісі немесе ішкі флексия арқылы болмайды. Осындай грамматикалық көрсеткіштер саны мен грамматикалық мағыналар санының сәйкестігін сақтауға құралған сөз формасының қалыптасқан орны мен қызметі, мәні айқындалып, синтаксистік тіркеске ұқсас болып келеді. Агглютинативтік тілдердегі сөз формасының мұндай ерекшеліктері ол тілдерде грамматикалық мағыналар дербес сөздер арқылы берілген, грамматикалық форма болмаған деген қортыңдылар жасауға мүмкіндік берді»¹ деген ойы арқылы түркі тілдерінің грамматикалық теориясында әлі де шешімі табылмаған мәселелердің бар екенін меңзейді. Ғалымның тұжырымдамалары бойынша: диахрондық тұрғыдан алғанда агглютинативтік тілдерде жеке морфемалардың (аффикстердің) арғы тегінің дербес сөз болуы мүмкін, бірақ кез келген морфеманы жеке сөзбен салыстыруға негіз жоқ; синхронды тіл білімінде сөз бен қосымша морфема грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да принципті түрде ажыратылатын элементтер; грамматикалық мән аффикстерден басқа синоним сөздерде екпіннің орын ауыстыруы арқылы да беріледі; грамматикалық мағына негіздердің (лексемалардың) қайталануы арқылы да жасалады; түркі тілдеріндегі аналитикалық (перифрастикалық) формалар, олардың грамматикалық мәндерін білдіруі басқа тәсілдерден өзгеше: біріншіден, абстракты мән көмескі болып келеді, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән беру басым болып отырады; екіншіден грамматикалық тұрақтылық лексикалық тұрақтылықпен ұштасып жатады; үшіншіден, мұндай тіркестер екі-үш, кейде одан да көп сөздерден құрала береді; төртіншіден, аналитикалық формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалады, басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алады; бесіншіден, аналитикалық формалар, әдеттегі грамматикалық формадай жан-жақты емес, олардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтарының айналасында ғана болып отырады; аналитикалық тіркестердің грамматикализациялануы біркелкі

¹ *Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282-бет.

емес - кейбір лексемалар толық грамматизацияланбаған, кейбірі толық грамматизацияланған¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі әрбір морфема (түбір морфема да, қосымша морфемалар да) белгілі бір уәжде негізделіп, белгілі бір семантикалық, грамматикалық қызмет жүктеп қолданылады және белгілі бір сөз құрамындағы морфемалар өзара фонетикалық, семантикалық, грамматикалық үйлесімділікке құрылады. Сөздің морфологиялық құрылымының тілдік жүйеде орнығуы семалық-семемалық және морфемалық-граммемалық деңгейдегі тұлғажасамдық үдерістердің нәтижесі.

Түркі тілдері грамматикасының сөзжасам мәселесі тілдің барлық деңгейлеріне (лексика, фонология, морфология, семасиология, синтаксис) қатысы бар дербес лингвистикалық сала ретінде саралана бастағанымен сөз тұлғасының қалыптасуы мен дамуын айқындау, негізгі сөзжасам амалдарын зерттеу жалпы грамматика теориясындағы морфологиялық заңдылықтар аясында жүргізіледі. Сөзжасам жүйесінің күрделілігіне, лингвистиканың қай саласына қатыстылығына байланысты Э.В.Севортянның жарты ғасыр бұрын айтқан ой-тұжырымдары әлі де маңызды. Ғалым: «Не всегда, однако, бывает ясным, к какой сфере языка следует отнести словообразование. По древней традиции оно включается в отдел морфологии и занимает особое место рядом со словоизменением. Вместе с тем в науке пока не возникал вопрос относительно теоретических оснований, по которым словообразование следовало бы отнести к морфологии или другому отделу учения о языке», - дей отырып, түркі тілдеріндегі сөзжасам жүйесі тілдің грамматикалық құрылысына тікелей қатысты екенін, грамматикалық сөзжасам (синтетикалық, аналитикалық) грамматиканың морфология саласының нысанына жататынын көрсетеді².

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымын зерттеу де әлемдік лингвистиканың, түркі тіл білімінің грамматика саласының ғылыми-теориялық және методологиялық

¹ Қараңыз: *Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282-285-беттер; *Юлдашев А.А.* Аналитические формы глагола в тюркских языках. – Москва: Наука, 1965. – С.39, 112.

² *Севортян Э.В.* Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 9-11, 546.

ұстанымдары мен ғылыми ұғымдарына негізделеді, сондай-ақ жалпы грамматикадан сараланған морфология бөлімінің ішкі заңдылықтары мен амал-тәсілдеріне сүйенеді. Морфологиялық құрылым болып табылатын лексемалық бірліктер тілдік материал (форма) мен форма мазмұнының бірлігіне негізделген сөз тұлғасын сомдайды. Әртүрлі мәндік ұғымдарды білдіруде дыбыстық құрылымның түрліше болып отыруы, яғни белгілі бір дыбыс тіркестерінің белгілі бір мағына, мән беруі немесе белгілі бір мән-мағынаның өзіндік дыбыстық құрылымының болуы, олардың өзіндік функциясының болуы сөз тұлғаларын іштей жіктеп, грамматикалық тұрғыдан топтастыруға негіз болды.

Грамматика (грек. gramatike+gramma әріп) – 1) тіл құрылысын сипаттайтын морфологиялық категориялар мен формалардан, синтаксистік категориялар мен конструкциялардан, сөзжасам тәсілдерінен тұратын тіл жүйесі. Грамматикаға тілдің дыбыстық, лексикалық бірліктерінен басқа грамматикалық категорияларда, грамматикалық тіл бірліктерінде, грамматикалық формаларда берілгендердің бәрі де жатады; 2) тіл құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы грамматикада тіл бірліктері өздерінің нақты (заттық) мағыналарынан дерексізденіп, жалпылап жинақталып беріледі; 3) Грамматика термині кейде грамматикалық категорияларды білдіру үшін де қолданылады (етістік грамматикасы, септік грамматикасы)¹. Тілдегі грамматикалық бірліктерді және ол бірліктердің әрі басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдерді, құралдарды зерттейтін² тіл білімінің грамматика саласының зерттеу аясы тілдік құрылымға қатысты бірнеше лингвистикалық заңдылықтар мен құбылыстарды қамтиды. Түркілік тілтанымда сөздердің өзгеруін, түрленуін, олардың сөйлемде тіркесу формулалары мен заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы ретінде орныққан грамматика түркі тілдерінің тарихына қатысты проблемаларды да қамтиды. Грамматиканың зерттеу нысанына алынған тілдерге (өлі тілдер немесе ескерткіштер тілі, тірі немесе қазіргі тілдер, генеалогиялық тегі бір тілдер, бір жүйедегі туы-

¹ Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 75-бет.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 4-бет.

стас тілдер, әр жүйедегі әртектес тілдер) және зерттеу мақсатына сәйкес ажыратылатын сипаттамалы-синхрондық, салыстырмалы-синхрондық, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы-сипаттамалы, тарихи-диахрониялық, салыстырмалы-салғастырмалы, тарихи-салыстырмалы-салғастырмалы т.б. аспектілері академиялық грамматиканың тұтас кешенін құрайды.

Тілдің морфологиялық құрылымын зерттеуде, әсіресе қосымша морфемалардың қалыптасу тарихын саралауда грамматикалану/грамматикализация құбылысының мәні ерекше. Грамматикалану – дербес мағыналы сөздердің көмекші сөз қызметінде жұмсалуды нәтижесінде лексикалық дербестігін жоғалтуы. Грамматикалану үдерісінің аясына лексикалық мағыналарын толық сақтамаған немесе дербес лексикалық мағынасынан айрылған көмекші есімдер мен көмекші етістіктер де жатады. Дербес лексемалық мағынасын жоғалтқан сөздер өзі жалғанған немесе тіркескен негізгі сөзбен тұтас бір мәнде қолданылады, негізгі сөздің түрліше грамматикалық мәні мен сипатын білдіре отырып олардың басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсуіне мүмкіндік тудырады.

Грамматика саласындағы грамматикалық категория ұғымының да морфологияға – сөздердің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағыналарының, сөз мазмұны мен сөз тұлғасының ара қатысын, өзара үйлесімділігін анықтауға, сөз таптарының ерекшеліктерін зерттеуге тікелей қатысы бар. Грамматикалық категория (грек. gramatike + gramma әріп, жазу, грек. kategoria пікір айту, пайымдау) – мағынасы біртептес грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгешелігін айқындайтын жүйе. Грамматикалық категория жүйесінде грамматикалық мағынасы, синтаксистік-функционалдық қызметі біртептес лексемаларды категорияландыратын белгі басты қызмет атқарады. Категориялық белгіні тілдегі сөз таптарын ақпаратты беру үдерісіне сай әр бағытта түрлендіретін форманттардың жинақтық мәні құрайды. Тілдегі көптік, тәуелдік, жіктік, шақ, жақ, етіс, рай т.б. категориялардың әрқайсысының жинақталған мағыналары соларға сай тұлғалар жүйесін қалыптастыратын категориялық белгі болып табылады. Тіл теориясында грамматикалық категорияны анықтауды мағыналық тұрғыдан қарастыру, мағынанаға басымдық беру кең

таралған. Шын мәнінде грамматикалық категорияның ең басты сапалық нышаны тілдік көрсеткіштің мағынасы мен тұлғасының бірлігі болып табылады. Одан грамматиканың екі жақты сипаты – морфологиялық және синтаксистік қырлары көрінеді. Морфологиялық категорияларға етіс, түр, шақ, жақ, рай, септік т.б. жатады. Морфологиялық категориялардың жүйелі түрлері сөздердің ірі грамматикалық топтарын (сөз таптарын) ажыратудың басты тетігі әрі сөзтүрленімнің негізгі құралы болып табылады. Грамматикалық категория ұғымы морфологиялық бірлік болып табылатын тілдік материал негізінде қалыптасқанымен оның көпқырлылығы, жалпылығы, әмбебаптығы ерекше назар аударуды қажет етеді.

Тіл жүйесіндегі грамматикалық категориялардың өзара тығыз байланыстағы ерекшеліктеріне тоқталған Э.В.Севортян: «Как известно, в грамматике фигурируют весьма обобщенные категории, в которых необходимо различать две стороны, неразрывно связанные между собой: 1) универсальность категории (или форм), позволяющую охватывать все относящиеся к ним конкретные случаи и разновидности; 2) регулярную воспроизводимость категорий на основании правила или закона, что позволяет постоянно пользоваться ими в процессе общения» деген ой айтады¹. Грамматикалық категория ұғымына байланысты әлем тілдері бір-бірінен грамматикалық категориялардың саны мен құрамына қарай; бір грамматикалық категорияның ішіндегі қарама-қарсы тұрған мүшелер санына қарай; белгілі бір категориялардың қандай сөз таптарына кіретініне қарай жіктеледі². Грамматикалық құрылымның тілдік бірлігі (единица) ұғымы грамматикалық категориямен тікелей байланысты. Тіл табиғатының күрделілігі, көпқырлылығы лингвистикада грамматикалық құрылымның тілдік бірлігі туралы әртүрлі көзқарастардың қалыптасуына алып келді: 1) грамматикалық құрылымның тілдік бірлігі – морфема; 2) грамматикалық құрылымның тілдік бірлігі – сөз; 3) грамматикалық құрылымның негізгі тілдік бірлігі – грамматикалық категориялар.

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 11.

² Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 75-76-беттер.

Орыс лингвистикасының өкілдері – А.М. Пешковский, Л.В.Щерба, А.И. Смирницкий, В.В. Виноградов сынды ғалымдардың еңбектерінде тілдегі грамматикалық құрылымның негізгі бірлігі ретінде грамматикалық категориялар қарастырылатындықтан кеңестік тіл білімінің морфология саласында (Кеңес Одағы құрамындағы түркі тіл білімінде де) грамматикалық категорияның тұлғалық құрылымына басымдық берілді. Түркі тілдерінің агглютинативті сипатына сәйкес морфологияның негізгі зерттеу нысанын түбір морфемалар мен сөз тудырушы қосымша морфемалар, грамматикалық категориялар жасаушы қосымша морфемалардың түрлері құрайды. Сондай-ақ қосымша морфема қызметін жұрнақтар мен жалғаулардан басқа тілдік бірліктер де атқаруы мүмкін: «... слово в структурном отношении состоит из морфем двух видов: полнозначных и служебных. К первым принадлежат корни (основы), вычленяющиеся при сравнении слов производного и парадигматического рядов, неразложимые в синхронном плане и являющиеся базой для образования слов и их форм. Ко вторым относятся формальные единицы. Подобное деление отличается условностью: служебные морфемы охватывают не только аффиксы, некоторые корни также являются служебными морфемами (союзы, послеслоги, частицы, междометия, мимемы)»¹ Жаңа сөз тудырушы қосымшалар дербес мағыналы лексема жасау қабілетіне байланысты таза морфологиялық сипатта болса, белгілі бір сөз табын жасау қабілетіне қарай таза грамматикалық сипатта қарастырылады. Ал форма тудырушы, форма түрлендіруші қосымшалардың синтаксистік қызметі айрықша көрініс береді: «Аффиксы словоизменения и формаобразования в сочетании с основной образуют словоформу, которая входит в парадигматический ряд и способна выступать как член предложения»².

Грамматикалық мағына – тілде қалыптасқан белгілі бір сипаты бар сөздер тобы мен сөз тұлғаларына тән, синтаксистік конструкцияларға қатысты жинақталған дерексіз тілдік мағынаны білдіреді. Грамматикалық мағынаға сөз таптарында қалыптасқан жалпы сөзжасамдық мағыналар да жатады. Сөз тудырушы қосымшалардың

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 5.

² Арутюнова Н.Д. // Морфология. Общее языкознание: внутренняя структура языка. – Москва, 1972. – С. 234.

лексика-семантикалық жүйеде қарастырылуы олардың дербес мағыналы сөзжасамдық қабілетімен сипатталады. Сөз таптарының жалпы мағыналары немесе сөз тұлғалары мен сөздердің жеке мағыналары морфология саласына тән морфологиялық категориялар дәрежесін сақтай отырып, бір-бірінен өзіндік белгілерімен ажыратылады. Грамматикалық мағына сөздерге немесе сөздердің белгілі топтарына ғана тән, дерексіздігі әлсіз лексикалық мағыналардан өзгешелеу, грамматикалық мағыналардың жүйесі болмыстағы заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің және олардың өзара байланыстары мен қатынастары туралы ұғымдардың дерексізденуі арқылы қалыптасады. Мысалы, қимыл ұғымы етістіктің жалпы мағынасымен бірге неғұрлым шағын категориялық мағыналарының (шақ, жақ, етіс т.б.) дерексізденуінен туады¹.

Грамматикалық мағыналар іштей синтаксистік және синтаксистік емес мағыналарға жіктеліп, соған орай референциялық (синтаксистік емес) және реляциялық (синтаксистік) мағына болып бөлінеді. Синтаксистік емес референциялық мағына тілден тыс болмыстағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін (көлемдік, мөлшерлік, қимыл-әрекеттік т.б.) білдіріп, грамматикалық қызмет атқарса, синтаксистік реляциялық мағына сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы байланысты білдіре отырып, грамматикалық қызмет атқарады.

Грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік бірлік болып табылатын грамматикалық форма түрлі тілдік жүйелерде аффикстер (оның ішінде нөлдік), дыбыстық өзгерістер (ішкі флекция, фоносемантикалық, фономорфологиялық құбылыстар, дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары), екпін, қайталау, көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы көрінеді. Сөздері түрленетін тілдердегі морфологиялық тұлғалар дегеніміз белгілі сөз таптарындағы сөздердің үнемі өзгеріп отыруы болып табылады. Олар морфологиялық бірнеше мағыналарды да, бір мағынаны да білдіре алады. Сөздің өзгеріске түскен барлық тұлғалары оның тұлғалық парадигмасын жасаса, мағыналық дамуы семантикалық деривациясының парадигмалық

¹ Қараңыз: *Кубрякова Е.С.* Основы морфологического анализа. Автореф. дис. док. филол. – Москва, 1974; *Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис.* – Астана, 2002; *Қалиев Ф.* Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.

шегін айқындайды. Морфологиялық тұлғалар синтетикалық (қарапайым) және аналитикалық (күрделі) түрлерге бөлінеді. Белгілі бір морфологиялық тұлғада келген нақты сөз сөз тұлғасы деп аталады. Грамматикалық форманың көрінісі мен мағынасы бірқатар жағдайда бір-біріне сәйкес келе бермейді. Флективті емес түбір тілдерде грамматикалық мағына негізінен сөздердің синтаксистік тіркесімділігі арқылы беріледі. Ал агглютинативті түркі тілдерінде грамматикалық көрсеткіштер тұлға мен мағына үйлесімділігіне негізделеді. Туынды зат есімдер мен сын есімдердің, етістіктердің, шақ, жіктеу категорияларының аналитикалық формаларының саны ауқымды әрі әртүрлі болып келгенімен түркілік тек тілден басталатын ішкі жүйелілік сақталады.

Грамматикалық деңгейдегі ең шағын бірлік – граммама ұғымы грамматикалық категориялардың тегіне қарай ажыратылатын түрлерін сипаттайды. Грамматикалық категория сияқты мағына мен оны білдіретін тұлғаның бірлігінен тұратын граммемалар ортақ мазмұнға негізделген тектік ортақтықтарды, яғни, сәйкес мағыналар болса да, қарама-қарсы мағына болса да ортақ құбылысқа, іс-әрекетке, сапақасиетке байланысты грамматикалық мазмұндық аяны сақтайды. Соған орай етістіктің осы шақ, өткен шақ, келер шақ формалары етістік категориясының тектес тұлғалары болса, зат есімнің жекеше, көпше түрлері зат есім категориясының тегі бір түрлері болып табылады.

Тілдік құрылымды толықтай қамтитын грамматиканың морфология саласы да тілдің көпқырлы, көпфункционалды әмбебап қырларынан тыс қарастырылмайды. Морфология (грек. *morphe* түр, форма және *logos* сөз, ілім) – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің дербес саласы; сөз құрылымына байланысты грамматиканың бір бөлімі. Морфологияның қарастыратыны – сөздің ең кіші ішкі мағыналық тіл бірліктерін білдіретін морфемалар мен морфтар. Морфологияның ішкі морфемдік құрылым мен сыртқы құрылымды сабақтастыра қарастыруы түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмашылығын сипаттайды. Сөздің мән-мағынасы, стильдік, функционалдық қыз-

меті сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды. Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы грамматикалық-семантикалық белгілері бойынша сәйкес, жекелеген грамматикалық белгілері бойынша өзара ерекшеленетін сөздер тобынан¹ тұратындықтан сөз құрылымын анықтау оларды жалпы және жекелеген белгілері бойынша жүйелеудің негізгі тетіктерінің бірі қызметін атқарады.

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема (грек. *morphe* форма) – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. Түбір және аффикс ұғымдарына және олардың ара қатынасына байланысты белгілі лингвист Бодуэн де Куртене ұсынған (1881 ж.) морфема термині лингвистикалық ғылыми айналымға еніп, тілде қалыптасқан құрылымдық модельдерге сай үнемі қайталанып отыратын, белгілі бір орныққан мағынасы, дыбыс, дыбыс тіркестері құрайтын фонетикалық формалардан тұратын сөз бөліктерінің атауы ретінде орнықты.

Диахрониялық түркі тіл білімінде белгілі бір морфологиялық құрылым деңгейінде бір морфеманың түрлі алломорфтарын қалыптастыратын фонемалар да морфемаға жатады. Мысалы, түркі тілдеріндегі *z~j* фонемалары: *söz~söj(le)*, *söj(lem)*. Глоттогенезге байланысты қарастырылатын жеке дыбыстардың идео-семантикалық қырларын ескерсек, сөз құрамындағы фонемалардың морфемалық қызметтері болуы мүмкін. Морфологиялық құрылымдаморфема фонема тәрізді нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нәлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

¹Суник О.П. Общая теория частей речи. – Москва – Ленинград, 1966. – С. 26-27.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін морфема ұғымы құрайтындықтан (түбір сөзге де, қосымшаға да қатысты) сөз құрамындағы морфемалардың өзара фономорфологиялық (морфонологиялық), лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын функционалдық-семантикалық уәждік негіздері толық қамтылуы қажет. Бұл тіл біліміндегі морфологиялық зерттеулердің фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік зерттеу нәтижелеріне де сүйенетінін көрсетеді.

Тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемиканың (грек. *morphe* форма, түр) негізгі зерттеу нысанын морфемалар, морфемалардың формальды өзгерген түрлері – морфтар (алломорфтар, морфема варианттары) және олардың өзара қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды. Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика грамматиканың морфология, сөзжасам салаларына қатысты бөлігі болып табылады. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Сөзге морфемалық талдау сөзжасамдық талдаумен бірге сөз құрылымын саралауға, лексемалық бірліктердің даму жолын анықтауға мүмкіндік береді. Морфемалық талдау сөз құрамындағы барлық морфтарды жіктеп, олардың мағыналарын анықтауды мақсат етеді. Қазіргі тіл білімінде морфемалардың өзгеріп түрлену шегі, сөздің морфемалық тұрғыдан жіктелу шегі жайында бірізді пікір жоқ. Морфемалық талдаудың компоненттік-морфемдік амалы түбір морфемалардың лексикалық дербестігіне емес, аналогиялық негізде қалыпты буындар мен сөзжасам модельдерін ескере отырып, өлі түбірлер мен өлі жұрнақтарды саралауға; фономорфологиялық,

фоносемантикалық заңдылықтарға сүйене отырып, архиморфемаларды реконструкциялауға, тұрпаттас-мазмұндас бірліктердің семантикалық және тұлғалық деривациясы аясында архетиптердің архисемаларын шамалауға жол ашады.

Мәтіннің морфемдік деңгейде ары қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігін сипаттайтын морф, морфа (грек. *morphe* форма) терминдері де морфологияның негізгі ұғымдарының бейнелейді. 1947 жылы ғылыми айналымға енген морф (морфа) термині морфтың морфемаға қатыстылығын сипаттайтын ұғымды береді. Бір морфеманың тұлғалық өзгерістерін таңбалайтын гомогенді морфтар яғни алломорфтар морфеманың варианттары ретінде танылады. Сөз құрамының жігі айқын тілдерде (түбір морфема мен қосымша морфема) морф лексема тұлғасын жасаушы бірлік саналса, Ф. Де Соссюрдің таңбалық теориясы бойынша сөйлеудің екі жақты бірлігінен тұратын элемент ретінде танылады. Тіл білімінде морфты сөз мазмұнына қатысы жоқ, сыртқы құрылым түрінде, яғни айтылым формасы ретінде тану дәстүрі де бар. Мұндай көзқарастар морфтың табиғатын толық ашып бере алмайды, кез келген тілдік бірлік тұлға мен мазмұн үйлесімділігіне негізделеді. Белгілі бір морфеманың варианттарын құрайтын алломорфтар жүйесі морфтардан тұрғанымен, олар әрдайым өзгеріп, жаңғырып отыруға бейім емес. Адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерінен бастау алатын алломорфтардың саралануы әрдайым жүйелі де бола бермейді. Бұл қалыпқа көне бермейтін лингвоонтологиялық құбылыс. Мысалы, түркі тілдеріндегі байырғы түбірлер *kel*, *ket* сөздерінің құрамындағы қимылды білдіретін **ke* тұлғасы мен қимылдың бағытын айқындайтын **l*, **t* тұлғалары, сондай-ақ *köz*, *kör* сөздерінің құрамындағы **kö*, **z*, **r* морфтары морфологиялық үлгіге сай жүйелі түрде қайталана бермейді. Түркі тілдеріндегі мұндай фономорфологиялық құбылыстар морфтарды тек формальды тұрғыдан ғана сипаттаудың жаңсақтығын, алломорфтардың тұлғалық саралануының астарында мазмұндық-идеялық семемалар жатқанын, олардың белгілі бір дәрежеде фономорфема//морфонема ұғымдарымен астасып жататынын көрсетеді.

Морфтардың фономорфемалармен сабақтастығы түбір және қосымша морфемалар деңгейіндегі дыбыстық өзгерістердің табиғатын морфология мен фонологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа не-

гізделген, морфемалық өзгерістерді фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фонеморфология немесе морфонология (кейде морфофонология, морфофонемика) ілімінің зерттеу нәтижелері негізінде айқындалады.

Морфеманың фонологиялық құрылымын; бір морфеманың морфтары құрамындағы варианттарын қарастыратын морфонологияның кең көлемді зерттеу пәнін: әртіпті морфемалардың дыбыстық құрамындағы өзгерістерді, олардың оппозициялық, омонимиялық, синонимиялық сипаты мен ерекшеліктерін; сөзжасам, тұлғажасам үдерісіндегі морфемалардың бірігуі негізінде жүзеге асатын сол морфемалардың өзгеру, жаңғыру, вариациялану мүмкіндіктерін; морфемалар жігіндегі түрлі құбылыстар мен белгілерді анықтау мәселелері құрайды. Морфемалардың бірігу үдерісінің салдары дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары арқылы көрініс береді, морфема құрамындағы өзгеріске түсетін дыбыстар морфонема терминімен аталады.

Түркі тілдері бойынша алғашқылардың бірі болып чуваш тілі негізінде морфонологиялық белгілерді көрсеткен И.Г.Павлов бұл жаңа саланың зерттеу нысаны ретінде морфемалардың құрылысын және морфемалардың бірігу заңдылықтарын атай отырып, морфема құрамындағы фонемалардың қызметіне тоқталды¹. Э.Тенишев сары ұйғыр тілін зерттеу барысында морфонологиялық міндет жүктеп тұрған дыбыс өзгерістері жайлы: «Под фонеморфологией понимается совокупность фонологических средств, которые принимаются в морфологических целях или сопровождает явление морфологий»² деген ой айтады. Ғалым фонеморфологиялық құбылыс ретінде негізінен дыбыстардың позициялық өзгерістерін қарастырады.

М.З.Закиев түркі морфонологиясын орыс тілінің морфонологиялық қағидаларымен салыстыра отырып, түркі тілдерінің морфонологиясына түбір және қосымша морфемалар құрамындағы дәстүрлі дыбыс алмасуларын да, позициялық дыбыс алмасуларын да жатқызуды дұрыс санаса³, қазақ ғалымы А.Қалыбаева кей-

¹ Павлов И.Г. Краткий очерк морфонологии современного чувашского языка // Чувашский язык, литература и фольклор. Вып.4. – Чебоксары: ЧНИИ, 1974. – С. 44.

² Тенишев Э.Р. Строй сарыг-югурского языка. – Москва, 1976. – С. 21-30.

³ Закиев М.З. О тюркской морфонологии // Советская тюркология. – Баку, 1984. – № 7.

інді, ілгерінді ықпал әсерінен болатын дыбыс өзгерістерін де морфонологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырады¹. Фонология мен морфологияға бірдей қатысы бар мұндай тілдік заңдылықтар жайлы әртүрлі пікірлердің қалыптасуы, көзқарастар қайшылығының кездесуі олардың көпқырлы табиғатына, сөздің морфологиялық құрылымы мен фонетика-фонологиялық жүйесі арасындағы тығыз астастықтың ара жігін ажыратудың күрделілігіне байланысты.

Қазақ тілі морфонологиясының териялық мәселелері, қарастыратын объектісі, морфонологиялық құбылыстарда ерекше орын алатын дыбыстардың фонологиялық қызметі, дыбыстардың тіркесімі жайлы пайымды ойлар А.Айғабыловтың еңбектерінде кездеседі. Ғалым морфонологияға морфема жігіндегі барлық өзгерістерді жатқыза беретін болсақ, фонетика мен морфонологияның үлесін ажырату қиындық тудыратынын көрсете отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Артикуляциялық мүмкіндікке қатысы жоқ өзгерістердің бәрі морфонологиялық құбылыс деп қаралуы керек. Морфонологиялық өзгерістерге тек дыбыс алмасуы ғана емес, морфемалардың ұлғаюы және ықшамдалу жағдайы да жатады»². Бұл пікір барлық түркі тілдерінің фономорфологиялық жүйесінің ерекшеліктеріне сай келеді.

Морфонологияның ең кіші қарапайым бөлігі саналатын морфонема (морфофонема) морфеманы құрайтын ең шағын элемент. Морфонема ұғымы фонеманың семасиологиялық–морфологиялық қызметін сипаттайтындықтан, белгілі бір дәрежеде фонема, фонемалық қатар, фонемалық парадигма ұғымдарымен де, тікелей морфонологияға қатысты морф, алломорф ұғымдарымен де ұштасып жатады. Бұл түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын таза морфологиялық заңдылықтар негізінде ғана саралаудың нәтижелі бола бермейтінің, тіл білімінің барлық деңгейлеріне қатысты құбылыстар мен заңдылықтарды да назарда ұстау қажеттігін көрсетеді.

Тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін түбір сөзге де, қосымша сөзге де қатысты морфема ұғымы құрайтындықтан сөз құрамындағы морфемалардың өзара фономорфологиялық,

¹ Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986. – 77, 78 беттер.

² Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, 1995. – 11,12 беттер.

лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын морфеманың функционалдық-семантикалық уәждік негіздері толық қамтылуы қажет. Бұл тіл біліміндегі морфологиялық зерттеулер фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік зерттеу нәтижелеріне де сүйенетінін дәйектейді.

Агглютинациялық құрылымдық жүйеге байланысты қалыптасқан түркі тілдеріндегі морфемалар мен грамматикалық тұлғалардың өзіндік ерекшеліктері негізінен морфологиялық және фонологиялық заңдылықтар мен құбылыстарға байланысты туындайды. Сондықтан қазіргі түркі тіл білімінде қосымшалардың қалыптасу тарихы мен этимологиялық негіздеріне қатысты бірнеше пайымдаулар бар: жалғамалылық тілдік жүйенің заңдылықтарына сай дербес лексикалық мағынасын, соған сәйкес екпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалар пайда болады; сөз тіркестерінің соңғы сыңарларының дербес мағыналарынан ажырауы негізінде, грамматикалық көрсеткіштерге айналады; бірнеше қосымшалардың кірігуі немесе фузиялық құбылыстарға ұшырауы нәтижесінде күрделі грамматикалық тұлғалар қалыптасады немесе осы қалыптасқан күрделі тұлғалардың өз ішінен ыдырауы, редукциялануы арқылы жаңа грамматикалық көрсеткіштердің қалыптасуы мүмкін.

Синхрондық тұрғыдан алғанда морфема сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін, ең кіші мағыналық бөлшегі, сөз құрамында қолданылып, белгілі бір мағынаны білдіреді: «Сөз морфемалардан құралып, заттарды, құбылыстарды, іс-әрекетті, сапа-белгіні, олардың бір-біріне қатысын белгілейтін, даралық қасиетке ие болатын, басқа сөздермен сан алуан қарым-қатынасқа, байланысқа түсетін және дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын единица»¹. Морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем тәрізді тілдік бірліктердің ішінде сөз көптараптылығымен, әмбебаптылығымен ерекшеленеді. Лексикологияда сөз тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде – біріншіден, лексикалық мағынасы мен мағыналық құрылымы жағынан; екіншіден, шығу тегі мен дербес тұлға ретінде қалыптасуы жағынан; үшіншіден, қолданылу аясы мен шеңбері жағынан; төртіншіден, экспрес-

¹ Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 4,5-беттер.

сивті-стильдік сипаты жағынан қарастырылады. Грамматикада сөз тілдің грамматикалық бірлігі ретінде – біріншіден, сөздің бойында лексикалық мағына мен бірнеше грамматикалық мағынаның өзара ұштасып келуі жағынан; екіншіден, морфологиялық құрылымы мен құрылымдық элементтері жағынан; үшіншіден, категориялары мен формалары жағынан; төртіншіден, ортақ белгілері бойынша лексика-грамматикалық топтарға (сөз табына) жіктелуі жағынан; бесіншіден, сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылуына қатысы жағынан; сөйлем мүшесі ретіндегі қызметі жағынан қарастырылады. Грамматикалық бірлік ретінде қарастырылатын сөздің қызметі басқа тілдік бірліктерден (фонема, морфема, сөз тіркесі, сөйлем) өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады, сөзге тән негізгі белгі – адамның танымдық дүниесімен тікелей байланысы; тілдік жүйедегі дербестігі мен тұтастығы; тілдік коммуникациядағы маңызы арқылы сипатталады.

Тілдегі грамматикалық құбылыстар мен заңдылықтардың барлығы да сөзге байлаулы. Сөз грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен бірлікте, өзара тығыз байланысқа түскен күйінде грамматикалық құрылымның морфологиялық саласының негізін құраса, сөз тіркесі және сөйлеммен қарым-қатынасына байланысты грамматикалық құрылымның синтаксистік саласының негізін құрайды. Бұл туынды сөздер мен сөз тұлғаларына ғана емес дербес қолданыстағы түбір морфемаларға да қатысты. Дербес лексикалық мағынаға ие морфемалар тұтас тілдік жүйенің негізін құрай отырып, грамматикалық мағынаға ие морфемаларды қабылдауы арқылы тілдік жүйені дамытады, лексикалық қорды байытады. Өлі, тірі түбірлер, түбір-негіздер арасындағы контаминациялық құбылыстар, түбір морфемалар мен қосымша морфемалар жігіндегі морфонологиялық заңдылықтар, басқа да фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық құбылыстар арасындағы конвергенциялық үдерістер сөз морфологиясынан көрініс табады. Диахрониялық тұрғыдан саралағанда грамматикалық мағына беретін морфемалардың бастау көзінде лексикалық мағыналардың болу мүмкіндігі де дәйектелуде. Сондықтан морфемаларды негізгі (түбір) морфема, қосымша (аффикстік) морфема деп жіктеудің өзі тілдің синхронды жағдайына негізделген теориялық тұжырым болып табылады.

§ 2. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түркі тіл білімі аясында қарастырылатын VIII-IX ғасыр көне түркі жазба мұралары тілі морфологиялық жүйесінің де өзіндік зерттелу тарихы мен ғылыми-методологиялық дәстүрі бар. XI-XII ғасырлардағы классикалық араб тіл білімімен сабақтаса дамыған түркі тіл білімі түрлі тарихи және қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты кешеуілдеп барып, жалғасын тапқаны белгілі.

XIX ғасырдың бірінші жартысында түркі тілдерінің сол кездегі тілдік деректері негізінде алғашқы грамматикалар мен лексикографиялық еңбектер жариялана бастады. Ресей патшалығының саяси мүддесіне сай миссионерлік бағытта дайындалған алғашқы грамматикаларда түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы жайлы қарапайым сипаттамалар да беріліп отырды. Мәселен, И.Хальфиннің «Азбука и грамматика татарского языка с правилами арабского чтения, преподаваемая в Казанской гимназии» атты еңбегі 1809 жылы жарияланады. Бұл еңбек татар тілінің морфологиялық құрылымындағы ерекшеліктер біршама айқын көрсетілген алғашқы грамматикалар қатарына жатады. XIX ғасырда дайындалған түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы жайлы мәлімет беретін алғашқы еңбектер қатарында – И.Н.Березин мен Н.Бичуриннің «Татарская грамматика» (1857); А.О.Мухлинскийдің «Выбор турецких статей для начального перевода с грамматическим разбором» (1858); Х.Фаизхановтың «Краткая учебная грамматика татарского языка»; Н.И.Ильминскийдің (1822-1891) «Материалы к изучению киргизского наречия» (1861), М.А.Терентьевтің (1857-1909) «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875); П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (ч.I, 1894), «Грамматика киргизского языка» (1897); И.Г.Лаптевтің «Материалы по казак-киргизскому языку» (очерк); «Грамматика киргиз-кайсаковского языка» (1898); т.б. тәрізді құнды еңбектерді атауға болады.

XX ғасырдың басында дайындалған Н.Ф.Катановтың «Опыт исследования урянхайского языка с указателем главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня» (1903) атты еңбегінде түркі тілдеріндегі ортақ түбірге негізделген туынды

сөздердің жасалу жолы жайлы мәліметтер беріледі. ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында Қазан түркологиялық мектебінің өкілдері татар тілі бойынша бірнеше оқу құралдары мен хрестоматиялар, грамматикалар мен сөздіктер жариялады. Мысалы: Ш.Иманаевтың «Татар теленең нәхүе вә сарыфы» (Синтаксис и грамматика татарского языка. Казань, 1910); А.Масудовтың «Төрки сарыфы» (Тюркская морфология. 1910); Г.Нугайбектің «Төрлек» (Грамматика. Казань, 1916); Г.Ибрагимовтың «Татар сарыфы» (Татарская морфология. 1911); Х.Кабутаридың «Кыскача татарча сарыф» (Краткая татарская морфология. Казань, 1913); Г.Сагдидің «Үз телемезге мөкәммәл сарыф, нәхү» (Дополненные морфология и синтаксис нашего языка. Казань, 1915); Дж.Валидидің «Татар теле имла һәм сарыф вә нәхү кагыйдәләре» (Правила орфографии, морфологии и синтаксиса татарского языка. Казань, 1915)¹. Қазан лингвистикалық өкілдерінің еңбектері түркі тілдері морфологиясының дербес сала ретінде орнығуына ықпал етті.

Осы кезеңде қазақ тілі жөнінде М.Бекимовтың «Руководство к изучению киргизского языка» (Ташкент, 1909); А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912-1925 жылдар аралығында бірнеше рет басылған), 3 бөлімнен тұратын «Тіл құрал» (Фонетика, 1915, Морфология, 1914, Синтаксис, 1916) атты еңбектері жарыққа шығып, тілдің морфологиялық құрылымы талдана бастады. Аталған еңбектердің ішінде ерекшесі – А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» болды. Қазақ тілінің табиғатын, ерекшеліктерін терең танытатын, сөз жүйесіне (морфологияға) талдаулар жасалған грамматика тек қазақ тіл білімінің ғана емес, кейбір басқа да түркі халықтары лингвистикасының метатілдік қорын қалыптастыруға негіз болды.

Тілдік құрылымда динамикалық дамудың нәтижесінде қалыптасқан, тілдің қазіргі қалып-күйін сипаттайтын тілдік деректермен қатар, көне дәуірдің куәсіндей сирек кездесетін, жүйелі қолданылмайтын элементтер де кездеседі. Белгілі бір тілге тән мұндай құбылыстардың сырын көне жазба ескерткіштер тілімен және басқа да туыс, туыстас тіл деректерімен салыстыра отырып, тарихи тұрғыдан зерттеу нәтижелі болатыны белгілі. Сондай-ақ салыстырмалы-тарихи зерттеулер туыс тілдердің өзара туыстық деңгейін анықтауға, туыс тілдер-

¹ Казанская лингвистическая школа. Книга первая. Сост. М.З. Закиев. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008.

ге ортақ тектілік, бабатілдік қабаттардың даму, өзгеру бағыттарын шамалауға мүмкіндік береді.

Түркі тілдерінің морфологиялық жүйесін тарихи-салыстырмалы негізде зерттеу мәселесі бастапқы кездерде фрагментарлы деңгейде болды. Ғылыми ортада жоғары бағаланған А.Казембектің «Грамматика турецко-татарского языка» атты салыстырмалы грамматикасы 1839 жылы Қазан университетінің типографиясында жарияланады, бірнеше түркі тілдері деректерін қамтыған еңбектің екінші басылымы «Общая грамматика турецко-татарского языка» деген атпен 1846 жылы жарыққа шығады. Лингвистикалық түркітану тарихындағы маңызды еңбек болып табылатын түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын дайындау барысында А.Казембек түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырған басқа да түркітанушылардың (Г.Жобер, И.Хальфин, А.Троянский т.б.) тәжірибесіне сүйенеді. Үш бөлімнен тұратын грамматикада түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы жайлы да ауқымды мәліметтер беріледі. Еңбектің бірінші бөлімі әліпби жүйесіне, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік категорияларына арналса, екінші бөлімде негізінен етістіктер қамтылады және шылаулар мен көмекші сөздер, үстеулер мен одағайлар сараланады, ал үшінші бөлім сөз тіркестері мен сөйлем құрылымына арналған.

Түркі лингвистикасы бойынша академиялық зерттеулердің көш басында тұрған В.А. Богородицкийдің 1934 жылы Қазан қаласында жарияланған «Введение в татарское языкознание» атты еңбегінде зат есімдер мен есімдіктердің септелуі, етістіктердің жіктелуі мәселелері қамтылса, «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Морфология. Ч.2» (Москва, 1956) атты ұжымдық монографияда, М.Рясяненнің («Materialen zur Morphologie der turkischen Sprachen». Helsinki, 1957) еңбегінде түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы, сөз таптары, олардың жасалу жолдары, грамматикалық категориялары біршама кеңірек қарастырылады.

Түркі тілдері морфологиясы бойынша салыстырмалы-тарихи зерттеу принциптері толық сақталған еңбектер ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарының соңына қарай жарық көре бастады. Олардың қатарындағы К.Г. Менгестің («The Turkic Languages and Peoples». Wiesbaden, 1968) зерттеуін, А.Н. Кононовтың («Показатели соби-

рательности-множественности в тюркских языках». Ленинград, 1969), Л.С.Левитскаяның («Историческая морфология чувашского языка» Москва, 1976), А.М.Щербактың («Очерки по равнительной морфологии тюркских языков (имя, глагол)». Ленинград, 1977), Н.А.Баскаковтың («Историко-типологическая морфология тюркских языков». Москва, 1979), Б.А.Серебренников пен Н.З.Гаджиеваның («Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков». Баку, 1979) зерттеулері түркі морфологиясының теориялық негіздерін нақтылап берген еңбектер болды. Түркі тілдері салыстырмалы-тарихи морфологиясы бойынша және жекелеген түркі тілдері бойынша жарияланған негізгі еңбектердің (1980 жылдардың ортасына дейінгі) зерттеу нәтижелері мен теориялық тұжырымдарын саралай отырып, түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын мол тілдік деректер негізінде жүйелеуге бағытталған «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология» (Москва, 1988) атты ұжымдық монография түркі морфологиясының сол кезеңге дейінгі зерттелу деңгейі мен нәтижелерін, проблематикасын сипаттайды.

Түркі жазба ескерткіштерін зерттеудің алғашқы кезеңі негізінен рунологиялық-текстологиялық бағытта болса, таза лингвистикалық тұрғыдан зерделеу, XX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Көне түркі жазба мұралары тілін зерттеудің көшбасшысы В.В.Радловтың Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің грамматикалық құрылымына қатысты, кейбір аудармаларын жетілдіруге байланысты мақалалар сериясы 1909-1912 жылдар аралығында жарияланды. В.В.Радлов руникалық көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін – солтүстік, оңтүстік және аралас диалектілер деп бөле отырып, солтүстік және оңтүстік диалектілердің негізгі фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері ретінде мұрын жолды дауыссыздар қатарындағы *n*, *ŋ* дыбыстарының ықпалымен болатын сөз басындағы *b* > *m* алмасуын (*bän* > *män* «я», *baŋa* > *maŋa* «мне» т.б.); оңтүстік диалектіде барыс септігі (*-ta*, *-tä*, *-da*, *-de*) мен шығыс септігі (*-tän*, *-tin*, *-dän*, *-din*) жалғауларының ажыратылатынын, солтүстік диалектіде барыс және жатыс септіктері ажыратылмай, олардың мәнін *-ta*, *-te*, *-da*, *-dä* формасы беретінін көрсетеді. Ғалым шығармашылығындағы Орхон-Енисей жазбаларының жалпы тілі, морфологиялық құрылымы жайлы айтқан ой-тұжырымдарының маңыздылығы А.Н.Кононов,

А.Аманжолов, К.Хусайынов т.б. сынды зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қамтылған¹.

П.М.Мелиоранский «Күлтегін» ескерткіші тілінде ілік септігі жалғаулары *-γ, -g* тұлғасын зат есімдерге, *-ni, -ni* тұлғасының есімдіктерге жалғанатынын алғаш байқаған зерттеуші. Ол *-ni, -ni* жалғауының зат есімдерге жалғануы аналогиялық жолмен кейін қалыптасқанына мән береді. П.М.Мелиоранский көне түркі жазбалары тілі негізінде егістік тудырушы *-sira* жұрнағын сын есім тудырушы *-siz* жұрнағымен байланыстырады “*qayansira* «лишаться кагана» – *qayansiz* «лишенный кагана, без кагана» ...возможно, *-sira* возникло из *-sira* или *p* здесь просто образовался из *з*»². Лингвистикалық түркітанудың күрделі теориялық проблемалары қатарына жататын осы мәселе жөнінде А.М.Щербак «Попытка П.М.Мелиоранского связать *p* с *з* и таким образом дать тюркское объяснение ротацизма (*p* > *з*), попытка, которую вскоре после этого повторили Э.Н.Сетяля (в 1902) и З.Гомбоц (в 1912), является крупным достижением дореволюционной отечественной тюркологии» дей отырып, ғалымның осы пікірі бұрын да, қазір де лайықты бағасын алмай келе жатқанына өкініш білдіреді³. П.М.Мелиоранскийдің көне түркі тілі туралы құнды пікірлерінің бірі синкретикалық жұптардың табиғаты жайлы айтқан «... разделение корней на глагольные и именные не было так строго проведено в турецком языке, как теперь»⁴ деген ойы.

А.Н.Самойлович түркі тілдерін жіктеу барысында негіз тіл ретінде көне түркі тілін алып, Орхон-Енисей жазбаларының тілінің фонетикалық, морфологиялық белгілерін басты критерийі ретінде қолданады. Сондай-ақ А.Н.Самойлович еңбектері Орхон-Енисей жазбалары мен ұйғыр ескерткіштері тілінің жақындығын алғаш

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1982; Осы автор. В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 11; Осы автор. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VII–IX вв. – Москва: Наука, 1980; Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996; Хусайынов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1981.

² Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина. – Санкт Петербург, 1899. – С. 37.

³ Щербак А.М. П.М.Мелиоранский и изучение памятников тюркской письменности // Тюркологический сборник. 1972. – Москва: Наука, 1973. – С. 31.

⁴ Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина – Санкт Петербург, 1899. – С. 98.

дәлелдеп көрсетуімен де құнды. Ол «Памятники енисейско-орхонской и уйгурской письменности не дают, по-моему, достаточно доказательств в пользу существования основных различий между языками этих двух письменностей, и я потому не склонен резко разграничивать эти языки» дей отырып, аталған тілдер арасында аздаған өзгешеліктер барын да мойындайды¹. Түркі тілдері VIII ғасырдан бері тұрақтылығын сақтап келе жатқанына баса назар аударған ғалым, якут және чуваш тілдерінен басқа түркі тілдерін бір ғана тілдің диалектілері мен говорлары деңгейінде қарастыруға да болатынын көрсетеді².

Көне түркі ескерткіштерінің лингвистикалық тұрғыдан кеңінен зерттелуі өткен ғасырдың 50-жылдарынан бергі кезеңге сәйкес келеді. Осы кезеңде Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің жеке-леген мәселелері жөнінде, қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі, сабақтастығы жөнінде бірнеше диссертациялар қорғалып³, көптеген мақалалар мен ірі монографиялар жазылды. Агглютинативті тілдік жүйе морфологиялық құрылымның ерекшеліктеріне негізделетіндіктен көне түркі тілінің морфологиялық ерекшеліктерін саралау

¹ *Самойлович А.Н.* Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.80.

² *Самойлович А.Н.* Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.58.

³ *Айдаров Г.* Лексика древнетюркских памятников Орхон-Енисей и Таласа. АДД. – Алма-Ата, 1974; *Агманов Е.* Именно-атрибутивное словосочетание в языке памятников древнетюркской письменности. АҚД. – Алма-Ата, 1964; *Кондратьев В.Г.* Очерк грамматического строя языка памятников тюркской рунической письменности VIII в. из Монголии. АҚД. – Ленинград, 1965; *Раджабов А.А.* Язык орхоно-енисейских памятников древнетюркской письменности. АҚД. – Баку, 1967; *Раджабов А.А.* Глаголо-образование в языке орхоно-енисейских памятников. АДД. – Алма-Ата, 1977; *Есенгулов А.* Словообразовательные аффиксы в языке древнетюркской письменности (на материале орхоно-енисейских и таласких памятников). АҚД. – Алма-Ата, 1969; *Аширалиев К.А.* Древнетюркские элементы в современных тюркских языках. На материале орхоно-енисейских памятников. АҚД. – Фрунзе, 1969; *Ахметов М.А.* Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). АҚД. – Алма-Ата, 1970; *Махматкулов М.* Аналитический способ словообразование в языке древнетюркских памятников. АҚД. – Ташкент, 1973; *Аманжолов А.С.* Глагольное управление в языке памятников древнетюркской письменности. АҚД. – Алма-Ата, 1969; *Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности.* АДД. – Алма-Ата, 1975; *Шервашидзе И.Н.* Формы глагола в языке орхоно-енисейских надписей. АҚД. – Тбилиси, 1977; *Кулиев А.А.* Наличные формы глаголов языке орхоно-енисейских памятников (в сравнении с азербайджанским языком). АҚД. – Баку, 1978.

түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың құрылымын, тұлғалық-мазмұндық дамуы мен лексика-грамматикалық мән-мағынасын, функционалдық қызметін талдаумен ұласады.

Түркі жазба ескерткіштерінің жалпы тілі, морфологиялық құрылымы жайлы С.Е.Маловтың («Енисейская письменность тюрков». Москва, 1952 т.б.), И.А.Батмановтың (Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959 т.б.), В.М.Насиловтың («Язык орхонско-енисейских памятников» Москва, 1960), А.Н.Кононовтың («Грамматика языка тюркских рунических памятников (VІІ-ІХ вв.)». Ленинград, 1980), А.Есенқұловтың («Көне түркі жазба ескерткішіндегі қосымшалар» Алматы, 1976); Ғ.Айдаровтың («Күлтегін ескерткішінің тілі» Алматы, 1996; «Тоникуқ ескерткішінің (VІІІ ғасыр) тілі». Алматы, 2000); А.Аманжоловтың («История и теория древнетюркского письма». Алматы, 2003 т.б.); Г.Г.Левиннің («Лексико-семантические параллели Орхонско-тюркского и якутского языков: в сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками. Новосибирск, 2003) т.б. зерттеулерінің маңызы ерекше. Көне түркі, орта түркі, қазіргі түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы жайлы пайымды пікірлер мен көзқарастар Н.К.Дмитриев, Э.В.Севортян, Т.А.Бертагаев, Б.М.Юнусалиев, К.Мусаев, Ә.Қайдар, М.Закриев, М.А.Хабичев, В.Г.Гузев, А.Ысқақов, А.Ибатов, Ы.Маманов, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, С.Исаев, А.Қалыбаева, А.Айғабылов, Б.Сағындықұлы, Ж.Манкеева, Е.Қажыбек т.б. көптеген зерттеушілер тарапынан да айтылды.

Орхон-Енисей және Талас ескерткіштері тілінің жан-жақты зерттелуі С.Е.Маловтың еңбектерінен басталады. Ғалым өзінің атты зерттеуінде жетілдірілген, жаңартылған ескерткіш мәтіндерін берумен қатар көне түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы, диалектілік ерекшеліктеріне сараптама жасайды. Ол ескерткіштер тіліндегі диалектілік варианттардың ұшырасатынын дыбыс сәйкестіктері арқылы (*biŋ~bīŋ*, *adiralŋim~adirilŋim* т.б.) дәйектеп, түбір морфемалар мен қосымша морфема деңгейіндегі өзгерістерді мысалдар негізінде айқындап береді¹.

Ескерткіштер тілінің грамматикасын түзу барысында көне түркі тіліндегі түбір морфемалардың фонетикалық құрылымы, бір буынды

¹ Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 62.



етістік – есім омонимиясы, сөзжасамдық фонетикалық тәсілі тәрізді түркілік түбіртанудың маңызды мәселелеріне тоқталған зерттеуші А.Н.Кононов болды. Көне түркі түбірінің ең шағын тұлғасы дауысты, дауыссыз – дауысты, дауысты – дауыссыз құрылымды түбірлерден тұратынын көрсеткен ғалым, қазіргі түркі тілдеріне кеңінен таралған дауыссыз – дауысты – дауыссыз дыбыстардан тұратын үш құрамды моносиллабтарды Э.В.Севортян, Б.М.Юнусалиев тәрізді белгілі түркологтар негізін қалаған грамматикалық синкретизм немесе етістік – есім мәнді түбір-негіздер мәселесіне қатысты қарастыруды қолдайтынын білдіреді. Соңғы дауыссызды қосымша морфема ретінде таныған зерттеуші өз ойын «... морфологический анализ в большинстве случаев определяет третий элемент (т.е. конечный согласный) как залоговый показатель (при глагольных корнях) или как словообразовательный аффикс (при именных корнях)»¹ деп көрсетеді. Ғалым пікірінің негізділігін көрсететін бір буынды түбірлердің іштей компоненттерге ыдырау мүмкіндігін дәйектейтін тілдік деректер қоры жинақталып, теориялық негізі жасалғанмен, соңғы элементтің таза сөзжасамдық сипаты, қызметіне қарай етістік категориясы немесе есім сөз тудырушы аффикске жіктелуі мамандар тарапынан толық қолдау тапқан жоқ.

Көне түркі жазбалары тіліндегі қосымшаларды арнайы зерттеген А.Есенқұлов сөз тудырушы әр жұрнақтың өзіне тән мағынасы мен қызметі бар екеніне тоқтала отырып, өз ойын былай білдіреді: «сүле (соғысу – етістік), сүлет (соғысты), сүңүг (сүңгі), сүңгіліг (сүңгілі), сүңүш (соғыс – зат есім), сүңүшміш (соғысты) сөздерінің түбірі сү (әскер) бір болғанымен, жұрнақтардың әрқайсысы өздері жалғанған негізгі және түбір сөздерге жаңа лексикалық мағына үстеп, оларды бір категориядан екінші категорияға айналдырады. Мұндай туынды сөздер ескерткіштерде санаулы, мына тәрізділер: *қағанлуғ, қағансыра, елліг, елсіре* т.б.»². Ғалымның «орхон-енисей, талас ескерткіштерінің ғылыми интерпретациясы шыңына жетті, иі қанды, әсіресе олар қазіргі түркі

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 76.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 232-бет.

тілдерінің тарихына байланысты жан-жақты тексерілді деп айта қою қиын» деген тұжырымы әлі де өзекті күйінде қалып келеді.

Ғ.Айдаров VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінің грамматикалық құрылымын түзу барысында морфологиялық ерекшеліктерге, қосымша морфемалар мен түбір морфемалардың мағынасы мен қызметіне талдаулар жасайды. Зерттеуші көне түркі тілінің морфологиясын сөз таптарының аясында саралайды: «Ескерткіштегі сөздер де, қазіргі кездегі тіліміздегідей, жеке дара айтылмай, олар да басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіп жұмсалады, қызметі түрленіп, форма жақтарынан да әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Мұндай ерекшеліктер қалай болса солай жасала қоймайды, замандар бойына қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Бұл заңдылықтар ескерткіштер тіліне де қатысты. Өйткені, морфология – сөз таптарын зерттейді, сөздерді белгілі бір жүйе бойынша топтастырады, олардың әрқайсысының жалпы грамматикалық мағыналары мен формаларын анықтайды»¹.

Орхон, Енисей және Талас ескерткіштері қазіргі түркі тілдеріне ортақ мұра, қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму бағытын айқындауға мүмкіндік беретін бірден-бір жазба дерек болғандықтан көне мұралар тілінің морфологиялық ерекшеліктерін саралаған зерттеушілер ескерткіштер тілінің диалектілік жіктелісі мен қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі мәселелерін де қатар көтереді.

Э.Р.Тенишев көне түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктерін көрсететін тілдік деректер негізінде ескерткіштер тілінің қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі әр түрлі екенін, «түркі жазбаларының тілі тарихи диалектологияның бастау көзі бола алмайтынын»² айтады. VII-VIII ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін оғыз, ұйғыр, қырғыз, қыпшақ басқа да көне түркі тайпалары бірдей қолданған әдеби қалыпқа түскен тіл ретінде қарастырған ғалым, әр тайпаның өзіндік ерекшеліктері бар сөйлеу тілі болған деп санайды: «оғыздар мен қыпшақтар *j* – тілді, ұйғырлар *d* – тілді, қырғыздар *z* – тілді»³.

¹ Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің тілі. VIII ғасыр. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 50-бет.

² Тенишев Э.Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология, 1973. № 6. – С. 54-61.

³ Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников //

Ол ескерткіштер тілін көне түркілер дәуірінде жоғарғы әлеуметтік топтар пайдаланған аристократтық сипаттағы, диалектілерден ада нормаға түскен тіл болғанын, Күлтегін және Білгеқаған ескерткіштері мәтінінде аздаған айырмашылықтар авторлардың туған тілінің (өзі шыққан тайпа тілінің Е.М.) ықпалына, жеке стилінің, мектебінің, жазу мәнерінің ерекшелігіне байланысты екенін айтады. Ал Енисей ескерткіштерін әлеуметтік топтардың барлығы тұтынуына орай, қолданыс аясы кең болғанын, сондықтан «диалектілік ерекшеліктерді айқын ажыратуға болады» деген пікірлерге келісетінін білдіреді және Орхон ескерткіштерін де, Енисей ескерткіштерін де бір тілдік койнеге жатқызып, Ұйғыр ескерткіштерінің тілін екінші койне ретінде қарастырады¹. Зерттеушінің көзқарастарынан көне ескерткіштердің тілін жекелеген көне тайпаларға тиісті жіктеуге қарсы болғанымен Орхон-Енисей ескерткіштері тілін тұтастай алып қарағанда диалектілік ерекшеліктердің барын жоққа шығармайтынын байқаймыз.

Морфологиялық және фонетикалық ерекше белгілер негізінде көне түркі жазба ескерткіштері тілінде көне оғыз, көне қырғыз, көне ұйғыр тілдерінің ықпалы сақталғанын көрсеткен Н.А.Баскаков, Орхон-Енисей жазбаларын көне оғыз және көне қырғыз тілдерімен байланыстырса, манихей жазбаларынан көрініс беретін көне ұйғыр тілін *n* диалектісіне және *j* диалектісіне жіктейді².

Қазақ ғалымы С.Аманжолов VI-VIII ғасыр ескерткіштер тілі негіз – тіл ретінде, барлық түркі тілдері жайлы тарихи-салыстырмалы зерттеулердің тіні, арқауы қызметін атқаруы қажеттігін көрсетеді. Ғалым ескерткіштер тіліндегі басты ерекшеліктер қатарында *-di/-ti/-ti* етістік формалары қосымшаларының қолданылуын (*alti/aldi* «взял», *kelti/keldi* «пришел, шел», *berti/berdi* «дал»); етістіктің бұйрық райының ерекше формада қалыптасуын (*ölür* «убей, умертви», *olur* «сиди, садись»); күрделі сын есімдердің ерекше тәртіппен қолданылуы, септік жалғауларындағы өзгешеліктер тәрізді бірнеше морфологиялық белгілерді де атайды. Орхон, Енисей мұралары тіліндегі ерекше белгілер негізінде көне түркі тіліндегі диалектілік

Turcologica. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Ленинград, 1976. – С. 165.

¹ Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // Turcologica. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Ленинград, 1976. –С. 171.

² Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 165-166.

жіктеліс жайлы пікірін былай білдіреді «Я убежден, что древнетюркские памятники отражают, действительно, племенной язык многих тюркских племен, но я не отрицаю, что в древнетюркских языках имеются некоторые диалектные различия»¹.

В.Г.Кондратьев көне оғыз ескерткіштерінде де, көне ұйғыр ескерткіштерінде де Орта Азияда жүздеген жыл бойы қолданылған біртұтас түркі тілі сақталған деп санайды, ғалым «біртұтас тіл» ұғымын белгілі бір дәрежеде шарттылық сипатта қолданғанын ескерте отырып, тілдік ерекшеліктер көне ұйғыр ескерткіштері арасында ғана емес, бір ескерткіш мәтінде де кездесетінін айтады².

А.С.Аманжолов морфологиялық және фонетикалық белгілер негізінде көне түркі жазба ескерткіштері тілінің диалектілік ерекшеліктеріне көңіл бөлген ғалымдардың пікірін талдай отырып, көне түркі ескерткіштері тіліндегі жекелеген фонетикалық (графикалық) және морфологиялық ауытқулар әртүрлі тайпалық диалектілердің ықпалына ғана байланысты емес ескерткіштер тіліне өзек болған негізгі диалектінің динамикалық дамуына да қатысты болуы мүмкіндігін айтады және көне түркі жазба ескерткіштерін фонетикалық белгілеріне қарай диалектілік тұрғыдан жіктеу белгілі бір дәрежеде болжам күйінде қалатынын ескертеді³.

Көне жазба ескерткіштер тілін қазіргі түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы бойынша жіктеу өте күрделі мәселе. Ескерткіштер тілін таксономиялау мәселесінің толық шешімін табу қазірге дейін табылған көне жәдігерлер тілін толықтай зерттеуді қажет етеді. Ескерткіштердің лингвистикалық тұрғыдан толық зерттелуі рунологиялық, текстологиялық зерттеулердің нақтылығы мен шынайылығына тәуелді. И.В.Кормушин кейбір ескерткіштердің оқылымдары мен аудармаларында жаңсақтықтардың орын алғанын көрсетеді⁴.

¹ Аманжолов С. Памятники древнетюркской письменности в их отношении к современным тюркским языкам // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 131-133.

² Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI. – Ленинград: Изд-во Ленинградский университет, 1981. – С.26.

³ Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Атамұра, 2003. – С. 34.

⁴ Кармушин И.В. Текстологические разыскания в области енисейской руники // Turcologica, 1986. – Ленинград, 1986. – С. 165.

Он үш ғасыр бұрын қолданылған ескерткіштер тілін қазіргі жеке-леген түркі тілдеріне немесе жекелеген тілдік топтарға ғана қатысты қарастыру ғылыми жаңсақтыққа алып келеді. Артына мол жазба мұра қалдырған мемлекеттік деңгейдегі түркілік бірлестіктер тек этникалық негізде ғана емес, географиялық-аумақтық негізде де құрылғаны тарихтан белгілі. Ұлан-ғайыр аумақты қамтыған түркі қағанаттарының құрамына өзіндік тілдік ерекшеліктері бар бірнеше түркі ру-тайпалары енгенін, сол көне тайпалар қазіргі түркі халықтарының этногенездік құрамына шашырай таралғанын ескетсек, Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің барлық түркі халықтарына ортақ мұра, ортақ құндылық екені анық. Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпы түркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи лингвистикалық заңдылық.

Лингвистикалық түркітануда Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі негізінен оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта қарастырылып, батыс қыпшақ тілдеріне қатысы күңгірт қалып келді. Ескерткіштер тілінде қыпшақтық белгілердің мөлінен сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби тілде, бірде диалектілік ерекшеліктерде үнемі қайталанып отыруы көне жәдігерлер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің арасындағы тығыз байланысты білдіреді.

Тіл дамуындағы мираскерлік сабақтастық адам ағзасындағы, қанындағы генетикалық жалғастықпен пара-пар жүретін феномендік құбылыс. Сондықтан жалпы түркі жұртшылығына ортақ Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен қазіргі қыпшақ тілдер тобына кіретін тілдердің де алар үлесі ауқымды болмақ. Мұндай тарихи сабақтастықты 744 жылы орнатылған Мойун Чу ескерткіші

мәтінінде «түрк-қыпшақ тоғыз оғыздарды елу жыл басқарғаны» жайлы деректің сақталуы да дәйектей түседі.

Көне түркі дәуірімен жалғасып жатқан орта түркі дәуірінде жазылған мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Көне түркі дәуірі мен орта ғасыр дәуірі арасындағы өтпелі кезең тілдік жағдаятты айтарлықтай өзгертіп жібере алмайтыны белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілінің деректері де қыпшақ ↔ оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді. Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұстас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалу ыңғайында қалыптасқанын байқаймыз. Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілердің сілемдері қолданыста болуы әрі олардың арасында дифференциациялық және интеграциялық процестердің кезең-кезеңімен бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін. Сондықтан көне түркі дәуірі мен орта ғасыр дәуіріндегі түркі жазба әдеби тілі арасындағы сабақтастық та қыпшақ ↔ оғыздық аралас тілдік жүйе арқылы айқындалады¹.

VII-IX ғасырдағы түркі тілдерінің негізгі сипатын, лексикалық құрамының, фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық-грамматикалық құрылымының, синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін танытатын Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері тілінің деректері, көне түркілердің қыпшақ ↔ оғыздық аралас тілдік жүйені қолданғанын дәйектейді.

¹ Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы : Арыс, 2007. – 60-бет.



**VII-IX ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ
ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР МОРФЕМАЛАР**

§ 1. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҮБІРЛЕР МЕН ТҮБІР-НЕГІЗДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МОРФЕМАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Көне түркі тілінің морфологиялық ерекшеліктерін саралау сөз тұлғасының (сөздің) тірегі қызметін атқаратын түбір морфемалардың дамуы мен құрылымдық-тұлғалық сипатын, мазмұндық-мағыналық қырлары мен тіл жүйесіндегі ақпараттық-таңбалық қызметін талдаудан басталады. Түркі тілдерінің базистік лексикасын құрайтын VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі түбір сөздер дербес лексемалық сапасына қатысты лексикологияның, сөз құрамындағы негізгі тілдік бірлік ретінде морфологияның зерттеу нысанына жағдайы. Ескерткіштер тіліндегі түбір-негіздер мен туынды лексемалық бірліктердің құрылымына морфемдік-компоненттік талдау жасау барысында анықталатын бір буынды сөздердің түбір морфемалық әлеуеті – көне түркі тілінің жалпы лексикалық қорын дамытудың, байытудың, жаңғыртудың басты тетігі. Бұл – бір буынды түбір сөздердің көпқырлы, көпфункционалды, полисемиялық, полиформалық табиғатымен ұштасып жатқан құбылыс.

Синхрониялық тұрғыдан қарастырғанда сөздің негізгі лексикалық мағынасын беретін, әрі қарай саралауға келмейтін ең кіші бөлшегі саналатын түбір морфема етістіктің бұйрық райы мен зат есімнің атауыш формасына сәйкес келеді. Ал диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда түбір морфемалардың дербес лексемалық сапада қолданылуы міндетті емес. Тарихтың терең қабаттарынан бастау алатын түркі тілдерінің қалыптасуы мен дамуын қамтитын лингвонтологиялық үдерістер шеңберінде орныққан морфемалық жігі



айқын ажыратылмайтын сөздер құрамында ғана сақталған, дербес лексемалық қабілеті жоқ өлі түбірлер қаншама. Кез келген түркі тіліне (ескерткіштер тіліне де, қазіргі тілдерге де) морфологиялық-компоненттік талдау жасау «байырғы түркі сөзінің түбір тұлғасын, негіздің құрамын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін этимологиялық табиғатын анықтауға қажетті туынды түбірді сөз жасау моделінің жүйесіне салып, тұлғалас бір топ сөздің қатарында қарастыруымыз керек. Мәселен, қазақ тіліндегі *-на/-не* моделі арқылы жасалған *ауна-, буна-, қайна-, тырна-* сияқты сөздерді алып, жоғарыдағы тәсіл бойынша түбірлік морфемалардан жалғаулық морфемаларды бөліп алып қарағанда, алдыңғы екеуінің түбірі (*ау-, бу-*) айқын да, кейінгі екеуінің (**қай-, *тыр-*) түбірі біздер үшін ұмыт болған «өлі» түбірлер екендігін көреміз. Осылайша морфологиялық принципке сүйене отырып, ілкі түбір, туынды түбір тұлғаларын анықтау этимологиялық зерттеулердің сенімді де жемісті тәсілдерінің бірі»¹.

Ретроспективтік бағыттағы морфемдік талдау амалдары арқылы ғана анықталатын өлі түбірлердің мәні мен тұлғасы арқылы дербес қолданыстағы түбірлердің кейбірінің екінші, үшінші дәрежелі құрылым екенін ажыратуға болады. Интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен дебетігінен айрылып, мағынасы күңгірт тартқан өлі түбірлердің ұғымдық мәнін айқындау түркі морфологиясындағы өзекті мәселердің бірі: «Түбірдің ұғымы, мән-мағынасы – түбірлес, туынды, бір ұядан өрбіген сөздердің ең жалпы, бәріне ортақ, өзекті мағынасы. Сондықтан да түбір құрылымдық жағынан ең қарапайым болса да тілдің ең негізгі мәнді бөлігі. Онсыз қазіргі тілдердің лексикалық ортақтығын, туыстығын дәлелдеу мүмкін емес»².

Түркітану ғылымындағы түбір проблемасының зерттелуі өзіндік дәстүрі мен қағидалары қалыптасқан, мақсат-мүддесі айқындалған классикалық сала болып табылады десек те, тілдің негізін құрайтын бір буынды сөздердің табиғаты толық ашылып болмағаны белгілі. Түбір проблемасының күн тәртібінен түспей отыруы алғашқы

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 64-бет.

² Манкеева Ж. Түбір//Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТІРО – Баспа орталығы, 1998. – 398, 399-беттер.

дыбыстық тілдің сұлбасы байқала бастаған кезден бастау алатын түркі түбірінің бірнеше сатылы даму жолы мен қайшылыққа толы қат-қабат күрделі табиғатына байланысты. Түркі сөздері тұлғасының қарапайымнан күрделіге қарай дамуы басты ерекшелік болғанымен фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық заңдылықтарға орай кезең-кезеңімен кері процестерді де басынан өткізуі, одан қайта күрделенуі тәрізді мәселелер де түбір морфемалардың табиғатын айқындауда қиындықтар туғызады. Фонетикалық құбылыстар гаплагология мен редукция үнемдеу принципі бойынша жаңа дыбыс тіркесімін, жаңа фонологиялық жағдайды тудырады. Бұл дыбыстардың позициялық ауысуына, дыбыстардың түсіп қалуына, екі дыбыстың орнына жаңа бір дыбыстың пайда болуына алып келеді, ал дыбыс өзгерістерінің қордалануы коммуникативтік дербестікті сақтау принципі бойынша фонетикалық жүйенің жаңаша қалыптасуына арқау болады. Фонетикалық жүйедегі өзгерістер сөздің морфологиялық тұлғасына әсер етіп, қарапайым фонетикалық өзгерістер фонологиялық құрылымға да ықпал етуі мүмкін. Семантикалық даму барысындағы деривациялық дифференциация фонологиялық варианттарды қамтиды. Осы процестің нәтижесінде дыбыс сәйкестіктерінің екінші дәрежелі фоно-морфо-семантикалық қырлары қалыптасып, морфеманың алломорфтарының пайда болуына ықпал етеді.

Сөздің шынайы болмысын танып-білу әрдайым тұлға мен мазмұнды бірлікте қарауды талап ететіндіктен жалпы түркі лексикалық қорының негізін құрайтын түбір морфемалардың семантикалық дамуы да адам санасымен, дүниетанымымен тікелей байланысты құбылыс ретінде семасиологиялық жүйенің сан қырлы заңдылықтарына орай психо-физиологиялық процестермен өзара сабақтастықта жүріп отыруы мәселені одан әрі күрделендіре түседі.

Кез келген тілдің лексикалық жүйесінің даму жолын, басқа тілдермен туыстық деңгейін анықтау ең алдымен түбір құрылымын айқындап алуға негізделеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жайлы алғашқы зерттеулер де негізінен түбір құрылымын анықтауға бағытталып, түркі, кең көлемде алғанда алтай тілдері бойынша түбірдің дыбыстық құрылымы жайлы екі бағыт

қалыптасты: 1. Моносиллабтық (В.В.Радлов, Г.Вамбери, Дж. Клосон, В.Котвич т.б.); 2. Дисиллабтық (В.Банг, К.Менгес, Б.Я.Владимирцов, Н.К.Дмитриев т.б.) түркі тілдері деректері негізінде морфемдік, компоненттік, семантикалық, логикалық талдау әдістері арқылы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Сондықтан моносиллабтық бағыт көптеген ғалымдар тарапынан (Н.Сауранбаев, Б.Юнусалиев, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, Ә.Т.Қайдар, Ә.Ибатов, М.Томанов, Б.Сағындықұлы, т.б.) қолдау тауып, зерттеу нәтижелері түркі тілдері бойынша түбір және түбір-негіздер жүйесін құрайтын құрылымдық модельді – V, VC, VCC, CV, SVC, CVCC – негізгі тұлғалар деп танығанмен, осы модельдердің қайсысы алғашқы (этимон түбір, этимологиялық түбір, архитүбір, өлі түбір, ілкі түбір, бастапқы түбір, т.б.) деген мәселе үлкен пікірталас өзегі болып отырғаны белгілі.

Түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздердің құрылымы жайлы XIX ғасырдың соңында пікір айтқан батыс ғалымы Г.Вамберидің түркі тілдерінің ішінде SVC тұлғасын алғашқы деп танып, CV моделін осы тұлғадан ажырағанын мысалдар арқылы беруі (Рукописное предисловие к Etymologisches Wörterbuch der Turko-tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878) XX ғасырда лингвистер тарапынан жан-жақты талданып, біраз зерттеушілер Г.Вамбери пікірінің негізділігін көрсетсе, келесі лингвистер тобы түркі түбірінің даму бағыты бір-жақтылыққа көнбейтінін тілдік деректерден кері процестерді де байқауға болатынын алға тартып, V, CV моделін бастапқы түбір ретінде таниды. Зерттеушілердің үшінші тобы V, VC, VCC, CV, SVC, CVCC модельдерінің бәрін де тең дәрежеде тарихи түбір ретінде қарастыруды ұсынады.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың фонетикалық құрылымын әр қырынан қарастырған Н.А.Баскаков түркі түбірінің SVC тұлғалы болып келетіні жайлы алғашқы ойын қарақалпақ тілі деректері негізінде көрсетіп¹, түркі түбірінің екі дыбыстан тұратын ашық буынды болып келетінін негіздеген В.Котвич теориясына қарсы аргумент ретінде созылыңқы дауыстыларды мысалға келтіру түркі

¹ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Ч. 1. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 101-105.

түбірінің шынайы табиғатын ашып бере алмайтыны айтады¹. Барлық түркі түбірлері о баста үш дыбыстан тұратын тұйық буын үлгісінде қолданылғанын көрсете отырып, өз ойын «Все остальные двузвучные или однозвучные корни в тюркских языках представляют собой редкие исключения и исторические восходят к трехзвучным корням с утраченным в результате фонетического развития начальным или конечным или тем и другим согласным»² деп тұжырымдайды. Ғалым төрт дыбыстан тұратын CVCC тұлғалы модельдерді SVC тұлғасына өнімсіз немесе өлі аффикстер жалғану арқылы жасалған негіздер, не басқа тілден енген кірме сөздер ретінде, бір ғана дауыстыдан тұратын *ö* «ойлау», *и* «ұйқы», *і* «өсімдік» тәрізді V тұлға модельдерді SVC тұлғасынан ықшамдалып VC тұлғасына, одан ықшамдалып V моделіне айналған (*i* < *yi* < *jig* «густой, частый, плотный», *ö* < *ög* ~ *ök* ~ *oj* ~ *oj* ~ *od* < **bög* «думать, размышлять») негіздер ретінде қарайды³. А.Н.Баскаков түбір құрылымы жайлы ұсынған теориясын кейінгі еңбектерінде де тереңдетіп, CV тұлғалы ашық буыннан тұратын түбірлердің де түркі түбірінің табиғатын анықтаудағы маңызына мән береді, бірақ сандық қатысына қарай SVC тұлғасы басымдық алатынын, тарихи түбір де осы тұлға болатынын қайталап көрсетеді, зерттеушінің статистикасы бойынша көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де барлық бір буынды сөздердің төрттен үш бөлігін SVC модельді тұлғалар құрайды⁴. Н.А.Баскаковтың көзқарасына қарсы А.Зайончковский орта ғасыр ескерткіштері тілінде CV тұлғалы модельдердің көп мөлшерде кездесетінін айта отырып, тарихи түркі түбірі V, VC, CV, SVC тұлғаларында қолданылғанын айтады⁵.

Көне жазба ескерткіштер тіліндегі түбір сөздер құрамына тереңірек үңілсек, «тарихи категория бір буынды түбірлердің кейде компонент-

¹ Баскаков Н.А. Предисловие // В.Котвич Исследования по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С. 17.

² Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 89

³ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 146-151.

⁴ Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). – Москва: Наука, 1979. – С. 145-146.

⁵ Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа C+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания. – 1961. № 2. – С. 28-29.

терге ыдырауын бір тіл материалы негізінде де аңғаруға болатынын»¹, бір буындылардың ішінде де туынды тұлғалардың кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Түркі тілдеріндегі түбір мәселесіне алғашқылардың бірі болып кеңінен тоқталған қырғыз ғалымы Б.М. Юнусалиев сөздік қордағы екі буынды, көп буынды сөздермен бірге бір буынды лексемалар құрамында да өлі түбілер сақталып қалатыны жайлы «Омертвевшие корни не исчезают бесследно. Они лишились лишь лексической самостоятельности, но их звуковая материя продолжает жить в той или иной форме в основе новообразованных корневых слов» дей отырып, тіпті «... туынды тұлғалар да дербестігін жоғалтуы мүмкіндігін» айтады². Ғалым Орхон ескерткіштері тілінде кездесетін *sa* «сан, санау» т.б. түбір сөздерге сүйеніп, қазіргі түркі тілдеріндегі *baу, bau, ban* лексемаларының өлі түбірі **ba* тұлғасы деп ұйғарады³.

Қазақ тілінде түбір, негізгі түбір, негіз немесе түбір сөз ұғымдарының қатар қолданылуына, түрліше аталуының себептері ашырмай, күңгірт қалып келе жатқанына алғаш назар аударған ғалымдардың бірі А.Хасенова етістіктің лексика-грамматикалық сипаты жөніндегі монографиясында түркі тілдерінде сөз ішіндегі дыбыстардың орын алмасып қолданылуы (*üjrek, urγan örän, urγat, örpät; қаруу, қарға, қақпа* т.б.), түбірлердің тек соңғы дыбыстары емес алдыңғы дыбыстарының да саны артық немесе кем болып келуі (қаз.т. *nanıw, senıw*; өзб.т. *ijnonnoq, non-toq, ijšonnoq* т.б.) қалыптасып кеткен тілдік ерекшелік екенін, қазақ тіліндегі *p* дауыссызына бітетін етістіктердің қосымша жалғану барысында деформацияланып *b, w, t* дыбыстарына ауысуы кездесетінін (*žар: žabadi, žawip, žatił, žarqan* т.б.) негізге ала отырып, А.Зайончковский мен Б.М.Юнусалиев ұсынған теориялық қорытындыға күмәнмен қарайды. Ғалымның пайымдауынша «Бұл құбылыс сөз ішінде не сөз аяғында кейбір дыбыстардың айтылуда түсіп қалуға икемділігімен де тікелей байланысты»⁴. Кейін-

¹ Юлдашев А.А. Система словообразования в спряжении глагола в башкирском языке. – Москва: Наука, 1972. – С. 24.

² Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч.І. –Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959. – С. 63.

³ Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч.І. –Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959. – С. 29, 43.

⁴ Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 72-б.

гі жылдарғы зерттеу нәтижелері ғалымның көзқарасына қарсы фактілерді де айқындап отыр.

CVC тұлғалы түбір-негіздер құрамындағы соңғы дауыссызды аффикстік деңгейде қарастырған А.Н.Кононов түркі түбірінің ең шағын тұлғасы V, CV, VC модельдері екенін морфологиялық талдау нәтижелері көрсетіп отырғанын айтады¹. Э.А.Макаев түркілік түбір құрылымы жөніндегі даулы пікірлерді шешудің жолы ретінде хронологиялық стратиграфия әдісін қолданудың қажеттігін ұсынса², И.В.Кормушин CV тұлғасын тектіл дамуының алғашқы кезеңіне, (CV+C>) CVC екінші кезеңіне сәйкес келсе, келесі кезеңінде кейбір түбір құрамындағы соңғы дауыссыздар қайта түсіп қалуы мүмкін деген болжам ұсынады³. Түркілік түбірдің прототипі CV моделі болуы мүмкін екенін алғаш айтқан В.В. Радловтың пікірін тереңдетіп, мысалдар арқылы дәйектеген ғалымдар Г.И.Рамстедт, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Б.М.Юнусалиев, В.Котвич т.б. болды. Бұл бағыттағы зерттеушілер VC, V модельдерінің тарихилығына күмән келтірмейді.

Қазақ тіліндегі *qart, qarija, käri; ajt, ajtis, ajqaj* т.б. сөздерінің құрамынан *qar, aj* тұлғаларын морфема ретінде ажыратып, *-t, -ja, -i, -t, -is, -qaj* тұлғаларын түбір құрамына қатысы жоқ элементтер ретінде таныған М. Томанов «... осы азғана фактілер тобына жасалған талдаудың өзі де (және тек бір тіл ыңғайында) қазіргі тіл нормалары бойынша бөліп-жаруға келмейтін жалаң түбір деп қаралатын сөздердің недәуір тобы “мағынасыз” түбірлер мен “белгісіз қосымшаларға ажырайтындығын көрсетеді» деп қорытады⁴. Сондай-ақ ғалым түбір құрылымын анықтауда біраз дау-дамай туғызып жүрген протезалық дыбыстардың «екінші дәрежелі дифтонгілер мен созылыңқылардың қалыптасуы да түбір құрамын фонетикалық тұрғыдан басқа сипатқа алып келгені мәлім»⁵ деп бастапқы түбір құрамына аталған құбылыстардың аса

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 108.

² Макаев Э.А. Вопросы построения сравнительной грамматики и тюркских языков // Советская тюркология. 1971, № 2. –С. 21-25.

³ Кормушин И.В. Лексико-семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – Москва: Наука, 1971. –С. 11-13.

⁴ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 140-б.

⁵ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 141-б.

қатысы жоқтығын меңзейді. Орта ғасыр ескерткіштері тілі деректері негізінде бір буынды сөздердің де туындылар қатарына жатуы мүмкін екенін көрсеткен қазақ ғалымдарының бірі Ә.Ибатов XIV ғасыр ескерткіштері тілінде V, VC, CV, VCV, CVC, VCC, VCVC, CVCC тұлғалы түбірлер мен түбір-негіздер тән екенін айтады¹.

Түркі тіл білімінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздерді арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, ауқымды тілдік материал негізінде түбір табиғатын тұлғалық әрі семантикалық, статистикалық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген академик Ә.Т.Қайдар түбір құрылымы туралы бұрын-соңды айтылған пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасай отырып, үш дыбыстан тұратын тұйық буынды моносиллабтардың қалыптасуы жайлы өз көзқарасын былай білдіреді: «Во-первых, потому, что изменения и сдвиги в структуре корней разноплановы и разнонаправленны: СГС теоретически и практически в языковом развитии могут превращаться в ГС или СГ, точно так же как последние могут, наоборот, перейти в СГС. В каждом конкретном случае они могут иметь свои причины. ... Во вторых, всякие изменения корневых морфем в сторону расширения и сужения их структуры представляют собой результат вполне закономерных фонеморфологических факторов, действующих на всем протяжении исторического развития тюркских языков»². Түркілік түбір табиғатын қазақ тілі аясында әр қырынан жан-жақты қарастырған ғалым ұзақ жылдар бойы түркі тілдеріндегі түбір, негіз терминдерінің ара-жігі толық ажыратылмай келгеніне ерекше мән беріп, аталған ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын ғылыми анықтамасын ұсынады. Нақты тілдік деректермен В.В.Радлов бастаған белгілі лингвист-түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, «разложимость односложных корней-основ в тюркских языках ... вполне реальный факт»³ деген қорытындыға келеді. Ғалым пікірінің негізділігіне дәлел бола алатын, түркі тілдерінде дисиллабтармен қатар моносиллабтардың да біразы тіл

¹ Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 67-бет.

² Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 14.

³ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 28

дамуындағы ұзақ мерзімді қамтитын агглютинативтік процестің жемісі екенін көрсететін тілдік деректер қоры жинақталып, маңызды теориялық тұжырымдар дәйектелді.

Түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіс-есім омонимиясы тұрғысынан зерттеп синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берген Е.Қажыбек «түркі тілдеріндегі сөз таптары синкретизмінің іздері грамматикалық деңгейде де, дериваттардың етістік-есім омонимиясы немесе сөзжасам аффикстері негізінде де аңғарылады» дей отырып, соңғы құбылысқа аса ыждаһаттылықпен қарау қажеттігін, яғни аффикс арқылы жасалған етістік, есім мәнді моносиллабтар құрамында кездейсоқ сәйкестіктердің де кездесіп қалуы мүмкін екенін көрсетеді¹. Бір буынды синкретизмдер табиғаты негізінде түбірлердің көп функционалды болу құбылысын жалғамалылық кезеңге дейін қолданыста болған сөзжасам тәсілі ретінде қарастырған зерттеуші «Семасиологиялық тұрғыдан қарағанда түркі түбірінің синкретті семантикасы ең ежелгі тектілдің семантикалық жүйесінің сілемі. Сондықтан түркі тілдері лексикасын диахрондық негізде саралауда түркілік сөз мағынасының жалпыдан нақтылыққа қарай даму бағытына ерекше мән беру қажеттігін»² ескертеді. Түркі сөзінің семантикалық табиғатын анықтауға бағытталған келесі еңбегінде зерттеуші түбірлес сөздердің фоно-морфо-лексика-семантикалық құрылымын жан-жақты талдай отырып, күрделі лингвистикалық мәселелердің шешімін табуда алдымен моносиллабтық деңгейді зерттеу маңызды екенін көрсетеді³.

Қазақ тіліндегі етістік негіздерді морфемдік-компоненттік талдау барысында тілімізде қолданылып жүрген етістіктер құрамындағы өлі түбірлердің мол қорын анықтаған ғалым Ж.Манкеева⁴ қазақ тіліндегі *ajt*, *art*, *ket* императивтерінің құрамындағы *-t* компонен-

¹ Қажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 244.

² Қажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 245.

³ Қажыбеков Е.З. Семантика тюркского слова. Проблемы межурвневной сопряженности. АДД. – Алма-Ата, 1998. – С. 51.

⁴ Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991.

тін етістік тудырушы тарихи жұрнақ ретінде таниды¹. Императив етістіктер құрамынан басқа да 35 сөзжасам моделін ажыратып берген зерттеуші «Қазіргі тіліміздегі көптеген сөздерді біз шартты түрде түбір сөз деп қараймыз. Шын мәнінде олар – “өлі” түбір мен қосымшадан тұратын тарихи туынды түбірлер» деген қорытындыға келеді².

Аса ежелгі дәуірлерде қолданылған түбірлер мен қосымшаларды мүмкіндігінше бастапқы қалпына келтіруді өз зерттеуінің басты мақсаты етіп алған Б.Сағындықұлы қазіргі түркі сөздерінің ежелгі тұлғасын реконструкциялауда дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдістер жиынтығымен қатар математикалық амал-тәсілдерге де, атап айтқанда теңдеу теориясына жүгінеді. Ғалым математикалық амалды тілдік деректерге қолдану барысында компоненттік талдау әдістерінің нәтижелерін пайдаланады. Тек өлі түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын ғалым «Түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген. Ішкі флексия қалдықтары бір буынды түбірлер көлемінде едәуір дәрежеде қазірде де бар. Бұдан кейін полисинтетикалық құрылым (түбір тіл) дәуірі келген. Түркі тілдері мұндай құрылымды өз басынан кешіргенін белгілі түркологтардың көпшілігі мойындайды. Қазіргі агглютинативті қалпы бүкіл жұртшылыққа белгілі»³ деп түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдердің ақиқаттығын көрсетеді. Флексиялық құрылымның басты ерекшелігі түбірлердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан жасалған силлабофонемалардан тұратынын жалпы түркі тілдері континуумында да, қазақ тілі аясында да дәйектеп көрсеткен зерттеуші, «Бірнеше силлабофонема өзара омонимдес болғандықтан, силлабофонеманың құрамындағы дауысты да, дауыссыз да қытай тіліндегідей әр түрлі сапада айтылған. Белгілі бір

¹ Манкеева Ж. Методы вычленения мертвых корней в составе двусложных глаголов-императивов // Вопросы тюркского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 55.

² Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі екі буынды императив тұлғалы етістіктерге морфемалық талдау жасау // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 68-б.

³ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 5-бет.

дауысты дыбыстың дауыссыз дыбыстың алдында, яки соңында келуі, түсіріліп айтылуы тағы басқа комбинациялық өзгерістері ұғым, түсінікті жеткізуде шешуші роль атқарған. Қай дыбысқа қаншалықты акцент берілуі ішкі флексия реттеп отырған. ... Жеке-дара дауыссыз дыбыстар зағтардың, нәрселердің, қимыл-қозғалыстың, күйдің, сын-сапа, қасиеттердің атауы болған. Ал дауысты дыбыстар әр түрлі семантикалық өзгерістерді, реңктерді жеткізген»¹ деген тұжырымға келеді. Ғалым соңғы мақалаларының бірінде силлабофонемаларды түбіртек деп атауды ұсынады және «Кез келген сөзде қанша дауыссыз болса, сонша түбіртек болатынын»² көрсетеді.

Түбіртек ұғымы 1927 жылы поляк ғалымы Х.Улашин ұсынған морфонологияның ең кіші қарапайым бірлігін, морфеманы құрайтын ең шағын элементті білдіретін морфонема ұғымына сәйкес келеді. Морфонема термині белгілі бір дәрежеде «фонема» (А.А.Реформатский), «фонемалық қатар» (Р.И.Аванесов), «фонемалық парадигма» (М.В.Панов), «фонемалардың күрделі көрінісі» (Н.С.Трубецкой) терминдерімен мәндес келіп жатады. Лингвистикада морфеманы фонологиялық, фонетика-графикалық деңгейлерге оппозициялық бірлік – «сөз формасы деңгейіндегі морфонологиялық элемент» (А.А.Зализняк), «морфологиялық синтездік модельдер» (Д.С.Ворт) ретінде қарастыратын пайымдаулар да бар. Б.Сағындықұлының көзқарастары жалпылама алғанда лингвистикадағы фонология теориясының қағидаларымен, императив теориясындағы идеяфондық идеялармен үндесіп, жалпы лексикадағы фоно-семантикалық құбылыстарды нақтылай түседі.

Түркі тілдері түбіртану мәселесін зерттеуде дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар тың теориялық-методологиялық қағидаларды да ұстанудың қажеттігін көтеріп жүрген башқұрт ғалымы А.Шайхулов³

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 157-бет.

² Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. Екінші халықаралық түркология конгресі. І б. –Түркістан: Тұран, 2006. – 199-205-беттер.

³ Шайхулов А. Структура и идеографическая парадигма односложных корневых основ в кыпчакских языках Урала-Повольжья в континууме ареальной, межтюркской и общетюркской лексики: Синописис и таксономия когнитивной сферы «Природа (неживая и живая)». – Уфа: БашГУ, 2000.

Еділ-Жайық аумағын мекендеуші түркі халықтары тіліндегі моносиллабтарды фонетикалық, морфологиялық, фоно-семантикалық тұрғыдан саралау барысында аталған аймақтағы қыпшақ тобына енетін тілдерде қолданылатын 4000-нан аса түбір-негіздердің жартысына жуығы этимологиясы күңгірт, дербестігінен айрылған бірліктер деген қорытындыға келеді¹. Түркі түбірлерінің құрылымдық сипаттамасын жасау үш деңгейлі (фонологиялық, морфологиялық, семантикалық) зерттеу аясында жүргізілгенде ғана нәтижелі болатынын баса көрсеткен ғалым тұжырымдарынан түбір табиғатын зерттеуде теориялық-танымдық бағытты да ұстанатынын, имманенттік талдау мен когнитологиялық талдауды ұштастыра қарастыруды қолдайтынын байқаймыз. Ол татар, башқұрт, чуваш, монғол, тұңғыс-маньчжур тілдері деректері негізінде алтай семьясына енетін тілдердегі ғалам бейнесінің іздерін түбірлік деңгейде де ажыратуға болатынын «... в языках картинах мира языков алтайской семьи можно выделить общее структурно-семантическое ядро, которое выражает не только наличие общих корневых основ но и мотивирующих признаков, позволяющих объединить лексемы в тематические группы и семантическое гнездо далее рассматривать их в рамках идеографической парадигматики»² деген ойлары арқылы білдіреді. Ғалым пікірі дербес және реконструкцияланған моносиллабтардан тұратын жалпыалтайлық тіларалық лексикалық параллельдердің семантикалық даму ерекшеліктері олардың мазмұндық, онома-сиологиялық қасиеттерін қамтитын идеографиялық сипатына сәйкес келеді дегенге саяды. Бұл семантемалар мен олардың семемаларының, семаларының және морфемалар мен олардың морфонемаларының тығыз байланысын сипаттайтын тұжырым.

Түркі лингвистикасындағы түбіртану мәселесі бойынша айтылған ой-пікірлер, түбірлер мен түбір-негіздердің жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеу нәтижелері де кешенді түрде жүгізілген зерттеулер де тілдегі түбірлік деңгейдің қалыптасуы мен дамуы

¹ Шайхулов А. К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. – 2004. №2. – С. 56.

² Шайхулов А. Алтайская цивилизация и отражение картины мира в тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских языках (на материале односложных корневых основ) // Түркология. № 5, 2004. – С. 95.

фонетика-фонологиялық, морфологиялық, семантикалық және оно-масиологиялық құбылыстардың өзара тығыз байланысына негізделетінін, түбір табиғатын тереңірек тани түсу үшін бір буынды түбір морфемалардың сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнын сабақтастыра қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі, жалпы лексикалық байлықтың өзегін құрайтын моносиллабтар адамзат өміріндегі тілдің маңызын айқындайтын сан қырлы рухани-функционалдық сапаны қамтамасыз ететін лингво-онтологиялық құрылым. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғаты моносиллабтардың құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралу аясымен, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады. Тілдің ұзақ хронологиялық даму сатыларынан өткенін ескере отырып, «түбір теориясына динамикалық тұрғыдан зерттеу жасауға болатыны байқалады. Мұндай көзқарасқа сәйкес, түбір онтологиялық деңгейдегі бірлік ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, соның нәтижесінде белгілі бір хронологиялық деңгейдегі түбірдің жалғыз ған моделінің ата тілде қолданылу мүмкіндігін жояды»¹.

ҮІІ-ІХ ғасырлардағы түркі жазба мұралары тілі лексикалық қорының негізін құрайтын бір буынды түбір морфемалар аса көп емес. Түркі тілдерінің жалғамалылық табиғатына сәйкес бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің ауқымы қазіргі түркі тілдерінде де шағын. Салыстырмалы түрде, шамамен алғанда ескерткіштер тіліндегі түбір морфемалар қазіргі жекелеген түркі тілдеріндегі түбір морфемалардан 10 еседей аз. Қазақ тілінде 3000 мыңға жуық (2704) бір буынды сөз тіркелсе СтОКО, 183, А.Г.Шайхулов Орал-Волга бойы қыпшақ тілдерінде шамамен 4000-дай моносиллабтарды ажыратуға болатынын көрсетеді², И.А.Батмановтың редакциясымен шыққан «Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках» еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштері тілі бойынша 1160 лексема түбір сөздер ретінде тіркелген. Сөздік

¹ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2011. – 6-бет.

² Шайхулов А. К проблеме корневых слов в тюркских языках // Түркология. 2004, № 2. – С. 56.

авторлары бір сөздің грамматикалық формаларын да (*adir, adirt, adiril, adirilmaj, adirin* т.б.), түбірлес туынды сөздерді де (*bat, batim, batsik* т.б.) ДТД, 108-112 қамтыған. Орхон ескерткіштері тілі мен якут тіліндегі лексика-семантикалық құрылымды зерттеуге бағытталған Г.Г.Левиннің еңбегінде 498 түбір-негіздер берілген, бұл сөздікте де *bar, barim, barı, barča* т.б. Лев. 168 тәрізді түбірлес сөздер де, яғни синхронды тұрғыдан жіктеуге келмейтін түбір-негіздермен қатар дисилабтарды да тіркелген.

Орхон, Енисей, Талас жазбаларында 350-дей ғана бір буынды түбір морфемалар (түбірлер мен түбір-негіздер) қолданылған. Аз ғана бір буынды модельдер бабалар тілінің лексикалық қорына негіз болған түбірлер жүйесін толық көрсете алмасы да анық. Көне мұралар тіліндегі түбір морфемалар көлемінің қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемаларға қарағанда ықшам болуы, біріншіден, көне жәдігерлердің әлі толық оқылып болмауына; екіншіден, жекелеген авторлар мен бедізшілердің сөз қолданысына, тіл байлығына, дара стиліне байланысты болса; үшіншіден, арада өткен 1300 жылдық тіл дамуының табиғи заңдылығы да ықпал етпей қоймайды. Көне жазбалар тілінде сақталған бір буынды түбір морфемалардың сандық көрсеткіші шағын болса да, көне тілдің басты ерекшеліктерін, түбір сөздер мен түбір-негіздер жиынтығының сұлбасын, тұтас лексикалық жүйенің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді, әрі қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың лексикалық қорды дамытудағы орнын, сөзжасамдық әлеуетінің ауқымын көрсетеді.

§2. КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР МОРФЕМАЛАР МЕН МОРФОНЕМАЛАР

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жүйесінің құрылымдық типтерін құрайтын *V, VC, CV, VCV, CVC, VCC, VCVC, CVCC* модельдерінің бәрі де көне түркі тіліне тән болғанымен қолданыс жиілігі, мағыналық дербестігі, қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқаларымен тұлғалық сәйкестігі әртүрлі.

Бір құрамды түбір морфемалар мен морфонемалар. Дауысты дыбыстан тұратын бірқұрамды *V* моделі көне түркі жазба ескерткіштері

тілінде бес-алты сөзді ғана қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі болып табылатын бұл сөздер VII-IX ғасырларда дербес мағыналы сөз түрінде қолданылса да қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қыпшақ тілдерінде дербес лексикалық қабілетінен ажырап, түбір-негіздер құрамында ғана сақталып отыр. Ескерткіштер тілінде:

e «бол, болу» Тал. III, ДТД, 86. Талас ескерткіштері тілінен тіркелген *e* етістігі қазіргі қыпшақ тілдерінде көмекші етістік қызметінде өткен шақ мәнін білдіреді. Ауызекі тілде шақ формалары түсіріліп, тікелей жіктік жалғауларымен тіркесіп те қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде: *e* → *edim* → *em*, *e* → *ediñ* → *eñ*; *e* → *edi* → *et* және *e* → *ken*. Әдетте қазақ тіліндегі *e* тұлғасы жалпы түркілік *er/*är/*ip* моносилабынан таратылады. Орхон ескерткіштерінде *er* тұлғасы кеңінен қолданылады: Табыащ *budun sabli süčik, aysi jumčaq ermis* КТк. 5 «Табғач халқы сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» Айд. I, 169; *Bir kisi jañilisar, oyuši, buduni bisükine tegi qidmaz ermis* КТк. 6 «Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді» Айд. I, 169; *Aqanım Elteris qayanıy: ögüm Elbilge qatunıy Tenjiri töpesinte tutup jügürü kötürmüs erinč* КТү. 11 «Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен» Айд. I, 173; *Süčig sabın, ijumčaq ayin erür, iraq budunıy anča ijaıtur ermis* КТү. 5 «Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді» Айд. I, 169; *Bardıq jerde edgüg ol erinč* КТү. 24 «Барған жерден не жақсылық таптың?» Айд. I, 176. *e*, *er* тұлғаларының бір дәуірде қатар қолданылуына байланысты архетипін анықтау әлі де тереңірек қарастыратын мәселе.

ö «ойлау» ДТС, 375: *Ačsiq tosiq ömezsen bir todsar ačsiq ömezsen* КТк. 8 «Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» Айд. I, 169. Ескерткіштер ілінде *ö* түбірінен тараған бірнеше түбір-негіздер ұшырасады: *ö* → *ög* → *ögüt* «совет, наставление, хвала» ДТС, 382; *ö* → *ög* → *ögle* «талқылау» Айд. II, 102; *ö* → *ök* → *ökün* «каяться, сожалеть» ДТС, 382. Жалпы түркілік *o* ≈ *ö* ≈ *u* ≈ *ü* түбірінің даму жолы, тұлғалық, мағыналық өзгерістері жан-жақты талданған мәселе¹ ЭСТЯ I, 428-432; ИТФ, 40-41; ГИК, 179. Қазіргі түркі тілдерінде

¹ Анесов Г. Семантическое развитие производных основ образованных от гомогенных корней // Вопросы тюркского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 77-80.

аталған түбірдің барлық тұлғалары да сақталған: башқ. *ögöt* «наставление», *uj* «мысль, размышление», *uqıtıw* «чтение, учеба»; қаз. *oj*, *ujıar*, *uyım*, *uq*, *ügit*, *üjren* т.б. Ескі қыпшақ ескерткіші «Китаб-и меджму-у терджуман түрки уа аджеми уа моголи уа фарси» шығармасы тілінде *ö* түбірінен тараған *ök* «ум, душа, дух», *öküš* «воспитание», *örenle* «думать, полагать», *ojna* «играть, шутить» Құрыш. 175, 179 лексемалары қолданылған.

u «ұйқы, ұйықтау» ДТС, 603: Ertis ügüzig keçe joridimiz, turgis budunıy uda bastimiz КТҮ. 37 «Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық» Айд. II, 179. Қыпшақ тілдеріндегі **uj* ≈ **oj* түбір-негіздерінің құрамында сақталған: е. қып. **uj*: *ujıyıl* «спать, ложиться спать», *ujıtqıl* «усыплять», *ujuqla* «заснуть» Құрыш. 208; тат., башқ. *jokla*; ноғ. *ujkla*; ққалп. *ujqıla*; қаз. *ujqı*, *ujıqta*. Көне түркілік *u* түбірі тат., баш. тілдеріндегі *jo* моносиллабымен метатезалық өзгеріске түскен.

u «белгілі бір іс-әрекетті істей білу» ДТС, 603: Jayı bolıp, itinü jaratunu umadıq, janı ičikmis КТҮ. 10 «Жау болып қолдарынан түк келмей және бағынды» Айд. I, 173. Қазіргі түркі тілдері базистік лексикасынан сұлбасын ажыратып алу қиындық тудыратын көне түбірлердің бірі – *u*. Б.Сағындықұлы *uıan* «құдіретті, құдай» сөзінің құрамындағы *uı* моносиллабының «құдіретті күш, қимыл-қозғалыс иесі» мағынасын көрсетсе¹, А.Н.Баскаков *u* сөзінің мағынасы «білу, түсіну» мәніне жақын екеніне сүйене отырып «... глагол *u* «мочь, терпеть» генетический связан с глаголом *uq* «понимать, разуметь (с производным *uq* – *uš* «разум, понимания)», который в других языках имеет, кроме того, значения в каракалпакском *uq* «вникать в сущность, усваивать» и проч.» ИТФ, 41-42 деген пікір айтады. *u* лексемасын қимыл есім тудыратын грамматикалық форма *-u* жұрнағымен байланыстырушы пікірлер де негізсіз емес. Енисей ескерткіштерінде кездесетін *uz* «мастер, умелец» Е. 31, ДТД, 75, М.Қашқари еңбегінде қолданылған *uz* «искусный, опытный, умелый» (МҚ, I, 46), моносиллабы, қазақ тіліндегі *usta* «ұста» сөздері де көне түркілік *u* түбірімен төркіндес екені байқалады.

¹ Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005. – 204-б.

и «өсу, ұлғаю» Эл. 1, ДТД, 74. Көне жазбалар тілінде «ұлғаю, өсу» мәнін беретін *и* түбірінің дербес лексема ретінде қолданылуы Тува аймағындағы Элегест елді мекені маңынан табылған ескерткіште ғана кездеседі. Өзге Орхон, Енисей, Талас жазбаларында осы түбірден жасалған **ul* түбір-негізі қолданылады: *ulga* «расти, сделаться большим» Е. 29, Е. 7, ДТД, 76; *ulgat* «вырастить» ХБ, ДТД, 76; *uluу/ulug* «большой, важный, старший» Е. 47, Тон. 5, КЧ. 3, КТү. 28, 34, ДТД, 76. Ескі қыпшақ тілінде *ulaldur* «увеличивать, умножать», *ulu* «большой» Құрыш. 209; башқ. *olo*; тат. *oli/olü*; ққалп. *ullü*; қаз. *uli/ulüq* «великий, большой». Қазіргі түркі тілдеріндегі *ülken* «үлкен» сөзі де *и* тұлғасымен түбірлес: *ii* → *ül* → *ülken*. Қыпшақ тілдері деректері бойынша көне түркілік *и* түбірінің *и, ii, o* нұсқалары ажыратылады.

і «өсімдік, ағаш, бұта» ДТС, 603: *i bar bas asdimiz* Тон. 26 «бұтасы бар шыңнан астық» Айд. II, 52. Н.А.Баскаков *і* моносиллабы жайлы «... корень *у*, который встречается главным образом в парных словах типа *у – ууаӄ* «всякая растительность», *у – тaryу* «посева злаковых культур», *у – таӄ* «заросли и скалы (камни)» и поэтому также представляется либо заимствованным из других языков, либо графически ущербно оформленным, либо фонетически редуцированным» ИТФ, 39 деп *і* тұлғасының дербес лексемалық қабілетіне, түркілік табиғатына күмәнмен қарайды. Тоникук ескерткішінде *і* тұлғасының дербес қолданылуы: *Atiу iqa bajur ertimiz* Тон. 27 «Атты бұтаға байладық» Айд. II, 109 аталған моносиллабтың көне түркілер тілінде дербес мағыналы сөз ретінде жұмсалғанын көрсетеді, сондай-ақ *і* дыбысын белгілейтін таңба айқын бедерленгіндіктен (екі сөйлемде де) графикалық көркемдеуден кеткен оққылық деуге де келмейді. И.А.Батманов бастаған зерттеушілер *і* сөзінің «ағаш» мәнін де көрсетеді ДТД, 83. Сондықтан жалпы түркілік *iуaӄ/iуaӄ/ayaӄ/agaӄ/jiуaӄ* лексемаларының негізінде *і* түбірі жатқанын байқауға болады. Тоникук ескерткішінде қолданылған *iуaӄ*: *iуaӄ tutunu aутurtum* Тон. 25 «Ағаш ұстап шықтық (көтерілдік)» Айд. III, 109 сөзі қыпшақ тілдерінде *а* тұлғасымен қалыптасқан: е. қып. *jiуaӄ/ayaӄ/ayaӄ* «дерево, древесина, лес» Құрыш. 77; құм., тат., қар. *ayaӄ*; ноғ., ққалп., қаз. *ayaӄ*; башқ. *ayas*. Махмұд Қашқари еңбегінде *iуaӄ* сөзі *jiуaӄ* түрінде тұлғаланып «густое дерево» МҚ. II, 25, яғни «қалың жыныс, ну орман» мәнін береді. Ескерткіштер тілінде *jiӄ* «тау, орман, тоғай» Айд.

I, 163 лексемасы да қолданылады: *Ötügen jışqa jig idi joq ermis* КТк. 4 «Өтүкен жынысында игі (жақсы) ие жоқ еді» Сартқ. II, 259. **jī* тұлғасы *ī*, *iū* моносиллабтарымен генетикалық жағынан туыс екені анық. Гомогенді моносиллабтардың түркі тілдері дамуының көне түркілік кезеңінде қатар қолданылуы олардың тарихи қалыптасуы әлдеқайда ертеден, түркілік тек тіл, баба тіл кезеңдерінен бастау алатынын байқатады. Көне түркі тіліндегі *ī* түбірінің «ағаш» мағынасымен қатар «жалпы өсімдік» мәнін беруі қазіргі қазақ тіліндегі *arša*, *ірүәј*, *арпа* т.б. өсімдік атауларының этимологиялық негізін анықтауда есте ұстайтын мәселе.

ī «жібер, жіберу» ДТД, 83: *Ötügen jir olurup, arqış tirkışisar, neñ buñu y joq* КТк.8 «Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберсең, еш мұның жоқ» Айд.І. Ескерткіштер тілінде осы түбір арқылы жасалған *id* «жіберу, бағыттау, лақтыру» Он. I, 2, КТү. 6, МЧ. II, 22, *it* «жіберу» КТк. 12, Тон. 42, ДТД 83, 85 дербес лексемалары да қолданыста. Қазіргі қыпшақ тілдерінде *ī* тұлғасы дербес лексема түрінде қолданылмайды. Қазақ тіліндегі «қозғау, жылжыту» семасын сақтаған *it* «ытқыту, жіберу», *isir* «қозғау, ысыру», *ibir* (ыбыр-жыбыр/қыбыр-жыбыр) «қозғалу, артық қимыл, іс-әрекет» сөздері құрамынан көне түркілік *ī* сөзі анық байқалса, *at* (мылтықты ату, жүрегі атқақтау, су атқылау т.б.) е. қып. *at* «метать, бросать» Құрыш. 88; ноғ., башқ., құм., тат., ққалп., қырғ. *at* «стрелять, бросать»; *atta* «атта», *adim* «адым» т.б. лексемаларының құрамынан түркі тілдерінде кеңінен орын алған *a* ≈ *ī* сәйкестігі мен ортақ мазмұн арқылы ажыратуға болады. Бұл мысалдар арқылы жалпытүркілік **i/a* ілкі түбірінің архисемасы «жалпы қозғалысты» білдіргені анықталады. Олай болса *i/a* морфонемасынан өрбіген сөздер кешеніне «ажырау, бөліну» мазмұнын сақтаған *at* ≈ *ad* ≈ *aš* ≈ *ač* ≈ *až* ≈ *az* ≈ *aj* ≈ *aq* ≈ *ay*... гомогенді моносиллабтар тізбегі де топтасуы мүмкін. Б.Сағындықұлы «жылқы», «есім» мәнін беретін *at* моносиллабын *it/at* етістіктерімен сабақтастыра қарастырып, *at* етістігінің қозғалысқа; қозғалыстың ырықсыздығына; қозғалыстың барынша жылдам, шалт өтуіне; қозғалыс нәтижесі ажырауға, бөлінуге әкелуіне; қозғалыстың қайталамалығына қатысты бірнеше семаларын көрсетуі¹ де *at/it* етістіктерінің жалпы мазмұнына негізделеді.

¹ Сағындықұлы Б. Қазақ лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 40, 41-беттер.

V тұлғалы моносиллабтардың көне түркі тілінде сирек кездесуіне әрі қазіргі түркі тілдерінде де дербес лексема түрінде қолданылмауына орай Н.А.Баскаков оларды бастапқы түбір бола алмайтын, фонетикалық, семантикалық тұрғыдан ұзақ даму жолынан өткен, екі-үш құрамды түбірлерден ықшамдалған тұлға ретінде қарастырады: «Түркі тілдеріндегі (C)Г(C) негізі біршама толық құрамды (C)ГC < CГC түбір морфемаларынан генетикалық жолмен қалыптасқан кейінгі құрылым екені анық» ИТФ, 43. Ескерткіштер тілінде айқын бедерленген V құрылымды моносиллабтарды туынды тұлға ретінде қарастыруды тілдік деректер толық қуаттай алмайды. Ә.Қайдар қазақ тілінде *a, ä, e, o* дауыстылары арқылы жасалған V тұлғалы түбірлер (негізінен одағайлар) 30-ға жуық семантикалық мәнде жұмсалатынын, басқа түркі тілдерінде де V құрылымды түбір-негіздер қолданылатынын көрсете отырып, «Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда бір буынды түбір-негіздердің бұл типі көне ескерткіштер тілінде біршама кеңірек таралуы олардың қалыптасуы ежелгі кездерден басталатынын айғақтайды. Түркі тілдері дамуының ең көне кезеңдерінен көрініс беретін V типті түбірлер бір буынды түбір-негіздердің VC, VCC тәрізді жаңа, типтерін және екі буынды негіздерді тудыра отырып, агглютинативті құрылымның элементтерін қабылдаған» СтОКО, 41 деген ой айтады.

Дербес тұлғалы, дербес мағыналы V типті түбірлер VC модельді түбір-негіздер құрамында морфемалық, VCC типті түбір-негіздер құрамында марфонемалық қызметте жұмсалады. Адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерінен бастау алатын жекелеген дауысты дыбыстардың (аллофондарымен бірге) белгілі бір идеялық мән жүктеп қолданылуы уақыт өте келе өзіндік идеосегменттік мәні бар дауыссыз дыбыстарды, дыбыс тіркестерін қабылдау арқылы тұлғалық өзгерістерге түсіп, полисемантикалық сипаты әр тұлғаға сәйкес біршама нақтыланып, бастапқы мазмұны шарттылық сипат ала бастаған сияқты. Тіл элементтерінің абстрактілі-шарттылық сипаты неғұрлым басым болған сайын оның шынайы табиғатын танып-білу, тарихи даму жолын анықтауда күрделене түсетіні белгілі. Жалпы кез келген рухани құндылықтың маңыздылығы артқан сайын оны танып-білу, бағалау қиындай береді. Тіл де адами құндылықтардың

негізгісі ретінде саналы адамзат өміріндегі маңыздылығы артқан сайын күрделене береді, жетілген дыбыстық тілде оның бастапқы жай-күйінің сілемдері мен болмашы іздері ғана сақталады. Түркі тілдеріндегі V модельді моносиллабтарды да сондай реликт белгілер, өте ежелгі лексикалық қордың сұлбасы ретінде қабылдағанмыз жөн. Сондықтан ескерткіштер тіліндегі ортақ мазмұн мен ортақ тұрпат шеңберінде қалыптасқан бірнеше гомогенді лексемаларға негіз болған V модельді бірліктерді түбір морфеманың ең көне формалары ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Қазақ тіліндегі *ös, öñ, ör* (өрле, өрбі, өнім, өрші, өркенде) тәрізді моносиллабтардың ортақ мазмұны мен тұрпатындағы ұқсастықтарды кездейсоқ құбылыс деуге келмейді, ортақ мазмұнды арқалап тұрған *ö* дауыстысы екені аңғарылады. «Даму, жетілу, көбею, пайда болу» идеясы **ur* (ұрпақ, ру, ұрық, ұрғашы) моносиллабында сақталғаны белгілі. Б.Сағындықұлы *ör, *ur* тұлғаларын гомогенді моносиллабтар ретінде қарастырады¹. **ur* тұлғасының жалпы мазмұны **ür* (үрім-бұтақ, үрпі), **oγ/uy ← oγul, ut* (Ұмай), **ul* (ұлы, ұлғаю, ұласу), **ül* (үлкен) т.б. моносиллабтарында сақталуы да *u, ü* дауыстыларының идеялық қабілетін танытады. Демек қазіргі түркі тілдерінде «пайда болу, даму, жетілу, жалғасу, көбею» идеясын сақтаған *u, ü, o, ö* дыбыстарынан басталатын гомогенді сөздердің құрамынан V модельді **u, *ü, *o, *ö* морфонемаларын ажыратуға толық мүмкіндік бар.

VC тұлғалы түбір морфемалар. Дауысты, дауыссыз дыбыстардан тұратын екі құрамды түбір морфемалар дербес мағыналы лексема ретінде көне түркі тілінде де қазіргі түркі тілдерінде де кеңінен қолданылғанымен аталған тұлғаның қалыптасу жолы жайлы бірізді пікір жоқ. Зерттеушілердің басым көпшілігі (А.Зайончковский, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, А.М.Щербак, Б.М.Юнусалиев, А.Ысқақов, Ә.Т.Қайдар т.б.) ашық буынды моносиллаб-тарды о бастан-ақ қолданыста болған тілдік бірлік ретінде таныса, А.Н.Баскаков В.В.Радловтың анлаут дауыссыздардың протезалық табиғаты жөнінде (Radloff, 1882. С.167), Г.И.Рамстедтің анлаут дыбыстарға сандхи

¹ Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 111-бет.

заңдылығының ықпалы жайлы (Ramstedt, 1915. С.73) пікірлеріне, сондай-ақ М.И.Пельо, Г.Дерфер, В.А.Серебренников т.б. ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, VC моделінің бастапқылығы туралы концепцияны негізсіз деп санайды және оны SVC моделінің аясында қарастыруды ұсынады ИТФ, 47-54.

Ескерткіштер тілінде VC модельді моносиллабтардың біразы дербес лексема түрінде қолданылса, біразы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамында түбір морфемалардың варианттары түрінде көрініс береді:

ab «аң, құс аулау» КЧ. 9, Е. 41, ДТД, 32: *Ab albay* Тал.«охота (на диких зверей), развлечение» Аманж. I, 96 ~ ескі қып. ~ *av/ay* «сеть» Құрыш. 76, құм., қар., ноғ. *av*, башқ., ққалп., қаз. *aw*. *Ab/law* моносиллабы алтай тілдеріне ортақ, полисемантикалы құрылым, түркі тілдері бойынша «аңға шығу», «жабайы аң», «жабайы құс», «қуу», «қоршау», «тосқауыл», «аңду», «балық ұстауға шығу», «балық ұстайтын құрал», «жабайы құс», «аң ұстайтын құрал» т.б. ЭСТЯ I, 61-62 семантемаларының белгілі болуы аталған тұлғаның түркі тілдері дамуының тектілік кезеңіне дейін-ақ қалыптасқан лексема екенін білдіреді.

az «аз, көп емес» ДТД, 41: *Az budunïy üküš qiltim* КТк. 10 «Аз халықты көп қылдым» Айд. I, 170; *eçüm qağan oluruḡan Türuk budunïy jeçe itdi igiti çïḡañïy bay qilti aziy üküš qilti* КТү.16 «Ағам қаған отырып, түркі халқын көркейтті, жарлыны бай қылды, азды көп қылды» Айд. I, 174. ~ е. қып. *az* Құрыш. 78; құм., башқ., ноғ., ққалп., қар., тат., қаз. *az*. *az* моносиллабы *ar* → *arši* «тазалау», *ar* → *ariq* «жүдеу», *az* → *aziw* «арықтау» тұлғаларымен төркіндес.

aq «ақ» СДЕ, 207: *Alp šalči aq atin binip oplaju tegdi* КТү. 42 «Алып Шалшы ақ атын мініп шабуылға шықты» Айд. I ~ ққалп., құм., ноғ., башқ., қаз. *aq*; қар. *ax*. Ескі қыпшақ жазбаларынан да *aq* моносиллабы тіркелген Құрыш. 81, ЭСТЯ I, 116.

el «ел, мемлекет», «халық» ДТС, 168, ДТД, 36, Е. 3, 8, 11, 16 т.б. Орхон-Енисей әліпбиінде *i*, *e* дыбыстарының таңбалары ортақ, сондықтан ескерткіштер мәтініндегі *el* сөзі *il* түрінде де оқылып жүр: *Qaḡanin anta ölürtimiz, ilin anta altimiz* КТү. 38 «Қағанын сонда өлтірдік, елін сонда алдық» Айд. I, 179. И.А.Батманов бастаған зерттеушілер *el* түрінде ДТД, 138, С.Е.Малов *il* тұлғасында оқиды

Мал. I, 94. М.Қашқари сөздігінде *el* түрінде беріледі МҚ. I, 48; МҚ. II, 25. Қазіргі қыпшақ тілдерінде аталған лексема қаз., ққалп., ноғ. тілдерінде *el*; қырғ. *äl*; тат., башқ. *ijl* тұлғасында қолданылады.

on «он, сан есім» КТк. 12, Тон. 19, , МЧ. 31, ДТС, 367, Лев. 172: *On oq oylim türges qaγanda Maqraç tamγači oγuz bilge tamγači kelti* КТү. 53 «Он иелік әулетім Түргеш қағаннан оғыз Мақрач таңбашы, Білге таңбашы келді» Сартқ. II, 169, 177 ~ қаз., ққалп., қар., ноғ. *on*; тат., башқ. *un*.

ot «от» КТү. 27, 37; Лев. 172; БҚ. 27; ДТД, 77: *Türgis qaγan süsi Bolçuda otça, borça kelti* КТү. 37 «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» Айд. I, 179. Ескі қыпшақ тілінде *ot* Құрыш. 177; қаз., ққалп., ноғ. *ot*; башқ., тат. *ut*.

öd «өт» БҚ. 29, Лев. 173: *Teđri jer bulγaqin ücün ödiñ* БҚ. 29 «Так как небо и земля были в тревоге, а их желчные чувства...» Мал. II, 99, 103 ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *öl*; тат., башқ. *üt*. *Öd* моносиллабының «жүрек», «ашу-ыза», «қайғы-қасірет» мағыналары да белгілі ЭСТЯ I, 504, 505. *öd* тұлғасының «жүрек» мағынасында жұмсалуды негізінде *öz* «өзек, өзім т.б.» моносиллабымен төркіндестігі аңғарылады.

uñ «ұш, ұшу (ауыс мағынады: қайтыс болу)» КТү. 16, МЧ. I, 12, ДТД, 77: *uñiq* → *uñ+uq* «құс»: *Jaγimiz tegire uñiq teg erti* Тон. 8 «жауымыз айнала жыртқыш құстай еді» Айд. II, 105; *uça barmis* КТү. 16 «ұша барды» Айд. I, 174 ~ қаз. *uñ*; ноғ., ққалп., қырғ. *wuñ*; тат. *oç*; башқ. *os*. Көне түркі тіліндегі «құс» мағынасында жұмсалған туынды сөз *uñiq* қазіргі түрік, қазақ тілдері *самолет* сөзінің баламасы ретінде қолданылуда: түр. *uçak*; қаз. *uşaq*. Салыстырыңыз: *үз* → *ұзау, ұзын, өр* → *өрлеу, өркендеу* т.б.

it «жіберу, лақтыру» Он. I, 2, МЧ. II, 22, Тон. 4, КЧ. 19, БҚ. 25, ДТД, 83: *Antaγ ödke ökünür, Külteginig az erin irtürü itimiz* КТү. 40 «Сол кезде өкініп, Күлтегінді аз ерімен айқасуға жібердік» Айд. I, 180 ~ қаз., ққалп., қырғ. *it* (ытқыту, ыту); ноғ. *ivat* «швырять», салыстырыңыз: *ысыр*. Ескерткіштер тілінде *it* етістігі *isar* түрінде де қолданылады: *Ötügen jir olurup, argiš-tirkiš isar neñ buñuγ joq* КТк. 8 «Өтүкен жерінде отырып керуен жіберсең еш мұның жоқ» Айд. I, 169. Қазіргі түркі тілдеріндегі *at* (мылтық ату; таспен ату) етістігімен, *atta, adim* сөздерінің мазмұнымен (қозғалыс семасы) сәйкес келуі әрі якут тілінде *at* «стрелять» етістігі *it* түрінде РЯС, 623 тұлғалануы аталған

сөздердің тегі бір екенін көрсетеді. Ғ.Айдаров *it* моносилабының «қашу» мағынасын көрсетеді Айд. II, 103.

iš «іш, іші» Тал. VII, 3, Е. 39, ДТД, 80: *Öz içi tasın tutmıs teg biz* Тон. 13 «Өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз» Айд. II, 106 ~ қаз. *iş*; қырғ., қар. *ič*; құм. *ijč*; башқ. *эс*; тат. *эс*: Жалпы түркілік *iš* моносилабының етістік мәнді *iš* «ішу» тұлғасы ескерткіштер тіліндегі *isig* «ащы ішімдік» дисилабының құрамында **is* түрінде сақталған: Altun, *kümüš, isigti, qutaj buñsiz anča birür tabyač budun sabi süčig, aγiši jumčaq ermis* КТк. 5 «Алтын, күміс, ішімдікті, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» Айд. I, 169 ~ қаз., қырғ. *iš*, құм. *ijč*; тат. *эс*; башқ. *эс*; ноғ., ққалп. *ijš. is/iš* синкретизмінің тұлғалық өзгерістері мен мағыналық деривациясы жан-жақты талданған ЭСТЯ I, 388-391, 757, СИГТЯ I, 95, ГИК, 144. Қазақ тілінде *ішірткі, ішімдік* сөздеріне *iš/is* моносилабының етістік семасы негіз болып тұр.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі деректері жалпы түркі түбірлерінің құрылымдық жүйесінде дауысты, дауыссыздан тұратын VC тұлғалы моносилабтардың кеңінен қолданылатынын, олардың басым көпшілігі қазіргі қыпшақ тілдерінде өзгеріссіз сақталғанын көрсетіп отыр. Мағыналары мен тұлғалары ұқсас VC модельдерінің негізінде олардың дауыстыдан немесе жартылай созылыңқы дауыстыдан тұратын V моделінен дамығанын аңғаруға болады.

CV тұлғалы түбір морфемалар. Ескерткіштер тілінде дауыссыз, дауысты дыбыстардан тұратын түбірлердің дербес лексема деңгейінде қолданылуы өте сирек кездеседі белгілі СФ, 193-198, ГЯТР, 76, ИТФ, 31, СтОКО, 146-147. Сандық көрсеткіші аз болғанымен түркі тілдеріндегі CV тұлғалы түбір морфемалардың бәрі дерлік синкретизмдер қатарынан табылуы аталған құрылымның етістік, есім сөз таптары қалыптасуының тарихи кезеңдерінен мағлұмат беретін көне белгілер қатарына жататынын көрсетеді. Ескерткіштер тіліндегі CV тұлғалары негізінен етістік мәнін сақтаған, жалпытүркілік континуумда олардың есім мәнін ажырату қиындық тудырмайды. Түркілік түбіртану тарихында синкретизмдердің грамматикалық немесе лексикалық факторлары көрсетіліп жүргенімен моносилабтар конверсиясының грамматикалық себептері толық дәйектелген жоқ, соңғы отыз жыл көлеміндегі зерттеулерде синкретизм құбылысы

тарихи лексика-семантикалық үрдіс ретінде қарастырылуда. Бұл жөнінде Ә.Т.Қайдар «Следовательно, категориальная принадлежность и синкретичность самых элементарных, первичных корней в тюркских языках, на наш взгляд, относятся к числу их наиболее древних свойств, и искать в историческом процессе причины, определяющие первичность/вторичность имен или глаголов, а также грамматическую конверсию нет смысла», дей отырып, егер түркі тілдері даму тарихында шын мәнінде агглютинативтілікке дейінгі кезең орын алған болса, синкретизм құбылысы сол кезеңге тән заңдылық болуы ықтималдығын көрсетеді¹.

Б.Сағындықұлы белгілі түрколог, алтаист ғалымдардың пікірлері мен түркі тілдері лексикасының этимологиялық табиғаты түркі тілдері агглютинативті құрылым дәуіріне дейін флексиялық, полисинтетикалық кезеңдерді басынан өткізгенін ақиқат ретінде қабылдауды ұсынады. Зерттеушінің тұжырымынша, «флексиялық кезеңнің алғашқы дәуірінде буынның құрылымы V, VC, CV болған. Флексия дәуірінің орнына келген полисинтетика дәуірінің басты ерекшелігі – силлабофонеманың морфема болып тұрақтануы; морфемалық сипат алған силлабофонеманың өзара тіркесуі әр түрлі тілдік құбылыстарды туғызып, көп жағдайда екі силлабофонема бір-біріне сінісіп кетеді; бұл қазір мүлде жойылып бара жатқан сөз соңындағы қос дауыссыздарды өмірге әкеледі; агглютинативті құрылым дәуірі сөз басындағы сөз аяғындағы қос дауыссыздарды жойды»².

Екі құрамды дауыссыз, дауыстыдан тұратын бір буынды түбір-негіздердің тұлғалық, мағыналық дамуы мен өзіндік ерекшеліктері негізінде көне түркі жазбаларында сақталған аз ғана CV тұлғалы түбір морфемалар түркі тілдері дамуының ежелгі кезеңдеріндегі түбір сөз табиғатын танытатын реликт белгі болып табылады:

ba «байлау» ДТС, 76: *Atiŋ iqa bajur ertimiz* Тон. 27 «Атты бұтаға байладық» Айд. II, 109. Енисей ескерткіштерінде етістік мәнді *ban*, есім мәнді *bay* тұлғалары да қолданылады: *Altunliŋ keŋig belimte*

¹ *Қайдаров А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 146-147.

² *Сағындықұлы Б.* Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 159,160-беттер.

bantim E. 3 «Алтын кемерімді беліме байландым»; Altı og bay bodunqa beg ertim E. 1 «Алты баулы халыққа бек едім» Аманж. I, 48, 49 ~ қаз., ноғ., ққалп., құм. *bajla*; тат., башқ. *bäjlä*. Түркі тілдерінде *bay*, *baw*, *boγ*, *boq*, *biw*, *buj*, *bia*, *biw*, *bub* тұлғалары қолданылады ЭСТЯ II, 165-167; ҚТҚЭС, 58-60, 61-62; ГИК, 133, 134. А.М.Щербак *ba* моносиллабын *pā* формасында реконструкциялайды СФ, 195. Түркі тілдері бойынша түбір морфема *ba* моносиллабының SVC тұлғалы құрылымының соңғы дауыссыз дыбысының түрліше қолданылуы *ba* лексемасын көне форма ретінде тануға мүмкіндік береді. Тек қазақ тілінің өзінде *ba* моносиллабының бірнеше тұлғалық варианттары болуы: *baw*, *baj(la)*, *buj(da)*, *bij(da)*, *biw*, *boq(ša)*, *buy(aq)* т.б. әрі олардың есім, егістік мәндерінде араласа қолданылуы түркі түбірлерінің өзгермелі табиғатын нақтылай түседі.

jelji «есть, кушать»: *Kejük jījü tabisyan jījü olurur ertimiz* Тон. 7 «Киік жеп, қоян жеп отыратын едік» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп. *že*, тат. *žj*; башқ., құм., ноғ. *ē*.

kü «дыбыс, сыбыс, хабар» КТү. 12, 25, 26, БҚ. 36, Тон. 32, ДТД, 55: *Taşra jorijur tijin kü esider...* КТү. 12 «Шетте жүр деген хабар есітіп ...» Айд. I, 173. *ku* моносиллабы М.Қашқари шығармасында да кездеседі МҚ.ІІІ,212. Көне түркі тілі сөздігінде *kü* «оберегать, охранять» мағынасы тіркелген ДТС,322. Көне түркілік *kü* «хабар, дыбыс» лексемасы қазіргі қыпшақ тілдерінде дербес мағыналы сөз ретінде кездеспейді. Қазақ тіліндегі *kübir* «сыбырлау, ерінді жыбырлатып ақырын сөйлеу; сыбыс, күңкіл», *künkil* «ақырын, түсініксіз сөйлеу; өсек-аян, сыбыс» сөздерінің мазмұны көне түркілік *kü* моносиллабының мазмұнына сәйкес келуіне қарағанда ортақ түбір еліктеуіштен жасалуы мүмкін.

ne «не? (сұрау есімдігі)» КТү. 9, 26, Тон. 14, 32, ДТД, 61: *Eki-üç biñ sumis kelteçimiz bar mu ne?* Тон, 106 «Екі-үш мың қолмен келе аламыз ба?» Айд. II, 106 ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *ne*; тат., башқ. *nij/ne*; қырғ. *nelemne*.

mu «ма?(сұраулық шылау)» Тон. 5, 14, ДТД, 60: *Bilge tonijkuq qaγan mu qisajin tidim* «Білге Тоникуқ қағанды ма қысайын дедім» Айд. II, 104 ~ қаз., қалп., ноғ. *mal/me*; тат., башқ. *mel/mij*; құм. *mu*.

sa «сана, санау» ДТС, 478, ДТД, 67, КТк. 9, Тон. 42, 27. Орхон ескерткіштерінде *san* моносиллабы да қолданыста: *Sanayali tūsürtimiz* Тон. 21 «Санағалы тоқтадық» Айд. II, 109 ~ қаз., ққалп., қар., қырғ., тат.,

ноғ. *sana*; башқ. *hana*. XI ғасыр түркілері тілінде *san* лексемасының шағын формасы *sa* тұлғасының да қолданылғаны М.Қашқаридың еңбегінде тіркелген МҚ. III, 247.

sü «әскер, жауынгер» КТү. 12, 28, 32, МЧ. I, 6, КЧ. 10, 20, БҚ. 25, 26 ДТД, 66: *Süsi üč biñ ertimiz biz eki biñ ertimiz* Тон. 16 «Әскері үш мың екен, біз екі мың екенбіз. Орхон жазбаларында *sü* моносиллабы арқылы жасалған *süle* «соғысу, шайқасу», *süñiüš* «соғыс» сөздері де кездеседі: *Birgerü tabyač tара uluү su eki jegirmi süñüšdim* КТү. 28 «Бергері Табғашқа қарсы үлкен әскермен он екі (рет) соғыстым Айд. I, 177; *Otuz yaşıma Besbaliq tара süledim* БҚ. 28 «Отыз жасымда Бесбалыққа қарай соғыстым». Ғ.Айдаров *süñiüš* лексемасын қазақ тіліндегі *cüñgi* «ұшы жебе тәрізді ұзын сапты суық қару» сөзімен байланыстыра отырып «сүңгілес» деп аударады Айд. I, 218.

sī «сындыру, бұзу» КТк. 11, КТү. 36, ДТД, 66: *Ol tegdükte Bajurquniñ aq adүйiriү udliqin siju urti* КТү. 36 «Ол айқаста өкшелей қуғанында Байырқунның ақ айғыры мертікті» Айд. I, 179 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., тат. *sīn*; башқ. *hīn*.

tilte «де, айт, сөйле» МЧ. III, 28, БҚ. 25, 29, Он. I, 3, 6, КТк. 7, 6, КТү. 9, 12, ДТД, 71, ДТС, 545: *İraq erser, jablaq aүi birur, jaүuq erser, edgu aүi birür tip* КТк. 7 «Жырақ болса жаман сыйлық берер, жақын болса игі сыйлық берер деп» Айд. I, 169 ~ қаз., құм., ноғ., ққалп. *de*; тат. *dij*; башқ. *tij*.

te → *tegi* «дейін» ДТС, 547: *Temir қарыүқа tegi süledimiz* КТк. 4 «Темір қақпаға дейін соғыстым» Айд. I, 168 ~ қаз., ққалп., қар. *dejin*; башқ. *tejeü*.

Түркі тілдеріндегі CV модельді түбір морфеманы туынды құрылым ретінде қарастырушы пікірлердің жаңсақтығы жайлы А.Н.Кононов «... наличие первородного типа C+V подтверждается многочисленными примерами основ типа C+V+V, в которых конечным согласным выступает формант, выполнявший в свое время определенную грамматическую функцию, но позднее ее утративший и в силу этого вошедший в состав нового корня – основы» дей отырып, *jan* ~ *jaq* ~ *jal* ~ *jar* → *ja*; *kel* ~ *ket* ~ *kez* ~ *keč* ~ *qaš* ~ *kir* → **ke* ~ **ki*, **qa* т.б. тұлғаларды мысалға келтіреді¹. Зерттеуші көрсеткендей, соңғы компоненттің

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Москва: Наука, 1980. – С. 77.

грамматикалық сапасы айқын аңғарылмағанымен ескерткіштер тіліндегі CVСтұлғалы түбір-негіздердің бәрін CV моделінен тарау түркі түбірінің даму табиғатына қайшы келмейді. Жалпы түркі тілдеріндегі өзара семантикалық байланысы анық байқалатын SVC тұлғалы бір буындылардың алғашқы екі компоненті тұлғалас болып келуі кездейсоқтық емес. Мұндай құбылыстарды VI-IX ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі SVC тұлғалы түбір морфемалардан да аңғаруға болады. Түркі тілдеріндегі CV тұлғалы түбір морфемалар қатарынан о бастан-ақ дауыссыз + дауысты дыбыстардың тіркесінен тұратын тарихи түбірлерді де, SVC моделінің соңғы дауыссызының ықшамдалуы негізінде жасалған түбір-негіздерді де кездестіреміз (кейде үшінші дәрежелі процесс болуы да мүмкін CV → SVC → CV).

Тіл де адами құндылықтардың бірі болғандықтан тілдік жүйедегі құбылыстар арасындағы қарама-қайшылықтың болуы табиғи заңдылық. Синхронды тұрғыдан алғанда жалпы тілдік жүйеге тұрақтылық тән болғанымен, оның құрамы үнемі қозғалыста, бұл процесс прогрессивті де регрессивті де болуы ықтимал.

SVC тұлғалы түбір морфемалар. Қазіргі түркі тілдері моносиллабтар жүйесінде саны жағынан басым SVC моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де ең көп қолданылатын дербес лексемалар қатарына жатады, енді бір тобын туынды сөздер құрамынан кездестіреміз.

**bal → balbal* «балбал» ДТС, 80, Е. 32, КТү. 16: *Bašlaju qırq az qağanü balbal tiktım* КТү. 25 «Қырқ аз қағанынан бастатып балбал қойдым» Айд. I, 176 ~ қаз., ққалп., қырғ. *balbal*. Монғол тілінде *bal balbalax* тіркесінің «қаз тұру», «қаз-қаз басу» мағыналары тіркелген МҚС, 63. Түркілер дәстүріндегі *балбал* тасты тігінен тұрғызып қою *balbal* сөзінің семантикалық уәжіне негіз болуы мүмкін, сондықтан **bal* тұлғасы түбір морфемалар қатарына жатады. Салыстырыңыз: қазақ тілінде *bal → bal+a* «бала». Сары ұйғыр тіліндегі *bal → bal+a* «жұмыртқа» лексемасының семантемасы **bal* морфемасын қазақ тіліндегі *balyin* «жас; сәби», *balawsa* «жас; жасөспірім», *baldıryan* «сәби» сөздерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

bas «басу, жеңу» ДТД, 33, БҚ. 27, 32, Тон. 27, КТү. 22: *Qırq azıy uqa basdımız* Тон. 27 «Қырық азды ұйқыда бастық» Айд. II, 109 ~ қаз., ққалп., қырғ., тат., қар., башқ., ноғ., құм. *bas*.

ben «мен» ДТД, 37, Е. 1, КЧ. 27, МЧ. II, 16, Тон. 59: *Ben joq ertis erser* «Мен де болмас едім» Айд. II, 114 ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *men*; тат., башқ. *mijn*. Күлтегін жазбасында *men* түрінде тұлғаланады: *men beŋgü taş toquttim* КТк.11 «Мен мәңгі тас орнаттым» Айд. I, 170. Ескерткіштер тілінде *ben* ≈ *men* тұлғаларының қатар қолданылуы көне түркілер тіліндегі қыпшақтық белгілердің де, оғыздық белгілердің де сақталуына байланысты.

beg «бек» КТү. 34, ДТД, 33: *Toquz oғuz begleri, budunı* «Тоғыз оғыз бектері, халқы ...» Айд. I, 168 ~ қаз., ноғ., құм., ққалп. *bek*. Қазіргі түркі тілдерінде *beg* сөзінің *bej/bij* тұлғалары да қолданыста: ~ қаз., ноғ., қар., тат., ққалп. *bij*; башқ. *bej*. Ескерткіштер тілінде кездесетін *bojla/bujla* «судья» ДТД, 35 сөзі құрамындағы **boj/buj* моносиллабы да *beg/bej/bij* тұлғаларымен түбірлес болуы мүмкін.

bir «бір» ДТД, 37, МЧ. IV, 42; КТк. 6: *Bir otuz jaşına Saça seŋünke* КТү. 32 *sünjüsdimiz* «Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен соғыстық» Айд. I, 178 ~ қаз., ноғ., құм., ққалп. *bir*; тат., башқ. *ber*.

**jaŋ* → *jaŋluq* «жаңылыс, қате», *jaŋil* «жаңылысу» ДТД, 43, МЧ. 44, Он. II, 3, КТк. 10, Тон. 26: *Jirči ir jaŋilir* «Жершіл ер жаңылып» Айд. II, 109 ~ қаз., ққалп. *žañil*; қар., тат. *janil*; құм., башқ. *jaŋil*. **jaŋ/žañ* моносиллабының кезінде дербес мәнді лексема болғанына қазақ тіліндегі *žañsaq* «жаңылыс, теріс, қате» ҚТТС. III, 654 сөзі айғақтай алады, *-saq* аффиксі есім сөздерге жалғанатын өнімсіз жұрнақ екені белгілі: *malsaq* «малды жақсы көретін, жақсы күтіп-баптайтын адам», *qajınsaq* «қайын жұртының сөзін сөйлейтін, қайын жұртына жиі баратын жігіт» т.б.

**jar* → *jarat* «жарат, жарату», «жаса, жасау» ДТД, 44, МЧ. II, 20, КЧ. II, 13, КТү. 20: *Qırq az budunıy jaratir keltimiz* «қырық *az* халықтарын құрап келдік» Айд. I, 175 ~ қаз., ққалп. *žarat*; тат., құм., ноғ., башқ. *jarat*. **žar/*jar* моносиллабы жалпы түркі тілдеріне ортақ **jas* → *jasa* ≈ **žas* → *žasa* «жасау, істеу» моносиллабымен түбірлес, ортақ негізі **ja/*ža* тұлғасы.

jat «жат, жату» ДТД, 44, КТү. 24, Тон. 24: *Anin barmis aŋarjatir...* «Анымен барасындар, оған түнеп (жатып)...» Айд. II, 108 ~ қаз., ққалп. *žat*; тат., башқ., ноғ., құм. *jat*.

**qaj/kaj* → *qajal/kaja* «қия» СДЕ, 223 ~ қаз., ққалп., тат. *qija*; башқ., ноғ., қар. *qaja*.

qiz «күз, жартаc» КТк. 6, Тон. 7: *Çuḡaj quzin Qara qumiy olurun ertimiz* «Чүғай күзын, Қарақұмды мекендеуші едік» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qiz*. Жалпы түркілік *qiz/qaja/qija* сөздерінің мазмұны мен тұрпаты ортақ негіздеп өрбіген туынды түбір екенін аңғартады, ілкі түбірі **qi~qī~qa* тұлғалары, ортақ сема «биік, жартасты тау».

qan «қан» ДТД, 50, КТү. 24: *Qanin subca jügürti, süñükin taḡca jatdi* «Қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты» Айд. I, 176 ~ қаз., ққалп., ноғ., тат., башқ., қар., қырғ. *qan*.

qon «қон, қону», «қоныстану» ДТД, 53, БҚ. 40, КТк. 5: *Jaḡu qonduqta kisre aḡiy bilig anta öjür ermis* «Жақын қонған соң олардан жаман қылықты енді үйренген едік» Айд. I, 169 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qon*; тат., башқ. *qın*. *Qon* лексемасының семантемасы моносиллабтың *qoj, qal* етістіктерімен тектес екенін аңғартады, ортақ түбір «белгілі бір қозғалысты, қимылды тоқтату» мәнін беретін **qol/*qa* морфемалық варианттары болуы мүмкін.

**qal* → *qaliñ* «қалың», «көп» ДТД, 50, Е. 28, Тон. 13: *Juḡca qalin bolsar torlayuliy alp ermis* «Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар» Айд. III, 106 ~ қаз., ққалп. *qaliñ*; қар., тат., ноғ., башқ. *qalın*.

keş «кеш, кешу (өзенді)» ДТД, 55, КТк. 37: *Ertis ügüzig keşe joridimiz* «Ертіс өзенін кешіп өттік те...» Айд. I, 179~ қаз., ққалп., ноғ. *keş*; тат. *kijš*; башқ. *kijš*. Салыстырыңыз: *kez, kel, ket*. Тарихи түбір морфема «қозғалыс» семасын беретін **ke* тұлғасы болуы мүмкін.

kök «көк, аспан» ДТД, 55, Е. 50, Э. II, КТү. 1: *Üze kök teñri...* «Жоғарыда көк тәңірі...» Айд. I, 171 ~ қаз., ноғ., ққалп. *kök*; тат., башқ. *kük* ЭСТЯ III, 66-67.

köl «көл» ДТД, 55, КТү. 34: *Türgi jaḡun költe buzdimiz* «Түргі Йарғун көлінде талқандадық» Айд. I, 179 ~ қаз., ноғ., қар., ққалп. *köl*; тат., башқ. *kül*.

sök «сөк, сөгу (қарды аршып жол салу)» ДТД, 66, Б. 27, КТү. 35: *Sünük batimiy qarḡy sökipen* «Сүңгі батымы қарды аршып (сөгіп)» Айд. I, 178 ~ қаз., ққалп., ноғ. *sök*; тат. *süg*; башқ. *hug*.

sen «сен» ДТД, 65, МЧ. II, 17, КТк. 8: *Beñgü il tuta olurtači sen* «мәңгі ел ұстап отырасың сен» Айд. I, 169~ қаз., ққалп., ноғ. *sen*; башқ. *hijn*; тат. *sijn*.

siz «сіз» ДТД, 65, МЧ. III, 26, КТк. 11: *Bödke körugme begler gü jañiltači siz* «Таққа құмар бектер, сіздер жаңыласыздар ғой» Айд. I, 170 ~ қаз.,

ноғ., ққалп. *siz*; башқ. *hez*; тат. *sez. sen, siz* жіктеу есімдіктерінің ортақ негізі **sel/*si* тұлғалары.

sür «сүр, сүру (қу,қуу)» ДТД, 66 МЧ. III, 26; КЧ. 20, КТү. 23: *Sünüglig qantan kelipen sure öltü* «Сүңгілі қайдан келіп түре қуды» Айд. I, 176 ~ қаз. *sur* (қуғын-сүргін); тат. *sör*; башқ. *hör*.

tur «тұр, тұру», «мекенде, мекендеу» ДТД, 67, КЧ, 21, МЧ. III, 30, КТк. 9, Тон. 24: *Bir turuqı ermis* «Бір аялдама (тұратын) жер» Айд. II, 108~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *tur*; тат., башқ. *tor*. Түркі тілдері егістіктер жүйесінде *tur* лексемасы грамматикалық қолданысының аралуандығымен, семантикалық мазмұнының универсалдығымен ерекшеленеді ЭСТЯ III, 299.

tug/tuy «ту» МЧ. I, 8, ДТД, 68 ~ қаз., ққалп. – *tuw*. *Tuq* лексемасы монғол тілінде «жалау, байрақ» мәнімен қатар «өсиет, қағида», «будақ, буда, түйдек, шоқ», *tug* үс «түйдек шаш»; *tug өвс* «түйдек құйрық (жылқының)» мағыналарын да беруі МҚС, 475 түркі тілдеріндегі *tug/tuy* сөзінің этимологиясын анықтауға жол ашады. Түркілер тарихында жылқының құйрық-жалынан байрақ жасау дәстүрі болғаны белгілі. Қазақтардың салтында да қаралы үйге қылқұйрықтан ту байлау жоралғысы мұндаға дейін сақталған.

çöl «шөл», «шөл дала» ДТД, 81, КТү. 41, Тон. 23: *Çölgi az eri boltım* «Шөлді аз ері болдым» Айд. II, 108 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šöl*; қырғ. *çöl*; башқ. *süloü*; қаз., қырғ., ққалп., ноғ. тілдерінде *šöl* моносиллабы «сусау (су, сусын ішкісі келу)» мағынасындағы *šöldew* сөзінде *šölin qandiruw* тіркесінде қолданылатыны белгілі. Салыстырыңыз: *söl* «өсімдікте болатын шырын», *šiq* «шөп басына тұрып қалатын тамшы су» ҚТТС YIII, 364, 374. Түбір морфеманың архиформасы –**çöl/*šö*, архисемасы «судың аздығын, тапшылығы» мәнін білдіреді.

čig/čiy «шық, шығу» ДТД, 81 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šiq*; қар. *čiq*; қырғ. *čik*; башқ. *siy/siq* А.М.Щербак *čiy* моносиллабын *čiq* түрінде реконструкциялайды СФ, 198. Қазақ тілінде *čig/čiy* тұлғасының көнетүркілікке дейінгі тұлғасы сақталып қалған.

šeg «өлексе, өлімші» ДТД, 82, Тон. 8: *Biz šeg ertimiz* «Біз өлімші едік» Айд. II, 105. «Өлексе, өлімтік» мәнін беретін көне түркілік *šeg* моносиллабының сұлбасы қазақ тіліндегі жас нәрестелерге, өте кәрі адамдарға қатысты қолданылатын *šetinew* «қайтыс болу» егістігінің құрамында сақталған. *šeg~*šet (ine)* түбір морфемаларының

мазмұндық сәйкестіктері арқылы ортақ негізі *še тұлғасы екенін аңғаруға болады. Салыстырыңыз: *set → setine.

Түркі тілдері түбір морфемалар жүйесіндегі SVC тұлғасының сандық көрсеткішінің басқа модельдерге қараған жоғары екені көптеген зерттеулерден белгілі, оған көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі SVC құрылымды түбірлер мен түбір-негіздердің қолданыс деңгейі де дәлел бола алады. VII-IX ғасыр түркілері тілінде дербес лексемалық сападағы немесе дисиллабтар мен полисиллабтар құрамынан айқын ажыратылатын SVC тұлғалы моносиллабтардың ауқымдылығы жалпытүркілік моносиллабтар жүйесіндегі архетипті анықтаудың критеріі бола алмайды. Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі SVC құрамды моносиллабтарды морфемдік-компоненттік және танымдық-логикалық-семантикалық талдау барысында Орхон, Енисей және Талас ескерткіштері тіліндегі SVC тұлғалы модельдердің бәрі бірдей архитұлға бола алмайтыны, олардың тең жартысы тілдің тарихи дамуына байланысты CV моделі негізінде дамып-жетілгеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл жөнінде А.М.Щербак «Следует также обратить внимание на то обстоятельство, что, подобно слогу других структурных типов, слоги типа C+Г+C не всегда являются первичными, ср. азерб. *çin* – «<*çin>: узб. Боу«вязанка» (<*nā+γ); кирг. *сун* «протягивать» (<*cy+н-)>» дей отырып, чуваш, әзірбайжан, түркімен, өзбек, ұйғыр, гагауз тілдерінде сөз басындағы дауыстылардың *j*, *b*, *h* дыбыстарын қабылдау мүмкіндігі жоғары екенін көрсетеді СФ, 109. Ғалымның пікірі *j*, *b*, *h* дыбыстарының протезалық табиғатына байланысты SVC модельдері VC модельдерінен де туындауы ықтимал дегенге саяды. Аталған дыбыстардың протезалық қабілеті қыпшақ тілдеріне солғын, көне түркі тілі мен қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтар құрамындағы анлаут *j*, *b* дыбыстары протезалық сапада қолданылуы өте сирек, ал сирек кездесетін анлаут *h* (башқұрт тілінен басқа) қыпшақ тілдері дамуындағы кейінгі құбылыс екені белгілі, оның өзі біршама ұяң *x* дыбысына жақын қолданылады. Башқұрт тіліндегі анлаут, инлаут *h* дыбысының табиғаты мүлдем басқа, этно-лингвогенездік құбылыс. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде анлаут *b*, *j* дыбыстарының түсіп қалуына байланысты көне түркілік анлаут *b*, *j* дауыссызда-

рын протезалық сапада қарастыру толық негізделмеген мәселе Өз дәуірінде бейнелі де көркем тіл болған көне түркілер тілінің базистік лексикасы қазіргі тілдердегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздерден айрықша ерекшеленбейді. Көк түркілер дәуіріне дейін де бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізген жалпы түркілік лингво-эволюция барысында моносиллабтар жүйесі де кезең-кезеңімен даму жолынан өткені белгілі.

Жасырын синкретизм құбылысын көрсететін гомогенді корреляттардың басым бөлігінің SVC модельді тұлғалар болып келуі де кездейсоқ құбылыс деуге келмейді. SVC модельді гомогенді параллельдердің аулаут корреляттар арқылы семантикалық жіктеліске ұшырауы моносиллаб құрамындағы CV моделінің интеграциялаушы мазмұнды, ал соңғы консонант дифференциациялаушы мазмұнды иеленуіне байланысты қалыптасуы мүмкін.

Ескерткіштер тіліндегі VCC тұлғалы түбір морфемалар. Түркі тілдерінде VCC тұлғалы түбірлер мен түбір-негіздердің сандық көрсеткіші тым аз екені белгілі. Қазіргі қазақ тілі бойынша VCC модельді 19 дербес лексема тіркелсе СтОКО, 63-64, А.М.Щербак реконструкциялаған жалпы түркілік бір буынды сөздер тізімімен 6 сөзді ғана кездестіруге болады: *ant* «клятва»; **ält* «нести, тащить», «уносить, уводить»; **ärk* «сила», «власть», «воля», «свобода»; *ärt* «проходить», «миновать»; *ört* «огонь, пожар»; *ürk* «бояться, пугаться» СФ, 193-198. А.М.Щербак жалпы түркілік моносиллабтардың архетипін анықтауға негізінен түркі жазба ескерткіштері лексикасы мен қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ лексемаларға сүйенгендіктен, бұл көрініс Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі түбір морфемалар жүйесінде де қайталанады.

alp «алып, алып күш йесі» ДТД, 59, КТк. 6: *Edgü bilge kisig, edgü alp kisig joritmaz ermis* «Игі білгіш кісілерді, игі батыр кісілерді қозғалта алмады» Айд. I, 169 ~ қаз., тат. *alip*; қар., қырғ., ққалп. *alp*. А.Н.Кононов жалпы түркілік *alp* сөзін монғол тіліндегі *alban* «служба» сөзімен байланыстыра отырып, *al* «алу» етістігінен таратады¹. Г.Г.Левин тува тіліндегі *alban* «служба, служебный» лексемасы мен көнетүркілік *alp* сөзін салыстыру барысында «Мы определили ту-

¹ Кононов А.Н. Родословная туркмен. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958. – С. 97.

винскую *alban* как поздний рефлекс древнетюркского *alp*» Лев. 85 деген қорытындыға келеді. Э.В.Севортян *alp, alban* лексемаларын бірлікте қарастырудың семантикалық негізі жеткіліксіз деп санайтын пікірлердің де бар екенін көрсетеді ЭСТЯ, I, 139. Қазақ тілі этнонимдер жүйесіндегі *alban* атауының да *alp* лексемасына қатыс-дәрежесі де анықтауды қажет ететін мәселе, *alban* түркі-монғол тілдеріне ортақ элемент болуы мүмкін. Көне түркілік *alp* сөзі қазақ тіліндегі *alpamsadaj, alprawit* лексемаларының, *Alpamiš* антропонимінің түбір морфемасын құрайды. *Alip* сөзінің құрамындағы *і* сына дыбысы қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сай орнықса керек.

ört «пожар» Лев. 173, Тон. 40: *Örtče qüzir kelti* «Өртше қызып келді» Айд. II, 111 ~ қаз., ққалп., ноғ. *ört*; тат., башқ. *ürt*. Монғол тілінде *örnüün* «қызу» МҚС, 395. Зерттеушілер *ört* лексемасы түркі-монғол тілдеріне ортақ **ör* «пожар, огонь, пламя», «разжигать, вспыхивать, гореть, пылать» синкретті моносиллабынан таратады ЭСТЯ I, 551. Қыпшақ тілдері бойынша *rt* дауыссыздар тіркесінің тұрақты болып келуі, **ö* тұлғасының жалпы түркі тілдері қалыптасуы кезеңіндегі мағыналық аясының аса кең болғанын, *ört* сөзінің дараланып шығуының өзі де өте ежелгі кезеңдерден басталатынын көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген тілдік деректер негізінде VI-IX ғасыр түркілері тіліндегі VCC тұлғалы моносиллабтардың бәрі бірдей архетип бола алмайтынына көз жеткізуге болады. Сондай-ақ көне түркілік деңгейдегі VCC құрылымды моносиллабтың бәрін туынды тұлға ретінде қарастыру да негізсіз. Ә.Қайдар VCC моделі жайлы «В фонологическом отношении ГСС характеризуется сочетанием следующих согласных [йт], [кт], [лт], [нт], [рт], [ст], [лп], [рс], [нк], [нқ], [рк], [рқ] в конечной позиций, что представляет собой вполне закономерное явление в звуковой системе древних и современных тюркских языков» СтОКО, 64 деген ойы арқылы сөз соңындағы дауыссыздар тіркесі түркі тілдеріндегі басты заңдылықтардың бірі екенін көрсетеді. Көне түркі әліпбиінде *rt, nč, nt, lt* тіркестерінің бір таңбамен ғана белгіленуі де бұл құбылыстың көне түркі тіліне етене жақын екенін білдіреді. Ал жалпы түркі түбірлерінің тарихи эволюциясы тұрғысынан қрағанда VCC моделі түркілік тектіл кезеңдерінде қалыптаса бастаған екінші, үшінші дәрежелі түбір морфемалар қатарына жатады.



CVCC тұлғалы түбір морфемалар. Жалпы түркі тілдері бойынша CVCC тұлғалы түбір морфемалар да біршама аз кездесетін тілдік модельдер қатарына жатады. Түркі тілдеріне ортақ көне тұлғалар қатарында 11 CVCC модельді моносиллаб тіркелсе СФ, 193-198, қазақ тілі бойынша, кірме сөздерді қоса есептегенде, 190-195 сөзден аспайды, олардың басым бөлігі еліктеуіш негіздер СтОКО, 64. Еліктеуіш сөздердің структуралық жүйесінде CVCC модельді сөздердің молдығын К.Мусаев¹, А.Шайхулов² тәрізді белгілі ғалымдар да көрсетеді. К.Хусайынов CVCC тұлғалы еліктеуіштерді тарихи негіздер қатарында қарастырса³, Ә.Қайдаров CVCC тұлғалы етістіктер мен кейбір есім сөздер, еліктеуіш негіздер соңында тұрақты түрде қайталанып отыратын дауыссыздардың грамматикалық көрсеткіш болуы мүмкін екенін және барлық жағдайда CVCC моделі SVC тұлғасынан қалыптаса бермейтінін, көптеген шағын құрамды тұлғалар CVCC моделінің ықшамдалуы негізінде де қалыптасатынын айтады СтОКО, 66. Ескерткіштер тілінде де CVCC модельді түбір морфемалар 7-8 сөзден ғана тұрады.

barq «күмбез, ғимарат, үй, кешен» ДТД, 33, БҚ. 34, 37, МЧ. II, 24, КТк. 12: Аңар адінчю барқ жаратуртін «Оларға ерекше жай салдырдым» Айд. I, 170. Қазіргі қыпшақ тілдері сөздігінде *barq* лексемасы тіркелмеген. Орхон мұралары табылған аймақтарға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижелерінде күмбезге ұқсас биік төбесі түрлі-түсті ой-өрнектермен безендірілген ғимараттардың табылуы *barq* лексемасының көнетүркілер тілінде «күмбез» мәнінде қолданылғанын аңғартады.

Көне түркі тіліндегі CVCC модельді түбір морфемалардың құрылымдық, мазмұндық табиғаты олардың тарихи негіздерден тұратынын жоққа шығармайды. Жалпы агглютинативті түркі тілдері ғана емес барлық адамзат тілінің қалыптасу, даму эволюциясы өте қарапайым (шағын) тұлғалар мен полисемантикалық жалпылама мазмұнға негізделетіні жайлы гипотезалық тұжырымдар

¹ Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984. – С. 82-105.

² Шайхулов А. К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. – 2004. №2. – С. 60.

³ Хусаинов К. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 75-219.

мен пікірлер көптен бері айтылып жүрген мәселе. Тілдік деректер арқылы негізделген, ғылыми-теориялық тұжырымдар да жеткілікті (Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Ә.Қайдар, К.Хұсайын, Б.Сағындықұлы, Ж.Манкеева, Е.Қажыбек, А.Шайхұлов т.б.). Осы тұрғыдан алғанда CVCC моделін кейінгі құбылыс ретінде қарастыруға негіз бар. Соған орай ескерткіштер тіліндегі CVCC тұлғалы сөздер тарихи түбір морфема болу мүмкіндігін жояды.

Мыңдаған жылдарды қамтитын түркі тілдері дамуындағы көне түркілік кезеңнің сипатын көрсететін VII-IX ғғ. ескерткіштері тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі түбірлес моносиллабтардың тұлғалық парадигмасы мен семантикалық деривациясы негізінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің бастапқы тұлғалары V, VC, CV модельдерінен дамығанын шамалауға болады. Бұл жерде есте ұстайтын мәселе, біріншіден, белгілі бір сөзжасамдық қабілеті бар фоно-модификаторлар мен морфонемаларды жетілген агглютинативтік кезеңдегі түбірлерден айқын ажыратылатын сөзжасамдық аффикстермен бірдей деңгейде қойып, қызметі айқын грамматикалық көрсеткіш ретінде қарастыруға келмейді; екіншіден, лингвоэволюцияның ішкі заңдылықтары мен сыртқы ықпалдарға орай кері процестердің орын алуы SVC, CVCC, VCC модельді құрылымдардың қайтадан ықшамдалуына алып келеді.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың V, VC, CV, SVC, VCC, CVCC модельдері түркілік текті дәуірінде-ақ қолданыста болған құбылыстар. Тектілік дәуірге дейін де тілдің өмір сүргені, бізге белгілі тілдік құрылымның флективті, полисинтетикалық, агглютинативті кезеңдеріне дейін де белгілі бір идея-мазмұн жүктеген тілдік бірліктердің тұлғалық қалыптасуы дыбыс ↔ дыбыс тіркесі ↔ дыбыс тіркестері ↔ дыбыс тіркесі ↔ дыбыс процесінен өткенін түбір морфемалардың фоно-морфо-семантикалық табиғаты дәйектейді. Сондықтан ескерткіштер тіліндегі SVC, VCC, CVCC модельді бір буынды сөздердің бәрі бірдей тарихи түбір морфема бола алмайды, олардың біразы түркілік тектілік кезеңдерде қолданыста болған, кейіннен дербес лексемалық мағынасы күңгірттенген архитүбір мен ортақ семаны ыдыратушы, нақтылаушы архиформанттардан жасалған.

§ 3. ЕСІМ НЕГІЗДІ ТҮБІР МОРФЕМАЛАР

Сөз таптары – тілдегі сөздердің жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жіктетін (жүйелейтін) лингвистикалық категория. Сөздерді сөз таптарына жіктеп топтастыру «әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмай, сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс»¹. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әр түрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)².

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің лексикасы да сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері мен тілдегі функционалдық қызметіне сай сөз таптарына жүйеленеді: зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, есімдіктер, етістіктер, үстеулер, еліктеуіш сөздер, шылаулар, одағайлар. А.Н. Кононов ескерткіштер тіліндегі сөздерді таксономиялау барысында сөз таптарын семантикалық және функционалдық дербестік сапасына байланысты екі топқа бөліп қарастырады: «Самостоятельные слова: 1) имя существительное;

¹ Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 362-бет.

² Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 363-бет

2) имя прилагательное; 3) имя числительное; 4) местоимение; 5) глагол; 6) наречие; 7) звуко-образо-подражательные слова (имитативы). Служебные слова: 1) послелоги; 2) союзы; 3) частицы; 4) междометия; 5) предикативы»¹.

Орхон ескерткіштері тіліндегі сөз таптары жайлы Ғ.Айдаров: «Ескерткіш тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасасақ, VI-VIII ғасырларда өмір сүрген түркі тайпалары тілінде сөз таптары мен грамматикалық тұлғалардың дамыған әрі толық қалыптасқан жүйесі болғандығын көреміз. Жазбалар тілінде сөзді сол немесе басқа бір сөз табына жатқызуға мүмкіндік беретін негізгі принцип семантикалық-морфологиялық мәні болып табылады. Алайда синтаксистің де ролін төмендетуге болмайды, өйткені көне түркі тілінде бүкіл сөз таптары кез келген сөйлем мүшесі қызметін атқара алады»², дей отырып, ескерткіштер тіліндегі сөз таптарын үлкен екі топқа – дербес мәні бар сөздерге және көмекші сөздерге бөліп қарастырады. Ғалым дербес мәні бар сөздерге - зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеулерді жатқызса, көмекші сөздерге –демеулік шылаулар мен жалғаулық шылауларды жатқызады.

Ескерткіштер тіліндегі сөздер семантикалық бірыңғайластығына, сөз түрлендіруші грамматикалық категорияларының ортақтығына, синтаксистік қызметтерінің ұқсастығына байланысты жіктелгенмен, түркі тілдерінің табиғатына сәйкес дербес мағыналы негізгі сөз таптары арасындағы тарихи транспозициялық үдерістер, морфемалардың (түбір, қосымша) полисемиялық, омонимиялық сапасы кейбір сөздерді сөз таптарына қарай ажыратудың күрделілігін сипаттайды.

Ескерткіштер тіліндегі түбір морфемалар да грамматикалық қызметі мен лексика-семантикалық сапасына байланысты сөз таптарына жіктеледі. VI-IX ғасырларда қолданыста болған түбір морфемалар негізінен есім сөздер мен етістіктерден тұрады. Сондай-ақ есім сөз таптары мен етістіктерге бірдей қатысты бірінші дәрежелі синкретизмдерді де кездестіруге болады. Мұндай түбір морфемалардың

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VIII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – С.143.

² Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 92-бет.

құрамындағы морфонемалық элементтерден полисемиялық және полиформалық сапа айқын аңғарылады. Ескерткіштер тілінде белсенді қолданыстағы түбір морфемалар зат есімдерден тұрады және түркі түбірлерінің барлық құрылымдық модельдерін қамтиды.

V моделінен тұратын есім негізді түбір морфема:

ī «өсімдік, ағаш, бұта» ДТС, 603: *İ bar bas asdimiz* Тон. 26 «Бұтасы бар шыңнан астық» Айд. II, 52; *İda tašta qalmisi qubranip jetijuz bolti* Тон.4 «Ағаш, тас арасында қалғаны жиналып, жеті жүз болды» Айд. III, 104. Ескерткіштер тілінде дербес лексемалық деңгейде әрі есім сөз ретінде ғана қолданылатын зат есімдік сипаты айқын әрі дербес қолданылатын V типті түбір морфема бір ғана сөзден тұрады, V модельді түбір морфемалардың басқалары етістіктерді және есім – етістік негізді синкретизмдерді құрайды. Полисемиялық сапа V модельді түбір морфемалардың барлығына тән негізгі ерекшелік, *ī* «өсімдік, ағаш, бұта» сөзі ескерткіштер тілінде есім сөз ретінде қолданылғанымен, оның тұлғалық және семантикалық деривациясы жалпытүркілік (барлық түркі тілдері) деңгейде айқын көрінеді.

VC моделінен тұратын есім негізді түбір морфемалар:

**ay*→*ayī* «қымбат дүние, қазына» ДТС, 17: *Altun, kümüş, isigti, qutaj buñsiz anča birür tabyaç budun savī süçig, ayisi jumçaq ermis* «Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» КТк. 5 Айд. I, 169. Көне түркілік **ay* түбір морфемасы қазіргі қазақ тіліндегі *aqša* «банкнот», *aqiq* «асыл тас» лексемаларының құрамында сақталуы мүмкін¹. Сондай-ақ кірме сөздер қатарында қарастырылып жүрген *aqi* «құн, төлем» сөзінің төркініне де байыппен қарау қажет сияқты. Қыпшақ тілдері бойынша: тат., башқ., қырғ. *akča, aki*; құм. *aqča, yaq*; ққалп., ноғ. *aqša, aqi*.

**az*→*aziq* «ас, азық-түлік» ДТС, 73: *Azuqi joq erti* КТү. 39 «Азығы жоқ еді» Айд. I, 179 ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ. *aziq*. *Aziq* сөзінің түркі тілдеріне кеңінен таралуы, парсылармен тарихи қарым-қатынас деңгейі әрқилы батыс түркілерінің де, шығыс түркілерінің тілінде де қолданыста болуы аталған тұлғаны кірме элемент ретінде қарастырудың негізсіздігін көрсетеді. Түркі тілдерінде «тамақ (тағам)», «ас», «жем», «жол жүруге дайындалған тағам қоры», т.б.

¹ Манкеева Ж. Мәдени-лексикалық ұлттың сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 27-бет.

мағыналарымен белгілі **az* моносиллабы *aš/as* «тамақ» тұлғасымен төркіндес болуы мүмкін ЭСТЯ, I, 98.

az «аз (этнотим)» ДТД, 41: *Az, qırq az budunıy jaratıp keltimiz* КТү. 20 «аз, қырық *az* халықтары құрап (жаратып) келдік» Айд. I, 175.

aj «ай» СДЕ, 206: *Toquzinč aj jiti otuzqa joq ertürtimiz* КТү. 53 «Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік» Айд. I, 183 ~ е. қып. *aj* Құрыш. 79; тат., ноғ., башқ., құм., қырғ., ққалп., қаз. *aj*.

**ar*→*arqa* «арқа»; *ar*→*arqı* «арқы, арт жақта» ДТД, 32: *Semiz buqalı arqıda bilser* Тон. 5 «Семіз бұқалы артта білсе» Айд. II, 105 ~ е. қып. *arqa* «спина, хребет» Құрыш. 86; қар., ноғ., құм., тат., ққалп., қаз. *arqa*; қырғ. *arka*; тат., башқ., ноғ., құм., ққалп., қаз. *art*. Ескерткіштер тілінде **ar* түбір морфемасы **ar*→*artuq* «артық», *ar*→*artur* «артылу, қосылу» сөздерінің құрамында да қолданылады. Қыпшақ ескерткіші «Китаб-и меджму-у терджуман тюрки да аджеми уа мағоли уа фарси» шығармасында **ar* тұлғасының көрсетілген мағыналармен қатар «көмектесу, ықпал ету, қолдау» мәндері де тіркелген: **ar*→*arqa*, **ar*→*arqalaš* «помощь, содействие, поддержка, покровительство» Құрыш. 86. Бұл мағына қазіргі қазақ тілінде де толық сақталған: *arqalanıw*; *arqa tutıw*; *arqasında kün körüw*; *arqılı* т.б. *arqa* сөзінің адам бойындағы негізгі тірек мүше атауын білдіруіне байланысты *arqaw* лексемасы да **ar* морфемасы арқылы жасалғаны байқалады. Лингвистикалық еңбектерде жалпы түркілік **ar* моносиллабы *art* тұлғасының аясында беріледі және *art* моносиллабы арқылы жасалған сөздердің төркіндестігі де толық дәлелденген мәселе (С.Е.Малов, М.Р.Рясянен, И.Батманов, Э.Наджип, Ә.Қайдар, Е.Қажыбек т.б.). Көне түркі тілі сөздігінде *art* сөзінің «сырт жақ», «тірек, қолдау» мағыналарымен қатар «арқа» мәні де тіркелген ДТС, 55. Сондықтан *art*, *arqa* т.б. сөздерінің бастапқы түбір морфемасы ретінде **ar* моносиллабын бөліп қарастыруға толық мүмкіндік бар. *Art* морфемасын туынды негіз ретінде қарастырған Э.В.Севортян **ar* тұлғасын *ör* «көтерілу», «көбею» моносиллабымен де байланыстырады ЭСТЯ I, 181, 182. Біздің ойымызша, *ör* моносиллабы *ös*, *ön*, *ur*, *ür* тұлғаларымен бірге «өсіп - өну» семасын беретін **u/ü/o/ö* тұлғасы арқылы жасалған түбір-негіздер кешеніне кіреді. Ал «көбею» мәнін беретін **ar* (саны арту) моносиллабы *arqa* сөзімен түбірлес «түйенің,

т.б. малдың арқасына жүк салу» мәнін беретін *ar* → *art* етістігінен туындаған мағына.

aš «жолдас, дос» Е. 41, ДТД, 32. Енисей ескерткіштерінде қолданылған *aš* моносиллабы қазіргі қыпшақ тілдерінде қолданылмайды. Салыстырыңыз: қаз. т. *ašina*. Көне түркілік *aš* лексемасы жалпы алтай тілдеріне ортақ туыстық жақындықты білдіретін **ač/aš* моносиллабымен тәркіндес болуы ықтимал: **ač* → *ača* «родственник, родня» СДЕ, 210: *Ačqı ata qarındaşı* «дядя со стороны отца» Құрыш. 88. Түркі тілдеріндегі «туыс» мәнін беретін *ač* түбір морфемасы жалпыалтайлық *ata* ≈ *ača* ≈ *aža* ≈ *eže* т.б. гомогенді лексемалар тізбегінде қарастырылып жүр. Ескерткіштер тілінде «немере, туыс» мағынасындағы *atı* сөзі де қолданыста: *Bu bitig bitigme atisi jollıy tegin* КТк. 13 «Бұл жазуды жаздырған туысы Иоллығ тегін» Айд. I, 171; *Jeginimin atimin körtim* Е. 47 «Я видел моих племянников и внуков» ДТС, 67 көне түркі тіліндегі *atı* «немере, туыс» сөзі мен қазіргі түркі тілдеріндегі *ata* «әке, үлкен әке» сөздеріндегі генетикалық байланыс анық байқалады. Үлкен → кіші оппозициялық қатынасын бейнелейтін *atı* → *ata* лексемаларынан да **at* түбір морфемасын ажыратуға болады.

el → *elig* «қол» ДТД, 138. Ескерткіштер ішінен *elig* сөзінің «қол (әскер)» мағынасы да қолданылады: *Oñ tutuq jorčın jaraqlıy eligin tutdı* «Оң тұтық басшыларын жарақты нөкерімен қолға түсірді» Айд. I, 178. Ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық жүйе типтес лексемалардың компоненттік жіктелісі арқылы *elig* лексемасынан *el* морфемасын ажыратуға мүмкіндік береді. Көне түркілер қолданған туынды сөз *elig* орта ғасыр түркілері заманында ықшамдалу заңдылығына ұшырып, бастапқы моносиллабтық негізінде қайта қолданысқа түскенін байқауға болады ДТС, 169. Қазақ тілінде өлшемдік мән беретін *eli* «саусақтың ені» сөзі сақталған.

eb «үй» Тон. 30, КТү. 48, БҚ. 25, 32, КЧ. 20, МЧ. II, 14, 24, Тал. III, т.б. ДТД, 36: *Tutuq birle sünüşmiş, erin qor ölürmüş, ebin-barimın qalisiz qor kelürti* КТү. 41 «Тұтықпен соғысты, ерінің көбін өлтірді, үйін-мүлкін қалдырмай көп әкелді» Айд. I, 180. Э.В.Севортян куман тіліне тән тұлға ретінде *ijb//üb* сөздерін берсе ЭСТЯ I, 513, Ә.Құрышжанов көне қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде *eb, ijb, öb, ob, эb, эb', ub, üb*,

öj тұлғалары қатар қолданылғанын көрсетеді Құрыш.109. Қаз., құм., ноғ., ққалп., қырғ. *ij*; тат., башқ. *öj*.

ed/эд «ізгі, игі» КЧ. 3; БҚ. 39; КТк. 2, 6, 7; Е. 13, Тал. VIII, ДТД, 41. Көне түркі ескерткіштері тілінде жиі қолданылатын *edgü/edkü* лексемасы да *ed* морфемасы арқылы жасалып, түбір тұлғаның мағынасын толық сақтаған. Қазіргі түркі тілдерінде **ed* ≈ *эд* ≈ *ez* ≈ *ijz* ≈ *is* ≈ *ijs* ≈ *iz* ≈ *ij* ≈ *id* тұлғаларында туынды сөздер құрамында қолданылатын көне түркілік *ed* моносиллабы қазақ тілінде *izgi, ijgi* лексемаларында сақталған. Түбірлік деңгейде қолданылуы Сібір түркілері тілінде кездеседі: хак. *is/ijs*; шор. *es* «добро, благо».

em → *emgek* «бейнет» ДТД, 60, «еңбек, қиындық» Айд. I, 210: Он оқ *budunü emgek körti* КТү. 19. «Он оқ халқы қиындық көрді» Қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *eñbek*, ққалп., қырғ., ноғ. *embek*; қтат. *emek*; тат., башқ. *ijmgäk*; қар. *emgak*. Зерттеушілердің пікірінше *em/ijm* моносиллабы көне тұлға емес. Бұл жөнінде Э.В.Севортян «Его более старую форму образует **ен*, а еще точнее **ең*, первый из которых сохранился в чувашском глаголе *анка* (<ан-ка) «мучиться», «страдать» (от голода, жажды), второй в казахском *ең-бек* и в развившейся отсюда ногайской форма *ембек*. Афф. – *бек* в двух последних формах представляет собой фонетическую модификацию формы – *мақ*, более известной в качестве показателя инфинитива. ... в основе производную *емгек* ~ *емек* ~ *еңбек* лежат глагольно-именные корни **ем* «работа», «труд», «мучение», «беспокойство» и *ем* «трудиться», «мучиться», «скорбеть», которые семасиологически вполне коррелятивны» деген ой айтады ЭСТЯ I, 275. Ғалым пікірінің негізділігін қазіргі қазақ тіліндегі «аурудан жазу», «емдеу» мағыналарын сақтаған *em* моносиллабының ішкі құрылымындағы «қиындықпен жүзеге асатын іс-әрекет» семасы да нақтылай түседі. *Em* түбірі қазіргі қыпшақ тілдерінде *e, э, ij* дыбыстарымен қалыптасқан, қаз., ққалп. *em*; тат., башқ. *ijm*; ноғ., құм., қырғ. *em*. Көне түркі тілі сөздігінде *em* моносиллабының «қиындық, бейнет» семасын сақтаған бірнеше тұлғасы көрсетіледі: *emgändi* «мучился», *emgastı* «мучились», *emgattı* «мучил» ДТС, 172.

eñ «ең (күшейтпелі)» КТү. 32; ДТС, 174: Еñ ilki Тоғу baliqda suñüsdimiz КТү. 44 «Ең ілкі Тоғу қаласында соғыстық» Айд. I, 180. Қаз., ққалп. *eñ*; тат., башқ. *ijñ*; ноғ. *en*; қырғ. *eñ*.



er «ер (батыр)», «еркек» СДЕ, 245: *Vujruqı jeme bilge ermis erinç, alip ermis erinç* КТҮ. 3 «Бұйрықтары да білгір ер еді, өздері де алып ер болған екен» Айд. I, 171. Қазіргі түркі тілдерінде *er ≈ ir ≈ ijr ≈ эр ≈ ар ≈ әр* түрінде қолданылады: қаз., ққалп. *er*; башқ., тат. *ijr*; ноғ., құм. *эр*. Көне түркілік *er* моносиллабы Орхон ескерткіштері тілінде кездесетін *erikli* «ерікті» *Kültegin jiti otuz jaşıña qarluq budun erür barur erikli jaüi bolti* КТҮ. 41 «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқы жүре бара ерікті (нағыз) жау болды», орта ғасыр және қазіргі түркі тілдеріндегі *erkek*: е. қып. *erkek/ijrkek*, қаз., ққалп. *erkek*; тат., башқ. *ijrkäk*; ноғ., құм. *эркек* «ер адам», *erkin*: қаз. *erkin*; ққалп. *erkijn*; құм., ноғ. *эркиjn*; тат., башқ. *ijrken* «еркін, ерікті» сөздеріне негіз болғаны белгілі. XIII ғасыр ескерткіші «Китаб-у меджму-у терджуман түрки уа 'аджами уа моғоли уа фарси» сөздігінде «бойдақ» мәнін беретін *erkek* Құрыш. 113 лексемасы тіркелген.

eş «дос, жолдас» Е. 2, 51, ДТД, 86: *Eşim, urım azişdim* Е. 2 «Достарым, ұлдарым аздым» Аманж. I, 48. *eş* моносиллабы қазіргі қыпшақ тілдері бойынша қырым татарлары, қарайым, қарақалпақ тілдерінде мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да өзгеріссіз қолданылады. Зерттеушілердің пікірінше *eş* лексемасы түрік тілінің диалектілерінде кездесетін *eşit* «тен», «ұқсас», «айырмасыз» тұлғасымен түбірлес болуы мүмкін ЭСТЯ I, 588. Енисей ескерткіштері тіліндегі *aş* Е. 41, *eş* «жолдас, дос» түбірлері гомогенді варианттар.

ol «ол» КТк. 3, Тон. 10, МЧ. 18, БҚ. 25, Он. 1, Лев. 172: *Ol jirgerü barsar, türk budun ölteçisisen* КТк. 8 «Ол жерге барсаң, түркі халқы өлмешісің» Айд. II, 169. Қазіргі қыпшақ тілдерінде *ol/ul* тұлғаларында қолданылады. Қаз., ққалп., құм. *ol*; тат., башқ. *ul*.

ot→*otači* «емші» ДТД, 77. Көне түркілік «емші», қазіргі қаз.т. «сынықшы», мәндерін беретін *otači/otaši* сөздерінің түбір морфемасы *ot* «от, өсімдік» моносиллабы екені белгілі, морфемалардың жігі де, түбірдің мағынасы мен қосымшаның қызметі де айқын ЭСТЯ. I, 482. *ot*→*otači* «емші» сөзінің аталымдық уәжі *ot* «өсімдік» ұғымының емдік қасиетін сипаттайтын сапалық белгісіне негізделеді. Бұл түркі халықтары өсімдіктердің емдік қасиетін терең меңгергенін әрі оны кеңінен пайдаланғанын, фитотерапияға негізделген халық медицинасы жақсы дамығанын көрсетеді. *Ot* «емдеу ← ем» моносилла-

бы синкретизмдер қатарында қарастырылады ГИК, 253. Қыпшақ жазбаескерткіштері тіліндеде *ot* лексемасының «шөп», «көкнәрі», «дәрі», «ем» Құрыш. 177 мағыналары тіркелген. Қаз., ноғ., ққалп. *ot*; тат., башқ. *ut*.

ög «ақыл, ой» КТү. 49, Тон., 20, ДТД, 77: *Ol üč qayān öglesip Altun jīs üze qabīsalīm timis* Тон. 20 «Ол үшқаған кеңесіп, Алтынқойнауында бірігейік деді» Айд. II, 107. Қазіргі түркі тілдерінде *ög* ≈ *ök* ≈ *üg* ≈ *ük* ≈ *uy* ≈ *uq* ≈ *oj* ≈ *öj* ≈ *uj* ≈ *üj* т.б. тұлғалы моносиллабтар кешеніне кіретін көне түркілік *ög* лексемасының *ö* «думать» ДТС, 375 тұлғасы да ескерткіштер тілінде сақталғаны белгілі. *Ög* моносиллабының тұлғалық ерекшеліктері мен семантикалық аясы жан-жақты зерттелген. Көрсетілген гомогенді моносиллабтар кешенінің тұлғалық парадигмасы мен семантикалық деривациясы негізінде көне түркілік *ög* лексемасының туынды сөз екенін бағамдаймыз.

ög «шеше, ана» КТү. 11, Е. 28, 29, ДТД, 77: *Ögüm qatun, ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, күнçujlarım, bunça jeme tirigi күн, boltači erti, ölügi jurtda, jolta jatu qaltači ertigiz* КТү. 49 «Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күн болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер» Айд. I, 182. Көне түркілік *ög* лексемасы қыпшақ тілдерінде туынды сөз құрамында сақталған: қыпшақ ескерткіштерінде, қаз., ққалп., ноғ. *ögej*; тат., башқ. *ügäj*. Алтай тілі диалектілерінде *ük* «брюхо», *üksüs* «сирота» Верб. 412.

oq «оқ» ДТД, 126: *On oq qayāni jāyi miz erti* Тон. 19 «Он оқ қағаны жауымыз еді» Айд. II, 42 ~ қаз., ққалп., ноғ. *oq*; тат., башқ. *uq*. Садақ жебесінің сыртқы көрінісіне, ұзынша тұрқына байланысты, ассоциациялық негізде қалыптасқан сөздер қатарына киіз үй сүйегінің атауы *wiq* лексемасы да жатады ЭСТЯ I, 436. *Öq* моносиллабының мәні графикалық бейнесінде сақталған.

öŋ «өңір, алыңғы жақ»: *Öŋi күн toysiqda Bökli çöllig il, tabyač, tüpit, arar, nurum, qiriq az, uč qurıqan, otuz tatar, qitan, tatabi bunça budun kelipan* КТү. 4 «әуелі (алдымен) шығыстан Бөкли шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, оғыз татар, қытан, татабылар сонша халық келіп» Айд. I, 172. Көне түркі тілі сөздігінде *öŋ* моносиллабының 1. «алдыңғы жақ (шығыс)»; 2. «алды, алдыңғы»; 3.

«алдымен, бұрып, ерте» мағыналары көрсетіледі ДТС, 385, 386. Орхон ескерткіштері тілінде қолданылған *ōη* сөзінің «алды, алдыңғы жақ» мәні қазіргі қыпшақ тілдерінде кеңінен қолданылатын *oη* «оң жақ» (матаның, киімнің оң жағы), *ōη* «түр-түс», «жүз, бет», «оңу (өңі түсу)» сөздерінде сақталған: қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *ōη/oη*; тат., башқ. *ōη, joη, oη, uη*. Қазақ тіліндегі *ōηmeηdew, ōηir* (киімнің алдыңғы жағы), *ōηgerüw, ōηdew* лексемалары құрамындағы *ōη* моносиллабы да аталған тұлғамен түбірлес. Қазіргі түркі тілдері бойынша *ōη* моносиллабының «бояу», «ала», «жылтырақ» (полировка, глянец), «әдемілік» мағыналары да тіркелген ЭСТЯ I, 534, 535. Орта ғасыр қыпшақ ескерткіштерінде де *ōη* сөзінің «алдыңғы» мәні қолданылған: *ōη ajaqlari* «передние ноги (лошади)» Құрыш. 179.

öz «өз (өздік есімдік)» КТү. 3, Тон. 6, КЧ. 21, БҚ. 2, Лев. 173: *Özi jaηilti, qaγan ölti, budunı küη, qul bolti* КТү. 20 «Өзі жаңылды, қағаны өлді, халқы күң, құл болды» Айд. I, 175. Қазіргі қыпшақ тілдерінде көне түркілік *öz* есімдігі *ö, ü* дыбыстары арқылы қалыптасқан: қаз., қар., ққалп., құм., ноғ., қырғ. *öz*; тат., башқ. *üz*. Түркі тіл білімінде *öz* моносиллабының есімдік мәнімен қатар «жеке адам», «тіршілік иесі», «тұла бой, дене», «меншік, иелік», «өзек (ағаштың, жараның іріңді өзегі)», «жұлдын», «негіз», «тұғым, дән», «күш-қуат» мағыналарын бере алады ЭСТЯ I, 506-507; ГИК, 179.

ur «ұл, ұрпақ» Эл. II, Е. 26: *ur+uγ* «ұрпақ», *ur+i* «ру, ұрпақ» КТү. 10, 24, ДТД, 77: *Beglik urı oγlin qul bolti* «Ұрпағың, бек ұлдарың құл болды»; *Ölürejın, uruγsiratajın* «өлейік, тұқымсырайық» Айд. 173. *ur* моносиллабының семантикалық деривациясы жан-жақты талданған ЭСТЯ I, 605, 604. Қаз., қырғ., ққалп., *urw*, башқ. *iru*; ноғ. *iriv*. Қазіргі қазақ тіліндегі *urıq, urpaq, (u)ruw, urγaşı, ürim-butaq, ürpi* лексемалары құрамындағы *ur* моносиллабының көне түркі жазбаларында «ұл» мағынасында қолданылуы ескерткіштер тіліндегі *ouıǝ* «ру, тайпа», *ouıl, ouılan* «ұл, ұрпақ» сөздерімен генеалогиялық байланысын көрсетеді. Жалпытүркілік *ur, uγ* моносиллабтарының бойындағы «ұрық, дән», «өсу, өркендеу», «ұрпақ әкелу» семаларының сақталуы VС тұлғалы моносиллабтардың өздері де іштей ыдырау мүмкіндігіне ие екенін, бастапқы негізі тек дауыстыдан тұратын моносиллаб болуы да ықтимал екенін аңғартады; *ös, öη, ör* (өркен, өркенде, өрле т.б.)

**ül/ul* (ұлағаяу, ұласу, үлкею) моносиллабтарының да «көбею, өсу, таралу, жалғасу, үлкею» семаларын сақтауы *ur, uy* тұлғаларының қалыптасуы түркі глоттогенезімен байланыстыра қарастыруды қажет ететін архаикалық құбылыс екенін көрсетеді. Монғ. *ür* «тұқым, ұрық, дән», «бала, жұрағат» МҚС, 538.

üz→üze «жоғары, жоғарыда» КТү. 1, 10, 16, Тон. 16, БҚ. 3, Е. 32, ДТД, 78: *Üze kök teңri, asra jaүiz jir qilintuqta ekin ara kisi qilinnis* КТү. 1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған» Айд. I, 171 ~ қаз., ноғ., ққалп. *üsti*; қырғ. *üstü*, тат. *üzre, öst*; башқ. *ös, östö*. Э.Севортян *üst* лексемасын *üs* түбір-негізінен жасалған туынды сөз ретінде қарастыра отырып, «Более ранней формой үс является, по-видимому, үз, для которого ср. тур. диал. *üz dermek* «снимать сверху» (о посеве)...» деген ой айтады ЭСТЯ I, 639. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде *üzere, üct* тұлғалары қатар қолданылады. Көне түркілік *üze* сөзінің «жоғарылау» мәні қазіргі түркі тілдеріндегі ер-тұрман жабдығы *üzengi* сөзінде сақталған: қаз. *üzengi*; тат., башқ. *özәngi*; ққалп. *üzeңgi*. Киіз үй жабдығы *üzik* «киіз үйдің жоғарғы бөлігіне, уыққа жабылатын киіз жамылғы» лексемасы құрамынан да *üz* моносиллабын ажыратуға болады.

üç «үш» КТү. 33, КЧ. 15, МЧ. III, 29, Тон. 14, БҚ. 30, 32, ДТД, 79: *Qamuүi biş otuz süledimiz, üç jegirmi sünüšdimiz* КТү. 18 «Бәрі жиырма бес (рет) соғысып, он үш рет шайқастық» Айд. I, 175 ~ қаз., қалп., ноғ., қырғ. *üš*; тат. *öç*; башқ. *ös*.

ün «үн, дыбыс» Е., 25, ДТД, 79 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., қырғ. *ün*; тат., башқ. *ön*.

**ül→ülug* «бөлік», «үлес». Тон. 4: *Eki ülügi atliү erti* «Екі бөлігі атты еді» Айд. II, 104; *Anta kisre teңri jarilqazu qutim bar üçün, ülügim bar üçün, ölteci buduniү tiriүgü irittim* «Содан кейін тәңірі жарылады, бағым бар үшін, үлесім бар үшін, өлмеші халықты тірілте көтердім» Айд. I, 177 ~ қаз., ққалп. *üles*; қырғ. Көне түркі сөздігінде *üleš* лексемасының «часть, долг, судьба» ДТД, 79 мәні де көрсетіледі. Ескерткіштер тіліндегі **ül* түбір морфемасының «тағдыр» мәнінде ауыспалы мағынада қолданылуы қазіргі қазақ тілінде *тағдырдың сыйы, өмірден алар үлес* оралымдары арқылы беріледі.

it «ит» ДТД, 85 ~ қаз., ққалп., қырғ., ноғ. *ijt*; тат., башқ. *ät*. Адамзат өміріндегі иттің функционалдық сапасы – «алғаш қолға үйретілген

мақұлық», «алғашқы көлік» т.б., тотемдік-сокральді сапасы, иттің өзіне тән «қозғалыстағы мақұлық» т.б. сапалары негізінде «ит» мәніндегі *it* және «жіберу, лақтыру, ату, қозғау» мәніндегі *it* моносиллабтары бірлікте қарастырылады¹.

id→*idi* «ие» КТк. 4, КТү. 3, 19: Ötügen jışda jig idi joq ermis КТк. 4 «Өтүкен қойнауында игі ие жоқ еді» Айд. I, 168 ~ қаз., ққалп., ноғ. *je*; құм. *ee*; башқ. *egü*; тат. *ijä*.

**il*→*ilki* «ілкі, алғашқы» КТү. 32, 44, БҚ. 32, ДТД, 84: Eñ ilki tadıqan çoriñ boz atıy binip tegdi КТү. 32 «Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді» Айд. I, 178 ~ қаз., ққалп. *ilki*; қырғ. *ilkij*; тат., башқ. *ijläk*. *Ilki/ijlki* сөзінің түбірі *ill/ijl* немесе *ilki/ijlk* тұлғаларының қайсысы екені әлі басы ашылмаған мәселе ЭСТЯ I, 349. Орхон жазбаларында жиі қолданылатын *ilgeru* «ілгері, алда» лексемасына негіз болған **il* түбір морфемасы мен *ilki* сөзінен семантикалық сабақтастықты аңғаруға болады СтОКО, 311, бастапқы түбір **il* тұлғасы болуы мүмкін.

is «іс»: *Isig-küçig birür, bunça törüg qazyanır, inim Kültegin özinçe kergek boldi* КТү. 30 «ісін-күшін беріп, сонша жұртты жинап, інім Күлтегін ер ажалынан қайтыс болды» Айд. II, 177 ~ қаз. *is*; ққалп., ноғ. *ijs*; құм. *ijš*; қар. *iš*; тат., башқ. *эš*.

CV моделі арқылы жасалған есім негізді түбір морфемалар:

kü «дыбыс, сыбыс, хабар» КТү. 12, 25, 26, БҚ. 36, Тон. 32, ДТД, 55: *Taşra jorijur tijin kü esider* КТү. 12 «Шетте жүр деген хабар есітіп ...» Айд. I, 173. *ku* моносиллабы М.Қашқари шығармасында да кездеседі МҚ. III, 212. Көне түркі тілі сөздігінде *kü* «оберегать, охранять» лексемасы да тіркелген ДТС, 322.

sü «әскер» КТү. 12, 28, 32, МЧ. I, 6, КЧ. 10, 20, БҚ. 25, 26, ДТД, 66: *Birgerü tabıaç tara uluı su eki jegirmi süñüşdim* КТү. 28 «Бергері Табғашқа қарсы үлкен әскермен он екі (рет) соғыстым. Айд. I, 177. Орхон жазбаларында *sü* моносиллабы арқылы жасалған *süle* «соғысу, шайқасу», *süñüş* «соғыс» сөздері де қолданылады.

CVC моделі арқылы жасалған есім негізді түбір морфемалар:

**bal*→*baliq* «қала» ДТД, 33, МЧ. III, 34, БҚ. 28, КЧ. 11, Тон. 18, КТү. 44: *Çantuñ baliqqa taluj ügüzke tegürtim* Тон. 19 «Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне жеткіздім» Айд. I, 107. С.Е.Малов **baliq* лексемасынан

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1995. – 137-138-беттер

**bal* «глина» түбір морфемасын ажыратады¹. **bal* тұлғасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерде *balšiq* «грязь, глина» сөзінің құрамында сақталған: қаз., ноғ., ққалп. *balšiq*; тат., құм. *balčiq*; қырғ. *balčik*; қар. *balčix*; башқ. *balsiq*. Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде *balıq* лексемасының «қабырға (шикі кірпіштен соғылған)», «қамал, бекініс», «қала маңайы» мағыналары тіркелген ЭСТЯ II, 59. Ә.Қайдар **bal* түбір морфемасыарқылы жасалған сөздерге *balqaš*, *balžir* лексемаларын қосады СтОКО, 191. Салыстырыңыз: *balš* ~ *balš* «еліктеуіш балшылдау».

bas/baš «бас, бастық» ДТД, 34, Тон. 31, КТү. 41: *Anta jerüki suq baslıy*. Тон. 46. «Сонда Суқ бастаған...» Айд. II, 112 ~ қаз., ққалп., қырғ. *bas*; тат., башқ. *baš*. *bas/baš* моносиллабын Э.В.Севортян *bāš* түрінде ЭСТЯ II, 87, А.М.Щербак **paš* түрінде СФ, 195 реконструкциялайды.

bod «бой, дене (адам)» ДТД, 34: *Türk esir budun jerinte bod qalmatı* Тон. 9 «Түркі есір халқы жерінде ешкім қалмады» Айд. II, 104 ~ қаз., құм., қырғ., ноғ. *boj*; башқ., тат. *buj*. Ескерткіштер тіліндегі *bod* түбір морфемасы негізінде жасалған *budun* «халық, тайпа» сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы *bodan* «тәуелді халық».

boz «боз» ДТД, 35, КЧ. 4, КТү. 33: *Ekinti işbara jamtar boz atıy binip tegdi* КТү. 32 «Екінші (рет) Ышбара қолбасының боз атын мініп тиді» Айд. I, 178 ~ қаз., ққалп., ноғ. *boz*; тат., башқ. *buz*. *Boz* лексемасын *bor* «бор» сөзімен байланыстырушы пікірлердің бар екені белгілі. Жалпы алтай тілдерінде ротацизм заңдылығы кеңінен тараған құбылыстар қатарына жатады. Э.Севортян түркі тілдеріндегі *bor* «сұр, боз» сөздерінің парсы тіліндегі *buz* «бурый» сөзімен қатысын анықтап алмай түркілік *boz*, *bor* сөздерінің туыстығын анықтау қиын мәселе екенін көрсетеді ЭСТЯ II, 172. Алтай тілдер семьясына кіретін монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде де *bor* сөзінің «боз, сұр» мағыналарында қолданылуы *bor* лексемасын кірме элемент ретінде қарастыруға кепілдік бере алмайды, мысалы: монғ. *bor* «боз, сұр»; *bört* «бөрте (бөрте лақ)» МҚС, 82, 88; тұңғ.-м. *boro* «серый», «годовалый теленок» АЭ. 197. Қазақ тілінде де *bor/bör* түбір морфемалары арқылы жасалған *borlat* «ақ түсті мата», *böri* «қақсыр», *börte* «жылқының сұрғылт түсі» сөздері қолданыста.

¹ Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь, грамматика. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. – С. 368.

biç→*biçük* «бесік (ұрпақ)» ДТД, 39, КТү. 6: Bir kişi jañılsar oçuşı bodunı besükiñe tegi qıdmis ermis «Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы, бесігіне дейін зардап шегеді» Сартқ. II, 170, 178 ~ қаз. *besik*; тат., башқ. *bijšek*; ноғ., ққалп. *besijk*; қырғ. *beşik* «колыбель» ЭСТЯ II, 122.

bis/bes/beš «бес» ДТД, 37, Тон. 49, БҚ. 25, КЧ. 14: Tabγač Oñ tutuq bes tümen sü Kelti «Табғаш Оң тұтұқ бес түмен қолмен келді» Сартқ. II, 195, 203 ~ қаз., ққал., ноғ. *bes*; қырғ., құм. *beš*; тат., башқ. *bijš*.

biñ/biñ «мың» ДТД, 38, МЧ. IY, 42, Е. 3, Тон. 144: Altı biñ juntim «алты мың жылқым» Аманж. I, 49 ~ қаз., ққалп., ноғ. *miñ*; тат., башқ. *meñ*; қар. *miñ*.

biz «біз» ДТД, 38, Тон. 8, КТү. 19, БҚ. 32, Е. 28: Qayan at bunta biz birtimiz КТү. 20 «Қаған атын мұнда біз бердік» Айд. I, 175 ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. *biz*; тат., қырғ. *bijz*; башқ. *bez* ЭСТЯ II, 130.

bel «бел» ДТД, 39, Эл. III, Е. 3: Altun kešig belimte banım «Алтын кемерімді беліме байландым» Аманж. I, 49~ қаз., қырғ., ноғ., ққалп. *bel*; тат., башқ. *bijl*;

bur/bor «боран»: Türgis qayan süsi otča, borča kelti КТү. 37 «Түргеш қаған әскері отша, боранша келді» Айд. I, 179 ~ қаз., ққалп., ноғ. *boran*; башқ., тат. *buwrän*; қырғ. *boron*. Ескерткіштер мәтінінде тұлғаланған сөздің оқылуы жайлы даулы мәселелер бар. А.М.Щербак *bor/bur* түрінде оқып, «боран, бұрқасын» мәнінде аударса, И.А.Батманов *bor* түрінде оқып «шарап (вино)» ДТД, 35 мағынасын көрсетеді. А.Аманжолов *olurča* «обыр» деп оқылуға тиіс екенін айта отырып, жоғарыдағы сөйлемді «Түргеш қағанның қолы отша-обырша келді» деп аударады¹. Жалпы «бұрқасын» мәні де, «обыр» мәні де сөйлем мазмұнына, түркілік дүниетаным бойынша логикалық қисынға қайшы келмейді. Түркі руникасында таңбаланбаған анлаут дауыстылардың оқылу-оқылмау принципі толық анықталмағандықтан сөздің дәл мағынасын айқындау болашақ рунологтардың үлесінде қалып отыр.

jay «жау» ДТД, 42, Тон. 8, КТү. 30, МЧ. II, 18, Е. 25: Jayımiz tegire uciq teg erti «Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді» (Айд. II, 105) ~ қаз., ққалп. *žaw*; ноғ. *jov*; қырғ. *žoo*; тат. *jaw*. Жалпытүркілік

¹ Аманжолов А. Орхон ойма жазулары // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. – 307-б.

jaу ≈ *jāу* ≈ *jā* ≈ *jav* ≈ *žau* ≈ *žaq* ≈ *žau* ≈ *žaw* ≈ *čā* ≈ *šā* т.б. гомогенді моносиллабтар кешенінің тарихи даму жолы, тұлғалық өзгерістері мен мағыналық таралымы кеңінен талданған мәселелердің бірі болғанымен шығу тегі әлі де беймәлім. Енисей ескерткіші тілінде *jaу* моносиллабы арқылы жасалған *jaуil* «соғысу» Е.2, ДТД, 42 сөзі де қолданылады. Алтай тілдері бойынша *jaу* лексемасының және оның тұлғалық варианттарының «соғыс», «жау» мағыналарынан басқа да «жат, жат жерлік», «қарсылас», «жабайы», «халифатқа кірмейтін мұсылмандар», «басқа рудың (тайпаның) адамы», «құда жұрт (келін шыққан ру)», «жартылай христиан, жартылай ислам дәнін ұстаушы чуваштар» мәндері тіркелген ЭСТЯ I, 56. Аталған моносиллабтар кешенінен «қарсылас, қас, бөтен, жақын емес» идеясын сақтаған **ja/ža* түбір морфемасын ажыратуға болады.

**jab*→*jabuz* – *jablaq* «жаман, қаскөй» ДТД, 42, БҚ. 32; Он. I, 7, КТү. 26: *Ičire ašciz, tašra tonsiz, jabiz, jablaq budunta üze olurtim* «Іші асыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым» Айд. I, 176 ~ қаз., ққалп. *žawiz*; қар. *juviz*; тат. *javiz*; башқ. *javiz*. Ескерткіштер тілінде қос сөз түрінде де, жеке-дара да қолданылған *jabuz*, *jablaq* тұлғаларының түбірлес екенін байқауға болады. Көне түркі тілі сөздігінде *javuz* сөзінің «жаман, әлсіз, бейшара» *javlaq* сөзінің «жаман, нашар, қаскөй» мағыналары көрсетіледі ДТС, 222. Білгеқаған жазбасында *jabir* «әлсірету, талқандау» сөзі де қолданылады Сартқ. II, 196. Ортақ негізі – **jab* түбір морфемасы. Зерттеушілер *javuz*, *jablaq* лексемаларын жалпы түркілік *žaman/jaman* сөзімен байланыстырады ЭСТЯ IV, 48. Қаз., ққалп. *žaman*; қар., қтат., құм., ноғ., тат., башқ. *jaman*. **jab*≈*jam* моносиллабтарын генетикалық байланыста қарастыруға фонологиялық заңдылықтар да, семантикалық заңдылықтар да қайшы келмейді. Қазақ тіліндегі *žabi* «Қазақ жылқысының қарабайыр тұқымы»: *Жалы бар деп, жабыдан айғыр салма (мақал)*; *Жабы болды* «жүні жығылды, жүнжіп кетті» ҚТТС III, 482 сөзінің мазмұнынан да **jab* моносиллабының семалық белгілері байқалады. **jab*, *jam* моносиллабтарының жалпы мазмұны *jaу* «жау» моносиллабының мазмұнына сәйкес келеді. Сондықтан *jab/jav*, *jam* моносиллабтарының тарихи түбір морфемасы ретінде полисемантикалы **ja* тұлғасын көрсетуге негіз бар.

jaŋ→*jaŋus* «жалғыз» ДТД, 42, Е. 16 ~ қаз., ққалп. *žalyiz/žanyiz*; құм. *janüiz*; қар., тат., ноғ. *jalgiz*; башқ. *janüiz*. Қазақ тілінде «жалғыз, дара» мәнін беретін *žalqı* сөзі де қолданыста. Аталған сөздердің негізі *jaŋ* ≈ *jal* ≈ *žan* ≈ *žal* моносиллабтары болса, бастапқы түбірі **ja/ža* «жалғыз, дара» тұлғасы.

jaš «жас» ДТД, 42, Е., 45, КТү. 31: On jašta inim Kültegin er at boltı «Он жаста ... інім Күлтегін ер атанды» Айд. I, 177 ~ қаз., қалп. *žas*; ноғ. *jas*; қырғ. *žaš*; башқ. *jäs*; тат. *jäš*; қар. *jaš*. Э.Севортян түркі тілдеріндегі «жас», «жас мөлшері», «көк (піспеген)», «шикі», «көз жасы» мағыналарын беретін *jaš* ≈ *jas* ≈ *žas* ≈ *žaš* гомогенді моносиллабтар тізбегінің семантикалық деривациясы ерте кезден басталғанын көрсетеді ЭСТЯ ІҮ, 163. Ү-ҮІІ ғасыр ескерткіштері тілінде *jaš* сөзінің «жас», «жас мөлшері», «өмір сүру, белгілі бір жасқа келу», «көз жасы» мағыналарының қолданылуы ДТД, 117 ғалым пікірін нақтылай түседі.

**jal*→*jalaŋ* «жалаңаш, жалаңаяқ» ДТД, 43 КТү. 28: Jir saju barmış budun ölü jütü, jadaŷin jalaŷin jana kelti «Жер-жерге тараған халық өліп-жітіп, жаяу-жалаңаш қайта келді» Айд. I, 177 ~ қаз., ққалп. *žalaŋ*; тат., башқ., ноғ., құм. *jalan*. Э.В.Севортян мен А.С.Левитская *jalaŋ* лексемасын *jalŋiz* «жалғыз» сөзімен бірлікте қарастырады ЭСТЯ. ІҮ, 198.

jat «жау» Е. 41; «жат ел, жат жер» Е. 11; «жат» ДТС, 247: Jatda tünürima adirildim «Я растался на чужбине со своими родственниками» Аманж. II, 121 ~ қаз., ққалп. *žat*; ноғ., башқ., тат. *jat. jat/žat* түбір-негізін *jaŷ* «жау» моносиллабымен төркіндес болуы мүмкін. Э.В.Севортян **ja* тарихи түбір морфемасының «бөтен», «жаулаушы» мәндерін көрсетеді ЭСТЯ IV, 56.

jaz «көктем» ДТД, 43, БҚ. 31, КТү. 48: Maŷi qoŷan qišlap jazıŋa oŷuzŷaru sü tašiqdimiz «Мағы қорған қыстап, жазына оғызға әскер шығардық» Айд. I, 181 ~ қаз., ққалп. *žaz*; құм., қар., ноғ., тат. *jaz*.

jaj «лето» ДТД, 43, МЧ. II, 20, БҚ. 33: Jalabašı edgü ötügi kelmez tijin jajın süledim «Не елшісі, не жақсы сөзін білдірмеді, одан соң мен жазында оларға қарсы атандым» Сартқ. II, 197, 205 ~ қаз., ққалп. *žaj* → *žajlaw*; башқ. *žäj*; құм., ноғ. *jaj*. Түркі тілдеріндегі «жаз», «көктем», «жыл мерзімінің жылы кезеңі» мәндерінде қолданылған *jaj/jaz* ≈ *žaj/jaz* т.б. моносиллабтары «жылы», «жарық», «жас» т.б.

мағыналарында қолданылатын *ja ≈ *ža ≈ т.б. гомогенді моносиллабтар кешеніне кіреді, соған орай лексеманың тарихи түбір морфемасы да *ja тұлғасы болады.

jaz→jazī «дала, алқап» Тал. 7, «жазық, дала» КТк. 3: Ilgerü Şantun jazıqa tegi süledim «Ілгері Шантуң жазығына дейін соғыстым» Айд. II, 168 ~ қаз., ққалп. žaziq, тат. jassi; башқ. jasi. Қыпшақ жазба ескерткіштерінде де jasi «кең, ауқымды» мағынасы сақталған Құрыш. 125. Түркістан қаласының бұрынғы атауы Яссы топонимінің негізі де jas/jaz моносиллабы. Тарихи түбірі jaj/žaj етістіктерінің құрамындағы *jal/*ža тұлғасы: дастарханды жай, оралған кілемді жаз АӘ, 141.

jir/jer «жер» ДТД, 47, Тон. 17, КТк. 8, БҚ. 29, МЧ. II, 19, Он. II, 4, Е. 7, 11: Järimä jita subïma adirildim «Я расстался с моей землей...» Аманж. II, 121~ қаз., ққалп. žer; тат. žijr; құм., башқ., ноғ. er; қар. jer.

*qad/kad → qadın/kadın «қайын, қайын жұрт» Е., СДЕ, 223 ~ ескі қып. qajin Құрыш. 155; қаз., ққалп. qajin; тат. kajen; башқ. qajin. Жалпы алтай тілдеріне ортақ *qad моносиллабының тарихи түбірі *qa «родственники» ДТС, 399. *qa моносиллабы qaın сөзінің құрамында сақталуы да мүмкін. Негізінен қандық туыстықты білдіретін *qa тұлғасының некелік қатынастағы туыстықты білдіретін атауларға да арқау болуы семантикалық даму заңдылығына қайшы келмейді, түркі тілдерінде қандық туыстыққа қатысы жоқ «жора-жолдас» мәнін беретін qadaş сөзі де қолданыста.

qan «хан, билеуші» ДТД, 50, МЧ. I, 7, Он. II, 4, КТү. 9, Тон. 2: Qanin qodir «ханын қойып» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., қырғ., құм., қар., тат., башқ. хан. Ескерткіштер тілінде негізінен хан лексемасының толық нұсқасы qaуan сөзі қолданылады.

qan/qan «әке» ДТД, 50, Он. I, 5, МЧ. I, 5, КТү. 5, Е. 6: Kunitirig üç jaşimta qanşiz boldim, «Я, Кюни Тириг, в мои три года оказался без отца» Аманж. II, 116. Қазіргі қыпшақ тілдерінде qan/qan лексемаларының «әке» мәнінде жұмсалуды тіркелмеген. Ескерткіштер тіліндегі qan «әке» сөзі ауыс мағынада қолданылған болу керек, мазмұны «қаны бір, қанынан жаралған».

qiz «дочь» ДТД, 50, Е. 22, МЧ. II, 15, Тон. 48, КТү. 7: Silik qiz oylin kün bolti «Сұлу қыздарың күң болды» Айд. I, 172 ~ қаз., қалп., ноғ., башқ., тат., қырғ. qiz.

qar «қар» ДТД, 51 БҚ, 27, Тон. 25, Тал. II, 4, КТү. 35: *Sünüg batimî qarîü sökirеп* «Сүңгі батымы қарды аршып» Айд. I, 178 ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., қар., тат., башқ. *qar*. Түрік тілінде «жанбыр аралас қар» мағынасын беретін *qaj* лексемасы тіркелген. Ортақ мағынасына қарағанда *qar, qaj* моносиллабтары тектес тәрізді, гипотезалық түбір морфемасы *qat* «твердетъ» ДТС, 432, «густеть (о жидкости)», «замерзатъ» Буд. II, 5, *qattî, qatuw, qaw, qaq* т.б. лексемалары құрамындағы **qa* тұлғасы болуы да мүмкін.

qaş «бровь» СДЕ, 225, Е. 26, КТү. 51: *Budunim közi, qaşı jablaq boltaşı tir saqintim* «Халқымның көзі, қасы жаман болар деп қайғырдым» Айд. I, 182 ~ қаз., қалп., ноғ. *qas*; тат., башқ., қар. *qaş*.

qul «раб» ДТД, 52, МЧ. II, 13, Е. 32, КТү. 7: *Tabuаç budunqa beglik urî oylin qul bolti* «табғаш халқына бек ұлдарың құл болды» Айд. I, 172 ~ қаз. *qul*; ққалп., ноғ., қар. *quwl*; башқ., тат. *qol. qul* моносиллабы «дене мүшесі» мәнін беретін *qol* сөзімен түбірлес болуы мүмкін, *qol bala* «көмекші», *qol* «әскер». Салыстырыңыз: *qil* «делатъ» ДТД, 50. Сондықтан *qul* лексемасы да тарихи түбір морфема бола алмайды.

qum «құм» ДТД, 52, МЧ. I, 8, Тон. 7: *Сuуaj quzin Qara qumïу olurur ertimiz* «Чұғай құзың, Қаракұмды мекендеуші едік» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qum*; тат., башқ. *qom*.

qis «қыс» ДТД, 54, БҚ. 31, КТү. 48: *Maуi qorуan qislar...* «Мағы қорған қыстап...» Айд. I, 181 ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. *qis*; тат., башқ. *qis*.

quis «құс» Е. 48, ДТД, 53 ~ қаз., ққалп., ноғ. *quis*; тат., башқ. *qos*.

qut «құт, бақыт, ырыс, несібе» ДТД, 53, КТү. 29: *Anta kisre teңri jarilqazu qutim bar ucün* «Содан кейін тәңірі жарылқаған бағым бар үшін» Айд. II, 177 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qut*. Түркі халықтарының мифологиялық танымында *құт* ұшу қабілетіне ие рух ретінде танылатындықтан *qut* «құт», *quis/quis* «құс» лексемаларының уәждік негізінде ортақтықтың болуы мүмкін.

**köl* → *kölik* «көлік (мал)» ДТД, 15 Тон. 15: *Ingek kölükün toylada oуuz kelti* «Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді» Айд. II, 107 ~ қаз. *kölik*; ққалп., ноғ. *kölijk. Kölük* сөзінің моносиллабтық деңгейде қолданылуы тува тілінде сақталған *xöl* «упряжное (ездовое) животное» ТувРС, 469. Қазіргі түркі тілдері бойынша *kölik* лексемасының «арба, шанаға жегілетін мал», «жылқы», «жылқы үйірі», «мүйізді ірі

қара», «аласа тұқымды бұқа», «тоқал ешкі (мүйізсіз теке)», «тасымал құралы (арба, шана, қайық)», «жалпы транспорт» мағыналары белгілі ЭСТЯ III, 70.

keš «белдік, белбеу» ДТД, 58, Е. 3, 25: Altınluy kešig belimte bantim «Алтын кемерімді беліме байладым» (Аманж. I, 49) ~ қаз. *kise* (кісе белбеу) *kісен*. Ескерткіш мәтіні негізінде және қазіргі қазақ тіліндегі шынжыр темірден жасалатын құрал атауы *kіsen* сөзінің мағынасы арқылы *keš* ≈ *kis* моносиллабтары жалпы металдан жасалатын белбеу немесе тұтқынның қол-аяғына, малдың аяғына салынатын құрал атауын білдіргенін байқауға болады.

kün «күн» ДТД, 56, Е. 42; КТү. 7: Silik qız oylın kün bolti «Сұлу қыздарың күн болды» Айд. I, 172 ~ қаз., ққалп., ноғ. *kün*; қырғ. *küñ*.

kün «день, солнце» ДТД, 56, БҚ. 30, МЧ. II, 13, Тон. 12, Е. 7, Он. I, 2; КТк. 2: Pgerü kün toysıqqa... «ілгері күн шығыста» Айд. I, 168~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *kün*; тат., башқ. *kön*.

kün «күншілдік, қызғаныш» ДТД, 56 ~ қаз. *kün* → *kündew*; ққалп., ноғ. *künle*; тат., башқ. *könläw*. Қазақ тіліндегі *kündes* «бір адамның әйелдері» сөзі де *kün* моносиллабынан жасалғаны белгілі: *Күндестің күлі де күндес* (мақал).

**kül* → *külüg* «белгілі, атақты» ДТД, 56, Е. 3; КТү. 4: Baj ara saıun oıul külüg ğur «Сын военачальника Бай апа – Кюлюг Чур» (Аманж. II, 118). *Kül* моносиллабы ескерткіштер тілінде антропонимдер құрамында ғана кездеседі: *Kultegin, Kuljirkin, Külügтуған, Kulugjijge, Külügğüsi* т.б.

küč «күш» ДТД, 57, КТү. 8, Тон. 20, Е. 4, Он. II, 2, БҚ. 32: Teıri küčbertik ücün anda řanřdım «Тәңірі күш-қуат бергендіктен онда шаныштық» Сартқ. II, 196, 204 ~ қаз., ноғ., ққалп. *küš*; башқ. *kös*; тат. *köč*. *küš* моносиллабы мен «атақты, мықты» мәнін беретін **kül* моносиллабының мазмұнында ортақ идеяның іздері бар. Гипотезалық ілкі түбірі **kü* тұлғасы болуы да мүмкін.

sub «су» ДТД, 65, БҚ. 35, Тон. 27, Он. II, 4, КТү. 19: Ecümiz-arapmiz tutmis jer-suv idisiz bolmasun... «Ата-бабамыз ұстаған жер-су иесіз болмасын» Айд. I, 175 ~ қаз., тат., ққалп. *suv*; ноғ., қар. *suv*. Түркі тілдерінде *suγ* ≈ *sub* ≈ *suv* ≈ *hüw* ≈ *suw* ≈ *šiv* ≈ *sij* ≈ *suγ* т.б. тұлғаларында қолданылатын көне түркілік *sub* моносиллабы *šiq* «суық түнде шөп

басында тұрып қалатын тамшы су» ҚТТС X, 329, *šijki* «қайнап піспеген, жеуге әлі болмайтын» ҚТТС X, 220, «піспеген жеміс-жидек, бақша өнімдері» сөздері құрамындағы *çi* «сырой, роса» ДТС, 145 моносиллабымен төркіндестігі байқалады. Осы топқа «өсімдікте болатын шырын» ҚТТС VIII, 364 мәнін беретін *söl*, «адамның немесе айуанның ауыз қуысынан рефлекс жолымен бөлініп шығатын созылмалы сұйықтық» ҚТТС VIII, 508, 509 *silekej*, *silemej* лексемаларына негіз болған **söl/*si* түбір морфемаларын қосуға болады. Ортақ мазмұн «су, сұйық, ылғал» идеясына негізделген.

taу «тау» ДТД, 67, МЧ. II, 8, КТү. 12: *Baliqdaqi taүmīs, taүdaqi inmīs* «қаладағылар таудай болды, таудағылар төмендеді» Айд. I, 173 ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ., тат. *taw*; ноғ., қар. *tav*; қырғ. *too*. Б.М.Юнусалиев *taу* моносиллабының жалпы алтай тілдеріндегі тұлғалық варианттары мен мағыналық дериваттарын негізге ала отырып, **ta* тұлғасын архетип ретінде қарастырады¹.

taš «тас» ДТД, 71, Е. 34, Он. III, 1, КТк. 11, Тон. 4: *İda tašta qalmīsī* «Орман тау (арасында) қалғаны» Айд. II, 104 ~ қаз., ққалп., ноғ. *tas*; башқ., тат. *taš*;

**taš* → *tašra* «тыс,тысқары, сырт» ДТД, 67, 71, МЧ. III, 28, КТк. 12: *Için-tašin aldінçiy bediz urturdim* «Іші-сыртын ерекше өрнектеттім» Айд. I, 170 ~ қаз., ққалп., ноғ. *tis*; тат., башқ. *tiš*.

taη «таң» ДТД, 67, Тон. 35: *Bolçuqa taη üntürü tegdimiz* «Болшыға таң ата жеттік» Айд. II, 111 ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *taη*; тат., башқ. *tan*. Түркі тілдерінде *taη* ≈ *tan* ≈ *tīη* ≈ *čaη* ≈ *daη* ≈ *dāη* ≈ *dān* түрінде тұлғалатын түбір морфеманың архетипі ретінде таңтұлғасы аталады СФ, 197. Түркі түбірлерінің табиғаты моносиллабтарды бір ғана тұлғада реконструкциялаудың тиімсіздігін көрсетеді.

til/til «тіл, хабарлаушы» ДТД, 69, МЧ. II, 24, Тон. 36: *Tiliү kelürti sabī antaү* «Тілдіні келтірді. Сөзі мынадай» Айд. II, 111. Көне түркілер тілінде негізінен «хабар (тіл) әкелетін барлаушы, тыңшы» мағынасында қолданылған *til/til* моносиллабының тұлғасы да, мазмұны да қазіргі қыпшақ тілдерінде сақталған: қаз., ққалп., қырғ. *til*; тат., башқ. *tel*; қар., құм. *tijl*. *til* лексемасының құрамынан *ti* «де, деді» етістігін ажыратып, туынды зат есім ретінде қарастырушы пікірлердің ЭСТЯ III, 229 не-

¹ Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Ч. I. – Фрунзе: Изд-во АН КирССР, 1959. – С. 50.

гізділігін қазақ тіліндегі *til* лексемасы арқылы жасалған тұрақты тіркестер мен туынды сөздердің семантикалық аясы нақтылай түседі, мысалы: *til žoq, til qatpaw* «үндемеу, сөйлемей»; *tildesüw* «сөйлесу», *tildew* «ұрсу»; *tilši* «тілші, корреспондент».

tul «жесір» ДТС, 585, «жетім» СФ, 198, «кукла, изображение умершего мужа» ДТД, 70, Тал. 18: *Kičig kišim tul qaldı, torsiq oylim* «Кішкентай кісім (әйелім) жесір қалды, торсықтай ұлым (қалды)» Аманж. I, 47 ~ қаз. *tul*; ққалп., ноғ., қар. *tuwl*; тат., башқ. *tol*. Монғол тілінде *tułxij* «әлсіз, дәрменсіз» МҚС, 478 сөзінің қолданыста болуы түркі тілдерінде дербес лексема түрінде қолданылатын *tul* моносиллабының семантикалық уәжін нақтылай түседі. Татар тілі диалектілерінде де «жетім», «жалғыздікті» мағынасын беретін *tulas* ЭСТЯ III, 292 сөзі кездеседі. Қазақ тіліндегі *tul äjel* «жесір», *tul žetim, tuldır žetim* «ата-анасынан бірдей айрылған», *tul at* «иесі қайтыс болған ат», *tuldır kedej* «ешқандай мал-мүлкі, дүниесі жоқ» тіркестерінің семантикасы арқылы да **tul* моносиллабының мазмұнындағы «жалғыздық», «дәрменсіздік» семалары айқын көрінеді.

ter «тер» ДТД, 72, Тон. 52: *Qara terim jügürti* «Қара терімді ағыздым» Айд. II, 113 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *ter*; тат., башқ. *tijr*. А.М.Щербак *tër* моносиллабын архетұлға ретінде қарастырса СФ, 197, Э.В.Севортян аталған тұлғаның зат есімдік мәні алғашқы екенін көрсетеді ЭСТЯ III, 203. Қазақ тілінде *ter* түбір морфемасы арқылы жасалған арқылы жасалған *terle, terši* етістіктері, *terlik* «ер-тұрман жабдығы» зат есімі қолданылады.

tüz «түзу» ДТД, 72, КТү. 3: *Begleri jeme budunı jeme tüz ermis* «Бектері және халқы түзу еді» Айд. I, 171 ~ қаз., ққалп., қар. *tüzüw*; тат., башқ. *tözaw/tüzäj*. Көне түркілік *tüz* моносиллабы дербес лексема түрінде қазақ тіліндегі сауын сиырға қатысты айтылатын «түз тұр!» тіркесінде сақталған. Жалпы түркі тілдеріндегі *tüz* ≈ *düz* моносиллабының «тәртіпке (ретке келтіру, дұрыстау) мазмұнынан тараған, «тегіс (түзу)», «тура», «тік», «жалпақ (тегіс)», «тәртіпті (әдепті, жақсы)», «мерген», «құру (жасау, құрау)», «тіркеу» т.б. ЭСТЯ III, 309-313 мағыналарының қолданыста болуы *tüz/düz* тұлғаларының **tuɣ/*toy* → *toyruł/tuɣra* ≈ *duɣ* → *duɣra* «тура, түзу», *tuz* «жасау, құрастыру» ДТС, 57, *tiz/diz* «қатарлап қою» ЭСТЯ III, 311. *tez* «түзету (тезге

салу)», *tik* «орнату» «вертикаль» моносиллабтарымен төркіндес, көпмағыналы туынды тұлға екенін аңғартады, ортақ түбір морфемасы *-*tu/*tü/*te/*ti*.

tiz «тізе» ДТС, 564, КТү. 15: *Jaŷiŷ baz qılmis, tizligig sökürmis, başliŷiŷ jüküntürmis* «жауын бейбіт етті, тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді» Айд. I, 174 ~ қаз., тат. *tize*; қар. *tiz*; ноғ. *tijz*. Түркі тілдерінде аяққа қатысты қолданылатын *tirsek* сөзінің кездесуі *tiz/*tir* моносиллабтарының бір негізден өрбігенін көрсетеді. Ортақ түбірі морфемасы - **ti*. Салыстырыңыз: *tur, tik (tike)* т.б.

**tün→tünür* «бубен (шамана)» Е. 11, ДТД, 73: **dön/*tön ≈*töv* «окруженность, окрестность» (ЭСТЯ III, 281). А.Аманжолов Енисей ескерткіштерінің Бегре жазбасында қолданылған *tuŷre* лексемасын «туған-туысқан» деп аударады: *Jatda tünürimä adirıldim* «Я расстался на чужбине со своими родственниками (т.е. умер)» Аманж. II, 121. Ғалым *tönirek* сөзінің қолданыс аясында кездесетін *töniregim, töniregimdegiler* лексемаларының «айналам, жанымдағылар», «жақындарым» мәніндегі ауыс мағынасына сүйенген болса керек. Шындығында да «Жат жерде сылдырмағымнан айрылдым» деген сөйлемге қарағанда «жат жерде төңірегімдегілерден (жақындарымнан, туыстарымнан айрылдым)» деген сөйлемнің логикалық қисындылығы мәтін мазмұнына сәйкес келеді. Қаз., ққалп., ноғ. *tönirek*. Көне түркілік **tön/*tün* түбір морфемасы жалпы алтайлық «дөңгелек», «дөңгелек пішінді жота, қыр (дөң)», «айнала қоршау» мағыналарын беретін *ton/tön/tün≈don/dön/dün* тұлғаларымен генетикалық сабақтастықта, ортақ мазмұнға негізделі отырып дамыған.

ten «тең, теңдей, бірдей» Е. 26, ДТД, 72 ~ қаз., қырғ., құм. *ten*; тат., башқ. *tijn*. Жалпы алтай тілдеріне ортақ *ten* моносиллабының қазіргі түркі тілдері бойынша бірнеше мағынасы тіркелген: «салмағы, көлемі бірдей», «құрдас (жасы бірдей)», «тектес (негізі бір)», «жұп», «келін», «ұқсас», «салыстыру», «салмақ, көлем», «жас», «ыңғайлы уақыт», «тәртіп», «реттілік», «жүктің жартысы» т.б. ЭСТЯ III, 192-193. *ten* лексемасының көрсетілген мағыналарының бәріне ортақ мазмұн «көлемі, салмағы, жасы, тегі т.б. қасиеттері бірдей». Қазақ тіліндегі *ten* «түйеге арту үшін салмағын, көлемін бірдей етіп орап, байлаған жүк» зат есімі көшпелі өмір салтына байланысты өте ерте кезеңде

қалыптасқан көне сөз: *Тең теңімен, тезек қабымен* (мәтел). Сондықтан *тең* сөзінің зат есім мәнінде жұмсалудың семантикалық субстантивтену құбылысы ретінде қарастыруға келмейді. Жалпытүркілік моносиллабтарға тән полисемантикалық қабілетті *тең* лексемасының табиғатынан да байқауға болады. *тең* түбір морфемасының түпкі мазмұнында заттық, сындық, іс-әрекеттік семалардың бәрі болуы мүмкін Хакастінде *töj* тұлғасының қолданылуы «байлау» мағынасын беретін *tüj, taŋ* (жараны таңу) моносиллабтарымен қатысын тереңірек қарастыруды қажет етеді: *tüjdeŋ qurdaŋ*.

tür «заң, үкімет», *tör* → *töru* «билік» ДТД, 73, БҚ. 2, КТү. 16: ОI *törude üze eŋum qaŋan olurti* «ол билік (өкімет) басында ағам қаған отырды». Көне түркілік *tür/tör* лексемасы қазақ тіліндегі *tör* «есікке қарама-қарсы жақтағы силы қонақ отыратын құрметті орын», *tör* → *töre* «этно. төретұқым (хан тұқымы, сыйлы, құрметті адам, билік басындағылар)» сөздерімен төркіндес жалпы алтайлық тілдік модель. Монғол тілінде *tör* «үкімет, мемлекет», «заң, ереже, тәртіп» МҚС, 473; бурят тілінде «алдыңғы қатарлы, құрметті» БМРС, 458. *Tör* сөзінің «ту, дүниеге келу» мағыналарын беретін жалпы алтайлық *tör* лексемасына (қаз. *törkin* «әйел адамның туған үйі, туған-туысқандары, туған жері», қырғ. *törö* «туу» КРС, 260; монғ. *töröx* «туу», *törölx* «тума, туған» МҚС, 474 қатыс-дәрежесін әлі де анықтай түсу керек.

čab Енисей ескерткішінде қолданылған *čab* Е.30 сөзін И.А.Батманов «знаменитый, пользующий славой» ДТД, 80 деп аударарды. Қазіргі қыпшақ тілі сөздіктерінде «атақты, даңқты» мәнін беретін *čab* лексемасы тіркелмеген. Тоникук ескерткішінде қолданылған *čab* сөзін З.Ақылбекова «слава, молва, репутация» ДТД, 80 деп аударса, Ғ.Айдаров *sab* «сөз» лексемасының фонетикалық варианты ретінде қарастырады: *Bilig esi čab esi* «Білік иесі, сөз иесі» Айд. II, 105. *čab* «атақты», *čab* «сөз» түбір морфемаларының байланысы әлі де зерттей түсуді қажет ететін мәселе.

čet «шет, шекара» Е. 34, ДТД, 81 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šet*; тат., башқ. *čet. čet/šet* лексемасы мен *ček/šek* «край, окраина» СтОКО, 302 сөзінің генетикалық байланысы айқын аңғарылады. Аталған моносиллабтар **čel/še* түбір морфемасынан дамыған екінші дәрежелі түбірнегіздер болуы мүмкін.

çok «шоқ, шапшақ» ДТД, 81; *çoy*→*çoyla* «свертывать» ДТС, 152; Тува өңірінен табылған түркі ескерткіштері тілі бойынша тіркелген *çok* лексемасы қазақ тілінде *şoq* түрінде қолданылады: *бір шоқ гүл; шоқша сақал* т.б. *şoq* моносиллабының мазмұнын *şoyır, şoyırlanıw* сөздерінен де айқын аңғаруға болады.

**çig/çiy* → *çigan/çiyān* «кедей» ДТД, 81. Күлтегін ескерткішінде *çiyāj* түрінде қолданылған: *Çiyāj budunıγ baj qiltim* «Жарлы халықты бай қылдым» Айд. II, 170. Қыпшақ тілі элементтерін сақтаған орта ғасыр ескерткіштері тілінде *çiyān/çiyāj* тұлғалары қатар қолданылады Құрыш. 219. Қазақ тілінде фольклорлық персонаж *Şiyājbaj* (Шық бермес Шығайбай) антропонимі құрамында, *шығаннан шыққан кедей* оралымында сақталған СтОКО, 307. А.Н.Самойлович М.Қашқари өз шығармасында *joq-çiyāj* қосарлы лексемасын араб тіліне бір сөзбен «бедный» (*bakir*) түрінде аударғанын, жалпы түркілік *çiyān* сөзі чуваш тілінде *şoxan, şuxan* «бедный, бедность» тұлғасында қолданылатынын негізге ала отырып, *çiyāj/çiyān* лексемасын *joq* сөзімен байланыстырады. Түркі тілдеріндегі *joq* ≈ *jōq* ≈ *juq* ≈ *žoq* ≈ *çoq* ≈ *suoq* ≈ *şoq* тұлғалы моносиллабтың «отсутствие, несуществование», «смерть», «несчастье, недостаток, бедность» мағыналарын көрсеткен ғалым, өзбек, қазан татарлары, башқұрт, қазақ, қырым татарлары, әзірбайжан тілдеріндегі *žoq* сөзінің «кедей, кедейлік» мәнін фольклор тіліне тән архаизм ретінде қарастырады¹. Қазақ тіліндегі *žoq-žitik, ölim-žitim* қос сөздерінің, *žut, žutaw, žutañ, žüdew* лексемаларының мазмұны да *joq* моносиллабының мазмұнына сәйкес келетінін аңғарамыз. Демек *çiy* ≈ *şiy* ≈ *şox* ≈ *şux* ≈ *joq* ≈ *žoq* т.б. моносиллабтар кешені *jut* ≈ *žut* ≈ *džut* ≈ *jit* ≈ *žit* ≈ *džit* т.б. моносиллабтар кешенімен түбірлес болуы да мүмкін, ортақ негізі «жоғалу, жоқ болу» идеясын сақтаған **jo* ≈ *ju* ≈ *jü* ≈ *jī* ≈ *ji* ≈ *žo* ≈ *žu* ≈ *žü* ≈ *ži* ≈ *zi* ≈ *šo* ≈ *šu* ≈ *šü* ≈ *ši* ≈ *si* ≈ *čo* ≈ *çu* ≈ *çü* ≈ *çi* ≈ *ci* т.б. полиформалы, полисемантикалы тарихи түбір морфема.

çit «бекініс, қамал» ДТД, МЧ. II, 20. Қазіргі қыпшақ тілі сөздіктерінде көне түркілік *çit* сөзі тіркелмеген. Қ.Сартқожаұлы *çit/sit* моносиллабын «іргетас (насып, фундамент)» деп аударды: *çit anta toqutdım* «Я воздвиг там чыт (насып)» Сартқ. I, 81.

**çer*→*çerig* «әскер» ДТД, 81, КЧ. 9, МЧ. II, 15, 16: *Sünüs bolsar çerig iter erti* «Соғыс болса шерік (әскер) белсеніп шығар еді» Сартқ. II, 232, 234

~ қаз. *şeruw/şerik*; қар. *şeriu*. Ескі қыпшақ тілінің мұрасы «Түрік-араб сөздігінде» *şeri* «войско» тұлғасында қолданылады Құрыш. 223. Алтай тілдеріне ортақ **čer/*şer/*tser* моносиллабы қазіргі түркі, монғол тілдерінде дербес лексема түрінде қолданылуы тіркелмеген. Морфемдік, компоненттік талдаулар негізінде өлі түбірді болжауға болады. Ә.Қайдар **şer* моносиллабының мағынасын «мужественный, сильный, смелый (словно лев)» деп көрсетуіне СтОКО, 302 қарағанда *şerig/şeruw* сөздерінің парсылық тегі жайлы мәселенің басын ашып алу қажет сияқты.

VCC моделі бойынша жасалған есім негізді түбір морфемалар:

alp «алып, батыр, күш иесі» ДТД, 59, КТк. 6: *Edgü bilge kisig, edgü alp kisig jorıtmaz ermis* «Игі білгіш кісілерді, игі батыр кісілерді қозғалта алмады» Айд. I, 169 ~ қаз., тат. *alıp*; қар., қырғ., ққалп. *alp*.

ört «өрт» Тон. 40: *Örtče qızıp kelti* «Өртше қызып келді» Айд. II, 111 ~ қаз., ққалп., ноғ. *ört*; тат., башқ. *ürt*. Монғол тілінде *örnüün* «қызу» МҚС, 395.

CVCC моделінен жасалған есім негізді түбір морфемалар:

bars «барыс» ДТД, 34, Е.11: *Jätiböriölürdimbarsiykökmäkidölürmädim* «Я убил семь волков. Я не убивал барсов ланей» Аманж. II, 121 ~ қаз., ққалп. *baris*; қар., құм., қырғ., тат. *bars*. Жалпытүркілік *bars* сөзін кірме элемент ретінде қарастырушы пікірлер де бар. Э.В.Севортян *bars* сөзін түркі тілдерінің ең көне лексикалық қабатына жатқызады ЭСТЯ, II, 69. Түркі тілдерінде зоонимдер мен орнитонимдердің біраз бөлігі еліктеуіштерден жасалғаны белгілі: *aristan, qabilan, kökek, tırna, qarğa* т.б. Қатты дыбысқа байланысты қолданылатын *bars* (барс-барс) еліктеуішімен *baris* зоонимінің мазмұнындағы сәйкестік те кездейсоқ құбылыс болмауы мүмкін. Еліктеуіштер мен бейнелеуіштер арқылы жасалып, атау сөздерге айналған лексемалардың мазмұны таңбаланушы денотаттың сыртқы белгілері мен қасиеттерін біршама айқын сақтауы олардың сыртқы құрылыммен тікелей байланысына негізделеді. Тұлға мен мазмұнның, таңбаланушының арасындағы табиғи байланыс уақыт өте күңгірттенгенімен, белгілі бір дәрежеде ізін сақтайды. Лингвистикалық даму барында еліктеуіш негізді атауларға тән тұлға мен мазмұн сәйкестігінің шарттылық сипат алуын белгілі ғалым К.Ш.Хұсайын «Название, имеющее зву-

косимволическое или звукоподражательное происхождение, со временем теряет свою природную связь и приобретает конвенциональности, знаковости»¹ деген ойлары арқылы көрсетеді. Қазақ тіліндегі *bars-bars* «қатты сытырға, соққыға еліктеу» қос сөзі құрамынан *s модификаторын ажыратуға болады². SVC тұлғалы еліктеуіштерге дауыссыз дыбыстардан тұратын грамматикалық индикаторлардың немесе модификаторлардың жалғануы сөз мағынасын нақтылай түсетіндіктен қатты шыққан дыбыстың жалпылама мазмұнын білдіретін *bar* (бар-бар, негізінен адам дауысына қатысты) еліктеуішіне *s модификаторы жалғануы арқылы кенеттен шыққан қатты дыбысты (негізінен иттің, жыртқыш аңдардың дауысына қатысты) білдіретін сөзге айналғанын аңғаруға болады. Ескерткіштер тілінде *baris* сөзі негізінде жасалған антропонимдер жиі қолданылады: *Iniläri Qara bars(a) Oγul bars* Тал. I «Его младшие братья Кара Барс и Огул Барс» Аманж. II, 87.

junt «жылқы» Лев. 170, МЧ, 48; Е. 45: *Biñ budraq junt äsizmä* «с ... тысячами привольно пасущихся лошадей, увы (я расстался)» Аманж. II, 128 ~ қаз. *žunt* (жұнттай). Якут тілінде «жаңадан үйретілген жас жылқы» мәнін беретін *sonoyos* Лев. 89 сөзінің қолданылуын қарағанда *jont* моносиллабының бастапқы тұлғасы SVC модельді **jon* болуы да мүмкін. «Китав әл-идрак әл-лисан әл-атрак» шығармасында *junad* «жылқы» тұлғасы кездесуіне байланысты көне түркілік *junt* лексемасы екі дербес лексеманың кірігуі арқылы жасалған деген тұжырым ғылымда белгілі: *jun+ad(at)*. Э.В.Севортян *junt* сөзінің негізгі мағынасы «үйретілмеген жабайы (асау) жылқы» деп көрсетеді ЭСТЯ IV, 254. Қазақ тіліндегі семіз, түгі жылтыраған жас жылқыға, толық, ширақ, әдемі жас адамдарға қатысты қолданылатын *žunttaj* сөзінің де мазмұны көрсетілген мағынаға сәйкес келеді.

jurt «жұрт, ата-мекен, ел» ДТД, 45, КТү. 49; Тон. 19: *Usun bunta atli jurtda üguzke qalur erti* «Үйсін мұнда атты жұртта жатып қалып еді» Айд. II, 107 ~ қаз. *žurt*; қырғ., ққалп. *žuwrt*; ноғ. *jurt*; башқ. *jort*; тат. *jort/jirt*. Түркі тілдері бойынша *jurt* лексемасының «Отан, туған жер»,

¹ Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 166.

² Хусаинов К.Ш. Дыбысбейнелеуіш негіздердің морфологиялық құрылымы // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 198. – 55-бет.

«елді мекен», «халық», «мал жаятын орын», «киіз үй», «көшкен ауылдың, үйдің орны» мағыналары белгілі. *jurt* сөзі *jug* «жүру» және етістіктен есім сөз тудыратын *-t* аффиксі арқылы жасалуы мүмкін ЭСТЯ ІҮ, 255. Ескерткіштер тілінде *jori* «идти, ходить, передвигаться» етістігі де қолданылады: КТк. 4: *Bunča jirke joritdīm* «Сонша жерге жүргіздім» Айд. II, 169 ~ қаз., ққалп. *žort*; тат., башқ. *jurt*; ноғ. *jort*. Қыпшақ тілдеріндегі тарихи негіз *jurt/žurt* моносиллабының мағынасын «көшпелі халық», «көшпелі халықтың мекені (ауылы)» ұғымдары арқылы анықтауға болады. *žorya*, *žortuwil*, *žoryala* сөздерінің құрамынан да **žor* моделі ажыратылады. *Jurt* лексемасы тұлғалық жағынан да, мазмұндық жағынан да бірнеше даму сатысынан өткен алтай тілдер тобына ортақ көне лексема: салыстырыңыз: *žür*, *žügir*, *žüjrik*, *žilži*, *žildam*, т.б.

qırq «қырық» ДТД, 54, БҚ. 31, Е. 16, КТү. 14: *Qırq az, qurıqan, otuz tatar... qor jaü ermis* «Қырық аз, құруқан, отыз татар ... бәрі жау еді» Айд. I, 174 ~ қаз., ққалп. *qiriq*; тат., башқ., ноғ. *qırq*. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде де *qırq* тұлғасында қолданылады. *Qırq* сан есімі түркі тілдеріндегі этимологиясы беймәлім, табиғаты күрделі сөздерге жадаы, субстантивтеніп есім сөздердің категорияларымен, сан есім категорияларымен түрлену барысында түбір морфема қызметінде жұмсалады.

tört «төрт» ДТД, 73, Е. 28, КЧ. 11, МЧ. II, 15, Он. I, 1; КТү. 2: *Tört buluq qor jaü ermis* «Төрт бұрыштың бәрі жау еді» Айд. II, 171 ~ қаз., ққалп., қырғ. *tört*; қар., құм., ноғ. *dört*, тат., башқ. *dürt*. А.М.Щербак *tört* лексемасының архетұлғасын созылыңқы дауысты арқылы береді. *tört* СФ, 197. Ұйғыр тілі диалектілерінде *tört* сан есімінің құрамындағы *r*, *t* дыбыстарының элизиясы да кездеседі: *töt*, *tö* «четыре»¹.

**kört* → *kortle* «көрікті, әдемі» Эл. I: *Kortle* «антрапоним» Эл. III, ДТД, 56. Қаз. *kör(i)k*; башқ. *kürk*; қырғ. *körüik*; қар., құм. *körk*; тат. *kürük*. Қазіргі түркі тілдеріндегі *körg/körüg* ≈ *körk/körig* сөздерінің түбірін *kör* «көру» етістігінен таратқан Э.В.Севортян соңғы дауыссыз *-g* дыбысын морфологиялық белгі ретінде танып, толық формасы *-üg* екенін көрсетеді ЭСТЯ III, 81. *Kör* түбір морфемасын *körnekti*, *körkem* лексемалары құрамынан да ажыратуға болады.

¹ Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьзяна. – Москва: Издательство АН СССР, 1961. –С. 161.

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есім негізді түбір морфемалар жаңа сөз тудырудағы белсенді қолданысымен ерекшеленеді, олардың қатарын бірінші дәрежелі түбір морфемалар мен екінші, үшінші дәрежелі түбір негіздер құрайды.

§4. ЕТІСТІК НЕГІЗДІ ТҮБІР МОРФЕМАЛАР

Етістіктер – семантикалық жағынан қимылды, процесті, әр түрлі өзгерісті, құбылысты тілдік жүйеде таңбалайтын сөздер тобы. «Етістік белгілі бір тілдің өзіндік ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін аса маңызды грамматикалық категориялардың бірі болып табылады. Ол іс-әрекет пен күйдің өзгерістерін көрсету арқылы лексикада ерекше орын алады. Етістік түбірінің дербес сөз ретінде сөз түрлендіру тұлғаларынан тыс қолданылмайтындығы оның өзіндік ерекшелігі болып табылады, алайда етістік түбірлерді диахрондық зерттеу барысында керісінше жағдайды аңғаруға болады»¹. Қазіргі түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі табиғаты, ұғымды берудегі абстрактылы сипаты, сөйлем құрамындағы (сөйлеудегі) икемділігі, есім негізді түбірлерге қарағанда саны біршама аз болса да, түбір морфема қызметіндегі (сөз тудырудағы) белсенділігі VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліне де тән. И.А.Батманов ескерткіштер тіліндегі етістіктер негізінде түркі тілдеріндегі етістіктерді ғасырларға созылған тілдік даму үдерісінде өзінің бастапқы тұлғасы мен мазмұнын мейілінше сақтаған, көп өзгерістерге түспеген әрі морфологиялық тұрғыдан дамыған сөздер жүйесі ретінде қарастырады². Бұл – бірнеше семантикалық, тұлғалық деривациялар аясындағы лексемалар мен семантемаларды, грамматикалық сөз тұлғалары мен грамматикалық мағыналарды қамтитын гомогенді түбірлердің жалпы тұрпаты мен жалпы мазмұны тұрғысынан айтылған пікір. Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар о бастағы жалпы тұрпат пен мазмұнды сақтай отырып, мағынасы мен тұлғасын үнемі өзгертіп отырады.

¹ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 19-20-беттер.

² Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959. – С. 83-84.

А.Н. Кононов түркі тілдеріндегі түбір сөздердің құрылымдық-мағыналық өзгерістерін олардың сөзжасамдық әлеуетімен байланыстырады: «Корень слова – понятие историческое в том смысле, что структура корня изменяется в независимости от ряда обстоятельств, и в первую очередь от сохранения или угасания словотворческой способности отдельных формантов; известно, например, что в современных тюркских языках исходной основой для образования глагола *baуla* «связывать» служит имя существительное *baу* «связка», «узел», состоящее из глагола *ba* «связывать» + афф. от глагольного имени существительного *-γ/-g*; ср. еще: *ba+n* «обвязываться», *ba+l* «быть связанным»; *ögrän* «учиться» < *ög* «разум» < *ö* «думать»; *sana* «считать» < *san* «счет» < *sa* «считать» (>*san* «считаться»)»¹. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан етістік негізді түбір морфемалардың әр кезеңдегі статикалық сипаты бірнеше интралингвистикалық заңдылықтар мен экстралингвистикалық факторлардың нәтижесін көрсететін тарихи құрылым болып табылады Сондықтан ескерткіштер тіліндегі етістік негізді түбір морфемаларды ажыратып, құрылымдық модельдерін жүйелеу, мазмұндық аясы мен түрлену ерекшеліктерін саралау түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызды мәселе болып қала бермек.

V моделі бойынша жасалған етістік негізді түбір морфемалар:

и «белгілі бір іс-әрекетті істей білу» ДТС, 603: *Jaүi bolip, itinü jaratunu umadıq, janı ičikmis* КТү. 10 «Жау болып қолдарынан түк келмей және бағынды» Айд. I, 173.

и «ұлғаю, үлкею» Эл. 1, ДТД, 74. Көне жазбалар тілінде «ұлғаю, өсу» мәнін беретін *и* түбірінің дербес лексемалық деңгейде қолданылуы Элегест ескерткіштерінің мәтінінде кездеседі. Басқа көне түркі жазба мұраларында *и* түбірінен жасалған **ul* түбір-негізі қолданылады: *ulga* «расти, сделаться большим» Е. 29, Е. 7, ДТД, 76; *ulgat* «вырастить» ХБ, ДТД, 76; *uluγ/ulug* «большой, важный, старший» Е. 47, Тон. 5, КЧ. 3, КТү. 28, 34, ДТД, 76. Ескі қыпшақ тілінде *ulaldur* «увеличивать, умножать», *ulu* «большой» Құрыш. 209. башқ. *olo*; тат. *oli/olü*; ққалп. *ulli*; қаз. *uli/ulıq* «великий, большой». Қазіргі түркі тілдері деректері бойынша көнетүркілік *и* түбірінің **i*, **o* варианттары белгілі.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VIII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980 – С. 77.

i «жіберу, қозғау» ДТД, 83: *Ötügen jir olurup, arqış tirkiş isar, neñ buñu jоq* КТк. 8 «Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберсең, еш мұның жоқ» Айд. I. Ескерткіштер тілінде осы түбір арқылы жасалған *id* «посылать, направлять, бросить» Он. I, 2, КТү. 6, МЧ. II, 22, *it* «посылать» КТк. 12, Тон. 42, ДТД, 83, 85 дербес лексемалары да қолданыста. ВС моделі арқылы жасалған етістік негізді түбір морфемалар:

**ay* → *ayit* «отгонять, разгонять» ДТС, 20: *Oza kelmis süsin Kültegin ayitip, Toңra bir oñuñ alpaуи on erig toñatigin jоyinta egirip ölürtimiz* КТү. 47 «Оза келген әскерді Күлтегін қуып, Тоңра руынан шыққан он ерді Тоңатегінді жерлегенде өлтірдік» Айд. I, 181. **ay* моносиллабы қазақ тілінде «босату, жіберу» мәнін беретін *ayit* етістігінің құрамында сақталған: *құлынды, бұзауды ағыт, түймеңді ағыт; суды ағыт* т.б.; қырғ., ққалп. *ayit*. Көне түркілік *ayit* сөзінің «айыр, ағыт, босат, жібер» мағыналары көрсетіледі Айд. I, 206.

**ad* → *adaу/adaq* «аяқ». Түбір морфемада «жалпы қозғалыс» семасы бар: *Türk budun adaq qamaştıdi* КТү. 47 «Түркі халқының аяғы әлсіреді» Айд. I, 181, Лев. 43 ~ ескі қыпшақ тілінде – *adaq/ajaq* Құрыш.79, *azaq* МҚ. I, 66; тат., башқ., құм., ноғ., ққал., қаз. *ajaq*.

**ad* → *adinciy* «бөліну, бөтен» ДТС, 10, «айрықша, ерекше»: *Aңar adinciy barq jaraturdim* КТк. 12 «Оларға ерекше жай салдырдым» Айд. I, 170 ~ е. қып. **aj/ej* → *ajruq/ejriki* Құрыш. 81; ққалп. *ajriq*, қаз. *ajriqşalerekşe*.

**ad* → *adiril* «ажырау, айрылу» ДТД, 32: *Qara Ćur esiz ... özüge ujararına adirilmiş* Тал. 2 «Қайран Қара Чур өз ұяларынан, туыстарынан айырылды» Аманж. II, 44 ~ е. қып. *aj* → *ajril* Құрыш. 81, башқ., ноғ., қар., ққалп., қаз. *ajiril*; тат. *ajeril*: Көне түркілік **ad* түбір морфемасы қазақ тіліндегі *adira qal* тіркесінің, *adir* (адыр-адыр жер) лексемасының құрамында сақталған.

**ad* → *adyir* «айғыр» ДТД, 40, түбір морфемасы қимыл-қозғалысты білдіреді: *Kultegin Bajırqunıñ aq adyiriу binip orlaju tegdi* КТү. 35 «Күлтегін Байырғының ақ айғырын мініп шабуылға шықты» Айд. I, 179 ~ е. қып. **aj* → *ajyir*, **az* → *azyir* Құрыш.80; баш., ноғ., тат., құм., ққалп., қаз. *ajyir*. Түркі-монғол тілдеріне ортақ *adyir* лексемасы жалпы алтай тілдері бойынша **ad* ≈ **az* ≈ **až* ≈ **at* ≈ **as* ≈ **ax* ≈ **aj* ≈ **oj* ≈ **öj* гомогенді түбір морфемалар кешенін құрайды.

*az → *azman* «азбан, айғыр» ДТС, 73: *Kültegin azman aqıy binip orlaju tegdi* КТҮ. 45 «Күлтегін Азбан ағын мініп шабуылға шықты» Айд. I, 181 ~ қаз. *az(ban)*; ққалп. *az(man)* «жеребец», *ау «бөліну», *ad «айақ», *ad «бөтен», *ad «бөліну», *ad «айғыр», *az «азбан» моносиллабтары «қозғалу, қимыл, бөліну» идеясын сақтаған жалпытүркілік *aq~ay~at~ad~az~až ~aj~aw* т.б. гомогенді моносиллабтар кешеніне кіретін туынды тұлғалар, гипотезалық ілкі түбірі *a/*i тұлғалы V моделі. Түбір морфемасы *a/*i қимылды білдіретін етістік негізді тұлға.

aj «айт, айту, сөйле, сөйлеу» ДТС, 25: *Bilge tonukuq baqa ajdi* Тон. 31 «Білгіш Тоникуқ маған айтты» Айд. II, 110. Көне түркілік *aj* түбір морфемасы басқа түркі тілдері тәрізді үш құрамды VCC моделімен беріледі: е. қып., қар., құм., ққалп., ноғ., қаз. *ajt*; тат., башқ. *ajt*. Қазақ тіліндегі *Ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ* деген тұрақты оралымның құрамындағы *aj* моносиллабы көнеден қалған белгі. Н.Уәлиұлы аталған тұрақты оралымның кейде жіңішке *ä* тұлғасымен *äi der äje жоқ, қой der қожа жоқ* түрінде де қолданылатынын көрсете отырып, *aj~äj* тұлғаларының алмасып қолданылуын сөз орамдарының эфониялық үйлесіміне байланысты түсіндіреді¹. Синхрондық тұрғыдан алғанда аталған контекстегі *aj* тұлғасы одағай мәнін бергенімен, тіл дамуының терең қабаттарындағы күрделі лингвоонтологиялық үдерістердің табиғатын меңзейді. Қазіргі қазақ тіліндегі *ajıaj*, көне түркі тіліндегі *ajııci* «кеңесші, ақылшы»: *Qayanı alp ermis, ajııci si bilge ermis* Тон. 10 «Қағаны алып еді, ақылшысы білгір еді» Айд. II, 105 сөздерінің семантикасы арқылы *aj* түбір морфемасының алғашқы мазмұндық шеңберіне «сөйлеу» ұғымымен қатар «сөз» ұғымы да кіргенін болжауға болады.

*ar → *arıq* «арықтау, арық» ДТС, 52 ~ ққалп., ноғ., құм., қаз. *arıq*; қырғ. *arik*. Ескерткіштер тілінде «арық, арықтау» мәнімен бірге «шаршау, азып-тозу» мағынасы да қолданылады: *Arıq oqsen* «шаршаған (азып-тозған) русың сен» КТк. 8. «Шаршап-шалдығу» мәні қыпшақ тілдерінде де сақталған: қаз. *arıp-aşuw*; башқ. *arınua* «уставать, переутомляться» БРБУС, 12. Е.Қажыбек *ar түбір морфемасын жалпыалтайлық лексикалық қабатқа жатқыза отырып, «ажырау, айырылу» семасын

¹ Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 64-бет.

беретін *aj* моносиллабымен жақындығын көрсетеді ГИК, 246. *ar* моносиллабын қазақ тіліндегі *arši, aruula, aruw, ariq* «бұлақ» сөздерінің құрамынан да ажыратуға болады. «Арылу, тазару, ажырау, аралық» семасын беретін **ar* түбір морфемасы мен «көбейту, арттыру, жүкті тиеу, керуен» сөздеріне негіз болған **ar* түбір морфемасының ортақ мазмұнынан антиномиялық қатынастың ізі байқалады. Мұндай мысалдар түркі тілдеріндегі түбір табиғатының сыры тым тереңде жатқанын, тіл онтологиясымен сабақтастыра қарастыруды қажет ететін мәселе екенін көрсетеді.

al «ал, алу» ДТС, 32: *Bilig bilmez kisi ol sabiy alur..*КТк. 7 «Білік білмес кісі сол сөзді алып...» Айд. I, 169 ~ е. қып. *al*→*alyil* Құрыш. 83; қар., құм., ққалп., тат., башқ., ноғ., қырғ., қаз. *al*. Ескерткіштер тілінде осы түбірден жасалған *aliy* «добыча», *alič* «успех» СДЕ, 208 сөздері де тіркелген. *Al* етістігі қазіргі түркі тілдерінде мағыналық жағынан да тұлғалық жағынан өзгерістерге түспей жеткен дербес лексемалардың бірі. *Al* моносиллабы көнетүркілік *el*→*elig* КТү. 32 «қол» сөзімен байланысты болуы мүмкін. *Elig* сөзі қазақ тілінде өлшемдік мәнді білдіретін *eli* сөзінде сақталған: *Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қою (мәтел)*.

**al*→*albaу*: *Ab albaу* «аулау (аң, құс), развлечение» Аманж. II, 96. Жалпы түркі тілдері бойынша «алдау», «алдарқату» «қу», «қулық», «жұбаныш», «ермек», «көңіл көтеру» семаларын бойына жинақтаған *al* моносиллабының «көңіл көтеру» мәні қазақ тілінде контекст арқылы анықталатын *aldaniš* лексемасында сақталған. Ескі қыпшақ ескерткіштері тілінде: *al*→*aldayil* «обманывать, лгать», *al*→*aliy* «трус, трусливый» Құрыш. 83; қар., құм., тат., башқ., ноғ., ққалп., қаз. *alda*.

**aη*→*aηla* «аңғару, түсіну» СДЕ, 209; *aηa* «разуметь, понимать» ДТС, 46: *Aniy ol öz aηlar* «сұм ол өзі-ақ аңғарар» ~ тат., қар., ққалп., ноғ. *aηla*; башқ. *aηnan*; қаз. *aηla, aηyar*. Ескі қыпшақ тілінде *aη*→*aηyil* «помнить, вспомнить» Құрыш. 85. Қазақ тіліндегі *aηyal, aηqaw* сөздері де *aη* моносиллабы негізінде жасалған. Ескерткіштер тілінде қолданылған

**op*→*opla* «шабуылдау(опыру)» ДТС, 368. С.Е.Малов, И.Батмановтар Күлтегін ескерткіші тілінде жиі қолданылатын *opla* лексемасының аудармасын «шабуылдау» ДТД, 140, Мал. II, 89деп берсе, Ғ.Айдаров қазақ тіліндегі *opiruw* етістігімен байланыстыра қарап, сөз мағынасын

«опыра шабуылдау» деп нақтылай түскенімен мәтін аудармасында «шабуыл» түрінде қолданады: *Alp šalci aq atin binip orlaju tegdi* КТү. 43 «Алып шалшы ақ атып мініп шабуылға шықты» Айд. I, 180, 216. Э.Севортян түркі тілдеріндегі *orur* сөзін түрікмен тілінде дербес лексема ретінде қолданылатын ор «құлау, опырылу, жарылу» етістігіне және – *ur* аффиксіне жіктейді ЭСТЯ I, 466. Көне түркілік *orla* етістігінің және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *opir/lupir* етістігінің мәні **or* түбір морфемасының мәнімен сәйкес келеді.

**ök* → *ökün* «өкін, өкіну» КТү. 40, БҚ. 38, «қайғыру, қайғы» Е. 28, ДТД, 77: *Antay ödke ökünün* КТү. 40 «Сол кезде өкініп» Айд. 179 ~ қар., қырғ. *ökün*; қаз., ққалп., ноғ. *ökin*; тат., башқ. *ükin. ökun* сөзі *ö* «ойлау» лексемасының өздік етіс тұлғасының интенсивті формасы ретінде қарастырылады ЭСТЯ I, 524. Сондықтан *ök* моносиллабы да тарихи түбір морфема бола алмайды. Салыстырыңыз: *өт* → *өтініш*.

öl → *ölür* «өл, өлу» Орх., Е., Тал.,Тар.: *Küli-çor jeti jaşına jigren ölürti. Toquz jasyña aziylyu toquz ölürti. Qarluq jayit[t]uqda tezde süñüsdükde* КЧ. II. 18 «Күлли-чор жеті жасында жәйрән (киік) өлтірді (аулады), тоғыз жасында азулы доңыз (қабан) өлтірді. Қарлұқтар жауыға келгенде Тезде соғысқанда». Көнетүркілік *öl* түбір морфемасы қазіргі түркі тілдерінде өзгеріссіз қолданылады.

üz «үз, үзу» Тон. 13, 4: *Jinçge eriklig üzgeli uçuz* «Жіңішкені үзу оңай» Айд. II, 106. Қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *üz*; тат., башқ. *öz*.

**ir* → *iraq* «жырақтау, алыстау» ДТД, 84. Ғ.Айдаров «жырақ» деген мағынада аударады: *İraq erser, jablaq ayi berün, jayıuq erser, edgü ayi berür* КТк. 7 «Жырақта болса жаман сыйлық берер, жақын болса игі сыйлық берер» Айд. I, 169 ~ қаз. *žiraq*; ққалп. *ıraq/žiraq*. Орта ғасыр ескерткіштерінде қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде, *jıraq* түрінде тұлғаланады, зерттеушілер де бастапқы формасы ретінде *jir* моносиллабын таниды ЭСТЯ IV, 386. А.Н.Кононов *jıraq/žiraq* сөзін көне түркі жазбаларында қолданылатын *jiraja* «сол жақ, солға, солтүстік» сөзімен байланыстырады ГЯТР, 38.

**iç* → *içünmiš* «лақтыр, лақтыру, таста, тастау» Орх.: *Uzun tonlıy küzünüsün kölke içünmiš* ЫБ.22 «Ұзын киімді (әйел) өз айнасын көлге тастады» Айд. III, 162. Көнетүркілік **iç* түбір морфемасы **id* «ыту, лақтыру» мәніндегі түбір морфемамен төркіндес болғандықтан екі форма да архиформалық сапасын жояды.

in «төменде, төмендеу, түс, түсу (таудан, биіктен)» Тон. 26, КТү. 12, Е. 38, ДТД, 84: *Jobalı intimiz* Тон. 26 «қиындықпен түстік» Айд. III, 108. Көне түркі тіліндегі *in* моносиллабының «төмен түсу» мәні «жерден қазылған жәндіктердің, майда аңдардың тұрағы» мағынасын беретін *in* сөзінде сақталған: қаз., қар. *in*; құм., ноғ., ққалп. *ijn*, башқ. *öñ*. Э.В.Севортян *in* лексемасын *en* «ену, кіру» сөзімен байланыстырады (ЭСТЯ I, 352-353).

ir «ілес, ілесу, артынан бару, қуалау» КТү. 40, ДТД, 84. Ғ.Айдаров *ir* моносиллабын «қуу» мағынасында аударады Айд. I, 222: *Antay ögke ökünup, Külteginig az erin irtürü itimiz* КТү. 40 «Сол кезде өкініп, Күлтегінді аз ерімен шайқасуға (қуалауға) жібердік». Қазіргі қыпшақ тілдерінде *ir* лексемасы тіркелмеген. Салыстырыңыз: қазақ тілінде *irkes-tirkes* «іле-шала».

CV моделі арқылы жасалған етістік негізді түбір морфемалар:

jelji «же, жеу»: *Kejük jiju tabısan jiju olurur ertimiz* Тон. 7 «Киік жеп, қоян жеп отыратын едік» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп. *že*, тат. *žij*; башқ., құм., ноғ. *ē*.

sa «сана, санау» ДТС, 478, КТк. 9, Тон. 42, 27, ДТД, 67. Орхон ескерткіштері тілінде екінші дәрежелі *san* түбір морфемасы да қолданыста: *Sanaçalı tösürtimiz* Тон. 21 «Санағалы тоқтадық» Айд. II, 109 ~ қаз., ққалп., қар., қырғ., тат., ноғ. *sana*; башқ. *hana*. XI ғасыр түркілері тілінде *san* лексемасының шағын формасы *sa* тұлғасының да қолданылғанын М.Қашқари шығармасының тілінен байқаймыз МҚ. III, 247.

ti/te «де, айт, сөйле» МЧ. III, 28, БҚ. 25, 29, Он. I, 3, 6, ДТД, 71, КТк. 6, 7, 9, 12, ДТС, 545: *Çuq tiñ qutluğ bolzun, - tir* ҮБ «Я құтты келін болсын, дер; *Tort bulundaqı edğüsi uijari tirilipen meñileijür, bedizleijür, - tir* ҮБ.28 «Төрт бұрышыңдағы (айналаңдағы) жақсылары жиналып келіп сүйінші сұрады, қуанды, -дер; *Qamiş ara qalmiş teñri unamaduğ abinçi qatun bolzun, - tir* ҮБ.38 «Өгіз қамыс арасына келді, тәңірдің кімге хайыр болмаса қуанышты қатын болсын, - дер; *Jariñ jañraijur kiçe keñrenür, - tir, ança bilinler muñluğ ol* ҮБ.22 «Ертемен күні бойы күңіреніп жылады, дер сонша білің мұңды ол»; *Kiijik oğli men otsuz subsuz qaltıuijün neçük ijorıijün, - tir* ҮБ.45 «Киік баласымын, Отсыз, сусыз қалай күн көрем, қалай жүрем, - дер» Айд. III, 165; *İraq erser, jablağ ağı birur, jağuğ erser, edgu ağı birür tir* КТк. 7 «Жырақ болса жа-

ман сыйлық берер, жақын болса игі сыйлық берер деп» Айд. I, 169 ~ қаз., құм., ноғ., ққалп. *de*; тат. *dij*; башқ. *tij*. Көне түркілік *ti/te* түбір морфемасы қазақ тілінде *de* тұлғасында әдеби тілде де, ауызекі тілде де кеңінен қолданылады.

sī «сын, сыну, сындыру, бузу» КТк. 11; КТү. 36, ДТД, 66: *Ol tegdükte Bajurqunıñ aq adüitiü udliqin siju urti* КТү. 36 «Ол айқаста өкшелей қуғанында Байырғуның ақ айғыры мертiкті» Айд. I, 179 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., тат. *sın*; башқ. *hın*.

CVC моделінен жасалған етістік негізді түбір морфемалар:

baу «рулық жіктеліс (бөліну, жіктелу)» ДТД, 33, Е. 39. А. Аманжолов Енисей жазбаларындағы *Altı baу buduñ* тіркесін «Алты баулы халқым» Аманж. I, 48 деп аударады. Е.3: *ban* «байла, байлау» Аманж. I, 49. *baу, ban* сөздерінің құрамынанба «байла, байлау» түбір морфемасы ажырайды.

bat «бат, бату» ДТД, 34, КТк. 2, БҚ. 26, МЧ. II, 13: *Qurıyaru kün batsıqıña* КТк. 2 «кейін күн батыста...» Айд. I, 168 ~ қаз., қырғ., ноғ., құм., ққалп., башқ., тат. *bat*. *Bat* түбір морфемасы *batpaq, batqaq, bataq, batmaq, putxax* «батпақ» сөздерінің жасалуына да негіз болғанын ескерткіштер тіліндегі *batım* «терең, тереңдік» лексемасының қолданысы арқылы түсіндіруге болады. *Bat* моносиллабы таза түркілік лексема, тунгус-маньчжур, монғол тілдеріндегі *bat* «вмещаться» сөзін зерттеушілер якут тілі арқылы енген элемент ретінде қарастырады¹.

buz «бұз, бұзу, жеңу» ДТД, 35, БҚ. 24, Он. II, 1; КТү. 31: *Altı çub soıdaq tара süledimiz, buzdımız* «Алты баулы Соғдаққа қарсы соғыстық, талқандадық» Айд. I, 178 ~ қаз., ққалп. *buz*; башқ. *boz*; ноғ., құм., тат. *buwz*.

bir/ber «бер, беру» ДТД, 37, КТү. 14, МЧ. IY, 44. Он. II, 2, Тон. 2, Е. 28: *Elig jil isig-küçig birmis* КТү. 8 «Елу жыл күш-жігерін жұмсады» Айд. I, 172 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., қырғ. *ber*; башқ., тат. *bijr*. А.М.Щербак жалпы түркілік тілдеріндегі *ber≈bir≈bijr≈bär≈ver≈var≈par≈pär≈per* моносиллабтарының архитұлғасы ретінде созылықты айтылатын *pär* СФ, 195, тұлғасы таныса, Э.В.Севортян якут тіліне тән *bëg* моделін көне тұлға деп санайды ЭСТЯ II, 115. Ескерткіштер тілінде де, қазіргі

¹ Дмитриева Л.В. Этимология географических аппелятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. – Ленинград: Наука, 1984. – С. 137.

қыпшақ тілдерінде де *ber* етістігінің жартылай созылыңқы сипаты сақталған. Түбір морфемалық қызметі белсенді.

bil «біл, білу» ДТД, 36, Тон. 7; КЧ. 7, Е. 25: Añar körü bilin КТк. 11 «Бұған қарап білің» (Айд. I, 170) ~ қаз., ққалп., құм., ноғ. *bil*; тат. *bijl*; башқ. *bel*. Көне түркілік *bil* етістігі қазіргі түркі тілдерінде өзгеріссіз сақталған, сондай-ақ сөзжасам үдерісінде де, сөз түрленім жүйесінде де кеңінен қолданылады.

bin «мін, міну» ДТД, 38 КЧ. 15, 19; КТү. 36: Üçünç jegin Silig begin kedimlig toriü at binip tegdi «Үшінші Иегін Сілікбектің ерттеулі торы атын мініп тиді» КТү. 34 (Айд. I, 178) ~ қаз., қар. *min*; ноғ., ққалп. *miñn*; тат., башқ. *men*.

**bed* → *bediz* «бедерле, өрнекте, бедер, өрнек» ДТД, 36, КТк. 11, КЧ. 24, Е. 32: Tabıaç qaıanta bedizçi kelürtim, bediztim «Табғаш қағаннан шебер келтірдім, өрнектеттім» Айд. I, 170 ~ тат., башқ. *bijzäk, bijzew*. Көне түркілік **bed* түбір морфемасы қазақ тілінде *beder* лексемасының құрамында және **bez* тұлғасымен *bezek* сөзінің құрамында сақталған.

**bit* → *biti* → *bitig* «жаз, жазу» ДТД, 37, МЧ. II, 20, БҚ. 1, КТү. 53, Е. 37: Beңgü tas toqitdim, bitidim КТк. 13 «Мәңгі тас тоқыттым, жаздым» Айд. I, 171 ~ ескі қып. т. *bitik*; тат. *betek* Құрыш. 97; қаз. *bitik tas*. Жалпы алтай тілдері бойынша *bitig* лексемасының «жазу», «хат», «құжат», «жазба», «кітап», «әріп», «шығарма», «сауаттылық» мағыналары белгілі ЭСТЯ II, 156-158. Көне түркі жазбаларындағы **bed*, **bit* түбір морфемаларының мазмұнында «ойып, кертіп таңба, өрнек салу» семасы ортақ.

bök «бөк, бөгу (тойыну, қызығын көру)» ДТД, 36, Е. 3, 7, 8, 11: Teңri elimke bökmedim «Бөгіп тойынбадым» Аманж. I, 49 ~ қаз. *bök* «ісіну, көбею»; *bökpe* «күріштен, тарыдан жасалған ботқа» СтОКО, 196.

bol «бол, болу» ДТД, 35, МЧ. I, 10, КТү. I, Е. 29, КЧ. 2, КТү. 11: Türk budun joq bolmazun tijin «Түрік халқы жоқ болмасын дейін» Айд. I, 173 ~ қаз., ноғ., құм., қырғ. *bol*; тат., башқ. *bul*. Қыпшақ және оғыз тілдеріндегі *bol/ol* етістігінің қай тұлғасының бастапқы екені әлі басы ашылмаған мәселе. В.Радлов, А.Вамберилер *ol* тұлғасын архетип ретінде таныса, М.Рясянен, Г.Дерфер үш құрамды тұлғасының көнелігін көрсетеді ЭСТЯ II, 188, А.М.Щербак *bol* етістігін *pöl* түрінде реконструкциялайды СФ, 196. Ескерткіштер тілінде *ol* тұлғасының тіркелмеуі көне мұралар тілінің қыпшақтық сипатын білдіреді.

bos/boš «босау, бос» КТк. 7; МЧ. II, 19 (ДТД. 35) ~ қаз., ққалп., ноғ. *bos*; қар., қырғ. *boš*; тат., башқ. *buš. boš/bos/buš* тұлғаларының архетипін Э.Севортян *boš* түрінде ЭСТЯ II, 204, А.Щербак *pōš* СФ, 196 түрінде көрсетеді.

buj*→*bujur*→*bujruk* «бұйыр, бұйыру, бұйырушу» ДТД, 35, КТк. 1, Е. 47: *Bujruqi jeme bilge ermis* «Бұйрықтары да білгір еді» Айд. II, 171 ~ қаз. *bujir, bujriq*; ққал. *bujur, bujrik*; қар. *bujrur, bujruх*; ноғ. *bujir, bujrik*; башқ. *bojor, bojorok*; тат. *boer, boerik*. Қазіргі қыпшақ тілдерінде «бұйрық беруші» мәніндегі есім сөз тіркелмеген.buj* түбір морфемасы өлі түбірлер қатарына жатады.

**jaj*→*jajmis* «жең, жеңу» Он. I, 1, ДТД, 42. Көне түркі тіліндегі *jajmis* лексемасымен қазақ тіліндегі *žajratuw*←*žajra, žajrayir* «қарғ. жер жастанғыр, мүрдем кеткір» ҚТТС III, 536 сөзінің семантикалық бай-ланысы байқалады. *jaj/žaj* морфемаларының ортақ негізі – *jal/ža* «садақ, садақтың оғы» тұлғасы болуы мүмкін. Қаз. *žaj/žaq*; ққал. *žaj*; құм. *žaja*; ноғ. *jaj*; тат. *žäjä*; башқ. *jäjä*; қар. *jajluk*. Ескерткіштер тілінде «жеңу» мәнін беретін *jan* сөзі де қолданылады: Ані *janir, Türgi jarγun költe buzdımız* «Оны жеңіп, Түргі Иарғын көлінде талқандадық» КТү. 34 Айд. I, 178: қаз., қырғ., ққалп. *žen*; башқ. *jin*; құм., ноғ. *jen*; тат. *žijn*. Түркі тілдерінде «садақ» мағынасын беретін *jan* моносиллабы да белгілі ЭСТЯ IV, 111.

**jig/jeg*→*jeged* «жақсару» ДТД, 46, БҚ. 36, Е. 24, КТү. 29: *İγur eligde jig qiltim* «Ығыр болған қағандықты игі етім» Сартқ. II, 167, 175 ~ қаз., ноғ. *ijgi*; тат., башқ. *ijge*. Түркі тілдері бойынша тарихи түбір морфемалар кешенін полисемиялық **ig* ≈ *eg* ≈ *ed* ≈ *ez* ≈ *ej* ≈ *id* ≈ *iz* ≈ *ij* моносиллабтары құрайды.

jig/jiy «құлату», «жинау, құрау» ДТД, 46, Он. I, 1; Тон. 43: *Keligme beglerin budunin itin jiyir* «Киген бектерін, халқын жиып жатқанда» Айд. II, 112 ~ қаз., ққалп. *žij*; башқ., ноғ., құм. *jij*. Қазіргі түркі тілдерінде *jiy/jiq* түбір морфемасы антонимдік сипатта «бұзу, құлату» мағынасында да қолданылады: қаз., ққалп. *žiq*; ноғ., құм. *jij*; қар., башқ. *jiy*. Э.Құрышжанов қыпшақ элементтерін сақтаған жазба ескерткіштер тілі бойынша *jig*→*jiiqqil* сөзінің «разрушать», «разваливать», «обрушивать», «опустошать», «ломать», «сносить» мағыналарын көрсетеді Құрыш. 130. Бұл *jiy/jij*≈*žiy/žij* түбір-негіздерінің құрамындағы **ji*/**zi* тұлғаларының мазмұндық аясына байланысты.

**jo*→*jol* «жүру, жолға шығу», «жол», тарихи түбір морфемада қозғалыс семасы сақталған. ДТД, 45 КТү. 49, Е. 44, МЧ. II, 35, Тон. 16: *Jolta jeme ölti küp* «жолда тағы да көп өлді» Айд. II, 107; ~ қаз., ққалп. *žol*; башқ., тат. *jul*; ноғ., құм., қар. *jol*. Қозғалыс әрекетінің негізгісі жүрістің нәтижесінде қайда болатын объекті атауы *žol* лексемасы жалпы қозғалысты білдіретін **zū*→*zür*, **zo*→*žopt*, *žorıq*, **ži*→*žilži* моносиллабтарымен түбірлес болуы мүмкін.

juu «жыла, жылау» ДТД, 45, КТү. 4, 51: *Juüci-siüitci enre kün toüssiqda Bökli čölig il* «Жылап-сықтаған: әуелі күн шығыстан Бөкли шөлінің елі...» Айд. I, 172 ~ қаз., ққалп. *žila*; қырғ., ноғ., құм. *jila*; башқ. *ijla*; тат. *ela*. Ескерткіштер тілінде жүтүбір морфемасының *jü/iü* тұлғалары да қолданылады.

küm «дыбыстау, хабарлау» Е. 47, ДТД, 56: қаз. *küm* → *kümbir*, ілкі түбірі *kü* «молва, слух» ДТД, 55: *kü* → *kübir* → *künkil*. Ескерткіштер тілінде «хабар, дыбыс, сыбыс» мәндерін беретін *ku* тұлғасы да сақталғаны белгілі. Қазақ тіліндегі *kümbir* (добыраның т.б. күмбірі), *kübir* сөздерінің табиғаты арқылы көнетүркілік **kü*→*küm* түбір морфемасының имитативтік негізін аңғаруға болады.

qaz/kaz «қаз, қазу» СДЕ, 223→*kazgan* «табу (пайда табу), ие болу» ДТД, 50, Он. II, 4, КЧ. 16, БҚ. 36: *Törüg jigdi qazıandım* «Төрін игі етіп, иелігінде ұстадым» Сартқ. II, 197 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qaz*; тат., башқ. *qaz/kaz*. *qaz* моносиллабының ауыс мағынасы «иелік ету», «дүние, байлық (біреудің иелігінде)» қазіргі қазақ тіліндегі *qazına* (қазынаның мүлкі) сөзінде сақталған АЭ, 87.

qab/kab «қабылда, қабылдау, келісу» СДЕ, 223 «ұстау» ДТС, 440, МЧ. II, 23, Тон. 12, 20: *Altun jış üze qabısalım timis* «Алтын қойнауында бірігейік деді» Айд. II, 107 ~ қаз., ққалп., тат. *qap*. Көне түркілік *qap* «ұстау, тістеу, бірігу» сөзінің мағыналары қазақ тіліндегі *qabısuw*, *qawıšuw*, *qapsırma* т.б. сөздерде, ал ауыс мағынасы «келісу» *qabilda* етістігі арқылы беріледі. М.Қашқари тілінде қолданылған *qa* МҚ, III, 211, 249) «сосуд, посуда», «складывать, класть» ДТС, 399 моносиллабы арқылы туындаған *qap*, *qaqraq*, *qapıy*, *qapsır* т.б. лексемалардың жалпы мазмұны мен *qab* «ұстау» сөзінің семантикасы арасындағы сабақтастық негізінде *qab* моносиллабының да екінші дәрежелі түбір морфема екені анықталады АЭ, 87.

qal «қал, қалу» ДТД, 50, МЧ. I, 1, Е. 45, Тал. IY, Тон. 4, КТк. 9: Anta qalmisi jir saju qor turu «Онда қалғандар жер-жерге қаңғып...» Айд. I, 170 ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., башқ., тат. *qal*.

qod «қой, қою» ДТД, 53, МЧ. II, 14; Тон. 2: Qanin qodir «Қанын қойып» Айд. II, 104 ~ ққалп., ноғ., қар. *qoj*; тат. *kuj*. Көне түркі тіліндегі *qod* түбір морфемасы қазақ тілінде *qoj* тұлғасында белсенді түрде қолданылады.

qas «қаш, қашу» СДЕ, 225, Он. I, 1; МЧ. II, 13; Е. 16: қаз., құм., қалп., ноғ. *qas*; қар., тат. *kas*. Қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *qas* түбір етістігі арқылы жасалған туынды сөздер негізінде *qas* тұлғасының «алыс, жырақ», «алыстау», ұғымдарының мазмұнын да білдіретінін аңғаруға болады, мысалы: *qasiq* «алыс» СтоКО, 243.

**qob*→*qobrat* «жинау» МЧ. I, 5, КТк. 10: Qayanolurir, joq, ciyajibuduniy qor qobratdim «Қаған болып, жоқ, жарлы халықты көп көтердім (жинадым)» Айд. I, 170. Қазіргі қыпшақ тілдері сөздіктерінде *qob* түбір морфемасының «жинау» мәні тіркелмеген. Салыстырыңыз: *qora*, *qotan* «мал түнейтін орын»; *qobira* «шашылу», *qobirayan* «көп, қаптаған (адам)». **qo* тұлғасының мазмұнында оппозициялық қатынастағы «жинау» ↔ «шашу» мәндері десақталған.

qat «қат, қату (түн қату)» ДТД, 51, МЧ. I, 7, КТү. 51, Тон. 35: Tün qatdimiz Bolcuqa tañ üntürü tegdimiz «Түн қаттық, Болшыға таң ата жеттік» Айд. II, 111 ~ қаз., башқ., ққалп., тат. *qat*. Қазақ тілінде *qat* моносиллабы дербес лексема түрінде де (шайға сүт қат), *tun qatuw*, *ün qatuw*, *til qatuw* т.б. тұрақты тіркестер қатарында да қолданылады. Ескі қыпшақ ескерткіштері тілінде де *qat* лексемасының «араластыру», «қосу» Құрыш. 159 мағыналары қолданылған. *qat* моносиллабы мен *qalın* сөзінің құрамындағы **qal* моносиллабы түбірлес, ортақ түбір **qa*.

**qat*→*qatun* «госпожа, жена» ДТД, 51, КТү. 25, МЧ. I, 10, Е. 12, Тал. 5, Тон. 31: Qatun joq bolmis erti «қатын өлген еді» Айд. II, 110 ~ қаз., ққалп., башқ., қар. *qatin*; ноғ., тат. *xatin*. Ескерткіштер тілінде *qat* «қайын ата» ДТД, 51 сөзі де тіркелген түркі тілдеріндегі «әйел, ханша» мәніндегі *qatin* ≈ *qadin* ≈ *gaddin* ≈ *gatin* т.б. сөзі мен «қайын жұрт» мәндерін беретін *qadin* ≈ *qazin* ≈ *qajin* т.б. «құда жұрт» мәніндегі *qida* ≈ *qoda* ≈ *koda* ≈ *qida* т.б. сөздерінің бір негізден өрбіген гомгенді лексемалар екенін аңғаруға болады. Ортақ негізі *qot* ≈ *qat* ≈ *qod* ≈ *qud* ≈ *qut* ≈ *qos* ≈ *qos* т.б.

моносиллабтары-ның түпкі мазмұны «қосу, араласу» АЭ, 93. Қазақ тіліндегі *qosaq* «жұбай» (құдай қосқан қосағы) сөзі көне түркілік *qatun* сөзінің лексикасының баламасы ретінде қолданылуы да аталған сөздердің төркіндестігін меңзейді. Ескерткіштер тілінде «әйел» мағынасын беретін *qudaz* МЧ. II, 15, ДТД, 52, сөзі де қолданылады. Салыстырыңыз: *qudaša, qudayu*. Е.Қажыбек *qat* моносиллабын «қатар», «қабат», «қатарлап, қабаттап қою» мәнін беретін *qat* синкретизмімен бірлікте қарастырады ГИК, 62, А.М.Щербак аталған моносиллабтарды жеке-жеке түбір ретінде тіркей отырып, «қатарлап жинау», «қабаттау» т.б. мәніндегі *qat* тұлғасын *qā* түрінде реконструкцияласа, «араластыру», «қосу» мәніндегі *qat* тұлғасын сол күйінде архитүбір ретінде таниды СФ, 194. Біздің ойымызша, екі тұлға түбірлес, ортақ түбір морфемасын **qa*/**qol*/**qi* тұлғалары құрайды.

qil «қыл, қылу (істеу)» ДТД, 50, Он. II, 2, Тал. I, КТү. 1: *Ekin ara kisi qilimis* «екеуінің арасында дам баласы жаралған» Айд. I, 171 ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., тат., башқ., қырғ. *qil. qil* етістігін «дене мүшесі» *qol* лесемасымен байланыстырушы пікірлер белгілі. Танымдық тұрғыдан алғанда іс-әрекет атауы мен іс-әрекеттің нәтижесінің атауы іс-әрекетті жүзеге асырушы (құрал, кәсіп иесі т.б.) атауының арасындағы байланыс сақталатыны тілдік тәжірибеден белгілі: *egeu* ≈ *egeu*, *kөш* ≈ *kөш* т.б., *i=0* сәйкестігі тілдер арасында да, бір тіл ішінде де ұшыраса беретін құбылыс.

qis «қыс, қысу» ДТД, 53, БҚ, 37, Тон. 6: *Qayan mu qisajin tidim* «Қағанды ма қысайын дедім» Айд. II, 104 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qis*; тат., башқ. *qis/kis*. Түркі тілдерінде *qis* ≈ *qış* ≈ *kis* ≈ *kış* ≈ *gis* ≈ *giş* т.б. тұлғаларында қолданылатын моносиллабтардың бастапқы тұлғасы ретінде *qis* «сжимать» варианты аталады (СФ, 194). Қазақ тіліндегі *qijin-qistaw* қос сөзі құрамындағы *qistaw* лексемасының этимологиясы да *qis* моносиллабы арқылы түсіндіріледі ҚТҚЭС, 137.

**qis*→*qisga* «қысқару, қысқа» КЧ. 23, ДТД, 54 ~ қаз., ққалп., тат., башқ., ноғ. *qisqa*; қар. *qisxa*. *qis* моносиллабы «қысу» мәнін беретін *qis* тұлғасымен бірлікте, бір сөздің дериваттары ретінде қарастырылады. Салыстырыңыз: *qij* ≈ *qir(q)* ≈ *kes*.

kel «кел, келу» ДТД, 55, Тон. 15: *Ingek kölükin Toylada oғuz kelti* «Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді» Айд. II, 107 ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *kel*; башқ., тат. *kijl, kel* ≈ *ket*.

ket «кет, кету» Е, 15, ДТД, 58 ~ қаз., ққалп., қырғ., ноғ. *ket*; башқ., тат. *kijt*: *ket* ≈ *kel*. Ортақ түбір морфемасы **ke*. *kel*≈*ket* етістіктерінің ортақ мазмұнға негізделген түбірлес сөздер екені түбіртануда көптен бері айтылып жүрген мәселе.

siy/sig «жыла, жылау» ДТД, 66 КТү. 4: *Juyċi-siyċitċi...*«жылап-сықтаған» Айд. II, 172 ~ қаз. *sġq* (жылап-сықтау).

tas→*tasġq/tašġq* «тасыну, таралу, жиналу» (ДТД, 69) МЧ. II, 17; Он. I, 8; КТү. 48; Тон. 33; Ғ.Айдаров бұл сөзді «жинау, тасу» деп аударады: Он оқ *süsi qalisiz tasġqdġ tip* «Он оқ әскері қалмай жиналды деді» Айд. II, 110 ~ қаз., ққалп., ноғ. *tasġ*; башқ., тат. *tašġ*.

tab/tap «тап, табу» → **tab*→*tabar* «мүлік, олжа» МЧ. III, 29, ДТД, 67, ДТС, 335, СДЕ, 234 ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *tap*; тат., башқ. *tav*. Зерттеушілердің пікірінше түркі тілдеріндегі *tabar* ≈ *tavar* ≈ *tuar* «мал-мүлік» лексемасы «туу» мәнінде ауыс мағынада қолданылатын *tab* ≈ *tap* етістігінен туындаған: бала тап, ұл тап, қыз тап т.б. Батыс қыпшақ тілдерінде «мал» мәніндегі *tuar* тұлғасының¹ сақталуы *tap* моносиллабы *toy* ≈ *toy* ≈ *tuw* ≈ *tuv* моносиллабтарымен генетикалық жақындығын көрсетуі де мүмкін. Р.Сыздық Қ.Жалаиридің «Жылнамалар жинағында» қолданылған *tuarqara* «жылқы» лексемасы құрамындағы *tuar* компонентін монғол тіліндегі *tuuvar* «үйір, табын» сөзімен байланыстырады².

**tap*→*tapla* «табыну, тәу ету, (қызмет ету), сиыну» ДТД, 67, БҚ. 35: *Üze teñri İduq jer subeċim qaġan quuti taplamadġ erinċ* «Жоғарыда тәңірі, киелі жер-су ағам қаған құтын қолданады» Сартқ. II, 197, 204 ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ. *tabġn*, *tāw* (тәу ету).

tog/toy «шық, шығу (күн шығу), ту, туу» ДТД, 68, БҚ. 27, Он. I, 2; КТү. 8: *İlgerü kün toysġqda ...* «Ілгері күн шығыста...» Айд. I, 172 ~ қаз., ққалп., тат. *tuw*; ноғ., құм. *tuv*; башқ. *tġw*. *toy* моносиллабының қазіргі қыпшақ тілдеріне тән *y(uw)* дыбысы арқылы қолданылуы көне ұйғыр жазбаларында, Кодекс Куманикустың немісше бөлімінде тіркелген ЭСТЯ III, 245. Жалпы түркі тілдері бойынша *toy/doy* ≈ *tuγ/duγ* ≈ *tog/dog* ≈ *tug/dug* ≈ *tuw/duw*≈*tuv/duv* т.б. түрінде тұлғаланып, «дүниеге

¹ *Сабыр М.* Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 133-бет

² *Сыздықова Р., Қойгелдиев М.* Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272-бет.

келу (туу)», «шығу (күн шығу, ай туу т.б.)» т.б. мағыналарын беретін көне түркілік *toγ* сөзі архетип ретінде танылады СФ, 197. Қыпшақ тілдеріндегі «бірінші туылған бала» мәніндегі қаз. *tuγyış*; ққалп. *tuwγyış*; қар. *tuγyıǵ* сөздері құрамындағы *tuγ*/*tun* моносиллабы да *toγ*/*tuγ* тұлғаларымен төркіндестігін байқауға болады. Э.В.Севортян алтай, қарағас тілдерінде *tuγyта* «іні, сіңлі» және қыпшақ тілдеріндегі *tuγyıǵ* сөздерін мысалға келтіре отырып, «так как в этих основах -ң едва ли могло произойти из -γ или -q, остается допустить, что ... формы γ и q восходят к -η, откуда закономерно должны были развиваться -г и -қ» ЭСТЯ III, 246 деген пікір айтады. Монғол тіліндегі *töröx* «туу», *töröl* «туыс, ағайын» МҚС, 474, қырғыз тіліндегі *törö* «туу» КРС. II, 261 сөздерінің жалпы түркілік *toγ*/*tun* ≈ *toγ*/*tuγ* ≈ *tuw*/*tuv* т.б. моносиллабтарымен жалпы тұрпаты жағынан да, мазмұны жағынан да сәйкес келуі ескерткіштер тілінде де *tor*/*tur* сөздерінің «туу» мағынасында жұмсалуды ДТД, 73 аталған тұлғалардың жалпы алтай тілдеріне ортақ **to*/**tu* «пайда болу, дүниеге келу, өмір сүру, жасау» архитүбірі арқылы қалыптасқан деп тануға негіз бар. Салыстырыңыз: *tiri*, *tirlik*.

toq*/tok* → *toqı* «тоқылдату (ұру)» ДТД, 67 Ғ.Айдаров Күлтегін ескерткішінде қолданылатын *toqı* сөзінің мәнін «ұр, ұру» Айд. I, 220 деп көрсетеді де, контексте «тоқы» түрінде аударарды: *Beγgü taš toqıtdım* «Мәңгі тас тоқыттым (қаладым)» Айд. I, 171. *toq* түбір морфемасының негізгі мазмұнын қазақ тіліндегі еліктеуіш түбірден тараған *toq-toq*, *toqpaq*, *toqıldatuw* лексемалары береді.

tuj «түй (түсін, түйсін)» ДТД, 68, МЧ. 10, Тон. 38: *Kelmisi alp tidi tujmadı* «Келгені батыр дедім түсінбеді» Айд. II, 111 ~ қаз., ққалп., ноғ. *tüj* → *tüjsik*; башқ., тат. *töj* ≈ **tü*s → *tüsin*. Ортақ түбір морфемасы **tü*.

**tok*/*toq* → *tokta* «тоқта, тоқтау» ДТД, 68 ~ қаз., ққалп. *toqta*; башқ., ноғ. *tuqta*; тат. *tukta*. **toq* морфемасы *tos* тұлғасымен түбірлес: *tospa*, *tosqawıl* т.б. Тарихи түбір морфемасы **to* тұлғасы.

**tol* → *tolgat* «қина, қинау» ДТД, 68 ~ қаз. *tolyaq* «Босанар алдында іштің қатты бүріп ауруы» ҚТТС IX, 182; қыр. *tolgok*. Қазақ тіліндегі *tolyaq* сөзімен түбірлес *tolyaw* лексемасы жайлы Қ.Жұбанов «Толғау сөзінің түбірі толға. Мұндағы-ға жұрнақ, таза түбірі *тол*, осы түбірден барып *толқын* сөзі жасалған» деген пікір айтады¹.

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 317-бет.

top→*topla* «топтау (қабаттап жинау)» ДТД, 69, Тон. 13: Jujqa eriklig tonlayalı uçuz ermis «Жұқаны жинау оңай» Айд. II, 106: қаз., ққалп., қырғ. *top* «группа»; тат., башқ. *tupla* «жинау, біріктіру» БРРБУС, 68. Қазақ тіліндегі *tobir* «көпшілік, қара халық» сөзі құрамынан да *top* моносиллабын ажыратуға болады.

tut «тұт, тұту (ұста, ұстау, қолдану)» ДТС, 591, КТү. 3; Anı için ilig anča tutmis erinç «Сол үшін еліп сонша билеген екен» Айд. I, 171 ~ қаз. *tut*; ноғ., башқ. *tot*; қар., ққалп. *tuwt*. Енисей ескерткіштері тілінде *tut* моносиллабы арқылы жасалған «кепіл» мағынасын беретін *tutig* E. 44 (ДТД, 70) сөзі де кездеседі. Көне түркілік *tutug* лексемасының қазіргі қыпшақ тілдеріндегі баламасы тұтқын сөзі: қаз. *tutqin*; тат., башқ. *totqin*; ққалп. *tuwtqin*. Қыпшақ ескерткіштері тілінде «тұтқын, еріксіз» мәніндегі *tutsaq* сөзі де қолданылған Құрыш. 206. А.М.Щербак көне түркілік *tut* моносиллабын архетип ретінде таниды СФ, 198. *tut* тұлғасы қазақ тіліндегі *tutqış*, ыстық қазанның құлағын ұстауға арналып киізден, теріден, арасына жүн, мақта салып «матадан жасалған тұрмыстық бұйым», *tutqa*, *tutinuw* «пайдалану, қолдану», *tutiqra* «тілдегі кемістік», *tutam* «ұзындық өлшемі» т.б. сөздерде сақталған. Тілдік деректер *tut* егістігі өте ерте кездерде қолданылған CVC модельді лексемаларға жататынын көрсетеді.

tök «төк, төгу» ДТД, 72, «құй, құю» СФ, 197, Тон. 52: Qizil qanım tökti «қызыл қанымда төктім» Айд. II, 113 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *tök*; тат., башқ. *tük*. Қазіргі түркі тілдерінде *tök* лексемасы тек сұйық заттарға қатысты іс-әрекетті ғана білдірмейді, құрғақ, қатты заттарға қатысты «шашу», «түсіру» мәндерінде де қолданылады: құмды *tөкті*, ақшаны *tөкті* «қалай болса солай жұмсау; орынсыз шашу».

tir/ter «тер, теру (жинау)» ДТД, 72, Тон. 36: Jaris jazida on tumen eü tirilti tir «Йарыс жазығында он мың әскер жиылды деді» Айд. II, 111 ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *ter*; тат., башқ. *tijr*. А.М.Щербак *ter* моносиллабының архитұлғасын созылыңқы дауысты дыбыс арқылы *tär* түрінде береді СФ, 197. С.Е.Малов *tir/ter* моносиллабы Синьцзян ұйғырларының тілінде *täj*, *tä* «собирать» түрінде де тұлғаланатынын көрсетеді¹. Мұндай мысалдар *ter* лексемасының туынды сөз болу мүмкіндігін негіздей түседі. *ter* лексемасының мағыналық

¹ Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьцзяна. – Москва: Издательство АН СССР, 1961. – С. 157.

қолданыстары «бір-бірлеп жинау (дәнді, моншақты, т.б.)», «үзу (гүлді, алманы, т.б.)», «жұлу (арам шөпті т.б.)» тәрізді ұғымдардан тұратын қыпшақ тілдерінің бәріне ортақ мазмұннан тарайды.

tik «тік, тігу (тігінен қою), қадау, құру» Е. 48; Эл. III ДТД, 72 ~ қаз., ққалп. *tik*; ноғ., құм., тат. *tijk*; башқ. *tek*. М.Қашқари сөздігіне және түрік тілінің жазба ескерткіштері мен диалектілерінің деректеріне сүйене отырып, Э.Севортян *tik* етістігінің көне тұлғасы *тиң (tijñ)* «прямой» ЭСТЯ III, 225 болуы мүмкін деген пікір айтады. Енисей ескерткіштері М.Қашқари дәуірінен бұрын қолданыста болуы, бұл пікірді ғылыми ақиқат ретінде қабылдауға мүмкіндік бермейді.

**tir*→*tirkış* «керуен (тіркес)» ДТД, 74, КТк. 8: *Ötüken jir olurup arqış tirkış isar* «Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберсең» Айд. I, 169. Көне түркілік *tirkış* лексемасының мәні қазақ тіліндегі *tirke, tirkес, tirkeme* сөздерінде сақталған. *tir* түбір морфемасы *tiz* (моншақты тізу) етістігімен тектес, түбір морфемасы **ti*.

tir «тіршілік ету», «тірі» ДТС, 564; *tir*→*tirig* КТү. 29: *Ölteci budunuy tirigrü irtim* «Өлмеші халықты тірілте көтердім» Айд. I, 177 ~ қаз., қар., қырғ. *tiri*; ноғ., ққалп. *tijri*; тат., башқ. *tere*. *Tir* түбір морфемасы қазақ тіліндегі *tirşilik, tirlik* лексемалары құрамында сақталған. Салыстырыңыз: жалпы алтайлық *tör* «туу, дүниеге келу».

tög→*tögün* «түй, түйю, түйін» ДТД, 72; *tüg* «түйю, байлау» ДТС, 595, Тон. 54: *Tögunlig atıyügürtmedim* «Қаптаған (жұмылған жұдырықтай) (түйілген Е.М.) аттыларды қаптатпадым (келтірмедім)» Сарт. II, 220, ~ қаз., құм., ққалп., ноғ., қырғ. *tüj*; тат., башқ. *töj*. Чуваш тілінде *tög/tüg~tüj/töj* тұлғаларының *tü*→*tüle* «завязывать узлом/узель» ЭСТЯ III, 307 түрінде қолданылуы аталған гомогенді моносиллабтар кешенін туынды тұлғалар ретінде тануға мүмкіндік береді.

tüs «түс, түсу (құлау)» ДТД, 7, МЧ. II, 19, Тон. 27, КТү. 44: *Ol at anta tüsdi* «ол ат сонда құлады» Айд. I, 180 ~ қаз., ққалп., ноғ. *tüs*; тат., башқ. *töş*. А.М.Щербак *tüs* етістігін *tüş* түрінде реконструкциялайды СФ, 198.

şak*/saq*→*şakin/saqin* «сағыну (қайғыру, мұңаю)» ДТД, 82, МЧ. I, 11, КТү. 10: *Bunča isig küçig birtükerü saqinmatı* «Сонша күш-қуатын сарп еткенін ойланады» Айд. I, 173 ~ қаз., ққалп., ноғ. *sağın*; башқ. *hayın*; тат. *sayış*. Қыпшақ ескерткіштерінде *sayışla* «думать, размыш-

лять» Құрыш., 182 сөзі кездеседі Ескерткіштер тілінде қолданылатын **siq*→*siqta* «қатты жылау» етістігі де *saq* түбір морфемасымен байланысты болуы мүмкін. Салыстырыңыз: сана «ақыл-ой, ес».

šaš «қорқу» ДТД, 82; *šaš* «растеряться» СФ, 198; **šoš* «испугаться от чего-л. страшного» СтОКО, 304 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šošuw*; қырғ. *šoši*. Түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың өзара алмасу, сәйкестік түзу мүмкіндігі жоғары болса да көнетүркілік *šaš* және қазіргі түркі тілдеріндегі **šoš* түбір морфемаларының генетикалық тегі жайлы үзілді-кесілді пікір айту қиын.

šik/sik «сық, сығу» ДТД, 82, МЧ. II, 16 ~ қаз., ққалп., ноғ. *siq*; қырғ., тат. *cik*. Қазақ тілінде *süyimda*, *süyindi* сөздерінің құрамында да қолданылатын *siq* етістігінің *sij* «белгілі бір жерге жайғасу, орналасу, ену, сіну» ҚТТС VIII, 455 етістігімен сабақтастығы аңғарылады: башқ. *hij*; ққалп., тат. *sij* «вмешаться». Салыстырыңыз: **siq* → *siqiw*.

VCC моделі бойынша жасалған етістік негізді түбір морфемалар:

**alk* «алқыну, әлсіреу» ДТД, 59; *alq*→*alqin* КТк. 9; Тон. 3: *Türk budun ölti, alqindi, joq bolti* «Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды» Айд. II, 104 ~ қаз., ққалп. *alqin*; қырғ. *alkin*. Қазақ тіліндегі *alqin* етістігінің «ентігу», «әлсіреу, шаршау» мағыналары арқылы **alq* моносиллабының негізінде еліктеуіштік мазмұн жатқанын аңғаруға болады. *Alqim* «тамақ, мойын», *alqa* «мойынға тағылатын әшекей» сөздері құрамынан да **alq* түбір морфемасын ажыратуға болады.

elt «ерту, елту» Лев. 40, КТү. 23: *Jaraqliü qantan kelip jana eltdi* «Жарақты қайдан келіп айдап кетті» Айд. I, 176 ~ ескі қыпшақ тілінде *elt* Құрыш., 111; ққалп., қар., құм. *elt*; тат., башқ. *ijlt*. Э.В.Севортян *elt* лексемасын *el* «әкелу», «апару (алып бару)», «жеткізу» түбір етістігі мен бұйрық райдың қосымшасы *-t* арқылы жасалған екінші дәрежелі етістік ретінде таниды ЭСТЯ I, 269. *elt* лексемасын *el*→*elig* «дене мүшесі, қол» сөзінің құрамындағы **el* түбір морфемасының семантикалық, тұлғалық парадигмасының аясында қарастыруға мүмкіндік бар. Бірақ «қолмен ұстап әкелу, апару» мәнін беретін *el/al* түбірімен «ілестіріп әкету, апару» мәнін беретін *elt* лексемасын байланыстыру логикалық қисынға қайшы, екі тұлғаға ортақ семантикалық уәж жеткіліксіз. Ә.Құрышжанов күнелту сөзінің құрамындағы *-elt* тұлғасын XIII ғасырдан жеткен қыпшақ ескерткіш-

тері тіліндегі *elt* етістігінің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі ретінде көрсетеді (Құрыш. 111). Қазақ тіліндегі *el/elt*→*eligitw, elikte, eltiw* сөздерінің жалпы мазмұнында «ілесу, ілестіріп әкету» мағыналарын аңғарамыз. Салыстырыңыз *er*→*ert* «ілестіру».

ürk «үрк, үрку (қорқу)» Мал. I, 365 ~ қаз., ққалп., ноғ. *ürk*; тат., башқ. *örk*. Г.Левин якут тіліндегі *ürgut* «пугать», хакас тіліндегі *ürgü* «пугаться», тува тіліндегі *ürgü* «отступать испугавшись» сөздерін мысалға келтіре отырып, *ürk* түбір морфемасын Орхон ескерткіштерілі мен якут тілінің тікелей байланысын көрсететін көне элемент ретінде қарастырады Лев. 85. Көне түркілік *ürk* етістігінің тек шығыс түркі тілдерінің ұйғыр-оғыз тобындағы тілдерде ғана емес, батыс түркі тілдерінде, олардың ішінде қыпшақ тобындағы тілдерде де көне түркілік мағынасы мен тұлғасын өзгеріссіз сақтауы Орхон ескерткіштері тіліне тек якут, тува, хакас халықтары ата-бабаларының тілін байланыстыруға болмайтынын көрсетеді. Көне түркі тілі сөздігінде *ir* «вздвогнуть», «пугаться» ДТС, 211 сөзі тіркелген. Э.В.Севортян сөз соңындағы -к тұлғасын интенсивті қимылды білдіретін көрсеткіш ретінде қарастырады ЭСТЯ I, 636. Оғуз тілдерінде *ürk* етістігінің протезалық дыбыстар арқылы тұлғалануы кездеседі: гаг. *jürkek*. Әзірбайжан тіліндегі *hürkäk* «пугливый, боязливый» АРС, 387 лексемасы құрамындағы анлаут *h* дыбысының протезалық сипаты түркі тілдеріндегі *qorq* «бояться, пугаться» СФ, 194 етістігінің этимологиясын анықтауда ескеретін мәселе. Жалпытүркілік *qorq* лексемасы-ескерткіштер тілінде де қолданылады: Неке *qorqurbiz az tijin* Тон. 39 «Неге қорқамыз азбыз деп» Айд. II, 111 ~ қаз., ноғ., ққалп. *qorq*; тат., башқ. *kurk*; Типтес фонемалар тобына жатып *q, k, γ, g, x, h* дауыссыздары түркі тілдері дамуында ерекше орын алатын дыбыстар екені белгілі, сондықтан аталған дыбыстардың анлаут жағдайда қолданылу табиғаты арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе, алғашқы түркі дауыссыздары негізінен қатаң дыбыстар болғаны жайлы теорияның көпшілік зерттеушілер тарапынан қолдау тауып отырғанына сүйенсек, анлаут позициядағы *q(k)* консонанттарының бәріне бірдей протезалық сипат беруге болмайтынын да есте ұстау қажет. Қыпшақ элементтерін сақтаған орта ғасыр ескерткіштері тілінде де *qorq* сөзі қолданыста болған

CVCC моделі бойынша жасалған етістік негізді түбір морфемалар: *qork/qorq* «қорқ, қорқу» ДТД, 52, Он. I, 7, Тон. 41: *Qorıqmadımız sünüsdimiz* «қорықпадық, соғыстық» Айд. II, 112 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qorq*; тат., башқ. *kurk*; қар. *qorx*. А.М.Щербак *qorq* лексемасын архетип ретінде қарастырса СФ, 194, Ә.Қайдар **qor* «чувство страха» тұлғасын ажыратады СтОКО, 247. Салыстырыңыз: *ürk*→*ürkek*, әзірб. *hürkmäk* «пугаться», *hürkäk* «пугливый, боязливый» АРС, 387.

Лексика-семантикалық табиғаты мен грамматикалық түрленімі, сөйлем құраудағы, жалпы сөйлеу үдерісіндегі функционалдық әлеуеті тұрғысынан күрделі сөз табы саналатын етістіктердің лингвистикалық сипатын құрамдық-құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мән-мағыналық жіктелісі, қимыл-әрекеттің субъектіге қатысы, қимыл-әрекеттің орындалу амалы сияқты сапалық белгілердің жиынтығынан тұрады. Етістіктің лексикалық негізі болып табылатын алынатын түбір тұлғасы етістіктің грамматикалық категориялары саналатын императивтермен, кейбір етіс тұлғаларымен сәйкес келуі түркітануда біраз пікір қайшылығын тудырды. Етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың екінші жағының жекекеше тұлғасы жайлы түркі тіл білімінде негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасты: 1. Етістіктердің түбір тұлғасында (негізінде) бұйрық мән әрдайым сақталады (Б.Юнусалиев, Н.Оралбаева, Ә.Төлеуов т.б.); 2. Етістіктердің императив тұлғасы олардың түбір тұлғасының бірден-бір баламасы болып табылмайды (Г.И.Рамстедт, Г.Д.Санжеев, А.М.Щербак, С.Исаев т.б.). Шын мәнінде етістіктің түбір (негізгі) тұлғасын бұйрық райдың екінші жағы тұлғасымен теңестіруге болмайтынын, олардың шекарасы принципті түрде ажыратылатынын зерттеу нәтижелері көрсетуде: «Біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше т.б.) жамылып, оның үстіне жіктеліп барып жұмсалады»¹.

Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 497-бет.



Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болатыны; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін бергені; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күңгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналғаны дәйектелуде. Түркі тілдерінде императив етістіктерді жасайтын грамматикалық жүйе қолданыста болғаны жайлы М.Манкееваның зерттеуінде¹ жан-жақты талданған.

§ 5. ТАРИХИ ТҮБІР МОРФЕМАЛАРДЫҢ ПОЛИСЕМИЯЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Тіл элементтерінің абстрактілі-шарттылық сипаты неғұрлым басым болған сайын оның шынайы табиғатын танып-білу, тарихи даму жолын анықтау да күрделене түседі, адамзат өміріндегі маңыздылығы артқан сайын жетілген дыбыстық тілде оның бастапқы жай-күйінің сілемдері мен болмашы іздері ғана сақталады. Түркі тілдеріндегі V, VC, CV моделінен жасалған түбір морфемалар да сондай реликт белгілер, өте ежелгі лексикалық қордың сұлбасы.

Бірінші дәрежелі түбір морфемалардың мәні синонимдік, омонимдік (полисемиялы), антонимдік сипатта да бола береді және денотаттың заттық-құбылыстық, іс-қимылдық сапалары ескерілмейді. Адам санасында танылған белгілі бір зат, құбылыс, қимыл, іс-әрекет басқа бір ұғымның (зат, құбылыс, қимыл, іс-әрекет) сапалық белгілері-қасиеттерімен сабақтасып жатуы, аталымның уәждік негіздемесіндегі ортақ семалардың болуы, ортақ семиотикалық белгілердің сақталуы сөз мағынасының әртарапты деривациялануына алып келеді, бұл құбылыс тұлғалық-құрылымдық өзгерістермен қатар жүреді. Түбірлес моносиллабтарға ортақ мазмұн-идея негізінен бірінші дәрежелі V, CV модельдерінде сақталып, екінші дәрежелі VC, VCC, CVC, CVCC модельдерінің қалыптасуы нәтижесінде

¹ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: Тілдерді дамыту орталығы ЖШС, 2010.

мағына нақтылана түседі, одан кейінгі сөзжасам барысында түбір морфемалардың мағынасы қайта күңгірттеніп, жаңа тұлғаға сай жаңа мағына қалыптасады. Идеялық қабілеті бар фоно-модификаторларды жетілген агглютинативтік кезеңдегі түбірлерден айқын ажыратылатын сөзжасамдық аффикстермен бірдей деңгейде қойып, қызметі айқын грамматикалық көрсеткіш ретінде қарастыруға келмейді. Түркі түбірлерінің V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдері түркілік текті дәуірінде-ақ қолданыста болған құбылыстар.

Түркі тілдері лексикалық қорының негізін қалайтын бір буынды түбір морфемалар мен түбір-негіздердің белгілі бір дәрежеде тұрақтылығын сақтауымен қатар өзгеруге де бейімділігін гомогенді түбір морфемалар фоно-корреляттар айқындайды. Жалпы тұрпат пен жалпы мазмұнның тұрақтылық сапасы гомогенді корреляттардың дербес лексемаға ыдырауы нәтижесінде өзгермелі, икемді сапаға айналады. Тіл онтологиясының күрделілігі жүйелі тілдік құрылымның аясында кейбір қайшылықтардың із қалдыруымен де сипатталады.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің құрылымын бейнелейтін V, CV, VC, CVC, CVCC, VCC модельдерінің қазіргі түркі тілдеріндегі тұрақтылық сапасы мен өзгермелі сапасының деңгейі де әртүрлі әрі мұндай құбылыстардың қалыптасуы да белгілі бір шеңбердің, жүйелі заңдылықтың аясында қарастыруға келмейді. Алғашқы түбір морфемалардың бірнеше рефлексі варианттары болуы мүмкін, бірінші дәрежелі V моделіне негіз болған дауысты мен CV моделінің құрамындағы ингредиенттердің рефлексік варианттарды қамту мүмкіндігі жоғары, лингво-эволюциялық процесте әрбір рефлексік варианттар ортақ идеямен бірге, дефинициялық белгілерді де қабылдайды. Бұл ортақ мазмұнға негізделген корреляттарды қалыптастырады. Сондықтан V және CV модельді гомогенді түбір морфемаларды бір тұлғада ғана реконструкциялау нәтиже бермейді, олардың архитұлғасы мен архисемасы полиформалы және полисемалы болып келеді. Бұл қасиет мағына біршама айқындалған екінші, үшінші дәрежелі – VC, VCC, CVC, CVCC модельдерінде бәсеңдеуі мүмкін, фонетикалық заңдылықтарға орай аталған модельдерден екінші дәрежелі V, CV тұлғаларының қайта туындауы ықтимал. Мұндай процестер тілдік

құрылымға біраз жүйесіздік реңк береді¹. Сондықтан ескерткіштер тіліндегі бірінші дәрежелі түбір морфемаларды етістік негізді және есім негізді деп жіктеудің өзінде белгілі бір дәрежеде шарттылық бар екенін есте ұстау қажет. Архитүбірлердің басым бөлігі полисемантикалы және полиформалы болып келеді.

Жалпы тілдің даму барысында кез келген тілдегі сөздік қор үнемі қозғалыста болып, бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысып, өздерінің алғашқы мән-мағынасын, негізгі қызметін өзгертіп отырады. Есім сөздер етістік негіздер арқылы, етістіктер есім негіздер арқылы толығын, жаңарып отырады. Тарихи түбірлердің есім, етістік немесе екі мағына да қолданылуы тіл білімінде синкретизм құбылысы ретінде қарастырылды.

Тіл дамуының бастапқы сатысындағы түбір сөздердің есім және етістік болып ажыратылу-ажыратылмауы сөздерді сөз таптарына жіктеудің теориясымен ұштасып жатқан күрделі мәселе Лингвистикалық түркітануда түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңінде түбір сөздердің етістік ↔ есім түрінде ажырауы синтаксистік бірлік ретінде контексте ғана көрініс бергені жайлы көзқарастар бар². Ал лексикалық тұрғыдан дифференциациялануы дыбыс сәйкестіктері негізінде қалыптасқан біршама кейінгі құбылыс саналады³. Түбір морфемалардың сөйлем, мәнмәтін құрамының мағыналық ерекшелігіне қарай етістік немесе есім мәнінде танылуы етістіктердің грамматикалық топ ретінде дамуының алғашқы сатысын; қосымша морфемаларды қабылдау арқылы есім түбірлер мен етістік түбірлердің грамматикалық жағынан айқын жіктелісі екінші сатыны құрайды⁴.

Кейбір омонимиялық түбір морфемаларды контекстен тыс та есім не етістік екенін оңай ажыратуға болады. Есімдер мен етістіктердің грамматикалық тұрғыдан тұлғалануы, түрленуі әрқилы болып ке-

¹ Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – 333,334-беттер.

² Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Наука, 1966. – С. 362.

³ Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. –Фрунзе: Киргиз. уч. педгиз., 1959.– С. 66-79.

⁴ Котвич В. Исследование по алтаиским языкам. – Москва: Наука, 1962.– С. 65.

леді: «есімдер есімге тән қосымшаларды, ал етістіктер етістікке тән қосымшаларды қабылдаған, яғни, бұл парлар морфологиялық тұлғалар арқылы жіктеліп, ара жігін бөлген. Етістік пен есімге ортақ болып келетін осындай түбірлер әртүрлі қосымшаларды қабылдап, бірде есім, бірде етістік ретінде қалыптасқаны болмаса, қазіргі тілде өз алдына айтылудан, дара лексикалық мағына беруден қалып, тілдің пассив қорына айналып кеткен. Сол себептен олар бірде есім құрамынан, бірде етістік құрамынан кездесе береді»¹.

Етістік ↔ есім жұптардың негізі (бастапқы мағынасы Е.М.) ретінде етістік түбірлерді көрсететін Б. Юнусалиевтің² пайымдауларын қолдаған А. Н. Кононов түркі тілдеріндегі етістік ↔ есім омонимиясы бастапқы кезден-ақ екі сөз табы ретінде қолданылғаны туралы пікірлерге қатысты өз көзқарасын білдіреді: «Это точка зрения на происхождение омонимичных глагольно-именных пар не может быть безоговорочно принята, так как в действительности дело обстоит, по-видимому, значительно сложнее; во всяком случае следует признать, что в исторически обозримую эпоху развития тюркских языков основой омонимичных пар слов служит корень с глагольным значением»³. Ғалым етістік түбірлердің алғашқылығы жайлы тұжырымын «біріктіріп жинау, қалау», «рет-ретімен жинау, қалау», «ыдыс, қап» мағыналарын беретін *qa* (ДТС, 399) түбірінің етістік мәнін *qal* «қалу», «сақтау», (ДТС, 410), *qat* «араластыру», «біріктіру», «қосу» (ДТС, 432), *qar* «ұстау» (ДТС, 420), *qar* «араластыру» (ДТС, 422), *qat* «қабат, қат», *qar* «ыдыс», «қап» лексемаларымен байланыстыра қарастырады⁴.

Етістіктердің дербес грамматикалық топ ретінде жіктелуі түркі негіз тілі дәуірінде басталып, кейбір іздері оның жеке тілдерге ыдырау дәуірінен кейін де жалғасып⁵ келе жатқан тарихи лингвистикалық

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 130-бет.

² Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. – Фрунзе: Киргиз. уч. педгиз., 1959. – С. 79.

³ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. – Ленинград: Наука, 1980. – С. 79

⁴ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. – Ленинград: Наука, 1980. – С. 79

⁵ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 267-бет.

үдеріс. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі етістік негізді түбір морфемалардың қазіргі түркі тілдеріндегі жалпы сипаты бірыңғай, кейбір жеке тұлғалардың синтаксистік қолданысы мен семантикасында айырмашылықтар кездеседі. М.Томанов етістік ↔ есім омонимиясын қимыл есімдерінің қызметімен байланыстырады: «Қимыл есімдері есім мен етістік қызметін қоса атқарған синкретикалық түбірлерден жіктеліп шыққан топ, сонда *көш*, *той*, *ақ* тәрізді синкретикалық түбірлердің сөйлем құрамындағы бір қызметінен іс-әрекеттің уақыт-мерзімге қатысын, сөйлеушінің іс-әрекет пен оның орындаушысы арасындағы қатысына көзқарасын білдіретін, екінші сөзбен, шаққа, райға жіктелетін сөздердің грамматикалық класы қалыптасты. Қысқасы, қимыл есімдері шақ пен рай тұлғаларының семантикалық көптүрлілігіне негіз болды. Түркі тілдерінің тарихынан белгілі қимыл есім мен етістік қызметтерінде қатар қолданылады, олардың бұл ерекшелігі алғашқы синкретикалық түбірлерге қарағанда әлде қайда бәсең»¹. Есім ↔ етістік синкретизмі туралы мәселе қозғалғанда, олардың арасындағы мағыналық байланысты ұмытпау керектігіне ерекше мән берген ғалым, қимыл және сол қимылдың нәтижесінде қалыптасқан процесс атауы ортақ тұлғаны сақтай отырып, екі түрлі грамматикалық мән алғанын көрсетеді².

Түркі тілдеріндегі етістік ↔ есім омонимиясын құрайтын жұптардың қалыптасуы саналы адамзат танымымен бірге дамып келе жатқан тарихи құбылыс болғандықтан олардың құрамында бірінші дәрежелі синкретиздер де, екінші дәрежелі синкретизмдердің де болуы заңдылық. Екінші дәрежелі синкретизмдердің алғашқы формасы етістік мәнінде қолданылғаны айқын болғанымен, бірінші дәрежелі гомогенді жұп құрайтын түбір морфемалардың бастапқы мәні мен қызметін бір ғана сөз табымен шектеу тіл диахрониясының табиғатына толық сәйкес келе бермейді.

Жалпы синкретикалық омоним түбірлердің жұптық қатарлары тек етістік ↔ есім ғана емес есім ↔ есім түрінде де кездесе береді. А.Ибатов XIV ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі синкретикалық омоним түбірлерді үш түрге бөледі: 1. зат есім – етістік; 2. сын есім –

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 267-бет.

² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 132-133-беттер.

етістік; 3. зат есім – сын есім¹. К.М.Мұсаев зат есімдер жұбын құрайтын *at* ↔ *at*, *qol* ↔ *qol* синкретиздерін көрсетеді². Түбір синкретизмдердің мұндай мағыналық жұптары екінші дәрежелі синкретизмдерге де қатысты, синкретизмдер алғашқы кезде тек «түбір сөздерді ғана қамтып, уақыт өте келе сол түбірден тараған негіздер мен туынды негіздерге де ауысып отырады»³.

Түркі тілдеріндегі синкретизмдер табиғатының фоно-морфo-семантикалық сипатын кең ауқымды материалдар көлемінде зерттеген ғалым Е.Қажыбеков бір буынды синкретизмінің полисиллабтар синкретизмінің сырын ашудағы маңызы жайлы «Решение и трактовка этого аспекта проблемы тюркского синкретизма могут быть осуществлены только после того, как будут четко установлены причины –подобного явления в односложных корнях, являющихся исходными кирпичиками полисиллабических словоформ и прообразами словообразующих показателей»⁴ деген ой айтады. Екінші дәрежелі синкретизмдерді анықтау үшін ең алдымен түбір морфемалардың семантикалық табиғатымен қатар қосымша морфемалардың да тұлғалық-грамматикалық ерекшеліктері, шығу тегі мен даму жолы басты назарға алынуы қажет.

V моделі бойынша жасалған есім ↔ етістік мәнді түбір морфемалар:

ö «ой» ↔ «ойлау» ДТС, 375: *Ačsiq tosiq ömezsen bir todsar ačsiq ömezsen* КТк. 8 «Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» Айд. I, 169. Ескерткіштер тілінде ö түбірінен тараған бірнеше түбір-негіздер ұшырасады: *ö* → *ög* → *ögüt* «совет, наставление, хвала» ДТС, 382 *ö* → *ög* → *ögle* «талқылау» Айд. II, 102; *ö* → *ök* → *ökün* «каяться, сожалеть» ДТС, 382. Жалпы түркілік *o* ≈ *ö* ≈ *u* ≈ *ü* түбірінің даму жолы, тұлғалық, мағыналық өзгерістері жан-жақты талданған мәселе ЭСТЯ I, 428-432; ИТФ, 40-41; ГИК, 179.

¹ Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 63-бет.

² Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (Западно-кыпчакская группа). – Москва, 1975. – С. 308

³ Севортян Э.В. Морфологическое строение слова в связи с другими характеристиками // Тюркологический сборник. – Москва, 1972. – С. 31.

⁴ Кажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 93.

u «ұйқы» ↔ «ұйықтау» ДТС, 603: Ertis ügüzig keçe joridimiz, turgis budunïy uda bastimiz КТү. 37 «Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық» Айд. II, 179. Қыпшақ тілдеріндегі **uj*~**oj* түбір-негіздерінің құрамында сақталған: е. қып. **uj*: *ujïyil* «спать, ложиться спать», *ujitqil* «усыплять», *ujuqla* «заснуть» Құрыш. 208; тат., башқ. *jokla*; ноғ. *ujkla*; ққалп. *ujqila*; қаз. *ujqi*, *ujiqta*. Көне түркілік *u* түбірі тат., баш. тілдеріндегі *jo* тұлғасымен метатезалық өзгеріске түскен.

CV моделі бойынша жасалған есім ↔ етістік мәнді түбір морфемалар:

**ba* → *bar* ≈ *baj* «бар, барлық, бай, байлық» ↔ «бар болу, бай болу, баю» КЧ. I, 9, Тон. 14, Он. II, 2; Е. 20, 28, 39, КТк. 10, КТү. 16, 29: Tört oylum bar ücün Е. 20 «Так как у меня было четыре сына» Аманж. II, 124~ қаз., ққалп., башқ., тат., қырғ., құм., қар. *bar*. Ескерткіштер тілінде *bar* сөзі «байлық, мүлік» мәнінде де жұмсалады: Ebin barimïn qalisiz qor kelürti КТү. 41 «Үйін-мүлкін қалдырмай, көп әкелді» Айд. I, 181. Сіуаніү *baj qilti* КТү. 16 «Жарлыны бай қылды» Айд. I, 174 ~ қаз., қырғ., ноғ., ққалп., құм., қар., тат., башқ. *baj*: А.М.Щербак *baj* лексемасының архетипін *paĭ* түрінде көрсетеді СФ, 195. Қазіргі түркі тілдерінде сын есім мәнімен қатар «бай (адам)», «күйеу», «байлық», «баю» ұғымдарын береді ЭСТЯ. II, 28, 29. А.Самойлович *baj* лексемасын *bar* «наличие» сөзімен байланыстырады¹. Жалпытүркілік *baj* ≈ *bar* сөздерінің мазмұнына ортақ «баршылық», «байлық» семасы оларды жасырын синкретизмдер қатарында қарастыруға негіз болады. Ортақ мазмұн **ba* тұлғасында сақталған.

ba «байлау» ↔ «бау» ДТС, 76: Atïy iqa bajur ertimiz Тон. 27 «Атты бұтаға байладық» Айд. II, 109. Енисей ескерткіштерінде етістік мәнді *ban*, есім мәнді *baу* тұлғалары да қолданылады: Altunliу keşig belimte bantim Е. 3 «Алтын кемерімді беліме байландым»; Altï og baу bodunqa beg ertim Е. 1 «Алты баулы халыққа бек едім» Аманж. I, 48, 49 ~ қаз., ноғ., ққалп., құм. *bajla*; тат., башқ. *bäjlä*. Түркі тілдерінде *baу*, *baw*, *boу*, *boq*, *buw*, *buj*, *bia*, *biw*, *bub* тұлғалары қолданылады ЭСТЯ II, 165-167; ҚТҚЭС, 58-60, 61-62; ГИК, 133, 134. А.М.Щербак *ba* моносиллабын *pa* формасында реконструкциялайды СФ, 195. Түркі

¹ *Самойлович А.Н.* Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.291-297.

тілдері бойынша түбір морфема *ba* моносиллабының CVC тұлғалы құрылымының соңғы дауыссыз дыбысының түрліше қолданылуы *ba* лексемасын көне форма ретінде тануға мүмкіндік береді. Тек қазақ тілінің өзінде *ba* моносиллабының бірнеше тұлғалық варианттары болуы: *baw*, *baj(la)*, *buj(da)*, *bij(da)*, *biw*, *boq(ša)*, *buγ(aq)* т.б. әрі олардың есім, егістік мәндерінде араласа қолданылуы түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың өзгермелі табиғатын нақтылай түседі.

bo → *boy* → *boyuz* → *boyuzlantı* «бауыз» ↔ «бауыздау» («тамақ» ↔ тамақтау»), «буыңдыру», «өлтіру» ДТД, 34 Тон., 8, 26: *Jirči jir jañilip boyuzlantı* «Жершіл ер жаңылып, бауыздалды» Айд. II, 109 ~ қаз. *biw*, *mojin*, *bawizda*, *baj* → *bajla*, *baw*, *boq* → *boqša* т.б.; ққалп. *biw*, *mojin*, *bajizla*; ноғ. *biw*, *mojin*; тат. *biw/biuv*, *tiwew*, *biyazla*; башқ. *biw/biww*, *tiwwin*, *boyazla*; құм. *biw*, *bojun*. *boy* моносиллабы *ba* «связывать» тұлғасымен байланысты қарастырылады. *ba*, *boy* тұлғаларының генетикалық жақындығы, семантикалық деривациясы мен тұлғалық ерекшеліктері жан-жақты талданған ЭСТЯ II, 164-167, ҚТҚЭС, 57.

**ja* → *jay* → *jayit* «жақында, жақындау» ДТД, 42, КТү. 7; Тон. 5: *iraq buduniy anča jayitur ermis* «Алыс халықты өзіне жақындатқан еді» Айд. I, 169 ~ қаз., ққалп. *žaqin*; ноғ., башқ. *jakin*. *jay* моносиллабы *jan* «жан (жанында, қасында)» тұлғасымен синкретизмдер қатарын құрайды. Э.Севортян *jaq* моносиллабының **ja* және -q аффиксі арқылы жасалғанын көрсетеді¹.

**ja* → *jan* «жауап» ↔ «жауап қайтару», «қарсылық» ↔ «қарсыласу», «қайту» ДТД, 43, МЧ. I, 7, КТү. 10, КЧ. 19, Тон. 45: *Anta janturdimiz* «Сонда қайтардық» Айд. II, 112; *jan* → *janut* «ответ, ответное действие» ДТС, 233. Ескерткіштер тілінде кеңінен қолданылған *jan* моносиллабының қазіргі түркі тілдеріне көне түркілік мағынасын сақтай отырып таралу деңгейі төмен. С.Е.Малов сары ұйғыр тілі деректері бойынша *jan* моносиллабының «қайту», «жауап беру», «қарсыласу» мағыналарын көрсетсе², Н.А.Баскаков ноғай тіліндегі *en* тұлғасының «келу», «қайту» мағыналарын³, Э.Р.Тенишев салар тілі

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Наука, 1966. – С. 382-383.

² Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1957. – С. 36.

³ Баскаков Н.А. Ногайский язык и его диалекты: Грамматика тексты и словарь. – Москва-Ленинград: Изд. АН СССР, 1940. – С. 242.

бойынша *jan* – тұлғасының «қайту» мәнін көрсетеді¹. Этимологиялық сөздікте *jan* лексемасын «қасы, маңайы, жаны» мағынасын беретін *jan* тұлғасымен, осы негіз арқылы туындаған «жақындау, тию» мәніндегі *jana, janas* етістіктерімен бірлікте қарастырушы бірнеше ғалымдардың пікірі келтіріледі ЭСТЯ ІҮ, 111-112. Қаз., қалп. *žan*; қар., тат., ноғ., құм. *jan*. Е.Қажыбек *jan* «қайту», *jan* «қасы, маңы» лексемаларын синкретизмдер қатарында қарастыра отырып, кезінде Э.В.Севортян ұсынған қазіргі түркі тілдеріндегі *jan/jay/jaq/juw* тұлғаларының праформасы **jaŋ* болуы мүмкін деген болжамның негізділігін қолдайды ГИК, 53. Осы пікір негізінде қазақ тіліндегі **žal/*žu* → *žaq* ≈ *žan* ≈ *žuw(i)* → *žaqin/žaqsi* ≈ *žana* ≈ *žuwiq* т.б. сөздердің тегі бір гомогенді тұлғалар екеніне көз жеткізуге болады. Көне түркі тіліндегі *jan* «қайт, қайтару» түбір-негізінің қазіргі қыпшақ тілдеріндегі көрінісін қаз., ққалп. *žawar*; қырғ. *žoor*; башқ., тат. *jawar* (сұраққа жауап беру) сөзінің мазмұнынан аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі *žani* «қайра» етістігінің мазмұнында да «қайтару» (пышақтың, т.б. құралдардың жүзін қайраққа қарсы қою) семасының ізі байқалады.

**ji* → *jit* «өлім-жітім» ↔ «өліп-жіту(жоғалу, жойылу)» ДТС, 263, ДТД, 47. МЧ. II, 17, КТү. 27: *Inim Kultegin birle, eki šad birle ölü jiti qazıantim* «інім Күлтегінмен, екі уәзірмен өліп-жітіп құрадым» Айд. I, 177. Көнетүркілік *jit* түбір морфемасы қазақ тіліндегі *žit* → *ölim-žitim* қос сөзінің құрамында сақталған.

**ju* → *jut* «жұт» ↔ «жұтау» ДТД, 45, БҚ. 31; *Maıi qarın qışladuqda jut boldu* «Мағы қорған қыстаған кезде жұт болды» Сартқ. II, 204, 196 ~ қаз., ққалп., ноғ. *žit*; башқ., тат. *jot*; ноғ., құм. *jut. jit, jut* түбір морфемаларының жалпы тұрпатындағы ұқсастық пен жалпы мазмұнындағы идеяның ортақтығы олардың төркіндес сөздер екенін білдіреді. Қазіргі түркі тілдеріндегі *žit/jut* «ішу, жеу» түбір етістігінің *жылан жұтқандай, жер жұтқандай, су жұтқандай* «тып-типыл болу, жоқ болу» тұрақты тіркестеріндегі мәні де **ju* «жұт» ↔ «жұтау» тұлғасының семантикалық аясынан алыстамайды. Салыстырыңыз: **žud* → *žüde*.

**kö* → *kör* ≈ *köz* «көз» ↔ «көр» ДТД, 55, БҚ. 2, КТү. 50. Түркі тіл білімінде көптеген зерттеушілер тарапынан ұзақ жылдар бойы айтылып

¹ Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. – Москва: Наука, 1976. – С. 345.

келе жатқан классикалық мысал. Түркі (жалпы алтай тілдеріндегі) тілдеріндегі ротоцизм құбылысымен байланысты қарастырылуда. ДТД, 58 Тон. 7: Bilig esi çab esi ben körtim «Білік иесі, сөз иесі (деп) мені көрді» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *kör*; тат., башқ. *kür*; Kögur közim körmesteg «Көреп көзім көрместей» (Айд. I, 182) ~ қаз., қар., ноғ., ққалп. *köz*; тат., башқ. *küz. küz/köz ≈ kür/kör*. Ұйғыр тілі диалектілерінде *kör* моносиллабының *kö, köj* тұлғалары да тіркелген. ЭСТЯ III, 78. Сондықтан *kör, köz* лексемасының **kö* тұлғасы арқылы жасалған екінші дәределі түбір морфема екені жайлы гипотезалық болжамдарды тіл дамуындағы ақиқат заңдылық ретінде қабылдаған жөн.

sö* → *söz*/söj* «сөз» ↔ «сөйлеу» КТҮ. 26: Inim Kultegin birle sözleşdimiz «Інім Күлтегінмен сөйлестік» Айд. I, 176 ~ қаз., ққалп., ноғ. *söz*; башқ. *hüz*; тат. *süz*; қырғ. *söz*. Өзирбайжан тілінде *söj* «ругать» (АРС, 317), тува тілінде *sögle* «говорить, ругать» ТувРС, 369 сөздерінің қолданылуы *söz ≈ sög ≈ söj* түбір морфемаларының төркіндестігінің айқын дәлелі. Аталған тұлғалардың қазіргі түркі тілдерінде мағыналық жағынан дифференциациялануы тарихи түбір морфема ретінде **sö* тұлғасын ажыратуға негіз болады: *söz* «белгілі бір мағынасы бар заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі единицасы» ҚТТС VIII, 359, *söj* → *söjle* «Ойды ауызша түрде баяндау» ҚТТС VIII, 362, *sök* «кінәлап ұрсу, жер-жебіріне жету, балағаттау» (ҚТТС VIII, 364). Ескерткіштер тілінде *sab* «сөз» ДТД, 65 Тон. 12; КТк. 5 лексемасы да қолданыста: Suçig sabın, jumçaq aүйin erür «Сөзі тәтті, қазынасы асыл еді» Айд. I, 169 ~ қаз. *sap* (сөз саптау) ≈ *söz ≈ soj* (сөйле) ≈ *sök* (сөгіс).

**to* → *toq* ≈ *tod* «тоқ» ↔ «тою (тамаққа)» ДТД, 67, 68, Тон. 8, КТк. 8: Bir todsad aсsiq emezsen «Бір тойсаң, аштықты ойламайсың сен» Айд. II, 169 ~ қаз., ққалп., ноғ. *toj*; тат., башқ. *tuj*. Э.В.Севортян *doj≈toj≈tod≈tot* моносиллабтарын *-(a)ü~-(a)g- ~ -(a)t-* қосымшалары арқылы жасалған туынды етістік ретінде қарастырады¹. Budun boүzi toq erti «Халық тамағы тоқ еді» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., ноғ. *toq*; башқ., тат. *tuq ≈ toj ≈ tod ≈ tol*. Ғылыми еңбектерде жиі сөз болатын *toq≈tod≈toj* гомогенді параллелдерінің тарихи түбір морфемасы **to* тұлғасы. Аталған түбір-негіздердің тектестігін қазақ тіліндегі көңілі тоймау (көз тойса

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. –Москва: Наука, 1962. – С. 278-282.

да, көңіл тоймайды), «қанағатсыздық», *көңілі толды* «ұнату, көңілден шығу», *көңілі тоқ* «уайым-қайғысы жоқ, мақсаты орындалу» тіркестеріндегі қолданысынан да аңғарамыз.

VC моделі бойынша жасалған есім ↔ етістік мәнді түбір морфемалар.

**es*→*esid* «ес, сана» ↔ «есту» ДТС, 183, 185. *Türk budun, begler bunı esidiñ* КТк. 10 «Түркі халқы, бектері бұны есіт» Айд. I, 170. Ескі қыпшақ тілінде *ešit/ijšit* Құрыш.115. Қазіргі қыпшақ тілдерінде дербес лексема ретінде қолданылатын (қаз., ққалп., құм., қарб., қтат. *es*; тат., башқ. *ijs* «ақыл-ес») естүбір морфемасы көне түркі тілінде туынды етістік құрамында ғана кездеседі.

aš «аш (қарны аш) ↔ «ашу (қарны ашу)» ДТД, 32: *Bir todsar aššiq emezsen* КТк. 8 «Бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» Айд. I, 169 ~ е. қып. *aš*; қар., құм., тат. *aš*; башқ. *as*, ққалп., ноғ., қаз. *aš*. Жалпы түркілік *aš/as* «еда, пицца» ДТС, 61 сөзі көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылады, мысалы: *Içire ašsiz, tašra tonsiz* КТү. 26 «Іші ассыз, сырты тонсыз» Айд. I, 176 ~ башқ., тат., қар., құм. *aš*, қаз., ноғ., ққалп. *as*. «Тамақ, ауқат» мәніндегі *as/aš* түбірі мен «аштық, қарны ашу» мәніндегі *aš/ač* синкретизмі де түркі түбірлеріне тән антиномиялық қатынастағы гомогенді бірліктер.

öd «уақыт, мезгіл» ↔ «өту (уақыттың өтуі)» КТк. 1, 11, 12, ДТД, 78: *Öd Teñiri jasar, kisi oylı qor ölgeli tö rümis* КТү. 50 «Уақытты тәңірі жасар, адам баласы бәрі өлгелі туған» Айд. II, 182. *Öd soyuşdı* «суық уақыт» МҚ. II, 101. Қазіргі қыпшақ тілдерінде *öd* «уақыт, белгілі бір уақыт, кез» моносиллабының дербес лексема түрінде қолданылуы қазақ тіліндегі *желдің өтінде* тіркесінде сақталған. Уақыттық динамикалық қозғалысы *öt* етістігінің семантикасынан да анық байқалады: *жаз өтті, өмірден өтті* т.б. Ескерткіштер тілінде *öd* моносиллабының етістік мәні кездеспейді, қазіргі түркі тілдері деректері негізінде *öd/öt* зат есімі мен *öt/üt* етістіктерінің түбірлес екені аңғарылады, «уақыт → уақыт өту» мәндері бойынша синкретикалық жұп құрайды. Қаз., ққалп., ноғ., құм., қтат., қырғ. *öt*, тат., башқ. *üt*.

CVC моделі бойынша жасалған есім ↔ етістік мәнді түбір морфемалар:

ton «киім (тон)» ↔ «тона» ДТД, 68, КТү. 26: *Içire ašsiz tašra tonsiz* «іші ассыз, сырты тонсыз» Айд. I, 176. Қазіргі қыпшақ тілдерін-

де *ton* сөзінің мағынасы нақтыланып «сырт киім, ішік» мәнінде қолданылатыны белгілі: қаз., ққалп., ноғ. *ton*; тат., башқ. *tun*. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде «көйлек» мағынасы тіркелген Құрыш. 204. Жалпы түркі тілдері бойынша *ton* лексемасының жалпы киімге қатысты «халат», «кафтан», «шамандар киетін арнайы киім», «пальто», «шинель», «қой терісінен жасалған ішік», «плащ», «тұлып», «аяқ киім», «етік», «шалбар», «іш киім» мағыналары белгілі ЭСТЯ III, 263. Монғол тілінде *tonog* «жабдық, сайман, бұйым, керек-жарақ» МҚС, 465 сөзі қолданыста. Ә.Құрышжанов қазақ тіліндегі *ton* сөзі арқылы жасалған *tona* етістігінің «киіндіру», «шешіндіру» мағыналары да бар екенін, соңғы мағынасының негізінде «ұрлау», «сыпырып алып кету» мәнін беретін *tona* лексемасы қалыптасқанын көрсетеді¹, Е.Қажыбек *ton* моносиллабын синкретизмдер қатарында қарастырады ГИК, 194.

Гомогенді түбір морфемалардың полисемиялық табиғатына сәйкес олардың антонимдес семаларының ыдырауы да тіл онтологиясымен байланысты қалыптасқан құбылыс. Тұлғалық-тұрпаттық жағынан сәйкес келетін гомогенді түбір морфемалардың мазмұнындағы қарама-қарсылық идеясы VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі түбір морфемалар жүйесінен де жалпы түркі тілдеріне ортақ гомогенді оппозициялардың іздерін байқауға болады.

an* → *anïy* ↔ *anïy* «сұм, қу» ↔ «ақылды» лексикасы құрамындағы **an* түбір морфемасы аң«аңғару» тұлғасының фонетикалық варианты. Көне түркі сөздігінде *anïy* сөзінің «дурной, плохой» мәндері беріледі ДТС, 45. Ал Ғ.Айдаров Тоникуқ ескерткіші тіліндегі *anïy* лексемасының «ақылды, сұм» мағыналарын көрсетеді Айд. II, 100, 111. Ескерткіштер тіліндегі *anïy* сөзінің оппозициялық мәнде қолданылуы танымдық негізде қалыптасқан құбылыс. Қулық-сұмдықтың артында да аңғарымпаздық жататындығы адамзатқа белгілі заңдылық. **añ*/an* моносиллабы «ой → ойлау» кешенінің фонетика-семантикалық дамуын көрсететін тұлғалар қатарына жатады ГИК, 111.

¹ Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі *ton* сөзінің мағыналары // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология және искусство сериясы. 1960, № 1.

ast ↔ *üst* «асты» ↔ «үсті». Көне түркілер танымындағы *көк* – *жер-су* объектісінің орналасу бағыты *uze* «үс(тіде), жоғарыда» – *as(ra)* «ас(тыда), төменде» бинарлық жұбы арқылы анықталады. *Асты-үсті* оппозициясы – кеңістік бойынша тік бағыттағы қарама-қарсылықты конкретті түрде сипаттайды: *Üze teңri basmasar, asra jir telinmeser, turk budun ilіңin törüңin kim aratı* КТү. 22 «Үстіңнен тәңрі баспаса, астыңда жер айрылмаса (тілінбесе Е.М.), түркі халқын, ел-жұртын кім құртады» Айд. I, 176. *ast, üst* тұлғалары бір түбірдің тұлғалық варианттары, ортақ мазмұнның полярлануы нәтижесінде антонимдік мағына қалыптасқан.

žat ↔ **žaq* «жат(жау)» ↔ «жақ (ын)»; **žaq* ↔ **žam* «жақсы» ↔ «жаман». Ескерткіштер тілінде *jayit* «приближаться» ДТД, 42 *jakilig* «сторонник», *jan* «возвращаться» ДТД, 43 лексемалары қолданылады. *jayit, jakilig* сөздерінің қазақ тіліндегі нұсқалары жақын, жақтас сөздерінің негізі жақ (оң жақ, сол жақ) морфемасы. **žaq* тұлғасымен түбірлес *žan* (үйдің жаны, жанында) түбір морфемасы мен көне түркілік *jan* «возвращаться» сөзі синкретизмдер қатарына жатады ГИК, 74, «жақын» мәнін беретін жуық сөзі де қолданыста. Демек аталған тұлғалардың бәрінің негізі бір, ортақ семасы «белгілі бір объектінің екінші объектіге жақындауы немесе қасында орналасуы», ортақ түбір **ja/*ža* тұлғасы. **žaq/žan* түбір морфемаларының оппозициялық мәні *žat* «бөтен», *žaw* «қас» сөздерінен көрініс береді. Ескерткіштер тілінде *jat* «враг», «чужой, чужбина» ДТС, 247, *jaу* «враг» ДТД, 42 түрінде тұлғаланады, *jat* сөзінің «жау, дұшпан» мағынасының да тіркелуі оның *jaу* лексемасымен түбірлес екенінің айғағы, ортақ түбірі **ja/za* ЭСТЯ, ІҮ, 56, ортақ мәні «бөтен, жау; алыстан, басқа жақтан келген; жақын емес». **ja* түбірі *jablaq, jabuz* «плохой, дурной» ДТД, 42 сөздеріне де негіз болып тұр, қазақ тіліндегі нұсқалары *žawiz* «жауыз», *žaman* «жаман», *žabi* «жабы(тай, жылқы)». Демек *žaman* «жаман» сөзімен оның анонимдік сыңары *žaqsi* сөздерінің түбірлес екеніне көз жеткізуге болады. Жақынын жақсы көру, өзіне беймәлімді жат санау жалпы адамзатқа тән құбылыс.

kök ↔ *kör* «көк (аспан)» ↔ «көр (жер асты)». Түркі халықтарының танымы бойынша кеңістікке, табиғатқа байланысты ұғымдарды таңуда түр-түстік гаммалардың ерекше орын алғаны белгілі. Алайда

көптеген зерттеулерде айтылып жүргендей «аспан» ұғымы түсіне байланысты көк лексемасымен аталғаны жайлы тұжырым толық анықталмаған мәселе. Адам санасында жоғарғы әлемді құрайтын алып кеңістік түр-түстік гаммаларды ажыратудан кейін танылды деу логикалық қисынға келмейді, керісінше *kök* сөзінің архисемасы «аспан, биіктік» мәндерінде танылып, түсті білдіретін *kök* сөзінің мәні «аспан» мәнінің сапалық белгілерінен туындауы мүмкін.

Түркі тілдерінде *kök* сөзінің бірнеше мағыналары бар екені белгілі. Солардың ішінде «аспан», «биіктік» ұғымымен белгілі бір дәрежеде антиномиялық қатынасы байқалатын «өсімдіктің тамыры» ДТС, 312 ұғымының қолданылуы гомогенді ұғымдардың идеялық полярлануының көрінісі болуы да мүмкін, салыстырыңыздар: *kör* «қайтысболғанды адамдар жерлейтін орын», «адам денесінің мәңгілік мекені», *kök* «аспан», «адам рухының мәңгілік мекені». Өсімдіктің тамыры және «жерлейтін орын» мәніндегі *kök*, *kör* тұлғаларының екеуінде де «жер асты» семасы сақталған. Ал *kök* «тамыр, негіз» лексемасының мазмұнындағы өсіп-өнуге байланысты мағыналары (көк «шөп», «өсімдік», «овоци»; *kökte* «өсіп-өну, өркендеу т.б.») *kökke* «аспанға, жоғарыға, биіктікке ұмтылу» процесін білдіретін семадан туындауы ықтимал. Түркілер дүниетанымы бойынша *kör* ұғымының сакральды сипаты ата-баба рухына «аруақтарға» табыну, зират басына белгі-тас орнату, белгілі, атақты адамдардың зиратына тәу ету, аруақтарға арнап құрбандық шолу, басқа да жерлеу рәсімдеріндегі қайтыс болған адамға көрсетілетін құрмет тәрізді толық жатқан ырым-жоралғылар арқылы көрініс табады. Хундар дәуірінен белгілі, VI-IX ғасыр түркілер өмірінде берік орын алған ата-баба культі қазіргі түркілердің тұрмыс-салтында сақталып отыр. *kör* лексемасының «қараңғы, қара» семаларының жер ұғымына да қатысы бар екендігі жайлы пікірлер айтылып жүргені белгілі.

**ur* ↔ *er* «ұрғашы» ↔ «еркек». Жалпы түркі тілдеріндегі **ur*, *er* моносиллабтарының генетикалық төркіндігі олардың жалпы тұрпатындағы ортақтық пен жалпы мазмұнындағы ортақ «жалпы тіршілік иесінің дүниеге келуі, өсіп өркендеуі» семасы арқылы сипатталады. **ur* кешеніне кіретін тілдік бірліктер аталған тұлғаның екінші дәрежелі түбір морфема екенін көрсетеді, тарихи түбір мор-

фемасы бір құрамды **u* тұлғасы. Көне түркі тілінде *uri*, *uriü* «потомство» ДТД, 77 сөздерінің «жалпы ұрпақ» мәнінде, орта ғасыр ескерткіштерінде *oylan* сөзінің «жалпы бала» Құрыш. 174 мәнінде қолданылуы да **u*/**o* тұлғасының о баста гендерлік текке қатыссыз жалпылама мәнде қолданылғанын көреміз. *er* моносиллабы **u* тұлғасы негізінде емес, оның біршама жетілген тұлғасы **ur* моносиллабы арқылы жасалған. Бұл жерде *u* дыбысының *e* дыбысына тікелей ауыса алмайтынын есте ұстау қажет, көне түркі тіліндегі *e* дыбысы мен қысаң *i* дыбыстары өзара ауысуға бейім дыбыстар екенін негізге ала отырып, *u*≈*e* сәйкестігін *u/i* ≈ *o/ö* ≈ *i/i* ≈ *e/ä/a* тізбегінің аясында қарастырған жөн. Түркі тілдері дыбыс жүйесінің өзара алмасу шеңбері аса кең. Бұл жөнінде Е.Қажыбеков «Теоретически в тюркских языках соответственно строгой этапности практически любой гласный или согласный звук может перейти в любой гласный или согласный звук»¹ деген ойлары арқылы, тек олардың ауысу кезеңдеріне ерекше мән беру қажеттігін, дыбыс өзгерістері тілдің тарихи дамуына орай кезең-кезеңімен сәйкестікке түсетінін меңзейді. Фоно-семантикалық даму барысында жалпы «көбею, өсу, ұрпақ тарату» мәнінде қолданылған **ur* моносиллабының бастапқы аналық негізі *uryaši* лексемасына, аталық негізі *er/erkek* лексемасына арқау болып тұр. Э.В.Севортян жалпытүркілік *erkek* сөзінің мағыналарына талдау жасай отырып «Центральным среди приведенных значений следует считать ‚самец‘ и названия конкретных разновидностей самцов в животном мире» деп көрсетеді ЭСТЯ, I, 298. Ер-азаматтың бойындағы күш-қайрат сапасы *er* «батыр» сөзінің дифференциал семасын айқындайды, аналық сема *em*, *emiziw* т.б. лексемаларына да негіз болған. **ur*↔*er* параллелінің гомогенді бинарлық сапасын монғол тіліндегі *эр*↔*эм* коннекторлары айғақтай түседі: *эр* «ер, еркек», *эр хун* «ер жігіт, ер азамат», *эр мал* «еркек мал», *эм* «ұрғашы», *эм мал* «ұрғашы мал», *эм хонь* «саулық қой», *эр эм болох* «үйлену, тұрмыс құру, бас құрау» МҚС, 770, 775.

Тілдік жүйедегі қарама-қарсы мәндегі жұптарды лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру шарттылыққа негізделеді. Көне түркі

¹ *Кажыбеков Е.З.* Фоно-семантическая характеристика пратюркского корня // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 99.

тіліндегі түбір морфемалардың ішкі мазмұнындағы идеялық белгілер жиынтығы бір-бірімен тығыз сабақтастықта дамып, қазіргі түркі тілдерінен көрініс тауып отыр. Гомогенді түбір морфемалар мазмұнындағы оппозициялық коннекторлардың шарттылық сипатының астарында да идеялық сабақтастықтың іздері сақталады. Тіл дамуының бастапқы кезеңдерінен бастау алатын мұндай құбылыстар өте сирек ұшырасатын, лексикалық дамудың ежелгі қалып-бейнесінің сілемдері, рудименттік белгілері ғана. VI-IX ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі реликт белгілер V, CV, VC моделді тарихи түбір морфемалардың полисемиялық, синонимиялық, антонимиялық табиғатынан көрініс береді.



**VI-IX ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ
ҚОСЫМША МОРФЕМАЛАР**

§ 1. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОСЫМША МОРФЕМАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ТАРИХЫ ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАСТАР

Қосымша морфемалардың мағыналық, тұлғалық және функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көпфункционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. «Түркі тілдеріндегі барлық аффикстік морфемалардың жасалу амалдары мен тәсілдері, агглютинациялық және сингармониялық жүйеге, альтернациялық, фузиялық және секреция құбылыстарына бейімделу ыңғайында жүреді»¹.

Сөз шенінде қатар келген морфемалардың морфонологиялық жағынан бір-бірімен кірігіп, сіңісіп кетуін сипаттайтын фузия құбылысы түркі тілдерінің морфологиялық құрылымында айрықша із қалдырған үдерістердің бірі. Фузиялық құбылыс орын алған сөздердің морфологиялық жігін ажырату көпденгейлі салыстырмалы-тарихи талдау мен аналогиялық амал-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Белгілі бір дәрежеде сөз құрамындағы мағыналы бөлшектердің бірігу механизмі қызметін атқаратын фузиялық құбылыстар морфемалардың бастапқы мағыналық дербестігінен ажырауына ықпал етсе, кірігу үдерісі фонемалардың өзара жүйелі қарым-қатынасты сақтамауы морфемалардың тұлғалық

¹ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Ленинград: Наука, 1981. – 158-160.

дербестігінен ажырауына әсер етеді. Бұл өзгерістер тек түбір морфема мен қосымша морфемалардың жігін ғана емес, бір сөз құрамында бірінен кейін бірі қатар келген қосымша морфемаларды да қамтиды. Түркі тілдері морфологиялық құрылымының даму барысында морфологиялық тұлғалардың ығысуы байқалады. «Сөз құрамындағы морфемалар алғашқы тұлғасын сақтап бөлінсе де, уақыт өте қолданылу жиілігіне және қолданушылардың ойында тұрақталуына қарай жігі басқаша ажырайтын болады. Мұндай реттерде көбінесе қосымшаның құрамындағы дыбыстың түбір құрамына ауысуы жиі ұшырасады. Кейде түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ығысып та отырады»¹. Сингармониялық жүйеге негізделген агглютинативті түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың тұлғалық құрылымының қалыптасуы да фонетика-фонологиялық, фономорфологиялық (морфонологиялық), морфологиялық, лексика-семантикалық және синтаксистік заңдылықтар аясында жүзеге асады. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың басқа жүйеге жататын тілдердегі сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші элементтерден өзгеше болып келуі біртұтас агглютинациялық құрылымға сәйкес қалыптасқан құбылыс.

Қазіргі түркі тіл білімінде агглютинация құбылысының түркілік табиғатын жан-жақты қамтитын кешенді пайымдау жасала қойған жоқ, әртүрлі анықтамалар берілуде. Агглютинациялық жүйенің негізін құрайтын заңдылықтар түркі тілдеріне тән бірнеше ерекшеліктер көрсетіледі, олардың негізгілері: агглютинативтік тілдерде берілетін грамматикалық мағыналардың санына сөз құрамындағы грамматикалық индикаторлардың саны біршама сай келеді; көбіне екеуі тепе-тең болып отырады; тілдерде сөз формасының күрделенуі аффикстердің (сөз тудырушы және сөз түрлендіруші) сөзге бірінен кейін бірі тіркесіп жалғануы арқылы іске асады; грамматикалық көрсеткіштер саны мен грамматикалық мағыналар санының сәйкестігін сақтауға құрылған сөз формасының қалыптасқан құрылымында морфемалардың мән-мағынасы, орны мен қызметі айқын көрініс табады; қосымша морфемалар бірінен кейін бірі тіркесіп жалғанады; бұл құбылыс сөз формасының іштей өзгерісінен немесе ішкі флексиялық құбылыстан тыс болады.

¹ *Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 119-бет.

Агглютинативтік тілдердегі сөз формасының ерекшеліктері грамматикалық мағыналардың дербес сөздер арқылы берілгені, грамматикалық форма тілдік жүйеде болмағаны жайлы теориялардың қалыптасуына алып келді. Диахрониялық тұрғыдан алғанда, агглютинативтік тілдердегі жекелеген морфемалардың (аффикстердің) дербес сөздердің грамматикализациялануы арқылы жасалатыны толық дәлелденген мәселе. Ал тілдің статикалық қалып-күйінде барлық қосымша морфемаларды дербес лексемалармен тікелей байланыстыру мүмкін емес. Сондықтан синхронды тіл білімі түбір морфема мен қосымша бен морфеманы грамматикалық жағынан да, семантикалық жағынан да принципті айырмасы бар элементтер қатарында қарастырады.

Түркі тілдеріндегі грамматикалық мән тек қосымша морфемалар арқылы ғана емес, екпіннің орын ауысуы арқылы да беріледі, бұл интонацияның семантикалық және грамматикалық аспектілері негізінде түсіндіріледі. Сондай-ақ түркі тілдеріндегі лексикалық және грамматикалық мағына түбір-негіздердің қайталануы, қосарлануы, бірігуі арқылы берілуі де агглютинациялық құрылымның негізгі заңдылықтарына жатады. Аналитикалық немесе перифрастикалық формалардың грамматикалық мәнді білдіруі, басқа тәсілдермен салыстырғанда өзгешелеу: абстракты мән көмескі болып келеді де, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән беру басым болып отырады; грамматикалық тұрақтылық лексикалық тұрақтылықпен ұштасып жататындықтан оларды бір-бірінен ажыратып қарау мүмкін бола бермейді; мұндай тіркестер екі, үш, кейде одан да көп сөздерден құралуы мүмкін: *жүріп келе жатыр едім*; аналитикалық (перифрастикалық) формалар құрамындағы көмекші етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалады, басқа сөйлемдерде дербес сөздер ретінде қолданыла алады; аналитикалық формалар, әдеттегі грамматикалық формадай, жан-жақты емес, олардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтарының айналасында ғана болып отырады; жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктерінің этимологиялық тұрғыдан байланысы айқын аңғарылады; түркі тілдерінде етістіктің функциялық түрлерін жасайтын аффикстер басқа сөз таптарының аффикстеріне қарағанда әлдеқайда мол әрі көп түрлі болып келеді.

Түркі тілдеріне тән грамматикалық категориялар жүйесінің негізгі ерекшеліктері: үндіеуропа тілдерінде зат есімдер жанды және жансыз құбылыстарды білдіруіне қарай грамматикалық категорияларға жіктелсе, түркі тілдерінде адамды және басқа заттар мен құбылыстарды білдіруіне қарай жіктеледі; грамматикалық тек (род) категориясының болмауы; тәуелдік жалғаулар және тәуелдікті білдіретін конструкциялар жүйесінің болуы; абстракт көптік мәннің жекелік тұлға арқылы берілуі; көптік жалғауларының бір шама нақты мәнді білдіруі; көптік, жекелік тұлғалардағы сөздерге жалғаулардың өзгеріссіз, бірыңғай жалғануы; тәуелдік септеу формасының болуы; атау тұлғаның көп мәнділігі; шығыс септікті конструкциялардың салыстырмалы шырай мәнін беру мүмкіндігі.

Түркі тіл білімінде сөз тудырушы морфемалардың қалыптасуының бірнеше амалдары белгілі: аглютинация, яғни күрделі сөздердің немесе сөз тіркесінің соңғы сыңарларының сөз тудырушы жұрнаққа айналуы; жалаң жұрнақтардың бірігуінен бірыңғай күрделі жұрнақтардың жасалуы; күрделі етістіктердің соңғы сөздерінің қосымшаларға айналуы; форма тудырушы морфемалардың сөз тудырушы қосымшаға айналуы.

Жалпы тіл біліміндегі грамматикалық тұлғалар жайлы дәстүрлі тұжырымдар түркі тілдеріндегі грамматикалық тұлғалар табиғатына сәйкес келе бермейді, негізгі айырмашылықтар түркі тілдерінің аглютинациялық құрылымына, морфологиялық тәсілдердің ауқымдылығына байланысты туындайды. Соған орай қазіргі түркі тіл білімінде қосымша морфемалардың шығу тарихына, этимологиясына қатысты екі түрлі көзқарас қалыптасқан: аглютинация заңдылықтары негізінде өз кезінде лексикалық мағынасын, соған сәйкес екіпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалар пайда болған, немесе сөз тіркесінің соңғы сыңарлары толыққанды дербес мағынасынан айырылып, грамматикалық көрсеткішке айналған (Ф.Бопп, И.А.Батманов, Н.А.Баскаков, Л.Б.Никольский т.б.); бір құрамды немесе бір фонемді бірнеше қосымшалардың кірігуі, жымдасуы (фузия құбылысы) нәтижесінде күрделі тұлғалар пайда болған (В.В.Радлов, Г.И.Рамstedт, О.Бетлинг, А.Н.Кононов, Н.З.Гаджиева т.б.).

Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың қалыптасу жолының тым күрделілігіне мән берген Қ.Жұбанов флексия құбылысының іздері

байқалатын тілдік бірліктердің бәрін аглютинация табиғатының жемісі ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді: «кейбір қосымшалар флексия тәсілі күшіне енген кездегі жеке морфологиялық бірлік ретінде жұмсалған өте ерте замандағы түбірлердің органикалық бөлшегі болуы мүмкін»¹. Ғалым пікірі түркі сөздерінің құрамында бір фонемалы элементтердің өмір сүргені және олардың сол кезде-ақ аморфты сөз құрылымымен қатар қолданылғаны жайлы тұжырымдарды қолдайтынын меңзейді.

Морфеманы тілдің әрі қарай бөлшектеуге болмайтын ең кіші бірлігі ретінде танытын морфологиялық теорияның ғылыми ұстанымдары синхронды тұрғыдан толық дәйектелгенмен, тарихи-диахрониялық зерттеулер бойынша сөздің этимологиясын айқындау, морфемалардың архетиптерін жаңғырту, кіріккен морфемалардың жігін ажырату мәселелерінде әрдайым нәтижелі бола бермейді. Сондықтан түркологиялық лингвистикады морфемдік-талдау әдісін тек дербес мағыналы бір буынды түбір морфема мен қызметі белгілі қосымша морфема аясында ғана шектеуге болмайтыны жан-жақты қарастырылуда. Қосымша морфемалардың қалыптасу үдерістері мен дербес лексемалардың түрлі интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға байланысты жүзеге асатын *кеңею ↔ ықшамдалу ↔ өзара кірігу ↔ қайта ықшамдалу ↔ қайта кеңею* тәрізді үдерістермен сабақтастырылуы да қосымшаларды зерттеу барысында тілдің онтогенездік табиғатына қатысты имитатив теориясының басты ұғымы фоно-семантикалық құбылыстарға; тарихи дыбыс сәйкестіктері негізінде айқындалатын жекелеген дыбыстардың идеосегменттік, идеосемантикалық қабілеттеріне; үндіеуропа тілдерінің прототілдік қабатын жаңғырту барысында қолданылған силлабофонема теориясының; сөздің бастапқы буынына негізделетін моносиллаб теориясының; сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстар тіркесінің дербес лексемалық қабілетін дәйектейтін түбіртек теориясының нәтижелері мен зерттеу амалдарына да сүйенуді қажет етеді. Бұл тілдік құрылымның даму барысындағы жүйелі, жүйесіз құбылыстар мен заңдылықтардың тек тілдің бір дейгейінде ғана емес, барлық тілдік деңгейлер арасында кезең-кезеңімен жүретін

¹ Жұбанов. Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 207-бет.

өзара интерференциялық үдерістерді қамтитынын көрсетеді. Соған орай қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық дамуы да тұтас тілдік жүйенің даму үдерісіне сай жүзеге асады. «Бұрын белсенді түрде қолданылған түбір морфемалар қосымша морфемалардың жалғануы нәтижесінде “өлі” түбірге айналған. Тілдің келесі даму кезеңдерінде бірқатар өнімді қосымшалар бірте-бірте өнімсіз қосымшаға айнала бастайды немесе өнімділігін тіптен жоғалтты дегуге болады. Кейбір түбір морфемалардың пассив болуы тілдің ары қарай дамуы барысында оларды жаңа тұлғалардың ығыстыруына да байланысты болды. Келесі туынды, яғни кейінгі қосымшалардың жалғануына негіз болатын қосымша ғана көне болып табылатындығы белгілі»¹. Бұл түркі тілдері дамуындағы тілдік қабаттардың өзіндік ерекшеліктері мен жаңарулары қосымша морфемалардың да тұлғалық-мағыналық өзгерістерінен, функционалдық қолданысынан көрініс береді деген сөз.

Морфологиялық құрылыстың негізі – аффиксация, мәні мен қызметі әртүрлі қосымша морфемалардың бір-біріне қосарланып жалғана беруі түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр жағынан басқа жүйедегі тілдердің сөз таптары жүйесіне сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (морфемалардың) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан өзгерістерге ұшырауымен, жаңаруымен, вариациялануымен тығыз байланысты. Сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын қосымшалардың құбылуы олардың көпфункционалдық және көпваленттілік сипатымен түсіндіріледі. Өздері жалғанатын сөздердің семантикалық ауқымы кеңіген сайын жеке қосымшалардың дерексіз /тиянақсыз/ грамматикалық мағыналары да ұлғая береді. «Бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әртүрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге де

¹ Манкеева Ж. – Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 60-бет

жалғануына мүмкіндік береді»¹. Сөз немесе сөз тұлғасы құрамындағы қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан сонылануы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің аглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады. В.Котвич алтай тілдеріндегі түбір сөз құрамындағы дауыссыз дыбыс пен қосымша құрамындағы дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуіне байланысты *t, d, l, n* дыбыстарынан басталатын қосымшалардың төрт түрлі варианты қалыптасса, олардың құрамындағы дауысты дыбыстардың сингармониясы нәтижесінде *t, d, l, n* дыбыстарынан тұратын әр варианттың тағы да төрт түрлі нұсқасы қалыптасқанын көрсетеді². Мәселен, түркі тілдеріндегі көптік мәнді $\sqrt{-tar/-ter/-tär}$, $\sqrt{-dar/-der/-där}$, $\sqrt{-lar/ler/-lär}$, $\sqrt{-nar/ner/när}$ қосымшасы.

Ұзақ мерзімге созылатын лингвоонтогенездік үдерістер барысында қосымша морфемалар белгілі семантикалық және функционалдық бағытқа қарай бейімделіп дамиды, соған сай олардың семантика-грамматикалық, функционалдық сапасы қалыптасады. Қосымша морфемалардың полисемантикалық, полифункционалдық сипаты

¹ *Тектігүл Ж.О.* Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 4-бет.

² *Котвич В.* Исследование по алтайским языкам. – Москва: Наука, 1962. – С.32.



олардың әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге жалғану қабілетін көрсететін поливалентті сапасы арқылы анықталады. Тіл білімінде қосымшалар валенттілігі екі топқа бөлініп қарастырылады: функционалды валенттілік және категориалды валенттілік. Функционалды валенттілікке белгілі бір қосымшаның бір ғана қызметте (тек сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші) көрініс беруі жатады. Функционалды валенттілік іштей сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, тұлға тудырушы болып бөлінеді. Барлық функционалды валенттіліктің мөлшері аталған қосымшаның толық немесе жалпы валенттілігін құрайды. Қосымша жалғанған сөз табының ерекшелігіне байланысты функционалды валенттілік – номинативті, субъективті, адъективті, вербалды, адвербиалды т.б. болып белгіленеді. Категориалды валенттілік аталған қосымша арқылы қандай сөз таптары жасалатынына негізделеді және өнімділік дәрежесіне қарай қосымшалардың нақтылық, жүйелілік иерархиясын анықтаудың критерийі қызметін атқарады. Ал гомогенді қосымшалардың валенттілігін салыстыру, олардың құрамындағы морфемалардың даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді¹.

Грамматикада негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім/сөзөзгерім ұғымдары қолданылады. Сөзжасам мәселесі дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүретін құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикологияға мен семантикаға бірдей қатысты дербес сала ретінде қарастырылуда. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әртүрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз етеді².

¹ Қараңыз: *Тектігүл Ж.О.* Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 31-бет.

² *Кубрякова Е.С.* О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

Морфологияның негізгі ұғымдары – сөзжасам, тұлғажасам, сөзтүрленімнің ерекшеліктерін саралап көрсеткен В.М.Жирмунский: «под формообразованием понимается категория, переходная между словоизменением и словообразованием, очертания которой представляет существенные различия в языках разного типа»¹ деген ойлары арқылы әр жүйедегі тілдердің морфологиялық ерекшеліктерін бір қалыппен модельдеуге келмейтінін көрсетеді. «Флективті тілдер тобына жататын орыс тілінің өлшемдері агглютинативті, яғни қосымшалы тілдер тобына жататын түркі тілдеріне толық өлшем бола алмайды»². Түркі тілдеріндегі қосымшалардың сөзжасам, тұлғажасам үдерісіндегі функционалдық қызметі мен грамматикалық ерекшеліктері ескерілмеген жағдайда зерттеу нәтижелері шынайылығын жояды.

А.Н.Кононов түрік тіліндегі етістіктердің морфологиялық құрылымын екі топқа бөліп қарастырады: I. Формообразование глагола; II. Словообразование глагола. Сөзтүрленімді де тұлғажасам аясында саралаған ғалым тұлғажасамға етістіктің түрлерін, шақ және рай категорияларын, етіс категориясын, етістіктің жіктелуін, модальдық формаларын, есімшені және көсемшені жатқызады³. Түбір морфемаға немесе туынды негізге қосымша морфемалардың жалғануы арқылы жүзеге асатын сөз жасаудың немесе тұлға жасаудың агглютинациялық амалы түркі тілдерінің басты ерекшелігі екеніне баса назар аударған зерттеуші негізгі морфемаға жалғанатын барлық форманттарды дербес лексикалық бірліктен таратуды негізсіз тұжырым санайды. Ғалым түркі тілдеріндегі қосымша морфемаларды жасалу ерекшеліктеріне қарай үш типке бөліп көрсетеді: «1. Сращение в единое целое двух (и более) однозначных аффиксальных морфем; например афф. множественного числа *-lar/-lär* состоит из двух однозначных формантов, выражающих собирательность – множественность: *-lar* < *l^o+r*. 2. Сращение в единое целое двух (и более) аффиксальных морфем разного назначения; например, *-maq/-mäk* < афф. имени действия *-m^o+q/k* <

¹ Жирмунский В.М. О границах слова // Морфологическая структура слова в языках различных типов. – Москва – Ленинград: Издательство АН СССР, 1963. – С. 216.

² Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – 72-73-беттер

³ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1956. – С. 190.

-*qal-kä*. Дательного п. и мн. др. 3. Сращение залоговых показателей с морфемой следующего морфологического ранга (причастие, отглагольное прилагательное), в результате чего происходит переразложение: морфема, ранее принадлежавшая глагольной основе, входит в состав аффиксальной морфемы; например, афф. глагольного имени (причастия) *-yan/-qan, -gän/-kän* обязан своим происхождением сплавлению афф. понудительно-пассивного залога *-γ/-q,-g /-k* с общеалтайским причастия ~ деепричастия-*on*¹. Зерттеуші бұл типтік жіктемеге грамматикализациялық үдерістер нәтижесінде дербес лексемалардың қосымша морфемаларға айналу мүмкіндігін енгізбейді. Алайда түркі тілі деректері кейбір қосымша морфемалар мен түбір морфемалардың арасындағы генеалогиялық сабақтастықтың сақталғанын, тілімізде аффиксоидтардың да қолданылатынын үзілді-кесілді жоққа шығаруға болмайтынын дәйектеуде.

Сөзжасамды «лексикалық морфология», «сөз жасаудың тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі» ретінде, сөзтүрленімді «сөз тіркестері мен сөйлемнің морфологиясы» немесе «синтаксистік морфология» ретінде қарастырған Н.А.Баскаков тұлғажасам мен сөзтүрленімнің арасына шек қоймай бір ұғым ретінде таниды. Ғалым сөзтүрленім жүйесін синтаксистік конструкциялар құрамындағы сөйлем мүшелерінің өзара синтаксистік қатынастарын білдіретінін дәйектеп, сөзжасам мен сөзтүрленімге «грамматикалық көрсеткіштер жиынтығы, тілдік механизмдегі морфемалар жиынтығы» деген анықтама береді². Қазақ тіліндегі сөзжасам және тұлғажасам қосымшалары жайлы К.Аханов: «Форма тудырушы жұрнақтардың сөз тудырушы жұрнақтардан табиғаты басқаша болады. Сөз тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінің мағынасын өзгертіп, одан мүлдем жаңа мағынаны білдіретін басқа бір туынды сөз жасаса, форма тудырушы жұрнақ өзі жалғанған сөзіне сәл ғана қосымша мағына үстейді. Екінші сөзбен айтқанда, форма тудырушы жұрнақ жалғанған сөзінің мағынасын бұзбайды, өзгертпейді, түбірден лексикалық мағынасы басқа, жаңа

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (УП-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.82.

² Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8.

лексикалық бірлік тудыра алмайды»¹ деп тұжырымдайды. Ғалымның көзқарастары бойынша: «Аффикстік морфемалардың екінші түрі – жалғаулар жалғанған сөздің құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфеманың (жалғау) мағыналары бір-бірімен жымдаса кірігіп кетпейді, аффикстік морфеманың сөзге жалғанып, соған ілесіп жүрген қосалқы элемент екені аңғарылып тұрады. Сөз құрамында түбір мен жұрнақтар бір-біріне әбден кірігіп, біртұтас лексикалық бірлік ретінде ұғынылса, жалғаулар сөздердің түбіріне немесе негізіне сіңісіп кетпей, жай ғана селбесіп, қосақталған элемент ретінде ұғынылады. Жалғаулардың сөздің түбіріне мағыналық жақтан кірігуі және онымен байланысы жұрнақтарға қарағанда анағұрлым солғын, әлсіз»². Қазақ тіліндегі қосымша морфемаларды кеңінен зерттеген ғалым Ы. Маманов та қосымшаларды екі топқа жіктеуді жөн санайды: «қосымшалар негізінен, екі-ақ түрлі қызмет атқарады: бірі – сөз тудыру, екіншісі – сөздің грамматикалық формасын тудыру»³.

Қосымшаларды үш топқа бөліп қарастырған профессор Ә.Ибатов сөзжасам қосымшаларына түбір-негіздер мен туынды негіздерден жаңадан туынды сөз тудыратын қосымша морфемаларды; тұлғажасам қосымшаларына зат есімнің экспрессивті-эмоционалды мән беретін жұрнақтарын, сын есімнің шырай категориясын, реттік сан есімнің және үстеудің кейбір жұрнақтарын; сөзбайлам қосымшаларына зат есімге немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарына жалғанатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жатқызады⁴. Е.Саурықов түркі тілдерінде тұлғажасам мен сөз өзгерімді саралап қарастырудың дұрыстығын дәйектей отырып, тұлғажасам мен сөз өзгерімнің ара жігін ажыратып береді: «Сөз өзгерімге тұлғажасам мен сөздердің парадигмалық түрлену жүйесін жатқыздық. Тұлғажасам зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтарды, иелік мән тудыратын жұрнақтарды, сын есім мен үстеулердің шырай формаларын, реттік сан есім формаларын және етістіктің етіс, есімше, көсемше, рай, шақ категорияларының

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 33-бет.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 34-бет.

³ Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). – Алматы: ҚазМУ баспасы, 1973. – 51-бет.

⁴ Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 16-17-беттер.

формаларын, көптік категориясының көрсеткішін құрайтын көптік жалғауларын қамтиды, ал сөзөзгерім септік, тәуелдік, жіктік жалғауларды қамтиды»¹.

Қарашай-балқар тілдеріндегі есім сөздер морфологиясын зерттеген М.А.Хабичев сөзжасам мен тұлғажасам ұғымдарының өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді: «Сөзжасам жүйесінің аффикстері жаңа лексикалық бірлік жасайтын болса, тұлғажасам негізгі және туынды түбірге жалғанып, сөзге жаңа грамматикалық мағына үстейді. Ол мағына әр түрлі болады: тәуелдік, салыстыру, ұқсату, кішірейту, қатыстық т.б. Тұлғажасамның кейбір аффикстері көп мағыналы болып, синкреттік сипатта да қолданылады. Кейде тұлғажасам аффикстері жалғанған сөздер дербес лексемаға айналып сөзжасам қосымшасына трансформацияланады»². А.М.Щербак та түркі тілдерінде сөзжасам мен сөзтүрленім аралығында жүретін морфологиялық көрсеткіштердің жиі кездесетінін атап көрсетеді³.

Л.А.Покровская түркі тілдеріндегі қосымша морфемаларды: сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім/сөзтүрленім деп саралауды қолдай отырып, түркі тілдеріндегі флекциялық құбылыстарды мойындамайды, соған орай түркі тілдері үшін тұлғажасам мен сөзтүрленімге тән қосымшалардың жігін ажырату, оларды ажыратудың критерийлерін айқындауға ерекше мән береді. Ғалымның пікірі, түркі тілдеріндегі тұлғажасам қосымшаларын сөзжасам мен сөзөзгерімнің ортасындағы аралық аффикстер, сондықтан тұлғажасам жеке морфологиялық құбылыс болып табылады дегенге саяды⁴. Сөзжасам мен сөзтүрленімді тілдің өзара ұқсас морфологиялық механизмі ретінде қарастырған В.Г.Гузев: «В отличие от словообразования словоизменение предстает как совокупность языковых средств, используемых при порождении речи для производства разнообразных словоформ, в основе которого лежат следующие операции с язы-

¹ Саурьқов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – 73-бет.

² Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С.71-72

³ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С.33.

⁴ Покровская Л.А. Формообразование и его отношение к словоизменению в тюркских языках // Советская тюркология. – 1990. – №1. – С. 14-15.

ковыми значениями: 1) сочетание знаменательных или служебных лексических значений со служебными грамматическими; 2) окказиональное сопряжение значений отдельных лексем и комбинаций значений, репрезентируемое в речи словоформами или словосочетаниями с классифицирующими грамматическими значениями, в результате чего мыслительное содержание, передаваемое с помощью слов, словоформ или словосочетаний, предстает в образах предметов, признаков или обстоятельств»¹ дей отырып, сөзтүрленім жүйесін мағыналық-коммуникативті тұрғыдан екі түрге бөліп қарастырады: 1) сөйлеу үдерісіндегі белгілі бір категориалды мәнді танытуға бағытталған тұлға жасаушы жүйе; 2) тікелей категориалды мәнді емес, категориалды мағына арқылы берілетін, белгілі бір қызметте жұмсалатын ұғымдық нысандардың бірін танытуға бағытталған тұлға түрлендіруші жүйе. Ғалымның пікірі бойынша, тұлғажасам грамматикалық формалар мен категорияларды, олардың категориялық мағыналарын қамтитын сөзтүрленімнің бір түрі болып келеді және аглютинацияға байланысты сөз тұлғасы құрылысының ерекшелігі грамматикалық мағыналардың берілу ерекшелігімен ұштасады.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды: тұлғажасам аффикстері негізінен сөз түрленім / сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім / сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім / сөзөзгерім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстері не аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла

¹ Гусев В.Г. Очерки по теории тюркского словоизменения: Имя. – Ленинград: Издательство ЛГУ, 1987. – С.39, 137.

береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды¹.

Сөзжасам – деривациялық морфологияға, тұлғажасам мен сөзтүрленім – тілдің парадигматикалық жүйесіне, сөз таптарына қатысты болғанымен жалпы қосымша морфемалардың этимологиялық негіздері мен архиформаларын анықтаудың ұстанымдарын түбір морфемалардың архетиптерін жаңғыртудың ғылыми-теориялық ұстанымдары мен амал-тәсілдерінен бөліп қарауға болмайтынын тілдік деректер дәйектеуде. Сондықтан функционалдық-грамматикалық және семантикалық грамматикалық қызметтері бойынша ажыратылатын қосымша морфемалардың көне формаларын жаңғырту, тарихи даму жолын анықтау тілдің фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, морфонологиялық және морфологиялық қырларын толық қамтуды қажет етеді.

Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесінде, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс. Сондықтан түркі тілдерінің көнетүркілік қабатындағы қосымша морфемалардың даму жолын, генезисі мен этимологиясын анықтаудың ұстанымдары төмендегідей пайымдауларға негізделуі қажет:

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалар бір, екі, үш, төрт құрамды $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-CCV}$ модельдерінен тұрады;

¹ Қараңыз: *Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979; *Кононов А.Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Ленинград: Наука, 1986; *Есенқұлов А.* Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976; *Хабичев М.* Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С.71-72; *Щербак А.М.* Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С.33. *Баскаков Н.А.* О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8; *Саурықов Е.Б.* Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – 72, 73-беттер т.б.

Жалаң қосымшалардың архетипі полисемантикалы болып келеді, олар бір дыбыстан тұратын $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ модельдерінен және дыбыс тіркестерінен тұратын $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдерінен түзілген;

$\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға ыдырауына, яғни морфемалардың вариациялануына байланысты көптұлғалылық сипатқа ие болады;

Қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ және $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға ыдырауына және альтернативиялық құбылыстарға ұшырауына байланысты гетерогенді қосымшалар өзара синонимдес тұлғаларға айналады;

Қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ және $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың дербес фонемаларға ыдырауына байланысты гомогенді полиформалы қосымшалар өзара омонимдес тұлғаларға айналады;

Қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ және $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың альтернативиясымен қатар жүретін идеофондық, идеосемантикалық үдерістерге байланысты гомогенді полиформалы және полисемантикалы қосымшалар антонимдес мәнге де, бір-бірінен алшақ әртүрлі мәнге де ие болып, соған сай функционалдық қызметі де өзгерістерге түседі;

Түркі тілдеріндегі бірнеше дыбыстан тұратын $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-VCVC}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді қосымша морфемалар жалаң қосымшалардың кірігуінен жасалған күрделі/құранды тұлғалар болып табылады;

$\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-VCC}$, $\sqrt{-VCVC}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді күрделі қосымшалардың құрамында морфемаларды дәнекерлеуші қыстырма дыбыстар да болуы мүмкін;

Түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың дербес лексемалармен байланысы синхронды тұрғыда айқын аңғарылмаса да, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың идеялық мазмұнын сол дыбыстар қолданылатын дербес лексемалардың семантемалық кешенінен (семантикалық аясынан) тыс қарауға болмайды.

ҮІ-ІХ ғасырларда Орхон, Енисей, Талас жазба мұраларын қалдырған көне түркі тайпалары қазіргі түркі халықтарының ата-тегі болып табылатындықтан ескерткіштер тіліндегі қосымша морфемалардың табиғаты қазіргі түркі тілдерінің сөзжасам, тұлғажасам,

сөзөгерім үдерістерінің даму бағытын шамалап, қосымшалардың этимологиялық негізі мен архетиптерін жаңғыртуға септігін тигізеді.

Ескерткіштер тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра қарастыру, ең алдымен көне түркі тіліндегі қосымша морфемалардың құрылымдық-дыбыстық модельдерін толық айқындап алуды қажет етеді. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалардың құрылымы бір, екі, үш, төрт құрамды \sqrt{C} , $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-CCV}$ модельдерінен тұрады. Қазіргі түркі тілдерінде бес құрамды $\sqrt{-CVCVC}$ моделінен тұратын күрделі қосымша морфемалар жиі қолданылады: $\sqrt{-qalaq, -kelek}$ (*-yalaq, -gelek*): қаз. – *uşqalaq, sasqalaq, janyalaq, küjgelek*; $\sqrt{-diriq, -turiq}$ (*-dirik, -tirik*), *-duriq*: қаз. – *tumildiriq, ömildirik, mojinturiq*; өзб. – *saqalturiq*; якут – *tomdoruk*, қаз. – *ultaraq*; хак. – *ulturux* «ұлтарақ»; түрікм. – *ayizdiriq*; ұйғ. – *eyizdirijq* «ауыздық» т.б. Қазіргі түркі тілдерінде $\sqrt{-CVCVCC}$ моделінен тұратын жеті құрамды күрделі аффикстер де ұшырасады: $\sqrt{-giliqi, -kilikti}$ (*-yiliqi, -gilikti*): қаз. – *jetkilikti, jergilikti, turyiliqi* т.б. Күрделі қосымша морфемалар аглютинациялық құрылымның нәтижесі ретінде қарастырылады, морфемдік-компоненттік негізде талдау арқылы жеке морфемалық элементтерге жіктеудің теориялық тұрғыдан ешқандай қайшылық тудырмайды. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде мұндай күрделі құрылымдар қолданыла бермейді.

Ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-CCV}$ модельді форманттардың тарихи тұрғыдан кіріккен тұлғалар болу мүмкіндігі жоғары. VI-IX ғасыр түркі мұралары тіліндегі қосымша морфемалар қазіргі қазақ тіліндегі қосымшалардан тұлғалық жағынан біраз ерекшеліктері болғанымен жалпы тұрпаты мен қызметі негізінен сақталған.

§2. КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМ ТУДЫРАТЫН ҚОСЫМША МОРФЕМАЛАР

Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі мен функционалдық ауқымы, басқа сөз таптарымен байланысу мүмкіндігі аса кең сөз таптарының бірі – зат есімдер. «Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс

атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер»¹. Лексикалық тұрғыдан алғанда, зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер; морфологиялық тұрғыдан алғанда, өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік. Сөздің формалық немесе грамматикалық мағынасынан тыс негізгі заттық мағынасы туралы ұғым тікелей зат есімдердің түбір, түбір-негіз (екінші дәрежелі түбірлер) тұлғаларына қатысты қалыптасқан. Туынды зат есімдердің мағыналары ұғымдық ұқсастықтар мен байланыстарға негізделген уәждер арқылы саралана дамиды. Зат есімдердің лексика-семантикалық өрісінің, функционалдық ауқымының, басқа сөз таптарымен байланысу мүмкіндігінің артуы қосымша морфемалардың функционалдық әлеуетімен байланысты.

VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі зат есімдер басқа лексемалармен қарым-қатынасқа түсу арқылы, қызметі жағынан түрленіп, тұлғасы жағынан да өзгерістерге ұшырап отырады. Лексемалардың тұлғалық-құрылымдық және мазмұндық-семантикалық өзгерістері тілдің тарихи дамуына байланысты қалыптасқан лингвистикалық заңдылықтар шеңберінде жүзеге асады. Жалпы түркі тілдеріне тән лексика-грамматикалық, фонетика-фонологиялық заңдылықтар ескерткіштер тіліндегі зат есімдерді де қамтиды.

Ескерткіштер тілінің сөзжасам жүйесін зерттеген А.Есенқұлов: «Көне жазба ескерткіштер тілінде жаңадан сөз тудыру тәсілдері әр түрлі. Мысалы, бір ұғым беретін кейбір сөз оралымдары: *ісі-күшін* (ісі-күшін), *йір-суб* (жер-су), *өлү-йіту* (өлім-жітім) сияқты болып екі сөздің қосарланып келуі арқылы жасалса, енді бір топ сөздер *еблік* (үйлік), *елчі* (елші), *ачлық* (аштық), *кечіг* (өткел) жұрнақтар жалғану арқылы жасалған. Осы іспеттес *Тоникүк*, *Ілтеріс*, *Қапаған*, *күнтүз* сияқты біріккен сөздер де кездеседі. Сондай-ақ кейде екі сөз тіркесіп келіп, мағынасы жағынан тұтасып кетеді де, бір заттың атын білдіретін тіркесті түбір сөздерге айналады: *Күл-тегін*, *Күлүг тіріг*,

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 442-бет.

Кумұл-үге, Алаш-тутук, Ер-камыш, қара түргіс т.б. сияқты адам және жер-су аттарына байланысты сөздер жиі кездеседі»¹ деп көрсетеді. Бұл көне түркі тіліндегі сөзжасам тәсілдерінің қазіргі түркі тілдерінде толықтай сақталып отырғанын дәйектейді.

А.Н.Кононов VII-IX ғасыр ескерткіштері тіліндегі зат есімдердің жасалуының морфологиялық, синтаксистік, синтаксистік-морфологиялық, фонетикалық тәсілдерін және кірме сөздерді қабылдауға байланысты қолданылатын сөзбе-сөз аудару (калькирование) амалдарын, сын есімдер жасалуының – аффиксация, сөздердің күрделенуі (бірігуі, қосарлануы, тіркесуі), адеквативация амалдарын² ажыратады.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дербес сөздер негізінен синтетикалық, яғни, аффиксация арқылы жасалған туынды сөздерден және бір буынды тарихи түбірлер мен түбір-негіздерден тұрады. Бір буынды сөздердің саны 400-дей ғана, лексикалық қордың негізгі бөлігін дисиллабтар мен полисиллабтарды құрайды. Бұл агглютинативті тілдік жүйеге тән сөз қорын байыту үдерісі VI-VIII ғасырларға дейін-ақ қарқынды жүргенін аңғартады. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есім сөз тудырушы қосымша морфемалар қазіргі түркі тілдеріндегі есім сөздер жасайтын қосымшалардан айрықша ерекшеленбейді.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі зат есімдердің бәрі бірдей тек түбір сөз бола бермейтінін, зат есімдер жұрнақ арқылы бір-бірінен немесе басқа сөз таптарынан да жасалатынын көрсеткен Ғ.Айдаров VII-IX ғасыр түркілері тіліндегі бірнеше зат есім тудырушы форманттарды ажыратады: «-чы, -чі. айғучы (кеңесші), йағычы (қолбасшы, жетекші), йерчі (жершіл); -ынч, -інч, -унч, -үнч, -нч. булғанч (былғаныш), тарқанч (тарқасу), өтунч (өтініш); -лыг, -ліг. қағанлыг (қағандық), йарықлыг (қарулық), төгүнліг (құралдық); -ма, -ме. йелме (атты, желме, барлау); -іг. біліг (білік), кечі (өткел), бітіг (жазу, хат); -үг. көрүг (тыңшы, хабаршы); -уқ. туруқ (тұрақ)»³.

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 40-бет.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград:Наука,1980. – С.83, 105.

³ Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің тілі (ҮІІІ ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. – 10-бет.

Жалпы алғанда түбір морфема да, қосымша морфема да тіл бірліктері, екеуі де тілдің ішкі заңдылықтары негізінде дамып, жетіліп қалыпқа түседі. Түбір сөздер адамзат тілінің алғашқы жемісі дегенімізбен, жүйелі агглютинативтік сипат алған түркі тілдерінің даму эволюциясында агглютинативтік құрылымның да өте ерте кездерден бастау алатындығы дау тудырмайды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғаны белгілі, кейбір қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғанын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, қосымша морфемаларды да полисемантикалық мүмкіндігі арта түседі.

Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архетиптері өзінің омонимдік сапасын сақтай отырып, қосымшалар құрамына өтуі де ықтимал. «Синкретикалық түбірлерге жалғанған қосымшалар да синкретикалық сипат алады, одан басқа аффикстердің ішінде екі функционалды, көпфункционалды, индифферентті түрлері түрлері тағы бар»¹. Ә.Қайдардың көзқарасы бойынша, «жалпы грамматикалық форманттар, соның ішінде сөз тудырушы қосымшалар әдетте кез келген түбірге жалғана бермейді және олар белгілі бір тәртіппен ғана жалғанады, сондай-ақ аффикстерді ғылымда есім түбірге және етістік түбірге жалғанатын аффикстер деп екі топқа бөліп қарастыру дәстүрі бар. Сөздердің морфологиялық тұлғасын диахронды деңгейде зерттейтін морфологиялық этимология бұл қағиданы аксиома деп қарауға болмайтынын дәлелдейді»².

Түркі тілдеріндегі қосымшалар синкретизмі немесе грамматикалық синкретизм, екінші дәрежелі синкретизм жайлы пайымдаулар мен тұжырымдар, гипотезалық ой-пікірлер А.Зайончковский, В.Л.Котвич, Ф.В.Севортян, И.А.Батманов, А.А.Юлдашев, А.М.Щербак, А.Н.Кононов т.б. сынды белгілі түркітанушы ғалымдардың та-

¹ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарих лексикологиясы проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясы мәселелері. – Алматы, 1988. – 27-бет.

² Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзбекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 64-бет.

рапынан айтылып¹, жекелеген түркі тілдерінің деректері бойынша дамытылуда.

Түркі тілдеріндегі грамматикалық синкретизмдер қосымша морфемалардың полисемиялық сапасы аясына енеді. Сондықтан кейбір қосымша морфемалар тек зат есім мен етістікке ғана емес, сын есімдерге, сан есім категорияларына, үстеулерге де ортақ болып келуі мүмкін. Мысалы, негізінен қимыл есімін тудыратын көне түркілік $\sqrt{-ayu}$, $-ägü$ жұрнағы түркі тілдерінде зат есімдер жасауда да: $küdagü \rightarrow *küdagü$ «күйеу, күйеу бала», сан есімнің жинақтау мәнін беруде де: $ekägü \rightarrow ek(i)ägü$ «екеу» қолданылады.

Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-ayu}$, $-ägü$ жұрнағымен байланыста қарастырылатын көне қосымшалар қатарында $\sqrt{-q/-k}$, $-γ/-g$, $-iq/-ik$, $-iy/-ig$, $-aq/-äk$, $-ay/-äg$ тұлғалары да аталады. $\sqrt{-q/-k}$ және оның фонетикалық варианттары қазіргі тілімізде туынды сөздер жасауға өнімі де мол, қызмет өрісі де аса кең омонимдес жұрнақтар қатарына жатады². $\sqrt{-q/-k}$, $-γ/-g$, $-iq/-ik$, $-iy/-ig$ қосымша морфемасы көне түркі дәуірінде қимыл атауын және зат есімдер мен сын есімдер жасауға қатысса, қазіргі түркі тілдерінде зат есім жасауға ($qaziq \rightarrow qaz+iq$ «қазық») және сын есім тудырға ($berik \rightarrow ber+ik$ «берік») қабілетті. Аталған қосымша морфеманың шығу тегі, басқа тұлғадағы аффикстермен байланысы, қызметі жайлы айтылған пікірлер мен көзқарастар да оның көп функционалды, көп мағыналы табиғатын сипаттайды.

Б.Серебренников түркі тілдеріндегі $\sqrt{-q/-k}$, $-γ/-g$, $-iq/-ik$, $-iy/-ig$ формантының қосарлы-жұптық мәнде жұмсалғанын көрсетеді: «суффикс $-z/-z$ по-видимому имеет общее происхождение с тюркским суффиксом двойственного числа, обнаруживается в таких словах, как *айаг-ног*, *құлағ-ухо*»³. Мұндай мысалдардың саны тым аздығына және $\sqrt{-γ/-g}$, $-γ/-g$ қосымшаларының қосарлы, жұптық мәнге қатысы жоқ басқа да зат есімдер мен сын есімдерге жалғануына байланысты

¹ Қараңыз: Котвич В.Л. Исследование по алтайским языкам. – Москва: Наука, 1962. – С. 66; Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Наука, 1966. – С. 377-378; Юлдашев А.А. Принципы составления тюркско-русских словарей. – Москва: Наука, 1972. – С. 261; Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. Москва-Ленинград: Наука, 1961. – С. 245-246; Щербак А.М. К вопросу о происхождении глагола в тюркских языках // Вопросы языкознания. – 1975. – № 15. – С. 22.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1974. – 154-бет.

³ Серебренников Б.А. Вероятности обоснования в компоративистике. – Москва, 1974, – С. 162.

(*aǰıy* “кислый, горкий” ДТС, 4, *adiy* “медведь” ДТС, 6, *arıq* “худой” ДТС, 54, *azıq* “пища” ДТС, 73, *orıq* “дорога” ДТС, 372, *qojuıy* “густой” ДТС, 453 т.б) бұл пікірдің негізділігі толық анықталмай отыр.

Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-i\check{q}/-ik$, $-i\check{y}/-ig$ және $\sqrt{-gaj}$, $-qaj$ тұлғалы сөздердің әр түрлі сөз таптарына жатуы грамматикалық синкретизмдердің ерекшеліктерін көрсетеді. Г.И.Рамстедт түркі, монғол тілдерінде бірдей қолданылатын, сын есім тудырушы $\sqrt{-gak}$ қосымшасын $\sqrt{-sa-q}$, $\sqrt{-ra-q}$ аффикстері сияқты күрделі құрамды формант деп таниды және соңғы $\sqrt{-k}$ форманты негізгі мағынада қолданылатынын, $\sqrt{-ga}$, $\sqrt{-qa}$ тұлғалы екінші дәрежелі етістіктерге жалғанатынын айта отырып¹, $\sqrt{-gak}$ тұлғасының қазіргі тілдердегі варианты $\sqrt{-gaj}$, $-qaj$ формантының синкретикалық мәнін көрсетеді: «Помимо отглагольных имен на исконное $-gaj\sim-qaj$, существует еще масса отыменных имен с тем же окончанием. Однако в отдельных случаях бывает трудно различить, что из них является исторический первичным глагол или имя образования на qaj имеют обыкновенно уменьшительное значение»². $\sqrt{-qaj}$ $-kej$, $-\gammaaj/-gej$ қосымшасының кішірейту мәнін беруі де тілдік жүйені толық қамтымайды ($a\check{q}aj$ «айқай»), сондықтан көне форманттың қызметін бір мәнменшептеуге болмайды. Н.А.Баскаков та $\sqrt{-qaj/-kej}$, $-\gammaaj/-gej$ моделін $\sqrt{-qaq/-kek}$, $-\gammaaq/-gek$ моделімен байланыстырады³. Осы көзқарасты Э.В.Севортян⁴, М.Хабичев⁵, Ғ.Қалиев⁶ сынды ғалымдар да қолдайды.

Б.Серебрянников пен Н.Гаджиева *bičyiw~pišağ* «нож» тәрізді мысалдарға сүйене отырып $\sqrt{-q/-k}$ форманты $\sqrt{-qi/-ki}$ аффикстерінің құрамындағы ызың дауыссыздардың түсіп қалуы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін деген ой айтады⁷. Қазақ тіліндегі құрал-сайман

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва: Наука, 1957. – С. 138.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва: Наука, 1957. – С.184.

³ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Сер. II. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 401.

⁴ Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Наука, 1966, – С. 180.

⁵ Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Наука, 1966. – С. 180.

⁶ Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы: Ғылым, 1985. –161-бет.

⁷ Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979. – С. 109.

атауын білдіретін *buryi, sürgi, süzgi, süngi, šalyi, šayñi* сияқты сөздердің қолданылуы $\sqrt{-\gamma/-g}$ $\sqrt{-\gamma u/-gü}$ қосымшаларының бір кездері етістіктің грамматикалық бірліктеріне қатысты қолданылуынан болуы мүмкін. Көнетүркілік $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-\ddot{i}q/-ik$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$, $-aq/-äk$, $-ay/-äg$ жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде зат есім және сын есім тудыратын аффикстердің қатарына жатады. Бұл модельдердің көнелігін сөз тудырушы тұлға ретінде барлық түркі тілдерінде қолданылатындығымен және ескі жазба ескерткіштерінде жиі кездесетіндігімен түсіндіруге болады.

В.М.Насилов етістіктерден жасалған есімдердің тарихи дамуы; түркі тілдеріндегі лексикалық категориялардың грамматикалық трансформацияға ұшырауға өте бейімділігі туралы айта отырып, «синтаксистік тіркесімділік нәтижесінде субстантив адъективтенеді, адъектив субстантивтенеді, екеуі де белгілі бір формада адвербализацияға ұшырайды. Бұл түркі тілдерінің негізгі заңдылықтарының және ерекшеліктерінің бірі. Бұл заңдылыққа есімдердің барлық категориялары және қимыл есімдері де бағынады»¹, - деп ой түйеді.

Түркі тілдеріндегі омонимиялық қосымша морфемалардың шығу тегі, қолданысы жайлы әртүрлі көзқарастардың айтылуы да олардың күрделі табиғатына байланысты. Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Э.В.Севортян әзірбайжан тілінің деректері негізінде жиырмаға жуық етістік – есім мәнді синкреттік қосымшаларды көрсетеді². Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды.

VI-X ғасырлардағы түркі тілінің 1400-1500 жыл көлеміндегі тарихи даму барысына сәйкес қалыптасқан кейбір дыбыстық өзгерістер қазақ тіліндегі зат есім тудыратын жұрнақтардың тұлғасынан көрініс бергенімен, аффикстердің мәні мен қызметі, морфологиялық ерекшеліктері негізінен сәйкес келіп жатады.

¹ Насилов В.М. Глагольные имена в их развитии в тюркских языках // Вопросы тюркской филологии. – Москва, 1966. – С 62.

² Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Наука, 1966. – С. 374,397.

Зат есім жұрнақтары			
	VII– IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Мысалдар	Қазақ тілінде
	1	2	3
1	-čī/-či (-čij), -ču/-čü	<i>ajyučī</i> → <i>ajyu+čī</i> «ақылшы, басшы (айғайшы)» <i>jojučī</i> → <i>joju+čī</i> «жоқтаушы» <i>tamyučī</i> → <i>tamyu+ čī</i> «таңбашы» <i>tegmeci</i> → <i>tegmecī</i> «шабуылдаушы (тиісүші)»	- ši/-ši
2	-q/-k, -γ/-g, -iq/-ik, -iγ/-ig, -uq/-ük(-ek), -uγ/-üg, -aγ/-äg(-eg)	<i>artuq</i> → <i>art+uq</i> «артық» <i>bilig</i> → <i>bil+ig</i> «білік, білім» <i>körüg</i> → <i>kör+üg</i> «хабаршы, елші» <i>qaray</i> → <i>qara+γ</i> «қарауыл, күзет»	- q/-k -iq/-ik -uq/-ük -aq/-ek
3	-aγu, -egü -ägü -γu/-gü, -qu/-kü	<i>küdagü</i> → * <i>küd+ägü</i> «күйеу, күйеу бала» <i>qirayu</i> → * <i>qir+aγu</i> «қырау»	-aw/-ew
4	-us/-üs, -is/-is -uš/-üş	<i>tegis</i> → <i>teg+is</i> «ұрыс, шабуыл (тиіс)» <i>uruš</i> → <i>ur+uš</i> «ұрыс» <i>sünüş</i> → <i>sün+ üš</i> «соғыс»	-is/-is
5	-č, -(n)č, -(in)č/-(in)č, -(un)č/ -(ün)č,	<i>alič</i> → <i>al+ ič</i> «алым», <i>ezenč(üme)</i> → <i>ezen+č(üme)</i> «жақсы әдет, жақсы қасиет» <i>közünč(üme)</i> → <i>közün+č(üme)</i> «арман- тілек, көздеген жақсы мақсат» <i>ötinč</i> → <i>ötin+ č</i> «өтініш»	-iš/-iš
6	-ma -me	<i>jalma</i> → <i>jal+ma</i> «сауыт» <i>jatıyma</i> → <i>jatıy+ ma</i> «жатақ» <i>jelme</i> → <i>jel+me</i> «шолғыншы, шолғын (желме)» <i>körigme</i> → <i>körig+me</i> «құмар/құмартушы»	-ma/-me, -ba/-be, -pa/-pe
7	-im -im	<i>barim</i> → <i>bar+ im</i> «байлық, барлық» <i>batim</i> → <i>bat+ im</i> «батым», <i>tusum</i> → <i>tus+um</i> «пайда (түсім)», <i>kedim</i> → <i>ked+im</i> «киім», «сауыт, қару-жарақ», «ер-тұрман, жабу», «киім»	-im -im

8	-luq/-luγ, -lük/-lüg, -liγ/-lig, -liq/-lik	<i>basliγ</i> → <i>bas+liγ</i> «басшылық, бастық» <i>budunliγ</i> → <i>budun+liγ</i> «халықтық (бұқара халықтық)» <i>qayanlıγ</i> → <i>qayān+liγ</i> «қағандық, мемлекет» <i>illig/ellig</i> → <i>il/el+lig</i> «елдік»	-liq/-lik, -tiq/-tik, -diq/-dik
9	-an/-en -in/-in -un	<i>aqun</i> →* <i>aq+un</i> «шабуыл (ағын, екпін)» <i>kelin</i> →* <i>kel+in</i> «келін» <i>oγulan</i> → <i>oγul+an</i> «ұл, ұлан» <i>eren</i> → <i>er+en</i> «ер, еркек, батыр (ерен ер)»	-an/-en
10	-qış	<i>arqış</i> → <i>ar+qış</i> «артқыш (артылған)» <i>tirkış</i> → <i>tir+kış</i> «тіркес» қос сөз: <i>arqış-tirkış</i> «керуен» салыстырыңыз: <i>irkes-tirkes</i>	-qış/-kiş
11	-dem	<i>erdem</i> → <i>er+dem</i> «ерлік»	-dem Ø
12	-siq	<i>ačsiq</i> → <i>ač+siq</i> «аштық» <i>todsıq</i> → <i>to(d)+ siq</i> «тоқтық» <i>batsiq</i> → <i>bat+siq</i> «батыс» <i>torsiq</i> →* <i>tor+siq</i> «торсық»	-tiq/-tik, -liq/-lik -diq/-dik - siq/-sik
13	-daş/-diş/-diş	<i>saydič</i> → <i>say+dıč</i> «дос» <i>qadaş</i> → <i>qa+daş</i> «қандас туыс»	-aš/-eš -das/-des

√-čī/-či (-čij), -čū/-čü – есімдер мен етістіктерге бірдей жалғанып, кәсіп иесін, іс-әрекет иесін білдіретін зат есім тудырушы өнімді жұрнақ. Көнетүркілік √-čī/-či (-čij), -čū/-čü қосымшасы қазақ тілінде √-šī/-ši тұлғасында қорлданылады.

Ескерткіштер тілінде: *elči*→*el+či~elši*→*el+ši* «елші»: Atīm El Toγan Tutuq. Ben teŋri elimke elčisi ertim E. I«Атым – Ел Тоған Тұтық. Мен тәңірі еліме елшісі едім» Аманж.І,48; *tamyāči*→*tamyā+či* «таңбашы»: On oq oγlim, türgis qayanta Maqrač tamyači, Oγuz bilge Tamyači kelti KTү,53 «Он оқ ұлы, түргеш қағаннан Мақраш таңбашы, Оғыз тамғашы келді» Айд.І,182 ~ қаз. *tamyāši* → *tamyā+ši*. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде қолданылатын *tamyāši*→*tamyā+ši* лексемасы, әдеби тілде *tañbaši* → *tañba+ši* түрінде тұлғаланады; *aγuči* → *aγu+či* «айғайшы, ақылшы, басшы» Орх. Qayānī alp ermis. Aγučišisi bilge ermis. Ol eki kisi barerser sini tabyačiγ ölürteči tirmen Тон. 10 «Қағаны алып еді, ақылшысы білгір еді. Ол екі кісі бар болса, Сен Тағашты қырар дермін» Айд. II, 105 ~ қаз. *aγajši* → *aγaj+ši*; *tegmeči* → *tegme+či*

«тиісуші/ шабуылдаушы» Орх. Tegmeçi men tejin saqintim Он. «Шабуылдаушы мен боламын деп ойладым» Айд.ІІІ, 142-143; *joüci* → *joüci+çi* «жоқтаушы», *siyitši* → *siyit+ši* «сықтаушы, жылап-сықтаушы»: *Joüci siyitši öñre kün toçusiçda Böküli Čölüg el tabüş tüpüt apar purum qırqiz üç qurıçan otuz tatar qıtan tatabi bunça budun kelipen siyitamis joçulamis* «Жоқтаушы, жылап сықтаушылар Күншығыстан Бөкли Шөлді елінен (Корея түбегінен) Табғачтан Тибеттен, Аварлардан, Римнен, Қырғыздан, Үш Құрықаннан Отыз Татардан, Қытаннан, Татабылардан осыншама халықтан(өкілдері) келіп жоқтауға, аза тұтуға қатысты; *sabçi* → *sab+çi* «сөз саптаушы/ хабаршы»: *Alp er oülü süke barmış sü jirite eriklig sabçi türtmiş tir* ЫБ 55 «Алып ер ұлы әскерге барды. Әскер жерінде ерікті хабаршы сендірді, - дер» Айд.ІІІ 167; *Sarıç atlıç sabçi jaçiz atlıç jalabaş edgü söz sab elti kelip tir* ЫБ 11 «Сары атты хабаршы мінсіз атты елші игі сөз, хабар жеткізе келер деген Айд. ІІІ, 160. Көне түркі тілінде «сөз» мағынасында қолданыған *sab*, «сөз айтушы/ хабар жеткізуші» мәніндегі *sabçi* лексемалары қазақ тілінде «сөйлеу, сөз айту» мағынасын беретін *сөз саптау* тіркесінің құрамында сақталған. Ескерткіштер тілі мен қазақ тіліндегі зат есім тудырушы $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}ul/-\check{c}ü$ қосымшаларының бірінші дыбысы $\check{c}\approx\check{s}$ сәйкестігін түзеді. Өзара төркіндес \check{c} , \check{s} дауыссыздарының анлаут позициядағы өзгерістері түркі тілдерінде кеңінен таралған құбылыс.

Түркі тілдеріндегі субъектілік мәнді білдіретін $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}ul/-\check{c}ü$ формантының этимологиясы жайлы түрлі пікірлер қалыптасқан. Г.И.Рамстедт $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}ul/-\check{c}ü$ қосымшасын қытай, корей тілдеріндегі $\check{c}ja$ «ер адам» сөзінен таратады¹, сондай-ақ ғалым бұл форманттың бастапқы кезде тек адамға қатысты есім сөз ретінде қолданылып, одан кейін есімшенің осы шақ формасына айналғанын, одан әрі есімшенінің қайта субстантивтенгенін бурят тілінің материалдары негізінде көрсетеді². Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}ul/-\check{c}ü$, $-\check{s}il/-\check{s}i$ қосымшаларын сын есім тудырушы $\sqrt{-lil/-li}$, $-dil/-di$, $-til/-ti$ аффикстерімен сабақтастырған Э.В.Севортян: «...существительные на $-\check{c}i$ приближаются к производным на $-li$, означая, как и последние,

¹ Ramstedt G. UberonomatopoetischeWörter in der sitaischen Sprachen. – Journal de la Societe Finno-ougrienne. – Helsinki, 1951. – P. 209.

² Ramstedt Г.И. Введение в алтайское языкознание. Пер. с нем. – Москва: Наука, 1957. – С. 209.

свойства лица или предмета. Действительно, образования типа *ijnadċi* «упрямец» от *ijnad* «упрямство» по характеру значения весьма близки к прилагательным типа *abirli* «стыдливый», «нравственный», «приличный», «порядочный» от *abir* (обру) «стыд». Весьма приближаются они также к прилагательным на *-ċil*, означающим постоянное или устойчивое свойство, присущие предмету. В азербайджанском языке имеется, в частности, параллельная с *ijnadċi* форма *ijnadċil* в том же значении¹, - деген ой айтады. А.Н.Кононов та аталған қосымшаны сын есім тудырушы $\sqrt{-\dot{s}il/-\dot{s}il}$ аффиксімен сабақтастырады². Ал Н.А.Баскаков шартты райдың $\sqrt{-\dot{s}al/-\dot{s}e,-\dot{c}al/-\dot{c}e}$ қосымшасымен байланыстырса³, Б.А.Серебренников еркелету мәнді $\sqrt{-\dot{c}il/-\dot{c}ij}$ морфемасының субъектінің белгілі бір затқа бейімділігі семасын сақтағанын көрсетеді, соған орай адамның белгілі бір кәсіпке, іс-әрекетке бейімділігін білдіретін $\sqrt{-\dot{c}il/-\dot{c}i(-\dot{c}ij)}$, $-\dot{s}il/-\dot{s}i$ форманты мен еркелету мәнді $\sqrt{-\dot{c}il/-\dot{c}ij}$ формантымен генетикалық сабақтастықта қарастырады⁴. Ғалым пікірі бойынша, $\sqrt{-\dot{c}il/-\dot{c}i(-\dot{c}ij)}$, $-\dot{s}il/-\sqrt{-\dot{s}i}$ қосымша морфемасының кәсіпті білдіретін мәні архисема емес, ол қалыптасқан дағды мен бейімділікті де білдіреді, бір құрамды $\sqrt{-\dot{c}}$ морфемасы да аталған форманттың бір варианты болуы мүмкін.

Қазіргі қазақ тілінде $\sqrt{-\dot{s}il/-\dot{s}i}$ қосымшасы зат есімдер мен қимыл есімдеріне жалғанып, субъектінің кәсібін, тіршілігін, күнкөріс көзін сипаттайды. Түркі тілдері бойынша бірнеше фонетикалық варианттарды қамтитын $\sqrt{-\dot{c}il/-\dot{c}i(-\dot{c}ij)}$, $-\dot{s}il/-\dot{s}i$ қосымшасы ортақ грамматикалық мағынаны сақтай отырып, әрбір тілге тән өзіндік реңктік ерекшеліктері бар мәндерді береді: «Кейбір тілдерде бұл аффикс жалғанған сөздер субъектінің белгілі бір әдетке, іске икемділігін, бейімділігін білдіре алады: шор тілінде: урушча «ұрысқақ», терчи «тершең». Бұл мағына қазақ тілінде *-шыл(-шең)*, *-қақ* аффикстері арқылы беріледі. *-шы* аффиксті сөздер бірсыпыра тілдерде субъектінің белгілі бір қоғамдық ағымға, тапқа қатысты екендігін білдіреді: өзбек тілінде:

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Наука, 1966. – С. 84.

² Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград, 1972. – С.103.

³ Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении условной формы на *-са,-се* в тюркских языках// Академику Р.А.Гордлевскому к его 75-летию. – Москва-Ленинград, 1953. – С.60.

⁴ Серебренников Б.А. Историческая грамматика пермских языков. – Москва, 1963. – С.3-4.

республикачи, монархиячи; қазақ тілінде стахановшы, мичуринші т.б. Ал қарашай-балқар, тува тілдерінде аффикс субъектіні тұрған, туған жеріне қарай ажырататын тәсіл ретінде қолданылады: қарашай-балқар: нальчикші (нальчик қаласының тұрғыны), қызылчы (Қызыл қаласының тұрғыны) т.б. Бұл мән қазақ тілінде -лық аффиксі арқылы беріледі. Ал якут тілінде -сыт, -сут, -чыт, -чут, -жыт, -жут аффиксі арқылы беріледі: балықсыт (балықшы), суолджут (жолшы), кусчут (құсшы), тімирджит (темірші) т.б.»¹. Көне түркі тіліндегі зат есім тудыратын өнімді жұрнақ √ -čī/-či (-čij) форманты мен оның қазіргі қазақ тіліндегі √ -ši /-ši варианты арасындағы тұлғалық, мағыналық сабақтастық толық сақталған.

√-q/-k,-γ/-g, -iq/-ik,-iy/-ig, -uq/-ük(-ek), -uy/-üg, -ay/-äg(-eg) форманты негізінен етістіктерге жалғанып есім сөз жасайтын өнімді жұрнақ. Көне түркі тіліндегі √-uq/-uy/-üg, -iy/-ig қосымшасы қазақ тілінде √-aq/-ek, -iq/-ik тұлғасында қолданылады.

Ескерткіштер тілінде: *artuq* → *art+uq* «артық» Тон. 40: Örtče qizip kelti süñüsdimiz. Bizinte eki uči siñarča *artuq* erti Teñri jarılqaduq ücün üküс tijin biz «Өртше қызып келді, Соғыстық. Бізден екі шеті жартыдай артық еді, Тәңрі жарылқағаны үшін көп деп біз» Айд. II, 111 ~ қазақ тілінде: *artiq* → *art+iq* «артық»; *azuq* → **az+uq* «азық-түлік, тамақ» ДТС, 73; Орх; Е; Т. Jincü ügüzig keče, Temir qarıyqa tegi süledimiz. Anta kisre qara түrgis budun jaıı bolmiş. Keñeres tара bardı. Bizin cü atıturuq, *azuqı* joq erti КТү. 39 «Иинчү (Сырдария) өзенін кешіп өтіп, Темір қақпаға дейін соғыстық. Содан соң қара түргеш халқы жау болды. Кеңереске қарсы барды. Біздің әскердің аты арық, азығы жоқ еді. Азығы жоқ еді» Айд. I, 179 ~ қазақ тілінде: *aziq* → **az+iq, u≈i*; *bilig* → *bil+ig* «білік, білім»: Anča boşurur ermis. Bilig bilmez kisi ol sabıy alur, jaıur barıy, üküš kisi öltig КТк.7 «Осылай сендірген еді. Білік білмес кісілер сол сөзді алып, жақын барып, көп кісі өлді.» Айд. I, 169 ~ қазақ тілінде: *bilik* → *bil+ik*; *bujruq* → *bujr+uq* «бұйырық беруші әмір» *Bujruqı jeme bilge ermis erinč, alp ermis erinč. Begleri jeme budunı jeme tüz ermis. Anı ücün ilig anča tutmıs erinč. Ilig tutıp törug itmis özinče kergek bolmıs* КТү. 3 «Бұйырықтары да белгір еді, өздері алып болған екен. Бектері және халқы түзу еді. Сол үшін елін сонша билеген екен. Елді ұстап, заңды жасаған. Өздері ажалдарынан қаза

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282, 283-беттер.

болған.» Айд. I, 171 ~ қазақ тілінде: *bujjiriq* → *buj(i)r + iq*, *u ≈ i*; *turiq* → *tur+iq* «аялдама, тоқтап тыныс алатын жер» КЧ. 21; МЧ. III, 30; КТк. 9: *Bir turiqi ermis Anin barmis Anar jatip Bir atliq barmis tijn Ol jolin jorisar unč tidim saqintim* Тон. 24 «Анымен бір аялдама бар, Анымен барасындар, оған түнеп /одан әрі/ Бір аттық жүріс дедім. Сол жолмен жүрсе мүмкін, - дедім, ойландым.» Айд. II, 108~ қазақ тілінде: *turaq* → *tur+aq* «тұратын жай, мекен, орын»; *körüq* → *kör+üq* «хабаршы, елші»: *Biz šeg ertimiz. Anča olurur erikli Oğuzdantan körüq kelti* Тон.8 «Біз өлімші едік. Сөйтіп отырған шақта Оғыздан елші келді»; *Üč körüq kisi kelti. Sabi bir qayanı sü tasıqdı. On oq süsi qalisiz tasıqdı tir Jaris jazıda tirilelim timis* Тон. 33; «Үш хабаршы келді Сөздері бір қаған әскері жиылды, он оқ әскері қалмай жиналды, - деді»; *qaray* → *qara+γ* «қарауыл, күзет» Орх. *Arquq qarayuy ulyartdim. Basinüma jayü kelürir ertim* Тон.53 «Арқұй күзетін үлкейттім. Басынған жауды келтірмедім» ~ қазақ тілінде: $\sqrt{-q/-k}$, *qaraq* → *qara+q*. Ескерткіштер тіліндегі есім сөздерге жататын *qaray* тұлғасының мағынасын қазақ тілінде *qarawıl* «күзетші» лексемасы береді. Сондай-ақ, *közi qaraqti* «жақсы-жаманды байқап жүретін, жан-жақты, білікті, білімді, көп нәрседен хабары бар адам» тіркесінің құрамындағы *qaraqti* лексемасында көнетүркілік *qaray* сөзінің семалық бөлігі сақталған. Көне түркі тіліндегі $\sqrt{-\gamma/-g}$ қосымшасының қатаң $\sqrt{-q/-k}$ варианты қимыл есімдерін жасайды: *tasuq* → *tasu+q* «тасу, жинау» ДТД, 69; МЧ. II, 17; Он. I, 8; КТү. 48. *Sabi bir qayanı sü tasıqdı. On oq süsi qalisiz tasıqdı tir Jaris jazıda tirilelim timis.* Тон. 33 «Сөздері бір, қағаны, әскері жиылды, он оқ әскері қалмай жиналды, - деді.» Айд. II, 110 ~ қазақ тілінде: *tasıw* → *tası+w* «Бір нәрсені, я біреуді бір жерден екінші жерге апару, жеткізу» ҚТТС, 788. *q ≈ Ø*.

А.Н.Кононов зат есім тудырушы $\sqrt{-\gamma/-g}$, *uγ/-üq*, *-iγ/-ig* формантарының алты түрлі мағынасын көрсетеді: «1) со значением названия акта процесса: *bilig* «знание» (*bil* «знать»), *ötüq* «просьба, мольба» (**öt* «иолить, просить»); 2) со значением результата действия: *ülig~ ülüq* «часть, доля» (**ül* «делить»), *ölig ~ ölüq* «мертвый, мертвец» (*öl* «умирать»); 3) со значением объекта действия: *qariγ* «ворота» (*qar* «закрывать»); 4) со значением действующего лица, субъекта действия: *körig~körüq* «соглядатай» (*kör* «видеть»); 5) со значением места действия: *kečig* «переправа, брод» (*keč* «проходить, переходить»);

erig jirtä «в том месте где пребывают», «место стоянки» (ег «быть»); б) со значением друдия действия: *sünjüg* «копье» (*sün* «войско»)¹. Н.А.Баскаков $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k-uy/-üg, -uq/-ük, -iy/-ig, iq/-ik}$ қосымша морфемалары генетикалық жағынан $\sqrt{-qaq/-yaq, -kek/-gek}$ және осы модельдің қысаң дауысты варианттары $\sqrt{-yiq/-gik, -viq/-vik}$ формаларынан қысқарғанын тіл фактілері негізінде көрсетеді. Ғалым осы жұрнақтың бәрі бір тұлғадан өрбіген, бір аффикстің варианттары болып есептеледі дей отырып, *taqyaу* «расческа, гребешок (тарақ)» сөзі М.Қашқаридың сөздігінде *taraq, oryaq* «серп (орақ)» ұйғыр тілінде *orjaq* түрінде қолданылатынына мән береді². Бұл пікірді басқа зерттеушілер де қолдайды³. Қазіргі түркі тілдеріндегі *qajiq* «лодка (қайық)», *qilaaq* «ухо (құлақ)» сияқты кейбір сөздердің де көне түркі тілінде *qajyiq, qilqaaq* тұлғасында айтылғаны белгілі.

Лексикалық қордың баюына елеулі үлес қосып, түркі тілдерінің тарихи даму жолында әрі лексикалық, әрі грамматикалық мәнде қолданылған көне қосымшалар қатарына $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -uy/-üg, -uq/-ük, -iy/-ig, iq/-ik, -aq/-ek, -ay/-äg}$ тұлғалары да жатады. $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -uy/-üg, -uq/-ük, -iy/-ig, iq/-ik, -aq/-ek, -ay/-äg}$ форманттары қазақ тілінде белсенді қолданыста: «*-q/-k* (*-iq/-ik, -aq/-ek*) қазіргі тілімізде туынды сөздер жасауға өнімі де мол, қызмет өрісі де аса кең омонимдес жұрнақтардың бірі»⁴. Белгілі қазақ ғалымы Ы.Мамановтың түбір морфема мен қосымша морфеманың тіркесімі арқылы жасалған туынды сөздердің құрылымына қатысты айтқан ойлары да $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -uy/-üg, -uq/-ük, -iy/-ig, iq/-ik, -aq/-ek, -ay/-äg}$ тұлғаларының ерекшеліктерін қамтиды: «Қосымшалы түбір сөздердің құрамындағы ұйтқы сөздердің мағынасының көрінуі барлығында бірдей емес, кейбіреулерінің мағынасы анық көрініп тұрса, енді біреулерінің мағыналары көмескіленіп, аффикспен жымдасып кетеді (*кемік, кезек, қызық т.б.*)»⁵.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.88.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т.П. Фонетика и морфология. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 402-403.

³ Гарипов Г.М. Башкирское именное словообразование. – Уфа, 1959. – С. 14.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974 – 154-бет.

⁵ Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1973. – 17-бет.

√-q/-k, -γ/-g қосымша морфемасының түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңде қимыл атауын білдіргені, қазіргі түркі тілдеріндегі қимыл атауын, әрі зат есім, сын есім тудыратын -w жұрнағының көне варианты саналады. Сондықтан, қазіргі қазақ тіліндегі құрамында -q/-k және -w тұлғалы қосымшалар бар гомогенді диссиллабтардың әртүрлі мағынада жұмсалуы немесе зат есім ↔ сын есім ↔ етістік қатарында қолданылуы аталған қосымшалардың синкретті сипатын көрсетеді.

Аталған форманттардың ескерткіштер тіліндегі сөз тудырушылық қызметі жағынан өте ұқсас √-q/-k, -uq/-ük, iq/-ik, -aq/-ek тобындағы жұрнақтарға қарағанда ұяң √-γ/-g, -uγ/-üg, -iγ/-ig, -aγ/-äg қосымшасы мағынасы жағынан да, сөз тудыру жөнінен де басымырақ болып келеді: «Етістікке жалғанып зат есім тудыратын осы қосымшалар жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, екінші басқа сөз табына айналдырса, сөз тудырушы қосымшалардың енді бір тобы жаңа сөз тудырып, бастапқы сөз табының құрамында қалады»¹.

Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың √-C және √-VC құрылымдық модельдерін құрайтын көнетүркілік √-γ/-g, -uγ/-üg, -iγ/-ig, -aγ/-äg форманты және оның қатаң варианты √-q/-k, -uq/-ük, iq/-ik, -aq/-ek жұрнағы қазіргі түркі тілдерінің бәрінде дерлік зат есім және сын есім тудыратын аффикстердің қатарына жатады. Бұл модельдердің көнелігін сөз тудырушы тұлға ретінде барлық түркі тілдерінде қолданылатындығымен және ескі жазба ескерткіштерінде жиі кездесетіндігімен түсіндіруге болады.

А.Есенқұлов Орхон-Енисей жазбаларында √-γ/-g, -q/-k жұрнақтары арқылы жасалған туынды сөздер, негізінен қазіргі түркі тілдеріндегі мағыналардың басым көпшілігін білдіретінін айта отырып, Орхон-Енисей жазбаларындағы осы жұрнақтар арқылы жасалған сөздерді үлкен екі топқа бөліп қарайды: 1. Абстракт ұғымды білдіретін сөздер: *ačïγ* «бақыт», *bilig* «білім», *tiriq* «өмір», *iduy* «сапар», *jaruq* «жарық», *joriq* «жорық» т.б.; 2. Нақтылы заттық мағынаны беретін сөздер: *alïγ* «мүлік», *otaγ* «үй, отау», *kečig* «өткел», *körüg* «тыңшы», *ölüg* «өлік», *qonïq* «қонақ»². Э.В.Севортян әзірбайжан тілімен қазіргі басқа түркі

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 63-бет.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 70-бет.

тілдерінің материалдарын салыстыра келіп, $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k}$ жұрнақтары бір-біріне өте ұқсас болғанымен, оларды екі бөліп қарау керектігін айтады¹. Әйтсе де, қазіргі түркі тілдері арасында бұл жұрнақтар қызметі жағынан сараланбайды. Өнімділігі жағынан қазіргі тілдерде қатаң $\sqrt{-q/-k, -uq/-\ddot{u}k, \ddot{i}q/-\ddot{i}k, -aq/-ek}$ жұрнағының жаңа сөз тудыруға қызметі едәуір басым.

Көне түркі тілінде $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -u\gamma/-\ddot{u}g, -uq/-\ddot{u}k, -\ddot{i}\gamma/-\ddot{i}g, \ddot{i}q/-\ddot{i}k, -aq/-ek, -a\gamma/-\ddot{a}g}$ негізінен инфинитив мәнде қолданылғанымен, семантикалық даму мен трансформациялық үдерістерге байланысты сол кездердің өзінде-ақ есім сөздер қызметін белсенді түрде атқарғанын ескерткіштер тілі дәлелдейді. X-XV ғасырларда $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -u\gamma/-\ddot{u}g, -uq/-\ddot{u}k, -\ddot{i}\gamma/-\ddot{i}g, \ddot{i}q/-\ddot{i}k, -aq/-ek, -a\gamma/-\ddot{a}g}$ қосымшасының есім сөздер тудырудағы өнімділігі арта түскенін орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінен аңғарамыз. М.Қашқаридың өз еңбегінде $\sqrt{-q/-k}$ аффиксті сөздерді масдарлар тобына жатқызумен қатар, есім мәнінде де жиі қолданылатынын көрсетеді².

Етістік негізден жасалған туынды есімдер жайлы А.М.Щербак етістіктен жасалған есімдер алғашқы жасалу дәуірінде қимыл есімдері не есімшелер болғандығын, олардың бір бөлігі құрамындағы қосымшалардың «өліге» айналуының нәтижесінде зат есімдер құрамына өтсе, енді бір бөлігі трансформация жолымен өткенін айтады³. М.Томанов $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -u\gamma/-\ddot{u}g, -uq/-\ddot{u}k, -\ddot{i}\gamma/-\ddot{i}g, \ddot{i}q/-\ddot{i}k, -aq/-ek, -a\gamma/-\ddot{a}g}$ қосымшаларының кішірейіткіш-экспрессивті мәнін де көрсетеді: «Зат есім жұрнақтарының ішіндегі ерекше топ – кішірейіткіш-экспрессив мәнді сөздерде айтылатындары: *ық/-эк, оқ/-ек*: масақ; татар: *башақ* бастапқы түрі *-бас/баш*; жолақ, әзірбайжан: *золах*»⁴.

$\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -x}$ қосымшалары монғол тілдерінде де кеңінен қолданылады: *aarug* «жықпыл, жыра жылға» (салыстырыңыз: *ariq* «су ағатын жылға»); *aarxag* «кеудесоқ, өркөкірек», *aglag* «иен, ну, қалың, жылы» (салыстырыңыз: *awlaq* «жырақта, алыста»); *adag* «аяғы, соңы»

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Наука, 1966. – С. 201.

² Кашгари М. Девону лугат и түрк. Т. II. – Ташкент, 1963. – С. 54-55.

³ Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1961. – С. 109.

⁴ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282,283-беттер.

МҚС, 23 (салыстырыңыз: *ajaq* «аяқ (дене мүшесі)», *adaqtaw* «аяқтау, бітіру», *ada boluw* «біту, таусылу, аяқталу»); *ažjg* «байқам, сезік, абай»; *alag* «ала (өң, түс)»; *arxag* «ескі, созылмалы (ауру)»; *borog* «қары сірік» (салыстырыңыз: *boriq*); *bošug* «әмір, бұйрық, жарлық»; *žijšig* «салыстырма, салғастырма»; *xadag* «қадақ, екі алақанға жайып ұстап сүт құйылған күміс аяқты үстіне қойып, сый қонаққа ұсынатын торғын орамал»; *šunag* «ашкөз, дүниеқор» МҚС, 205.

√-γ/-g,-q/-k морфемасын таза түркілік қосымша ретінде қарастырған А.М.Щербак олардың монғол тіліндегі қолданысы жайлы «Аффикс от глагольного образования имен -q/-k,-γ/-g выделяющийся в тюркских языках необычайно высокой степенью продуктивности, получил широкое распространение и в монгольских языках», - деген ой айтады және түркілік сөзжасам бірліктері монғол тіліне тұтас сөз құрамында енгенін, қосымша морфемаларды бөліп алып қараудың негізсіздігін көрсетеді¹. Түркі-монғол тілдерінде ортақ қолданыстағы сөздер (*tonoq* «танау, ұрлық», *jusaq* «тұсақ», *šjrdek* «сырмақ», *цereg* «шерік, шеру», *цецег* «шешек, гүл», *элгег* «елек, елеуіш» т.б.) құрамындағы √-γ/-g,-q/-k аффикстерін түркілік элемент деп тануға болатын шығар, ал түркі тілдерінде қолданылмайтын, монғол тілінің лексикасына ғана тән сөздерге де √-γ/-g,-q/-k тұлғалардың жалғанып, жаңа сөз тудыруы мәселені әрі де тереңірек зерттей түсуді қажет етеді. Мәселен, монғол тіліндегі *gaž* «тіпті, мүлдем, өрескел, сорақы, ерсі» сөзінен *gaž+jg* «қисық, қыңыр, бүкір», *gaž+uw* «қырыс, қыңыр, қиқар, қырын» сөздері жасалады, қимыл есімі *gaž+jx* «қисаю, қыңыраю» МҚС, 114-115 түрінде тұлғаланады. Мұндай мысалдардан √-γ/-g,-q/-k қосымшаларының монғол тіліндегі қолданысын кірмелілік деңгейінде ғана қарастыруға болмайтынын аңғарамыз. Сондай-ақ √-γ/-g,-q/-k қосымша морфемаларын тұңғыс-маньчжур тілдеріне жататын эвенкі тілі деректерінен де кездестіруге болады: *konijk* «ночевка, ночлег», *suruk* «бегун», *turuk* «скалистая вершина горного хребта». Зерттеушілер эвенкі тілінің морфологиялық жүйесіндегі мұндай белгілерді көршілес якут тілінің әсері деп санайды². Г.И.Рамстедт түркілік √-γ/-g,-q/-k қосымшаларының жасалу жолының бір-бірінен ерекшеліктері бар екенін айта отырып,

¹ Щербак А.М. Раннее тюрко-монгольскиеязыковые связи. – Москва, 1996. – С. 222, 212.

² Романова А.В., Мыреева А.Н., Барашков П.П. Взаимовлияние эвенкийского и якутского языков. – Ленинград, 1975. – С. 87.

«Установить различие между исконными образованиями на -g и образованиями на -q в тюркском часто бывает трудно; это объясняется тем, что в результате оглушение -g во многих диалектах (вост. -тюркск., сев. тюркск.) согласные -g, -k, -q совпали, и различить образования на -g и -q стала возможно только по их значению» дейді және -k формантынегізінен қимылдық қайталану мәнін білдіретін екінші дәрежелі етістіктер жасайтынын айтады¹. Көне түркілік $\sqrt{-\gamma/-g, -q/-k, -u\gamma/\ddot{u}g, -uq/\ddot{u}k, -i\gamma/-ig, \ddot{i}q/-ik, -aq/-ek, -a\gamma/\ddot{a}g}$ жұрнақтары арқылы жасалған көптеген сөздер қазіргі түркі тілдерінің біразында негізінен $\sqrt{-w, -aw/-ew, -oo, -aa, -uu, -ov}$ және $\sqrt{-aj/-ej}$ тұлғасымен қалыптасып отыр.

$\sqrt{-us/-üs, -is/-is, -u\ddot{s}/-ü\ddot{s}, -i\ddot{s}/-i\ddot{s}}$ – етістіктен есім түзетін қосымша морфема. Қазақ тілінде көнетүркілік $\sqrt{-us/-üs, -u\ddot{s}/-ü\ddot{s}, \ddot{i}s/-is, -i\ddot{s}/-i\ddot{s}}$ қосымша морфемасының $\sqrt{-is/-is, -i\ddot{s}/-i\ddot{s}}$ варианттары қолданылады.

Ескерткіштер тілінде: *tegis teg+is* «тиісу, ұрыс, шабуыл»: *Altı erig sančdi. Sü tegisinte jitinči erig qilišladı. Ekinči Quşlayaқта ediz birle sünüşdimiz. Kültegin az jaγizın binip oplaju tegip, birerig sančdi* КТү. 45 «Алты ерін шанышты. Әскерлер ұрыста жетінші ерін қылыптады. Екінші /рет/ Қушлағақта едізбен соғыстық. Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып, бір ерін шанышты»; *uruš*→*ur+u\ddot{s}* «ұрыс»: *Ebke tegdüküm uru\ddot{s} qilip* Он.2 «Ұрыс жасай отырып үйге қайттым» ~ қазақ тілінде: *uris* →*ur+is; sünüş* →*sün+ü\ddot{s}* «соғыс» ДТД, 66; КТү. 12, 28, 32; МЧ. I, 6; КЧ. 10, 20; БҚ. 25, 26: *Buduniγ igi dejin tijin, jirγaru oγuz budun tара, ilgeru qitan, tatabi budun tара, birgerü tabγa\ddot{s} tара uluγ sü eki jegirmi ...sünüşdim* КТү. 28 «Халықты көтерейін деп, терістікте оғыз халқына қарсы, ілгері қытан, татабы халықтарына қарсы, бергері табғашқа қарсы үлкен әскермен он екі /рет/ соғыстым.» Айд. I, 177 ~ қазақ тілінде: *soγis*→*soγ+is*.

Орхон мұралары тілінде бір түбірге $\sqrt{-üs/-ü\ddot{s}}$ қосымшасының фонетикалық варианттары алмасып қолданылуы да кездеседі: *sünüş* → *sün+ü\ddot{s}* ≈ *sünüs* → *sün+üs* «соғыс»: *Bir otuz jašına Sača seγünke sünüşdimiz* КТү. 32 «Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен соғыстық»; *Qirγ artuqi jiti joli sülemis, jegirmi sünüs sünüşmis. Tenri jarilqaduq üçün Illigig ilsiretmis, qaγanliγiγ qaγansiratmis, jaγiγ baz qilmis* КТү. 15 «Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. Тәңірісі жарылқағаны үшін

¹ *Рамстедт Г.И.* Введение в алтайское языкознание. Пер. с немецкого. – Москва: Наука, 1957. – С. 129.

елін елді, қағандығын қағанды, жауын бейбіт етті» Айд. I, 178. Бұл көне түркі әліпбиіндегі жіңішке буындағы *s* және *š* дауыссыздарының әріп таңбасының (I) бірдей болуына байланысты қалыптасқан оқылым варианттары. Аталған дыбыстардың ортақ графикалық таңбамен белгіленуі көне түркілер тілінде *s*≈*š* сәйкестігінің семантикалық мағына жүктемей де жиі қолданылатынын көрсетеді. Бұл құбылыс қосымша морфемаларды да қамтитынын тілдік деректер негіздейді. Ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-us/-üs, -is/-is, -uš/-üş, -iš/-iš}$ қосымшасының негізгі қызметі - қимылдық, іс-әрекеттік үдерістерді білдіретін абстракт мәнді зат есімдер тудыру.

Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-is/-is, -iš/-iš}$ аффиксі мен $\sqrt{-ši/-ši, -čil/-či}$ жұрнағын өзара төркіндес қосымшалар ретінде қарастыратын көзқарастар да қалыптасқан: «Қазіргі қазақ тілінде *-ыш//иш, -шы//ші, -ыс//іс, -сы//сі* қосымшаларының мағыналары бір-бірінен ажыратылған, белгілі дәрежеде жіктелген сияқты болып көрінгенімен, олардың арасындағы этимологиялық байланысты аңғаруға болады. Мәселен, қазақ тілінде *табыс* (зат.е.), *-тамшы* (сын.е.), *тамшы* (зат.е.) – *тамыз* (етістік), *көгіс* (зат.е.) – *көкше* «көкшіл» (сын е.), *қайшы* (зат.е.) – диал. *қиғаш* «қайшы». Башқұрт тілінде де осылай: әдеб. т. *тамсы* – говор. *тамыс* «тамшы», әдеб.т. *кайсы* – говор. *кайыс* «қайшы», әдеб. т. *камсы* – говор. *камыс* «қамшы» болып жұмсалады»¹. Бұл кәсіп, қимыл-әрекет иесін білдіретін $\sqrt{-ši/-ši, -čil/-či}$ қосымша морфемалары құрамындағы дыбыстардың өзара метатезалық байланысқа түсуінің әсері.

$\sqrt{-č, -nč}$ – етістіктен есім сөздер тудыратын қосымша морфема.

Ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-č}$ морфемасы қазақ тілінде $\sqrt{-iš/-iš, -is/-is}$ қосымшасымен беріледі. *ötünč* → *ötün+č* «өтініш»: *Qağanım ben özüm bilge Tonıjkuq ötüntük ötünčümin esidü bertı könlünče udiz tidi. Kök öñüg juıuru Ötüken jisıaru udiztim. Ingek kölükin Toılada oıuz kelti.* Тон,15 «Қағаным мен өзім бірге Тоньюқуқ өтінген өтінішімді естіді, көңілдегіше жүргіз, - деді. Көк Өңүт таптай Өтүкен қойнауына жүргіздім. Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді. Білге Тониқуқ өтінген өтінішімді есітіп» Айд. II, 106 ~ қаз. *ötiniš* → *ötin+iš* «өтініш, арыз, тілек»; *alıč* → *al+ič* «алым»: *Alıçñız bar üçün* «Алымыңыз болғандықтан» Е.48;

¹ *Тектігүл Ж.О.* Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 165-бет.

bulyanč → *bulyan+č* «бүлік, былық (былғаныш)», *tarqanč* → *tarqan+č* «тарқады, тарап кетті (саяси дағдарыс)»: *Türk budun jeme bulyanč ol timis Oğuz jeme tarqanč on timis Ol sabın esidip tün udısqım kelmez erti olursiqım kelmez erti Anta saqıntım...sülelim...tidim* Тон.22 «Түрк халқы тағы бүлік шығарды деді Оғуздар да тарауда, - деді Сол сөзді есітіп түнде тағы ұйқым келмеді, /күңдіз/ отырғым келмеді. Сонда ойландым...Соғысайық...дедім»; *ezenč(üme)* → *ezen+č(üme)* «жақсы әдет, жақсықасиет», *közünč(üme)* → *közün+č(üme)* «тілек, көздеген жақсы мақсат, арман»: *Ezenčüme közüncüme adırılma* E.28 «Жақсы әдетінен, мақсат-тілегінен айырылма».

Көптеген зерттеушілер Орхон, Енисей ескерткіштері тілінде негізінен туынды етістіктерге жалғанатын $\sqrt{-č}$ морфемасын етістік тудыратын қосымшамен бірге құранды жұрнақтар қатарында қарастырады. А.Н.Кононов *ötünč* лексемасының құрамынан қосымша морфема ретінде $\sqrt{-nč}$ формантын ажыратады, аталған қосымшаны $\sqrt{-č}$ және $\sqrt{-n}$ тұлғаларының қосындысынан жасалған құранды жұрнақ деп таниды¹. Ғалым ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-nč}$ жұрнағының негізгі мәнін қимыл, үдеріс атауымен байланыстырады: «Этот аффикс образует имена существительные со значением имени действия, процесса: *bulyanč* «смятение» (*bulyan* «перемешиваться, «смешиваться»); *ötünč* «просьба» (*ötün* «обращаться с просьбой»); *tarqanč* «рассеяние», «смятение» (*tarqan* «рассеиваться», «разбредаться»)»².

Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-č}$ (*-ič/-iš*) және $\sqrt{-nč}$ қосымшаларының байланысы жайлы А.Есенқұлов: «Тарихи-этимологиялық жағынан қарағанда бұл жұрнақтардың төркіні бір болуы да мүмкін. Ал көне ескерткіштердегі фактілерге жүгінсек, бір топтағы екі түрлі жұрнаққа жатады. Бірақ осы екі жұрнақты ұяға сыйғызуға болмайтын сияқты. Олар қазіргі түркі тілдерінің бәрінде бар және мағыналары да бір, яғни өтініш, қорқыныш, өкініш сияқты адамның көңіл-күйін көрсетеді»³, дей отырып, $\sqrt{-č}$, *-nč*, *-inč*, *-inč*, *-in*

¹ Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. – Ташкент, 1948. – С.86.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VIII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – С.94.

³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 81-бет.

č,- ünč қосымшасының құрамындағы -i, -č тұлғалары түбір сөз бен жұрнақты байланыстырушы дәнекер қызметінде жұмсалатынын, сөз тудырушы морфема √-nč жұрнағы екенін айтады. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі √-š/-č қосымшасын еркелету мәнді морфемалар қатарында қарастырады: *ataš, babaš*, ноғай тілі: *abasa (ana)*¹.

Қазіргі қазақ тілінде √-n(*-an/-en,-in/-in) өздік етістің қосымшасы, *süjeniš → süje+n+iš,aldaniš → alda+n+iš*. Дегенмен осы модельге сәйкес келетін *quwanış → *quw+an+iš, žubanış → *žub+an+iš, žijreniš → *žijr+en+iš, ökiniš → *ök+in+iš, ötiniš → *öt+in+iš* т.б. тәрізді лексемалар құрамындағы √-n(*-an/-en,-in/-in) қосымшаморфемалары сөзжасам жүйесімен тығыз байланыстағы тарихи морфологиялық құрылым. √-č,-nč морфемасы ескерткіштер тілінде іс-әрекетті, заттың белгісін білдірсе, қазіргі түркі тілдерінде істің нәтижесін, объектіні, құралдың атауын немесе оның пайдаланылатын орнын сипаттайды.

√-ma/-me – есім сөздер жасайтын қосымша морфема. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі √-ma/-me қосымшалары жалғанған сөздер субъектілік, объектілік мәнде және белгілі бір іс-әрекеттің атауы ретінде жұмсалады. Ескерткіштер тілінде √-ma/-me ~ қазақ тілінде: √-ma/-me,-ba/be,-pa/-pe: *körügme → körüg+me* «құмартушы/ құмар»: *Bödke körügme begler, gü janıltačisiz. Men bengü taš /toqıtdım/. Tabıaç qayanta bediz čikelürtim, bediztim. Meniñ sabimün simadi* КТк.11 «Таққа /құмар/ бектер, сіздер жаңыласыздар ғой. Мен мәңгі тас орнаттым. Табғаш қағаннан шебер /бедізші/ келтірдім, өрнектеттім. Менің сөзімді бұзбады» Айд.І, 170; *jatıyma → jatıy+ma* «жатақ»: *Biz jeme süledimiz anı irtimiz. Jenčü ügüzüg keče Tinesi oylı jatıyma Benligek taıyü ...*Тон.44 «Біз тағы да соғыстық, Оны қудық Інжү өзенін өте Тинесі ұлының тұрағы Бенлігек тауын...»; *jalma → jal+ma* «сауыт»: *Üčünč Jegin Silig begin kedimlig torıy at binip tegdi. Ol at anta ölti. Jaraqınta, jalmasınta jüž artuq oq unurtı, jizke başıña bir /tegürmedi/...КТү.33* «Үшінші /рет/ Иегін Сілік бектің ерттеулі торы атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді. Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді, дулығалы басына бірі де /тимеді/»; *ezenčüme → ezenčü+me* «жақсы әдет, жақсы қасиет», *közünčü(me) → közüncü+me* «тілек, көздеген жақсы мақсат, арман»: *Ezenčüme közüncüme adırılma* E.28 «Жақсы әдетінен, мақсат-

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282, 283-беттер.

тілегінен айырылма»; *jelme* → *jel+me* «шолғын, шолғыншы (желме): *Jelmesin meniñ er anta başmıñ* МЧ.24 «Оның шолғыншыларына менің адамдарым шабуыл жасады»; *Jelme eri kelti* «Шолғыншылардан адам келді» МЧ. 18; *bitigme* → *bitig+me* «жазу, жазба»: *Bu bitig bitigme Atisı Jollıy tigin* КТк.13 «Бұ жазуды жаздырған – туысы Йоллығ тегін» Айд.І,171.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде $\sqrt{-mal/-me}$ қосымшасы негізінен қимыл есімдерінің мәнін бере отырып субъстантивтік сапаны иеленеді: *tegme* → *teg+me* «шабуыл/тию»: *Bir tegme segiz er erdim* «Бір шайқаста сегіз ер ер (батыр) болды»; *Tegmeçi men tejin saqıntım* Он. «Шабуылдаушы мен боламын деп ойладым» Айд.ІІІ, 142-143.

Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемаларды жан-жақты зерттеген ғалым А.Есенқұлов көнетүркілік $\sqrt{-mal/-me}$ қосымшасының табиғаты жайлы: «Көне жазба ескерткіштерінде *-ma* жұрнағы көбінесе етістік негіздеріне жалғанып, жаңадан зат есім тудырады: *йелме* (атты әскер), *тегме* (шайқас), *ал көрігме* (кіріптар), *бітігме* (жазған, жазушы) сөздері қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Етістік негізінде бұл арада *-iz* жұрнағы жалғанып заттандырып, оған және *-ma* жұрнағы жалғанып тұр»¹, - деген ой айтады. Жалпы түркі тілдері бойынша $\sqrt{-mal/-me}$ қосымшасы бірнеше мәнде жұмсалады: 1) қимыл, әрекет йесін білдіретін сөздер жасалады; 2) заттың орнын және атауын білдіреді; 3) қару-жарақтың, құралдың атын білдіреді; 4) іс-әрекеттің нысанын білдіреді; 5) іс-әрекет нәтижесін білдіреді.

Қазақ тілінде де $\sqrt{-mal/-me, -bal/-be, -pal/-pe}$ қосымшасы зат есім тудыруда өнімді жұрнақтар қатарына жатады: *baspa* → *bas+pa*, *bölme* → *böl+me*, *žazba* → *žaz+ba*, *körme* → *kör+me*, *qazba* → *qaz+ba*, *tospa* → *tos+pa*, т.б. Қазақ тіліндегі үндестік заңының қарқындылығына орай көнетүркілік $\sqrt{mal/-me}$ форманты бірнеше фонетикалық нұсқада қолданылады, қатаң варианттар түркі тілдері дамуының көнетүркілікке дейінгі кезеңінен қалған белгілер болуы да мүмкін.

$\sqrt{-im/-im, -um/-üm}$ – есім сөз тудыратын қосымша морфема. Көнетүркілік $\sqrt{-im/-im, -um/-üm}$ қосымшасы қазақ тілінде $\sqrt{-im/-im}$ түрінде тұлғаланады. Ескерткіштер тілінде: *batim* → *bat+im* «батым»:

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 80-бет.

Sünüg *batimī* qarīy sökipen, Kögmen jīšiy toya jorip, qırqaz budunīy uda basdīmiz. Qayanin birle Soñaj iśda sünüşdimiz. Kültegin Bajirkunin aq adyiriy binip oplaju tegdi KTү. 35 «Сүңгі батымы қарды аршып, Көгмен тауына көтеріле жүріп, қырық аз халқын ұйқыда бастық. Қазғанымен Соңа қойнауында шайқастық. Күлтегін Байырғының ақ айғырын мініп опырайта тиді (шабуылға шықты)» Айд. I, 178 ~ қаз. *batim* → *bat+im*; *barim* → *bar+im* «байлық, барлық»: Kušu Tutuq birle sünüşmiş erin qor ölürmış, ebin *barimın* qalisiz kop kelürti. Kültegin jiti otuz jaşınja qarluq budun erür barur erik ili jayı bolfi KTү. 41 «Қушы тұтықпен соғысты, ерінің көбін өлтірді, үйін-мүлкін қалдырмай, көп әкелді. Күлтегін жиырма жеті жасында қарлуқ халқы жүре бара нағыз жау болды» Айд. I, 181; Jilqisın, *barimın*, qızın, quduzın kelürti МЧ.15 «Мал-мүлкін, қыз-әйелдерін әкелдім» ~ қаз. *barim* → *bar+im*; *tusum* → *tus+um* «пайда (түсім)», «пайда, түсім»: Täñirielimke E.44 «Тәңірі еліме пайдам» ~ қаз. *tusim* → *tus+im*; *kedim* → *ked+im* «киім», «сауыт, қару-жарақ», «ертұрман, жабу», «киім»: Beş jüz kedimlig jaday «Бес жүз қарулы жаяу әскер»; Ücünç Jegin Silig begin kedimlig toriy atbinip tegdi. Ol at anta ölti KTү. 33 «Үшінші /рет/ Иегін Сілік бектің ерттеуді торы атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді» ~ қаз. *kijim* → *kij+im*.

А.Н.Кононов ескерткіштер тіліндегі √-*im/-im,-um/-üm* қосымшасын өнімсіз жұрнақтар қатарына жатқызады¹. Жазба ескерткіштер тілінде √-*im/-im,-um/-üm* форманттары арқылы етістіктерден жасалған зат есімдердің сирек қолданылуы бұл қосымшалардың өнімсіздігіне емес, мәтін авторларының стильдік қолданысына байланысты болса керек, себебі қосымшаның мағыналық ерекшеліктері мен қалыптасқан сөзжасамдық моделі сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақтарға ұқсамайды.

Көне түркі тілінде √- *im/-im,-um/-üm* форманты бірнеше мағынады жұмсалады: «1) мөлшер мен өлшемдік мағынада жұмсалады; 2) іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді; 3) заттық атауды, объектіні білдіреді; 4) кейде субъект мағынасында да қолданылады; 5) процесс және оның нәтижесін білдіреді»². Зат есім тудырушы √- *im/-im,-um/-üm*

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.93.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 89-90-беттер.

қосымшасы қазақ тілінде де белсенді қолданылатын әрі мағыналық ауқымы да аса кең сөзжасам моделі: *adīm* → **ad+īm* (*atta+m*), *atīm* → *at+īm* (бір атым насыбай), *bilim* → *bil+im*, *bitim* → *bit+im*, *bölim* → *böl+im*, *žarīm* → *žar+īm*, *žutīm* → *žut+īm* (бір жұтым су), *kütim* → *küt+im*, *quram* → *qura+m*, *oram* → *ora+m*, *ösīm* → *ös+im*, *önim* → *ön+im*, *salīm* → *sal+īm* (бір салым шай), *sawīm* → *saw+īm* (бие сауым уақыт), *senim* → *sen+im*, *tutam* → *tut+am* (бір тұтам жіп), *šimšim* → *šimšī+m* (бір шымшым тұз), *šaqirīm* → *šaqir+īm*, *šešim* → *šeš+im* т.б. Қалыптасқан емле ережелері, орфографиялық норма өзі де бәсең ерін үндестігін қазақ тілінің жазба дәстүрінен біржолата ығыстырды. Бұл көнетүркілік √*-īm/-im*, *-im/-īm* формантының қазақ тілінде √*-īm/-im* нұсқаларының ғана орнығуына ықпал етті.

√*-ayū/-egü*. Көне жұрнақ √*-ayū /-egü* қазіргі түркі тілдерінде √*-aq/-ek*, *-äk*, *-oq/-oγ*, *-ay/-äg*, *-aw/-ew*, *-aj/-ej*, *-ov/-öv* т.б. тұлғаларымен, кей тілдерде *-oo*, *-öö*, *-uu*, *-üü* созылыңқы дауыстыларымен қалыптасқан. Мұндай фонетикалық өзгерістерді өзбек ғалымы Ф.Абдуллаев түркі тілдерінде кеңінен тараған *γ≈v* (*γ≈j*, *γ≈w*) сәйкестігінің нәтижесі¹ ретінде қарастырса, келесі зерттеушілер үнемдеу заңымен байланыстырады. √*-ayū/-egü* жалпыалтайлық қосымша морфемалар қатарына жатады: көне түркі тілінде *buzayū*, *buzayū* «теленок (бұзау)» ДТС, 130, түр. *buzagi*; өзб. *buzaq/buzok*, қаз., ққалп., құм. *buzaw*; ноғ. *buzav*; әзірб. диалектілерінде *buzoj/buzoo*; ұйғ. *tozaj*; қырғ. *tuzoo*, шор. *piza*; алт. *buzā*, чув. *paruw*; монғолдың ескі жазба тілінде *buragu*, монғ. *birau*; бур. *buruu/buriin*, қалм. *buru*². Жалпы алтай тілдеріндегі ротацизм құбылысын сипаттайтын *r≈z* сәйкестігі түбір морфема құрамында да, қосымша морфема құрамында да кездесе береді. Көне түркі тілінде *ijšagi* «кишки (ішек)» ИДТЯ, 300, қырғ. тілінде *ijseg*; ұйғ. тілінде *ičäj*; як. тілінде *ijhe*; башқ. тілінде *zäk*; қаз. тілінде *išek*: ішегіне шынашақ айналмау «қызғаншақ, іші тар». Ортақ түбірі *iš* «внутренность, живот» СтОКО, 311. Көне түркі тіліндегі √*-ayū/-egü* форманты қазақ тілінде негізінен √*-aw/-ew* және √*-aq/-ek*, *-iq/-ik* тұлғаларымен орныққан.

¹ Абдуллаев Ф. Фонетика хорезмских говоров. – Ташкент, 1967. – С. 191.

² Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках// Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979. – С.51.

Ескерткіштер тілінде: *küdegü* → **küd+egü* «күйеу, күйеу бала» Орх; Е; Тал. *Qaṅim tülberi qara bodun külüg qadašim esizim El Ešim er, Ögel er, Oylan er, küdegülerim, qız, kelinlerim bökmedim* Е.3 «Ханым, қара бұқара түлбері халқы, атақты туыстарым, қайран, Ел Ешім ер, Өгел ер, Оғлан ер, күйеу балаларым, қыз-келіндерім, бөгіп тойынбадым» Аманж.І,49 ~ қазақ тілінде: *küjew* → **küj+ew* «қыздың, қарындастың ері» *g≈Ø*. Кезінде Орхон ескерткіштерінде де созылыңқылардың қолданыста болуы жайлы пікірлердің айтылғаны белгілі, сондықтан *w* дыбысының «алғашқылығын» меңзейтін көзқарастарды жүйелеп, терең зерттеу түркі тілдерінің тарихи дамуын анықтауда аса маңызды әрі өзекті мәселе.

Алтайтанудағы типологиялық бағытты қолдаушы ғалымдар $\sqrt{-ayu/-egü}$ қосымшасын таза түркілік формант ретінде қарастырады, монғол тілдеріндегі *-ayu* тұлғалы сөздер құрамындағы қосымша морфеманы монғол тіліне енген түркілік элемент деп таниды¹. Тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеуші ғалымдар $\sqrt{-ayu /-egü}$ қосымшасының алғашқы дауыстысын түбір сөз еншісіне қалдырып, $\sqrt{-yul/-gü}$ моделінің архетипі $\sqrt{-yul/-gün}$ болуы мүмкін деген болжам ұсынады². Жалпы алтай тілдері бойынша сөздің абсолют соңындағы *n* дыбысы өзгеріске немесе түсіп қалуға бейім фонемалар қатарына жатады³, мысалы: *qon* ~ *qoj* «қой», *želken* ~ *želket* «желкен», *üšün* ~ *üšün* «үшін» т.б. В.Котвичтің сипаттамасы бойынша $\sqrt{-yul/-gün}$ морфемасы жинақтау есімін білдіретін көне жұрнақ⁴. Көне түркі тіліндегі *ijkägü* «екеу», *besägü* «бесеу» тәрізді жинақтау сан есімдерін негізге ала отырып айтылған, $\sqrt{-ayu/-egü}$ қосымшасының архисемасы жинақтау мәнін білдіруі мүмкін деген пікірлер де бар. Сондай-ақ, күрделі жұрнақ $\sqrt{-ayul}$ формантымен төркіндестігі жайлы, оның $\sqrt{-ayut}$, $\sqrt{-ayul}$ сияқты варианттары болуы ықтимал екенді туралы да сөз болып жүр⁵.

¹ Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV). – Санкт-Петербург, 1997. – С.183.

² Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках // Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979. – С.126

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 336.

⁴ Котвич В. Исследования по алтайским языкам. – Москва: Наука, 1962. – С.72.

⁵ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 84-бет.

√-qu/-kü, -yu/-gü – негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема болса да кей жағдайда зат есім тудырады. Көне түркілік √-qu/-kü, -yu/-gü форманттарының мәні қазақ тіліндегі √-qaj/-gej, -qaj/-kej тұлғаларының мағынасы мен қызметіне сәйкес келеді: *ajyu*→*aj+yu* «ақылшы, кеңесші (айқайшы)» Орх. *Qaḡanī alpermis. Ajyucisi bilge ermis. Oleki kisi bar erser sini tabyaçiy ölürteci tirmen. Öñre qitanīy ölürteci tirmen. Bini oγuzuγ ölürteci ök tirmen* Тон. 10 «Қағаны алып еді. Ақылгері білге еді. Ол екі кісі бар болса, Сен Табғашты қырар дермін. Шығыста – қытандықырар дермін. Мені – оғызды қырар дермін.» Айд. II, 105 ~ қаз. *aj*→*aj+qaj(šī)* «айғай, қатты шыққан дыбыс».

Қазақ тіліндегі құрал-сайман атауын білдіретін *buryi*→**bur+yi, sürgi*→*sür+gi, süzgi*→*süz+gi, süñgi*→**süñ+gi, šalyi*→**šal+yi, šaḡyi*→**šaḡ+yi* сияқты сөздердің қолданылуы √-γ/-g, -yu/-gü қосымшаларының бір кездері етістіктің грамматикалық бірліктеріне қатысты да, етістіктен зат есім тудыру амалдары ретінде де қолданылуынан болуы мүмкін. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі √-qil/-qij (түрікмен: *ataqi* «ата, әке», тува: *avaqi* «ана») және √-qal/-ke (қырғыз: *ateke, šešeke, erke* т.б.), √qaj (өзбек, қазақ: *balaqaj*, татар: *qıwanqaj* «қоян») қосымшаларының еркелету, кішірейту мәні ортақ екенін көрсетеді¹. Қазіргі түркі тілдеріндегі қимыл есімін жасайтын √-w(-aw/-ew) қосымшасы көнетүркілік √-q/-k, γ/-g -нің фонетикалық варианты екені және √-qu/-kü, -yu/-gü қосымшаларымен де генетикалық байланысы бар екені түркітануда белгілі².

√-luq/-lük, -luγ/-lür, -liγ/-lig, -liq/-lik - есімдер мен етістіктерге жалғанып есім сөздер жасайтын жұрнақ. Қазақ тілінде √-liq/-lik, -diq/-diktıq/-tik тұлғаларында қолданылады. Зат есімдер мен сын есімдер жасауда бірдей қолданылатын көпфункционалды форманттың зат есім тудырудағы негізгі мәні - құбылыстарға, іс-әрекетке, сапа мен жағдайға, кеңістік пен уақытқа, өлшем мен көлемге, кәсіпке қатысты абстракт ұғымдарды білдіру.

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282,283-беттер.

² Қараңыз: Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С. 162; Кононов А.К. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 97; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 191-бет; Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 196-бет, т.б.

Көне түркі тілінде: *basliḡ* → *bas+liḡ* «басшылық, бастық» ДТД, 34; Орх, Е. Тон. 31; КТү. 41. *Anta jerüki suq basliḡ Soḡdaq budun köp kelti. Ol күnte tegti Türk budun Temir qarïḡqa* Тон. 46 «Сонда Суқ бастаған Соғда халқы түгел келді Сол күндері Түркі халқы Темір қақпаға жетті» Айд. II, 112 ~ қаз. *bastiḡ* → *bas+tiḡ* «жетекші, басқарушы, басшылық жасаушы адам» ҚТТС, 114; *budunliḡ* → *budun+liḡ* «халықтық (бұқара халықтық)» ~ қазақ тілінде: *bodandïḡ* → *bodan+dïḡ* «отарланған ел»; *jaḡluq* → *jaḡ+luq* «жаңылыс, қателік» МЧ. 44; Он. II, 3; КТк. 10; Тон. 26: *On tünke jantiḡi tuḡ ebirü bardimüz. Jirči jir jaḡliḡ, boḡualanti. Buḡadur qaḡan jelü kör timis* «Он түн дегенде тау баурына бардық. Жершіл ер (жол көрсетуші) жаңылып, Бауыздалды. Мұңайып қаған Желе көр, - деді» Айд. II, 109; *qaḡanliḡ* → *qaḡan+liḡ* «қағандық, мемлекет»: *Qaḡanliḡ budun ertim, qaḡanim qani? Ne qaḡanqa isig-küciḡ bürürmen? - tir ermis. Anča tir, tabḡaḡ qaḡanqa jaḡi bolmïs* КТү 9 «Қағанды халық едім, қағаным қайда?! Қай қағанға күш-қуатымды берермін?!» - десті. Осылай деп табғаш қағанға жау болды» Айд. I, 173 ~ қаз. *qaḡandïḡ* → *qaḡan+dïḡ*; *illig/ ellig* → *il/el+lig* «елдік»: *Türk qara qamuḡ budun anča timis: «Illig budun ertim, ilim emti qani? Kimke ilig qazayanurmïn?» - tir ermis* КТү 9 «Күллі түрк қара халқы былай десті: «Елді халық едім, елім енді қайда?! Кімге елдік жасаймын?» - десті» ~ қаз. *eldik* → *el+dik*; *beglik* → *beg+lik* «бек, бектік»: *Ebiḡerü kelmïšüçünč künčuj urilnamïš beglik jarayajtir* ЫБ.5 «Үйіне қарай келген. Үшінші бикеші ұл туған, Бек болғай» Айд. III, 159 ~ қаз. *bektik* → *bek+tik*.

√*-luq/-lük, -luḡ/-lüg, -liḡ/-lig, -liḡ/-lik* қосымшалары М.Қашқари тілінде, көне ұйғыр ескерткіштері мен шағатай тілінде кеңінен қолданылғанымен VII-IX ғасыр түркі мұраларында сирек кездесетінін сөзге тиек еткен А.Н.Кононов оларды өнімсіз жұрнақтар қатарында қарастырады: «в ТРП (түркі руникалық жазбалары) был малопродуктивен или, может быть, вовсе не использовался как аффикс, образующий определенные разряды имен существительных, - очень мало вполне достоверных примеров с этими форманто¹. √*-luq/-lük, -luḡ/-lüg, -liḡ/-lig, -liḡ/-lik* форманттарының Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде біршама аз кездесуі және осы қосымшалар арқылы жасалған сөздердің сөйлем ішіндегі қызметінің

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). - Ленинград:Наука,1980. - С.88.

ерекшеліктері аталған қосымшаның субъстантивтену, адекъективтену үдерістеріне ықпал ететін көпфункционалды табиғатына байланысты. Профессор М.Томанов $\sqrt{-luq/-lük, -lu\gamma/-lüg, -li\gamma/-lig, -liq/-lik}$ форманттары арқылы абстракт мәнді қаз. т. *qıstıq* «қыстық»; чув. т. *čurelax* «құлдық»; өзб. т. *aqtıq* «ақтық», *keliışlik* «келіс, келу»; ұйғ. т. *baliliq* «балалық»; якут: *axliq* «астық»; әзірбайжан: *gezellik* «сұлулық» т.б. зат есімдері жасалатынын, олар заттың таралған аясын, шыққан мекенін, жинақы тобын білдіре алатынын, кейде адамның кәсіби, тіршілік ерешелігін (өзб. *juzumlik, kömürlük, pişendik* т.б.); тұрған, шыққан мекенін (өзб. *olmalijq, toškentlijk*); кәсіби, тіршілік ерекшелігін (түр. *čabanliq, qojluliq* «ауыл шаруашылығы маманы») т.б. білдіретінін көрсетеді¹.

Түркі тілдеріндегі сапа мен жағдайды, адамның мінезі мен әрекетін, қалпын, өлшем мен бірлікті, шыққан орын мен мекен-жайды білдіретін² $\sqrt{-luq/-lük, -lu\gamma/-lüg, -li\gamma/-lig, -liq/-lik}$ форманты бастапқыда көптік, жинақтау мәнін білдірген құранды жұрнақтар қатарына жатады³. Аталған қосымшаның функционалдық-семантикалық мәні нақтылықтан → абстрактілікке бағыты бойынша дамығаны да көрсетіледі: «При всем многообразии функций, природа аффикса является идея концентрации или объединения чего-либо: сперва конкретных предметов, а потом абстрактных»⁴. Түркітанушы-лингвистер $\sqrt{-luq/-lük, -lu\gamma/-lüg, -li\gamma/-lig, -liq/-lik}$ форманттарын етістіктің $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасынан және есім жасайтын $\sqrt{-q/-k, \gamma/-g}$, аффиксінен жасалған құранды жұрнақ ретінде таниды⁵. Түркі тілдерінде $\sqrt{-luq/-lük, -lu\gamma/-lüg, -li\gamma/-lig, -liq/-lik}$ қосымшасының қолданыс аясына қарағанда $\sqrt{-laq/-lek, la\gamma/-leg}$ аффиксінің қолданыс аясы шағын, « $\sqrt{-la\gamma}$ жұрнағы $\sqrt{-liq}$ жұрнағының бір-ақ мағынасын, яғни

¹ Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 116-бет.

² Сабыр М. Орта ғасыр түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 267-268-беттер.

³ Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1986. – 106-бет.

⁴ Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва – Ленинград, 1948. – С. 66.

⁵ Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва, 1960. – С. 104; Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Изд-во Восточной литературы, 1966; Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразования. – Уфа, 1959. – С. 89.

бірыңғай заттардың шоғырланған, жинақталған тобын, оның орнын көрсетеді»¹. Түркі тіл білімінде $\sqrt{-laq/-lek}$, $-lay/-leg$ аффиксінің фонетикалық варианттары саналатын $\sqrt{-daq/-dek}$, $taq/-tek$, $-tūq/-tik$, $-lūq/-lik$ қосымша морфемасының жалаң немесе құраңды жұрнақ екені жайлы бірізді пікір қалыптасқан жоқ. Түркі тілдерінің агглютинативті табиғаты кез келген бір буынды тұлғаның тарихи тұрғыдан екінші немесе, тіпті, үшінші дәрежелі тұлға болу мүмкіндігін жоққа шығармайтыны белгілі.

$\sqrt{-an/-en/-in/-in,-un/-ün}$ – зат есім тудыратын қосымша морфема. Ескерткіштер тілінде: $\sqrt{-an/-en/-in/-in,-un/-ün}$ –қазақ тілінде: $\sqrt{-an/-en/-in/-in}$. *kelin* → **kel+in* «келін»: *Ögim qatun ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, qunçularım, bunça jeme tirligi küñ boltaçerti, ölügi jurtda jolta jatu qaltaçerti,ertigiz* КТү. 49 «Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күн болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер» Айд. I, 182; *Er oylan er küdegülerim, qız, kelinlerim bökmedim* Т.2 «Ер (батыр) ұлдарым мен күйеулерім (күйеу балаларым), қыздарым мен келіндерім қызықтарыңды көрмедім» ~ қаз. *kelin* → **kel+in; oylan* → *oγ(u)l+an* «ұл, ұлан»: *Otuz oylan saydıçları piçin elte jegirmi* Т.2 «Отыз ұланның адал достары! Мешін жылы, елде, жиырмада /еді/» Аманж. I,44; *Kuli Çur sançir öltürüp oγulün kisisin bodun qilti* «Кули Чур қылыштап өлтіріп ұлдарын, кісілерін тұтқынға алды КЧ. 5~қаз. *ulan* → *ul+an; eren* → *er+en* «ер, еркек, батыр «ерекше, айрықша (ерен ерлік)»: *Qadaşim eren eşükeju joyladiniz* E.12 «Достарым, ерлер мені кебінге орап көмді». Ескерткіштер тіліндегі *eren* лексемасы антропонимдер жүйесінде де кездеседі: *Er атым Eren улығ ердеміг Er atım Eren ulıγ erdemig* E.29 «Менің даңқты(батырлық) атым Eren ұлық» ~ қаз. *eren* → *er+en; qatun* → **qa+tun* «қағанның әйелі»: *Qatun joq bolmıs erti. Ani joylatajın tidi. Sü barıñ tidi. Altun jışda olurıñ tidi. Sü bası inel qayan Tardus şad barzun tidi Bilge Tonıkuq bana ajdı* Ктү.31 «Қатыны өлген еді, Оны жерлейін, - деді. Әскер барың деді Алтын қойнауа күтің, - деді Әскер басы – Інел қаған Тардуш шады барсын, - деді Білге Тоникуқ маған айтты» ~ қаз. *qatın* → **qa+tın* «ер адамның жары, жұбайы, зайыбы; тұрмысқа шыққан жалпы әйел заты»; *aqın* → **aq+ın* «шабуыл»: *Anda ben er*

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 74-бет.

erdemin aqun E.2 «Менің айбынды батыл шабуылым» ~ қаз. *ayün* → *aq+iün* «ағын, екпін».

Э.В.Севортян түркі тілдеріндегі есімдерге де, етістіктерге де жалғанып есім сөздер тудыратын $\sqrt{-an/-en/-in/-in, -un/-ün}$ қосымшасын кішірейту мәнін беретін аффикстер қатарында қарастырады¹. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-an/-en/-in/-in, -un/-ün}$ қосымша морфемалары арқылы жасалған сөздер қимыл иесін (субъектіні), қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді. В.М.Насилов ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын *ini-jigün* қос сөзінің жинақтау мәніндегі «інілер, кіші бауырлар» мағынасында жұмсалғанын көрсетсе², А.Есенқұлов көнетүркілік $\sqrt{-n}$ және $\sqrt{-yün}$ жұрнақтарының мағыналық жағынан ұқсайтынын, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері де барын айтады: «*-n* жұрнағы іс-әрекетті, процесті білдірсе, *-yün* жұрнағы заттық мағынаны білдіреді»³. Қазіргі қазақ тілінде $\sqrt{-an/-en/-in/-in}$ тұлғалары жалғанған сөздерден кішірейту мәні аңғарылмайды. Тілімізде жиі қолданылатын өнімді жұрнақ $\sqrt{-an/-en/-in/-in}$ форманттары арқылы жасалған сөздердің мағынасы көнетүркілік $\sqrt{-an/-en/-in/-in, -un/-ün}$ қосымшалары арқылы жасалған лексемалардан ерекшеленбейді, қосымшаның белсенділігінің артуына байланысты мағыналық жағынан да кеңіген: *ayün* → *aq+iün, egin* → *ek+iün, žatün* → *žat+iün, žawün* → *žaw+iün, žijün* → *žij+iün, otün* → *ot+iün, sawün* → *saw+iün, šiyün* → *šiq+iün* т.б.

Жалпы алтай тілдері бойынша сөздің абсолют соңындағы *n* дыбысы өзгеріске немесе түсіп қалуға бейім фонемалар қатарына жатады⁴, мысалы: *qon~qoj* «қой», *želken~želket* «желкен», *üčün~üčü* «үшін» т.б. В.Котвичтің сипаттамасы бойынша $\sqrt{-yun/-gün}$ морфемасы жинақтау есімін білдіретін көне жұрнақ⁵. Қазақ тілінде (жалпы түркі тілдерінде) $\sqrt{-an/-en, in/-in}$ формантының морфемалар жігі айқын емес, түбір морфеманың мағынасы күңгірт дисиллабтар

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – Москва: Изд-во Восточной литературы, 1966. – С.172-173.

² Насилов В.М. Язык орхон-енисейских памятников. – Москва: Наука, 1960. – С.18.

³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 88-бет.

⁴ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 336.

⁵ Котвич В. Исследования по алтайским языкам. – Москва: Наука, 1962. – С.72.

құрамында да жиі кездесуі бұл қосымшаның тарихы түркі тілдері дамуының ең ежелгі, түркілікке дейінгі кезеңінен бастау алатынын көрсетеді: *bulan* → **bul + an*, *erin* → **er+in*, *žajin* → **žaj+in*, *žilan* → **žil+an*, *qamīn* → **qam+in*, *qayın* → **qayı +ın*, *qulan* → **qul+an*, *qulin* → **qul+in*, *qutan* → **qut+an*, *qojin* → **qoj+in*, *murin* → **mur+in*, *orin* → **or+in*, *özen* → **öz+en*, *šibin* → **šib+in* т.б.

√-qış/-kiš. Түркі тілдеріндегі √-*qış-kış*, -*γiš/-giš* форманттары √-*γ/g*, -*q/-k* және -√-*š* (-*iš/-iš*), -*s(-is/-is)* модельдерінің бірігуінен жасалған құранды жұрнақтар қатарынан орын алады. √-*qış/-kiš* қосымша морфемалары іс-әрекеттің, абстрактылы ұғымның, үдерістің атын білдірумен қатар нақтылы заттың да атауын да көрсете алады.

Ескерткіштер тілінде: √-*qış/-kiš* ~ қазақ тілінде: √-*qış/-kiš* – етістіктерден есім сөз жасайтын қосымша морфема: *arqış* → *ar+qış* «керуен»: *Altı baу bodunim küclüğün üçün arqış elde tašin baға tikti* E.49 «Алты баулы халқымның күштілігінен, / асқа келген/ керуендер ел ішінде /ескерткіш/ тасын маған орнатты» Аманж.І,51. Көне түркі тілінде *arqış* лексемасы √-*qış/-kiš* моделі арқылы жасалған *tirkiš* → *tir+kiš* «тіркес» сөзімен қосарланып, қос сөз құрамында да қолданылады: *arqış-tirkiš* «керуен»: *Ötüken jir olurip, arqış-tirkiš isar, neң bunuγ joq, Ötüken jış olursar, beңgü iltuta olurtaçisen, türk budun toq.* Өтүкен йір олуруп арқыш-тіркіс ысар нең буның йоқ КТү.8 «Өтүкен жерінде отырып, /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұңың жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. /Сонда/ түрк халқы тоқ.» Бұл қазақ тілінде кеңінен қолданылатын √-*qış-kış*, -*γiš/-giš* және √-*qas/-kes* (*ajqas*, *tirkes*, *šajqas* т.б.) қосымшаларының өзара жақындығын көрсетеді.

√-dem – есім түбірден есім сөздер жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде √-*dem*: *erdem* → *ep+dem* «ерлік»: *Er erdemim ebim quz* E.2 «Ер ерлігім, үйім /жұртым/ - құз» Аманж.І,48; *Eratim Eren uluγerdemig batur* E.10 «Менің атым батыр Ерен Улуғ (даңқты) атақты батырмын». VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде √-*dem* жұрнағының фонетикалық варианттары жоқ, бір ғана тұлғада қолданылады. Енисей ескерткіштерінде антропонимдер құрамында кездеседі: *Bu uluγ er atim Ögdem alp inal* «Өгдем ынал атым ұлы және даңқты» E.38. Қазіргі түркі тілдерінде сирек қолданылатын √-*dem* жұрнағын башқұрт тіліндегі √-*zam/-zäm*: *berzam* «бірлік» қосымшасымен сабақтастырушы

көзқарастар бар. Тарихи көне жұрнақ $\sqrt{-dem}$ қосымшасының қолданысы аясы қазіргі түркі тілдерінде біршама тарылған.

$\sqrt{-s\dot{i}q/-s\dot{i}y,-suq/-s\dot{u}k,-\dot{s}i\ddot{y}/-\dot{s}i\ddot{y}}$ – есім сөз тудыратын қосымша морфема. Түркі тілдерінде негізінен кішірейткіш мәніне басымдық беріледі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-s\dot{i}q/-s\dot{i}y}$ қосымшаларынан кішірейту мәні байқалмайды. Ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-s\dot{i}q/-s\dot{i}y}$ морфемалары «адамның әртүрлі тіршілік өміріне байланысты абстрактылы ұғымда жұмсалады; етістікке жалғанып, белгілі бір бағытты білдіреді»¹.

Ескерткіштер тілінде: $\sqrt{-s\dot{i}q}$ ~ қазақ тілінде: $\sqrt{-s\dot{i}q}.\dot{a}\check{s}s\dot{i}q \rightarrow \dot{a}\check{s}+s\dot{i}q$ «аштық», $tos\dot{i}q \rightarrow to(d)+s\dot{i}q$ «тоқтық»: $Ar\dot{i}q\ oq\ sen\ \dot{a}\check{s}s\dot{i}q - tos\dot{i}q\ emez\ sen,\ bir\ todsar - \dot{a}\check{s}s\dot{i}q \leftrightarrow mezs\dot{e}n$. Ачсық тосық өmezсен бір тодсар, ачсық, өmezсен КТк. 8 «Ашсың ғой сен, аштықта тоқтық түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты ойлаймысың сен.»; $bats\dot{i}q \rightarrow bat+s\dot{i}q$ «батыс» ДТД, 112; СДЕ, 212; Орх; Е; Т. $Qur\dot{i}yaru - k\ddot{u}n\ bats\dot{i}q\dot{i}na,\ j\ddot{i}ryaru - t\ddot{u}n\ ortus\dot{i}naru - anta\ \dot{i}\check{c}reki\ budun\ qor\ ma\eta a\ k\ddot{o}r\ddot{u}r,\ an\check{c}a\ budun\ qor\ itdim$ Қурығару күн батысыңа... КТк. 2 «Кейін - күн батыста, сол жақта түн ортасында - соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды, халықты осынша көп еттім. Кейін - күн батыста» Айд. I, 168; $toys\dot{i}q \rightarrow toy+s\dot{i}q$ «шығыс»: $lgeru - k\ddot{u}n\ toys\dot{i}qqa,\ birgeru - kun\ ortu\ s\dot{i}naru$ КТк. 2 «Лгері - күн шығыста, оң жақта - күн ортасында» Айд. I. $tors\dot{i}q \rightarrow *tor+s\dot{i}q - tors\dot{i}q \rightarrow *tor+s\dot{i}q$ «торсық» $Ki\check{c}ig\ ki\check{s}im\ tul\ qalt\dot{i},\ tors\dot{i}q\ o\ddot{y}l\dot{i}m$ Т. 18: «Кішкентай кісім /әйелім/ жесір қалды, торсықтай ұлым /қалды/» Аманж. I, 47; $qam\dot{s}\dot{i}y \rightarrow qam+\dot{s}\dot{i}y$ «бүліншілік»: $E\check{s}im\ qa\eta an\ qam\dot{s}\dot{i}y\ boltu\dot{q}inda$ «Қаған ағамның елінде бүліншілік болғанда». Орхон мұраларында жиі қолданылатын $olurs\dot{i}q$ «отыру» сөзі «тыныштық» мағынасында да жұмсалғаны тіркелген². Бұл ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-s\dot{i}q/-s\dot{i}y}$ формантты етістік категорияларының субстантивтенуі де жиі кездесетін құбылыс екенін білдіреді.

$\sqrt{-da\check{s}/-d\dot{i}\check{s}/-di\check{s}/-d\dot{i}\check{c}/-di\check{c}}$ – есім сөз жасайтын қосымша морфема. Түркі тілдеріндегі морфологиялық жылысу және сiңісу үдерістерінің нәтижесінде қалыптасқан күрделі тұлға – $\sqrt{-da\check{s}/-d\dot{i}\check{s}/-di\check{s}/-d\dot{i}\check{c}/-di\check{c}}$ формантын септік категориясының қосымшасы $\sqrt{-dal/-de, -tal/-te}$ тұлғасы

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 96-бет.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 97-бет.

мен ортақтық мән беретін √-š-č морфемасының бірігуінен жасалғаны жайлы көзқарастар бар¹.

Ескерткіштертілінде: √-*daš/-diš//dič* ~ қазақтілінде: √-*das/-des, -tas/-tes*: *saydič* → **say+dič* «дос»: Otuz oylan saydičları piçin elte jegirmi T.2 «Отыз ұланның адал достары! Мешін жылы, елде, жиырмада /еді/» Аманж. I,44; *qadaš* → *qa+daš* «қандас туыс»: Qujda qunçujim özde oylim jita bökmelim adiriltim, kinim qadašim jitaadiriltim E.3. «Үйде ханымым, түзде ұлым, қайран, қандай өкінішті, бөгіп тойынбадым, айырылдым, кіндіктесім, қандас туысым, қайран айырылдым» Аманж. I,49. Қазақ тіліндегі √-*das/-des, -tas/-tes* форманты жиі қолданылатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады: *qanattas, qurdas, žoldas* т.б.

Түркі тілдері қалыптасуы мен дамуын полисинтетикалық құрылымнан бастайтын Б.Сағындықұлының «...полисинтетикалық құрылым дәуірінде қосымшаларды қабылдайтын лексикалық-семантикалық топтар нт (нд), ст (шд), рт (рд), лт (лд), рс (рш), нс (нш) сияқты дыбыс тіркестеріне аяқталған. Агглютинативті дәуір келгенде сөз соңындағы қос дауыссыздар ыдыраған. Көп жағдайда олардың соңғы дыбыстары редукцияға ұшырап түсіп қалса, кей ретте дауыстыдан басталатын қосымшалардың құрамына ығысып кеткен. Осы себепті сөз соңындағы қос дауыссыздар дауыстыдан басталатын қосымшалардың бітеу буын жасауының бір-ден-бір көзіне айналған»² деген пікірі түркі тілдеріндегі √-*daš/-diš/-dič/-dič/-dič* формантын түркілік дербес лексема *eš* «дос, жолдас, серік» түбірімен байланыстыруға мүмкіндік тудыруда³. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі √-*las/-les (-laš/-leš), -das/-des (-daš/-deš), -tas/-tes (-taš/-teš)* қосымша морфемаларының қызметін бірнеше мысалдар арқылы көрсетеді: «қимыл иесі субъектіні білдіреді: ауылдас, алтай тілі: *айылдаш* (ауылдас), *илдеш* (елдес, ауылдас), *башқұрт* тілі: *қырдзаиш* (құрдас), ұйғыр тілі: *сәһбетдаш* (сұхбаттас), *пікірдемш* (пікірлес), хакас тілі: *харындас* (қарындас), чуваш тілінде: *хурындаш* (туысқан)»⁴.

¹ Остраузов Н. Этимология сартовского языка. – Москва, 1940. – С.9.

² Сағындықов Б. -ды,-ді, -ты,-ті жұрнақтарының шығу тарихы//ҚазМУ хабаршысы. – 1994. – №2. – 74,79-беттер.

³ Қараңыз: *Сабыр М.* Орта ғасыр түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 276-бет.

⁴ *Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 282, 285-беттер.

Жалпы түркі тілдері бойынша $\sqrt{-las/-les}$ ($-laš/-leš$), $-das/-des$ ($-daš/-deš$), $-tas/-tes$ ($-taš/-teš$), $-dzaš/-dzäš/-dzeš$ қосымша морфемалар кешеніне кіретін көнетүркілік $\sqrt{-daš/-diš/-dič/-dič}$ форманттары мен қазақ тіліндегі $\sqrt{-das/-des}$ ($-tas/-tes, -las/-les$) қосымшалары арасындағы генеалогиялық ортақтық грамматикалық-функционалдық тұрғыдан да, тұлғалық-мазмұндық тұрғыдан да толық сақталған.

§ 3. ЗАТ ЕСІМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б. грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Зат есімдерге тән – сан-мөлшерлік ұғымды сипаттайтын көптік категориясы; субъект және предикаттың синтаксистік байланысын айқындайтын жақ категориясы; атрибутивтік байланысты білдіретін меншік-тәуелдік категориясы; объективті-предикатты қатынасты көрсететін септік категориясы тәрізді сөзтүрленімнің негізгі категорияларының жасалу жолы тек түркі тілдерінде ғана емес жалпы алтай тобындағы тілдерге ортақ болып келеді¹. Бұл есім сөздердің тұлғалық түрленімін қамтамасыз ететін аглютинациялық құрылымның табиғатына сәйкес қосымша морфемалар арқылы жүзеге асады.

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі амалы болып табы-

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва: Наука, 1981. – С.60-61

лады¹. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетілсе², септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді.

Көптік жалғаулары. Адамзат санасындағы *жекелік* және *көптік* ұғымдардың қалыптасуы, олардың тілдік жүйедегі объективтенуі адамның өзін және өзгелерді тануымен, *мен ↔ біз, сен ↔ сендер, ол ↔ олар* оппозициясының мәнін түсінуімен қатар жүретін лингвоонтологиялық құбылыс. Сондықтан көптік мағынаны сипаттайтын көптік жалғауларының қалыптасуы көпшілдік ұғымының мән-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан тілдік дамудың нәтижесі ретінде орнығып, объектінің сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытудың, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ форманты және олардың фонетикалық варианттары құрайды. Адамзат санасының дамуымен бірге қалыптасқан көптік ұғымын сипаттайтын басты қосымшаның шығу тегі, тұлғалық құрамының қалыптасуы, мазмұнындағы көпшілдік идеясын беретін уәждік негіздері туралы да бірізді тұжырым орныққан жоқ. $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ аффиксінің қалыптасуы мен дамуы жайлы негізгі көзқарастар бірнеше бағытта өрбиді: $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ қосымшасы көптік мәнін сақтаған дербес лексеманың грамматикализация құбылысына ұшырауы негізінде жасалған, яғни жалғаудың этимологиялық негізінде болжамдық сипаттағы «бірнеше», «көп» т.б. тәрізді мән беретін қандай-да бір сөз жатуы мүмкін (Т.Ковальский); $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ қосымшасы көптік мәнді түбір сөзге қосымша морфеманың жалғануы арқылы жасалған, яғни жіктеу есімдігі *ol* мен $\sqrt{-ar}$ жұрнағының кірігуінен қалыптасуы мүмкін (В.А.Богородский); екі қосымша морфеманың бірігуінен жасалған құранды жұрнақ, яғни есім сөздерден етістік тудырып, іс-әрекеттің қайталамалы сипатын білдіретін $\sqrt{-la}$ жұрнағы мен келер шақ есімшенің $\sqrt{-r}$

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана-полиграфия, 2002. – 458-бет.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 150-бет.

формантының бірігуі арқылы жасалып, ішкі семантикалық өзгерістің нәтижесінде көптік мәнге ие болған күрделі аффикс (Н.А.Баскаков)¹. Түркі тілдері көптік категориясының негізгі қосымшасы $\sqrt{-lar, -ler}$ формантының шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, архиформасы жайлы құнды пайымдаулар мен тұжырымдар Б.А.Серебренниковтың², А.М.Щербактың³, А.Н.Кононовтың⁴ т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған.

Түркітанушы-лингвистердің тұжырымдауы бойынша түркі тілдерінде $\sqrt{-lar/-ler}$ қосымшасынан басқа да көптік, ортақтық, жинақтық мән беретін бірнеше форманттар болған: «Кроме афф. *-lar/-lär*, собирательность – множественность обозначалась рядом аффиксов, давно утративших свою продуктивность и сохранившихся в составе отдельных слов и форм»⁵. Қазіргі түркі тілдері деректерінде архаикалық көптік категориясының жинақтау, топтау, ортақтық мәнінің реликтілері ғана сақталған: «В тюркских языках сохранились лишь реликты формы собирательной множественности. В давний период эти формы, очевидно, носили действенный характер»⁶. Түркілік бабатіл кезеңінде белсенді қолданылған жинақтау, топтау мәніндегі көптік категориясының архиформанттары қатарында $\sqrt{*z, *s, *q(-k), *t, *č, *š, *l, *m, *n, *r}$ тұлғалары көрсетіледі⁷. Архаикалық $\sqrt{*z, *s, *q(-k), *t, *č, *š, *l, *m, *n, *r}$ форманттары тілдік жүйедегі фоно-семантикалық, фоно-морфологиялық құбылыстармен, қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтарымен ұштасып жатқан, грамматикалық мағы-

¹ Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.

² Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа *-lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. 1970. – № 1.

³ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). – Ленинград: Наука, 1977.

⁴ Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1969.

⁵ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.145.

⁶ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 10.

⁷ Қараңыз: Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1969; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 10.

налары айқын ажыратылмаған көне модификаторлар, сондықтан олардың шығу тегі, даму жолы жайлы бірізді пікірлер толық қалыптаса қойған жоқ. Олардың басым бөлігі архитүбірлерге (өлі түбірлерге) жалғанғандықтан негіз сөз құрамына кірігіп, морфемалық жігі тұтасып кетсе, енді біразы күрделі қосымша морфемалар құрамында сақталған. Көптік категориясының дербес аффикстік дәрежесін сақтап қалғандарының саны тым аз.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының реликт нұсқаларының сілемдері этнонимдер құрамында сақталуы мүмкін, мысалы: $\sqrt{*}\text{-z}$ формантын $az \rightarrow *a+*z$ «аз», $oyüz//oyüz \rightarrow *oy(u)//*oy(i)+*z$ «оғыз», $qırqaz//qırqaz \rightarrow qırq+*(i)z//*(a)z$ «қырқыз//қырғыз» этнонимдерінің құрамынан ажыратуға болады. Сондай-ақ *qazaq*, «қазақ», *äzərbaycan* «әзірбайжан» лексемалары да көптік мәнді $\sqrt{\text{-z}}$ модификаторын сақтауы мүмкін; $\sqrt{*}\text{-n}$ формантын *yun*, *üjsin*, *najman*, *aryin*, *alban* т.б. этнонимдерінің сақтау мүмкіндігі жоғары; $\sqrt{*}\text{-t}$ модификаторының іздері *qoñirat*, *kerejt* т.б. ру-тайпаатауларының құрамында сақталған.

Түркі тілдерінде көптік, жинақтау мән беретін $\sqrt{*}\text{-z} \approx \sqrt{*}\text{-s} \approx \sqrt{*}\text{-š}$ модификаторлары тәуелдік жалғауының үшінші жағының құрамында $*\text{-si}$ > алт., тув., хак., шор., чул. $\sqrt{\text{-zi}}$ ~ як. $\sqrt{\text{-ta}}$ ~ чув. $\sqrt{\text{-š}}$, -še , -äše , -eše ; $\sqrt{\text{-z}}$ нұсқасы жіктеу есімдігінің көпше түрінің бірінші жағында ($biz < bi+z \approx pis < pi+s$), тәуелдік жалғауы көпше формасының бірінші жағының көпше түрінде ($\text{-biz} < bi+z \approx \text{-miz} < mi+z \approx \text{-piz} < pi+z$), екінші жағының жекеше және көпше түрлерінде ($siz < si+z$, $sïñ < si+ñ$), бірінші және екінші жағының құрамында ($\text{-miz} < m+iz$, $\text{-ñ} (-n, \text{-}\gamma) uz < \text{-ñ} (-n, \text{-}\gamma) +üz$), екінші жақ көпшесінің құрамында ($\text{-sïñ}(-n) +iz$) кездеседі. Лингвистикалық түркітануда көне түркі тілінде кеңінен қолданылған *bodun* «халық», *oylan* «ұлан (ұрпақ)», *eren* «ерлер, батыр жауынгерлер» лексемалары құрамындағы соңғы дауыссыз *n* дыбысын көптік мәнді $\sqrt{*}\text{-n}$ формантымен байланыстырушы көзқарастар белгілі.

Түркі тілдеріндегі архаикалық көптік категориясының реликт форманттарының мән-мағынасын ашу жалпыалтайлық деңгейде қарастырғанда ғана біршама айқындала түседі. Мысалы, көптік категориясының архаикалық $\sqrt{\text{-s}}$ форманты маньчжур тілінде $\sqrt{\text{-sal-säl}}$ -se , -sol-su тұлғаларының құрамында (*sakda+sa* «қарт адамдар, қарттар», *agu+sal/agu+se* «ағалар, үлкен бауырлар» *gege+se* «апалар (әпкелер)», *aqa+su* «құлдар», *šoqoto+so'* кедейлер' т.б.) сақталса, монғол,

қалмақ тілдерінде дербес аффикстік деңгейде түбір сөздерге тікелей жалғанады (қалм. *xulǵāñā+s* «тышқандар» монғ. *udu+s* «ірі қара, сиырлар (қодастар)», *noqa+s* «иттер»), тұңғыс тілдеріне жататын нанай тілінде $\sqrt{-sal/-sel}$ қосымшасының құрамында сақталған ($*k\ddot{a}+sal$ «хандар»)¹. $\sqrt{-sal/-sel}$ күрделі жұрнағының құрамында көптік мағына жүктеген $\sqrt{*}l$ форманты да сақталуы мүмкін. В.И.Цинциустың көрсетуі бойынша, тұңғыс тілдеріндегі $\sqrt{*}l$ қосымшасы көптік мән білдіруде белсенді түрде қолданылатын формант². Алтайтанушы ғалымдар $\sqrt{-sal/-sel}$ қосымшасының мазмұнынан ұжымдық сипаттағы «барлығы бірге» семасын ажыратады³.

VI-IX ғасырдағы түркі тілдерінің көптік категориясының ерекшеліктерін көрсететін Орхон, Енисей, Талас жазба мұралары тіліндегі көптік жалғаулары мен қазақ тіліндегі көптік жалғаулары жалпытүркілік ортақ жүйені сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Ескерткіштер тілінде көптік жалғауларының $\sqrt{-lar,-ler}$: *begler* «бектер», *kunčujlar* «әйелдер», *atlar* «аттар») және $\sqrt{-t}$: *tarqa(n)+t* «тарқандар»: *Ulaju ini-jigünim, oylanım, bir-eki oyuşim, budunim, birije-şad apit begler, jiraja-tarqat bujruc begler, otuz...KTk.1* «Соңымдағы іні-жиенім, ұлым, жақын руым, халқым, оңымда – шад апат бектер, солымда – тарқандар бұйрық бектер, отыз ...» *Айд.І.168; čadapit+t* «туыс уәзірлер» форманттары қолданылады, жалпыалтайлық көне формант $\sqrt{*}t$ тұлғасының көптік мәнде жұмсалуы өте сирек кездеседі.

М.Томанов орта ғасыр мұрасы «Бабурнама» тілінде, қазіргі якут тілінде көптік мәнді $\sqrt{-t}$ және $\sqrt{-lar}$ қосымшаларының сөз түбіріне қатар жалғанатынын көрсететін деректердің кездесіп қалатынын айта отырып: «түркі тілдерінде $-t$ форманты орта ғасырлардың соңғы кезеңдерінде өзінің көптік мағынасын жоғалты» деген тұжырым жасайды⁴.

¹ Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 10-16; *Рамstedт Г.Й.* Введение в алтайское языкознание: Морфология: Наука / Пер. с нем. – Москва, 1957. – С.60-62.

² *Цинциус В.И.* Множественное число имени в тунгусо-маньчжурских языках / Учен. зап. ЛГУ. Сер. филол. наук. – Ленинград, 1946. – С.74-88..

³ *Рамstedт Г.Й.* Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – Москва: Наука, 1957. – С.60.

⁴ *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.– Алматы: Мектеп, 1988. – 138 -бет.

√-ler,-lar – көне түркі тіліндегі көптік категориясының грамматикалық мағынасы айқын, жалғанған сөзіне көптік мән жүктейтін арнайы қосымшасы.

Ескерткіштер тілінде дауыссыздар үндестігі әлсіз, соған орай көптік жалғаулары да екі фонетикалық вариантта қалыптасқан: *bek+ler/begler+ler* «бек+тері»: *Ol sabıy esidip On oq begleri budunıqör kelti jükünti* Тон. 42 «Ол хабарды есітіп, Он оқ бектері, халқы түгел келді, жүгінді»; *Keligme beglerin budunin itip jıyıp Azca budun tezmis erti. On oq süsin sületdim* Тон.43 «Келген бектерін, халқын теріп / жиып/ жатқанда, Аздаған халық қашқан еді. Он оқ әскерін аттандырдым.» Айд.ІІ,112; *Begleri jeme budunı jeme tüz ermis . Anı ücün ilig anca tutmis erinç.* КТү. 3 «Бектері және халқы түзу еді. Сол үшін елін сонша билеген екен» Айд.І,171; *Türk begler turk atin iti, tabyaçyi begler tabyaç atin tutıpan, tabyaç qayanqa körmis.* КТү. 7 «Түркі бектері түркі атын тастап, табғаш бектердің табғаш атын ұстап, табғаш қағанға бағынды» Айд.І,172; *Bödke körugme begler, gü janıltaçısiz* КТк. 11 «Таққа құмар бектер, сіздер жаңылысасыздар ғой» Айд.І,170; *qunçuj+lar(im)* «бикештерім»: *Ögim qatun ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, qunçujlarım, bunca jeme tirligi küñ boltaçı erti, ölügi jurtda jolta jatu qaltaçı, ertigiz* КТү.49 «Шешем қатын, соған ілескен аналар, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім, мұнша және күң болар едіңдер, өліктерің жұртта жолда жатар еді» Айд.І,181-182.

Үндестік заңының жетілуіне орай қазақ тілінде көптік жалғауларының алты нұсқасы қолданылады: *√-lar, -ler, -dar, -der, -tar, -ter*. Жалғанған сөздеріне көптік мағына беретін көптік жалғаулары қазақ тілінде тілінде негізгі қызметіне қосымша «ұғымдық мәндерді де бейнелейді: біртекті нәрселердің жиынтығы (*мектеп+тер, үй+лер*); сын есім мен есімшені субстантивтендіреді (*жақсы+лар, оқыған+дар*); (Сан есімге, мезгіл үстеуге жалғанып, болжалдау, мөлшерлеу, шамалауды білдіреді (*жасы отыз+дарда, сағат үш+терде, былтыр+ларда*); бір нәрсенің жалпыға бірдей ортақтығын, меншіктеуші адамның көптігін білдіреді (*қыз+дарың, әке+лерің*). Көптік жалғаулары бірыңғай мүшенің соңғысына ғана жалғанады»¹. Көнетүркілік *√-lar, -ler* тұлғалары қазақ тілінде дауысты және кейбір үнді дыбыстардан кейін қолданылады.

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы IDK-ТИРО, 1998. – 184-бет

Түркі тілдері көптік категориясының ең белсенді қолданылатын қосымшасы болып табылатын $\sqrt{-lar, -ler}$ форманттарының фонетикалық дублеттерінің парадигмалық аясы аса ауқымды: $\sqrt{-lar, -ler, -lär, -lor, -lör, -lir, -lir, -nar, -när, -ner, -nor, -nör, -nur, -nir, -dar, -der, -där, -dor, -dör, -dir, -dir, -tar, -ter, -tär, -tor, -tör, -tir, -tir, -zar, -zer, -zär, -sar, -ser, -sär, -rar, -rer, -rär}$. Ғалымдардың пікірі бойынша, түркі тілдеріндегі көптік категориясы қосымшаларының тұлғалық өзгерістері негізінен ассимиляциялық үдерістерге байланысты: «влияние высокой степени частности двух *t* глагольных словоформ на преобразование *-td<-tt-*, что привело к сложению вариантов аффикса *-lar* с начальными *t* и *d* в некоторых тюркских языках. Ассимилятивный процесс на этом не закончился – как было показано выше, в зависимости от конечного звука основы в тюркских языках выработались варианты с начальными *n, z, s, r*, ноль звука¹.

Түркі тілдерінде $\sqrt{-lar, -ler, -lär, -lor, -lör, -lir, -lir, -nar, -när, -ner, -nor, -nör, -nur, -nir, -dar, -der, -där, -dor, -dör, -dir, -dir, -tar, -ter, -tär, -tor, -tör, -tir, -tir, -zar, -zer, -zär, -sar, -ser, -sär, -rar, -rer, -rär}$. т.б. көптік мәнді қосымша морфемалар құрамындағы дауыссыздардың редукцияға ұшырап көмескіленуі, элизиялануы негізінде немесе құранды жұрнақтардың қайта ыдырауы негізінде орныққан $\sqrt{-le, -la, -lä, -lo, -lö, -li, -li, -to, -tö, -ta, -te, -tä, -za, -ze, -zä, -zo, -zö, -a, -ä, -ar, -är, -er}$ т.б. варианттары да қолданылады². Көптік жалғауының $\sqrt{-sar, -ser, -sär, -ar, -är, -er}$ варианттары өзбек тілінің диалектілерінен, $\sqrt{-zar, -zer, -zär}$ варианттары әзербайжан және өзбек тілдері диалектілерінен, $\sqrt{-za, -ze, -zä, -zo, -zö}$ варианттары лобнор тілінен, $\sqrt{-rar, -rer, -rär}$ әзербайжан тілі диалектісінен тіркелген.

Басқа түркі тілдеріне қарағанда чуваш тіліндегі көптік жалғауының табиғаты өзгешелеу, $\sqrt{-sem: pürt+sem}$ «үйлер», $\sqrt{-xyt+sem}$ «қағаздар», $\sqrt{-xıran+sem}$ «қайыңдар» т.б. Г.И.Рамстедт түркі тілдеріндегі $\sqrt{-lar, -ler}$ қосымшасын монғол тіліндегі көптік мәнін білдіретін $\sqrt{-nar}$ тұлғасымен сабақтастырады, ғалымның пікірінше, жалғау монғол, якут тілдеріндегі дербес лексемалық деңгейдегі *nar, naar* «бірге»

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С.21-22.

² Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 18-22.

сөзімен төркіндес. Зерттеуші, сондай-ақ $\sqrt{*}$ -l элементінің комитативті мағына беретін дербестік сапасына да мән береді¹.

Көптік жалғаулары			
	1	2	3
	VII-IXғасыр ескерткіштері тілінде	Мысалдар	Қазақ тілінде
1	-lar, -ler	<i>bek+ler//beg+ler</i> «бек+тер»: Begleri jeme budunı jeme tüz ermis КТү. 3 «Бектері және халқы түзу еді».	-lar, -ler -dar, -der -tar, -ter
2	-*t	<i>tarqa+t (tarqan+t)</i> «тарқандар»: <i>birije-šad arit begler, jiraja-tarqat bujruc begler, otuz...</i> КТк.1 «оңымда – шад апат бектер, солымда – тарқандар бұйрық бектер, отыз ...»	-*t формантының көптік мәні тарихи түбір-негіздер құрамында сақталған
3	-*z	*bi+*z «біз», *oγ(i)+z/ *oγ(u)+*z «оғыз»	-*z формантының көптік мәні тарихи түбір-негіздер құрамында сақталған
4	-*s,-*š	*töl(i)+s «төліс/ төлес»; türg(i)+*s «түргіс/түргес/ түргеш»	-*s,-*š формантының көптік мәні тарихи түбір-негіздер құрамында сақталған
5	*-an, *-en, *-n -*un, *-ün	bod+*un «халық»;*qit+*an «қытан»:	-*an, *-en, *-n формантының көптік мәні тарихи түбір-негіздер құрамында сақталған

Түркі тілдерінде көптік категориясы арнайы қосымша морфемалар арқылы да, семантикалық мазмұнында жұптық, көптік және жинақтау-топтау мәні бар дербес лексемалар арқылы да сипатталады. Көптікті, жинақтау мен топтауды білдіретін логикалық ұғым кейбір зат есімдер мен есімдіктерден, сан есімдерден көрініс береді. Мазмұнында көптік мән сақтаған лексика-семантикалық

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – Москва: Изд-во иностранной литературы, 1957. – С. 46-48.

композициялардың тұлғалық құрылымы да әртүрлі болып келеді: жеке сөз (*biz, şaş, qar, jilqi, on*), қосарлы сөз (*bala-şaya* «балалар» *qiz-qirqin* «қыздар, келіншектер»), қайталама сөз (*otar-otar, üjir-üjir*) күрделі сөз (*žüz eliw eki*), тұрақты сөз тіркесі (*tajli tajayimen keldi* «түгел, бәрі») т.б.

Көне түркі ескерткіштері тілінде де көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғымды беретін жағдайлар жиі кездеседі: 1. Халық, тайпа, ру аттарын білдіретін этнонимдердің семантикасындағы көптік мағына, мысалы: *tabyač* «табғаш», *oғuz* «оғыз», *qitan* «қытан»: *Anta ötrü qaғанima ötüntüm. Anča ötüntüm tabyač oғuz qitan* Бу үсегү qabısar qaltači biz Тон.12 «Содан соң қағаным өтіндім Сонша өтіндім -табғаш, оғыз, қытан - Бұл үшеуі біріге қалса біз»; 2. Табиғат құбылыстарына қатысты атаулардың семантикалық мағынасындағы көптік мән, мысалы: *küntüz* «күндіз», *tün* «түн»: *Ol sabiy esidip tün udisiqim kelmedi күntüz olursiqim kelmedi* Тон.12 «Ол сөзді есітіп, Түн ұйқым келмеді, Күндіз отырғым келмеді.»; *qar* «қар»: *Atlat tidim Aq termel keče oғraqlatdim At üze bintüre qarıy sökdım Joqaru at jete jadayın iyac tutunu ayturtum* Тон. 25 «Аттаныңдар! – дедім. Ақ термелді өте бұйырдым. Атқа қайта міндіріп қарды аршыдым. Жоғары атты жетектеп ағаш ұстап шықтық /көтерілдік/»; 3. Жабайы аң, мал атауларына қатысты зоонимдердің семантикасындағы көптік мән, мысалы: *kejik* «киік», *tabısyān ≈ tabışyan* «қоян»: *Kejik jiju tabısyān jiju olurur ertimiz. Budun boyzi toq erti. Jayimiz tegire ucuq teg erti. Biz šeg ertimiz. Anča olurur erikli Oғuzdantan köriüg kelti* Тон. 8 « Киік жеп, қоян жеп отыратын едік. Халық тамағы тоқ еді. Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді. Біз өлімші едік. Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді.»; *ingek* «сиыр»: *Ingek kölükin Toylada oғuz kelti* Тон.15 «Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді»; 4. Адам ағзасы мен дене мүшелеріне қатысты атаулардың номинативті уәжіндегі көптік мән, мысалы: *qan* «қан», *ter* «тер»: *Qizil qanım tökti. Qara terim jügürti. Isig-küçig bertik ök. Ben özüm uzun jelmeg jeme ittim oq* Тон. 52 «Қызыл қанымды төктім, Қара терімді ағыздым, Күш-қуатымды да бердім Мен өзім ұзақ атты әскер жорықтарында оқ аттым(қатыстым)»; 5. Зат есімдердің алдында заттың санын білдіретін сан есімдердің келуі: *Santuñ baliqqa taluj ügüzke tegürtim üç otuz baliq sidi Usun bunta atı jurtda ügüzke qalur erti. Tabyač qaған jayimiz erti. On oq qaғанı jayimiz erti* Тон.19 «Шантуң қаласына, теңіз өзеніне жеткіздім. Жиыр-

ма үш қала талқандалды. Үйсін мұнда атты жұртта жатып қалып еді. Табғаш қағаны жауымыз еді, Он оқ қағаны жауымыз еді.»; 6. Зат есімдердің алдына олардың санының көптігін білдіретін *qop* «көп», *üküs* «бүкіл» тәрізді лексемалардың қолданылуы: *Qop soıdı budun kelti* «Көп соғды халқы келді»; *Üküс er* «Бүкіл ер//барлық ер»; *Anta jerüki suq basliü Soıdaq budun qop kelti*. Ol күnte tegti Türk budun Temir qarıüqa Тон.46 «Сонда Суқ бастаған Соғда халқы түгел келді Сол күндері Түркі халқы Темір қақпаға жетті»; *Örtče qizip kelti Sünüsdimiz*. Bizinte eki uđi sınarča artuq erti Tenri jarılqaduq ücün *üküs tijin biz* Тон. 40 «Өртше қызып келді, Соғыстық. Бізден екі шеті жартыдай артық еді, Тәңрі жарылқағаны үшін көп деп біз»; 7. Қос сөз түрінде берілетін жалпы атаулардың семантикасындағы көптік мән, мысалы: *qiz-quduz* «қыз-қырқын»: *Qiz-quduz buısiз kelürti* «Қыз-қырқын мұңсыз келетін»; *ini-jigün* «іні-жиен»: *Eki şad ulaju ini-jigünim, oylanım, beglerim, budunim közi, qaşı jablaq boltacı tip saqintim*. Juüci-siüitci qitan, tatabi budun başlaju КТү.51 «Екі уәзір ілескен іні-жиенім, ұлдарым, бектерім, халқымның көзі, қасы жан болар деп қайғырдым. Жылаушы-сықтаушы қытан, татабы халқын бастап» Айд.І, 182. В.М.Насилов ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын *ini-jigün* қос сөзі жинақтау мәніндегі «інілер, кіші бауырлар» мағынасында жұмсалғанын көрсетеді¹.

Көптік мағына көптік жалғауының қатысынсыз-ақ лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы берілетін сөздер қазақ тілінде де кеңінен қолданылады (*şaş, tuz, un, bala-şaya, qiz-qırqın, käri-žas* т.б.). Сондай-ақ көптік ұғымын *köptegen, qanşama, bäpi, barliq, әр türlü, santürli, sanmın, biraz* т.б. сөздері мен сөз тіркестері де бере алады. Тілдік деректер көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі көптік категориясының жасалу жолдары, көптік мағынаның берілу ерекшеліктері негізінен сәйкес келетінін көрсетеді.

Тәуелдік категориясы – заттың үш жақтың біріне меншікті, тәуелді екенін білдіретін грамматикалық категория. Түркі тілдеріндегі (жалпы алтай тілдерінде) жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпытүркілік (жалпыалтайлық) архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық тұрғыдан жіктелісімен сабақ-

¹ Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – Москва: Врсточная литература, 1960. – С.18.

тастықта қарастырылады¹. Ескерткіштер тіліндегі заттар арасындағы иелік, меншіктілік қатынастар, белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншікті екені тәуелділік категориясының қосымша морфемалары арқылы беріледі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі тәуелділік қатынастар үш түрлі жолмен жасалады: тәуелдік жалғаулары жалғану арқылы жасалатын морфологиялық амал; жіктеу есімдіктері мен өздік есімдіктерінің *kentü, öz* лексемаларымен тіркесуі негізінде және ілік септігі жалғауларының, тәуелдік жалғауларының жалғануы арқылы жасалатын морфологиялық-синтаксистік амал; 3) Жіктеу есімдіктерінің біріне ілік септігінің жалғануы арқылы жасалатын синтаксистік амал². Меншіктенушінің сандық сапасына байланысты ортақ тәуелдеу және оңаша тәуелдеу формалары қолданылады.

Тәуелдік жалғаулары		
1	2	3
жақ	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
I жақ	-m, -im, -im, -um, -üm	-m, -im, -im
II жақ	-ŋ, -iŋ, -iŋ, -uŋ, -üŋ, -uŷ, -üg	-ŋ, -iŋ, -iŋ
II жақ	Ø	-ŋiz, -ŋiz, -iŋiz, -iŋiz
III жақ	-i, -i, -si, -si	-i, -i, -si, -si
К ө п ш е		
I жақ	-miz, -miz, -imiz, -imiz	-miz, -miz, -imiz, -imiz
II жақ	-ŋiz, iŋiz, -iŋiz	-ŋiz, -ŋiz, -iŋiz, -iŋiz
II жақ	-iŋ, -iŋ	-iŋ, -iŋ
III жақ	i, -i, -si, -si	i, -i, -si, -si

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание. Морфология. Пер. с нем. — Москва: Восточная литература, 1957. — С. 170-179; Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам — Москва: Наука, 1962. — С. 138-176,

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). — Ленинград: Наука, 1980. — С. 147-148.

Түркі тілдерінде зат есімдерге және субъстантивтенген басқа сөз таптарына тән тәуелдік категориясы үндестік заңына сәйкес қалыптасқан бірнеше вариантты аффикстерді қамтиды. Қазақ тілінде тәуелдік категориясы арқылы белгілі бір затты меншіктеуші, иеленуші тарап (адам, жан-жануар, зат, құбылыс) пен меншіктелуші, иеленілуші зат қатар көрсетіледі. Меншіктеуші субъект жекеше немесе көпше формалардағы жіктеу есімдіктерінің үш жағының бірімен байланысты болып отырады. Тәуелдік жалғаулары тек иеленуші мен иеленілуші затты ғана білдіріп қана қоймайды, бір заттың басқа да әр қилы затқа әр алуан байланысы мен қатынастарын білдіреді.

Бірінші жақ		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
1	-m <i>ini+m</i> «інім»; <i>ayıl(a)+m</i> «қорам»; <i>ur(u)+m</i> «ұлым (ұрпағым)»	-m <i>ini+m</i> «інім» <i>awla+m</i> «аулам»; <i>ul+im/ur(pay)+im</i> «ұлым, ұрпағым»
2	-im, -im <i>budun+im</i> «халқым»; <i>qadaş +im</i> «туысқандарым»; <i>begler+im</i> «бектерім»	-im, -im <i>bodan+im</i> «халқым (тәуелді халық)»; <i>bekter+im</i> «бектерім»
3	-um, -üm <i>ög+üm</i> «шешем»; <i>qunçuj+um</i> «бикешім»	Ø <i>ögej şeşe+m</i> «өгей шешем»; (қазақ тілінде ерін үндестігі әлсіз)
К ө п ш е		
1	-imiz, -imiz <i>jay+imiz</i> «жауымыз»; <i>il+imiz //el+imiz</i> «еліміз»	-imiz, -imiz <i>žaw+imiz</i> «жауымыз»; <i>el+imiz</i> «еліміз»
2	-miz, -miz <i>eşi+miz</i> «жолдастарымыз, достарымыз»; <i>sü+miz</i> «әскріміз»	-miz, -miz <i>bala+miz</i> «баламыз» <i>sünghi+miz</i> «сүңгіміз»

Қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердегі тәуелдеу категориясы да үш түрлі тәсіл арқылы жасалады: морфологиялық немесе синтетикалық; синтаксистік немесе аналитикалық; аралас немесе морфологиялық әрі синтаксистік амалдардың өзара ұласуынан жасалған тәсіл. Ескерткіштер тіліндегі тәуелдік категориясының көпше түрі көп жағдайда баяндауыштардың грамматикалық мәні (көптік, жақтық) арқылы ажыратылады, сондықтан тәуелдік жалғауының көпше формасындағы зат есімдер сиректеу ұшырасады.

Ескерткіштер тілінде: *ini-jigünim* → *ini-jigün+im* «іні-жиенім», *beglerim* → *begler+im* «бектерім», *budunim* → *budun+im* «халқым», *oylanim* → *oylan+im* «ұлдарым»; *közi* ↔ *köz+i* «көзі»: *Eki šad ulaju ini-jigünim, oylanim, beglerim, budunim közi, qaši jablaq boltaci tip saqintim. Jučis-šiyitci qitan, tatabi budun başlaju Udar Serjün kelti* КТү.51,52 «Екі уәзір ілескен іні-жиенім, ұлдарым, бектерім, халқымның көзі, қасы жаман болар деп қайғырдым. Жылаушы-сықтаушы қытан, татабы халқын бастап Удар сеңүн келді» Айд.І,182; *jayimiz* → *jay+imiz* «жауымыз»: *Jayimiz tegire ucuq teg erti. Biz šeg ertimiz. Anča olurur erikli Ouzdantan körüg kelti* Тон. 8 «Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді, біз өлімші едік. Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді» Айд. II,105; *basim* → *bas+im* «басым»: *Esnegenbarsmenqamuš ara basim andaу alpmen erdemligmen anča bilinler* ЫБ.10 «Есінеген барспын, басым қамыс арасында, сондай алыппын, ермін, сонша біліңдер» Айд. III,161. *ayilam* → *ayil(a)+m* «қорам», *jilqim* → *jilqi+m* «жылқым»: *Tegdi baj bar ertimaуilam on jilqim sansiz erti* Суд. 5 «Бай едім, қорам он, жылқым сансыз еді Айд. III, 183; *inim* → *ini+m* «інім», *qizim* → *qiz+im*, «қызым», *urum* → *uru+m* «ұлым (ұрпағым)»: *Inim jeti urum üç qizim üç erti* Суд. 6 «Інім жеті, ұл балаларым үш, қызым үш еді» Айд. III, 183; *ögüm* → *ög+üm* «шешем»: *Aqanım Elteris qayanıy ögüm Elbilge qatunıy Teñiri töpesinte tutup jügürü kötürmüs erinč* КТү.11 «Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен» Айд. I, 173; *siñilim* → *siñili+m* «қарындасым», *qunčujum* → *qunčuj+um* «бикешім»: *Qayan at bunta biz bertimiz siñilim qunčujum bertimiz* КТү.20 «Қаған атын мұнда біз бердік, қарындасым бикешті бердік» Айд. I, 175.

Екінші жақ		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
1	-η,-ïη,-iη <i>il+iη// el+iη</i> «елің»	-η,-ïη,-iη <i>el+iη</i> «елің»
2	-uη,-üη <i>tör +üη</i> «төрің»	∅ <i>tör +iη</i> «төрің»
4	-uγ,- üg,-γ,- g <i>buη+uγ</i> «мұңың» <i>edgü+g</i> «жақсылығың, ізгілігің»	∅ <i>muη+ïη</i> «мұңың» <i>izgilig+iη// ijgilig+iη</i> «игілігің, ізгілігің» <i>izgilig+iη</i> «жақсылығызгілігің» <i>izgiligidgü+gizgili</i> «жақсылығың, ізгілігің»
К ө п ш е		
1	-ηiz	-ηiz
2	-ηiz	-ηiz
3	-ïηiz	-ïηiz
4	-iηiz	-iηiz

Ескерткіштер тілінде: *qayanïη* → *qayan+iη* «қағаның»: *Qayanïη qodup içikdiñ içikdük üçün Tenri ölütmis erinç. Türk budun ölti, alqinti, joq bolti. Türk esir budun jerinte bod qalmatı* Тон.2 «Қағаныңды (ханыңды) қойып табағашқа және бағынды, Тәңірі сонша дегендей бәлкім хан бердім Түрк халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Түрк есір тұтқынхалқы жерінде бод (еш адам) қалмады»; *il+iη* → *il+iη* «елің»: *Körgünin üçün igidmis bilge qayanïña ermis, barmis edgü iline kentü, janiltiγ, jablaq kigürtig. Jariqliγ qantan kelirjana eltdi? Süñüglig qantan kelipen süre eltdi? İduq Ötüken jış budun barduq* КТү.23 «Бағынғаның үшін /сені/ асқақтатқан білгіш қағаныңа ерген, ілескен игі (жақсы) еліңнің алдында өзің жаңылдың, жамандық әкелдің. Жаракты қайдан келіп айдап кетті? Сүңгілі қайдан келіп түре қуды? Қасиетті

Өтүкен қойнауының халқы /өзің/ бардын» Айд.І,176; *bunuy* → *bun+uy* «мұның»: *Ol jirgerü barsar, türk budun ölteçisisin Ötüken jir olurip, arqış-tirkiş isar, neñ bunuy joq, Ötüken jış olursar, bengü iltuta olurtaçisen, türk budun toq. Ariq oq sen: ačsiq - tosiq emez sen, bir todsar – ačsiq ömezsen* КТк.8 «Ол жерге барсаң, түркхалқы өлмешісің. Өтүкен жерінде отырып, қазынаға керуен жіберсең, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. Сонда түркхалқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықта тоқтық түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты ойлаймысың сен» Айд.І,169.

Ескерткіштер тіліндегі тәуелдік жалғауы екінші жағының $\sqrt{-u\eta, -i\eta}$ форманты қазақ тіліндегі ерін үндестігінің бәсеңдігіне байланысты $\sqrt{-i\eta, -i\eta}$ вариантымен орныққан.

Үшінші жақ		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
1	- i,-i <i>budun+i</i> «халқы»; <i>oγ(u)l+i</i> «ұлы»; <i>sab+i</i> «сөзі»	- i,-i <i>bodan+i</i> «халқы (тәуелді халық)»; <i>ul+i</i> «ұлы»; <i>söz+i</i> «сөзі»
2	- si, -si <i>eči+si</i> «ағасы»	- si, -si <i>äke+si</i> «әкесі»; <i>ini+si</i> «інісі»
К ө п ш е		
1	- i,-i <i>budun+i</i> «халқы»; <i>bujruq+i</i> « уәзірі, уәзірлері» <i>jer+i//jir+i</i> «жері»	- i,-i <i>bodan+i</i> «халқы»; <i>bujriγ+i</i> «бұйрығы» <i>žer+i</i> «жері»
2	si, -si	- si, -si

Ескерткіштер тілінде: *inisi* → *ini+si* «інісі»: *Anta kisre inisi qayan bolmıs erinč* КТү. 5 «Содан соң інісі қаған болды», *oγli* → *oγ(u)l+i* «ұлы»: *Oγli ta qayan bolmıs erinč* КТү.5 «Ұлы да қаған болды»; *eči+si*

→ *eçü+si* «ағасы»: *Anta kisre inis içüsin teg qilin da duq erinç* КТү.5 «Содан соң інісі ағасындай болмады»; *qañi* → *qañ+i* «әкесі»: *Oyüli qañin teg qilinmaduq erinç. Biligsiz qağan olurmis erinç. Jablaq qağan olurmis erinç* КТү.5 «Ұлы әкесіндей болмады. Біліксіз қаған отырған екен»; *bujruqi* → *bujruq+i* «кеңесшісі, уәзірі»: *Bujruqi jeme biliksiz erinç. Jablaq ermis erinç. КТү. 5 «Бұйрығы және біліксіз екен. Бәрі де теріс болған екен»* Айд.І, 172; *begleri* → *begler+i* «бектері», *buduni* → *budun+i* «халқы»: *Begleri, buduni tüzsiz üçün, tabyaç budun tebligın kürlig üçün, armaqçisin üçün inili-eçüli kiñşürtükün üçün begli budunnü jоñşürtuqin üçün Türk budun illedük ilin içüinu idmis* КТү.6 «Бектерінің, халықтарының түзу еместігі үшін, табғаш халқының алдауына иланғаны үшін, өтірігіне көнгендігі үшін, ↔ нілі-ағалының дуласқанынан, бектіхалықтың жауласқанынан түрк халқы елдігінен айрылды» Айд.І,172.

Жіктік категориясы. Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді¹. VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасы жіктеу есімдіктері арқылы беріледі. Бұл көне түркі тілінде жіктік мағынасының дербес грамматикалық категория ретінде толық жетілмегенін көрсетеді. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді.

Жіктік категориясы		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
1 жақ	men, ben	-mın,-mın, -bın,-bın,-pın, -pın
2 жақ	sen	-sın,- sın,-sız, -sız

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 448-бет.

3 жақ	Ø	Ø
К ө п ш е		
1 жақ	miz, biz	-miz,-miz,-biz, -biz,-piz,-piz
2 жақ	siz	-sizdar, -sizder -sizdar, -sizder
3 жақ	Ø	Ø

Ескерткіштер тілінде: *jılanmen* «жыланмын»: Altın başliḡ jılan men ББ.8 «Алтын басты жыланмын» Айд. III,160; *barsmen* «барспын»: Esnegen bars men qamuş ara basım anday alpmen erdemlig men ança bilinler ББ,10 «Есінеген барспын, басым қамыс арасында, сондай алыпмын, ермін, сонша біліңдер» Айд. III,161; *oḡli men* «ұлымын (ұрпағымын)»: Qırqiz oḡli men E.47 «Қырқыз ұлымын (ұрпағымын)»; *jul teḡri men* «жол тәңірімін»: Ala atliḡjul teḡri men ББ.2 «Ала атты жол тәңірімін»; *qara quş men* «қара құспын»: Altın qanatliḡtalim qara quş men «Алтын қанатты жыртқыш қара құспын мен»; *buḡra men* «бурамын»: Titir buḡra men örün körükümin sačarmen üze teḡrike teḡir asra iḡirke kirür, - tir, udiḡmay oḡyuru iḡatiḡliḡ turḡuru iḡoriḡjur ББ. 20 «Мен жараған бурамын, ақ көбікті шашам жоғарыда көкке жеткен, төменде жерге сіңген, - дер, ұйықтағандарын оятып, жатқандарын тұрғызып жүремін» Айд. III,162.

Септік категориясы. Септелу - сөйлем құрамындағы сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсуі. Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын, мағыналары мен қызметі әралуан морфологиялық тұлға.

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі септік жалғауларының саны жайлы әртүрлі пікірлер қалыптасқан: А.Н.Кононов 11 септікті - негізгі (основной), табыс (винительный), барыс-орын (дательный-местный), орын-шығыс (местный-исходный), шығыс (исходный), құралдық (инструментальный), ілік (родительный), бағыттық (направительный), орын-бағыттық (местный-направительный), барыс-бағыттық (дательный - направительный), барыс-шектік (дательный-предельный) көрсетсе¹, Ғ.Айдаров 7 септікті - атау, ілік, барыс, табыс,

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 148-149.

жатыс, шығыс, көмектес/құралды ажыратады¹. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі септік сұрақтары, септелген сөздердің мағынасы, сөйлемдегі атқаратын қызметі VI-IX ғасыр түркілері тіліндегі септелу жүйесін 7 септік аясында жіктеуге болатынын көрсетеді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде септік тұлғаларының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де, септік мағынасын дербес сөздердің беруі де кездеседі.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі септік жалғауларының қолданысы өздері жалғанатын нысан-лексеманың лексика-семантикалық табиғатына байланысты ауытқулықтарға ұшырауы мүмкін. Сондай-ақ кейбір бірен-саран қосымшалар тұлғасы жағынан басқа бір септіктің қалыптасқан форманттарына сәйкес келсе, мағынасы жағынан келесі бір септіктің форманттарына сай келеді, мысалы: √-*da* жалғауы тұлғасы жағынан жатыс септігі қосымшасына ұқсағанмен, мағынасы барыс септігі қосымшасының мәніне сәйкес қолданылады: *ïyaçda* → *ïyaç+da* «ағашқа»: *Quzünüï yaçda bamış qatıyli ba edgüti ba tip* ЫБ.14 «Құзғынды ағашқа байлаған, мықты байла! Жақсырақ байла, - деп» Айд.ІІІ,160.

Септік жалғаулары		
1	2	3
Септіктер	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1 жақ	men, ben	-mın, -mın, -bın, -bın, -pın, -pın
Атау септік	∅ (нөлдік форма)	∅ (нөлдік форма)
Ілік септік	-iñ, -iñ, -*nün, -*nün, -uñ, -üñ, -*nuñ, -*nün -γ, -ig	-nün, -nün, -dün, -dün, -tün, -tün
Барыс септік	-qa/-ke -γaru/-gerü -ru, -rü -ra, -re -a, -e -ja, -je	-γa, -ge, -qa, -ke, -a, -e -γarı/-geri, qarı/-keri (сөзжасам жұрнағы ретінде сақталған: <i>žoyarı, ilgiri, tısqarı, işkeri</i>)

¹ *Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1996. –91-бет.*

Табыс септік	-ni, -ni, -i, -i -iy, -ig, -uy, -üg, -in, -in, -un, -ün, -n	-di, -di, -ti, -ti, -ni, -ni
Жатыс септік	-ta, -te, -da, -de	-da, -de, -ta, -te
Шығыс септік	-tan, -ten, -dan, -den, tin, -tin	-nan, -nen, -dan, -den, -tan, -ten
Көмектес (құралдық) септік	-in, -in, -n birge	-men, -ben, -pen

Атау септіктің арнайы тұлғасы ескерткіштер тілінде ғана емес, барлық түркі тілдерінде жоқ. Бірақ атау септіктің өзіне ғана тән субстанттық мән білдіретін грамматикалық мағынасы, нольдік формада айқындалып, грамматикалық субъектіні сипаттайтын синтаксистік қызметі болады. Сондықтан атау тұлғадағы сөзді «септік жалғауларының басына қою аса қажет, өйткені заттың кім, я не екенін білдіретін сөзбен жақ жағынан қиысып, субъектілік-координаттық қатынаста байланысып, сөйлем құрайды»¹

Ескерткіштер тілінде: *il/el* «ел»: *Il jeme il bolti Budun jeme budun bolti özüm qarı boltim neñ jerdeki qayanlıy budunqa* Тон.56 «Ел тағы да ел болды. Халық та қайта халық болды. Өзім қартайдым, үлкен болдым Қайдағы қағандық халық болса да»; *er* «ер»: *Beg er jontıjaru barmış* ЫБ.5 «Бек ер жылқысына қарай барған»; *oylan* «ұл, бала»: *Oylan kekük tezkin bolti* ЫБ.23 «Бала көкек құрығын тапты; *qulun* «құлын»: *Teglük qulun irkek jonda emig tilejür* ЫБ.24 «Ерке құлын еркек жылқыны емгісі келер».

Ілік септігі жалғауының негізгі мағынасы иелікті, меншікті білдіру. Ілік септігінің жалғаулары тәуелдік категориясымен тығыз байланыста қалыптасқан грамматикалық бірлік, септік категориясының грамматикалық тұрғыдан тиянақталуын оның тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесімділігі қамтамасыз етеді. Көне түркі ескерткіштері тілінде ілік септігі негізінен $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $\sqrt{-\gamma}$, $-ig$ форманттары арқылы беріледі. Ғ. Айдаров Күлтегі ескерткіші тілінде $\sqrt{-ni\eta}$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$ тұлғалары да қолданылғанын көрсетеді².

Әрбір тілдік фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты көнетүркілік $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 456-бет.

² Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1996. –91-бет.



морфемасы қазіргі түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық вариантта қалыптасқан: $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $-nu\eta$, $-nü\eta$, $-di\eta$, $-di\eta$, $-du\eta$, $-dü\eta$, $-dun$, $-dün$, $-don$, $-dzon$, $-din$, $-ti\eta$, $-ti\eta$ т.б. Түркі тілдеріндегі ілік септіктерінің құрылымдық моделінің даму бағыты толық айқындалмаған мәселелер қатарынан орын алады. Түркітанушы лингвистердің бір тобы ілік септігінің бастапқы тұлғасы ретінде $\sqrt{-CVC}$ моделін таныса, келесі топ $\sqrt{-VC}$ моделін архиформа деп санайды. Түркі тілдерінің аглютинативті табиғаты мен тілдік деректер ілік септігінің $\sqrt{-VC}$ моделінің бастапқылығын қолдайтын бағыттың негізділігін көрсетеді.

Ілік септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	$-i\eta$ / $i\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$ <i>adiy+iη</i> «аюдың», <i>tonuz+iη</i> «доңыздың»	Ø <i>ajuw+dīη</i> «аюдың»; <i>doñiz+dīη</i> «доңыздың»;
2	$-ni\eta$, $-ni\eta$, $-nu\eta$, $-nü\eta$	$-ni\eta$, $-ni\eta$, $dī\eta$, $-di\eta$, $-ti\eta$, $-ti\eta$
3	$-γ$, $-g$, $-iγ$ -ig <i>ögüz+ig</i> «өгіздің»; <i>čöl(l)+ig</i> «шөлінің»	Ø <i>ögiz+dīη</i> «өгіздің»; <i>šöl+dīη</i> «шөлінің»

Ескерткіштер тілінде: *adiy+iη* → *adiy+iη* «аюдың», *tonuz+iη* → *tonuz+iη* «доңыздың»: *Adiylī tonuzli art üze soqušmiš ermiš*, *adiy+iη qarnī jarilmiš tonuzin aziyi sinmiš tir* БІБ. 6 «Асуда аю, доңыз кездескен екен. Аюдың қарны жарылған, доңыздың аяғы сынған,-деген» Айд.ІІІ,159; *ögüz+ig* → *ögüz+ig* «өгіздің»: *Bir qarī ögüzig bilin biče jimiš qamsaju umatīn turur tir* БІБ. 37 «Бір қары өгіздің белін майда құмырсқалар қаптапты, оның жүруге әлі жоқ, -дер» Айд.ІІІ,164; *čöllig* → *čöl(l)+ig* «шөлінің»: *Juycī-sigītci öñre kün toysiqda Bökli čöllig il tabyač, tüpüt, apar, purum, qiriq az üč qurıqan, otuz tatar, qıtan, tatabi bunča budun kelipen, sıytamīs, jıylamīs* «КТү. 4 «Жылап-сықтаған: әуелі күн шығыстан Бөклі шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, отыз татар, қытан, татбылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады» Айд.І,172.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде ілік септігі тұлғасының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де жиі кездеседі: *Kögmen joli* «Көгменнің жолы»: *Kögmen joli bir ermis Tumus tijin esidip Bu jolin jorisar jaramači tidim Jerči tiledim Čölgі az eri boltim* Тон.23 «Көгменнің жолы бір еді, Тымық дегенді есітіп, Бұл жолмен жүруге жарамайды дедім. Жершіл /kici/ (жол көрсетуші) тіледім. Ол Шөлдік аз ері болды.» Айд.ІІ,108; *tabγač qaγanī* «табғаштың қағаны»: *Tabγač qaγanī jaγimіз erti.* Тон.19 «Табғаш қағаны жауымыз еді»; *on oq qaγanī* «он оқтың қағаны»: *On oq qaγanī jaγimіз erti* Тон.19 Он оқ қағаны жауымыз еді.

Барыс сертігінің негізгі мағынасы іс-әрекеттің, қимылдың кімге, неге, қайда бағытталғанын білдіреді, сондай-ақ сөйлем ішінде іс-қимылдың мерзімі мен мөлшерін, мақсатын да айқындайды. VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі барыс септігі √-V модельді √-a, -e, √-CV модельді √-CV -qa, -ke, √-ru, -rū, -ra, -re √- ja-je және √-γaru, √-CVCV модельді √-gerü, -erü қосымшалары арқылы жасалады.

Барыс септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-qa, -ke: <i>aj+qa</i> «айға»; <i>qan+qa</i> «ханға»; <i>köl+ke</i> «көлге»	-qa, -ke - γa, -ge <i>aj+γa</i> «айға»; <i>qan+γa</i> «ханға»; <i>köl+ge</i> «көлге»
2	-γaru, -gerü, -erü, - ru, -rū, -ra, -re: <i>tebesiηe+rü</i> «түйесіне»; <i>jont(i)ηa+ru</i> «жылқысына»; <i>qaγan+γaru</i> «қағанға <i>tarqan+γaru</i> «тарқанға»	∅ γaru, -gerü формантының бағыттық мәні сақталған: <i>ilgeri</i>
6	-ja-je: <i>birije</i> «түстікке, оңға»; <i>jiraja</i> «терістікке, солға»	∅
7	-a, -e: <i>jar+a</i> «жарға»; <i>tüšnekiη+e</i> «ұясына»; <i>qanatiη+a</i> «қанатына»	-a, -e <i>elim+e</i> «жарға»; <i>qanatiη+a</i> «қанатына»

Ескерткіштер тілінде: *abqa* → *ab+qa* «аңға»: *Eraḅqabarmišta* *ya* *da* *qamlamištenride* *erkligtir* ЫБ.12 «Ер аңға шықты. Тауда жығылды. Ерік тәңриде, - деген» Айд.ІІІ,160; *ajqa* → *aj+qa* «айға»: *Jilqa* *tegmışig* *jiditmajin* *ajqa* *tegmışig* *artatmajin* *edgüsi* *bolzun* *tir* ЫБ.59 «Жылғы жеткендерін түрлендірмедім, айға жеткендерін бүлдірмедім. Оларға игілік болсын, - дер» Айд.ІІІ, 168; *qanqa* → *qan+qa* «ханға»: *Oḅulanım* *erde* *imirim* *anča* *bol* *qanqa* *atar* *qabūlan* Суд.9 «Ұлдарым, ерлік істерде ұстазымдай бол, ханға табын, күшей»; *taşqa* → *taş+qa* «тасқа» *Jaşı* *taşqa* *jaratidim* *tolqu* *taşqa* *toqitım* Тар.3 «Ауыр (үлкен) тасқа жаздырдым»; *toḅisıqa* → *toḅisıq+a* «шығысқа», *batisıqa* → *batisıq+a* «батысқа»: *Küm* *suruḅim* *kün* *toḅisıqa* *batisıqa* Суд.4 «Менің дабысым мен билігім күн шығыс пен батысқа дейін»; *boqarsıqa* → *boqarsıq+a*: «арбаға»: *Eki* *öküzüg* *bir* *boqarsıqa* *kölmış*, *qamsaju* *umatinturur* *tir* «Екі өгізді бір арбаға жекті, олардың жүруге халі жоқ дер» ЫБ. 25; *jirke* → *jir+ke* «жерге»: *Titir* *buḅra* *men* *örün* *körükümin* *sačarmenüze* *tenrike* *tegir* *asra* *jerke* *kirir* *tir* *udımaḅ* *odḅurı* *jatıḅliḅ* *turḅurı* *jorıḅur* ЫБ.20 «Мен жараған бурамын, ақ көбікті шашам жоғарыда көкке жеткен, төменде жерге сіңген, - дер, ұйықтағандарын оятып, жатқандарын тұрғызып жүремін; *kölke* → *köl+ke* «көлге»: *Uzun* *tonliḅ* *küzünüsin* *kölke* *işḅinmiş* ЫБ. 22 «Ұзын киімді /әйел/ өз айнасын көлге тастады»; *süke* → *sü+ke* «соғысқа»: *Qan* *süke* *barmişšančmiş* «Қан соғысқа аттанды, (жауын) шанышты»; *qoḅu* *quşqa* → *quş+qa* «аққу құсқа»: *Er* *qoḅu* *quşqa* *soquşmiş* ЫБ.35 «Ер аққу құсқа кездеспеді; *qanatıḅa* → *qanatıḅ+a* «қанатына»: *Qoḅuquş* *qanatıḅa* *urupan* *anın* *qalıḅu* *barıḅan* ЫБ,35 «Аққус оны қанатына міндіріп, онымен бірге жолға түсті»; *jara* → *jar+a* «жарға»: *Talı* *urı* *jaranča* *jaş* *usın* *jalım* *qajaḅ* *jara* *urıḅan* *jalaḅ* *ucun* *jorı* *jur* *tir*» ЫБ.40 «Қорықпас бала найза ұшын тік жарға кездесіп, жай жүр, - дер; *qajaqa* → *qaja+qa* «қияға (қия жарға)»: *Esri* *maḅa* *jalım* *qajaqa* *unur* *barmiş* ЫБ.49 «Шұбар жылан тік жарға тырмысып кетті»; *titigke* → *titig+ke* «батпаққа»: *Tebe* *titigke* *tüşmiş* *basın* *ujimiş* *özin* *tilkü* *jimiş* *tir* ЫБ. 46 «Түйе батпаққа батты, басын жоғалтты. Өзін түлкі жер,- дер»; *maḅaqa* → *maḅa+qa* «жыланға»: *Ötrüjirde* *maḅaqa* *soquşmiş* «Орта жолда жыланға кездесіпті» Айд.ІІІ,166; *jontıḅaru* → *jont(i)+ḅaru* «жылқысына»: *Beg* *er* *jontıḅaru* *barmiş* *aq* *bijesi* *qulunlamış*, *altun* *tujuqluḅ* *adḅirliḅ* *jarajaḅ* «Бег ер жылқысына барған, ақ биесі құлындаған, алтын тұяқты

айғыр жарағай (болғай)»ЫБ.5; *tebesiñerü* → *tebesi+ñerü* «түйесіне»: *Te-besiñerü barmış* ЫБ.5 «Түйесіне қарай барған» Айд.ІІІ,159; *ebiñerü* → *ebi+ñerü* «үйіне»: *Ebiñerü kelmiş ücññ kunçuj urılñamış beglik jarağaj tir* ЫБ.5 «Үйіне қарай келген. Үшінші бикеші ұл туған, Бек болғай, - деген» Айд.ІІІ, 159; *ordusiñaru* → *ordusi+ñaru* «ордасына»: *Özisüsi ögire sebinü ordisiñaru* келір тір ЫБ. 34 «Өзі, әскері шаттана-қуанып, өз ордасына келер, - дер»; *süke* → «соғысқа»: *Ersüke barmış* «Ер соғысқа аттанды Айд.ІІІ,164; *tebesierü* → *tebesi+erü*«түйесіне»: *Tebesierü barmış örün ingeni butulismış, altun buduluу buуraliу jarağaj* ЫБ. 5 «Түйесіне қарай барған. Боз інгені боталаған. Алтын бұйдалы (мұрындықты) бура жарағай (болғай); *ebiñerü* → *ebi+ñerü* «үйіне»: *Ebiñerü kelmiş, ücññ kunçuj urılñamış, beglik jarağaj tir* ЫБ. 5 «Үйіне қарай келген. Үшінші бикеші ұл туған, бек болғай, -деген» Айд.ІІІ,159; *imiriñma* → *imiriñma+a* «ұстазыма: *Ebledim oуulimін qizimін qalıñsız bertim imiriñma жүz er turіу bertim* Суд.7 «Ұлдарымды үйлендірдім. Қызымды қалың малсыз бердім. Ұстазыма жүз ер мен жайлау бердім Айд.ІІІ,183; *begiñerü* → *begi+ñerü* «бекке»: *Qul sabi begiñerü ötünür quzұun sabi teñrigerü jal barur üze teñri esidri asra kiši bilti tir* ЫБ.54 «Құл сөзімен бекке өткізді, құзғын сөзімен Тәңіріге (көкке) жетті, жоғарыда Тәңірі есітті, төменде кісілер білді, - дер» Айд.ІІІ,167; *tüşnekiñe* → *tüşneki+ñe* «ұясына»: *Turnaja quštüşnekiñe qonmış* ЫБ. 61 «Тырна құс ұясына қонды Айд.ІІІ, 168; *subqa* → *sub+qa* «суға»: *Kidizig subqa soqmış taqı ur qatıұmı batir* ЫБ,33. «Киізді суға малды. Тағы ұр, қатайды ма, -дер Айд.ІІІ,163.

Табыс септігі жалғанған сөздер сөйлем ішінде сабақты етістікпен синтаксисті катынасқа түсіп, тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Түркі тілдерінде табыс септігі қосымшасының жасырын тұруы жиі кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі табыс септігі негізінен $\sqrt{-in, -in, -n, \sqrt{-i, -i}}$ және $\sqrt{-iy, -ig, -uу, -üg}$ жалғаулары арқылы жасалады.

Табыс септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде

1	-in, -in, -n <i>atliγ+in</i> «аттысын» <i>sebdükim+in</i> «сүйгенімді» <i>aq+in</i> «ағын (ақ боз атын)» <i>bil+in</i> «белін» <i>qizim+in</i> «қызымды»	-ni, -ni, -n <i>attisi+n</i> «аттысын» <i>atti+ni</i> «аттыны» <i>süjgenim+di</i> «сүйгенімді» <i>ay+in</i> «ағын (ақ боз атын)» <i>bel+in</i> «белін» <i>qizim+di</i> «қызымды»
2	-di, -di <i>jaraqliγ+di</i> «жарақтыларды»	-di, -di, -ti, -ti <i>žaraqtılar+di</i> «жарақтыларды»
3	-i, -i <i>an+i</i> «оны» <i>bun+i</i> «мұны»	-i, -i <i>on+i</i> «оны» <i>mun+i//bun+i</i> «мұны»
4	-iy, -ig, -uy, -üg <i>at+iy</i> «атын»	Ø <i>ati+n</i> «атын»

VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде: *aqin* → *aq+in* «ағын», *az jayizin* → *az jayiz+in* «аз қаракерін (қоңыр)»: Kültegin Azman *aqin* binip oplaju tegdi. Altı erig sançdı. Sü tegisinte jitinçi erig qılışladı. Ekinçi Quşlayaқта ediz birle sünüşdimiz. Kültegin az jayizin binip oplaju tegip, bir erig sançdı КТү.45 «Күлтегін азбан ағын мініп, шабуылға шықты. Алты еріншанышты. Әскер жеткенде жетінші ерін қылыштады. Екінші /рет/ Қушлағақта едізбен соғыстық. Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып, бір ерін шанышты»; *atıy* → *at+iy* «атын»: Bir otuz jaşıja Čača señünke sünüşdimiz. Eñ ilki Tadiqin Čorıñ boz atıy binip tegdi. Ol at anta ölti КТү.32 «Жиырма бір жасында Чача сеңүнмен соғыстық. Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді» Айд. III,65; *atliγin* → *atliγ+in* «аттысын»: *Atliγin* jamaşdı biña ... joridim Ozmiş Tegin uduryanta jorijor tedi anı alııl tedi Tap.21 «Өз аттысын жіберді /жұмсады/. Мыңдай әскер кетті. Ол: «Озмыш тегін Одурғаннан барады деді. Оны ұста деді»; *oylin* → *oyli+n* «ұлын»: Utru eki atliγ kişi oylin soqqışmıš ББ.2 «Қарсыда екі атты кісі ұлын кездестірген» Айд. III, 159; *jeginimin* → *jeginim+in* «жиенімді», *atimin* → *atim+in* «немеремді»: *Jeginimin atimin körtim emti öltim* ... Суд.8 «Жиенімді, немеремді көрдім. Енді өлдім Айд. III, 183; *ergin* → *ergi+n* «таққа (ерге)»: Tensijmin jarin kiche altun ergin olurupan menilejür men anča bilinler edgü ol ББ.1 «Тенсимін күні-түні алтын таққа отырып қуанамын, соны біліңдер игі ол»; *öküzüg*

→ *öküz+üg* «өгізді»: *Eki öküzüg bir boqarcıqa kölmiş, qamsaju umatın turur tir* ЫБ. 25 «Екі өгізді бір арбаға жекті, олардың жүруге халі жоқ дер» Айд.ІІІ, 162; *sebdükimin* → *sebdükim+in* «сүйгенімді»: *Tanım tüşi taqı tükemez ken talujda jatıpan tapladuqımın tutar men, sebdükimin jıjür men* ЫБ.3 «Ескерген түсі тағы түгесілмеген, теңізде жатып кез келгенді тұтармын, сүйгенімді жермін» Айд.ІІІ,159; *bilin* → *bil+in* «белін: *Bir qarı ögüzig bilin biçe qomursqa jimiş qamsaju umatın turur tir* ЫБ.37 «Бір кәрі өгіздің белін майда құмырсқалар қаптапты, оның жүруге әлі жоқ, - дер» Айд.ІІІ,164; *ıdısın* → *ıdıs+ın* «ыдысын», *ajaqın* → *ajaq+ın* «шелектерін»: *Uzun tonlıy ıdısın ajaqın qoburap barmış* ЫБ.42 «Ұзын киімді /әйел/ыдысын, шелектерін қалдырып, жүріп кетті Айд.ІІІ, 165; *eligin* → *elig+in* «елікті»: *Qanlıy süsi abqa ünmiş saıir içre elik kijik kirmiş qan eligin tutmış qara qamıy süsi ögir er tir* ЫБ.63 «Қандық әскер аңға шықты, қора ішіне елік-киік кірді, қан киікті қолға түсірді. Бұған бүкіл әскер қуанды, - дер» Айд.ІІІ,168; *kidizig* → *kidiz+ig* «киізді»: *Kidizig subqa soqmış taqı ur qatıymı batır* ЫБ,33. «Киізді суға малды. Тағы ұр, қатайды ма,-дер Айд.ІІІ,163; *oıulımın* → *oıulım+ın* «ұлымды», *qızımın* → *qızım+ın* «қызымды»: *Ebledim oıulımın qızımın qalırsız bertim imirıma jüz er turıy bertim* Суд.7 «Ұлдарымды үйлендірдім. Қызымды қалың малсыз бердім. Айд.ІІІ,183.

Ескерткіштер тілінде *√-di,-di* форманттары арқылы жасалған табыс септігі тұлғалы сөздер сирек ұшырасады: *jaraqlıydı* → *jaraqlıy+dı* «жарақтыларды»: *Jaraqlıydı qaıanqa ançuladı. Ol süg anta joqqıšdimiz. Bir otuz jaşıña Saça seıünke sünüşdimiz. Eı ilki Tadıqın Çorıı boz atıy binip tegdi* КТү.32 «Жарақтыларды қағанға еншіледі. Ол әскерді сонда жоқ еттік. Жиырма бір жасында Чача сеңүн мен соғыстық. Еңлкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді» Айд.ІІІ,65;

Жатыс септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-da,-de <i>taı+da</i> «тауда» <i>teıri+de</i> «тәңріде» <i>on jaşda</i> «он жаста»	-da,-de <i>taw+da</i> «тауда» <i>täıri+de</i> «тәңріде» <i>on žasta</i> «он жаста»



2	-ta,-te	-ta,-te
	<i>buluᅇ+ta(qi)</i> <i>jolta</i> «жолда» <i>költe</i> «көлде»	<i>burış+ta</i> <i>žolda</i> «жолда» <i>kölde</i> «көлде»

Ескерткіштер тілінде: *ayiniᅇta* → *ayiniᅇ+ta* «қораңда»: Er ömeleijü barmış, teᅇrike soquşmiş qut bolmiş, qut bermiş ayiniᅇta ijilqin bolzun, - timiş ҒБ.47 «Ер еңбектеп барды, тәңриден құт тіледі. Тілегі орындалды. Қораңда жылқың болсын, өзін ұзақ жаса, - деген» Айд.ІІІ,166; *talujda* → *taluj+da* «теңізде»: Tanim tüşi taqi tükemezken talujda jatıpan tapladuqimin tutarmen, sebdükimin jijür men ҒБ.3 «Ескерген түсі тағы түгесілмеген, теңізде жатып кез келгенді тұтармынсүйгенімді жермін» Айд.ІІІ,159; *taуда* → *taу+da* «тауда», *teᅇride* → *teᅇri+de* «тәңриде»: Er abqabarmıştaуда qamlamışteᅇride erklig tir ҒБ.12 «Ер аңға шықты. Тауда жығылды. Ерік тәңриде, - дер Айд.ІІІ,160; Ol тауда turupan menjileijür men ҒБ. 51 «Ол тауда тұрып, қуанамын» Айд.ІІІ,166; *jilta* → *jil+ta* «жылда»: Teᅇri qutinta ucunč ijilta qor esen tükel kögüşmiş, qor ögirer sebinür, tir ҒБ.15 «Тәңірі құтымен үшінші жылда есен-аман бірі-бірімен көріскен. Көпшілігі шаттанып қуанған, деген» Айд. ІІІ,161; *ijolta* «жолда»: Jolta atı armış ҒБ.35 Жолда аты арыды Айд.ІІІ; *ijirde* «жерде»: Özluk at öᅇ ijirde arıp, öᅇjür turu qalmış ҒБ.17 «Өзіңдік ат ілкі жерде арып, өңіп, жүре алмай, тұрып қалды» Айд.ІІІ,161; Bardiq jerde edgüg ol erinč КТү. 24 «Барған жерден не жақсылық таптың?» Айд.ІІІ,176; *ötrü ijirde* «орта жолда»: Ötrü ijirde maуаqa soquşmiş ҒБ.49 «Орта жолда жыланға кездесіпті» Айд.ІІІ,166; *buluᅇtaqi* → *buluᅇ+ta(qi)* «бұрыштағы»: Sü sülepen törüt buluᅇtaqi buduniу qor almış qor baz qilmis КТү.2 «Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағыхалықты көп алған, бәрін бейбіт қылған» Айд.І, 171; *kün toуusiqta* «күн шығыста»: Joуucı siyitci öᅇre күn toуusiqta Böküli Cölüg el Tabуаç Tүpüt Apar Pурum Qirqiz Uč Qurıqan Otuz Tatar Qıtaᅇ Tatabi bunča budun kelipen siyitamis joуulamis КТү.4 «Жылап-сықтаған әуелі күн шығыстан Бөклі шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, отыз татар, қытан, татбылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады» Айд.І, 172; *Bolčuda* «Болшыда (жер аты)»: Bolčuda otča borča kelti КТү. 37 «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» Айд.І, 179; *Yarayun költe* «Марғын көлінде»: Anı jaᅇi Türgi Yarayun költe buzdumiz

КТү.34 «Оны жеңіп, Түркі Иарғын көлінде талқандадық» Айд.І, 178; *Suḡa jīšda* «Соңа қойнауында»: *Qayanın birle Suḡa jīšda sünüşdümüz* КТү.35 «Қағанымен Соңа қойнауында шайқастық» Айд.І, 179; *Toḡulada* «Тоғлада»: *Inigek kölke Toḡulada Oḡuz kelti* Тон.15 «Сыыр көлігімен Тоғлада оғыз келді» Айд. II,106; *on jašda* «он жаста»: *On jašda Umay teg ögüm qatun qutuḡa inim Kültegin: er at bolti* КТү.31 «Он жаста, шешем Құлайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды» Айд.І, 177.

Шығыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың неден, қай жерден бас-талғанын, қитыл иесінің басты объекіден алыстап, ұзап бара жатқанын сипаттайды. Кей жағдайларда іс-әрекеттің себебін, іс-қимылдың орнын да білдіреді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі шығыс септіктері негізінен *√-dan, -den, -ta, -ten, -tın, -tın* форманттары арқылы жасалады. Кей жағдайда бірдей мән беретін бір қосымшаның фонетикалық варианттары қосарланып келуі де кездеседі: *oḡuzdantan* → *oḡuz+dan+tan* «оғуздан»: *Anča olurur erikli oḡuzdantan körüg kelti* Тон.8 «Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді» Айд.ІІ,105; *tašdıntan* → *taš+din+tan* «тыстан (сырттан)»: *Ani ičig irmedim tašdıntan üç qarluq üç iđuq tatar ...* МЧ.28 «Оны ішке кіргізбедім, сырттан үш қарлұқ, үш қасиетті татар...» Айд.ІІІ, 139-144.

Шығыс септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-dan, -den <i>jira(ja)+dan</i> «терістіктен» <i>beri(je)+den</i> «беріден»	-dan, -den <i>žiraq+tan</i> «жырақтан» <i>beri+den</i> «беріден»
2	-tan, -ten <i>qan+tan</i> «қайдан» <i>oḡuz+(dan)+tan</i> «оғуздан»	-tan, -ten <i>qaj+dän</i> «қайдан» <i>oḡiz+dän</i> «оғуздан»
3	-tın, -tın, -dın, -dın <i>tašdın(tan)</i> «сырттан, тыстан»	Ø <i>tis+tän</i> «сырттан, тыстан»
	*n	*n
	Ø	-nan, -nen

Ескерткіштер тілінде: *beridenjen* → *beri+den(jen)* «түстіктен»: *Tabıaç beridenjen teg!* Тон. 11 «Табғаш түстіктен тиңдер»; *öñdenjen* → *öñ+den(jen)* «шығыстан»: *Qıtan öñdenjen teg!* Тон. 11 «Қытан шығыстан тиңдер»; *Sabı enteg öñden qaıanıaru: sü jorılam temis* Тон.29 «Сөзі мынадай: алдынан қаған қарай Әскер жіберейік, - деді» Айд.ІІ,109; *jırdantajan* → *jır+dan(tajan)* «терістіктен»: *Ben jırdantajan tegejin... Türk esir budun jerinte idi jorımazun! Usar, idi joqqısalım, - tirmen.* Тон. 11 «Мен терістіктен тиісейін Мен терістіктен тиісейін. Түрк тұтқын жерінде /бөтен/ йе жүрмесін! Әрекеттенсе, йесін құртамыз, - дермін» Айд.ІІ,106.Шығыс септігі VII-IX ғасыр түркі мұралары тіліндегі басқа септіктерге қарағанда біршама сирек қолданылады.

Көптеген түркі тілдерінде көмектес септік көрсеткішінің қызметін атқаратын тұлғалар септік жалғауы ретінде танылмайды, жалғаулық шылаулар ретінде негізгі сөзден бөлек жазылады. Септіктің бұл категориясы іс-қимылдың, әрекеттің қандай да бір құрал арқылы атқарылатынын білдіреді, сондай-ақ іс-әрекетке ортақ субъектіні, іс-әрекеттің амалын, істің мақсатын да сипаттайды.

Көне түркі тіліндегі құралдық септіктің негізгі қосымшасы *√-in,-in, -n*, *√-γ* форманттары арқылы және *birle* «бірге» лексемасының қолдануынан жасалады.

Көмектес септігі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-in, -in, -n <i>süñüg+in</i> «сүңгімен» <i>qaıanıñ+in</i> «қағаныммен»	Ø <i>süñgi+men</i> «сүңгімен» <i>qaıanı+men</i> «қағаныммен»
2	-γ <i>subu+γ</i> «суымен»	Ø <i>suwı+men</i> «суымен»
3	Ø	-men,-ben,-пен

Ескерткіштер тілінде: *qılıcın* → *qılıcı+n* «қылышпен»: *Altun qorıy saqımın qılıcın kesipen, özüm jol intin başımın jol ebintin tir* ЫБ.8 «Алтын сапты қылышпен кесіп, денем жол сыртында жатты, басым жол сыртындағы үйде жатты» Айд. III,160; *Anın* → *Anı+n* «Анымен (Аны

өзенімен)»: Anin barmis Aṅar jatip Bir atliḡbarmis tijin Ol jolinjorisar ünč tidim saqintim Тон.24 «Анымен барасыңдар, оған түнеп (одан әрі) бір аттық жүріс дедім. Сол жолмен жүрсе мүмкін дедім, ойландым» Айд.ІІ,108; *subuḡ* → *subu+ḡ* «суымен»: Anī subuḡ baralim. Ol sub qodī bardimiz. Sanayali tūsürtimiz Atiḡ iqa bajur ertimiz Kün jeme tün jeme jelü bardimiz Qiriq aziḡ uqa basdimiz Тон. 27 «Аны суымен баралық Сол сумен төмен жүрдік Санағалы тоқтадық Атты бұтаға байладық Күн демей желіп бардық Қырық азды ұйқыда бастық.» Айд.ІІ,109; *sünügin* → *sünüg+in* «сүңгімен»: Sünügin ačdimiz Qanī süsi tirilmis sünüşdimiz sančdimiz Qanin ölürtimiz Qayanqa qirq az budunī içkdi jükünti jantimiz Kögmen jisü ebirü keltimi Тон. 28 «Жо-лымызды сүңгімен аштық Ханы, әскері /түгел/ жиналды. Соғыстық, шаныштық Қанын өлтірдік. Қағанға қырқ аз халқы Бағынды, жүгінді, қайттық. Көгмен қойнауын айналып келдік» Айд.ІІ, 109; *qayanimtin* → *qayanim+tin* «қағаныммен»: Arquj qarayuyulḡartdim. Basiniḡma jayü kelürir ertim. Qayanimtin sületdimiz. Tenri jarilqazu Тон.53 «Басынған жауды келтірмедім, қағаныммен бірге соғыстық, Тәңірі жарылқап» Айд.ІІ,113.

Ескерткіштер тілінде көмектес (құралдық) септіктердің *birle* «бірге» лексемасы арқылы да жасалатын түрлері де жиі кездеседі: *Izgil budun birle* «Ізгіл халқымен»: *Az elteberig tutdi. Az budun anta joq bolti. Ečim qayan iliqamašü boltuqında, budun iligi kegi boltuqında Izgil budun birle sünüşdimiz. Kültegin Alp Šalči aqin binip KTү.43* «Аз елтеберін тұтты. Аз халқы сонда жоқ болды. Ағам қаған еді әлсіз, қарсы ел кекті болғанда ізгіл халқымен соғыстық. Күлтегін Алып Шалшы ағын мініп» Айд.ІІІ, 68; *ečüm qayan birle* «ағам қағанмен бірге»: *ečüm qayan birle ilgerü Jašil ügüz: Šantun jazıqа tegi süledimiz KTү.17* «Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзенінен Шантұң жазығына дейін соғыстық» Айд.І, 174; *Kültegin birle* «Күлтегінмен»: *inim Kültegin birle sözleşdimiz: «Інім Күлтегінмен сөйлестік» /KTү.26/ Айд.І, 176; qayanin birle* «қағанымен»: *Qayanin birle Suṅa jışda sünüşdümüz KTү.35* «Қағанымен Соңа қойнауында шайқастық» Айд.І,179; *qırqız birle* «қырғызбен» *alti otuz jašima Cek budun Qırqız birle jayü bolti BҚ.26* «Жиырма алты жасымда Чек халқы Қырғызбен қосылып жау болды»; *sü birle* «әскермен» *Šača Seṅün sekiz tümen sü birle sünüşdim BҚ. 26* «Чача-сеңгүн басқарған сегіз түмен әскермен соғыстым».

§ 4. СЫН ЕСІМ ЖҰРНАҚТАРЫ

Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан да, сөзжасамдық, сөзтүрленімдік амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сөз таптары жүйесіндегі сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әртүрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді¹. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы тым шағын. Шырай категориясы сын есімдерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана мағыналық топтарына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, *ақ*– түр-түсті білдіретін сын есім, *ақ*– сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; *көк*– түр-түсті білдіретін сын есім, *көк*– аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 460-бет.

Түркі тілдері құрамындағы сын есімдер негізінен екі түрлі жолмен қалыптасады: есімдердің (зат есімдер де, қимыл есімдері де) контексте қолданылу барысында трансформацияланып, сын есімге айналады; есім сөздердің басқа топтарынан ерекшеленетін морфологиялық жүйе негізінде, яғни сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады.

Есімдер жүйесіндегі сын есімдердің дербес сөз табы ретінде даралануы есім тұлғалардың анықтауыштық қызметке ие болуына, соның нәтижесінде сындық-сапалық мазмұнның тұрақталуына негізделеді. Агглютинативті тіл табиғатына сәйкес сын есімдер де құрылымына байланысты бірінші дәрежелі, екінші, үшінші дәрежелі болуы мүмкін. Бірінші дәрежелі сын есімдер негізінен синкретикалық моносиллабтардан тұрады. Екінші, үшінші дәрежелі түбір-негіздер мен туынды сын есімдердің сындық, сапалық мән-мағыналары айқын болып келеді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдерді морфологиялық тұрғыдан екі топқа бөліп қарастыру қалыптасты: негізгі есімдер және туынды сын есімдер. Негізгі сын есімдер тобында әдетте бүгінгі тіл құрамында бөліп қарауға келмейтін, түбір ретінде ұғынылатын сөздер жатады да, туынды сын есімдерге қосымшалар арқылы басқа сөз таптарынан (есімдер мен етістіктерден) жасалған сын есімдер жатады. Сын есімдердің жасалу амалдарының ерекшеліктерінің бірі – басқа есім сөз таптарындағы лексемалар трансформация немесе аналогия жолымен сын есімдерге айнала алады. Туынды түбірлердің аналогиялық тәсілдер арқылы жаңа ұғымға айналуы, дискурс аясында сындық мән алуына, олардың форманттарының сын есімдік мән туғыза алатын қабілетке ие болуына жағдай жасайды.

Сапалық сын есімдер негізінен түбірлер мен түбір-негіздерден тұрса, қатыстық сын есімдерді туынды сын есімдер құрайды. Туынды түбірлер негізінде қалыптасқан сын есімдердің едәуір тобы қазіргі тілде шырай қосымшаларын қабылдамайды. Мысалы, сын есімге де, үстеуге де қатысты қарастырылатын *keš* сөзі шырай категориясымен түрленсе (*keš* → *keširek*, *keš* → *keštew*), *keški* лексемасы шырай қосымшаларын қабылдамайды.

Жалпы түркі тілдеріндегі сын есім категориясының сапалық белгілері VII-IX ғасыр түркілері тілін сипаттайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі сын есімдерге де тән. Көне түркі тіліндегі сын

есімдер негізгі үш амал арқылы жасалады: аффиксация, сөздердің бірігуі және адъективация¹. «Сын есімдер де өзінің даму, қалыптасу тарихы бар тарихи категория. Осыған сәйкес әрбір грамматикалық элементтер айқын сараланып жіктелуі қажет. Сонда ғана әрбір сөз табының тарихи сыры, бір-бірінен ажырау жігі белгілі болмақ»². Ескерткіште кездесетін сын есімдер де мағынасына қарай екі топқа бөлінеді: сапалық сын есімдер және қатыстық сын есімдер.

Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр түрлі сыр-сипаты мен сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді, шырай тұлғаларымен түрлене алады. VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде сапалық сын есімдер жиі кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі сапалық сын есімдерді семантикасына байланысты бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады: а) заттың сапасы мен сыр-сипатын білдіретін сын есімдер: *ayır* «ауыр», *alp* «алып, ер жүрек», *arıу* «таза», *baj* «бай», *čīyaj/čīyan* «кедей», *edgü, jig* «жақсы», *jablaq* «жаман», *süčüg* «тәтті», *silig* «сұлу», *jaš* «жас», *qarı* «қары, кәрі», *semiz* «семіз», *turiq* (арық-тұрық), *toq* «тоқ», *učiz* «арзан» т.б; ә) заттың көлемі мен аумағын білдіретін сын есімдер: *joуan* «жуан», *jujqа* «жұқа» *jinčke* «жіңішке», *qalın* «қалың», *uzun* «ұзын», *uluу* «ұлық, үлкен», *kičig* «кіші, кішік» т.б.; б) заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер: *aq* «ақ», *ala* «ала», *jašil* «жасыл», *kök* «көк», *qizil* «қызыл», *boz* «боз», *qara* «қара», *örün* «ақшыл, сұр», *sarıу* «сары», *torıу* «торы» т.б.

Қатыстық сын есімдерге бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл, іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіретін сөздер жатады. Ескерткіштер тіліндегі жұрнақ жалғану арқылы басқа сөз таптарынан жасалатын қатыстық сын есімдердің жалпы табиғаты қазақ тілінен ереше ажыратылмайды: *atliу* «атты», *budluluу* «бұйдалы», *buqali* «бұқалы», *küčlig* «күшті», *jaraqliу* «жарақты (қару-жарақты), *tujuqluу* «тұяқты», *jayli* «майлы», *jolsiz* «жолсыз», *ačsiz* «ассыз», *buñsiz/ muñsiz* «мұңсыз, қайғысыз».

Күлтегін және Тоникук ескерткіштері тілінің деректері негізінде сын есімдердің ерекшеліктерін саралаған Ғ.Айдаров ескерткіштер тіліндегі сын есім жасайтын негізгі қосымшалар ретінде мынадай

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.105.

² Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. – 62,63-беттер.

форманттарды көрсетеді: «-li, -li. зат есімдерге жалғанып сын есім тудырады: буқалы (бұқалы); -liγ, -lig. затесімдерге де, сын есімдерге де жалғанады: күчліг (күшті), атлыг (атты), йарықлыг (жарақты), төгүнлүг (таңбалы); -siz, -siz. Бұл жұрнақтардың беретін мағынасы -li, -li жұрнақтарының мәніне қарама-қарсы, затта белгілі сапанын жоқ екендігін көрсетеді: йолсыз (жолсыз), қалысыз (түгел, қалмай), буңсыз (мұңсыз, қайғысыз, оңай); -qi, -ki жұрнақтары жалғанған сөздер мезгілдік, мекендік ұғымдарды білдіретін сын есімдер тудырады: йердекі (жердегі), қурйақы (батыстағы), йырийақы (алыс-тағы, жырақтағы), өңрекі (алдыңғы); -teg. Зат есімге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер тудырады: теңрimeг (тәңрідей); -ge. етістіктен сын есімтудырады: билге (білгіш, дана)»¹. Ғалым үстеу мәнді сөздерді де сын есімдер қатарында қарастырады, сондай-ақ субъстантивтенген сын есім жұрнақтарын зат есім тудырушы жұрнақтар қатарында қарастырады.

Ескерткіштер тіліндегі сын есімдердің негізгі қызметі анықтауыш (Çuγajquzın, qara qumïγ olurur ertimiz «Чуғай құзы мен қара құмды мекендеуші едік») болғанымен, заттанып бастауыш және толықтауыш, етістіктен болған мүшеден бұрын тұрып пысықтауыш, көмекші етістіктермен тіркесіп, баяндауышта (Eki ülügi atlay erti «Екі бөлегі атты еді»; Budunbayzi toq erti «Халықтың тамағы тоқ еді»; Qaγanı alp ermis, aγγucisibilge ermis «Қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді») бола алады.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі сын есімдер мен қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдердің табиғаты жайлы ой түйген ғалым А.Есенқұлов: «Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сын есім мен қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі сын есім категориясының арасында мағыналық та, тұлғалық та айырмашылық жоқ. Тек аздаған ғана фонетикалық ерекшеліктері кездеседі»², - деп көрсетеді. Ғалым пікірі сын есім тудыратын қосымша морфемалардың тұлғасына да қатысты.

Етістіктерден зат есім жасайтын қосымша морфемалар тарихи тұрғыдан есімше формаларымен байланысты болып келеді.

¹ Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. – 63,64-беттер.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 133-бет.

«Тіл дамуының көне дәуіріндегі есімше формаларының заттануынан етістік негізді зат есімдер қалыптасса, объективациялануынан етістік негізді сын есімдер келіп шықты, сөйтіп генетикалық бірлік аталған сөз таптары құрамында іздерін қалдырды. Кейде бір аффикс зат есім құрамынан да, сын есім құрамынан да ұшырайды (\sqrt{is} , *-is*: *soyis*, *ajtis* – зат есім; *kemis*, *tegis* – сын есім т.б.)»¹. Сондықтан көне түркі ескерткіштері тіліндегі етістіктер мен есімдерге ортақ полисемиялық қосымша морфемалардың кеңінен қолданылуын жалпы түркі тілдерінің морфологиялық жүйесіне тән құбылыс ретінде қарастырылады.

Сын есім жұрнақтары		
№	VII- IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	2	3
1	-li, -li, -lü	-li, -li -di, -di, -ti, -ti
2	-liγ, -lig, -luγ, -lüg	-liq, -lik, -diq, -dik, -tiq, -tik
3	-g, -γ, -iγ, -ig, -ijg	-q, -k
4	-siz, -siz	-siz, -siz
5	-qi, -ki	-qi, -ki
6	-ge	-ge, -ke
7	-an -n	-n, -an, -en, -in, -in
8	-siγ	-siq
9	-šaq	-šaq, -šek
10	-teg	(tek → tek+tes, tek+ti) -daj, -dej -taj, -tej
11	-r	-r, -ir, -ir

¹ *Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 147.*

12	-sīγ, -sīq, -šīγ, -šīg,	-sīq
13	-čaq, -ček	-šaq, -šek

√-li/-li/-lü – сын есім тудыратын өнімді жұрнақ. А.Н.Кононов √-li/-li/-lü қосымшасы мен √-līγ/-lig,-luγ/-lūg қосымшалары арасында генетикалық сабақтастықтың жоқтығын көрсете отырып, ескерткіштер тіліндегі √-li/-li формантының қолданысын бірыңғай мүшелер арасындағы жалғаулықтармен байланыстырады: «в ТРП (түркі руникалық ескерткіштері) используется для обозначения сочинительных отношений между однородными членами предложения, т.е. выступает в функции соединительного союза: *inili ečili* «и младшие и старшие родственники»; *begli budunli* «и беки, и народ» КТү.6»¹.

Ескерткіштер тілінде: *erikli* → *erik+li* «ерікті»: Орх. *Kušu Tutuq birle sūñüşmiş erin qop ölürmış, ebin barim'in qalisiz kop kelürti. Kültegin jiti otuz jašına qarluq budun erür barur eirkili jaγi bolti. Tamayü iduq başda sūñüşdimiz* КТү. 41 «Қушы тұтықпен соғысты, ерінің көбін өлтірді, үйін-мүлкін қалдырмай, көп әкелді. Күлтегін жиырма жеті жасында қарлуқ халқы жүре бара нағыз жау болды. Тамақтың қасиетті шыңында соғыстық» ~ қаз. *erikti* → *erik+ti* «1.Өз еркі өзінде, тәуелсіз. 2. Келісіммен істелген, еркін. 3. Еркі күшті, жігерлі, табанды» ҚТТС,234, *l=ti; küčli* → *küč+li* «күшті»: Алты бағ бодуным күчлүгін үчүн арқыш елде, ташын баңа тікті Е.49 (Алты баулы халқымның күштілігінен, /асқа келген/керуендер ел ішінде /ескерткіш/ тасын маған орнатты Аманж.І,51 ~ қаз. т. *küčti* → *küč+ti* «мықты, қуатты, күші көп».

√-līγ/-lig,-luγ/-lūg,-līq/-lik,-luq – зат есімге жалғанып сын есім жасайтын қосымша морфема. √-līγ/-lig,-luγ/-lūg,-līq/-lik,-luq форманты түбір сөздерге де, туынды сөздерге де жалғанатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі √-līγ/-lig,-luγ/-lūg,-līq/-lik,-luq қосымшаларын жан-жақты талдаған А.Есенқұлов: «-лығ қосымшасы көнеден келе жатқан ескі тарихи жұрнақ. Бірақ оның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу шеңбері мен беретін мағынасы, әр тараптағы ескерткіштерден біршама көлемділеу де, кеңдеу де»² деген ой айтады.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.107.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 140-бет

Ескерткіштер тілінде: *adaqliy* → *adaq+liy* «аяқты»: Tört *adaqliy* jilqim E.10 «Төрт аяқты жылқым (малым)» ~ қаз. *ajaqti* → *ajaq+ti*; *altunliy* → *altun+liy* «алтынды, алтын жалатқан»: *Altunliy* keşig bealimke bantim E.10 «Беліме алтындалған белбеу байладым» ~ қаз. *altindi* → *altin+di*; *atliq/atliy* → *at+liq/liy* «атты»: Tay Bilge Tutuq jablaqin üçün bir eki atliq üçün qara budunim öltin jetden jaña içik ölmeçi jetmeçi sen tedim jiçe isig küçüg bergil tedim eki aj kütdim kelmedi sekizinç aj bir jañıqa sü joriñin tedim tuv taşqir erikli MЧ.17 «Тай Білге Тұтық жабайын (жаман) үшін бір-екі атты үшін қара бүтін(халық)ым өлдің жеттің, жаңа іші өлмеші жетпесі сен дедім, игі істі- күшті бергей дедім екі ай күттім, келмеді: сегізінші ай: бір жаңасы: сүңгі жорытайын: дедім ту тасушы тасқыр: ерікті»; *Ala atliy* jul teñrimen ЫБ.2 «Ала атты жол тәңірімін» Айд.ІІІ,159 ~ қаз. *atti* → *at+ti*; *baliqliy* → *baliq+liy* «қалалық»: *Anta budun* içikti ... *Qarluq* tapa tezip kirti anta jana түшіp Orqun *baliqliy* belteriginte El örgüginin anta: örgüpen etdim. ... MЧ.34 «Сонда бүтін (халық) ішіне енді ... Қарлық таман тежей кірді, сонда жаңа түсіп, Орқун қалалық жайылымда Ел ордасын сонда ордалай еттім»; *başliy* → *baş+liy* «басты»: *Altun başliy* ijilanmen ЫБ.8 «Алтын басты жыланмын» Айд. ІІІ,160 ~ қаз. *basti* → *bas+ti*; *budululu* → *budulu+lu* «мұрындықты»: *Altun budululu* buyraliy ijarayaij ЫБ.5 «Алтын мұрындықты бура жарағай болғай» Айд.ІІІ, 159 ~ қаз. *murindiqti* → *murindiq+ti*; *bulutliy* → *bulut+liy* «бұлтты»: *Er busuşlu* teñri bulutliy bolti ЫБ.52 «Ер жігіт қайғылы болды, аспан бұлтты болды Айд.ІІІ, 166~қаз. *bultti* → *bult+ti*; *busuşlu* → *busuş+lu* «қайғылы»: *Er busuşlu* teñri bulutliy bolti ЫБ.52 «Ер жігіт қайғылы болды, аспан бұлтты болды Айд.ІІІ, 166 ~ қаз. *muñli/muñdi* → *muñ+li/di*; *butlig* → *but+lig* «бұтты/аяқты»: *Elde kişim* egri tebim tört butlig qañim E.46 «В племенном союзе мои люди, мой одногорбные верблюды, четвероногие, мой отец» Аманж.ІІ, 131 ~ қаз.т. *butti* → *but+ti*; *erikli* → *erik+ lig* «ерікті»: *Alp er oylı süke barmış* su ijirite eriklig sabçi türtmış, -tir ЫБ.55 «Алып ер ұлы әскерге барды. Әскер жерінде ерікті хабаршы сендірді, - дер. Айд.ІІІ, 167~қаз. *erikti* → *erik+ti*; *qulliy* → *qul+liy* «құлды»; *künlig* → *kün+lig* «күнді»: *Olödke* qul qulliy bolmiş erti, күн күnlig bolmiş erti, inisi eçisin bilmez erti, oylı qañin bilmez erti КТү.21 «Ол кезде құл құлды болған еді, күн күнді болған еді» Айд.І,175 ~ қаз. *quldi* → *qul+di*, *künđi* → *kün+di*; *künlig* →

kün+lig «күндік», *jilliq* → *jil+liq* «жылдық»: *Besinçi ajqa tegi qa...ñiz başı anta idiq jer kedinte Ajbaş Tuquş belterinti anta jaladim örugin anta jarattidim čit anta toqitdim biñ jilliq tümen künlik bitigimin bilgümin anta jaši taşqa* МЧ.21 «Бесінші айға тие ...қа...нүз басы сонда Ұйғыр Жер кейінде Айбас Тоқыш белесінде сонда жайладым орданы сонда жараттырдым чыт (құрылыс) сонда тоқытдым мың жылдық түмен күндік бітігімді білігімді сонда жаздық (бекем)тасқа»; *Bin jilliq tümen күnlük bitigimin belgümin bunta* Таp.2 «Мың жылдық, түмен күндік жазу белгілерді осында» Айд.ІІІ, 176 ~ қаз. *kündik* → *kün+dik*, *žildiq* → *žil+diq* «жылдық»; *kedimlig* → *kedim+lig* «сауытты (киімді)»: *Meniñ sümüč... beš жүz kedimlig jadaγbir eki šašip kelti күnim qulum buduniy Teñiri jer anta aγu berti anta sančdim* МЧ. 33 «Менің сүңгім (әскерім) үш... бес жүз сауытты жаяу бір екі қаруланып келді, күнім құлым барлық халқым, Тәңірі, жер сондайқай берді, сонда шанышдым» ~ қаз. *kijimdi* → *kijim+di*; *küčlüq* → *küč+lüq* «күшті, құдіретті» *Üze teñri qan lül jilqa jetinč aj küčlüq alp qaγanimda adirlu bardiniz* Он.12 «Жоғарыдағы Тәңір хан ұлу жылдың жетінші айында құдіретті алып қағанымыздан айырылып кете бердіңіз» ~ қаз. *küšti* → *küš+ti*; *qanatliγ* → *qanat+liγ* «қанатты»: *Altun qanatliγ talim qara quš men* ЫБ.3 «Алтын қанатты жыртқыш қара құспын Айд.ІІІ, 159 ~ қаз. *qanatti* → *qanat+ti*; *qanliq* → *qan+liq* «хандық»: *Qanliγ süsi abqa ünmiš sayip ičre elik kijik kirmiš qan eligin tutmiš qara qamiγ süsi ögирertir* ЫБ.63 «Қандық әскер аңға шықты, қора ішіне елік-киік кірді, қан киікті қолға түсірді. Бұған бүкіл әскер қуанды, - дер» Айд.ІІІ,168~қаз. *qandiq* → *qandiq*; *qutluγ* → *qut+luγ* «құтты»: *Čuq tin qutluγ bolzun,-tir* «Я құтты келін болсын, дер» ~ қаз. *qutti* → *qut+ti*; *jayliγ* → *jay+liγ* «майлы»: *Teñrilig qurtγa iγurtda qalmiš jayliγ qamiš bulñin jalγaiju tirilmiš, ölümde ozmiš tir* ЫБ.13 «Тәңірілік кемпір үйде қалған, майлы шөміш жа-лап, қоректеніп, күн көрген, өлімнен құтылған, - деген, Айд.ІІІ, 160; *meñilig* → *meñi+lig* «қуанышты»: *Meñilig beg er ermiš* ЫБ.5 «Қуанышты ер болғай» Айд.ІІІ,159; *muñluγ* → *muñ+luγ* «мұңды, мұңлық»: *Jarin iγaγraiγur kiče keγrenür, - tir, anča bilinler muñluγ ol* ЫБ.22 «Ерте-мен күні бойы күңіреніп жылады, дер сонша білің мұңды ол Айд. ІІІ,162~қаз. *muñliq* → *muñ+liq*; *tonliγ* → *ton+liγ* «киімді»: *Uzun tonliγ күzünjüsin kölke ičγinmiš* ЫБ.22 «Ұзын киімді (әйел) өз айнасын көлге

тастады» Айд. III, 162 ~ қаз.; *tujuqluγ* → *tujuq+luγ* «тұяқты»: Aq bjesi kulunlamış, altun *tujuqluγ* adyürlüγ ijarayaγ ЫБ.5 «Ақ биесі құлындаған, алтын тұйайқты айғыр жарағай» Айд. III, 159 ~ қаз. *tujaqtı* → *tujaq+ti*.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі сын есім тудырушы $\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-lüg, -liq/-lik, -luq}$ морфемасының семантикасы қазақ тілінде $\sqrt{-li/-li/-di/-di, -ti/-ti}$ тұлғасының мәніне сәйкес келеді. Сондықтан $\sqrt{-li\gamma/-lig, -lu\gamma/-lüg, -liq/-lik, -luq}$ және $-li/-li/-di/-di, -ti/-ti$ форманттарының арасындағы генетикалық сабақтастықты үзілді-кесілді жоққа шығаруға болмайды.

$\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik, -i\gamma/-ig, -uq/-ük, -u\gamma/-ür}$ – есім сөздер жасайтын өнімді жұрнақ. $\sqrt{-q/-k, -g/-\gamma, -iq/-ik, -i\gamma/-ig, -uq/-ük, -u\gamma/-üg}$ қосымшалары негізінен абстрактылы ұғымды білдіреді, сондай-ақ субъектілік, объектілік мәндерді, іс-әрекет нәтижесін немесе қимылдық-әрекеттік үдерістерді білдіреді. Ескерткіштер тілінде: *isig* → **is+ig* «ыстық»: Bukun ekesi isigjaši esizime E,43 «Буқун әкпемнің ыстық жасы, қандай өкінішті!» Аманж. II, 126 ~ қаз. *istiq* → **is+tiq* «Температурасы жоғары, қатты қызған» ҚТТС, 947; *turuq* → *tur+uq* «арық, арық-тұрық» Орх; E; T. Semiz buqa turuq buqa tijin bilmez ermis tijin Anča saqantim. Anta kisre teñri bilig bertük üçün özüm ök qaγan qisdim. Bilge Tonijkuq bojla baγa tarqan birle Тон. 6 «Семіз бұқа, тұрық бұқа, - деп айыра білмес деп Сонша ойладым. Содан соң Теңрі біліп бергені үшін Өзімше оны қаған еттім. Білге Тоникуқ Баға тарқанмен бірге» Айд. II, 105 ~ қаз. *turiq* → *tur+iq* «еті қашқан, майсыз, арық» *uši*; *tirig* → **tir+ig* «тірі, жаны бар, өлмеген» ДТС, 564; Орх; E; T. Anta kisre teñri jarilqazu qutim bar üçün ülügim bar üçün, ↔ lteçi budunïγ tirigrü igitim. Jalañ budunïγ tonliγ, čïγaj budunïγ bai qiltim, az budunïγ üküš qiltim, iγar ellinде jeg qiltim. КТү. 29 «Содан кейін тәңірі жарылқады бағым бар үшін, үлесім бар үшін, өлімші халықты тірілте көтердім. Жалаңаш халықты тонды, жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым, иланған елге игілік қылдым» Айд. I, 177 ~ қаз. *tiri* → **tir+i, g≈Ø*; *kičig* → **kič+ig* «кіші кішкентай; ауысп. әйелі, жұбайы» Орх.; E.; T.: Iregu Šantuñ jazıqqa tegi süledim. Taluqqa kičig tegmedim. Birgerü Toquz Ersenke tegi süledim. Tüpütke kičig tegmedim. Quriγaru – Jinču ügüz keče КТк.3 «Лгері Шантуң жазыққа дейін соғыстым, теңізге кішкене жетпедім. Бергеріде Тоғыз Ерсенге дейін соғыстым. Тибетке кішкене жетпедім.

Кері қарай Сырдария өзенін кеше» Айд.І, 160; *Kičig kišim tul qaltı, torsıq oylım* Т. 18 «Кішкентай кісім /әйелім/ жесір қалды, торсықтай ұлым /қалды/» Аманж.І, 47 ~ қаз. ~ қаз. *kiši* → **kiš+i*, *kişik* → **kiš+ik* (Ұлық болсаң, кішік бол).

А.Н.Кононов √-q/-k және √-g/-γ қосымшаларының ара жігін ажыратып қарастыруды жөн санайды: «По всей вероятности, эти аффиксы генетически разного происхождения и исторически имели самостоятельные значения: γ/g служили для образования прилагательных, q/k – существительных. С помощью этих аффиксов от переходных глаголов образуются имена прилагательные пассивного значения, от непереходных глаголов – активного значения: *bedük* «большой» (*bedü* «увеличиваться»), *arıγ* «чистый» (*arı* «быть чистым»), *turuq* «тощий, худой» (*tur* «тощать, худеть»), *turlaq* 1.«тощий, худой (о скотине), 2. «изнуренный, обессиленный (о старом человеке); *kičig* ~ *kičüg* ~ *kičik* ~ *küčüg* «маленький, небольшой» (*kiči*~*küči* «быть малым»); *silik* «чистый», «благородный» (турец. *sil* «вытирать, чистить»), *jıraq-ıraq* «дальний, далекий» (*jıra*«удаляться», *uluγ* «большой», «великий» (*ul+а* «связывать, присоединять»), *kergük* «нужный», «необходимый» (*kergä* «подходить», «соответствовать»¹. Ал А.Есенқұловтың көзқарасы бойынша, √-q/-k, -g/-γ, -iql/-ik -iγ/-igl, -uql/-ük, -uγ/-üg Орхон, Енисей жазбаларында зат есімге де, сын есімге де жалғанып, туынды сын есім жасайды, көбіне етістікке жалғанып қатыстық сындық қасиетке ие болады². Н.К.Дмитриев түркі тілдерінде зат есімдер мен сын есімдер жасауда белсенді қолданылатын √-q/-k, -g/-γ, -iql/-ik -iγ/-igl, -uql/-ük, -uγ/-üg форманттарының шығу тегін есім сөздер тудыратын √-qaql/-kek, -γaql/-gekl/-gök жұрнақтарынан таратады³. Түркі тілдерінің өзгеріске бейім жалғамалы табиғаты √-qaql/-kek, -γaql/-gekl/-gök қосымшаларының да архетип екеніне кепілдік бере алмайды.

√-qu/-kü, -γu/-gü – негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема. Көне түркі тіліндегі √-qu/-kü, -γu/-gü жалғауы~қазақ тілінде √-γi/-gi, -qi/-ki тұлғасында қолданылады.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 109-110.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 145-бет.

³ Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва - Ленинград, 1940. – С.70.

Ескерткіштер тілінде: *başyu* → *baş+yu* «басқы»: Ertis ügüzig keçe joridimiz, türgis buduniyuda bastimiz. Türgis qayan süsi Bolçuda otça, borça kelti. Sünüsdimiz. Kültegin başyu boz at binip tegdi. КТү.37 «Ertis өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық. Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді. Соғыстық. Күлтегін басқы боз атын мініп тиді» Айд.І,179 ~ қаз. *basqı* → *bas+qı* «Бастапқы, алғашқы, әуелгі» ҚТТС, 113; *körgü* → *kör+gü* «бағынышты»: Körgünin için igidmis bilge qayaniña ermis, barmis edgü iline kentü, janıltıy, jablaq kigürtig. Jariqlıy qantan keliñjana eltdi? Sünüglig qantan kelipen süre eltdi? İdyq Ötüken jış budun barduq КТү.23 «Бағынғаның үшін / сені/ асқақтатқан білгіш қағаныңа ерген, ілескен игі (жақсы) еліңнің алдында өзің жаңылдың, жамандық әкелдің. Жарақты қайдан келіп айдап кетті? Сүңгілі қайдан келіп түре қуды? Қасиетті Өтүкен қойнауының халқы /өзің/ бардың» Айд.І, 176.

Түркі тілдеріндегі есім сөздер жасайтын $\sqrt{-qu/-kü,-yu/-gü}$ аффиксі негізінен зат есімге тән әрі көне қосымша ретінде қарастырылады. «Бұл жұрнақтар жалғанған сөздердің мағыналары бірде анық та, қайсы біреулерінде ажыратуға келмейді. Мысалы: *burği*, *sürgi*, *şahği*, *belgi*, *qajği*, *sülgi*, *pängi*, *mängi*. Ертеректе бұл жұрнақтар өнімді жұрнақ болып көптеген жаңа сөздер жасауға актив түрде қатысқанын байқаймыз»¹. Ескерткіштер тілінде $\sqrt{-qu/-kü,-yu/-gü}$ форманттарымен ұқсас $\sqrt{-iqi/-iki}$ қосымшалары да қолданылады.

$\sqrt{-iqi/-iki}$ – сын есім тудыратын құранды жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *biriki* → *bir+iki* «біріккен, бірлескен, ынтымақты»: Tenri teg tenride bolmiş türk bilge qayan bu ödke olurtım. Sabimın tüketi esitgil: Ulaju ini-jigünim, oylanım, biriki oyuşım, budunım, birije-şad apit begler, jiraja-tarqat bujruq begler, otuz ... КТк.1 «Теңридей тәңірде болған түрк білгір қаған бұ шақта (уақытта) /тақа/ отырдым. Сөзімді түгел есіткін:соңымдағы іні-жиенім, ұлым, жақын руым, халқым, оңымда -шад апат бектер, солымда-тарқандар бұйрық бектер, отыз...» Аманж.І, 57 ~ қаз. *birikken*, *birlesken*. Функционалдық мәні қазақ тіліндегі есімдік категориясының қосымшасы $\sqrt{-yan/-gen,-qan/-ken}$ формантына сәйкес келеді.

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 149,150-беттер.

√-süz/-siz, -suz/-süz – болымсыз мәнді қатыстық сын есімдер тудыратын өнімді жұрнақ. Түркі тілдері бойынша √-süz/-siz, -suz/-süz қосымшасы √-li /-li/-lü жұрнағының антонимдік сыңары. Чуваш тіліндегі болымсыз мәнді √-sär/-ser форманттары √-süz/-siz, -suz/-süz қосымшаларының фонетикалық варианттарын құрайды: «Чувашский аффикс -sär/-ser имеет привативное значение. Генетически он тождествен тюркскому аффиксу -süz/-siz, который отмечен в древнетюркском и в большинстве современных тюркских языков, кроме тюркских языков Сибири: якутского, хакасского, алтайского, тувинского, где словообразовательным формам -siz соответствует конструкция с отрицанием čox, sijox и т.д.»¹.

Түркі тілдеріндегі болымсыздық ұғымды білдіріп, есім сөз тудыратын √-süz/-siz, -suz/-süz, -hüz/-hiz, -sär/-ser қосымшалары мағыналық жағынан етістік жасайтын √-sira, -sira, -sirä жұрнақтарымен байланысы аңғарылады. Орхон, Енисей ескерткіштерінде √-süz/-siz форманты негізінен, сын есімнің жұрнағы болғанымен үстеулер мен есімдіктерге де жалғана береді.

Ескерткіштер тілінде: *ačsüz* → *ač+süz* «ассыз»: *Icre ačsüz tišra tonsuz jabiz jablaq: budunta: üze: olurtum* КТү.26 «Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым» Айд.І,176~қаз. *assüz* → *as+süz; buñsüz* → *buñ+süz* «мұңсыз»: *Bir jašima Qarluq budun buñsüz erür: barur: erikli: jaü bolti* БҚ.29 «Бір жасымда Қарлұқ халқы мұңсыз жайылып жүріп ерікті жау болды» ~ қаз. *muñsüz* → *muñ+süz; idisüz* → *idi+süz* «йесіз»: *Bars beg erti. Qaған at bunta biz birtimiz, sinlim kunčujü birtimiz. özi jañilti, qaған ölti, budunü kün, kul bolti.* «Kögmen jir-sub *idisüz* qalmazun», -tijin. *Az, qırq az budunü jara tüp keltimiz, sünüsdimiz, ilin jana birtimiz* КТү.20 «Барс /оларға/ бек болды. Қаған атын мұнда біз бердік, қарындасым бикешті бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді, халқы күн, құл болды. «Көгмен жер-суы иесіз қалмасын», -деп аз, қырқ аз халықтарын құрап келдік, соғыстық, елін қайта бердік.» Айд.ІІІ,62 ~ қаз. *ijesüz* → *ije+süz; biligsüz/biliksüz* → *bilik+süz* «біліксіз»: *Anta kisre inisi qaған bolmis erinč. Oülü ta qaған bolmis erinč. Anta kisre inisi ečüsin tegqilindaduq erinč. Oülü qañin teg qilinmaduq erinč. Biligsüz*

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С.129 С.128

qayan olurmıs erinč. Jablaq qayan olurmıs erinč. Vujruqı jeme *biliksiz* erinč. Jablaq ermis erinč КТү.5 «Содан соң інісі қаған болды. Ұлы да қаған болды. Содан соң інісі ағасындай болмады. Ұлы әкесіндей болмады. Біліксіз қаған отырған екен. Бұйрығы және біліксіз екен. Бәрі де теріс болған екен» ~қаз. *biliksiz* → *bilik+siz*; *sansiz* → *san+siz* «сансыз, мөлшерсіз»: Bunča budun sačın qulqaqın jañaqın bičdi. Edgü özlek atın qara kisin kök tejınin sansiz kelürip qor qottı БҚ.12 «Өзінің жақсы атың, қара кісін, тиынын сансыз (көп) әкеліп, табыс етті Айд.ІІІ,88 ~ қаз. *sansiz* → *san+siz*; *qañsiz* → *qañsiz* «әкесіз», *ögsüz* → *ög+süz* «шешесіз»: Beş jašimta qañsiz qalip toquz jigirmi jašimğa ögsüz boltım Е. 45 «Бес жасымда әкесіз қалып, он тоғыз жасымда шешемнен қалдым (айырылдым); *otsuz* → *ot+suz* «отсыз», *subsuz* → *sub+suz* «сусыз»: Kiijik oylı men otsuz subsuz qaltı uijin nečük ijerüjin, - tir ЫБ.45 «Киік баласымын, Отсыз, сусыз қалай күн көрем, қалай жүрем,-дер» Айд.ІІІ, 165 ~ қаз. *otsiz* → *ot+siz*, *suwsiz* → *suw+siz*; *tonsuz* → *ton+suz* «тонсыз»: İcre ačsiz tišra tonsuz jabiz jablaq budunta üze olurtum КТү.26 «Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халыққа отырдым» Айд.І, 176 ~ қаз. *tonsiz* → *ton+siz*. Қазіргі түркі тілдерінде $\sqrt{-siz/-siz}$ морфемасы грамматикалық мағына арқалап сөз түрлендірушілік қызметті де атқарады.

$\sqrt{-n/-an/-en,-un}$ – есім сөздер тудыратын жұрнақ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде $\sqrt{-n/-an/-en,-un}$ форманттары арқылы жасалған сын есімдер осы тұлға арқылы жасалған зат есімдерге қарағанда сирек кездеседі. Ескерткіштер тілінде: *joγan* → **joγ+an* «жуан» ДТД, 41 Jinčge joγan bolsar üzgülük alp ermis. Öngre qıtanda berije tabyačda Quruja qurdanta jıraja oγuzda Eki-üč biñ sümüz keltečimiz bar mu ne? Anča ötüntüm Тон,14 «Жіңішке жуан-даса, үзетін алып болар. Шығыстағы қытанға, Түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, Терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Сонша өтіндім.» Айд.ІІ,10 ~ қаз. *žiwan* → **žiw+an*; *uzun* → **uz+un* «ұзын» Тон,52: Ben özüm uzun jelmeg jeme ittim oq Тон,53 «Мен өзім ұзақ шабуылдарға да қатыстым» Айд. ІІ, 113; *Uzun tonliγ küzünüsün köлке ičünmiš* ЫБ.22 «Ұзын киімді (әйел) өз айнасын көлге тастады» Айд. ІІІ,162 ~ қаз. *uzın* → **uz+in*. Қазақ тілінде ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-n, -an, -en, -un}$ форманттарының $\sqrt{-n, -an, -en, -in, -in}$ тұлғалы варианттары қолданылады. Б.Юнусалиев $\sqrt{-n}$ морфема-

сы арқылы жасалған сөздер қатарына қырғыз тіліндегі *kelin* «келін», *soop* «сауын», *san* «сан», *žalin* «жалын», *kujin* «құйын», *žakin* «жақын», *žoop* «жуан» лексемаларын жатқызса¹, М.Томанов қазақ тіліндегі √-n тұлғалы есім сөздер тобына *žawin*, *bütün*, *žijin*, *qijin*, *uzin*, *tütün* сөздерін мысалға келтіреді².

√-ye/-ge,-ga,-qa/-ke сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақ.

Ескерткіштер тілінде: *bilge* → *bil+ge*: *Bilge Tonijkuq ben özüm Tabyač ilije qilintim. Türk budun tabyačqa körür erti.* Тон.1 «Дана (білгіш) Тоникуқ мен өзім табғаш елінде тәрбиелендім Түркі халқы табғашқа бағынатын еді»; *Altun jışda olurin tidi. Sü bası inel qayan Tardus šad barzun tidi Bilge Tonijkuq bana ajdi* Тон. 31 «Алтын қойнаууда күтің, - деді Әскер басы – Inel қаған Тардуш шады барсын, - деді Білге Тоникуқ маған айтты» Айд. II, 104, 110 ~ қаз. *bilge* → *bil+ge*; *qisya* → **qis+ya* «қысқа,тез» ДТД, 54: *Jaııqqa jalınus oplaju tegir opulu kirir özi qisya kergek bolti* КЧ. 23 «Жалғыз өзі шабуылға шықты, өлімші болды, өзі қысқ уақытта (тез) өлді» Айд.ІІІ,128 ~ қаз. *qisqa* → **qis+qa*. «1.Келте, шолақ. 2 Аз (қысқа уақыт)» ҚТТС, 565, *γ≈q*; *jujqa* → **juj+qa* «жұқа»: *Öz içi – tasın tutmıs teg biz Jujqa eriglig tolayalı uçuz ermis, jinçge eriklig üzgeli uçuz, jujqa qalın bolsar, toplayuluç alp ermis.* Тон.13 «Өз іші – сыртымызды ұстап қана қаламыз Жұқаны топтау/жинау/ – оңай, Жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар» Айд. II, 107 ~ қаз. *žuqa* → **žu+qa*. Қазіргі қазақ тілінде де √-ya,-ge,-ga,-qa,-ke форманттары сирек кездесетін әрі түбір морфемамен кірігіп кеткен өлі жұрнақтар қатарына жатады. *Bilge* сөзінің құрамындағы √-ge жұрнағының мәнін қазақ тілінде √-yir,-gir,-qir және √-yiš,- giš,-qiš,-kiš қосымшалары береді.

√-čaq/-ček,-šaq – сирек қолданылатын сын есім тудыратын жұрнақ.

Ескерткіштер тілінде: *jumčaq/jimšaq* → **jum/*jim+čaq/šaq* «жұмсақ»: *Altun, kümüş, isigti qutaj buñsiz anča birür tabyač budun sabi süçig ayisi jimšaq ermis. Süçig sabın, jimšaq ayın arur, İraq buduniç anča jaııtur ermis. Jaıru qonduqta kisre arıç bilig anta ↔ jür ermis.* КТк. 5 «Алтын, күміс, өнімді, жібекті сонша шексіз беріп жатқан табғач халқы сөзі тәтті,қазынасы асыл еді. Тәтті сөзін, асыл қазынасын бе-

¹ Юнусалиев Б. Киргизская лексикология. – Фрунзе, 1959. – С. 122-125.

² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. –158-бет.

ріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді. Жақын қонған соң олардан жаман қылықты енді үйренген едік» Айд. I, 169. Күлтегін ескерткіші мәтініндегі *jumŋaq* лексемасын А.Аманжолов *jimŋaq* түрінде оқиды: *jimŋaq* → **jim+ŋaq* Орх; E. Altun, *kümüŋ, isigti qutaj buŋsiz anča birür tabyač budun sabi süciğ aysi jimŋaq ermis*. КТк.5 «Алтын, күміс, есірткі, қытайы жібекті шексіз сонша беретін қытай халқының сөзі тәтті, сый-тартуы жағымды еді» Аманж. I, 57 ~ қаз. *žumsaq* → **žum+saq* «мамық ұлпа, ұлпидек, қатты емес». Көне түркі тіліндегі √-*čaq/-ček, -ŋaq* қосымшасының мәні мен қызметі қазақ тілінде де сирек қолданылатын √-*saq* формантының қызметіне сәйкес келеді.

√-*sīq/-sīy, - šīy/-šig* – түбір сөздерге де, негіздерге де жалғанып қатыстық сын есімдер және зат есімдер жасайды.

Ескерткіштер тілінде: *qamašīy* → *qama+šīy* «бүлікшіл»: Alp Šalči aqin binip oplaju tegdi. Az elteberig tutdi. Az budun anta joq bolti. Ečim qaγan ili qamašīy boltuqinda, budun iligi kegi boltuqinda izgil budun birle sünüşdimiz. Kültegin Alp Šalči aqin binip oplaju tegdi КТү.43 «Алып Шалшы ағын мініп шабуылға шықты. Аз елтеберін тұтты. Аз халқы сонда жоқ болды. Ағам қаған еді әлсіз, қарсы ел кекті болғанда ізгіл халқымен соғыстық. Күлтегін Алып Шалшы ағын мініп шабуылға шықты» Айд. III, 68.

Қазіргі түркі тілдерінде есім сөздер тудыратын көнетүркілік √-*sīq/-sīy, - šīy/-šig* жұрнақтарының мәніне √-*tīq/-tik, - iğ/-ik* қосымша морфемаларының мағынасы сай келеді. Бұл аталған форманттардың тарихи даму барысындағы ортақ тегін көрсетуі мүмкін. Қазіргі түркі тілдерінде көнетүркілік √-*sīq/-sīy, - šīy/-šig* форманттарының фонетикалық варианттарының аясы кең. Белгілі түркітанушы Э.В.Севортян оғыз және қыпшақ тілдеріндегі есім сөздер жасайтын √-*sīq/-sīy, - šīy/-šig* және √-*čaq/-ček, -šay/-šaq, -say/-saq* қосымшаларының өзара тығыз байланыста екенін әрі олардың мағыналары араласып қолданылатынын көрсетеді¹. Ғалымның пікірінше, √-*sīq/-sīy, - šīy/-šig, -čaq/-ček, -šay/-šaq, -say/-saq* форманттары етістіктің √-*sa, -sī* жұрнағы мен есім сөздер жасайтын √-*q/-γ* қосымшасының бірігуінен жасалған құранды жұрнақ.

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайжанском языке. – Москва: Наука, 1966. – С.222.

$\sqrt{-\text{çil}}$ – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі мұраларында өте сирек қолданылады. Ескерткіштер тілінде: *atçil* → *at+çil* «Атшыл, атты жақсы көретін»: *Iç jer ilki artzun atçil anı tutuq joq* E.48 «Ішкі жерде еліктер артты (көбейді), оны аулайтын атшылдар жоқ». Қазақ тілінде сын есім тудыратын $\sqrt{-\text{şil}}$, *-şil* қосымшасы кеңінен қолданылады: *ojšil, sirşil, žerşil* т.б.

$\sqrt{-\text{ç}, -\text{iç}, -\text{iç}}$ – етістік түбірден сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *aliç* → *al+iç* «бақытты (жолы болғыш) салыстырыңыз: асығы алшысынан түсті»: *Aličiñiz bar üçün tike berdimiz* E.48 «Бақытты болғандықтан орнаттық».

$\sqrt{-n\check{c}}$ есім сөздер тудыратын құранды жұрнақ ретінде қарастырылады. Мағынасы да, тұлғасы да $\sqrt{-n\check{c}}$ қосымшасының етістік категориясына тән $\sqrt{-n}$ және есім сөздер жасайтын $\sqrt{-\check{c}, -i\check{c}, -i\check{c}}$ қосымшаларынан жасалғанын аңғартады. Сондықтан көне түркі тіліндегі $\sqrt{-n\check{c}}$ қосымшасынан есім сөздер тудыратын жұрнақ ретінде $\sqrt{-\check{c}, -i\check{c}, -i\check{c}}$ формантын ажыратып қарастыруға толық негіз бар. Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі етістіктерге жалғанатын сөзжасам жұрнақтары сөз түрлендіруші грамматикалық категориялардан айқын ажырамайтын тұстары да кездеседі. Бұл жөнінде А.Н.Кононов былай дейді: «Некоторые отглагольные прилагательные генетически связаны с причастиями, утратившими основные признаки глагольных форм и лишены возможности обозначать время совершения действия»¹.

Ескерткіштер тілінде: *bulyanč* → **bul(γa)+nč* «былғаныш»: *Türk budun jeme bulyanč ol timis Oγuz jeme tarqanč on timis Ol sabin esidip Tün udisqim kelmez erti Olursiqim kelmez erti Anta saqintim... sülelim... tidim* Тон.22 «Түрк халқы тағы былғануда деді Оғұздар да тарауда, - деді Сол сөзді есітіп түнде тағы ұйқым келмеді, /күндіз/ отырғым келмеді. Сонда ойландым... Соғысайық...дедім» Айд. II, 108 ~ қаз. *bilyaniš* → **bil(γa)+niš*.

$\sqrt{-a, -e}$ – көне түркі тіліндегі біршама сирек қолданылатын сын есім тудырушы жұрнақтар. Есім сөздерге жалғанып сындық мән береді.

Ескерткіштер тілінде: *buṇa* → *buṇ+a* «мұңлы»: *Buṇa çiksin beṅgüm*

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.109.

ermiş E.13 «Мен қайғылы чіксің, менің мәңгілік ескерткішім»; *jarılıqa* → *jarilī(q)+a* «қайырымды, жарылқағыш»: Теңгі *jarilīqadun* үшін, *özim qutim bar* үшін *qaγan olurtim* КТү.9 «Тәңірі жарылқағандықтан (қайырымдылығыүшін), өзімнің құтым бар үшін қаған болдым (отырдым)» ~ қаз. *žarılqa* → *žaril(q)+a*.

√-r – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі ескерткіштері тілінде өте сирек қолданылатын √-r форманты Енисей жазбалары тіліндегі *ujar* лексемасының құрамында ғана кездеседі: *ujar* → *uja+r* «атақты, текті, белгілі»: *Ujar qadīnim* үшін *üktim* E. 17 «Текті ханымымның (әкемнің анасының) арқасында мен байыдым; *Ujar begimke adiriltim*, *ujar qadašimqa adiriltim* E. 17 «Текті бектерімнен айрылдым, атақты жолдастарымнан айрылдым. *Ujar* сөзінің мағынасы жайлы А.Есенқұлов: «*yūa* «тұқым, ұя» түбіріне -r жұрнағы жалғанып, сапалық қасиетті білдіреді. Енисей жазбаларындағы *yūar* сөзінің беретін ұғымы «атақты, белгілі» деген мағынадан тереңірек жатқан сияқты. *Yūa* – тұқымынан атақты, асыл текті, қарамен араласы жоқ, жеті атасынан хан тұқымы деген мағынаны беретін туынды сөз»¹, -деп тұжырымдайды. Қазақ тілінде де сын есім тудыратын √-r,-ir,-ir форманты қолданыста: *žumir* → **žum+ir*, *qīñir* → **qīñ+ir*, *qisir* → **qis+ir*, *obir* → **ob+ir*, *šimir* → **šim+ir* т.б.

√-čī форманты – сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *abīncī* → *abīn+čī* «қуанышты»: *Qamīš ara qalmīš teñgi unamaduq abīncī qatun bolzun*, - tir ЫБ.38 «Өгіз қамыс арасына келді, тәңірдің кімге қайыр болмаса қуанышты қатын болсын, - дер. Айд.ІІІ, 164.

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі сын есімдердің сөзжасам жүйесінде аффиксация амалының өнімділігі аса жоғары.

§ 5. СЫН ЕСІМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Сын есімнің шырайлары – бір тектес сапалық сынның бірінен екіншісінің артық я кемдігін, әр түрлі дәрежеде болатынын білдіретін сапалық сын есімнің категориясы. VII-IX түркі жазба мұралары тілінде үш түрлі шырай қолданылады: жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай.

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 163-бет.

Жай шырай– салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырайға негіз болатын сын есімнің негізгі тұлғасы, арнайы қосымшасы жоқ. Сондықтан соңғы жылдары қазақ тіл білімінде жай шырай шырай түрі ретінде қарастырылмайды. Ескерткіштер тіліндегі жай шырайдың да арнайы қосымшасы жоқ, шырайдың түрлену жүйесіне енбейді: *aq* «ақ», *ala* «ала», *jaşil* «жасыл», *kök* «көк», *qizil* «қызыл», *boz* «боз», *qara* «қара», *örün* «ақшыл, сұр», *sariy* «сары», *toriü* «торы», *ayir* «ауыр», *alp* «алып, ер жүрек», *ariü* «таза», *baj* «бай», *çiyaj/ çiyap* «кедей», *edgü*, *jig* «жақсы», *jablaq* «жаман», *süçüg* «тәтті», *silig* «сұлу», *jaş* «жас», *qari* «қары,кәрі», *semiz* «семіз», *turiq* (арық-тұрық), *toq* «тоқ», *uñiz* «арзан», *joyan* «жуан», *jujqa* «жұқа» *jınçke* «жіңішке», *qalın* «қалың», *uzun* «ұзын», *uluu* «ұлық, үлкен», *kiçig* «кіші, кішік» т.б.

Салыстырмалы шырай – белгілі бір заттың сынын я сипатын, түр-түсін екінші бір заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің бір-бірінен артық-кемін сипаттайды: *aqsıraq* «ағырақ» Айд.І,100, *teñriteg* «тәңрідей».

Ескерткіштер тіліндегі салыстырмалы шырай тудыратын негізгі қосымша – $\sqrt{-teg}$ форманты, $\sqrt{-raq}$, $-rek$ аффиксы өте сирек қолданылады.

Салыстырмалы шырай		
1	2	3
№	VII -IXғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	<i>-teg</i>	<i>-daj/-dej</i> , <i>-taj/-tej</i> <i>tektes</i>
2	<i>-raq,-rek</i>	<i>-rek /- irek</i> <i>-raq /-iraq,</i>

Ескерткіштер тілінде: *böriteg* → *böri+teg* «бөрідей»: *Teñiri küç bertük üçün aqanım qayan süsi böriteg ermis jaýisi qoñteg ermis* КТү. 12 «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді» Айд.І, 173; *qoñteg* → *qoñ+teg* «қойдай»: *Teñiri küç bertük üçün aqanım qayan süsi böri teg ermis jaýisi qoñ teg ermis* КТү. 12 «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді» Айд.І, 173; *eçisinteg* → *eçisin+teg* «ағасындай»: *Anta kisre*

inisi eċisin teg qilinmadiq erinċ KTү. 5 «Содан соң інісі ағасындай болмады» Айд.І, 172; *aqaŋinteg* → *aqaŋin+teg* «әкесіндей»: Оғүлі ақаŋin teg qilinmadiq erinċ KTү. 5 «Ұлы әкесіндей болмады» Айд.І, 172; *Umajteg* → *Umaj+teg* «Ұмайдай»: *On jaŋda Umajteg ögüm qatun qutuŋa inim Kültegin er at boltı* KTү.31 «Он жаста, шешем Құлайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды» Айд.І, 177.

Күшейтпелі шырай – белгілі бір заттың сынын, белгісін күшейтіп көрсететін шырай категориясы. Ескерткіштер мәтінде күшейтпелі шырай ең «ең» күшейткіш үстеуі арқылы жасалады: ең ілкі «ең ілкі». *ең ілкі*: «ең бірінші»: *Tadiqin Ćiriŋ boz/ atıŋ binip tegdi ol at anta ölti* KTү. 32 «Ең ілкі Тадықын Чордың боз атын мініп тиді, ол ат сонда өлді» Айд.І,178.

Күшейтпелі шырай		
1	2	3
№	VII-IXғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	<i>ең</i>	<i>ең</i>
	∅	<i>öte, asa, fim</i>

Ескерткіштер тілінде: *ең ілкі* «ең бірінші, ең ілкі»: *Ең ілкі Tadiqin Ćiriŋ boz atıŋ binip tegdi. Ol at anta ölti.* KTү.32 «Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді» Айд.І,178.

§ 6. САН ЕСІМДЕРДІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер қай тілдің бол-

масын тұрақты қоры болып табылады, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің төркіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі болып табылады.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-афсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгергенін, соған сәйкес сан, санақ жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде *miñ, tümen* сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте әлем халықтары тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөңгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (қырық екі «42») және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (еккі елік «42»). YI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде күрделі сан есімдерге сәйкес жіктелетін сандық жүйенің екінші түрі, яғни, санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану амалы қолданылады: *jети jегirmi* «он жеті», *altı otuz* «жиырма алты» т.б.

Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі сан есімдер құрылысы жағынан дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сан есімдерді түбір және негіздерден тұратын жалаң тұлғалы сан есімдер құрайды: *bir* «бір», *eki* «екі», *üч* «үш» *tört* «төрт», *bes/beş* «бес», *altı* «алты», *jети* «жеті», *sekiz* «сегіз», *toғuz* «тоғыз», *он* «он», *jегirmi* «жиырма», *otuz* «отыз», *qırq* «қырық», *elig* «елу», *altmıñ* «алпыс», *jetmıñ* «жетпіс», *jüz* «жүз», *miñ/min* «мың», *tümen* «он мың».

Ескерткіштер тілінде: *bir* «бір», *eki* «екі»: *Eki ülügi atlıғ erti bir ülügi jadaғ erti* Тон. «Екі бөлігі атты еді, бір бөлігі жаяу еді»; *Üze kök теңri*

Asra ja'yiz jir qilintiqta *ekin* ara kisi o'gli qilinmis KTy.1 «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған»; *Inim Kültegin birle, eki šadbirle, ölü-jitü qazyantim*. Anča qazyanip, bireki buduniy ot-sub qilmadim KTy.27 «Інім Күлтегінмен, екі уәзірмен өліп-тіріліп құрадым. Сонша құрап, біріккен халықты от-су қылмадым»; *üč* «үш»: *İsin üč boluyta talulapan ayanqa ötügke idmiş tip qorqma edgüti ötün ajinma edgüti jalbar tip* ББ.19 «Жауын үш әулеттен бөліп, тәубе етуге және өтінуге мәжбүр қылды дер, қорықпа, жақсы өтін, жасқанба, жақсы жалбарын дер» Айд.ІІІ,161; *Ol üč qayan öglesip Altun jis üze qabısalim timis. Anča öglemis. Öñre türk qayanaru sülelim timis. Añaru sülemeser. Kač neñ erser ol bizni* Тон.20 «Ол үш қаған кеңесіп: Алтын қойнауында бірігейік деді Одан әрі соғыспасақ Қалай болса да ол жеңеді бізді»; *tört* «төрт»: *Tört buluñ qor ja'yı ermis Sü sülepen tört bulundaqı buduniy qor almıs, qor baz qilmıs. Bašlıyü jüküntürmis Tizligig sökürmis* KTy.2 «Төрт бұрыштың бәрі жау еді. Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген»; *Bödke özüm olurip bunča a'yir törüg tört buluqdaqı budunya itdim* БҚ.2 «Бұл шақта өзім отырып бұнша ауыр төрелікті төрт тараптағы халықты ... еттім»; *bes* «бес»: *Oyuzqqa bes süñüşdi* Тон.49 «Оғыздармен бес рет соғысты»; *jiti* «жеті»: *Kültegin özınče kergek boldı. Qañim qayan üčduqta inim Külteginjiti jašda qaltı* KTy. 30 «Күлтегін өз ажалынан қайтыс болды. Әкем қаған өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды».

Ескерткіштер тіліндегі дара сандар атаулары аздаған фонетикалық өзгерістерімен қазақ тілінде толық сақталған.

Бірлік сан есімдер			
1	2	3	4
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	№	Қазақ тілінде
1	bir	1	bir
2	iki/eki	2	eki
3	üč	3	üş
4	tört	4	tört

5	beš /bes/biш /bis	5	bes
6	altı	6	altı
7	jeti/jiti	7	žeti
8	sekiz	8	segiz
9	toquz	9	toyuz

Ондық сан есімдер

1	2	3	4
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	№	Қазақ тілінде
10	on	10	on
20	jigirmi / jegirmi jigirme / jigirmä	20	žijirma
30	otuz	30	otiz
40	qıpq	40	qıpq
50	elig / ilig	50	elüw
60	altmıš / altmıs	60	alpis
70	jetmiš / jetmis jitmiš / jitmıs	70	žetmis
80	sekiz on	80	seksen
90	toquz on	90	toqsan

Ескерткіштер тілінде: *on* «он»: *Onjašda Umaj teg ögüm qatun qutıña inim Kültegin er atboltı* КТү. 31 «Он жаста, шешем Құлайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды»; *jegirmi* «жиырма»: *Jegirmi sünüs cünüsmiš* КТү.15 «Жиырма соғыс жасаған»; *elig* «елу»: *Eligjiličigküčigbermiš* КТү.7 «Елу жыл күш-жігерін жұмсады» Айд.І, 172; *jetmis* «жетпіс»: *Tirilipjetmis erbolmıs* КТү.12 «Жиналып, жетпіс ер болды» Айд.І,173; *toquz on* «тоқсан»: *Öylinkisisin utuzmaduqjana toquz on başqojutmiš öyljütuziçöpögirer tir* ЫБ.29 «Улы мен әйелін ұтқызбады. Өзі және тоқсан бас қой ұтты, әйелі оған көп қуанды дер» Айд.ІІІ, 163; *otuz* «отыз» *Otuz jašima Bes baliq tара süledim, alti jolı sünüşdim ... süsin qop ölürtim. Bes baliq içreki ne kiši etin ... tegdük*

joq üçün kisi baliqqa maña uqqalı kelti. Bes baliq anı üşün ozdı. Otuz artuqu БҚ. 28 «Отыз жасымда Бес балыққа карай аттандым, алты жолы соғыстым, әскерін көп қырдым. Бес балық ішіндегі не кісіге, не мүлкіне тимегенім үшін кісі /лер/ балықтан (қаласынан) маған бағынғалы келді. Бес балық соның үшін /қираудан/ аман қалды. Отыздан артықырақ бір жасымда».

Жүздік, мыңдық, он мыңдық сан есімдер			
1	2	3	4
сан	VII-IXғасыр ескерткіштері тілінде	сан	Қазақ тілінде
100	jüz	100	žüz
1000	biñ / biñ, miñ / miñ	1000	miñ
10 000	tümen / tümän	10 000	tümen

Ескерткіштер тілінде: *jüz* «жүз», *miñ* «мың», *tümen* «түмен, он мың»: Bir tobılqu жүз boltı, жүз tobılqu miñ boltı, miñ tobılqu түмен boltı ЫБ.32 «Бір тобылғы жүз болды, жүз тобылғы мың болды, мың табылғы түмен болды, -дер» Айд.ІІІ, 163.

Күрделі сан есімдерді дара сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалған сан есімдер құрайды: *sekiz on* «сексен», *toquz on* «тоқсан», *eki jegirmi* «он екі»: *üç jegirmi* «он үш», *altı jigirmi* «он алты», *bir otuz* «жиырма бір», *beş otuz* «жиырма бес», *jemti жүз* «жеті жүз» т.б.

Ескерткіштер тілінде: *eki jegirmi* «он екі»: Buduniy igidejin tijin, jirgaru oғuz budun tара, ilgeru қитан, tatabı budun tара, birgerü tabyaş tара uluу sü *eki jegirmi*... sünüşdimКТү. 28 «Халықты көтерейін деп, терістікте оғыз халқына қарсы, ілгері қытан, татабы халықтарына қарсы, берері табғашқа қарсы үлкен әскермен он екі /рет/ соғыстым»;

altı jigirmi «он алты»: *Altı jigirmi jaşıja есім қаған ilin-törüsün ança qazıantı* Altı çub soғdaқ tара süledimiz, buzdımız. КТү.31 «Он алты жасында ағам қағанның ел-жұртын сонша меңгерді. Алты баулы Соғдаққа қарсы соғыстық, талқандадық»; *jiti jegirmi* «он жеті»: Qaғim қаған *jiti jegirmi erin taşıqmıs* КТү. 11 «Әкем қаған он жеті ер жиыпты» Айд.І, 173; *biş otuz* «жиырма бес»: Qamuуi *biş otuz süledimiz, üç jegirmi sünüşdimiz, illigig ilsiretdimiz, qaғанlıyiy qaғansiratdimiz, tizligig sekürttimiz* КТү.18 «Бәрі жиырма бес /рет/ соғысып, он үш

/рет/ шайқастық, елін елдіктен айырдық, қағандығын қағансыз еттік, тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік»; *altı otuz*: «жиырма алты»: *Kültegin altı otuz jaşına qırqaz tapa süledimiz. Sünüg batımı qarıy sökipen, Kögmen jışı toya jorıp, qırq az budunıy uda basdımız* «Күлтегін жиырма алты жасында қырқазға қарсы соғыстық. Сүңгі батымы қарды аршып, Көгмен тауына көтеріле жүріп, қырық аз халқын ұйқыда бастық»; *jeti otuz* «жиырма жеті»: *Az budunıy içgirtim ieti otuz jaşima qyrq az tapa süledim. Sünüg batıma qarıy sökşen. БҚ.26* «Аз халқын жеті жауладым, бағындырдым. Жиырма жеті жасымда қырқ азға қарсы соғыстым. Сүңгі бойы қарды сөктім»; *üç biñ* «үш мың», *eki biñ* «екі мың»: *Süsi üç biñ ermis. Biz eki biñ ertimiz. Sünüsdimiz. Teñri jarılqadı jandıq jolta jeme ölti kük. Anta ötrü oғuz qorın kelti. Kelürtim ök? Тон. 16* «Әскері үш мың еді. Біз екі мың едік. Соғыстық. Тәңрі жарылқады қайттық, қайтар жолда тағы да көп өлді бәлкім. Содан соң оғыз түгел келді» *Айд.ІІ,107; bis tümen* «елу мың»: *Altı çub soғdaq tapa süledimiz, buzdımız. Tabғaş Oñ tutuq bis tümen sü kelti, sünüsdimiz. КТү.31* «Алты баулы Соғдаққа қарсы соғыстық, талқандадық. Табғаш Оң тұтықтың елу мың әскері келді, соғыстық»; *sekiz tümen* «сексен мың»: *Çaça señün sekiz tümen birle sünüsdim. Süsin anta ölürtim. Altı otuz jaşima çik budun qırq az birle jaıyı boltı. БҚ.26* «Чача сеңүн /бастаған/ сегіз мың әскермен соғыстым. Әскерін сонда қырдым (түгел өлтірдім) жиырма алты жасымда чик халқы қырқ азбен бірге жау болды.»; *on tümen* «жүз мың»: *Tilıy kelürti sabı antay Jarıs jazıda on tümen sü tirilti tir. Ol sabıy esidip Begler qopan janalım Тон 36* «Тілдіні келтірді, сөзі мынадай: Иарыс жазығында он мың әскер жиылды, - деді Ол сөзді есітіп Бектер көбі қайтайық!» *Айд.ІІ,111.*

Күрделі сан есімдердің *artuqı* «артық» лексемасының қатысуы арқылы да жасалуы кездеседі: *otuz artuqı bir* «отыз бір»: *Otuz artuqı bir jaşına qarluq budun buñsız erür barur erikli jaıyı boltı БҚ. 28-29* «Отыз бір жасымда Қарлұқ халқы мұңсыз жайылып жүріп ерікті жау болды»; *otuz artuqı üç* «отыз үш»: *Otuz artuqı üç jaşima ... joq erti ödsegüt üleg küç БҚ.34* «Мен отыз үш жасымда ... жоқ еді өтерлік ... күш»; *otuz artuqı tört* «отыз төрт»: *Otuz artuqı tört jaşima oғuz tezip tabғaçqa kirti ökünüp süledim БҚ.38* «Отыз төрт жасымда Оғыз кетіп, Қытайға қарай кірді, өкініп соғыстым»; *qırq artuqı jiti* «қырық жеті, қырықтан

жетісі артық»: *Qırq artuqı jiti jolisülemis, jegirmi sünüs sünüşmis*. КТү. 15 «Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған».

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде құрылымына қарай жіктелетін - дара және күрделі сан есімдер, мағынасына қарай ажыратылатын - есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік сан есімдер қолданылады. Ескерткіштер тіліндегі күрделі сан есімдердің құрылымы қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінен өзгешелеу екені белгілі. Көне түркілер белгілі бір күрделі сан есімді айту үшін бірінші бірлік сан есімді, содан кейін айтылып отырған ондық сан есімді емес, одан кейінгі ондықты қолданған (*altı otiz* «жиырма алты», *jeti jegirmi* «он жеті» т.б.). Сондай-ақ кейбір ондық сан есімдер құрамындағы дербес лексемалық деңгейдегі морфемалардың жігі айқын көрінеді (*sekiz on* «сексен», *toquiz on* «тоқсан»). Мұндай ерекше белгілердің кейбірі хакас және сары ұйғыр тілдерінде кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі сан есімдердің (есептік) дара түрлерін жасайтын $\sqrt{-miš}/-miš$ қосымшасы, сондай-ақ сан есім категорияларының қосымшалары да қазақ тілінде фонетикалық өзгерістерімен сақталған. Тілдің даму тарихында айрықша орны бар есімдік категориялары форманттарының ескерткіштер тіліндегі қалып-күйі де қазіргі қазақ тілінде көп өзгерістерге түспеген.

Сан атаулары өте ерте замандардан келе жатқан лексемалар қатарына жататындықтан түркі тілдеріндегі сан есімдердің қалай жасалғаны айқын көріне бермейді. Дегенмен, сан есімнің сөзжасам жүйесінің өзіндік бірліктері үлгілері бар. «Сан есімнің сөзжасамдық бірліктеріне сан атаулары және сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Сан атаулары сөзжасамда негіз сөз қызметін атқарады. Сан есімнің жұрнақтары сөзжасамдық қосымшалар қызметін атқарады»¹.

VII–IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері мәтініндегі сан есімдер мағынасына қарай төрт топқа бөлінеді: 1. Есептік сан есімдер; 2. Реттік сан есімдер; 3. Жинақтау сан есімдері; 4. Болжалдық сан есімдер. Ғ.Айдаров көне түркі тілінің оннан кейінгі санау тәртібін бесінші топ ретінде қарастырып, *аралас сан есімдер* деп атайды². Түркі тілдері

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 363-бет.

² Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. – 66-бет.

санау жүйесіндегі бұл ерекшелікті сан есімдердің дербес мағыналық тобы ретінде қарастыруға келмейді. Себебі олар реттік, жинақтық, болжалдық мағынасын білдіретін қосымшалар арқылы түрлену мүмкіндігі бар есептік сан есімдер.

Ескерткіштер тіліндегі есептік сан есімдер сандық мөлшерді немесе дерексіз сандық ұғымды білдіреді, ол лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалады.

Реттік сан есімдер заттар мен құбылыстардың орын тәртібін, реттік жүйесін белгілеу үшін қолданылады. Жалпы түркі тілдерінде реттік сан есімдер тудыратын қосымшалардың саны ауқымды: *-um/*-im: опум «оныншы», tütim «төртінші», ösem/üşem «үшінші» (булғ. ескерт.); *-çy/*-çi: belçi «бесінші» (булғ. ескерт.) ek`ici «екінші» (армян қып. ескерт.); *-um/*-im: опум «оныншы», tütim «төртінші», ösem/üşem «үшінші» (булғ. ескерт.); *-çy/*-çi: belçi 'бесінші' (булғ. ескерт.), ek`ici «екінші» (армян қыпш. ескерт.); *(y)-mçy/*-(i)mçi/*-(u)-mçu/*-(ü)mçü: ikimçisi «екіншісі», jitimçisi (шағ.); *(y)-nçy/*-(i)nçy/*-(u)nçu/*-(ü)nçü: көне ұйғ. üçünçü «үшінші», құм. onunçi «оныншы», қаз. besinçi, алт. ekinçi, қарах. ұйғ. ikinçi «екінші», шор. ijginçi «екінші»; *(y)nç/*-(i)nç/*-(u)nç/*-(ü)nç: көне түрк. üçinç «үшінші», көне ұйғ. jitinç 'жетінші', säkizinç «сегізінші»; -(y)s/*-(i)s, -(u)s/*-(ü)s: якут. ikkis «екінші», ühüs «үшінші», tördüs «төртінші» (мұнда: nç>-s); -mәš: чув. përemәš 'бірінші', sakkamәš «сегізінші», äxharmәš «тоғызыншы» (мұнда: * -mçi > -miš>-mәš); -mine: чув. višmine «үшінші күні», tävatmine «төртінші күні», pilëkmine «бесінші күні», olmine «алтыншы күні», śičmine «жетінші күні»; -(i)minçi < -m+in(n)+çi: халладж. birminçi «бірінші», üçminçi «үшінші», törtminçi «төртінші»; -ky/-ki/-ku/-kü/-gy/-gi/-gu/-gü: тув. birgi «бірінші», üçkü «үшінші», beški «бесінші», aldygy «алтыншы»¹.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі реттік сан есімдер √-nç, -inç, -inç және √-nti қосымшалары арқылы жасалады. √-nti форманты қазіргі қазақ тіліндегі *ekinti namaz* «екінті намаз» теонимінің құрамында сақталған.

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-Москва: Наука, 1988. С. 184-188.

Реттік сан есім қосымшалары		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-nč	-nši, -nši
2	-inč, -inč	-inši, -inši
3	-nti	-nti (екінті намаз)

Ескерткіштер тілінде:

ekinti «екінші»: *Ekinti İsbara jamtar boz atıy binip tegdi. Ol at anta ölti.* КТү.33 «Екінші /рет/ Ышбара қолбасының боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді.» Айд.І, 178; *Ekinti Antarğuda sünüşdim* БҚ.30 «Екінші жолы Антарғу деген жерде соғыстым» Айд.ІІІ; *Barsjil ekinti aij biş ijegirmike tajgünten manıstantaqı kicig dintar buruaγuru esidšicimiz isig sanun itečük üçün bitidim* ЫБ. 65 «Барыс жылы екінші айдың он бесі күн Тайғұнда тұратын тәуекелдігі Буруа-Құры шәкірттері ісіг Санғун және Ита Чук үшін жаздым» Айд.ІІІ, 169; *Ozmiš Tegin qan bolmiš qoñ jılqa joñidim ekinti sünüş altinč aj alti jañıqa: toqıtdım* МЧ.9 «Озмыш Тегін хан болған қой жылға жорыттым, екінші соғыс алтыншы ай алты жаңасына тоқытдым»; *Ičikdi šınarıbudun...a kirti anta jana tüsdim Ötüken Jišin qışladım: jaγıda boşuna boşuna aldım eki oγulıma jabγu šad at bertim Tarduš Töles budunqa bertim ančip barš jılqa Ček tara joñidim ekinti aj tört jegirmike Kemde* МЧ.19 «Ішке енді сыңары бүтін (халық)... кірді сонда жаңа түстім Өтүкен Ышыны қыстадым жаудан босана босана алдым екі ұлыма Ыабығу Шад ат-атақ бердім, тардуш, төлес, бүтін халыққа бердім, сөйтіп барыс жылға Чек таман жорыттым, екінші ай он төрт Кемде...»;

üčünč/üčünč «үшінші»: *Teñri qutınta üçünč ijılta qop esen tükel körüşmüš, qop ögırer sebinür, tir* ЫБ.15 «Тәңірі құтымен үшінші жылда есен-аман бірі-бірімен көріскен. Көпшілігі шаттанып қуанған, деген» Айд.ІІІ, 161; *Ebiñerü kelmış, üçünč kunčuij urılnamış, beglik ijarayajtir* ЫБ.5 «Үйіне қарай келген. Үшінші бикеші ұл туған, Бек болғай, - деген» Айд.ІІІ, 159; *Üčünč Jegin Silig begiñ kedimlig torıy at binip tegdi. Ol at anta ölti. Jaraqınta, jalmasıntajüž artuq oqun urtı, jizke basiña bir /tegürmedi/...* КТү.33 «Үшінші /рет/ Иегін Сілік бектің

ерттеулі торы атын мініп тиді Ол ат сонда өлді. Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді, дулығалы басына бірі де /тимеді/» Айд.І,178;
törtinč «төртінші»: *Törtinč Ezgenti Qadizda sünüsdim* БҚ.31 «Төртінші Езгенті Қадыз деген жерде соғыстым»; *Burğuda: jetdim: törtinč ajtoquz jañıqa sünüsdim šančdim jilqışin barımın qızın quduzın kelirtim, besinč aj udu kelti Segiz Oğuz: Toquz Tatar: qalmadı: kelti: Seleñe: keden: yilun qul berden siñar Šip başıña tegi čerig itdim* МЧ.15 «Бұрғұда жеттім: төртінші ай тоғыз жаңасына сүңгілестім шанышдым жылқысын барлығын, қызын, әйел-құтанын келтірдім, бесінші ай: ұтқылай келді Сегіз Оғыз, Тоғыз татар қалмады, келді: Селең+геден, Ыылұн-қолбірден сыңар Шып басына тие шерік (жауынгер) итердім»;

besinč/besinči «бесінші»: *Anta kisre besinč aj altiotuzqa sünüsdim anta sančdim İcüş kečip ... tuğuri sančdim anta ötrü türges qarluqıy tabarın alıp ebin yolıp barmış ebime tüsdim* МЧ.29 «Сонда... бесінші ай жиырма алтыға сүңгілестім сонда шанышдым Ічүйді кешіп // ...тура шанышдым сонда өткен Түргеш, Қарлықты тауарын алып үйін жолдап барып үйіме түсдім»; *besinč aj udu kelti Segiz Oğuz: Toquz Tatar qalmadı kelti Seleñe keden: jilun qul berden siñar Šip başıña tegi čerig itdim* МЧ.15 «Бесінші ай: ұтқылай келді Сегіз Оғыз, Тоғыз татар қалмады, келді: Селең+геден, Ыылұн-қолбірден сыңар Шып басына тие шерік (жауынгер) итердім»; *besinči ajqategi... qa...// ñiz başı anta idiq jer kedinte Aybaş Tuquš belterinti anta jajladım örüginanta jarattidim čit anta toqıtdım biñ jıllıq tümen күnlik bitigimin bilgümin: anta jaşı taşqa* МЧ.21 «Бесінші айғатие...қа.../нүз басы сонда Ұйғыр Жер... кейінде Айбас, Тоқыш белесінде сонда жайладым, орданы сонда жараттырдым, чыт (құрылыс) сонда тоқытдым, мың жылдық, түмен күндік бітігімді білігімді сонда жаздық (бекем) тасқа»;

altinč «алтыншы»: *Ozmış Tegin qan bolmış qoñ jılqa jorıdım ekinti sünüs... altinč aj alti jañıqa toqıtdım* МЧ.9 «Озмыш Тегін: хан болған: қой жылға: жорыттым екінші сүңгілес (соғыс)...алтыншыай алты жаңасына тоқытдым»; *Anta...altinči aj bir otuzqa sünüsdüm anta sančdim: İcüş kečip...g tuğuru sančdim anta ötrü Türüges: Qarluqıy: tabarın alıp ebin yolıp barmış ebime: tüsdim* МЧ., 29 «Сонда ... алтыншы ай бір отызға сүңгілестім сонда: шанышдым: Ічүйді кешіп...тура ша-

нышдым сондаөткен ТүргешҚарлықты тауарын алып, үйінжолдап барып үйіметүсдім»;

jetinči «жетінші»: Kara qum ašmīš Kögürde Kөmür tayda Jar ögüzde üč tuyluу Tүrük budunqa anta jetinči aj törüt jegirmike Tap. 22 «Қара құмнан асып Көгүрде маңындағы Көмір тау және Иар өзені бойында үш туды түркі халқына шабуыл жасадым және жетінші айдың он төрті күні»;

sekizinč «сегізінші»: Kelti Qarluq *sekizinč* aj üč jañıqa joridim Qarluq tirigi barip Tүrүgeske kirti jana түsip МЧ.37«Келді...қарлуқ...сегізінші ай үш жаңасы жорыттым ... қарлуқ тірегі барып түргешке кірді жаңа түсіп»;Jaуi bol...turup jerin tapa bardı yoғaru joғardaқin *sekizinč* ay: ben: udu joridim ebimin Er Esigunte Jola költe qutum anta ertim МЧ.30 «Жауы бол...п жерін таман барды жоғары жоғарладың сегізінші ай мен қуалай (ұтқылай) жорыттым үйімді ер Ерсегүнте Йола көлде құтым сонда едім»; Taj Bilge Tutuq jablaқin үčün bir eki atlıq үčün qara: budunim öltin jetden jaña ičik ölmeči jetmeči sen tedim jiče isig kücüg bergil tedim eki aj күtdim kelmedi *sekizinč* aj bir jañıqa sü jorijin tedim tuу taşqir erikli МЧ. 17 «Тай Білге Тұтық жаманы үшін бір екі атты үшін қара бүтін (халық) ым өлдің жеттің жаңа іші өлмеші-жітпесі сен дедім: игі (жетерінше) істі күшті бергей дедім, екі ай күттім келмеді сегізінші ай: бір жаңасы: сүңгі жорытайын дедім ту тасушы тасқыр ерікті»;

onunč «оныншы»: Onunč aj jañıqa. temiši üč ... түšdim anta jaqayaru Basmil Qarluq joq bolti qoñ jılqa МЧ. 38 «Оныншы ай жаңасы...үш... түсдім сонда жағасына (шетіне) қарай Басмыл, Қарлуқ жоқ болды қой жылға»;

bir jegirminči «он бірінші: Er kelti Qarluq Esine kelmedük tedi: erin: Qarluq ... Ertis ögüzig Arqar baši tuši anta Er Qamiš Altın janta sallap kečdim *bir jegirminči* aj sekiz jegirmike...joluqum Bolču ögüzde Üč Qarluуу МЧ. 25 «Ер келді қарлуқ есіне келмедік деді, ерлерін қарлуқ ... Ертіс өзенді Арқар басы тұсы сонда Ер Қамыш Алтын жанай салмен кештім он бірінші ай он сегізге ... жолықтым. Болчу өзенде үш қарлуқты».

Жинақтық сан есімдері. Ескерткіштер тіліндегі сандық мөлшерді жинақтап көрсету үшін қолданылатын жинақтық сан есімдер $\sqrt{-egü}$,

-gü және $\sqrt{-yun}$, -gün жалғаулары арқылы жасалады. Қазақ тіліндегідей $\sqrt{-aw}$, -ew қосымшасы арқылы жасалған жинақтау мәнінің жетіге дейінгі сан есімдерді қамтуы ескерткіштер тілінен толық көрініс таппаған.

Жинақтық сан есімдерінің қосымшалары		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-egü,-gü	-aw/-ew
2	-yun,-gün	Ø
3	-ügün	Ø

Ескерткіштер тілінде: *üſegü* «үшеуі»: Anta ötrü qağanıma ötüntüm Anſa ötüntüm tabıaç oıuz qıtan bu *üſegü* qabısar qaltaċı biz Тон.12 «Сонша өтіндім – табғанш, оғыз, қытан, бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз» Айд.ІІ, 106.

$\sqrt{-egü}$, -gü аффиксі құрамындағы инлаут γ/g дыбыстары қазіргі түркі тілдері бойынша сары ұйғыр, түркімен тілдерінде қолданылады: с.ұйғ. *üſogo* «үшеу», *törtogo* «төртеу», *pesogo* «бесеу»; түрікм. ерсары диал. *bi:regi* «біреу (әлдекім, әйтеуір біреу)». Жинақтау сан есімдерінің форманттары құрамындағы көнетүркілік инлаут γ , g дыбыстарын кейбір орта ғасыр ескерткіштері, қазіргі түркі тілдерінің басым бөлігі сақтамаған, кей тілдерде түсіп қалса, енді бір тілдерде созылыңқы дауыстыларға ұласқан: *-aγu / *-äγ'ü ü жұрнағы -av/-äv /-ev/-ov/-öv, -au/-eu/-äü, -aw/- äw/-ow/-öw, -u: /- ü:, -o/-ö, -ä /-e тұлғаларына өзгерген: қыпш. *üſev* «үшеу», шағ. *birev* «біреу», тат. *ekeu* «екеу», ноғ. *altav* «алтау», түркім. арабачи диал. *kew* «екеу», қаз. *beseu* «бесеу», башқ. *ösäü* «үшеу», тува. *birü* «екеу», қырғ. *törtö*: «төртеу», *beſö*: «бесеу»¹.

Ескерткіштер тілінде сирек кездесетін күрделі аффиксе $\sqrt{-ügün/-egün}$ (*-aγun/*-äγ'ün (>*-aγu+*-n/*-äγ'ü+*-n) форманты жалпытүркілік үш құрамды күрделі аффикс , *-aγula / *-äγ'ülä (>*-aγu+*-la/*-äγ'ü+*-lä), *-aγulan/*-äγ'ülän (>*-aγu+*-la+*-n/*-äγ'ü+*-lä+*-n) жұрнақтарымен

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-Москва: Наука, 1988. С. 189-191.

бір аффикстік кешен құрайды. Күрделі аффикстер түркі тілдері дамуының біршама кейінгі кезеңдеріндегі құбылыстарға жатады.

Болжалдық сан есімдер. Сандық мөлшерді шамамен білдіріп, есептік сан есімдерге $\sqrt{-\check{c}a, -\check{c}e}$ қосымшалары жалғану арқылы және есептік санесімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Сондай-ақ есептік сан есімге *artuq* «артық» лексемасының тіркесуі негізінде де жасалады.

Болжалдық сан есімдердің қосымшалары		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	- $\check{c}a$	-* $\check{s}a$
2	- $\check{c}e$	-* $\check{s}e$

Ескерткіштер тілінде: *eligče* «елудей»: *Eligče er tutdīmiz. Ol oq tün budunin saju itimiz. Ol sabiy esidip On oq begleri buduniqöp kelti jükünti* Тон.42 «Елудей ерін ұстадық/тұтқындадық/ Сол түні халық сайын елші жібердік. Ол хабарды есітіп, Он оқ бектері, халқы түгел келді, жүгінді» Айд.ІІ,112; *jüzče* «жүздеі»: *Ujyar elteber jüzče erin ilger...te* БҚ.34 «Ұйғыр Елтебер жүздеі батыр ерін ілгері...»; *bir-eki* «бір -екі»: *Taj Bilge tutıq jablaqin üçün bir-eki atlıy üçün qara budunim öltin jetden jaña içikölmeçi sen tedim, jiçe isig-küçüg bergil tedim, eki aj kütdim kelmedi sekizinçaj bir jañıqa sü jorijin tedim tuγ taşqır erikli* МЧ. 17 «Тай Білге Тұтық жаманы үшін бір-екі атты үшін қара бүтін(халық)ым өлдің жеттің жаңа іші өлмеші жетпесі сен дедім игі (жетерінше) істі күшті бергей дедім, екі ай күттім келмеді сегізінші ай: бір жаңасы сүңгі жорытайын дедім ту тасушы тасқыр ерікті»; *eki-üčbiñ* «екі-үш мың»: *Jinçge joγan bolsar üzgülük alp ermis. Öñre qıtanda berije tabyaçda Quruja qurdanta jıraja oγuzda eki-üčbiñ sümüz kelteçimiz bar mu ne? Ança ötüntüm* Тон.14 «Жіңішке жуандаса үзетін алыш болар. Шығыстағы қытанға,Түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, Терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Сонша өтіндім» Айд.ІІ,106; *jüž artuq* «жүзден артық»: *Jaraqınta, jalmasınta jüž artuq oqun urti, jizke basına bir /tegürmedi/... КТү.33 «Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді, дулығалы басына бірі де тимеді» Айд.І, 178.*

Көнетүркілік болжалдық сан есім жұрнағы $\sqrt{-\dot{c}a, -\dot{c}e}$ қосымшасы ауызекі қазақ тілінде жекелеген сан есімдерге жалғанып $-\sqrt{-\dot{s}a, -\dot{s}e}$ тұлғасында қолданылуы сирек те болса ұшырасады.

§ 7. ЕСІМДІКТЕРДІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

Есімдіктертерді дербес сөз табы ретінде тануда негізінен лексика-семантикалық принцип негізге алынады. Өйткені есімдіктердің мағыналары басқа сөз таптарының мағыналарынан өзгешеленіп, оқшауланып тұрады. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда да, сөйлем ішінде қолданылғанда да мағыналары нақтылы емес жалпылама қалыпта болып олтырады. «Есімдіктердің жалпы мағынада қолданылуын олардың реальды нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн»¹.

Түркі тілдеріндегі айрықша грамматикалық топ ретінде танылатын есімдіктердің негізгі ерекшеліктері: 1) қай сөз табы болмасын, оның өзіне тән (немесе жартылай тән) сөз жасау жүйесі болады. Осындай жүйе есімдіктерде жоқ. Жалпы бүгінгі тіл заңдылықтары тұрғысынан есімдіктер басқа сөздерден жасалмайды; 2) есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді. 3) тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық, категориялар жүйесі жоқ. Бұл ерекшеліктер VI–IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне де, қазіргі түркі тілдеріне де ортақ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тілінде есімдіктердің бірнеше топтары кездеседі.

Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы. Сол себепті жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөлеуші, тыңдаушы және бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. Ескерткіштер тілінде үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігінің жекеше және көпше түрлерінің арнайы формасы жоқ, контекске байланысты ажыратылады. Жалпы алтай тілдері бойынша көне құбылыс болып табылатын жіктеу есімдіктерінің грамматикализациялануы

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – 480.

(жіктік категориясы) дамуы тектілдік морфонологиялық үдерістер нәтижесі ретінде қарастырылады. А.А.Бурыкин түркі және тұңғыс тілдеріндегі III жақ есімдік формасының сілтеу есімдіктерін алмастыруға деген бейімділігі жалпыалтайлық протожүйені жаңғыртудың дереккөзі бола алатынын көрсетеді¹. Ескерткіш тіліндегі жіктеу есімдігінің III жақ формаларының да сілтеу есімдігінің қызметінде қолданылу бейімділігі бар.

Жіктеу есімдіктері		
1	2	3
	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
I жақ	ben/men	men
II жақ	sin/sen	sen/siz
III жақ	ol	ol
К ө п ш е		
I жақ	biz	biz
II жақ	siz	sizder/sender
III жақ	ol	olar

Ескерткіштер тілінде: *ben/men* «мен»: *Bilge Tonijkuq ben özüm Tabγač ilije qilintim. Türk budun tabγačqa körür erti.* «Білге Тоникуқ мен өзім табғаш (қытай) елінде тәрбиелендім. Түркі халқы табғашқа бағынатын еді» *Айд. II, 67; Jagimsi ben ertim* «Ілескені мен едім»; *Men bengü taš /toqitdim/.* *Tabγač qaγanta bedizči kelürtim, bediztim. Meniñ sabimін simadī.* КТк.11 «Мен мәңгі тас орнаттым Табғаш қағаннан шебер /бедізші/ келтірдім, өрнектеттім. Менің сөзімді бұзбады *Айд. I, 170; Ben ebgerü tüsejin* «Мен үйге қайтайын»; *sin/sen* «сен»: *Sinit abγačγü ölüртеci* «Сені, табғашты өлтіреді»; *biz* «біз»: *Biz eki biñertimiz* «Біз екі мың едік»; *Bizinte eki uči siñarča artuq erti* «Бізден екі ұшы сыңарша артық еді»; *Biz jeme cüledimiz* «Біз және соғыстық»; *Qaγan*

¹ Бурыкин А. А. Идеи С. А. Старостина и дальнейшие перспективы алтаистики // Аспекты компаративистики. 4 (Orientalia et Classica: Труды Института восточных культур и античности. Вып. XXVIII). – Москва, 2009. – С. 9-24

at bunta biz birtimiz, sinlim kunçujlirybirtimiz. КТү.20 «Қаған атын мұнда біз бердік, қарындасым бикешті бердік» Айд.І,175; Biz şeg ertimiz. Ança olurur erikli Oğuzdantan kögüg kelti Тон.8 «Біз өлімші едік. Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді» Айд.ІІ,105; Qarayan qışlata biz bariqin anta buzdım БҚ.37 «Қараған қыстап біз барығын (үй-мүлкін) сонда бұздық».

Түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің шығу тегі, бірінші және екінші жағындағы жекеше, көпше тұлғалардың көптік және жекелік мән беруінің уәждік негізі, семантикалық коды, олардың құрамындағы $n \approx z$ (*bin/ben* \approx *biz*, *sin/sen* \approx *siz*) сәйкестігінің фономорфо-семантикалық қызметі, жіктеу есімдіктері мен жіктік жалғауларының арасындағы генетикалық сабақтастықтың болуы, жіктеу есімдіктерінің сілтеу есімдіктеріне негіз болуы жіктеу есімдіктерінің күрделі архаикалық болмысын сипаттайды. Түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің этимологиясы жайлы бірізді пікірлердің қалыптаспауы, ғылыми тұжырымдамасының жасалмауы да есімдіктердің лингво-онтологиялық табиғатына байланысты.

Жіктеу есімдіктерінің жекеше және көпше тұлғаларының, бірінші және екінші жағының, жіктік жалғауларының бірінші және екінші жағының өзара байланыстары жайлы бірнеше көзқарастар мен болжамдар бар: жіктеу есімдіктерінің көптік тұлғасы мен жекеше тұлғаларының өзаракірігуінен $\sqrt{-min}$, $-sin$, $-biz$, $-sin$, $-sen$, $-siz$ морфемаларын құрайтын жіктік жалғаулары қалыптасқан; жіктеу есімдіктерінің көпше түрінің құрамындағы $\sqrt{-z}$ көптікті (екі, үш немесе одан көп) білдіретін қосымша, бірінші компоненттерін құрайтын *mi*, *si* – жекеше түрлері, есімдіктердің жекеше түрлері архиформа болып табылады, олардың даму бағыты: I. *me(n)*, *bi(n)*, *mi(n)*, *se(n)*, *si(n)*, **e(n)*, **i(n)*. II. *ba(n)*, *ta(n)*, *sa(n)*, **a(n)*; III. *bi(z)*, *si(z)*, **i(z)*. Жіктеу есімдіктері морфологиялық ыдыраудың негізінде қазіргі түркі тілдерінде әртүрлі фонетикалық варианттармен қалыптасқан; жіктеу есімдіктерінің архетипі *pän*, *sän*, *in*, *an*, *pis*, *sis* лексемаларынан тұрады, кейіннен қатаң дыбыс фразалық екпін нәтижесінде ұяңға өзгеріп, *b*, *m* дыбыстарына айналған: (*nän*) - *bän* (*män*) - *men*. I жақ тұлғасының дауысты *ä* дыбысымен айтылатын варианты бірінші, *e* (*men*), *i* (*min*), *ij* (*mijn*) дыбыстарымен айтылатындары кейін қалыптасуы мүмкін;

түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің архиформаларын *pän, sän, in, an, pis, sis, anla* тұлғалары құрайды¹.

Н.А.Баскаков түркі тілдеріндегі есімдіктер туралы көзқарастар негізінде түркі тілдерінің көне дәуірінде септелудің үш түрі (зат есімдердің септелуі, тәуелді септеу және есімдіктердің септелуі) болғаны жайлы көзқарастардың негізділігін, көне белгілерді бүгінгі тілдердегі есімдіктер сақтап қалғанын айта отырып, жіктеу есімдіктерінің септелуі түркі тілдерінде бір сипатта еместігін, кейбір жекелеген тілдерде әртүрлі тұлғаланатынын көрсетеді². Ескерткіштер тіліндегі жіктеу есімдіктері септік формаларының $\sqrt{-in}$, $\sqrt{-a}$, $\sqrt{-i/-i}$, $\sqrt{-tal/-te}$ қосымшаларын қабылдайды.

Септік тұлғадағы жіктеу есімдіктері. Ескерткіштер тілінде: *anı* «оны»: *Qatun joq bolmıs erti. Ani joylatajın tidi. Sü barın tidi. Altun jışda olurın tidi. Sü basi inel qağan Tardus šad barzun tidi* Тон.31 «Қатын өлген еді, Оны жерлейін, - деді. Әскер барың деді Алтын қойнауа күтің, - деді әскербасы – Инелқаған Тардуш шад барсын, - деді » Айд. II, 110. *Beniñ* «менің»: *Tabıač qağanta bedizči kelürtim, bediztim. Meniñ sabimın simadı* КТк.11 «Табғаш қағаннан шебер /бедізші/ келтірдім, өрнектеттім. Менің сөзімді бұзбады» Айд. I, 170; *baña* «маған»: *Bilge Tonıkuq bana ajdı* Тон.31 «Білгіш Тоникуқ маған айтты» Айд. II, 110; *saña* «саған»: *Qıjınıy könlünçe aj Ben saña ne ajajın tidi. Keliperserkü er ükülür. Kelmez erser tiliy sabiy ali olur tidi. Altun jış da olurtimiz* Тон.32 «Қиындықты көңліңше шеш, мен саған /басқа/ не айтайын, деді. Келер болса, күш көбейер. Келмесе егер /онда/ тілді, сөзді ала отыр, - деді. Алтын қойнауында отырдық» Айд. II, 110; *biziñ* «біздің»: *Biziñ cü atıtuıuq, azuqı joq erti* КТү.39 «Біздің әскердің аты арық, азығы жоқ еді» Айд. III, 67, Айд. I, 179; *añar* «оларға»: *Tabıač qağanin içreki bedizçig iti añar adinçiy barq jaraturdim. İçin-taşin adinçiy bediz urturdim, taş toqıtdim* КТк.12 «Табғаш қағаны іштегі бедізшісін /шеберлерін/ жіберді. Оларға ерекше жай салдырдым. Іші-тысын ерекше өрнектеттім, тас тоқыттым» Айд. I, 170.

Сұрау есімдіктері заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін т.б. білу мақсатында қолданылатын сұрау

¹ Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.– Москва: Наука, 1988. –С. 212-246.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. – Москва: Наука, 1975.– С. 107.

мәнді сөздер тобын құрайды. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты. Ескерткіштер тіліндегі сұрау есімдіктері қазіргі қазақ тілінде негізінен сақталған. Көнетүркілік сұрау есімдіктері септік формаларының $\sqrt{-kel-ge}$, $\sqrt{-tan}$, $\sqrt{-ni}$, $-ni$, $\sqrt{-teg}$ қосымшалары арқылы жасалады.

Сұрау есімдіктері	
1	2
VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
kim /kem	kim
kim+ke	kim+ge
ne	ne
ne+ke/ne+ge	ne+ge
kač	*qan+ša
*qan+i	*qan+i/*kän+i,*qaj+da
*qan+tan	*qaj+dan
*an+teg	*qan+daj

Ескерткіштер тілінде:

kim/kem «кім»: Üze teñri basmasar, Asra jir telinmeser Türk budun ilinjin, tögünjin kim artatı? Türk budun ökün! КТү.22 «Үстіңнен тәңірі баспаса, астында жер айырылмаса, түркі халқының ел-жұртын кім құртады?! Түрк халқы өкін!» Айд.III,63;

kimke «кімге»: «Ilig budun ertim, ilim emti qanı? *Kimke* ilig qazıanurmın?» - tir ermis Qayanlıy budun ertim, qayanım qanı? Ne qayanqa isig-küçig bürürmen? - tir ermis. Anča tip, tabıaç qayanqa jaıı bolmıs КТү.9 «Елді халық едім, елім енді қайда?! Кімге елдік жасаймын?» - десті. «Қағанды халық едім, қағаным қайда?! Қай қағанға күш-қуатымды берермін?!» - десті. Осылай деп табғаш қағанға жау болды Айд.I, 173;

qanı «кәні, қайда»: Qayanlıy budun ertim, qayanım qanı? Ne qayanqa isig-küçig bürürmen? - tir ermis. Anča tip, tabıaç qayanqa jaıı bolmıs КТү.9. «Қағанды халық едім, қағаным қайда?! Қай қағанға күш-

қуатымды берермін?!» - десті. Осылай деп табғаш қағанға жау болды» Айд.ІІІ,59.

ne «не, неге»: Ne basıñalim tegelim tidim. Tegdimiz jaijidimiz, Ekinti kün kelti Тон.39 «Не басындырамыз тиіселік, дедім. Тиістік, қудық, Екінші күн /тағы/ келді» Айд.ІІ, 111; Ne qayanqa isig-küçig büürmen? - tir ermis. Ança tir, tabğaç qayanqa jaiji bolmıs mic КТү.9 «Не (қай) қағанға күш-қуатымды берермін?!» - десті. Осылай деп табғаш қағанға жау болды Айд.ІІІ, 59;

neke «неге»: Neke tezerbz üküš tijin neke qorqurbiz az tijin Nebasinalim tegelim tidim. Tegdimiz jaijidimiz, Ekinti kün kelti Тон.39 «Неге қашамыз көп /екен/ деп Неге қорқамыз азбыз деп, Неге басындырамыз тиіселік, дедім. Тиістік, қудық, Екінші күн /тағы/ келді.» Айд.ІІ, 111;

qantan «қайдан»: Jariqlıy qantan kelirjana eltdi? Süñüglig qantan kelipen süre eltdi? İduq Ötüken jış budun barduq, jaraqlıy qantan КТү.23 «Жарақты қайдан келіп және жүргізді кетті? Сүңгілі қайдан келіп түре қуды?» Айд.І, 176, Айд.ІІІ, 63.

Сілтеу есімдіктеріне тән сөздердің негізгі лексикалық мағыналары аралық қатынастарды көрсету болып табылатындықтан олар әрқашан сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әр алуан жақын немесе алыстық тәрізді аралық қатынастырын білдіріп отырады. Ескерткіштер тіліндегі негізгі сілтеу есімдіктерінің саны аз, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады. Көнетүркілік сілтеу есімдіктері септік формаларының $\sqrt{-ta}$, $\sqrt{-ča}$ қосымшалары арқылы жасалады.

Сілтеу есімдіктері	
1	2
VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
	kim
*a(n)+ta	*so(n)+da
*a(n)+ča	*so(n)+ša
bu(n)+ta	*mu(n)+da/*bu(n)+da
bu(n)+ča	*bu(n)+ša/ *mu(n)+ša
bu	*bu+I (ауызекі тілде: bu)

ol	ol, *so+l
*an+teg/*an+taγ	*o+si(n)+daj

Ескерткіштер тілінде:

anta «содан, сонда»: *Anta kisre teγri bilig bertük ücün özüm ök qaγan qısdım. Bilge Tonıkuq bojla baγa tarqan birle* Тон.2 «Содан соң тәңрі білік бергені үшін өзім оны қаған еттім Білге Тоникуқ Баға тарқанмен бірге»; *Анта кісре інісі қаған болміс ерінч КТү. 5 «Содан соң інісі қаған болды»* Айд. I, 172;

anča «осылай, сонша»: *Anča tip, tabγač qaγanqa jaγi bolmıs* КТү. 9 «Осылай деп, табғаш қағанға жау болды» Айд. I, 173; *Türk qara qamuγ budun anča timis: Illig budun ertim, ilim emti qanı?* КТү. 9 «Күллі түрк қара халқы былай десті: Елді халық едім, елім енді қайда?!»; *Uze türk teγrisi, türk iduq jiri, subı anča timis:* КТү.10 «Көкте түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жері-суы былай депті» Айд. I, 173; *Türk budun qanıñ bolmajın Tabγačda adırilti, qanlantı qanıñ qodip Tabγačqa jana icikdi Teγri anča timis erinč qan bertim.* Тон.2 «Түрк халқы, ханы болмай Табғаштан бөлінді, ханданды Ханын қойып Табғашқа және бағыңды Тәңрі сонша дегендей бәлкім Хан бердім» Айд. II, 104;

antaγ «осындай»: *Toγsiqda Bökli cöllig il tabγač, tüpüt, apar, purum, qiriq az üc qurıqan, otuz tatar, qıtan, tatabı bunča budunkelipen, siγtamıs, jıγlamıs, antaγ kulig qaγan ermis* КТү.4 «Шығыстан Бөкли шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық азүш құрыққан, отыз татар, қытан, татабылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады. Осындай сыйлы қаған еді» Айд. I, 172;

bu «бұл»: *Kögmen joli bir ermis Tumus tijin esidip bu jolin jorisar jaramacı tidim Jerci tiledim Cölgi az eri boltım* Тон. 23 «Бұл жолмен жүруге жарамайды дедім. Жершіл /кісі/ (жол көрсетуші) тіледім / Ол/ Шөлдік аз ері болды.» Айд. II, 108; *Bu jerde maγa qur ... boltı* БҚ. 36 «Бұл жер де маған қарасты болды»; *Bu türk – budunqa Jarıqlıγjaγıγ keltürmedim, Tögünlig atıγ jügürtmedim. İlteris qaγan qazγanmasar* Тон.54 «Бұл түркі халқына жарақты (қарулы) жауды келтірмедім. Атты әскер жолатпадым. Елтеріс қаған осылай етпесе» Айд. II, 113;

bunča «сонша, мұнша»: *Bökli cöllig il tabγač, tüpüt, apar, purum, qiriq az üc qurıqan, otuz tatar, qıtan, tatabı bunča budunkelipen, siγtamıs, jıγlamıs, antaγ kulig qaγan ermis* КТү.4 «Шығыстан Бөкли шөлінің елі,

табғаш, тибет, авар, үрім, қырық азүш құрыққан, отыз татар, қытан, татабылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады» Айд.І, 172; *Bunča isig-küçig birtükerü saqınmatı. Türk budun: «ölürejın, uruysıratajın», - tir ermis* КТү.10 «Сонша күш-қуатын сарп еткенін ойламады. Түрк халқы: «Өлейік, тұқымсырайық», - дер еді, жойыла бастаған еді» Айд.І,173;

bunta «сонда,мұнда»: *Qağan at bunta biz birtimiz, sıñlim kunçujlıybirtimiz. özi janıltı,qağan ölti, budunı küñ, kul boltı.* Қаған ат бунта біз бертіміз сіңілім қунчуйым бертіміс КТү.20 «Қаған атын мұнда біз бердік, қарындасым бикешті бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді, халқы күң, құл болды.» Айд.І, 175;

ol «ол»: *Ol sabıy esidip tün udısqım kelmedi* «Ол сөзді есітіп, түн ұйқым келмеді»; *Ol eki kisi bar erser* «Ол екі кісі бар болса»; *Ol süg anta joqqıšdıımız. Bir otuz jaşıña Ćaça señünke sünüşdimiz. Eñ ilki Tadıqın Ćorıñ boz atıy binip tegdi. Ol at anta ölti* КТү.32 «Ол әскерді сонда жоқ еттік. Жиырма бір жасында Чача сеңүнмен соғыстық. Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді.» Айд.І,175.

Өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Түркі тілдері бойынша өз түбірінен жасалатын өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді.

Өздік есімдігі	
1	2
VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
öz	öz
öz+im	öz+im
öz+iñ	öz+iñ
öz+i	öz+i
kentü	Ø
kentü+m	Ø
kentü+si	Ø

özim «өзім»: *Eçim qağan olutuqda özim tarduř budun üze řad ertim, eçüm qağan birle ilgerü Jaçil ügüz, řantun jazıqqa tegi süledimiz* КТү.17 «Ағам қаған отырғанда өзім тарадүш халқына уәзір едім.

Ағам қағанмен бірге ілгері Жасыл өзеніне Шантуң жазығына дейін соғыстық» Айд.І, 174; Il jeme il bolti Budun jeme budun bolti özüm qarī boltim neḡ jerdeki qaγanliḡ budunqa Тон.56 «Ел тағы да ел болды. Халық та қайта халық болды. Өзім қартайдым, үлкен болдым Қайдағы қағандық халық болса да» Айд.ІІ,114.

kentü «өзің»: *Körgünin üçün igidmis bilge qaγanına ermis, barmis edgü iline kentü, janiltiḡ, jablaq kigürtig. Jariqliḡ qantan kelirjana eldi?* КТү.23 «Бағынғаның үшін /сені/ асқақтатқан билігіш қағаныңа ерген, ілескен игі (жақсы) еліңнің алдында өзің жаңылдың, жамандық әкелдің» Айд.І, 176; *Edgü eline kentü janiltiḡ* БҚ.19 «Игі Елің өзі жаңылды».

Жалпылау есімдіктері белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына, толдықтай қамтылуына қатысты айтылатын жалпылау, жинақтау мәнді сөздерден тұрады. Орхон, Енисей ескерткіштері тілінде жалпылау, жинақтау мәні бар *qamuḡi* «бәрі», *ükül* «бүкіл», *üküş* «барлық» сөздері қолданылады.

Ескерткіштер тілінде: *qamuḡi* «бәрі»: *Qamuḡi jети жүз er bolmič. Jети жүз er bolip, elsiremis, qaγansiramis buduniḡ, күnedmis, qulandmis buduniḡ, türk terüsin ičünmis buduniḡ ečüm-aram törüsinče jaratmis, baškurmis* КТү.13 «Бәрі жеті жүз ер болыпты. Жеті жүз ер болып, елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрк иелігінен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» Айд.І, 173; *Qamuḡi beš otuz süledimiz* БҚ.15 «Барлығы жиырма бес рет соғыстық»; *ükül* «бүкіл», *üküş* «барлық»: *Bilig bilmez kisi ol sabiḡ alur, jaḡur barıḡ, üküš kisi öltig.* КТк.7 «Білімсіз кісілер сол сөзге сеніп маңына барып, барлық (көп) кісі өлді».

Белгісіздік есімдігі. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде болымсыздық, белгісіздік мәнді *neḡ* «еш» есімдігі тіркелген: *Ötüken jir olurip, arqiš-tirkiš isar, neḡ bunuḡ joq, Ötüken jiš olursar, beḡgü iltuta olurtačisen, türk budun toq. Arıq oq sen: ačsiq - tosiq emez sen, bir todsar – ačsiq ömezsen* КТк.8 «Өтүкен жерінде отырып /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. /Сонда/ түрк халқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықта тоқтық түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты ойлаймысың сен» Айд.ІІІ, 55; *Neḡ jilsiḡ budunqa olurmadim. İčire*

aşsiz, taşra tonsiz, jabiz, jablaq budunta üze olurtim. Inim Kültegin birle sözleşdimiz. Qañimiz, eçimiz qazıanmış budun atı-küsi joq bolmazuntijn, Türk budun üçün tün uđimadim, küntüz olurmadiм КТү.26 «Ең болмаса, бай халыққа отырдым. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз на-шар халыққа отырдым (билік еттім). Інім Күлтегінмен сөйлестік. Әкеміз, ағамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмады» Айд. III, 63. Қазіргі қазақ тілінде *eş, eškim, ešteŋe, ešnäpse, ešbir, ešqašan, ešqandaj, ešqajsi* т.б. болымсыз есімдіктер қолданыста.

Лингвоэволюциялық үдерістерге байланысты қазіргі түркі тілдері есімдіктер жүйесінің көне түркілік қабатын құрайтын VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімдіктердің тұлғалық және мағыналық парадигмасы қазақ тілінде біршама кеңіген.

§ 8. ҮСТЕУЛЕРДІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, сапалық қасиеттерін білдіретін сөз табы – үстеулердің табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, егістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. Морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады.

Түрік тілдері деректері негізінде үстеу сөздерге талдау жасаған Н.К.Дмитриев: «В турецком языке имеются целые группы слов, которые по существу не вмещаются в рамки одной одной какой-нибудь части речи, а представляют какие-то переходные величины между двумя или даже тремя категориями: 1) существительное – глагол; 2) глагол – существительное; 3) существительное – прилагательное; 4) прилагательное – существительное; 5) прилагательное – наречие; 6) существительное – прилагательное – наречие; 7) наречие – прилагательное – существительное. Исходный пункт во всех этих случаях определяется семантикой отдельного слова – лексемы,

а грамматическое развитие этого слова прослеживается по его синтаксической функции в предложении», - деп ой түйеді¹. Ғалымның пікірінше, жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тетіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады.

Ескерткіштер тілінде үстеулер зат пен құбылыстың, қимыл мен іс-әрекеттің мекенге, мезгілге, шартқа, мөлшер мен көлемге қатысты әр түрлі қалпын, жай-күйін және сынының белгілерін білдіреді. В.М.Насилов Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі үстеулер дербес лексикалық категория деңгейіне әлі жете қоймаған, даму, жетілу үстіндегі сөз тобы екенін көрсетеді². Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз таптары жүйесімен салыстырғанда бұдан 1200-1500 жыл бұрынғы көне түркілер тіліндегі сөз таптарының даму үстінде болғаны даусыз, бұл тілдік заңдылық. Қалай болғанда да қазіргі тілдік құрылымның сілемі көне түркі жазба ескерткіштері тіліне дейін-ақ салынып қойғанын естен шығармауымыз керек. А.Н.Кононов көне түркі ескерткіштері тіліндегі үстеулердің сөзжасамдық жүйесінің төрт түрлі амалын көрсетеді: 1) арнайы аффикстер жалғану арқылы; 2) септік жалғаулары және көсемшенің жұрнақтары арқылы; 3) екі не одан көп сөздердің өзара кірігуі негізінде; 4) адвербиализация үдерісінің нәтижесінде³.

Үстеулердің VI-IX ғасыр түркі жазбаларында кеңінен қолданылуы олардың V ғасырға дейін-ақ қолданыста болған ежелгі сөз табы екенін көрсетеді. Көне түркі тіліндегі үстеулер қатарын *emti* «енді»: *Ol emti aŋiŋ joq* «Ол енді анық жоқ» КТк. 3; *iraq* «жырақ»: *Süčig sabin, ĵimšaq aŋiŋ arur, iraŋ buduniŋ anča jaŋitur ermis. Jaŋtu qonduqta kisre aŋiŋ bilig anta öjür ermis* КТк. 5 «Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді. Жақын қонған соң олардан жаман қылықты енді үйренген едік»; *Anta aŋiŋ kisi anča bošyurur ermis*: «*iraq erser, jablaq aŋi birür, jaŋuq erser, edgü aŋi birür*», -tir

¹ *Дмитриев Н.К.* Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

² *Насилов В.М.* Язык орхон-енисейских памятников. – Москва: Наука, 1960. – С. 39.

³ *Кононов А.Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 135-142.



КТк.7 «Сонда өш адамдар былай сенірген еді: «Жырақ болса, жаман сыйлық берер, жақын болса, игі сыйлық берер», - деп»; *üze* «үсті», *asra* «асты»: *Üze kök teñri asra jaýız jir qılıntıqta ekinara kisi oýlı qılınmıs. Kisi oýlynta üze eñüm-apam Bumın qaýan, Istemi qaýan oturmış* КТү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жержаралғанда, екеуінің арасында кісі (адам) жаралған. Адам баласын басқаруға Бумын қаған, Істемі қаған отырған»; *Üze teñri basmasar, asra jir telinmeser Türk budun ilinjin, törünjin kim artatı? Türk budun ökün* КТү.22 «Үстіңнен тәңірі баспаса, астында жер айрылмаса, түрк халқының елін, мемлекетін кім құртады. Түрк халқы өкін!»; *küntüz* «күндіз»: *Qañimiz, eñimiz qazıanmıř budun atı-küsi joq bolmazun-tijin, Türk budun üçün tün udımadım, күntüz olurmadım* «Әкеміз, ағамыз құраған халықтың аты, кісісі жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым» КТү. 26.

Ескерткіштер тіліндегі үстеулер де құрылымына қарай негізгі және туынды үстеулер болып бөлінеді. Ғ.Айдаров Тоникуқ ескерткіші тіліндегі негізгі үстеулерге *teg* «ұқсас», *öñ* «ерте», *ök* «дәл, тек» лексемаларын, туынды үстеулерге *ebgerü* «үйге қарай», *küntüz* «күндіз», *örtçe* «өрттей», *içre* «ішке» сөздерін жатқызады. Ғалым ескерткіш тіліндегі үстеулерді мағынасына қарай үшке жіктейді: 1. Мекен үстеуі: *arqada* «арқада, кейінде», *qodı* «төмен», *joqarı* «жоғары», *ebgerü* «үйге қарай»; 2. Мезгіл үстеуі: *küntüz* «күндіз»; 3. Амал үстеуі: *ebrü* «кері», *teğire* «айнала»¹.

А.Есенқұлов жалпы Орхон, Енисей жазбаларындағы үстеулерді мағыналық жағынан «мезгіл, мекен, сын, мөлшер, күшейткіш, мақсат және топтау»² деп жіктейді. «Үстеулерді талдау басқа сөз таптарына қарағанда қиындау. Өйткені, үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әр түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады»³. Сондықтан үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын

¹ Айдаров Ғ. Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 76-бет.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. –183,184-беттер.

³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. –Алматы: Ғылым, 1976. – 181,182-беттер.

қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады.

Үстеу тудыратын қосымшалар		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-γaru, -gerü	-γarī/-geri
2	∅	-qarī/-keri
3	-ηaru/-ηerü	∅
4	-ra, -re, -rū	-ri (keri *ke+ri)
5	-ja, -je-	∅
6	-a, -e	-a, -e
7	-ča, -če	-ša/-še
8	-ti/-ti	-ti/-ti
9	-la/-le	-la/-le (birlesip bir+le(sip))
10	-teg	-daj/-dej, -taj/-tej
11	-cer, -cīγ, -cīγ	∅
12	-qu,/-kü,-qī/-ki,- γī/-gū	-γī/-gi, -qī/-ki
13	-in,/-in, -ün/-un	∅
14	-dan/-den, -tan/-ten	
15	-dan/-den,-tan/-ten,	
16	-da/-de, -ta/-te	-da/-de, -ta/-te

√-γaru,-gerü,-ηaru/-ηerü. Орхон, Енисей, талас жазбалары тілінде √-γaru,-gerü,-ηaru/-ηerü қосымшалары жалғану арқылы қайда, қайдан деген сұрақтарға жауап беріп, іс-әрекеттің бағытын, мекенін және субъектінің орнын білдіретін сөздер жасалады. √-γaru,-gerü жұрнағы барыс септігінің √-γα,-ge және жатыс септігінің √-ru,-rū жалғауларының қосындысынан жасалған құранды жұрнақ ретінде қарастырылады. √-ηaru/-ηerü қосымшасы да тәуелдік формасына жалғанатын барыс септігінің √-a/-e форомантына √-ru,-rūқ осымшасының жалғануы арқылы жасалып тұр. Көне түркі жазбалары тілінде √-ηaru/-ηerü қосымшасы өте сирек кездеседі.

Ескерткіштер тілінде: *ilgerü* → *il+gerü* «ілгері», *birgeru* → *bir+geru* «бері қарай (оңға қарай)», *qurıyaru* → *qurı+yaru* «кейінге қарай», *jıryaru* → *jır+yaru* «солға қарай» *ortusıñaru* → *ortusi+ñaru* «ортасында»: *Ilgerü kün toysıqqa, birgeru kun ortu sıñaru, qurıyaru kün batsıqıña, jıryaru – tün ortusıñaru - anta içreki budun qop maña körür, ança budunqop itdim* КТк.2 «Ілгері күн шығыста, оң жақта күн ортасында, кейін күн батыста, сол жақта түн ортасында – соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды, халықты осынша көп еттім» Айд.І, 168 ~ қаз. *ilgeri* → *il+geri*; *jögeru* → **jö+geru* «жоғары»: *Qañim İlteris qayanıy, ögim İlbilge qatunıytenrı töpesinte tutıp, Jögeru kötermis erinç. Qañim qayan jiti jegirmi erin taşıqmıs* КТү.11 «Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге қатынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен. Әкем қаған он жеті ер жиыпты» Айд.І, 173 ~ қаз. *žoyarı* → **žo+yarı*.

Көне түркі мұралары тіліндегі *√-yaru, -gerü, -ñaru/-ñerü* қосымшасын жалғаған барыс септігі тұлғасындағы есім сөздердің бәрі де үстеу қызметінде жұмсала алады: *jontıñaru* «жылқысына қарай»: *Beg er jontıñaru barmış bijesi qulunlamış, altun tujuqlu adyırliy jarayaj* «Бег ер жылқысына барған, ақ биесі құлындаған, алтын тұяқты айғыр жарағай (болғай)» ЫБ.5; *tebesıñeru* «түйесіне қарай»: *Tebesıñeru barmış* ЫБ.5 «Түйесіне қарай барған» Айд.ІІІ,159; *ebiñerü* «үйіне қарай»: *Ebiñerü kelmiş üçinçkunçuj urılnameş beglik jarayajtır* ЫБ.5 «Үйіне қарай келген. Үшінші бикеші ұл туған, Бек болғай, - деген» Айд.ІІІ, 159; *ordusıñaru* «ордасына қарай»: *Özi süsi ögire sebinü ordusıñaru kelir tir* ЫБ. 34 «Өзі, әскері шаттана-қуанып, өз ордасына келер, - дер».

Көнетүркілік *√-yaru, -gerü* қосымшасы қазақ тілінде *√-yarıl-geri -qarı/-keri* тұлғасында сақталған: *tisqarı* → *tis+qarı*, *işkeri* → *keri*, *žoyarı* → **žo+yarı*, *ilgeri* → **il+geri*.

√-ral/-re, -ru, -rü қосымшасы ескерткіштер тілінде мекенді, орынды білдіретін үстеулер жасайды. Қазіргі чуваш тілінде *√-ral/-re, -tal/-te* қосымшалары орынды, мекенді білдіретін жатыс септігінің қосымшасы қызметін атқарады.

Ескерткіштер тілінде: *asra* → *as+ra* «астыда, төменде»: *Üze tuman turdİ, asratoz turdİ, quş uyi uça aztİ, kijik oylİ jügürü aztİ kisi oylİ jorİju aztİ jana tenrı qutinta üçünç jİlta qop esen tükel körüşmiş, qopögirer*

sebünür, tir, anča bilinler edgü ol ҮБ.15 «Үстиде (жоғарыда) тұман тұрды, төменде шаң тұрды, құс баласы ұша жүріп жолдан адасты, киік баласы жүгіріп жүріп адасты, кісі баласы жүре жолдан тайды (азды) және Тәңірі құтымен үшінші жылда аман-есен бір-бірімен көріскен. Көпшілігі шаттанып қуанған деген. Сонша біліңдер: игі ол» Айд.36 161; Üze kök теңри Asra ja'yiz jir qilintiqtа Ekin ara kisi oylі qilinnis КТү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» Айд.І, 171; *içire* → *içi+re* «іші», *tašra* → *tašra+ra* «тысы, сырты»: Neñ jilsiy budunqa olurmadim. Içire ašsiz, tašra tonsiz, jabiz, jablaq budunta üzeolurtim. КТү. 26 «Ең болмаса, бай халыққа отырмадым. Іші ассыз, сырты киімсіз, әлсіреген, нашар халыққа отырдым (биледім)» Айд.І, 176; *kirü/kerü* → **ki/*ke+rü* «кері»: Ilgerü Qadirqan jışqa tegi kirü Temir qarıyqa tegi qonturmis КТү.2 «Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін қондырған» Айд.І, 171; *udišru* → *udiš+ru* «ұшырасқан кезде (қарсы келгенде)»: Bir erig oqun urti, eki erig udišru sançdi. Ol tegdükde Bajirkunin aq adyitiy udliqin siju urti КТү.36 «Бір ерін оққа ұшырды, екі ерін қарсы келгенде шанышты. Ол айқаста өкшелей қуғанында Байырғы ақ айғыры мертiкті»; Eki erig udušru sançdi. Qarluquy ölürtimiz, altimiz. КТү. 42 «Екі ерін қарсы келгенде шанышты. Қарлуқты өлтирдік, жеңдік» Айд.І, 179-180; *öñre* → *öñ+re* «алдымен, әуелі, алдында»: Juyci-sigiti öñre kün toysiqda Bökli çöllig il tabyaç, tüpüt, apar, purum, qiriq az üç qurıqan, otuz tatar, qitan, tatabi bunça budun kelipen, sıytamis, jıylamis. КТү.4 «Жылап-сықтаған: әуелі (алдымен) күн шығыстан Бөкли шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, отыз татар, қытан, татбылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады» Айд.І, 172.

√-ja/-je. Бағытты білдіретін **√-jal/-je** қосымшасының мән-мағынасы мен қызметі **√-yaru,-gerü,-narul/-nerü** жұрнағының қызметі мен мағынасына сәйкес келеді. Ескерткіштер тілінде: *qurıja* → *qurı+ja* «батыста»: Anta kisre itjilqa үч qarluq jablaq saqinip teze bardı qurıja on oqqa... Tap.26 «Содан соң ит жылы үш қарлуқ өтирік сатылып, қашты, батыстағы он оққа...» Айд.ІІІ,180; *birije* → *biri+je* «оңы, оң жақта», *jiraja* → *jira+ja* «солы, сол жақта»: Biriye tabyaç budun ja'yiermis, jiraja Baz qağan toquz o'uz budun ja'yı ermis, qırq az, qurıqan, otuz tatar, qitan,

tatabi - qor jaıı ermis. КТү.14 «Оңында табғаш халқы жау еді, солында Баз қаған тоғыз оғыз халқы жау еді» Айд.ІІІ, 60.

√-a/-e. Орхон, Енисей, Талас мұралары тіліндегі √-a/-e қосымшасы ескерткіштер тіліндегі мекен үстеулерін жасайды. Ескерткіштер тілінде: *üze* → **üz+e* «үстiде», *ekin ara* → *ekin *ar+a* «екеуінің арасында»: *Üze kök tenri Asra jayız jir qilintiқта Ekin ara kisi oılı qilınmıs Kisi oılınta üze eüm-aram Bumın qaıan, Istemi qaıan oturmış* КТү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында кісі (адам) баласы жаралған. Адам баласын басқаруға Бумын қаған, Істемі қаған отырған» Айд.І,171; *Üze tenri basmasar, Asra jir telinmeser Türk budun ilinın, törüninkim artatı? Türk budun ökün* КТү.22 «Үстіңнен тәңірі баспаса, астында жер айрылмаса, түрк халқының елін, мемлекетін кім құртады. Түрк халқы өкін!»; *Özlik at önjirde arıp, önjür turuq almış, Tenri küçine tay üze jul sub körüpen, jışüze jaš ot körüjor ijub arıpan, sub içipen, jaşıpen ölümde ozmış tir* ЫБ.17 «Өзiндiк ат iлкi жерде арып, өңiп, жүре алмай, тұрып қалды, Тәңiрi күшiмен тау үстiнен суға жол көрiп, жас шөп көрiп, жүре барып, су iшiп, өлiмнен құтылды дер» Айд.ІІІ, 161.

√-ča/-če – сын-бейне мәнді үстеулер жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *otča* → *ot+ča* «отша (от сияқты)», *borča* → **bor+ča* «боранша (боран сияқты)»: *Türgis qaıan süsi Bolčuda otča, borča kelti. Sünüsdimiz. Kültegin Başıu boz at binip tegdi. Boz at... KТү. 37* «Түргеш қаған әскері отша, боранша келді» Айд. I, 179 ~ қаз. *otša* → *ot+ša*, *boranša* → *boran+ša*; *ögüzče* → *ögüz+če* «өзенше, суша», *tayča* → *tay+ča* «таудай»: *Qanıñ ögüzče jügürti, söñüküg tayča jatdı* БҚ.20 «Қаның суша ақты, сүйектерің тауша үйіліп жатты» ~қаз. *özenşe* → *özen+če*, *tawša* → *taw+ša*; *subča* → *sub+ča* «суша»: *Barduq jirde edgüg ol erinč. Qanıñ subča jügürti, sünükün tayča jatdı. Begilig urı oılıñ qul boltı, silik qız oılıñ күñ boltı. Bilmedük üçün jablaqıñın üçün eсім qaıan uča bardı* КТү.24 «Барған жерден не жақсылық таптың? Қаның судай ақты, сүйегің таудай болып жатты. Бек ұлдарың құл болды, сұлу қыздары күң болды. Білмегенің үшін, жамандығың үшін ағам қаған ұшты (дүниеден өтті)» Айд.І, 176 ~ қаз. *suwša* → *suw+ša*; *köñlünče* → *köñlün+če* «көңіліңше, көңіліңдегідей»: *Qaıanım ben özüm bilge Tonijkuqötüntük ötünçümin esidü berti köñlünče udız tidi. Kök önjüg juyuru Ötüken jısyaru udıztim*

Тон.15 «Қағаным мен өзім бірге Тониқуқ өтінген өтінішімді естіді, көңілдегіше жүргіз, - деді. Көк Өңүг таптай Өтүкен қойнауына жүргіздім» Айд.ІІ, 107; Bu süg elt tidi. Qi jiniy könlünçe aj Ben saña ne ajajin tidi. Kelip erser kü er ükülür. Kelmez erser Tiliy sabiy ali olur tidi. Altun jış da olurtimiz Тон.32 «Бұл әскерді өзің баста, - деді. Қиындықты көңліңше шеш, мен саған /басқа/ не айтайын, деді. Келер болса, күш көбейер. Келмесе егер /онда/ тілді, сөзді ала отыр, - деді. Алтын қойнауында отырдық» Айд.ІІ, 110 ~ қаз. *köniliñşe* → *köniliñ+şe*; *erigçe* → *erig+çe* «ерше, ер сияқты»: Beg *erigçe* Sabiq basar eçimiz E.32 «Бек ерлер сияқты біздің туысымыз Сабық басар» ~ қаз. *erşe* → *er+şe*.

√-*çal/-če* жұрнағы мөлшер үстеулерін де тудырады: *anča* → *an+ča* «осылай, сонша»: *Anča tip, tabyaç qayanqa jayı bolmis* КТү.9 «Осылай деп, табғаш қағанға жау болды» Айд.І, 173; *Üze türk tenrиси, türk iduq jiri, subı anča timis*: КТү.10 «Көкте түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жері-суы былай депті» Айд.І,173; *bunča* → *bun+ča* «бұнша/мұнша, сонша»: *Bödke özüm olurup bunča ayir törüg tört bulundaqıbudunıy ... itdim* БҚ.2 «Тақта өзім отырып бұнша ауыр төрелікті төрт тараптағы халықты ... еттім»; *Juçi-sigıtçi: öñre kün toysıqda Bökli çöllig il tabyaç, tüpüt, apar, purum, qiriq az üç qurıqan, otuz tatar, qıtan, tatabi bunča budun kelipen, sıytamis, jıylamis. Antay kulig qayan ermis* КТү.4 «Жылап-сықтаған: әуелі күн шығыстан Бөкли шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, отыз татар, қытан, татбылар – сонша халық келіп, жылап-сықтады Осындай сыйлы қаған еді» Айд.І, 172 ~ қаз. *tunša* → *tun+ša*, *bunša* → *bun+ša*.

Көнетүркілік √-*çal/-če* жұрнағы қазіргі қазақ тілінде √- *ša/- še* тұлғасында кеңінен қолданылады. Қазақ тілінде √- *ša,- še* есім сөздерге жалғанып үстеулер туынды жасайтын қосымша морфема: *balaša* → *bala+ša* (балаша қуану), *ijtše* → *ijt+še* (итше ырылдасу), *erekše* → *erek+še*, *ekekše* → *erkek+še* (еркекше киіну), *oñaša* → **oña+ša*, *örtše* → *ört+še* (өртше шарпу), *suša* → *su+ša* (өтірікті суша сапыру), *waqıtša* → *waqıt+ša*, *äzirše* → *äzir+še/qazir* → *qazir+ še* т.б.

Зерттеушілер √-*ča,-če,-ša,-še* формантының шығу тегін дербес лексемалық деңгейдегі *ša*қ «уақыт, кез, сәт» (жастық шақ) тұлғасымен байланыстырады: «Происхождение аффикса -*çal/-чэ* устанавливается сравнительно легко. Он восходит, по общему мнению, к отдельному

слову *чак* «время», «пора», «момент», которое и ныне употребляется как отдельное слово, например: *без бала чакта* «во время нашего детства». Таким образом *татар-ча* происходит от *татар-чак* (собственно: «татарский лад», «татарский манер» - «на татарский лад», по-татарски»). Когда элемент *чак* в подобного рода сочетаниях утратил свое первоначальное содержание и стал осознаваться как служебный грамматический элемент, он утратил также и стандартность»¹.

√-ti/-ti жұрнағы мөлшер үстеулерін және сын-бейне мәнді үстеулер тудырады: *tüketi* → **tüke+ti* «түгел»: *Sabimîn tüketi esitgil ulaju ini-jigünim, oylanım, bir-ekioyüşim, budunım, birije-şad apit begler, jiraja-tarqat bujruc begler, otuz...КТк. 1* «Сөзімді түгел есіткін соңымдағы іні-жиенім, ұлым, жақын руым, халқым, оңымда шад апыт бектер, солымда тарқандар бұйрық бектер, отыз»; *edgüti* → *edgü+ti* «жақсылап, мұқият»: *Toyuz oyuz begleri, budunı, bu sabimîn edgüti esid, qatıydı tınđa! İlgeru kün toysıqqa, birgeru kun ortusınaru, qurıyaru kün batsıqıña, jıraru tün ortusınaru anta içreki budun qor maña körür, ança budun qor itdim КТк.2* «Тоғыз оғыз бектері, халқы бұ сөзімді жақсы есіт, қатты тыңда! Ілгері – күншығыста, оңжақта – күн ортада, кейін-күнбатыста, солжақта түн ортасында – соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды, халықты осынша көп еттім». Айд.ІІІ, 53.

√-la/-le сын-бейне мәнді үстеулер жасайтын жұрнақ: *birle* → *bir+le* «бірге»: *Şaça señün sekiz tümen birle süñüsdim, süsin anta ölürtim. Altı otuz jaşıma çik budun qırq az birle jaıı boltı БҚ.26* «Чача сенүн бастаған әскермен (бірге) соғыстым, әскерін өлтірдім (қырдым). Жиырма алты жасымда чік халқы қырқ азбен бірге жау болды» Айд. ІІІ, 82-83 ~ қаз. *birge* → *bir+ge*

Көнетүркілік үстеу тудыратын **√-la/-le** жұрнағының қызметін қазақ тілінде **√-qal/-ke, -yal/-ge** қосымшасы атқарады: *äzirge* → *äzir+ge*, *birge* → *bir+ge*, *zorya* → *zor+ya*, *bosqa* → *bos+qa*, *bekerge* → *beker+ge* т.б.

√-teg. Ескерткіштер тіліндегі дербес лексема *teg* «тек, текті, тектес» сөзі өзінің алдындағы есім сөздермен де, етістіктермен де тіркесіп келіп, үстеу мәнін беретін **√-daj/-dej, -taj/-tej** қосымшасының қызметінде жұмсалады: *böriteg* → *böri+teg* «бөрідей», *qojteg* → *qoj+teg* «қойдай»: *Teñri küç bertük üçün qañim qağan süsi böriteg ermis, jaıısi*

¹ *Дмитриев Н.К.* Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 47.

qojteg ermis. Igerü-qurıyaru sülep tirmič, qobartmīč. КТү.12 «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті» Айд.ІІІ, 59 ~ қаз. *böridej* → *böri+dej*, *qojdaj* → *qoj+daj*; *körmesteg* → *körmes+teg* «көрместей», *bilmezteg* → *bilmez+teg* «білместей»: Inim Kültegin kergek boltı. Özim saqintım. Körür közim körmesteg, bilir biligim bilmesteg boltı. Özim saqintım. Öd teñri jasar, kisi oǵlı qor ölgeli törümis КТү.50 «Інім Күлтегін қаза болды. Өзім қайғырдым. Көреп көзім көрместей, білер білігім білместей болды. Өзім қайғырдым. Уақытты тәңірі жасар, адам баласы бәрі өлгелі туған» Айд.ІІІ,70 ~қаз. *körmestej* → *körmes+tej*, *bilmestej* → *bilmes+tej*.

√-seg/-cīy,-cīy үстеу тудыратын қосымша морфема. Көне түркі ескерткіштері тілінде қолданылатын √-cezl/-cīy қосымшасын А.Есенқұлов «қазіргі түркітілдерінің кейбіреуінде болмаса, қолданылудан ығысып қалған жұрнақтар қатарына»¹ жатқызады. Қазақ тілінде үстеу жасайтын √-seg/-sīy, -cīy жұрнағының қызметін √-šal/-še форманты атқарады.

Ескерткіштер тілінде: *ödseg* → *öd+seg* «уақытша, белгілі бір уақытта»: Teñri jarılqaduq üçün özüm otuz artuqı üç jaşıma uq erti, *ödseg* öt üleg küçig idmiš qayanı jañiltı БҚ.34,35 «Тәңірі жарылқағаны үшін өзім отыз үш жасымда хан болдым, уақытша күшейген қағаны жаңылды»; *adincīy* → *adın+cīy* «айрықша, ерекше»: Tabıaç qayanıñ içreki bedizçig iti. Añar adincīy barq jaraturdim. İçin-tašin *adınçiy* bediz urturdim, taş toqıtdım. КТк.12 «Табғаш қағаны іштегі бедізшісін /шеберлерін/ жіберді. Оларға ерекше жай салдырдым. Іші-тысын ерекше өрнектеттім, тас тоқыттым».

√-qu,-kü,-qı/-ki,-yu/-gü негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема. Ескерткіштер тілінде: *başyu* → *baş+yu* «басқы»: Türgis qayan süsi Bolçuda otča, borçakelti. Sünüsdimiz. Kültegin başyu boz at binip tegdi. Boz at... КТү. 37 «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді. Соғыстық. Күлтегін басқы боз атын мініп тиді» Айд.І, 179 ~ қаз. *basqı* → *bas+qı*; *körgü* → *kör+gü* «бағынышты»: *Körgünin* üçün igidmis bilge qayanıña ermis, barmis

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 188,189-беттер.



edgü iline kentü, jañiltıy, jablaq kigürtig. Jariqliy qantan kelirjana eltdi? КТү.23 «Бағынғаның үшін /сені/ асқақтатқан білгіш қағаныңа ерген, ілескен жақсы еліңнің алдында өзің жаңылдың, жамандық әкелдің. Жарақты қайдан келіп айдап кетті?» Айд.І, 176. Көнетүркілік $\sqrt{-qu,/-kii, -qil/-ki, -yul/-gü}$ морфемасы қазақ тілінде: $\sqrt{-yil/-gi, -qil/-ki}$ тұлғасында сақталған: *alyaşqı* → *alyaş+qı*, *basqı* → *bas+qı*, *žazyı* → *žaz+yı*, *keški* → *keš+ki*, *soñyı* → *soñ+yı* т.б.

$\sqrt{-in/-ün}$ мезгіл және қимыл-сын мәнді үстеулер тудыратын қосымша. Көне түркі жазбалары тілінде құралдық септіктің қосымшалары $\sqrt{-n, -in,/-in, -ün/-un}$ форманты жалғанған сөздердің мезгілдік, қимыл-сындық мәні де айқын: *küzün* → *küz+ün* «күзде»: Аңір ол јіл күзүн ilgerü joridim, tatarıy atdim МЧ.20 «Бұдан кейін сол жылы күзінде ілері жүрдім, татарға аттандым Айд.ІІІ,142; *qorın* → *qor+in* «көбісі»: *Süsi üç biñ ermis. Biz eki biñ ertimiz. Sünjüsdimiz. Teñri jarılqadı jandıq jolta jeme ölti kük. Anta ötrü oғuz qorın kelti. Kelürtim ök?* Тон.16 «Әскері үш мың еді. Біз екі мың едік. Соғыстық. Тәңрі жарылқады қайттық, қайтар жолда тағы да көп өлді бәлкім. Содан соң оғыз түгел келді» Айд.ІІ, 107.

А.Н.Кононов түркі жазба ескерткіштері тіліндегі құралдық септіктің $\sqrt{-n, -in,/-in, -ün/-un}$ қосымшалары арқылы жасалған үстеулерге *jadaγin* → *jadaγ+in* «жаяу, жаяулап», *jaliñin* → *jaliñ+in* «жалаңаш-жалпы» лексемаларын да қосады: *Jir-sajubarmiš budunölü-jitü jadaγin-jalañin jana kelti. Budunıy igidejin tijin, jıryaru oғuz budun tара, ilgeru qıtan, tatabı budun tара, birgerü tabγaş tара uluγsü eki jegirmi...* *sünjüsdim* КТү.28 «Жер сайын (жер-жерге) тараған халық өліп-жітіп, жаяу-жалаңаш қайта келді. Халықты көтерейін деп, терістікте оғыз халқына қарсы, ілгері қытан, татабы халықтарына қарсы, бергері табғашқа қарсы үлкен әскер мен он екі /рет/ соғыстым» Айд.І, 177.

$\sqrt{-dan/-den, -tan/-ten}$ мекен мәнді үстеулер жасайтын шығыс септігінің қосымшасы. Ескерткіштер тілінде: *önđen* → *önđ+den* «алдынан»: *Qırq azda jantımız Türges qaγanta körüg kelti. Sabı anteg önđen qaγanγaru Sü jorilim timis jorimasar bizni Qaγanı alp ermis Ajγučisi bilge ermis Kaç neñ erser* Тон.29 «Қырқ аздан қайттық. Түргеш қағанынан

¹ Қараңыз: Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 140.

елші келді. Сөзі мынадай: алдынан қағанға қарай Әскер жіберейік, - деді /егер/ Жүргізбесек бізді Қағаны – алып Ақылшысы – білгіш Қайтсек те» Айд.ІІ, 109.

Қазақ тілінде де шығыс септігінің қосымшалары $\sqrt{-dan/-den, -tan/-ten, -nan/-nen}$ жалғанған сөздер мекендік-бағыттық мән беріп, үстеу қызметінде жұмсалады: *aldan* → **al+dan*, *arttan* → *art+tan*, *astinan* → *asti+nan*; *zoyaridan* → *zoyari+dan*, *tömennen* → *tömen+nen*, *üstinen* → *üsti+nen* т.б.

$\sqrt{-da/-de, -ta/-te}$ қосымшалары мекен үстеулерін тудыратын форманттар қатарынан орын алады, негізінен сілтеу есімдіктерінің жатыс септігі тұлғасына сәйкес келеді. Ескерткіштер тілінде: *anta* «сонда, содан соң»: *Temir qarïyqa tegiirtimiz. Anta janturdïmïz Inel qaïanqa... tezïk, toqrïsin* Тон.45 «Темір қақпаға дейін қудық Сонда қайтардық Інел қағанға тәжік, тоқар»; *Anta jerüki suq basliy Soydaq budun köp kelti. Ol künte tegti Türk budun Temir qarïyqa* Тон.46 «Сонда Суқ бастаған соғды халқы көп келді. Сол күндері Түркі халқы Темір қақпаға жетті» Айд.ІІ,112; *bunta* → *bun+ta* «сонда, мұнда»: *Qayan at bunta biz birtimiz, sinlim kunçujliybirtimiz özi janïlti, qayan ölti, budunï küñ, kul bolti.* КТү.20 «Қаған атын мұнда біз бердік, қарындасым бикешті бердік Өзі жаңылды, қағаны өлді, халқы күң, құл болды.» Айд.І, 175 ~қаз. *bunda* → *bu(n)+da*, *munda* → *mu(n)+da*.

Жалпы түркі тілдеріндегі туынды үстеулер екі түрлі жолмен жасалатыны белгілі: бірі - сөз тудырушы жұрнақтар арқылы, екіншісі – басқа сөз таптарына тән әртүрлі сөздер мен кейбір көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалады. Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі туынды үстеулердің жасалуы да осы жүйеге негізделгенін көрсеткен А.Есенқұлов: «Септік жалғауларының көнеленуі арқылы бірер ғана туынды сөздер кездеседі. Бұл туынды үстеулер тұлғасы жағынан септік жалғауларына жақын болғанмен, мағынасы жағынан мүлде алыстап, септік жалғаулы сөз қалпында қабылданымай қалыптасып кеткен үстеу ретінде танылады»¹, - деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, ғалымның көрсетуі бойынша ескерткіштер тіліндегі үстеулердің мағыналық топтары мен қазіргі қазақ тіліндегі үс-

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 189,190-беттер.



теулердің мағыналық топтарымен негізінен сәйкес келеді, тек көне түркі тілінде себеп-салдар үстеулері кездеспейді.

§ 10. ЕТІСТІКТЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Түркі тілдеріндегі күрделі сөз таптарының бірі етістіктер қимылды, процесті, әр түрлі өзгерістер мен құбылыстарды білдіретін сөздер тобын құрайды. Етістіктердің күрделі мазмұндық-тұлғалық құрылым екенін олардың лексика-семантикалық ерекшеліктерінің ауқымдылығынан, негізгі тұлғасы түрленетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан, түрленген тұлғалардың жиі трансформациялануынан, сөйлемдегі қолданысынан аңғаруға болады. «Етістіктің түбіртұлғасы (негізгі тұлғасы) қимылды, іс-әрекетті, процесті білдіреді және ол етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі жалпы грамматикалық мағынасы, ал бұйрық райдың екінші жағы сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма арқылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық грамматикалық мағынасы болып табылады»¹.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіші тіліндегі етістіктер де басқа сөз таптарына қарағанда күрделі табиғатымен ерекшеленеді. Ғ.Айдаров Тоникук ескерткіші тіліндегі етістіктерді үш мағыналық топқа бөліп қарастырады: 1. Қозғалыс қимылды білдіретін етістіктер: *aç* «аш, ашу», *as* «ас, асу», *etlit* «ет, ету», *bar* «бар, бару», *bin* «мін, міну», *biti* «жаз, жазу», *jan* «қайт, қайту», *jïy* «жи, жию», *jel* «жел, желу», *kel* «кел, келу», *keç* «кеш, кешу», *öt* «өт, өту», *qal* «қал, қалу», *tez* «қаш, қашу», *teg* «ти, тию, жет, жету», *tüs* «түс, түсу», *uç* «ұш, ұшу», *ur* «ұр, ұру», *ïd* «жібер»; 2. Әрекетті білдіретін етістіктер: *atlat* «аттан», *elt* «жүргіз», *egid* «көтер», *jügür* «жүгір», *joyla* «жоқта», *qağanla* «қағанда», *qon* «қон, қону», *oyraqla* «кідір, тоқта», *ötün* «өтін, өтіну», *ögle* «талқылау», *sana* «сана», *saqin* «ойлан», *süle* «соғыс», *tiril* «тіріл, жинал», *ti* «де, айт», *topla* «топта», *tuj* «түй»; 3. Күй-жайды білдіретін етістіктер: *adïr* «айыр, айы-

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – 496-бет.

ру», *alqin* «алқын, алқыну, әлсіреу», *aqla* «аңла, байқа», *bol* «бол, болу», *ja* «ку, қуу», *imat* «жат, жату», *iparat* «жарат, жарату», *iyorii* «жүр, жүру, көшу», *qabis* «түн қату», *tinla* «тыңда, тыңдау», *olur* «отыр», *una* «ұна, ұнау», *üz* «үз, үзу»¹. Орхон, Енисей, Талас мұраларына жататын барлық ескерткіштер тіліндегі етістіктерді семантикалық жағынан осы жүйеде топтастыруға болады.

Ескерткіштер тіліндегі етістіктер де құрылысына қарай түбір (негізгі) және туынды етістіктерден тұрады. Түркі тілдерінің агглютинативті табиғатына сай түбір етістіктерге қарағанда туынды етістіктер анағұрлым жиі қолданылады. Түбір етістіктер екі типке бөлінеді: етістік-есім мағыналы синкретизмдер және таза етістік түбірлер. Бірінші дәрежелі түбір синкретизмдер тілдің дамудың өте ежелгі қабаттарына тән құрылым болғандықтан ескерткіштер тілінде сирек кездеседі, етістік мәнді түбірлер біршама жиі қолданылады.

Болымды және болымсыз етістіктер. Етістіктердің қимыл мен іс-әрекеттің жүзеге асу, аспауына байланысты болымды және болымсыз болып бөлінуі де оның басқа сөз таптарынан ерекшелігін сипаттайды. Болымды етістік іс-әрекеттің, қимылдың болғанын, болып жатқанын немесе болатынын көрсетсе (*bol*, *jel*, *jori*, *süle*, *qal* т.б.), болымсыз етістіктердің қимыл мен іс-әрекеттің болмағанын, болып жатпағанын, алда да болмайтынын білдіреді (*bolma*, *jelme*, *jorima*, *süleme*, *qalma* т.б.). Ескерткіштер тіліндегі болымсыз етістіктер $\sqrt{\text{ma-}}$ те қосымшасы арқылы жасалады.

Ескерткіштер тілінде: *tegme* → *teg+me*, *tegürme* → *tegür+me* «тима»: *Prëgu Šantun jazıqqa tegisüledim. talujqa kiçig tegmedim. Birgerü Toquz Ersenke tegi süledim. Tüpütke kiçig tegmedim. Qurıyaru – Jinçü ügüz keçe KTk.3 «Ілгері Шантуң жазыққа дейін соғыстым, теңізге кішкене жетпедім. Бергеріде Тоғыз Ерсенге дейін соғыстым. Тибетке кішкене жетпедім. Кері қарай Сырдария өзенін кеше»; Ekinti İšbara jamtar boz atıy binip tegdi. Ol at anta ölti. Üçünç Jegin Silig begin kedimlig toriy at binip tegdi. Ol at anta ölti. Jaraqinta, jalmasinta jüz artuq oqun urti, jizke basıja bir tegürmedi KTү.33 «Екінші /рет/ Ышбара қолбасының боз атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді. Үшінші /рет/ Иегін Сілікбектің ерттеулі торы атын мініп тиді. Ол ат сонда өлді. Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді, дулығалы басына бірі де тимеді» Ай.І,*

¹ Айдаров Ф. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 68-бет.

168, 178 ~ қаз. *tijme* → *tij+me*; *qılma* → *qıl+ma* «қылма»: Анча қазғанып бірікі будунығ от суб қылмадым КТү.27 «Сонша құрап, біріккен халықты от-су қылмадым» Айд.І, 177 ~ қаз. *qılma* → *qıl+ma*; *bolma* → *bol+ma* «болма», *udıma* → *udı+ma* «ұйықтама», *olurma* → *olur+ma* «отырма»: Neñ jılsıy budunqa olurmadım. İçire aǵsız, taşra tonsız, jabız, jablaq budunta üze olurtım. Inim Kültegin birle sözleş dimiz. Qañımız, eçimiz qazyanmış budun atı-küsi joq *bolmazun-tijin*, Türk budun üçün tün *udımadım*, küntüz *olurmadım* КТү. 26 «Ең болмаса, бай халыққа отырдым. Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз нашар халыққа отырдым (билік еттім). Інім Күлтегінмен сөйлестік. Әкеміз, ағамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмады» Айд.І, 176-177~қаз. *bolma* → *bol+ma*, *ıjıqtama* → *ıjıqta+ma* «ұйықтама», *otırma* → *otır+ma*; *basıtma* → *basıt+ma* «басындырма»: Olurın tıjin timis. Jelme qarayu edgüti urııl basıtma timis. Böğü qayan bañaru ança aǵıdmıs. Apa tarqanaru içre sab idmıs. Bilge Tonıjkuq anıy ol öz ol añlar Тон. 34 «Отыра бер, - депті. Асықпа күзетшіні жақсылап қойың. Бастырма, - деді. Бәгі қаған маған осыны айтты. Апа-тарқанға құпия сөз жіберді. Білге Тоникуқ сүм (ақылды) ол өзі аңлар (аңғарар) » Айд.ІІ,110 ~ қаз. *basındırma* → *basındır+ma*. Тілдің даму барысындағы дауыссыздар үндестігінің тереңдеуіне байланысты қазақ тіліндегі болымсыз етістік жасайтын қосымшалардың үш түрлі варианттары *√-mal-me*, *-bal-be*, *-pal-pe* қалыптасқан.

Түркі тілдеріндегі етістіктердің аффикстік сөзжасам жүйесі монғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі етістіктердің сөзжасам жүйесімен көп жағдайда сәйкес келіп жатуына¹ байланысты түркі етістіктерінің қосымша морфемалар арқылы жасалу амалы түркі тілдері дамуының ежелгі кезеңдерін сипаттайтын құбылыс ретінде қарастырылады².

VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі етістік тудыратын қосымшалар қазіргі түркі тілдеріндегі етістіктердің сөзжасам жүйесіне сәйкес келеді.

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – Москва: Наука, 1957. – С. 173.

² Сравнительная грамматика тюркских языков: Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С.424.

Етістік тудыратын жұрнақтар		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-a/-e	-a,-e
2	-i/-i, -u/- ü	-i/-i
3	-la/-le	-la/-le, -da/-de, -ta/-te
4	-q/-k,-iq/-ik,-uq/- ük	-q/-k,-iq/-ik
5	-is/-is,-iš/-i š, -uš/- üš	-is/-is,-iš/-iš
6	-n, -in/-in,-un/- ün	-n, -in/-in
7	-sira/-sire	-sira/-sire
8	-ad/-ed	Ø
9	-l,-il/-il	-l,-il/-il
10	-šur/-šür/-čur	Ø
11	- qiš	-qiš/-kiš,-γiš/-giš
12	-t/-it/-it	-t/-it/-it
13	-ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r	-ir/-ir,-ar/-er,-r

√*-a,-e* – есім сөздерден етістік жасайтын қосымша морфема. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сирек қолданылатын √*-a,-e* жұрнағы жалғанған сөздердің мағынасы әр тарапты болып келеді. √*-a,-e* формантының сөзжасамдық қызметін саралаған А.Н.Кононов осы тұлғаны қабылдау арқылы жасалған туынды сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсетеді: «Аффикс *-alä* образует глаголы переходные – со значением обратить в предмет, объект действия то, что названо производящей основой; непереходные – со значением названия процесса действия, выведенного из значения исходной основы: *at+a* «называть», «давать имя», «титуловать» МЧ.12 *at*«имя»...»¹. А.Н.Баскаков √*-a,-e* қосымша морфемасының қалыптасу жолын √*-la,-le* жұрнағымен байланыстыра отырып, контоминациялық үдерістердің нәтижесі ретінде қарастырады².√-

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград:Наука,1980. – С.116.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – Москва, 1952. Т.II,Ч.I – С. 203.

a,-e қосымшасы негізінен бір буынды түбір-негіздерге жалғанатын архаикалық көрсеткіш ретінде сипаттаған Э.В. Севортян қосымшаның көнелік белгілері оның мәнінен де аңғарылатынына назар аударады: «На большой исторический возраст глаголов с аффиксом *-a* указывает так же их значения. Среди глаголов на *-a* имеется значительное число слов с весьма обобщенной семантикой, что свойственно глаголам древнего образования»¹.

Ескерткіштер тілінде: *ata* → *at+a* «ата, атау»: *Jabyu atadi, anta kisre qanim ucdi, qara budun ... qilnims* МЧ.12 «Жабғы атады, содан кейін әкем қаған ұшты (қайтыс болды), қара халық бағынды» Айд.Ш, 136, 141 ~ қаз. *ata* → *at+a*; *jaša* → *jaš+a* «жаса (өмір сүр)»: *Kultegin ol sunüsde otuz jašajur erti. Alp Šalči aq atin binip oplaju tegdi.* КТү.42 «Күлтегін ол соғыста отыз жасар (жасаған) еді Алып Шалшы ақ атын мініп шабуылға шықты»; *Qara költe sunüşdimiz. Kultegin bir qırq jašajur erti.* КТү.42 «Қара көлде соғыстық, Күлтегін отыз бір жасар (жасаған) еді» ~ қаз. *žasa* → *žas+a*; *sana* → *san+a* «сана»: ДТС, 478; ДТД, 67; КТк. 9; Тон. 42. *Ol sub qodı bardımiz. Sanayali tösürtimiz Atiü iqa bajur ertimiz Kün jeme tün jeme jelü bardımiz Qiriq aziü uqa basdımiz* Тон.27 «Сол сумен төмен жүрдік Санағалы тоқтадық Атты бұтаға байладық Күн демей желіп бардық Қырық азды ұйқыға бастық» Айд. II, 109 ~ қаз. *sana* → *san+a*; *tile* → *til+e* «тіле»: *Kögmen joli bir ermis Tumus tijin esidip Bu jolin jorisar jaramacı tidim Jerči tiledim Čölgi az eri boltım* Тон.23 «Көгмен жолы бір еді, Тымық дегенді есітіп, Бұл жолмен жүруге жарамайды дедім. Жершіл /кісі/ (жол көрсетуші) тіледім /Ол/ Шөлдік аз ері болды.» Айд. II, 108 ~ қаз. *tile* → *til+e*. Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі етістік тудырушы $\sqrt{-a,-e}$ жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде де қолданыста.

Көнетүркілік $\sqrt{-a,-e}$ қосымшасы қазақ тілінде де осы тұлғада, етістік тудырушы жұрнақ қызметінде қолданылады: *asa* → *as+a*, *bosa* → *bos+a*, *qula* → **qul+a*, *qura* → *qur+a*, *sura* → **sur+a*, *žama* → **žam+a* т.б. «Қазіргі қазақ тілінде *-a/-e* көрсеткіші өнімсіз болып табылады. Ол негізінен «өлі» түбір-негіздердің құрамында сақталып қалған. Тілдің даму барысында «өлі» түбірлердің *-a/-e* аффиксімен кірігіп,

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С.212.

тұтасып кеткендігі соншалықты, бұл көрсеткіштерсіз оларды дербес сөз ретінде қабылдау қиын»¹ деп, -ой түйген профессор Ж.Манкеева $\sqrt{-a,-e}$ жұрнақтары арқылы туындаған етістік тұлғаларды тек арнайы жасалған тарихи талдаудың нәтижесінде ғана екі құрамдас морфемаға бөлуге болатынын көрсетеді.

$\sqrt{-i/-i,-u/-ü}$ – көне түркі тіліндегі етістіктер жасайтын жұрнақ. «Аффикс *-i,-i,-u,-ü* образует глаголы чаше медиального значения с семантикой приобретать качество, свойство, обозначенное производящей основой»². Көптеген зерттеушілер түркі тілдеріндегі $\sqrt{-i/-i}$ морфемасын етістік пен есімдердің жіктелу кезеңінде-ақ белсенді қолданыста болған $\sqrt{-a,-e}$ формантының қысаң нұсқасы ретінде қарастырады.

Ескерткіштер тілінде: *biti* → **bit+i* «жаз, жазу», *toqı* → **toq+i* «қаша (тасты қашау): *Bu erig erser, emtike erig jirte erser, anča erig jirte bengü tas toqıtdım, bitidim. Anı körip, anča bilin! Ol taş... dım. Bu bitig bitigmeAtisi Jollıy tigin* КТк.13 «Бұ аялдама болса, енді ол аялдама болса, сол аялдама жерге мәңгі тас тоқыттым /қалаттым/, жаздым. Оны көріп солай білің. Ол тас ты қалаттым. Бұ жазуды жаздырған -туысы Йоллығ тегін» Айд.1,171.

Қазақ тілінде көнетүркілік $\sqrt{-i/-i,-u/-ü}$ қосымшаның $\sqrt{-i/-i}$ нұсқасы тұлғалық жағынан да, қызметі жағынан да толық сақталған. Профессор Ж.Манкеева қазақ тілі деректері бойынша $\sqrt{-i/-i}$ қосымшасы арқылы жасалған 63 императив етістіктің жиналғанын көрсете отырып, олардың 59-ы тарихи туынды лексема екенін айтады, мысалы: *arı* → **ar+i*, *ajni* → **ajn+i*, *beki* → **bek+i*, *dami* → **dam+i*, *eri* → **eri+i*, *žani* → **žan+i*, *žari* → **žar+i*, *žasi* → **žas+i*, *žeki* → **žek+i*, *žori* → **žor+i*, *žoci* → **žos+i*, *keji* → **kej+i*, *qaji* → **qaj+i*, *sasi* → **sas+i*, *tani* → *tan+i*, *širi* → **šir+i*, *quri* → **qur+i*, *nalı* → **nal+i*, *moji* → **moj+i*³.

$\sqrt{-la/-le}$ етістік тудыратын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Көне түркі тіліндегі $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасының негізгі мағыналары: зат есімдерге жалғанып іс-әрекет үдерісін білдіреді; іс-әрекеттің орнын,

¹ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 71-бет.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.116-117.

³ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 93-бет.

бағытын сипаттайды; іс-әрекеттің мезгілі мен уақытын білдіреді. $\sqrt{-la/-le}$ жұрнағы арқылы жасалған етістіктердің тура мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздердің семантикалық-аялық шеңберінен алыстамайды. $\sqrt{-la/-le}$ қосымша морфемасын ортақ етістің грамматикалық категорияларымен байланыстырған М.А.Ахметов қосымшаның сабақты етістіктердің ырықсыз етіс формасының көрсеткіші бола алатынын айтады¹. Түркі тілдеріндегі есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ $\sqrt{-la/-le, -dal/-de, -tal/te}$ тұлғалары іс-әрекеттің дүркінділік, қайталамалық мәнін беретін қосымша ретіндедеқарастырылады.

Ескерткіштер тілінде: *aŋla* → *aŋ+la* «аңла, түсін, аңғар, байқа» СДЕ, 209; ДТС, 46; Орх; Е; Тал.: *Ara tarqanγaru iĉre sab idmīs, Bilge Tonijkuq aniy ol öz ol aŋlar* Тон,34 «Апа-тарқанға құпия сөз жіберді. Білге Тоникуқ сұм (ақылды) ол өзі аңлар (аңғарар)» Айд.ІІ,111~қаз. *aŋla* → *aŋ+la*; *atla* → *at+la* «аттан»: *Qaγanima ötüntüm sü jaramaĉi, atlas tidim Aq termel keĉe oγraqlatdim At üze bintüre qariy sökdım Joγaru at jete jadayin iγaĉ tutunu ayturtum* Тон.25 «Қағаныма өтіндім: әскер жүргіздім. Аттаныңдар! – дедім. Ақ термелді өте бұйырдым. Атқа қайта міндіріп қарды аршыдым. Жоғары атты жетектеп ағаш ұстап шықтық /көтерілдік/» Айд.ІІ,108 ~ қаз. *attan* → *at+tan*; *başla* → *baş+la* «баста» Орх; Е.: *Qiriq jil tutiq budunim başladim* Е.45 «Қырық жыл ел ұстап, халқымды бастадым (басқардым)»; *Qanım qaγanqa başlaju Baz qaγaniy balbal tikmis. Ol törüde üze eĉüm qaγan oltürti*, КТү.16 «Әкем қағанға Баз қаған бастауымен балбал қойылды. Ол билік /өкімет/ басында ағам қаған отырды» Айд.І, 174 ~ қаз. *basta* → *bas+ta*; *eble* → *eb+le* «үйлену, үйлендіру»: *Ebledim oγlimin* Е.47 «Ұлымды үйлендірдім» ~ қаз. *üjle(n)* → *üj+le(n)*; *jaγla* → *jaγ+la* «жаула, жауласу»: *Taş jaγiy jaγiladim eledim* Е.45 «Сырт жаулармен жауластым (жауладым), жеңдім» ~ қаз. *žawla* → *žaw+la*; *jajla* → *jaj+la* «жайла»: *Jaj anta jajladim* МЧ.20 «Жазда анда жайладым» ~ қаз. *žajla* → *žaj+la*; *jerle* → *jer+le* «жайладым (белгілі бір жерді мекендедім, отырдым)»: *Qara seŋegig jerledim* Е.45 «Қара сеңігті жайладым» ~ қаз. *žerle* → *žer+le*; *jokla* → *jok+la* «жоғарыла»: *Men er erdemın için jokladi* Е.32 «Мен ерлігім үшін жоғарыладым» қаз. *žoyarıla* → *žoyari+la*; *topla* → *top+la* «топтау, жинау, қабаттау, қалыңдату»: *Öz iĉi – tasın tutmīs teg biz Jujqa eriglig tolayali*

¹ Ахметов М.А. Глагол в языке Орхон-Енисейских памятников. – Саратов, 1978. – С. 45-46.

uĉuz ermis, jinĉge eriklig üzgeli uĉuz, jujqa qalın bolsar, *toplayuluu* alp ermis. Тон. 13 «Өз іші – сыртымызды ұстап қана қаламыз Жұқаны топтау/жинау/ – оңай, Жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар» Айд.ІІ, 106 ~ қаз. *topta* → *top+ta*; *qışla* → *qış+la* «қыста»: Мауі Qorған qışlap jazıña oĉuzĉaru sü taşıqtımız. Kültegin beg başlaju qıtımız. Oĉuz jaıı orduı basdı КТү.48 «Мағы қорған қыстап, жазына оғызға әскер шығардық Күлтегін үйді басқаруға кетті. Оғыз жауы орданы басты» Айд.І, 181 ~ қаз. *qışta* → *qış+ta*; *ögle* → *ög+le* «ойла» ДТД, 77; Лев. 173; КТү. 49: Ol üç qaıan öglesip Altun jis üze qabısalım timis. Anĉa öglemis. Öñre türk qaıanĉaru sülelim timis. Anĉaru sülemeser. Kaĉ neñ erser ol bizni Тон.20 «Ол үш қаған кеңесіп: Алтын қойнауында бірігейік деді. Сонша кеңесті Шығыста түрк соғысайық деді. Одан әрі соғыспасақ Қалай болса да ол жеңеді бізді.» Айд.ІІ, 107 ~ қаз. *ojla* → *oj+la* (*uĉim, uq, üjren m.б.*); *qiliĉla* → *qiliĉ+la* «қылышта»: Altı erig sanĉdı. Sü tegisinte jitinĉi erig *qiliĉladı*. Ekinĉi Quşlayaqta ediz birle süñüşdimiz. Kültegin az jaıızın binip oplaju tegip, bir erig sanĉdı КТү. 45 «Алты ерін шанышты. Әскер жеткенде жетінші ерін қылыштады. Екінші /рет/ Қушлағақта едізбен соғыстық. Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып, бір ерін шанышты» Айд.І, 181 ~ қаз. *qilišta* → *qiliš +ta*; *quşla* → *quş+la* «құс аула»: Artzun Артзун *quşladıĉi bilge tutuq joq* Е.48 «Жарайды құс аулаушылар көбейсін, білге тутық жоқ». Көнетүркілік $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасы қазақ тілінде $\sqrt{-la/-le}$ *-dal-de*, *-tal-te* тұлғаларымен қалыптасқан.

Қазіргі түркі тілдеріндегі $\sqrt{-la/-le}$ тұлғалы етістіктер семантикалық жағынан да, функционалдық жағынан да әртүрлі болып келеді, саны жағынан да ауқымды болғанымен, олардың бір бөлігі ғана жалпытүркілік сипатты сақтап қалған¹.

$\sqrt{-q/-k}$, $\sqrt{-iq/-ik}$, $\sqrt{-uq/-ük}$, $\sqrt{-γ/-k}$, $\sqrt{-iy/-ig}$, $\sqrt{-uy/-üg}$ – негізінен сын есімдер мен зат есімдерге жалғанып туынды етістіктер жасайды. «Көне жазбаларда $\sqrt{-iq}$ жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер бұйрық мәнді қимылды (*joluq* «жолық») және іс-әрекеттің нәтижесін (*uduıy* бағын», *taşıy* «аттан») білдіреді².

¹ Сравнительная грамматика тюркских языков: Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С.424.

² Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 198-бет.

Ескерткіштер тілінде: *joluq* → *jol+uq* «жолық»: *Bir jegirmінç aj sekiz jegirmine joluqđim* МЧ. 25 «Он бірінші айдың он сегізінде мен олармен жолықтым» ~ қаз. *žoliq* → *žol+iq*; *tašiq* → *taš+iq* «тасы (тасыну, аттану, жолға шығу)»: *Qañim qaγan jiti jegirmi erin tašiqmis* КТү.11 «Қаған әкем он жеті ермен аттанысқа шықты».

√-*is/-is,-iš/-iš,-uš/-üš* – ескерткіштер тілінде белсенді түрде қолданылатын өнімді жұрнақ. Көнетүркілік √-*is/-is,-iš/-iš,-uš/-üš* морфемасы жалғанған сөздер көне түркі тілінде де екінші дәрежелі синкретизмдер қатарында жиі қолданылады. Бұл аталған қосымшаның есім сөз тудыруға да етістік сөз тудыруға да бірдей қатысы бар полисемантикалық формант екенін көрсетеді. Ескерткіштер тілінде ортақ етістің қосымшасы ретінде етістік түрлендіруші жұрнақ қызметінде де қолданылады. В.Т.Кондратьев түркі тілдеріндегі √-*is/-is,-iš/-iš,-uš/-üš* форманттарын көптік категориясымен сабақтастырса¹, Л.Н.Харитонов √- *is/-is* аффиксінде ортақтық, көптік мәндердің екеуі де бар екенін айтады және ортақтық мәні бірінші қалыптасқан, ал көптік мәнге кейін ие болған деп санайды².

Ескерткіштер тілінде: *sünjüs//sünjüş* → **sün+üs//üş* «соғыс (сүңгілес)»: *Qırq artuqı jiti jolisülemis, jegirmi sünjüs sünjüsmis. Tenñri jarılqaduq üçün illigig ilsiretmis, qaγanlıγı qaγansiratmis, jaγıγ baz qılmis* КТү.15 «Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. Тәңірісі жарылқағаны үшін елін елді, қағандығын қағанды, жауын бейбіт етті»; *Qamuγı biš otuz süledimiz, üç jegirmi sünjüşdimiz, illigig ilsiretdimiz, qaγanlıγı qaγansiratđimiz, tizligig sekürttimiz, Bašliγıγ jüküntürtimiz. Türgis qaγan türkımız/budunim / erti* КТү. 18 «Бәрі жиырма бес /рет/ соғысып, он үш /рет/ шайқастық, елін елдіктен айырдық, қағандығын қағансыз еттік, тізеліні бүктірдік, бастыны жүгіндірдік. Түргеш қағаны түркіміз (өз халқымыз) еді.» Айд.І, 174-175; *uruš* → *ur+uš* «ұрыс» т.б.

Көне түркі тіліндегі √-*is/-is,-iš/-iš,-uš/-üš* қосымша морфемасының мәні мен қызметі қазақ тіліндегі √-*is/-is,-as/-es,-s* жалғауының мәні мен қызметіне сәйкес келеді. √-*is/-is,-as/-es,-s* морфемасы дербес түбірлерге жалғанып, ортақ етістің грамматикалық мағынасын біл-

¹ Кондратьев В.Т. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Ленинград, 1970. – С. 25-26.

² Харитонова Л.Н. Залоговые формы глагола в якуиском языке. – Москва, 1963. – С. 50-51.

дiредi. «Алайда, тiлде тек диахрондық тұрғыдан ажыратылатын императив етiстiктер бiршама мол кездеседi. Олардың құрамындағы $\sqrt{-as/-es,-s}$ аффиксiнiң жiктелуi аса күрделi. Мысалы: **ad-as*, **al/ž-as*, **eg-es*, **žar-as*, **kür-es*, **tal-as*, **ul-as*, **tüg-es* және т.б. Осы қатардағы етiстiктердiң бәрі бiрдей ортақ әрекет мағынасын бiлдiрмейдi. Мысалы, *adas=*, *alžas=*, *žaras=* (киiмi жарасу), *ulas=*. Бұл арада таза етiстiк сөзжасамына тiкелей қатысты деп айтуға болады»¹.

$\sqrt{-n,-in/-in,-un/-ün}$ – ескерткiштер тiлiнде етiстiк түбiрден туынды етiстiк тудыратын қосымша морфема: *ökün* → *ök+ün* «өкiну, қайғыру» ДТД,77; БҚ,38; Е.28: *Antayödke ökünüp, Külteginig az erin irtürüitimiz. Uluy sünüš sünüšmiş. Alp Šalči aq atın binip tegmiş. Qara түrgis buduniy anta ölürmış, almiş* КТү. 40 «Сол кезде өкiнiп Күлтегiндi аз ерiмен айқасуға жiбердiк. Үлкен соғыс жасады. Алп Шалшы ақ атын мiнiп тидi. Қара түргеш халқын сонда өлтiрдi, жеңдi.» Айд.І,179 ~ қаз. *ökin* → *ök+in,ü~i; ötün* → *öt +ün* «өтiн» Орх; Е.: *Qayanım ben özüm bilge Tonijkuq ötüntük ötünçümin esidü berti könlünçe udiz tidi. Kök önjüg juuru Ötüken jisıaru udiztim. Ingek kölükin Toylada oıuz kelti* Тон,15 «Қағаным мен өзiм бiрге Тоникүк өтiнген өтiнiшiмдi естiдi, көңiлдегiше жүргiз, - дедi. Көк Өңүг таптай Өтүкен қойнауына жүргiздiм. Сибр көлiгiмен Тоғлада оғыз келдi» Айд.ІІ,106 ~ қаз. *ötün* → *öt+in* «1.Қиылып сұрау. 2. Жалынып-жалбарыну» ҚТТС,662; *qilin* → *qil+in* «тәрбиелендiм, қалыптастым»: *Bilge Tonijkuq ben özüm Tabıaç ilıne qilintim. Türk budun tabıaçqa kögür erti. Bilge Ton.1* «Бiлге Тоникүк мен өзiм Табғаш елiнде тәрбиелендiм. Түркi халқы табғашқа бағынатын едi»; *Üze kök tenrı Asra jayız jir qilintıqta Ekin ara kisi oılı qilinmis Kisi oılınta üze eçüm-arım Bumın qaıan, İstemi qaıan oturmış* КТү.1 «Жоғарыда көк тәңiрi, төменде қара жер жаралғанда, екеуiнiң арасында кiсi (адам) баласы жаралған. Адам баласын басқаруға Бумын қаған, İстемi қаған отырған» Айд.І,171; *içyin* → *iç +yin* «ышқын»: *Jeti jüz er bolıp, elsiremis, qaıansıramis buduniy, күnedmis, qulandmis buduniy, türk terüsin içyınmis buduniy eçüm-arım törüsinçe jaratmis, başkurmis. КТү.13* «Жетi жүз ер болып, елсiреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты,түрк иелiгiнен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» ~ қаз. *işqin* → *iş +qin; alqin*

¹ Манкеева Ж.А. Қазақ тiлiндегi байырғы түбiрлердi жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттiк тiлдi дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 79-бет.

→ *al+qin* «алқын»: Antayinjin üçün igitmis, qayaninjin sabin almatin, jir saju bardiy. Qop anta alqinti, ariltiy КТк.9 «Соның үшін көтерілдің, қағаныңның тілін алмадың, жер жерге бардың. Көп онда алқындың, арыдың» ~ қаз. *alqin* → *al+qin*.

А.Есенқұлов *işqin, alqin* лексемалары құрамынан *-qin* буынын етістік тудырушы жұрнақ ретінде қарастыра отырып, қазіргі тілдердегі соңғы буыны осы морфемаға сәйкес келетін басқа сөздерден $\sqrt{-n}$ жұрнағын ажыратады: «Ескерткіштердегі және қазіргі тілдердегі *ычқын, алқын* сөздеріне қарап *-қын* аффиксін сөз тудырушы жұрнақ деп қараймыз. Егер қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақ тілінде де *жұлқын, бұлқын, толқын, қылқын* т.б. сөздерге талдау жасасақ, сөз тудырушы жұрнақ *-н* болады. Өйткені *жұлқы(-н), бұлқы(-н), толқы(-н), қылқы(-н)* сөздерінің әрқайсысының өз алдына толық мағынасы бар екені анық. Міне, осы сияқты о баста *алқы, ычқы* сөздерінің де жеке-жеке мағына білдіруі мүмкін, бірақ кейде бастапқы мағынасы көмескіленіп бір тұтас лексикалық мағынаға ие болып кеткен көне түбірлер сияқты»¹. Қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылатын көнетүркілік *işqin, alqin* етістіктерінің құрамынан **alq, *išq* имитатив түбірлерін және $\sqrt{-n/-in}$ жұрнағын ажырату теориялық тұрғыдан ешқандай қайшылық тудырмайды.

$\sqrt{-sira/-sire}$ – қосымшасы затқа қатысты болымсыздық мән береді, яғни есім сөздерге жалғанып белгілі бір заттың, құбылыстың жоқтығын көрсететін етістіктерді тудырады. Көнетүркілік $\sqrt{-sira/-sire}$ қосымшасы қазіргі түркі тілдеріндегі $\sqrt{-siz/-siz}$ қосымшасының мәнін береді және өзара төркіндес жұрнақтар ретінде қарастырылады. «С аффиксом - *siz* генетический связан глагольный аффикс *-sira/-sire* с помощью которого от имен образуются глаголы с привативным значением»². Ескерткіштер тілінде: *ilsire* → *il+sire* «елсіре», *qayan+sira* → *qayansira* «қағансыра»: Tenri jarilqaduq üçün illigig ilsiretmis, qayanliyi qayansiratmis, jayiy baz qilmis, tizligig sökürmis, başliyi jüküntürmis. Qanjim qayan anca illig, törüg qazyanir КТү.15 «Тәңірі жарылқағаны үшін елін елді, қағандығын қағанды, жауын бейбіт

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 207-бет.

² Левитская А.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С.129.

етті, тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді. Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып,» Айд.ІІІ,60.

√-ad/-ed – көне түркі ескерткіштерінде жиі қолданылатын формант. **√-ad/-ed** қосымшасы негізінен есім сөздерге *et* «істеу, жасау» етістігінің тіркесуі арқылы, яғни дербес лексеманың грамматикализациялану процесі негізінде жасалған. Ескерткіштер тілінде: *küñed* → *küñ+ed* «күңге айналу», *qulad* → *qul+ad* «құлға айналу»: *Jeti jüz er bolıp, elsiremis, qağansıramısbudunıy, küñedmis, qulandmıs budunıy, türk terüsin ičyınmıs budunıy ečüm-aram törüsinče jaratmıs, başkurmıs.* КТү.13 «Жеті жүз ер болып, елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрк иелігінен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» Айд.І, 173-174.

√-i,-il/-il қосымшасы ескерткіштер тілінде негізінен сөз түрлендіруші морфема қызметін атқарғанымен, жаңа сөз жасауда да белсенді түрде қолданылады. Ескерткіштер тілінде: *qıl* → **qı+l* «белгілі бір әрекетті жасау»: *Üze kök tenrı Asra jaıız jır qılınıqta Ekin ara kisi oılı qılınmıs* КТү.1 «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам (кісі) баласы жаралған» ~ қаз. *qıl* → **qı+l;tüzel* → *tüze+l* «түзел»: *Ötüken jışda jig idi joqermış. İl tutsiq jir ermiş.Ötüken jış ermiş. Bu jırde olurip, tabğaş budunbirle түzeltim.* КТк.4,5 «Өтүкен қойнауында игі йе жоқ еді, елді ұстайтын жер осы Өтүкен қойнауы еді. Бұ жерде отырып, табғач халқымен бірге түзелдім (бейбіт қарымқатынас орнаттым)» ~ қаз. *tüzel* → *tüze+l; tiril* → *tiri+l* «тіріл, жиналып»: *Taşra jorıjur tijin kü esidip, balıqdaqı taıyımıs, taıydaqı inmis. Tirilip jetmis er bolmıs. Tenrı küč bertük üçün qağım qağan süsi böri teg ermis, jaıısı qoj teg ermis. İlgerü-qurıyaru sülep tirmiç, qobartmıç* КТү.12 «Тыста (сыртта) жортып жүр дегенді есітіп, қаладағылар таудай болды, таудағылар төмендеді. Жиналып жетпіс ер болды. Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті» Айд.ІІІ, 59 ~ қаз. *teril* → *teri+l* «бір-бірлеп жиналу, (қараңыз: *теpy*)». Бұл сөйлемдегі *tiril* лексемасы өлі және *tiri* антонимдік жұбындағы *tiri* сөзіне қатысы жоқ, түркі тілдеріндегі «бір-бірлеп жинау» мағынасын беретін *ter* етістігінің фонетикалық варианты.

√-šur/-šür/-čur - өте сирек кездесетін етістік тудырушы жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *kiñšür* → **kiñ+šür* «дауласу, кектесу», *joñšur* →

**jon*+ *šür*: *Begleri, budunï tüzsiz üçün, tabyaç budun tebligın kürlig üçün, armaqçisin üçün inili-eçüli kiñšürtükün üçün begli budunnïy jonšürtuqin üçün Türk budun illedük ilin ičyinu idmïs* КТү.6 «Бектерінің, халқының түзу еместігі үшін, табғаш халқының алдауына иланғаны үшін, өлтіргеніне көнгендігі үшін, інілі-ағаның дауласқанынан, бекті халқтың жауласқанынан түркі халқы елдігінен айрылды» Айд.І,172. *ünüü ši či*

Көнетүркілік $\sqrt{-šur/-šür/-čur}$ форманты қазіргі қазақ тілінде сақталмаған. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде де өте сирек ұшырасады. Махмуд Қашқаридың еңбегінде *tamčur* «тамшыла» лексемасы тіркелген: *jamıurtamčurdi* «жаңбыр тамшылады» МҚ ІІ,203. Қазіргі тіліміздегі *tamši*, *tamšıla* сөздерінің морфологиялық құрылымына қарағанда көнетүркілік $\sqrt{-šur/-šür/-čur}$ тұлғасының құранды жұрнақ болғаны аңғарылады.

$\sqrt{-qiš}$ – етістік тудырушы өнімсіз жұрнақ. А.Есенқұлов көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-qiš}$ морфемасы дербес лексеманың ықшамдалып, қосымшаға айналуы нәтижесінде қалыптасқанын көрсетеді: «Сөздердің мағыналық ара қатысына қарай бұны біріккен сөздердің бір компоненті деп қарауға да болады. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі *қылшы* сөзінің ықшамдалған түрі *йоқ* «жоқ» сөзімен бірігіп, *жоққыш* түрінде айтылады»¹. Ескерткіштер тілінде: *joqqišdim* → *joq+qiš(dim)* «жойдым, жоқ қылдым»: *Tabyaç On tutuq bes tümen sü kelti, iduq bašta sünüstim. Ol süg anta joqqišdim* БҚ,25 «Табғаш Он тутық бастаған бес түмен (елу мың) әскер келді, ыдуқ баста соғыстым. Ол әскерді сонда жойдым (жоқ қылдым)».

$\sqrt{-t/-it/-it}$ қосымша морфемасы көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сөз түрлендіруші формант ретінде жиі қолданылғанымен жаңа сөз тудырушы жұрнақ қызметінде сирек кездеседі. Ескерткіштер тілінде: *basitma* → *bas+it(ma)* «басындырма»: *Olurin tijin timis. Jelme qaraıu edgüti urııl basitmatimis. Bögü qaıan baıaru anča aııdmïs* Тон. 34 «Отыра бер, - депті. Асықпа күзетшіні жақсылап қойың. Бастырма, - деді. Бөгі қаған маған осыны айтты» Айд.ІІ, 110; *jorit* → *jor+it* «жорт»: *Temir qarııyqa tegi süledim. Jırıaru-jir Bajurqu jeriıe tegi süledim. Bunča jirke tegi joritdim.* КТк.4 «Темір қақпаға дейін

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – 207-бет.

соғыстым. Терістікте Байырқы жеріне дейін соғыстым, сонша жерге дейін жорттым» Айд.ІІІ, 53 ~ қаз. *žort* → **žor+t*; *jarat* → *jarat+t* «жаса, жарат»: *Barq itgüci, bediz jaratıyma bitigtaš itgüci tabyač qayan čıqanı Čaŋ seŋün kelti*. КТү.53 «Жай орнатуға, өрнек жасалған жазулы тасты орнатуға табғаш қаған шебері Чаң сеңүн келді» ~ қаз. *žarat* → *žara+t*.

√*-ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r* сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақ, негізінен морфемалардың жігі ажыратылмайтын тарихи негіздер құрамында кездеседі. Ескерткіштер тілінде: *olur* → **ol+ur* «отыр»: *Inim Kültegin birle sözleşdimiz. Qaŋimiz, eçimiz qazyanmış budun atı-küsi joq bolmazun tijin, Türk budun üçün tün udimadim, küntüz olurmadim*. КТү. 26-27 «Інім Күлтегінмен сөйлестік. Әкеміз, ағамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмады.» Айд.І, 176-177 ~ қаз. *oti r* → **o(l)t+ir*.

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі √*-ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r* форманты етістік түбірлерді грамматикалық жағынан түрлендіре отырып та, жаңа мағына тудыра алады: *sökür* → *sök+ür* «шөгер», *qontur* → *qon+tur* «қондыр»: *Tört buluŋ qop jaŋı ermis. Sü sülepen tört bulundaqı budunıŋ qop almıs, qop baz qılmıs. Bašliŋiŋ jüküntürmis Tizligig sökürmis Igerü Qadırqan jışqa tegi kirü Temir qarıŋqa tegi qonturmıs* КТү.2 «Төрт бұрыштың бәрі жау еді. Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ігері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін қондырған» Айд.І, 171 ~ қаз. *šöger* → *šök(g)+er*, *qondir* → *qon+dır*. Көнетүркілік √*-ir/-ir,-ar/-er, -ur/-ür,-r* қосымшасы қазақ тілі етістікжасам жүйесінде көне диссилабтар құрамында қолданылады: *šaqir* → **šaq+ir*, *sekir* → **sek+ir*, *tükir* → **tük+ir* т.б.

VII–IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі қосымша морфемаларды өнімді және өнімсіз деп жіктеу шарттылыққа негізделгенін естен шығармау керек. Бізге жеткен жазба ескерткіш мәтіндерінің ауқымы көнетүркілік лексикалық қорды толық қамти алмайтыны белгілі. Бұл жерде қосымша морфема қызметіндегі тұлғаның бір рет болса да тілдік қолданыста болуы маңызды.

§ 10. ЕТІСТІКТІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Есімше – етістіктердің функциялық формаларының бірі. Есімшелер әрі етістік, әрі есім орнына қолданыла береді, соған орай сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың етістіктер сияқты болымды және болымсыз, салт және сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағыналарды беруімен қатар, есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуінен туындайды.

Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан ұшырасады. Бұл тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Бұл көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына да тән.

Есімше жұрнақтары		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-r,- ar/-er, -ir/-ir -ur/-ür -jur /-jür	-r,- ar/-er, -ir/-ir Ø
2	-z	-s
3	-taċi/-teċi, -daċi/-deċi	Ø
4	-tuq/-tük -duq/-dük	Ø
5	-qan/-ken, -ġan/-gen	-qan/-ken, -ġan/-gen
6	-mīš/-miš, -mis/-mis	-mīš/-miš, -mis/-mis

√-ar/-er,-ir/-ir,-ur/-ür,-r – есімшенің жұрнағы. Ескерткіштер тілінде: *olurur* → *olur+ur* «отырап, отыратын»: *Kejik jiju tabisyan jiju olurur ertimiz. Budun bozı toq erti. Jaŷimiz tegire uċuq teg erti.* Тон.8 «Киик жеп, қоян жеп отыратын едік. Халық тамағы тоқ еді. Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді» Айд.ІІ, 105 ~ қаз. *otırar* → *otır+ar*; *jořijur* → *joři+jur*: *Az qına türk budun jořijur ermis* Тон.9 «Аз ғана түрк халқы

көреп (жорып) еді». Көне түркі тіліндегі есімше категориясының көрсеткіші $\sqrt{-ar/-er, -ir/-ir, -ur/-ür, -r}$ форманты қазақ тілінде де есімше жұрнағы қызметінде қолданылады.

$\sqrt{-z}$ – болымсыз етістіктерге жалғанатын есімдіктің қосымшасы. Ескерткіштер тілінде: *bilmez* → *bilme+z* «білмес»: *Semiz buqa turuq buqa tijin bilmez ermis tijin Anča saqantim. Anta kisre tenri bilig bertük ücün özüm ök qaуan qısdım. Bilge Tonıjkuq bojla ba ғатар qan birle* Тон. 6 «Семіз бұқа, тұрық бұқа, - деп айыра білмес деп Сонша ойладым. Содан соң Теңрі біліп бергені үшін Өзімше оны қаған еттім. Білге Тоникуқ Баға тарқанмен бірге» Айд. II, 105; *Ol ödke qul qulılıу bolmıs erti, күн күnlig bolmıs erti, inisi ečisin bilmez erti, oүli қағin bilmez erti* КТү. 21 «Ол кезде құл құлды болған еді, күң күнді болған еді, баласы туысын білмес еді, ұлы әкесін білмес еді» Айд. I, 175 ~ қаз. *bilmes* → *bilme+s*. Кейбір зерттеушілер ескерткіштер тіліндегі *bilmez* «білмес», *bolmaz* «болмас» лексемаларының құрамынан $\sqrt{-maz/-mez}$ морфемасын есімшенің жұрнағы ретінде ажыратады. Түбір сөз бен болымсыздық жалғауының ара-жігі айқын, сондықтан есімше тұлғасы жалаң $\sqrt{-z}$ форманты арқылы жасалғаны анық көрінеді.

$\sqrt{-tači/-teči, -dači/-deči}$ – есімше формасын жасайтын құранды жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *ölteči* → *öl+teči* «өлетін»: *Ol jirgerü barsar, türk budun öltečisi sin Ötüken jir olurip, arqış-tirkış isar, neң buñuу joq* КТк. 8 «Ол жерге барсаң түркі халқы өлмешісің. Өтүкен жерінде отырып, / қазынаға / керуен жіберсең, еш мұның жоқ» Айд. I, 169. Көне түркі тіліндегі есімшенің $\sqrt{-tači/-teči, -dači/-deči}$ қосымшасы жалғанған сөздер сын есімдер кейде үстеулер орнында да қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде $\sqrt{-imši/-imši}$ құранды жұрнағы етістік түбірлерден де есім түбірлерден де есім сөздер жасайтын қосымша қызметін атқарады: *ölimši* → *öl+i+m+ši*, *žilimši* → **žil+i+m+ši*.

$\sqrt{-tači/-teči, -dači/-deči}$ $\sqrt{-tuq/-tük -duq/-dük}$ – көне түркі жазба ескерткіштері тілінде жиі қолданылатын есімшенің жұрнағы. Ескерткіштер тілінде: *qodmaduq* → *qodma+duq* «қалмаған (қоймаған)»: *Qutıña tegi qodmaduq bökiңe tegi qodmaduq tip* ЫБ. 9 «Ешқандай негіз қалмаған, төбесі де, қорасы да қалмаған, - деген» Айд. III, 160 ~ қаз. *qojmadiq* → *qojma+diq*; *jayutduq* → *jayut+duq* «жауласқан»: *Sayir çoluуin jayutduqta Kuli Çor oplaju tedip sançur ölürüp oүlin kisisin bulandu*

КЧ. 5 «Сағыр-чолуған жауласқанда Күллі-чор шаншып өлтіріп оның ұлын, әйелін олжалады». Көнетүркілік $\sqrt{-tuq/-tük -duq/-dük}$ жұрнағының мәнін қазақ тіліндегі $\sqrt{-qan/-ken, -ған/-gen}$ жұрнағы береді.

$\sqrt{-qan/-ken, -ған/-gen}$ – есімшенің жұрнағы. Ескерткіштер тілінде: *esnegegen* → *esnege+gen* «есінеген»: *Esnegegen bars meñ qamuş arabası manday alp men erdemlig men ança bilin der* ЫБ.10 «Есінеген барыспын, басым қамыс арасында, сондай алыпмын, ермін, сонша біліңдер» Айд.ІІІ, 160. Есімшенің $\sqrt{-qan/-ken, -ған/-gen}$ жұрнағы қазақ тілінде кеңінен қолданылады.

$\sqrt{-mīs/-mīs, -mīs/-mīs}$. Көне түркі ескерткіштері тілінде жиі қолданылатын $\sqrt{-mīs/-mīs, -mīs/-mīs}$ тұлғасы негізі етістіктерге жалғанып есімдіктер жасайды және етістіктің өткен шағын білдіреді. Сондай-ақ тұйық рай формасында да қолданылады. Ескерткіштер тілінде: *barmīs* → *bar+mīs* «барған», *qamlamīs* → *qamla+mīs* «жығылған»: *Er abqa barmīs taγda qamlamīs tenride erklig tir* ЫБ.12 «Ер аңға шықты. Тауда жығылды. Ерік тәңриде, -деген» Айд.ІІІ, 160; *tegmiš* → *teg+mīs* «жеткен»: *Jilqa tegmišig jiditmajin ajqa tegmiš igartatmajin edgüsi bolzun tir* ЫБ.59 «Жылғы жеткендерін түрлендірмедім, айға жеткендерін бүлдірмедім. Оларға игілік болсын, - дер» Айд.ІІІ, 168; *almīs* → *al+mīs* «алған», *qilmīs* → *qil+mīs* «қылған», *jüküntürmis* → *jüküntür+mīs* «жүгіндірген», *sökürmis* → *sökür+mīs* «шөктірген», *qonturmīs* → *qontur+mīs* «қондырған»: *Sü sülepen tört bulundaqı budunıγ qor almīs, qor baz qilmīs. Bašliγü jüküntürmis Tizligig sökürmis Ilgerü Qadırqan jışqa tegi kirü Temir qarıγqa tegi qonturmīs* КТү.2 «Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін қондырған Айд.І,171; *birmis* → *bir+mīs*: *Olurıpan türk budunıñ ilin, törüsin tuta birmis, iti birmis* КТү.1 «Отырып, түркі халқының елін, заңын ұстай берген, йелік ете берген» Айд.І, 171.

Қазіргі қазақ тілінде $\sqrt{-mīs/-mīs, -mīs/-mīs}$ жұрнағы зат есім тудыратын қосымша ретінде қолданылады: *bolmīs, žazmīs, qilmīs, ozmīs, taramīs, turmīs* т.б. Ал есімше тұлғасында қолданылуын $\sqrt{-ған/-gen, -qan/-ken}$ қосымшасы ығыстырған. Сондай-ақ, қазақ тілінде *atalmīs* «аталған» сынды бірен-саран сөзде көне жұрнақтың трансформацияланған формасы сын есім мағынасында жұмсалады.

Көсемше – етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады. VI-IX ғасыр түркі мұралары тілінде де етістіктердің көсемше формасында келуі кеңінен қолданыста. Олар негізгі етістіктегі істің амалын, мезгілін, мақсатын, тағы басқа қасиеттерін көрсетіп, төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Көсемшенің жұрнақтары		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
1	-p, -ip/ -ip	-p, -ip/ -ip
2	-up/ -üp	Ø
3	-a/-e	-a/-e
4	-i/-i, -u/-ü	Ø
5	-qali/ -keli, -γali/-geli	-qali/ -keli, -γali/-geli
6	-pan/-pen, -ipan/-ipen	Ø
7	-ju/-üj	Ø

√-p,-ip/-ip, -up/-üp – өнімді түрде қолданылатын көсемше жұрнағы. Ескерткіштер тілінде: *olurup* → *olur+up* «отырып»: *Sub ... anta qalmişi budun on juγur toquz oγuz jüz jil olurup ... Orqun ögüz ...* МЧ.3 «Су ... сонда қалғаны бүтін (халық) он уйғыр тоғыз оғыз үсті жүз жыл отырып... Орхон өзен...» ~ қаз. *otirip* → *otir+ip*; *saqinip* → *saqin+ip* «ойлап»: *Üç qarluq jablaq saqinip teze bardı qurıja on oqkirtılazın jılqa toqıdım Taj bilge tutuqıγ MЧ.11* «Үш қарлуқ жаман ойлап қаша барды, батыста он оққа кірді, доңыз (745) жылы оларды жауладым. Тай білге тұтқды...» *Айд. III, 141* ~ қаз. *sayinip* → *sayin+ip*; *alip* → *al+ip* «алып», *kecip* → *kec+ip* «кешіп», *jolip* → *jol+ip* «құлатып»: *Anta kisre altınč aj bir otuzqa süñüsdim anta sančdım İcüj kecip ... tuγuru sančdım anta ötrütürges qarluγıγ tabarın alip ebin jolip barmış ebime tüşdim MЧ.29* «Сонда алтыншы ай бір жиырма бір сүңгілестім сонда шаныштым Ічүйді кешіп ... тура шаныштым сонда өткен түргеш, қарлұқты малмүлкін (тауарын) алып, үйін құлатып барып үйіме түстім...» ~ қаз. *alip*

→ *al+ip, kešip* → *keš+ip*; *qabisip* → *qabisip+ip* «қабысып, бірігіп»: Üčegün qabisip sülelim Anı joqqısalım timis Türges qağan timis Benin budunim anta erür timis Тон.21 «Үшеуіміз бірігіп соғысайық. Оны /сөйтп/ жоқ қылайық десті. Түргеш қағаны былай деді: Менің халқымда сонда болар деді» Айд.ІІ, 108 ~ қаз. *qabisip* → *qabisip+ip*; *öglesip* → *ögles+ip* «ойласып, кеңесіп»: Ol üç qağan öglesip Altun jis üze qabisalim timis. Anča öglemis. Тон.20 «Ол үш қаған кеңесіп Алтын қойнауында бірігейік деді. Сонша кеңесті» Айд.ІІ,107 ~ қаз. *qabiip* → *qabis+ip, ojlasiip* → *ojlas+ip*; *sančur* → *sanč+ur* «шаншып»: Sağır çoluğün jayutduqta Kuli Çor orlaju tedip sančur ölürüp oğlin kisisin bulandu КЧ.5 «Сағыр-чолуған жауласқанда Күллі-чор шаншып өлтіріп оның ұлын, әйелін олжалады» ~ қаз. *šanšip* → *šanš+ip*.

√*-a/-e,-i/-i,-u/-ü* – көне түркі жазба мұралары тілінде жиі қолданылатын көсемшенің жұрнағы. Ескерткіштер тілінде: *jelü* → *jel+ü* «желе»: Kün jeme tün jeme jelü bardimiz Qiriğ azıy uqa basdimiz Тон.27 «Күн демей желіп бардық Қырық азды ұйқыға бастық.» ~ қаз. *žele* → *žel+e*; *etirü* → *etir+ü* «итере»: Jana ... toquz oğuz buduniminetirü altim aqañim Kül bilge билге қаған ... МЧ.5 «Және...тоғыз оғыз халықымды итере алдым әкем Күл билге қаған...» ~ қаз. *ijtere* → *ijter+e*; *eze* → *tez+e* «қаша (тездете)»: Üč qarluq jablaq saqinip teze bardı qurija on oq kirti lağzinjilqa toqidim ... Tajbilgetutuqıy МЧ.11 «Үш қарлұқ жаман ойлап қаша барды, батыста он оққа кірді, доңыз (745) жылы оларды жаулады. Тай билге тұтқды...» Айд.ІІІ, 141 ~ қаз. *tezdete* → *tezdet+e*; *köre* → *kör+e* «көре», *keče* → *keč+e* «кеше (өзенді кеше)»: Kerügün Šaqišin Šipbašikörekelti alti üçi Selenеке tegi čerig itdi besinčaj toquz otuza sünüsdim anta šančdim Selenеке šiqa šančdimjazı qiltim üküsi Selenе qodı bardı biz Selenекеče udu joridim sünüsde tutup on er idim МЧ.16 «Керүгді (Керулен), Шақышты, Шып басы көре келді, алты ұшы Селеңгетие шерікитерді(жауды қуды), бесінші ай жиырма тоғыз сүңгілестім, сонда шанышдым. Селеңгеге шыға шанышдым, жазададым, өңшең көбі Селеңге қозып барды мен Селеңгені кеше ұдайы жорттым, сүңгілесте тұтып он ер (батыр) жібердім» ~ қаз. *köre* → *kör+e*; *uša* → *uč+a* «ұша»: Ečümqayanuša bardı БҚ.20 «Атам қаған ұша барды (қайтыс болды)»; Qañim qağan anča illig, törüg qazyañip, uša barmis. Qañim qağanqa başlaju Baz qazyañıy balbal tikmis КТү. 15-

16 «Әкем қаған осылай елдік пен билікті орнатып, ұша барды. Әкем қағанға Баз қаған бастауымен балбал қойылды» Айд.І, 174 ~ қаз. *uša* → *uš+a*; *jete* → *jet+e* «жетектей»: *At üze bintüre qarïy sökdim Joqaru at jete jadaÿin iÿaç tutunu aÿturtum* Тон.25 «Атқа қайта міндіріп қарды аршыдым. Жоғары атты жетектеп ағаш ұстап шықтық /көтерілдік/» Ад.ІІ, 108 ~ қаз. *zetektej* → *zetekte +j*; *jijü* → *jij +ü* «жей, жеп»: *Kejik jijü tabisÿan jijü olurur ertimiz. Budun boÿzi toq erti. Jaÿimiz tegire uçuq teg erti. Biz ſeg ertimiz. Ança olurur erikli Oÿuzdantın körug kelti* Тон.8 «Киік жеп, қоян жеп отыратын едік. Халық тамағы тоқ еді. Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді. Біз өлімші едік. Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді.» Айд.ІІ, 105 ~ қаз. *zej* → *ze+j*, *žep* → *že+p*; *tuta* → *tut+a* «тұта»: *Kisi oÿlynta üze eçüm-aram Bumın qaÿan, Istemi qaÿan oturmış Olurıpan türk budunıñ ilin, törüsın tuta birmis, iti birmis* КТү.1 «Адам баласын басқаруға Бумын қаған, Істемі қаған отырған. Отырып, түркі халқының елін, заңын ұстай берген, иелік еткен.» Айд.І, 171 ~ қаз. *tuta* → *tut+a*.

√-*qalı/-keli,-ÿalı/-geli*. Ескерткіштер тілінде: *sanaÿalı* → *sana+ÿalı*: *Sanaÿalı túsürtimiz Atıÿıqıca bajur ertimiz Kün jeme tün jeme jelü bardımız Qiriq azıÿ uqa basdımız* Тон.27 «Санағалы тоқтадық Атты бұтаға байладық Күн демеі желіп бардық Қырық азды ұйқыға бастық.» Айд. ІІ, 109 ~ қаз. *sanaÿalı* → *sana+ÿalı*; *toplaÿalı* → *topla+ÿalı* «топтағалы», *üzgeli* → *üz+geli* «үзгелі»: *Jujqa eriglig toplaÿalı uçuz ermis, jinçge eriklig üzgeli uçuz, jujqa qalıñ bolsar, toplaÿuluÿ alp ermis. Тон.13 «Жұқаны топтау/ жинау/ – оңай, Жіңішкені үзу оңай. Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар* Айд.ІІ,106 ~ қаз. *toptaÿalı* → *topta+ÿalı*, *üzgeli* → *üz+geli*; *olurÿalı* → *olur+ÿalı*: *Türk budun olurÿalı türk qaÿan olurÿalı Çantıñ oplıqqa taluj üzüge tegmis joq ermis* «Түркі халқы отырғалы(болғалы), түркі қағаны отырғалы (болғалы), Шандун қаласы мен теңіз-өзендеріне дейін жетпеген еді» ~ қаз. *otırÿalı* → *otır+ÿalı*.

√-*pan/-pen,-ıpan/-ıpen*. √-*p,-ıp/-ıp* және √-*n,-an/-en* қосымша морфемаларының тіркесуінен жасалған құранды қосымша. Ескерткіштер тілінде: *urıpan* → *ur+ıpan* «отырғызып», *barıpan* → *bar+ıpan* «барып»: *Qoÿu quş qanatıña urıpan anın qalıju barıpan* ЫБ.35 «Аққұс оны қанатына міндіріп, онымен бірге жолға түсті» Айд.ІІІ, 164 ~ қаз. *barıp* → *bar+ıp*; *olurıpan* → *olurıpan+ıpan*: *Ol törüde üze eçüm qaÿan*

oltürti, eçüm qayan olurıpan, türk budunıy jıçe itdi, igiti, çıyanıyubaj qilti, azıy üküс qilti. КТү.16 «Ол билік басында ағам қаған отырды. Ағам қаған отырып, түркі халқын қайта көркейтті, жарлыны бай қылды, азды көп қылды Айд.І, 174 ~ қаз. *otirip* → *otir+ip*; *ögrüpen* → *ögrü+pen* «орда тұрғызып (ордалап)»: Anta jana tüsip Orqun baliqliy beltirinte el örginin anta ögrüpen itidim el ebin МЧ.34 «Содан кейін қайта оралып, Орхон Балықтыда ел ордасын сонда ордалап, ел үйін (тұрғыздым)»; *urıpan* → *ur+ıpan* «ұрып»: Talim urı jarannça jaš usin jalim qajay jara urıpan jalıusun jorıjur tir ЫБ.40 «Қорықпас бала найза ұшын тік жарға кездесіп (ұрып), жай жүр, - дер» ~ қаз. *urip* → *ur+ip*.

√-ju/-jü. Ескерткіштер тілінде: *gorıju* → *gorı+ju* «жүре»: Üze tuman turdi, asra toz turdi, quş uyi uça azti, kijik oylı ügürüazti, kisioylı gorıju azti jana tenri qutinta üçünç jilta qop esen tükel körüşmiş, qop ögirer sebünür tir, ança bilinler: edgü ol ЫБ.15 «Үстінде (жоғарыда)тұман тұрды, төменде шаң тұрды, құс баласы ұша жүріп жолдан адасты, киік баласы жүгіріп жүріп адасты, кісі баласы жүре жолдан тайды (азды) және Тәңірі құтымен үшінші жылда аман-есен бір-бірімен көріскен. Көпшілігі шаттанып қуанған деген. Сонша біліңдер: игі ол. Айд.36, 161); *başlaju* «бастай»: Qajim qayanqa başlaju Baz qayanıy balbal tikmis. Ol törüde üze eçüm qayan oltürti, eçüm qayan olurıpan, türk budunıy jıçe itdi, igiti, çıyanıyubaj qilti, azıy üküс qilti КТү, 16 «Әкем қағанға Баз қаған бастауымен балбал қойылды. Ол билік /өкімет/ басында ағам қаған отырды. Ағам қаған отырып, түркі халқын қайта көркейтті, жарлыны бай қылды, азды көп қылды.» Айд.І,174.

Етістіктің рай категориясы. Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіретін, белгілі бір парадигмалық тұлғалар жүйесінентұратынетістіктіңграмматикалықкатегориясы. Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдық категориясы рай категориясының негізін құрайды: «Модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амал тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталад¹. Рай категориясының негізін құрайтын модальдықтың көрінісі – қимыл әрекеттің шындық болмысқа қатысын сөйлеушінің

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. – 322 бет.

бағалауын сипаттайды. Етістіктің модальдық категориясының мазмұнын қимыл мен субъектінің бір біріне қатынасының сөйлеуші көзқарасы бойынша бағалануы айқындайды. Ашық рай формалары арқылы берілетін іс-әрекет, қимыл-қозғалыс жайлы ақпаратты, хабарды, фактіні констатациялау; қалау, шартты райлар формалары арқылы берілетін іс-әрекеттің, қимылдың жүзеге асу мүмкіндігін, оның орындалу дәрежесін білдіру; бұйрық, қалау, кейде ашық рай тұлғалары арқылы берілетін іс-әрекеттің орындалуы немесе орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндерін білдіру рай категориясының мазмұндық коипоненттері болып табылады. Рай формалары модальдық мәнді мезгіл мен уақыт аясында «уақыт» жайлы ұғыммен ұштастыра сипаттай отырып, сөйлеушінің іске, әрекетке қатынасын айқындайтын субъективтік көзқарасын немесе жай хабарлаудан тұратын объективтік көзқарасын білдіреді. Осы бағалауыштық көзқарастар әр кезеңдерде болған, болып жатқан, болып өткен істі қолдайды немесе жоққа шығарады. Сондықтан модальдық және шақтық формаларының рай категориясында бірлесіп келуі істі білдіруде объективтік және субъективтік бағалауға негізделеді. Объективтік бағалауыштық мәннің басым болуы субъективтік мәннің бәсең болуына байланысты, ал рай тұлғасында субъективтік мәннің басым болуы объективтік мәндердің әлсізденуіне ұласады.

Түркі тілдеріндегі рай категориясы модальдық мәнінің грамматикалық көрсеткіші болғанымен етістіктің барлық модальдық ерекшеліктерін толық қамти алмайды. Соған орай етістіктің модальдық мәні объективті және субъективті модальдықтарға бөлініп қарастырылуда. Модальдық мәндерді білдіру дәрежесі тұрғысынан ашық рай рай басқа түрлерінен ерекшеленеді, модальдық мәндер жүйесін білдіру дәрежесі жағынан нольдік тұлға деп қаралады. Рай категориясы объективті модальдық мәнін береді. Осы ерекшеліктеріне байланысты ашық рай жалпы етістіктерге қатысты болса, қалған рай түрлері белгілі бір мәндік-тұлғалық топтарға қатысты қолданылады. Рай категориясындағы бұйрық рай іс-әрекет пен қимыл-қозғалыстың жүзеге асуына немесе жүзеге аспауына қозғаушы фактор қызметін атқарады.

VII–IX ғасыр түркілерінің тілінде де етістіктің модальдық мәнін беріп, сөйлеушінің іс-әрекетке, қимыл-қозғалысқа қатысты

көзқарасын, іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын білдіретін райкатегориялары қолданылады. Ескерткіштер тіліндегі рай категориясының төрт түрі кездеседі.

Ашық рай. Іс-әрекет, қимыл үш жақтың бірін білдіретін етістіктің рай түрі. Ашық райдың негізгі семантикалық ерекшелігі іс-әрекеттің объективті шындыққа қатысы бар-жоғының сөйлеп тұрған сәтпен байланысты өтіп кеткенін, өтіп жатқанын, әлі өтпегенін сипаттауы арқылы анықталады. Сондықтан ашық рай етістіктің шақ категориясын құрайды, арнайы қосымшалары жоқ. Ашық рай осы шақ, келер шақ, өткен шақ тұлғаларында беріледі.

Ашық райдың осы шақ түрі іс-әрекеттің дәл осы кезде істеліп жатқанын көрсетеді: *Ötünçüm in esidu berdi* «Өтінішімді ести берді»; *Tilü sabiü alı olur tidi*. *Altun jış da olurtimiz* Тон.32 «Тілді, сөзді ала отыр деді. Алтын қойнауында отырдық» Айд. II, 110; *Bir jegirminc aj sekiz jegirmine joluqdim* МЧ.25 «Он бірінші айдың он сегізінде мен олармен жолықтым»; *Jitinç erig qiliçladi* КТү, 45 «Жетінші ерін қылыштады» Айд. I, 181. Ескерткіштер тіліндегі ашық райдың осы шағы негізінен ауыспалы мәнде болады.

Ашық райдың келер шақ түрі іс-әрекеттің алдағы кезде болатынын көрсетеді: *kelür* «келер», *körür* «көпер», *qabısar* «қабысар», *tezer* «қашар», *qorqır* «қорқар», *tegür* «жеткізер», *olurur* «отырар». Ескерткіштер тілінде: *Sini tabıacıü ölürteçi tirmen* Тон.10 «Сені, табғашты қырар дермін»; *Öñre qıtanıü ölürteçi tirmen* Тон.10 «Шығыста қытанды қырар дермін»; *Vini oıuzuü ölürteçi ök tirmen* Тон.10 «Мені оғызды қырар дермін» Айд. II, 106.

Ашық райдың өткен шақ түрі белгілі бір іс-әрекеттің осы уақытқа дейін болып өткенін көрсетеді. Ескерткіштер тілінде: *Maıü Qorıan qışlap jazıña oıuzıaru sü taşıqtimiz*. *Kültegin beg başlaju qıtımız*. *Oıuz jaü orduıbasdı* КТү.48 «Мағы қорған қыстап, жазына оғызға әскер шығардық Күлтегін үйді басқаруға кетті. Оғыз жауы орданы басты» Айд. I, 181; *Qañim qaıan jiti jegirmi erin taşıqmıs*. КТү.11 «Қаған әкем он жеті ермен аттанысқа шықты»; *Ол үч қаған өглесіп Алтун йіс үзе қабысалым тіміс* Тон.20 «Ол үш қаған кеңесіп, Алтын қойнауында бірігейік деді» Айд. II, 107.

Шартты рай. Қимыл, іс-әрекеттің болу-болмауын, орындалу-орындалмау мүмкіндігін, шартын білдіріп, етістіктің түбіріне не-

месе етістіктің грамматикалық-категориялық тұлғалары $\sqrt{-sar/-ser}$ қосымшасының жалғануы арқылы жасалады.

Ескерткіштер тілінде: *bar erser* → *bar er+ser* «бар болса»: *Ol eki kisi bar erser sini tabıacııy ölürteci tirmen. Öñre qıtanıy ölürteci tirmen. Bini oıuzuıy ölürteci ök tirmen* Тон.10 «Ол екі кісі бар болса, Сен Табғашты қырап дермін. Шығыста – қытанды қырап дермін. Мені – оғызды қырап дермін» ~ қаз. *bar bolsa* → *bar bol+sa*; *basmasar* → *basma+sar* «баспаса», *tilinmeser* → *tilinme+ser* «тілінбесе, айрылмаса»: *Üze teñri basmasar, Asra jir telinmeser Türk budun ilinın, törünjinkim artatı? Türk budun ökün* КТү.22 «Үстіңнен тәңірі баспаса, астыңда жер тілінбесе (айырылмаса), түрк халқының ел-жұртын кім құртады?! Түрк халқы өкін!» Айд.І,175 ~ қаз. *baspasa* → *baspa+sa*, *tilinbese* → *tilinbe+se*; *jañılsar* → *jañıl+sar* «жаңылса»: *Bir kisi jañılsar, oıuşı budunı birsükje tegi kidmaz ermiş. Sücig sabıña, jımcaq aıısiña arturip üküс türk budun öltig. Türk budun ülesikiñ. Birije Çuıaj jış tügöl Tün jazı qonañın tiser. Türk budun, ülesikiñ* КТк.6 «Бір кісі жаңылса, рухы, халқы тұқымына дейін қалмас еді. Тәтті сөз, жұмсақ қазынасына көп сеніп, түрк халқы өлдің. Түрк халқы жойылдың. Түстікте Шуғай жынысы түгіл, Түн жазығына қоныстансақ, деуші едің. Түркі халқы жойылдың» Айд.І,169 ~ қаз. *jañılsa* → *jañıl+ sa; isar* → *i+ sar* «жіберсең»: *Ol jirgerü barsar, türk budun ölteçisisin Ötüken jir olurip, arqış-tirkiş isar, neñ bunuy joq, Ötüken jış olursar, beñgü iltuta olurtaçisen, türk budun toq. Arıq oq sen: ačsiq - tosiq emez sen, bir todsar – ačsiq ömezsen.* КТк. 8 «Ол жерге барсаң, түрк халқы өлмешісің. Өтүкен жерінде отырып, /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. /Сонда/ түрк халқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықта тоқтық түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты ойлаймысың сен» Айд.І, 169; *joıan bolsar* → *joıan bolsar+sar* «жуан болса, жуандаса»: *Jinçge joıan bolsar üzgүlүk alp ermis. Öñre qıtanda berije tabıaçda Quruja qurdanta jıraja oıuzda Eki-üç biñ sümüz kelteçimiz bar mu ne? Ança ötüntüm* Тон.14 «Жіңішке жуандаса үзетін алып болар. Шығыстағы қытанға, Түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, Терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Сонша өтіндім.» Айд.ІІ, 106 ~ қаз. *zuwan bolsa* → *zuwan bol+sa*; *jorisar* → *jori+ sar* «жүрсе»: *Özüm az jirim Anı bil ... ermis Bir turıqi ermis Anın*

barmis Aḡar jatip Bir atliḡbarmis tijin Ol jolin jorisar ünč tidim saqintim Özüm az jirim Anı bil ... ermis Bir turiqi ermis Anin barmis Aḡar jatip Bir atliḡ barmis tijin Ol jolin jorisar ünč tidim saqintim Тон. 24 «Өзімнің аз жерім, Оны біл! Анымен Бір аялдама бар, Анымен барасындар, оған түнеп /одан әрі/ Бір аттық жүріс дедім. Сол жолмен жүрсе мүмкін – дедім, ойландым» Айд.ІІ,108 ~ қаз. *žürse* → *žür+se*. Ескерткіштер мәтінде «-sar/-ser жұрнағы жалғанған сөздер үнемі белгілі шартын білдіре бермейді. Ол сонымен қатар кейде мезгілдік мағынаны да көрсетеді»¹.

Бұйрық рай. Сөйлеушінің тыңдаушыға (екінші жаққа) немесе тыңдаушы арқылы басқа адамға (үшінші жаққа) қаратылып, бұйрықпен немесе сұрай айтылатын, сөйлеушінің өзіне (бірінші жаққа) байланысты ниет мәнін білдіретін рай түрі. Бірінші жақта бұйрықтық мағынадан гөрі, ниет, тілек мәні басым болады. Бұйрық райдың негізгі қызметі – императивтік мән екінші жақтан айқын көрінеді. Ал үшінші жақта императивтік мән біршама бәсеңдейді. Ескерткіштер тілінде негізінен бұйрық райдың екінші және үшінші жағы қолданылады.

Екінші жақ бұйрық райдың жекеше түрі етістіктің негізгі тұлғасымен (түбір, туынды етістік, болымсыз етістік) сәйкес келеді: *ökün* «өкін»: *Anča qazıanmıs itmis ilimiz törümüz erti. Türk, oğuzbegleri budun esidiḡ. Üze teḡri basmasar, Asra jir telinmeser Türk budun ilinjin, törünkim artatı? Türk budun ökün !* КТү.22 «Сонша болған, жаралған еліміз, жұртымыз еді. Түрк оғыз бектері, халқы есітің! Үстіңнен тәңірі баспаса, астыңда жер тілінбесе (айырылмаса), түрк халқының ел-жұртын кім құртады?! Түрк халқы өкін!» Айд.І, 175 ~ қаз. *ökin; qabıylan* «табын»: *Oğulanım erde imirim anča bol qanqa atar qabıylan* Суд.9 «Ұлдарым, ерлік істерде ұстазымдай бол, ханға табын, күшей»; *ida* «ықта»: *Jaratidim tol ... jarimatın jayid kelmis örün begig qara quludıḡ anı olurmus qırqız tapa er idmis siz taşıqıḡ Çikig taşarıḡ temis men taşıqıḡın temis* Kür budqa ida

МЧ.22 «Жараттырдым тол ... жаулай келген өрен ақ бекті қара құлықты сол отырған қырқыз таман ер жіберді, сіз тасындар Чекті тасытындар деген мен тасиын деген Көр Будқа ықта» ~ қаз. *iqta*;

¹ *Айдаров Ғ. Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 74-бет.*

kör. «көр»: Qabısalım temis Ötüken ... temis aņi sü joridim tutuq bařın Ćik tara ebiņe itdımkör tedim qırqız qanı Kögmen irinte МЧ.23 «Қапсырамыз деген Өтүкен ... деген сүңгі жорыттым тұтық басын Ćик таман үйіне жібердім есі жер таман аз ер жібердім көр дедім, қырғыз ханы Көгмен жерінде» ~ қаз. *kör.*

Түркі жазба мұралары тілінде бұйрық райдың екінші жағы $\sqrt{-yil/-gil}$ қосымшалары арқылы да жасалады: *esitgil* → *esit+gil* «естіңдер»: Sabimın tüketi esitgil Ulaju ini-jigünim, oylanım, bir-eki oyuřım, budunım, birije-řad ařit begler, jıraja-tarqat bujrıuq begler, otuz ... КТк.1 «Сөзімді түгел есіткін соңымдағы іні-жиенім, ұлым, жақын руым, халқым, оңымда шад апат бектер, солымда-тарқандар бұйрық бектер, отыз ...» Айд.ІІІ,53.

Бұйрық райдың үшінші жағы $\sqrt{-zun/-zün}$ қосымшасы арқылы жасалады. Мысалы, *barzun* → *bar+zun* «барсын»: Qatun joq bolmıs erti. Ani joylatajın tidi.Sü barın tidi. Altun jışda olurın tidi. Sü bası inel qayan Tardus řad barzun tidi Bilge Tonıkuq bana ajdı Тон.31 «Қатыны өлген еді, Оны жерлейін, - деді. Әскер барыңдар деді Алтын қойнауда күтіңдер, - деді Әскер басы – Інел қаған Тардуш шады барсын, - деді Білге Тоникуқ маған айтты» ~ қаз. *barsın* → *bar+sin*. Көнетүркілік $\sqrt{-zun}$ қосымшасы қазақ тілінде $\sqrt{-sın/-sin}$ тұлғасында қолданылады: *žürsin, kelsin, oqısın, ojnasin* т.б.

Қалау рай. Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетті орындауға немесе орындамауға ықыласын, қалауын, ынтасын, ниетін білдіретін рай категориясы. Ескерткіштер тілінде қалау рай негізінен бірінші жаққа қатысты қолданылады. Қалау райдың жекеше түрі $\sqrt{-ajın/-ejin, -jın/-jin}$ форманттары арқылы, көпше түрі $\sqrt{-alim/-elim, -lım/-lim}$ қосымшалары арқылы жасалады: *qonajın* → *qon+ajın* «қонайын, қоныстанайын»: Türk budun ülesikın. Birije Ćuyaj jış tügöl Tün jazı qonajın tiser. Türk budun, ülesikın. КТк.6 «Түрк халқы жойылдың. Түстікте Шуғай жынысы түгіл, Түн жазығына қоныстансақ, деуші едің. Түркі халқы жойылдың. Айд.ІІІ,54 ~ қаз. *qonajın* → *qon+ajin; igidejin* → *igid+ejin* «көтерейін, құрайын»: Budunıy igidejin tijın, jıruaru oyuř budun tara, ilgeru qıtan, tatabı budun tara, birgerü tabyař tara ulıy sü eki jegirmi ... süñüşdim. КТү.28 «Халықты көтерейін деп, терістікте оғыз халқына қарсы, ілгері қытан, татабы халықтарына қарсы, бергері табғашқа

қарсы үлкен әскермен он екі /per/ соғыстым» Айд.ІІІ,64; *ölürejin* → *ölür+ejin* «өлейін», *uruysiratajin* → *uruysirata+jin* «тұқымсыратайын»: *Jaği bolip, itinü jaratunu umaduq Jani içikmis. Bunça isig-küçig birtükerü saqinmati. Türk budun: «Ölürejin, uruysiratajin», - tir ermis joqaru barir ermis. Üze türk tenrisi, türk iduq jiri, subiança timis: КТү.10 «Жау болып, қолдарынан түк келмей және бағынды. Сонша күш-қуатын сарп еткенін ойламады. Түрк халқы: «Өлейік, тұқымсырайық», - дер еді, жойыла бастаған еді. Көкте түрк тәңрісі, Түрктің қасиетті жері – суы былай депті» Айд.ІІІ,59 ~ қаз. *ölejin* → *öle+jin, uruqsiratajin* → *uruqsirata+jin* т.б.*

Етістер. Қимыл мен іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы семантикалық-синтаксистік сипаттағы әр түрлі қатынасты білдіретін етістік категориясы. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысын айқындау. Етістер қызметі мен мағынасына орай төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс. VII-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде де етіс категориясы іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысына байланысты ажыратылады. А.Н.Кононов көне түркі тіліндегі етіс категориясының жасалуы жаңа сөзжасаммен сабақтасып жататынын көрсете отырып, ескерткіштер тілінен бес түрлі етіс формасын ажыратады: негізгі, ортақ, өздік, ырықсыз, өзгелік етістер¹. Ғалым негізгі етіске арнайы көрсеткішті қажет етпейтін, қимыл мен қимыл иесінің қатынасы лексикалық мағынасына сәйкес ажыратылатын етістіктерді жатқызады. Ғ.Айдаров ескерткіштер тіліндегі етістерді төртке (өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз) бөле отырып, өздік етіске Қағанға қырғыз будуны ішікді «Қағанға қырғыз халқы бағынды»; Қатун йоқ болмыс ерті «Қатун жоқ болды, өлді»; Түн удысқым келмеді «Түн ұйқым келмеді» деген сөйлемдерді мысалға келтіреді².

Өздік етіс. Қимылдың іс-әрекет иесіне тікелей қатыстылығын білдіретін өздік етістері негізінен сабақты етістіктерден жасалады. Түркі тілдерінде де өздік етіс сабақты етістіктің белгілі бір шектеулі тобына √-in/-in, -un/-ün, -en формантының жалғануы арқылы жаса-

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 173.

² Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 73-бет.

лып, қимылдың субъектінің өзіне бағытталғанын сипаттайды¹. Өздік етістердің синтаксистік-грамматикалық әлеуетінің жоғарылығына байланысты түркі тілдері бойынша қолданыс аясы да аса кең: қаз. *žabın*, башқ. *jarın* «жабын»; қаз. *žuwin*, башқ. *jun* «жуыну»; қаз. *žayın* «жағыну, бір нәрсені жағу»; башқ. *sürtün*, қаз. *sürtin* «сүртіну» т.б. Өздік етістің жасалуы кей жағдайда шұғыл түрде өтетін семантикалық жылжулармен, сөз тудырушы түбір-негіздің бастапқы лексикалық мағынасының сапалық тұрғыдан өзгеріске түсуімен қатар жүріледі. Өздік етісті, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы емес, тікелей өзі жүзеге асырғанын немесе жүзеге асыратынын көрсетеді. Ескерткіштер тілінде ырықсыз етіс $\sqrt{-n}$ жұрнағы арқылы жасалады: *atan(ip)* → *ata+n(ip)* «атанды»: *Qaγan atanip, qatunatanip Ötüken ortusında süñüz Bašqan İduq baş kedinin örgin etitdim* Тар.29 «Қаған атанып, қатун (ханым) атанып өз орталығын Өтүкен ортасындағы қасиетті биік Башқан сеңүзге әкеліп орнатты» Айд.ІІІ, 181 ~ қаз. *atan(ip)* → *ata+n(ip)*. Өздік етістің $\sqrt{-n}$ форманты қазақ тілінде де кеңінен қолданылады.

Өзгелік етіс. Қимылдың іс-әрекеттің субъектінің тікелей өзі емес, басқа бір субъект арқылы істелетінін көрсететін етіс формасы. Өзгелік етістің өзіне тән грамматикалық парадигмасы бар, олар: $\sqrt{-t}$, $-it$, $-it$ және $\sqrt{-tur/ -tür}$ қосымшалары.

$\sqrt{-t}$, $-it/-it$ – етіс категориясының өзгелік формасын жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *atlat* → *atla+t* «аттандыр», *oγraqlat* → *oγraqla+t* «кідірт»: *Qaγanīma ötüntüm sü jaramači. Atlat tidim Aq termel keče oγraqlatdım At üze bintüre qarīγ sökdım Joqaru at jete jadaγin ĩγač tutunu aγturtum* Тон.25 «Қағанымға өтіндім: әскер жүргіздім. Аттаныңдар! – дедім. Ақ термелді өте бұйырдым. Атқа қайта міндіріп қарды аршыдым. Жоғары атты жетектеп ағаш ұстап шықтық /көтерілдік/» Айд.ІІ, 108; *gorit* → *gori+t* «жүргіз»: *Sü jorilim ... unamañ! Ol sabīγ esidip sü joritdım. Altun jisiγ jolsuzin asdım. Ertis ügüzig keçigsizin kečdımız. Tün qatdımız, Bolčuqa tañ üntürü tegdımız* Тон.35 «Отыра бер, - депті. Асықпа күзетшіні жақсылап қойың. Бастырма, - деді. Бөгі қаған маған осыны айтты. Апа-тарқанға құпия сөз жіберді. Білге Тоникуқ сұм (ақылды) ол өзі аңлар (аңғарар)» Айд.ІІ, 111.

¹ Сравнительная грамматика тюркских языков: Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С.202.

√-tur/ -tür – өзгелік етіс тудыратын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *jantur* → *jan+tur* «қайтар»: *Temir qarïŷqa tegiirtimiz. anta janturdimiz Inel qaŷanqa ... tezık, toŷrisin ... Anta jerüki suŷ baslıŷSoŷdaŷ budun kör kelti. Ol күnte tegti Türk budun Temir qarïŷqa* Тон. 45 «Темір қақпаға дейін қудық. Сонда қайтардық. Инел қағанға тәжік, тоқар Сонда Суқ бастаған Соғда халқы түгел келді. Сол күндері Түркі халқы Темір қақпаға жетті» Айд.ІІ,112. Қазақ тілінде көнетүркілік √-tur/ -tür жұрнағының √-tir/-tir, -dir/-dir варианттары қолданылады.

Ортақ етіс. Қимылдың, іс-әрекеттің бір ғана субъект арқылы емес, бірнеше субъект арқылы істелгенін көрсететін етіс категориясының түрі. Қимыл-әрекеттегі ортақтастықты білдіретін ортақ етіс √-s,-is,-is/-us,-üs жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. √-s,-is,-is/-us,-üs – етіс категориясының ортақ етіс формасын жасайтын жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *ögles* → *ögles+s* «ойлас, кеңес», *qabis* → *qab+is* «қабыс (бірік): *Artŷi qirŷ az küllüg qaŷanï jaŷimiz bolti. Ol üç qaŷan öglesip Altun jis üze qabisalim timis. Anŷa öglemis. Öŷre türk qaŷanŷaru sülelim timis. Anaru sülemeser. Kaŷ neŷ erser ol bizni* Тон.20 «Артқы қырық аз қағаны жауымыз болды. Ол үш қаған кеңесіп: Алтын қойнауында бірігейік деді. Сонша кеңесті Шығыста түрк соғысайық деді. Одан әрі соғыспасақ қалай болса да ол жеңеді бізді.» Айд.ІІ,107 ~ қаз. *ojlas* → *ojla+s*, *qabis* → *qab+is*; *sünŷüs* → *sünŷ+üs* «соғыс, сүңгілес»: *Bolŷuda sünŷüsdimiz* БҚ. 28 «болчуда соғыстық» Айд.ІІІ,83 ~ қаз. *sünŷiles* → *sünŷile+s*. Ортақ етіс жасайтын √-s, -is, -is / -us, -üs қосымшасы қазақ тілінде де кеңінен қолданылады.

Ырықсыз етіс. Іс-әрекеттің, қимылдың иесі арнайы айтылмай, әрекет өздігінен істелген сияқты көрінеді. Орхон ескерткіштері тіліндегі ырықсыздық мәні √-n, √-ür, -ur, -ir, -ir форманттары жалғанған етістіктерден айқын аңғарылады. Мысалы: *boŷuzlantï* «бауыздалды»: *Öŷreki er juŷuru tegürüp i bar bas asdimiz, jobali intimiz. On tünke jantïqi tuŷ ebirü bardimiz. Jirŷi jir jaŷilip, boŷuzlantï. Buŷadur qaŷan jeliü kör timis* Тон.26 «Алдағы ер жоғары шығып, бұталы /биік/ басынан астық. Қиындықпен түстік. Он күн дегенде тау баурына бардық. Жершіл ер (жол көрсетуші) жаңылып, бауыздалды. Мұңайып қаған желе көр, - деді.» Айд.ІІ, 109; *kelürtim* «келтірдім», *bediztim* «өрнектеттім»: *Bödke körügme begler, gü jaŷiltaŷisiz. Men beŷgü taŷ*

/toqïtdim/. Tabıađ qayanta bedizđi kelürtim, bediztim. Meniñ sabimïn simadı КТк.11 «Таққа /құмар/ бектер, сіздер жаңыласыздар ғой. Мен мәңгі тас орнаттым. Табғаш қағаннан шебер /бедізші/ келтірдім, өрнектеттім. Менің сөзімді бұзбады» Айд. I, 170.

Етістіктің жіктелуі. VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі етістіктердің жіктелуі ойды тиянақтап тұратын негізгі грамматикалық форма. Істің субъектісін білдіру мақсатында етістікке жалғанатын жіктік жалғаулары үш жақты және жекелік, көптік мәнді қамтиды. Көне түркі тіліндегі етістіктердің негізгі жіктелу формасы қазақ тілінде толықтай сақталған.

Етістіктердің жіктелуі		
1	2	3
№	VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде	Қазақ тілінде
Ж е к е ш е		
1 жақ	-mïn, -min, -men -dïm, -dim, -tïm, -tim	-mïn, -min, -dïm, -dim, -tïm, -tim -pïn, -pïn,
2 жақ	-sïñ, -siñ, -dïñ, -diñ -tïñ, -tiñ	-sïñ, -siñ, -dïñ, -diñ, -tïñ, -tiñ, -siz, -siz
3 жақ	-dï, -di, -tï, -ti	-dï, -di, -tï, -ti
К ө п ш е		
1 жақ	-miz, -miz, -biz, -biz	-miz, -miz, -biz, -biz, -piz, -piz
2 жақ	-siz, -siz	-cïñdar, -siñder -sizdar, -sizder
3 жақ	-dï, -di, -tï, -ti	-dï, -di, -tï, -ti

Ескерткіштер тілінде: *kelteçimiz* «келе аламыз»: Jinçge joğan bolsar üzgülık alp ermis. Öñre qıtanda berije tabıađda Quruja qurdanta jıraja oğuzda eki-üç biñ sümüz kelteçimiz bar mu ne? Ança ötüntüm Тон.14 «Жіңішке жуандаса үзетін алып болар. Шығыстағы қытанға, Түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, Терістіктегі оғызға екі-

үш мың қолмен келе аламыз ба? Сонша өтіндім»; *toqitım* «жаздырдым»: *Jaši taşqa jaratidim tolqu taşqa toqitım* Тар.3 «Ауыр (үлкен) тасқа жаздырдым» т.б. Ескерткіштер тіліндегі етістіктердің жіктелуі етістіктің шақтарына сәйкес фонетикалық варианттарға түрленеді.

Етістіктің шақтары. Қимыл мен іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты сол сәтте болып жатқанын, болып өткенін, алдағы уақытта болатынын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Іс-қимыл уақытқа тәуелді, кезкелген әрекет уақыттың үш түрлі сәтінде (өткен, алда болатын және қазіргі сәттер) жүзеге асады немесе жүзеге аспайды. Соған орай шақ категориясы үш түрлі болып келеді. VII-XI ғасыр түркі жазба мұралары тілінде де іс-әрекеттің болғаны немесе болмағаны уақытпен байланысты сипатталады. Ескерткіштер тіліндегі шақтық белгі барлық уақытта айқын бола бермейді, кей жағдайда іс-әрекеттің мезгілін етістіктің тұлғасына қарай емес, контекст семантикасына қарай ажыратылып жатады. Сондықтан көне түркі руникалық ескерткіштер тіліндегі шақ категориясының ара-жігі жайлы көзқарастар да бірыңғай емес.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі осы шақ тұлғасы ауыспалы мәнде болып келеді.

√-tači/- teči,- dači/- deči - осы шақ формасын жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *ölteči* «өлмешісің, өлесің»: *Ol jirgerü barsar, türk budun öltečisisin. Ötüken jir olurip, arqış-tirkiš isar, neñ bunu y joq, Ötüken jış olursar, beñgü iltuta olurtačisen, türk budun toq. Arıq oq sen: ačsiq - tosiq emez sen, bir todsar – ačsiq ömezsen* КТк.8 «Ол жерге барсаң түркі халқы өлмешісің. Өтүкен жерінде отырып, /қазынаға/ керуен жіберсең, еш мұның жоқ. Өтүкен жынысында (қойнауында) отырсаң, мәңгі ел ұстап отырасың сен. /Сонда/ түрк халқы тоқ. Ашсың ғой сен, аштықта тоқтық түсінбейсің, бір тойсаң, аштықты ойлаймысың сен.» Айд. I, 169.

Келер шақ. Ескерткіштер тіліндегі етістіктің келер шақ категориясының ауыспалы келер шақтық және болжалды келер шақтық мәні ажыратылады.

√-jor/-jör, -jur/-jür – етістіктің келер шақ формасын жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *jorijur* «жорып, көрер»: *Körüg sabi antaγ: Toquz oγuz budun üze qaγan olurti tir. Tabγačγaru Qunı*

señünüg idmîs. Qitanıaru Toңra semig idmîs. Sad anča idmîs: Azqına türk budun jorıjır ermis Тон.9 «Елші сөзі мынадай: Тоғыз оғыз халқы қаған көтерді деді. Табғашқа қарай Құны сеңүнді жіберді. Қытанға қарай Тоңра семді жіберді. Сөзді былай жіберді: Аз ғана түрк халқы көрер (жорыр) еді».

√-ar/-er,-ір/-ir,-ur/-ür,-r – етістіктің келер шақ формасын жасайтын қосымша. Ескерткіштер тілінде: *olurur* «отырар»: *Kejik jıjü tabısyan jıjü olurur ertimiz. Budun boyzi toq erti. Jaıimız tegire ucuq teg erti. Biz űeg ertimiz. Anča olurur erikli Oıuzdantan körug kelti* Тон.8 «Киік жеп, қоян жеп отыратын едік. Халық тамағы тоқ еді. Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді. Біз өлімші едік. Сөйтпін отырған шақта оғыздан елші келді.» Айд.ІІ,105.

√-maz/-mez – етістіктің келер шағының болымсыз түрінің қосымшасы. Ескерткіштер тілінде: *bilmez* «білмес»: *Semiz buqa turuq buqa tijin bilmez ermis tijin Anča saqantim. Anta kisre tenri bilig bertük üçün özüm ök qaıan qısdım. Bilge Tonıkuq bojla baıa tarqan birle* Тон.6 «Семіз бұқа, тұрық бұқа – деп, айыра білмес деп, сонша ойладым. Содан соң Теңрі біліп бергені үшін Өзімше оны қаған еттім» Айд. ІІ,105; *Qurııaru Kenü qaıanqa türk budunıı anča qonturdimız, anča itdimiz. Ol ödke qul qulıııı bolmıs erti, күн күnlig bolmıs erti, inisi eısın bilmez erti, oılı qaın bilmez erti* КТү.21; «Кері Кену қағандығына дейін түрк халқын осынша қондырдық, осынша еттік. Ол кезде құл құлды болған еді, күн күнді болған еді, баласы туысын білмес еді, ұлы әкесін білмес еді» Айд.І,175. Көнетүркілік √-maz/-mez тұлғасы болымсыздық жалғауы мен есімшенің жалаң √-z формантының бірігуі арқылы жасалған құранды жұрнақ.

Өткен шақ. Ескерткіштер тіліндегі өткен шақтың жедел өткен шақтық және бұрынғы өткен шақтық мәні ажыратылады.

√-mıš/-mıš,- mıs/-mis – етістіктің өткен шақ мәнін беретін қосымша. Ескерткіштер тілінде: *almıs* «алған», *qılmıs* «қылған», *jüküntürmis* «жүгіндірген», *sökürmis* «шөктірген», *qonturmıs* «қондырған»: *Sü sülepen tört bulındaqi budunıı qop almıs, qop baz qılmıs. Başıııı jüküntürmis tizligig sökürmis ilgerü Qadırqan jısqqa tegi kirü Temir qarııııı tegi qonturmıs* КТү.2 «Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған. Бастыны жүгіндірген, тізеліні бүктірген. Ілгері

Қадырқан қойнауына дейін, кері Темір қақпаға дейін қондырған Айд.І, 171; *jayı ermis* «жау еді»; *Tört bulunqorjayı ermis* КТү.2 «Төрт бұрыштың бәрі жау еді»; *içyünmiş* «лақтырған еді, лақтырды»: *Uzun tonliḡ küzünüsin köлке içyünmiş* ЫБ.22 «Ұзын киімді /әйел/ өз айнасын көлге тастады»; *kölmış* «жеккен еді, жекті»: *Eki öküzüḡ bir boqarsıqa kölmış, qamsaiju umatın turur, - tir* «Екі өгізді бір арбаға жекті, олардың жүруге халі жоқ дер» ЫБ. 25; *süke barmış* «соғысқа аттанды»: *Qan süke barmış şançmiş* «Қан соғысқа аттанды, (жауын) шанышты»; *barmış* «барған еді (аттанған еді), барды»: *Oijma er oḡlanin kisisin tutuḡ urupan usiḡ oiju alıḡ barmış* ЫБ. 29 «Қызыққан жігіт ұлын және әйелін атқа мінгізіп, епті ойыншыны алып, құмар ойынға кірісті»; *bolmiş* «болды (ойнаған еді)»: *Eñin meñin, bolmiş bolupan uijasınaru öḡire, sebinü kelir, - tir.* «Аңын қолға түсірді, ініне қайтты. Қуана-шаттана келер, - дер» Айд.ІІІ, 163; *Er ömelejü barmış, teñrike soquşmiş qut bolmiş, qut bermiş aḡiñiñta iñilqin bolzun, - timiş* ЫБ.47 «Ер еңбектеп барды, тәңриден құт тіледі. Тілегі орындалды. Қораңда жылқың болсын, өзің ұзақ жаса, - деген Айд.ІІІ,166.

√-tuq/-tük -duq/-dük – көне түркі жазба ескерткіштері тілінде өткен шақ тұлғасының мәнін беретін қосымша морфема. Ескерткіштер тілінде: *qodmaduq* «қалмаған (қоймаған)»: *Qutıña tegi qodmaduq bökiñe tegi qodmaduq tir* ЫБ.9 «Ешқандай негіз қалмаған, төбесі де, қорасы да қалмаған, - деген» Айд.ІІІ,160; *jayutduq* «жауласқан»: *Sayır çoluḡin jayutduqta Kuli Ğor orlaju tedip sançur ölüḡür oḡlin kisisin bulandu* КЧ.5 «Сағыр-чолуған жауласқанда Күллі-чор шаншып өлтіріп оның ұлын, әйелін олжалады».

√-ti/-ti, -di/-di – жедел өткен шақты, сондай-ақ ауыспалы осы шақтың мәнін беретін қосымша морфема. Ескерткіштер тілінде: *Bu süḡ elt tidi. Qi jiniḡ köñlüñçe aj Ben saña ne ajañin tidi. Kelip erser kü er ükülür. Kelmez erser Tiliḡ sabiḡ alı olur tidi. Altun jış da olurtimiz* Тон.32«Бұл әскерді өзің баста, - деді. Қиындықты көңліңше шеш, мен саған /басқа/ не айтайын, деді. Келер болса, күш көбейер. Келмесе егер /оңда/ тілді, сөзді ала отыр, - деді. Алтын қойнауында отырдық» Айд.ІІ,110; *Bir jegirminç aj sekiz jegirmine joluqdim* МЧ. 25 «Он бірінші айдың он сегізінде мен олармен жолықтым»; *Jetinç erig qiliçladi* КТү,45 «Жетінші ерін қылыштады» Айд.І,181; *Tegdimiz*

jaïdîmîz ekinti kûn kelti Тон,³⁹ «Тиістік, қудық екінші күн (тағы) келді» Айд.ІІ,111; *Ertis ügüzig keçe jorîdimîz, tûrgis budunîy uda bastîmîz. Tûrgis qayan süsi Bolçuda otça, borçakelti. Sünüsdimîz. Kültegin Başyu boz at binip tegdi* КТү.37 «Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық. Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді. Соғыстық. Күлтегін басқы боз атқа мініп тиді» Айд. I,179.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз тудырушы және сөз түрлендіруші морфологиялық индикаторлардың негізін құрайтын көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалар бір, екі, үш, төрт құрамды $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CCV}$, $\sqrt{-CVCV}$ модельдерден тұрады. Ұзақ мерзімге созылатын лингвоонтогенездік үдерістер барысында қосымша морфемалар белгілі семантикалық және функционалдық бағытқа қарай бейімделіп дамиды, соған сай олардың семантика-грамматикалық, функционалдық сапасы қалыптасады. Сондықтан $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CCV}$, $\sqrt{-CVCV}$ модельдерінің басым бөлігі тарихи тұрғыдан кіріккен екінші дәрежелі тұлғалар болуы мүмкін.

VII-IX ғасыр түркі мұралары тіліндегі қосымша морфемалар қазіргі қазақ тіліндегі қосымшалардан тұлғалық жағынан біраз ерекшеліктері болғанымен жалпы тұрпаты мен мазмұны, қызметі негізінен сақталған. Көне түркі тіліндегі ерін дауыстыларымен келетін қосымша морфемалар қазақ тілінде қолданылмайды. Мұндай өзгерістердің негізгі факторларының бірі – қазақ тілінде қалыптасқан емле ережелері. Орфографиялық норма өзі де бәсең ерін үндестігін қазақ тілінің жазба дәстүрінен біржолата ығыстырды. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі мен қазақ тіліне ортақ қосымшалар қазақ тілінде бірнеше фонетикалық вариантта қолданылады. Бұл қазақ тіліндегі дауыссыздар үндестігінің жетілуіне орай қалыптасқан құбылыс.



ҚОРЫТЫНДЫ

Түркі тілдерінің ұзақ мерзімді қамтитын мазмұндық және тұлғалық құрылымының өзгеру, даму парадигмасы шеңберінде қалыптасқан глоттохронологиялық өріс аясындағы лексикалық қабаттар тіл мен тіл иесі – этностар асындағы көпқатпарлы, көпвекторлы қатынасты сипаттайтын лингво-ақпараттық дерек болып табылатындықтан қазіргі түркі тілдерінің көнетүркілік қабатын құрайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін құрылымдық және антропологиялық парадигмалардың сабақтастығына құрылған аралық қағидалар негізінде зерделеп, көнетүркілік лингвоиндикаторлардың ұйыстырушылық әлеуетін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу бүгінгі түркітану ғылымының басты талабы.

VII-IX ғасырлардағы түркі тілдерінің негізгі сипатын, лексикалық құрамының, фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық-грамматикалық құрылымының, синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін танытатын көне түркі жазба тілі орта ғасыр түркі жазба тілімен ұласып жатқан қыпшақ ↔ оғыздық аралас тілдік жүйенің бастапқы хронологиялық кезеңінің көрінісі. Бұл ескерткіштер тілі мен қазіргі қазақ тілін салыстыра зерттеудің тарихи-генеалогиялық негіздемесін құрайды.

Тілдік иерархияның іштей жүйеленуі, әр салаға қатысты метатілдің қалыптасуы – ұзақ мерзімді қамтитын ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік ізденістердің нәтижесі. X-XI ғасырларда классикалық араб тіл білімімен сабақтаса дамыған түркі тіл білімінің салалық бағыттарының зертелуі де ежелгі тілтанымдық дәстүрлерден бастау алып, әлемдік тіл біліміндегі ғылыми бағыттарға сәйкес мета-теориялық сипат алды.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымын зерттеу де әлемдік лингвистиканың, түркі тіл білімінің грамматика саласының ғылыми-теориялық және методологиялық ұстанымдары мен ғылыми ұғымдарына негізделеді, сондай-ақ жалпы грамматикадан сараланған морфология бөлімінің ішкі заңдылықтары мен амал-тәсілдеріне сүйенеді. Тілдегі грамматикалық құбылыстардың барлығы да сөзге, сөз тұлғасына байлаулы болғандықтан, грамматикалық жүйе аясында сөз өзара тығыз байланыстағы екі сала бойынша қарастырылады: сөз құрамындағы морфемалардың қатынастарына құрылған морфологиялық сала; сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы сөздердің қарым-қатынасына құрылған синтаксистік сала. Бұл туынды сөздерге ғана емес дербес қолданыстағы түбір морфемаларға да қатысты. Дербес лексикалық мағынаға ие морфемалар тұтас тілдік жүйенің негізін құрай отырып, грамматикалық мағынаға ие морфемаларды қабылдауы арқылы тілдік жүйені дамытады.

Морфологиялық құрылымның арқауы – түбір морфемалар мен қосымша морфемалар форма мен мазмұнның өзара үйлесімділігіне негізделген тілдік бірлік ретінде сөйлеу үдерісін қамтамасыз етеді және жалпы тілік жүйенің функционалдық әлеуетінің көпқырлы сапалық қырларын сипаттайды.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұратындықтан тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін морфема ұғымы құрайтындықтан сөз шеніндегі морфемалардың өзара морфонологиялық, лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын функционалдық-семантикалық уәждік негіздері морфологиялық құрылымнан көрініс береді. Морфологиялық талдаудың компоненттік-морфемдік амалы түбір морфемалардың лексикалық дербестігіне емес, аналогиялық негізде, қалыпты буындар мен сөзжасам модельдерін ескере отырып, өлі түбірлер мен өлі жұрнақтарлы саралауға; фономорфологиялық, фоносемантикалық заңдылықтар мен дәстүрлі морфологиялық үлгілерге сүйене отырып, архиморфемаларды реконструкциялауға, тұрпаттас-мазмұндас бір-



ліктердің семантикалық және тұлғалық деривациясы аясында архиформалардың архисемаларын шамалауға жол ашады.

Диахрониялық тұрғыдан саралағанда грамматикалық мағына беретін морфемалардың бастау көзінде лексикалық мағыналардың болу мүмкіндігі де кеңінен дәйектелуде. Сондықтан морфемаларды негізгі (түбір) морфема, қосымша (аффикстік) морфема деп жіктеудің өзі тілдің синхронды жағдайына негізделген теориялық тұжырым болып табылады.

Ретроспективтік бағыттағы морфемдік-компоненттік талдау амалдары арқылы ғана анықталатын өлі түбірлердің мәні мен тұлғасы арқылы дербес қолданыстағы түбірлердің кейбірінің екінші, үшінші дәрежелі құрылым екенін ажыратуға болады. Интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен дебетігінен айрылып, мағынасы күңгірт тартқан өлі түбірлердің ұғымдық мәнін айқындау түркі морфологиясындағы аса маңызды мәселе. Түбір құрылымдық жағынан ең қарапайым болса да тілдің ең негізгі мәнді бөлігі. Сондықтан түбір морфемалардың табиғатын анықтап алмай қазіргі тілдердің лексикалық ортақтығы мен туыстық деңгейін айқындау мүмкін емес.

Орхон, Енисей, Талас жазбаларында 350-дей ғана бір буынды түбір морфемалар (түбірлер мен түбір-негіздер) қолданылған. Көне мұралар тіліндегі түбір морфемалар көлемінің қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемаларға қарағанда ықшам болуы, біріншіден, көне жәдігерлердің әлі толық оқылып болмауына; екіншіден, жекелеген авторлар мен бедізшілердің сөз қолданысына, тіл байлығына, дара стилине байланысты болса; үшіншіден, арада өткен 1300 жылдық тіл дамуының табиғи заңдылығы да ықпал етпей қоймайды. Көне жазбалар тілінде сақталған түбір морфемалардың сандық көрсеткіші шағын болса да, көне тілдің басты ерекшеліктерін, түбір сөздер мен түбір-негіздер жиынтығының сұлбасын, тұтас лексикалық жүйенің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді, әрі қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың лексикалық қорды дамытудағы орнын, сөзжасамдық әлеуетінің ауқымын көрсетеді.

Мыңдаған жылдарды қамтитын түркі тілдері дамуының көне түркілік фрагментарлық кезеңін сипаттайтын VII-IX ғғ. ескерткіш-

тері тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі түбірлес сөздердің тұлғалық парадигмасы мен семантикалық деривациясы негізінде түбір морфемалардың бастапқы тұлғалары V, VC, CV модельдерінен дамығанын шамалауға болады. Лингвоэволюцияның ішкі заңдылықтары мен сыртқы ықпалдарға орай кері процестердің орын алуы екінші дәрежелі CVC, CVCC, VCC модельді морфемалардың қайта ықшамдалуына ықпал етті. Түркі түбірлерінің V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдері түркілік текті дәуірінде-ақ қолданыста болған құбылыстар. Тектілік дәуірге дейін де тілдің өмір сүргені, тілдік құрылымның бізге белгілі флективті, полисинтетикалық, аглютинативті кезеңдеріне дейін де белгілі бір идея-мазмұн жүктеген тілдік бірліктердің тұлғалық қалыптасуы дыбыс ↔ дыбыс тіркесі ↔ дыбыс тіркестері ↔ дыбыс тіркесі ↔ дыбыс процесінен өткенін түбір морфемалардың фоно-морфо-семантикалық табиғаты дәйектейді. Сондықтан ескерткіштер тіліндегі CVC, VCC, CVCC модельді бір буынды сөздердің бәрі бірдей тарихи түбір морфема бола алмайды, олардың біразы түркілік тектілік кезеңдерде қолданыста болған, кейіннен дербес лексемалық мағынасы күңгірттенген архитүбір мен ортақ семаны ыдыратушы, нақтылаушы архиформанттардан жасалған.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есім негізді түбір морфемалар жаңа сөз тудырудағы белсенді қолданысымен ерекшеленеді, олардың қатарын бірінші дәрежелі түбір морфемалар мен екінші, үшінші дәрежелі (түбір-негіздерден) түбір-негіздер құрайды. Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғаларының ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болады; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін берген; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күңгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналған. Бұл барлық түркі түбірлерінің архетиптерін есім немесе етістік түрінде жіктеуге келмейтінін, бастапқы

түбірлердің көпшілігі есім ↔ етістік мәнді синкретикалық мазмұнға негізделгенін сипаттайды.

Кез келген тілдік жүйедегі қарама-қарсы мәндегі жұптарды лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру шарттылыққа негізделеді. Көне түркі тіліндегі түбір морфемалар семасындағы оппозициялар идеялық белгілеріне орай бір-бірімен тығыз сабақтастықта дамып, тілдік әлемдегі жүйелі кешенге айналған. Гомогенді түбір морфемалар мазмұнындағы оппозициялық коннекторлардың шарттылық сипатының астарында идеялық сабақтастықтың іздері сақталады. Тіл дамуының бастапқы кезеңдерінен бастау алатын мұндай құбылыстар өте сирек ұшырасатын, лексикалық дамудың ежелгі қалып-бейнесінің сілемдері ғана. VIII-IX ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мұндай реликт белгілер – сөздердің морфологиялық құрылымынан, түбір морфемалардың полисемиялық, синонимиялық, антонимиялық табиғатынан, негізінен V, CV, VC моделді тарихи түбір морфемалардың мазмұнынан көрініс береді.

Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалар арасындағы тұлғалық-мазмұндық байланыстардың көмескіленуіне ықпал етіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс. Сондықтан түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың генезисі мен этимологиясын анықтаудың басты ұстанымы мынадай пайымдауларға негізделеді:

Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі қосымша морфемалар бір, екі, үш, төрт құрамды $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-CCV}$ модельдерінен тұрады; жалаң қосымшалардың архетипі полисемантикалы болып келеді, олар бір құрамды $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ модельдерінен және дыбыс тіркестерінен тұратын $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдерінен түзілген;

$\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына байланысты олар по-

лиформалы сипат алады; қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына және альтернативалық құбылыстарға ұшырауына байланысты гетерогенді қосымшалар өзара синонимдес тұлғаларға айналады;

Қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың дербес фонемаларға ыдырауына байланысты гомогенді полиформалы қосымшалар өзара омонимдес тұлғаларға айналады; қосымша морфемалардың $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың альтернативалық сыммен қатар жүретін идеофондық, идеосемантикалық үдерістерге байланысты гомогенді полиформалы және полисемантикалық қосымшалар антонимдес мәнге де, бір-бірінен алшақ әртүрлі мәнге де ие болып, соған сай функционалдық қызметі де өзгерістерге түседі;

Түркі тілдеріндегі бірнеше дыбыстан тұратын $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-VCVC}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді қосымша морфемалар жалаң қосымшалардың кірігуінен жасалған күрделі / құранды тұлғалар болып табылады; $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-VCC}$, $\sqrt{-VCVC}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді күрделі қосымшалардың құрамында морфемаларды дәнекерлеуші қыстырма дыбыстар да болуы мүмкін; Түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың дербес лексемалармен байланысы синхронды тұрғыда айқын аңғарылмаса да, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың идеялық мазмұнын сол дыбыстар қолданылатын дербес лексемалардың мұнынан тыс қарауға болмайды.

Түркі тілдеріндегі омонимиялық қосымша морфемалардың шығу тегі, қолданысы жайлы әртүрлі көзқарастардың айтылуы да олардың күрделі табиғатына байланысты. Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архетиптері өзінің полисемиялық сапасын сақтай отырып, грамматикализациялануы да ықтимал. Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан саралануы, жүйеленуі тә-

різді күрделі процестерді қамтиды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, синкретизм құбылысының қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды.

VII–IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі қосымша морфемаларды өнімді және өнімсіз деп жіктеу шарттылыққа негізделеді. Бізге жеткен жазба ескерткіш мәтіндерінің ауқымы көне түркілік лексикалық қорды толық қамти алмайды, сондықтан қосымша морфема қызметіндегі тұлғаның бір рет болса да тілдік қолданыста болуы маңызды.

Арада өткен 1400-1500 жыл көлеміндегі тарихи даму барысына сәйкес қалыптасқан кейбір дыбыстық өзгерістер көрініс бергенімен, жалпы алғанда, қазақ тілінің морфологиялық құрылымы VI–IX ғасырлардағы көне түркі тілінің морфологиялық құрылымына сәйкес келеді, базалық лексиканы құрайтын түбір морфемалар, қосымша морфемалардың мәні мен қызметі негізінен сақталған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ескерткіштер

БҚ	Білгеқаған
Е	Енисей жазбалары
ИА	Ихэ – Асхэт жазбасы
КТү	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
КХ	Канмыылдыг Хову жазбасы
КЧ	Кули Чор ескерткіші
МЧ	Мойун Чур ескерткіші
Он.	Онгин ескерткіші
Орх.	Орхон жазбалары
С.	Суджи жазбасы
Тар	Тариат ескерткіші
Тал.	Талас жазбалары
Тон.	Тоникук ескерткіші
ХБ	Хербис Баары жазбасы
ХТ	Хойто Тамир жазбасы
Ш.	Шу жазбалары
ЫБ	Ырық бітік
Эл.	Элегес жазбалары

Тілдер

алт.	алтай тілі
әзірб.	әзірбайжан тілі

башқ.	башқұрт тілі
е.қып.	ескі қыпшақ тілі
қ.балқ.	қарашай-балқар тілі
қаз.	қазақ тілі
қар.	қарайым тілі
ққалп.	қарақалпақ тілі
қ.тат.	қырым татарлары тілі
құм.	құмық тілі
қырғ.	қырғыз тілі
маж.	мажар тілі
монғ.	монғол тілі
ноғ.	ноғай тілі
өзб.	өзбек тілі
тат.	татар тілі
түр.	түрік тілі
түркм.	түркімен тілі
тув.	тува тілі
тұңғ.м.	тұңғыс-манчъжур тілі
ұйғ.	ұйғыр тілі
хак.	хакас тілі
чув.	чуваш тілі
як.	якут тілі

Әдебиеттер мен сөздіктер

- Айд.І *Айдаров Ф.* Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
- Айд.ІІ *Айдаров Ф.* Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
- Айд.ІІІ *Айдаров Ф.* Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым. 1990. – 220 бет.
- Аманж.І *Аманжолов А.* Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 127 б.
- Аманж. ІІ *Аманжолов А.* История и теориясы древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 366 с.
- АӘ *Алтайская этимология.* – Ленинград: Наука, 1984. – 224 с.

- Буд. *Будагов Л.З.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т.І. – Санкт-Петербург, 1869. Т.ІІ, 1971. – 414 с.
- Верб. *Вербицкий В.* Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Изд. 2-е. – Горно-алтайск: Ак чечек, 2005. – 496 с.
- ВД *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997. – 607 с.
- ГИК *Кажыбеков Е.З.* Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 270 с.
- ГЯТР *Кононов А.Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – 256 с.
- ДТД *Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках.* Под ред. И.А.Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. – 194 с.
- ДТС *Древнетюркский словарь.* Под ред. В.М.Наделяева, Д.М.Насилова, Э.Р. Тенишева, А.М.Щербака. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
- ДТДС *Борһанова Н., Якупова Г.* Диалектологик сүзлек. – Казан: Тат. Гос. Изд., 1953. – 264 б.
- ИДТЯ *Изысканный дар тюркскому языку: Введение, лексико-грамматический указатель, глоссарий Фазылова Э.И. и Зияевой М.Т.* – Ташкент, 1978. – 672 с.
- ИТФ *Баскаков Н.А.* Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – 207 с.
- ҚМС *Базылхан Б.* Қазақша-монғолша сөздік. – Улаанбаатар, 1977. – 392 б.
- ҚТДС *Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап.* – Алматы: Ғылым, 1996. –196 б.
- ҚТТС, I-X *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық.* – Алматы: Ғылым, 1974, 1976, 1978, 1979, 1982, 1985, 1986.
- ҚТТС *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- ҚТЭС *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.* – Алматы: Ғылым, 1966. –240 б.
- ҚТФС *Кеңесбаев С.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.



- Құрыш. Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 232 с.
- Лев. Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели Орхонско-тюркского и якутского языков: (В сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001. – 190 с.
- Мал.І Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1951. – 452 с.
- Мал.ІІ Малов С.Е. Памятник в честь Кюль-Тегина. Памятник в честь Бильге-кагана (хану Могилян). Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 64-124.
- МҚ М.Қашқари. Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. I том. Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1960. – 499 с; II том. 1961, – 427 с; III том. 1961, – 461 с; IV том. Дивону луғот ит турк. Индекс-луғат. Ғ.Абдурахманова, С.Муталлибов. Узбекистон ССР Фан нашриёти. Тошкент, 1967. – 525 с.
- МҚС Базылхан Б. Монғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1987. – 885 б.
- Расс. Рассадин В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва: Наука, 1982. – 198 с.
- СДЕ Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. и др. Современная и древняя Енисейка. Фрунзе: АН КиргССР, 1962. – 248 с.
- Сартк. I С. Қаржаубай. Объединенный каганат тюрков. – Астана: Фолиант, 2002. – 201 с.
- Сартк. II Сартқожа К. Орхон мұралары. – Астана: Kulteğin, 2003. – 392 б.
- СИГТЯ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 290.
- СТОКО Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 323 с.
- ЭСТЯ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, I-III т. 1974, 1978, 1980 (IV т. соавт. Левитская Л.С.), 1989. – 767, 349, 395, 292.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдуллаев Ф.А.* Фонетика хорезмских говоров. – Ташкент, 1967. – 186 с.
- Айгабылов А.* Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – 135 б.
- Айдаров Г.* Лексика древнетюркских памятников Орхон-Енисей и Таласа. Автореф. дисс... докт. филол. наук. – Алма-Ата, 1974. – 51 с.
- Айдаров Г.* Язык орхонского памятника Бильге-кагана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 80 с.
- Айдаров Ф., Томанов М., Құрышжанов Ә.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 273 б.
- Аманжолов А.С.* К генезису тюркских рун // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 231-250.
- Аманжолов С.* «Қазақ» деген сөз қайдан шыққаны туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1997. – 106-108 бб.
- Аманжолов С.* Памятники древнетюркской письменности и их отношение к современным тюркским языкам // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 131-133.
- Аманжолов С.* Тіл және жазу. –Өскемен: С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2005. – 403 б.
- Анесов Г.* Семантическое развитие производных основ образованных от гомогенных корней // Вопросы тюркского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 77-80.
- Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
- Ахметов М.А.* Глагол в языке орхоно-енисейских памятников (в сравнительном плане с современным башкирским языком). – Саратов: Издательство Саратовского университета, 1978. – 131 с.
- Аширалиев К.А.* Древнетюркские элементы в современных тюркских языках. На материале орхоно-енисейских памятников. Автореф. дисс... канд. филол. наук. – Фрунзе, 1969. – 27 с.

Баскаков Н.А. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. Отд. литературы и языка. – 1952. № 2. – С. 17-22.

Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т. II. Фонетика и морфология. – Москва, 1952. – 542 с.

Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении условной формы на -са, -се в тюркских языках // Академику Р.А.Гордлевскому к его 75-летию. – Москва-Ленинград, 1953. – С.52-60.

Баскаков Н.А. Примечания к русскому изданию книги М.Рясянена «Материалы по исторической фонетике тюркских языков». – Москва: Изд-во иностр. лит., 1955. – С. 216-225.

Баскаков Н.А. Уйгурский вокализм // Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. I. – Москва, 1955. – С. 117-126.

Баскаков Н.А. Тюркские языки. – Москва, 1960. – 286 с.

Баскаков Н.А. Предисловие // В.Котвич. Исследования по алтайским языкам. – Москва: Наука. 1962 – С. 3-8.

Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – 384 с.

Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). – Москва: Наука, 1979. – 217 с.

Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва: Наука, 1981. – 160 с.

Баскаков Н.А. Ограницах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 3-11.

Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники. – Москва: Наука, 1978. – С 281.

Барашков П.П. Звуковой состав якутского языка. – Якутск, 1953. – 165 с.

Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959. – 218 с.

Батманов И.А., Кунаа А.Ч. Памятники древнетюркской письменности Тувы. – Кызыл, 1963. – 192 с.

Батманов И.А. Источники формирования тюркских языков в Южной Сибири и Средней Азии // Источники формирования тюркских языков Средней Азии и Южной Сибири. – Фрунзе, 1966. – С. 15-21.

Бертагаев Т.А. Морфологическая структура слова в монгольских языках. – Москва, 1969. – 174 с.

Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. – Москва-Ленинград, 1960.

Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань: Татгосиздат, 1953. – 220 с.

Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка // Советское востоковедение. – 1952. Вып. V. – С. 247-254.

Бурыйкин А.А. Идеи с. А. Старостина и дальнейшие перспективы алтаистики // Аспекты компаративистики. 4 (Orientalia et Classica: Труды Института восточных культур и античности. Вып. XXVIII). – Москва, 2009. – С. 9-24

Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала. – Москва: Наука, 1983. – 260 с.

Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. – Москва, 1989. – 227 с.

Гаджиева Н.З. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // Turcologica, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 70-76.

Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Был ли начальный j в тюркских языках первичным // Советская тюркология. – 1974. № 3. – С. 74-80.

Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразование. – Уфа, 1959.

Гузев В.Г. Опыт фонологической интерпретации некоторых графических особенностей Ленинградского списка «Сказания о Малике Данышменде» // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1966. – С. 37-43.

Гузев В.Г. Очерки по теории тюркского словоизменения: Имя. – Ленинград: Изд-во ЛГУ, 1987. – 141 с.

Гулямов Х. Джизакский говор узбекского языка. Автореф. дисс... канд. филолог. наук. – Ташкент, 1954. – 25 с.

Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва – Ленинград, 1948. – 272 с.

Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – 607 с.

Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976. – 240 б.

Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы. –Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік университеті, 2003. – 211 б.

Жирмунский В.М. О некоторых вопросах лингвистической географии тюркских диалектов // СТ. – Москва, 1966. – С. 56 – 64.

Жирмунский В.М. О границах слова // Морфологическая структура слова в языках различных типов. – Москва – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1963. – С. 212-217.

Жолдасбеков М., Сартқожаұлы К. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа С+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания, 1961. № 2. – С. 27-32.

Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь // Народы Азии и Африки. – 1964, № 3. – С. 20-27.

Закиев М.З. О тюркской морфонологии // Советская тюркология. – Баку, 1984. – №7.

Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 146 б.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 1996. – 306 б.

История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Т. I. – Алма-Ата, 1977.

Кажибеков Е.З. Семантика тюркского слова. Проблемы межуревневой сопряженности. Автореф. дисс... докт. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 63 с.

Кажибеков Е.З. Фоно-семантическая характеристика пратюркского корня // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 95-102.

Кажыбек Е. Древнетюркский язык в статике, в системе и в развитии // Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. – Алматы: Информ-А, 2005. – С. 8-13.

Кашгари М. Девону лугат и түрк. С.М.Муталибов. Т.П. Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашприётининг боспахонаси, 1961.

Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика, морфология. – Алматы: Мектеп, 1975. – 304 б.

Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. – Ленинград: Издательство ЛГУ, 1981. – 191 с.

Кондратьев В.Г. Очерк грамматического строя языка памятников тюркской рунической письменности VIII в. из Монголии. Автореф. дисс... канд. филол. наук. – Ленинград, 1965. – 29 с.

Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1956. – 569 с.

Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва, 1960.

Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969.

Кононов А.Н. О фузии в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. – Москва: Наука, 1971. – С.159-179.

Кононов А.Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология// Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 7-15.

Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1982. – С. 360.

Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. Ленинград: Наука, 1986. – 256 с.

Кормушин И.В. К основным понятиям тюркской рунической палеографии // Советская тюркология. – 1975. – № 2. – С. 22-29.

Кормушин И.В. Лексико-семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – Москва: Наука, 1971. – С. 10-14.

Кормушин И.В. Текстологические разыскания в области енисейской руники // Turcologica, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 165-171.

Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва: Наука, 1962. – С. 32.

Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 514-520.

Кулиев А.А. Наличные формы глаголов языке орхоно-енисейских памятников (в сравнении с азербайджанским языком). Автореф. дисс... канд. филол.наук. – Баку, 1978. – 26 с.

Курьшжанов А. *Формы и значения надежей в языке Codex Cumanicus.* Автореф. дисс. канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1956. – 28 с.

Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 783 б.

Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИРО, 1998. – 508 б.

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 440-б.

Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы, 1985.

Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986.

Қордабаев Т. Қазақ тілінің қалыптасу, даму жолдары. Алматы: Мектеп, 1987. – 124 б.

Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі тон сөзінің мағыналары // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология және искусства сер. – 1960, №1. – 7-15 бб.

Құрышжанов Ә. Мойын-чур ескерткіші // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИРО, 1998. – 277-б.

Левитская Л.С. Историческая фонетика чувашского языка. – Москва: Наука, 1966. – 185 с.

Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва, 1976. – 245 с.

Левицкий В.В. Виды мотивированности слово, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинаров по проблеме мотивации языкознания. – Ленинград, 1969. – С. 21-25.

- Макаев Э.А. Вопросы построения сравнительной грамматики тюркских языков // Светская тюркология. – 1971. – № 2. – С. 21-25.
- Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // Известия Академии наук СССР. Отд. литературы и языка. Вып. 2. –1952. – С. 141-144.
- Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков (Тексты и переводы). – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958. – 116 с.
- Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия АН СССР. Отд. литература и языка. – 1941. – № 3. – С. 93-98.
- Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьцзяна. –Москва: Изд-во восточной литературы, 1961. – 183 с.
- Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь, грамматика. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. – 368 с.
- Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). – Алматы: ҚазМУ баспасы, 1973. – 90 б.
- Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 151 с.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жанғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 212 б.
- Махматкулов М. Аналитический способ словообразование в языке древнетюркских памятников. Автореф. дисс... канд.филол.наук. – Ташкент, 1973. – 25 с.
- Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (западнокипчакская группа). – Москва: Наука, 1975. – 356 с.
- Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984. – 232 б.
- Наделяев В.М. Чтение Орхоно-енисейского знака и этимология имени Туңьюкука // Тюркологические исследования. – Москва-Ленинград: Наука, 1963. – С. 210-215.
- Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в. Автореф. дисс. докт.филол.наук. – Москва, 1965. – 62 с.
- Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. –Москва: Наука, 1989. –290 с.
- Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. На материале «Хосрау и Ширин» Кутба. К. 1. – Москва, 1979. – 253 с.
- Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – Москва: Восточная литература, 1960. – С. 87.
- Насилов В.М. О лингвистическом изучении памятников тюркской письменности // Тюркологический сборник. 1972. – Москва: Наука, 1973. – С. 62-68.
- Насилов В.М. Глагольные имена в их развитии в тюркских языках // Вопросы тюркской филологии. – Москва, 1966. – С. 60-69.

Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках // Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979. – 126.

Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.

Остраумов Н. Этимология сартовского языка. – Москва, 1940. – 137 с.

Павлов И.Г. Краткий очерк морфонологии современного чувашского языка // Чувашский язык, литература и фольклор. Вып.4. – Чебоксары: ЧНИИ, 1974. – С. 41-61. Павлов

Покровская Л.А. Формообразование и его отношение к словоизменению в тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1990. – №1. – С. 12-16.

Раджабов А.А. Язык орхоно-енисейских памятников древнетюркской письменности. Автореф. дисс... канд.филол.наук. – Баку, 1967. – 27 с.

Раджабов А.А. Глаголообразование в языке орхоно-енисейских памятников. Автореф. дисс... докт.филол.наук. – Алма-Ата, 1977. – 51 с.

Радлов В., Мелиоранский П. Древнетюркские памятники в Кошо-цайдаме // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 25-63.

Рамstedт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – Москва: Издательство иностранной литературы, 1957. – С. – 254.

Рассадин В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва: Наука, 1982. – 198 с.

Романова А.В., Мыреева А.Н., Барашков П.П. Взаимовлияние эвенкийского и якутского языков. – Ленинград, 1975.

Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – Москва, 1955.

Сабыр М. Орта ғасыр түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 276 б.

Сағындықов Б. -ды,-ді, -ты,-ті жұрнақтарының шығу тарихы // ҚазМУ хабаршысы. –1994. –№2. – 74-79 бб.

Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 166 б.

Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. Екінші халықаралық түркология конгресі. I б. – Түркістан: Тұран, 2006. –199-205 бб.

Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С. 1053

Санжеев Г. Сравнительная грамматика монгольских языков. Т. I. – Москва, 1953.

Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 350 б.

Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009.

Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 641.

Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1966. – С. 380.

Севортян Э.В. Об этимологическом словаре тюркских языков // Вопросы языкознания. – 1971. – №6. – С. 70-77.

Севортян Э.В. Морфологическое строение слова в связи с другими характеристиками // Тюркологический сборник. – Москва, 1972. – С.22-35.

Серебрянников Б.А. Историческая грамматика пермских языков. – Москва, 1963.

Серебрянников Б.А. К вопросу связи башкирского языка с венгерским. – Уфа, 1963. – 214 с.

Серебрянников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа *-lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. – 1970. – № 1.

Серебрянников Б.А. Вероятности обоснования в компоративистике. – Москва, 1974. – 262 с.

Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.

Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: Наука, 1986. – 302 с.

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – 560 с.

Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның «Жылнамалар жинағы». – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 272 б.

Тектігүл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 303 б.

Тенишев Э.Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология. – 1973. № 6. – С. 54-61.

Тенишев Э.Р. Строй сарыг-югурского языка. – Москва, 1976. – 230 с.

Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // Turcologica. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. – Ленинград, 1976. – С. 164-172 .

- Тенишев Э.Р.* Избранные труды. Книга вторая. – Уфа: Гилем, 2006. – 379 с.
- Тенишев Э.Р.* Избранные труды. Книга первая. – Уфа: Гилем, 2006. – 302 с.
- Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – 206 б.
- Томанов М.* Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – 614 б.
- Түймебаев Ж.К.* Проблемы анлаутных губных согласных в алтайских языках. (Ревизия фонетического закона Рамстедта-Пеллио). – Москва, 2004.
- Түймебаев Ж.К.* Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к этимологическому словарю казахского языка. – Москва, 2005.
- Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А.* Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау, 2009.
- Философия. Құраст. Ғабитов Т.* – Алматы: Раритет, 2005. – 395 б.
- Хабичев М.А.* Памятник куманских языков // Советская тюркология. – 1974. № 2. – С. 65-71.
- Хабичев М.А.* Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – 220 с.
- Хасенова А.* Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1971. – 306 б.
- Хусаинов К.* Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 232 с.
- Хусаинов К.Ш.* Дыбысбейнелеуіш негіздердің морфологиялық құрылымы // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 40-64 бб.
- Шайхулов А.* Структура и идеографическая парадигма односложных корневых основ в кыпчакских языках Урала-Повольжья в континууме ареальной, межтюркской и общетюркской лексики: синопсис и таксономия когнитивной сферы «Природа (неживая и живая)». – Уфа: БашГУ, 2000. – 494 с.
- Шайхулов А.* Алтайская цивилизация и отражение картины мира в тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских языках (на материале односложных корневых основ) // Түркология, 2004. № 5. – С. 91-95.
- Шайхулов А.* К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. – 2004. №2. – С. 51-63.
- Шервашидзе И.Н.* Формы глагола в языке орхоно-енисейских надписей. Автореф. дисс... канд.филол.наук. – Тбилиси, 1977. – С. 27.
- Щербак А.М.* Способы выражения грамматических значений в тюркских языках // Вопросы языкознания. 1957. – № 1. – С. 21-29.
- Щербак А.М.* Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XII вв. Из Восточного Туркестана. – Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1961. – 204 с.

Щербак А.М. П.М.Мелиоранский и изучение памятников тюркской письменности // Тюркологический сборник. 1972. – Москва: Наука, 1973. – С. 24-35.

Щербак А.М. К вопросу о происхождении глагола в тюркских языках // Вопросы языкознания. 1975. – № 15. – С. 15-22.

Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). – Ленинград, 1977.

Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. Москва-Ленинград, 1961. – С. 204.

Щербак А.М. Введение в сравнительное изучение в тюркских языков. – Санкт-Петербург: Наука, 1994. – С. 191.

Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII/XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – 291 с.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974 – 391 б.

Ысқақов А. Қазақ тілінің фонеморфологиялық құрылысын тарихи тұрғыдан талдау. – Алматы, 1999.

Юдашев А.А. Система словообразования в спряжений глагола в башкирском языке. – Москва: Наука, 1958. – 194 с.

Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч. I. – Фрунзе: Киргиз уч.педгиз, 1959 – 320 с.

**TUYMEBAYEV Zhanseit,
ESKEEVA Magripa**

**MORPHOLOGICAL STRUCTURE OF OLD TURKIC WRITTEN
MONUMENTS (VII-IX C.)**

TUYMEBAYEV Zhanseit is Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the Republic of Kazakhstan in the Republic of Turkey (appointed by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan, October 7, 2010) and in the Republic of Albania (appointed by the Decree of the President of the Republic of Kazakhstan, March 2011), Doctor of Philology. He is a holder of «Kurmet» Order (2003) and «Parasat» Order (2011). He is awarded the medals «The 20th Anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan» (2011), «10 Years of Astana» (2008), «Special contribution to the development of friendship between Kazakhstan and Turkey» (reward of the Turkish Association of Industrialists and Businessmen, 2011), «Special Progress in International Relations» (the award of an international platform for the development of tourism in Turkey (TÜTAP), 2011), «Contribution to the development of friendship between peoples» (the award of the International Federation University Games (FISU), 2011). He is the author of many scientific works (20 monographs, 2 dictionaries, 3 textbooks, more than 200 scientific articles), the compiler of 5 model curriculums for the specialties 5V021200 Turkology (Bachelor).

His scientific interests: in *Altaistics*: problems of the Turkic-Mongolian language relationships; comparative morphology of the Altaic languages, historical lexicology of the Altaic languages; in *Turkology*: comparative and historical grammar of the Turkic languages, historical lexicology of the Turkic languages; in *Kazakh linguistics*: historical lexicology and historical grammar of the Kazakh language, Modern Kazakh grammar.

Main scientific works: Kazakh and Mongolian lexical parallels: Materials for etymological dictionary of the Kazakh language. - M., 2005; Problems of anlaut labial consonants in the Altaic languages (Ramstadt phonetic law revision - Pellio). - M., 2005; Formation and development of

the Altaic theory and Altaistics. - Turkestan, 2006; History of the Turkic, Kazakh and Mongolian ethno linguistic relationships. - Astana, 2008; Actual problems of linguistic research in Central Asia. Turan language union (co-authorship). - Kokshetau, 2009.

ESKEEVA Magripa is the leading scientific associate of the Turkic Academy, Doctor of Philology, the author of numerous scientific works (5 monographs, 3 textbooks, more than 120 scientific articles); the compiler of eight standard educational programs for the specialities 050117 – Kazakh language and Literature (MA course) and 5B021200 – Turkology (B course) in co-authorship. As a member of a working group she participated in the working out the State Compulsory Standards of Education of the Republic of Kazakhstan for the higher professional education, B course, MA course, PhD course of the specialities 5B021200 – Turkology, 6M021200 – Turkology, 6D021200 – Turkology.

The sphere of scientific interests: in the field of Turkology - language of the Ancient Turkic written records, linguo-philosophical aspects of language studying of the ancient monuments, history of the Kypchak languages, problems of the monosyllabic roots and stems studying; comparative and historical grammar of the Turkic languages.

Main works: Historical language changes. – Astana: ENU, 2003. – 205 p.; Monosyllabic fundamentals of Ancient Turkic and Modern Kypchak languages. – Almaty: Arys, 2007. – 360 p.; Historical place of Kazakh language in the system of Turkic languages. – Astana: Saryarka, 2011. – 360 p.; History of Kazakh language formation. Collective monograph. II volume (co-authorship). – Almaty: «Adongar» MDK, 2013. I V. – 450 p., II V. – 440 p.; Historical bases of Kazakh writing. – Astana: ENU, 2002. – P. 140; Introduction to Turkic philology. – Astana: ENU 2004. – 155 p.; Kazakh language. Textbook. – Astana: Regis-T, 2001. – 232 p.

Lexical layers, formed in the sphere of glottochronological development of Turkic languages, which capture a long period, are the lingua-informative facts describing multi-layered and multi vectral connection between ethnic and language. Therefore researching the language of the Orhon, Yenissei, Tallas monuments, which form the old layer of modern

Turkic languages, on the basis of inter-principle continuity of structural and anthropological paradigms, founding the consolidating potential of old Turkic lingua-indicators on scientific and theoretical basis are main tasks of modern Turkology. The analysis of peculiarities of morphological structure of the language of old Turkic monuments is a topical problem in identifying grammatical and functional potential and structural-semantic development of root-morphemes and affixational morphemes which form the morphological structure of Modern Turkic languages. The analysis of morphological structure of the language of monuments, firstly engages to identify the general corpus of root-morphemes and affixational morphemes, which form the morphological structure of Old Turkic language, changes and the degree of their preservation in Modern Turkic languages.

This work is devoted to give the description of morphological structure of Old Turkic language on the basis of analyzing the structural-semantic peculiarities and grammatical-structural potential of root-morphemes and affixational morphemes, identify the degree of preservation of old Turkic morphological structure in Modern Kazakh language on the basis of lingua-differentiational and lingua-integrational indicators.

Because of the impact of the development of root-morphemes and affixational morphemes in Turkic languages, which describes the main peculiarity of agglutinative language system, on the formation of phonetic-phonological system, lexical stock and syntactic construction with their own peculiarities, the morphological structure is the main grammatical mechanism ensuring the harmony between historical development of the whole language system and language degrees. Phonetic-phonological and grammatical phenomena in evolutionary development of language system concern both root-morphemes and affixational morphemes.

Development of root-morphemes from V, VC, CV models on the basis of structural paradigm and semantic derivation of homogenous words in the language of monuments of the VII-IX C. and Modern Turkic languages can be identified. As a result of reverse processes which occur because of intralingual and extralingual factors bring to the reduction of the secondary CVC, CVCC, VCC model morphemes. Therefore, not all one syllabic CVC, VCC, CVCC model words represent historical root

morpheme, some of them were in use in Old Turkic period, later they were formed of archiformants which particularize and differentiate archaic word with weakened individual lexical meaning and common seme.

On the basis of conditional nature of oppositional connectors in the context of homogenous root-morphemes, tracks of concept continuation are preserved. These phenomena, which have their beginning from the earliest periods of language development, are rarely met old relicts of lexical development. These relict signs in the language of old Turkic monuments of VII-IX centuries – are found in V, CV, VC model historical root morphemes because of polysemic, synonymous and antonymous character of root-morphemes, which are the base of morphological structure of words.

In grammatical development which capture phonetic-phonological, phono-morphological and phono-semantic processes, progress of structural and semantic derivation of compound and monosyllabic affixational morphemes in different directions and degrees brought to the dilution of connection of homogenous suffixes, synchronically it gives heterogenous description. This is peculiar to the whole group of affixational morphemes, word-formation system, word-derivation in Turkic languages.

Structural models of affixational morphemes in the language of Old Turkic monuments are $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$, $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-CCV}$ forms of one, two, three, four components; the archaic form of simple suffixes are polysemantic and are formed of $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ models, which consist of one sound and $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ models, which consist of more than one sound. Different views concerning the origin of homonymous affixational morphemes in Turkic languages occur because of their complicated nature. Grammaticalization of old forms of affixational morphemes in the type of individual lexeme is possible by preserving their polysemic quality. Changes in the form, meaning and functions of affixational morphemes occur in connection with evaluative development of language. Evolutionary development of affixational morphemes cover complicated processes as changes in their form, stability or changeability of their meaning, multifunctional nature or their use in one function,

their differentiation in their form and meaning. In consequence with the limited capabilities of the first suffixes going into structural changes, one formant can be used in different grammatical and lexical meanings.

The language of Turkic written monuments of the VII-IX C. which preserved Kipchak language peculiarities as well as Oguz language peculiarities and connected with the Turkic language of Medieval period, is the earliest chronological period of mixed language system of Kipchak and Oguz languages.

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович,
ЕСКЕЕВА Магрипа Кайнарбаевна

МОРФОЛОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ЯЗЫКА
ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ
(VII–IX ВВ.)

Туймебаев Жансеит Кансеитович – Чрезвычайный и Полномочный Посол Республики Казахстан в Турецкой Республике (назначен Указом Президента РК от 7 октября 2010 г.), по совместительству – в Республике Албания (назначен Указом Президента РК в марте 2011 г.), доктор филологических наук, удостоен ордена «Құрмет» (2003), кавалер ордена «Парасат» (2011), награжден медалями «10 лет Астане» (2008), «20-летие Независимости Республики Казахстан» (2011), «Особый вклад в развитие дружбы между Казахстаном и Турцией» (награда турецкой Ассоциации бизнесменов и промышленников, 2011), «Особые успехи в международных отношениях» (награда международной платформы по развитию туризма Турции (TÜTAP), 2011), «Вклад в развитие дружбы между народами» (награда международной федерации студенческих игр (FISU), 2011). Автор многочисленных научных трудов (20 монографий, 2 словаря, 3 учебника, более 200 научных статей), составитель 5 типовых учебных программ для специальностей 5В021200– тюркология (бакалавриат).

Сфера научных интересов: в области алтаистики – проблемы тюрко-монгольских языковых взаимосвязей и взаимоотношений; сравнительная морфология алтайских языков, историческая лексикология алтайских языков; в области тюркологии – сравнительно-историческая грамматика тюркских языков, историческая лексикология тюркских языков; в области казахского языкознания – историческая лексикология и историческая грамматика казахского языка, грамматика современного казахского языка.

Основные научные труды: Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к этимологическому словарю казахского языка. – Москва, 2005; Проблема анлаутных губных согласных в

алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио). – Москва, 2005; Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. – Туркестен, 2006; История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008; Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз (в соав). – Кокшетау, 2009.

Ескеева Магрипа Кайнарбаевна – ведущий научный сотрудник Тюркской академии, доктор филологических наук, автор многочисленных научных трудов (5 монографий, 3 учебника, более 120-ти научных статей); составитель 9-ти типовых учебных программ для специальностей 5В021200 – Тюркология (бакалавриат) (в соавторстве). В составе рабочей группы принимала участие в разработке ГОСО РК для высшего профессионального образования, бакалавриата, магистратуры, докторантуры по специальностям 5В021200 – Тюркология, 6М021200 – Тюркология, 6D021200 – Тюркология.

Сфера научных интересов: в области тюркологии – язык древнетюркских письменных памятников; лингвофилософские аспекты изучения языка древних памятников; история кыпчакских языков; проблемы изучения односложных корней и основ; сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.

Основные труды: Исторические языковые изменения. – Астана: ЕНУ, 2003. – 205 с.; Моносиллабические основы древних тюркских и современных кыпчакских языков. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 с.; Историческое место казахского языка в системе тюркских языков. – Астана: Сарыарка, 2011. – 406 с.; История формирования казахского языка. Коллективная монография. II томник (в соавторстве). – Алматы: «Адоңғар» МДК, 2013. I Т. – 450 с., II Т. – 440 с.; Исторические основы казахской письменности. – Астана: ЕНУ, 2002. – 140 с.; Введение в тюркскую филологию. – Астана: ЕНУ, 2004. – С. 155; Казахский язык. Учебное пособие. – Астана: Регис-Т, 2001. – 232 с.

Лексические пласты, сформированные в глоттохронологическом развитии тюркских языков, являются лингвоинформационным показателем, характеризующим многослойные, многовекторные отношения между этносом и языком. В связи с этим, одной из основ-

ных задач современной тюркологии является научно-теоретическое обоснование консолидирующего потенциала древнетюркских лингвоиндикаторов на основе исследования принципов преемственности антропологических и структурных парадигм языка Орхонских, Енисейских, Таласских письменных памятников, составляющих древнетюркский пласт современных тюркских языков. Анализ особенностей морфологической структуры языка древнетюркских письменных памятников позволяет выявить грамматико-функциональный потенциал и структурно-семантическую линию развития корневых морфем и аффиксальных морфем, составляющих морфологическую систему современных тюркских языков. Обязательное условие анализа морфологической структуры заключается, в первую очередь, в выделении общего корпуса корневых и аффиксальных морфем, составляющих морфологическую систему языка памятников, определении степени их сохранности и их изменений в современных тюркских языках.

Предлагаемая работа нацелена на определение степени сохранности в казахском языке древнетюркской морфологической структуры, опираясь на лингводиференциальные и лингвоинтеграционные индикаторы, описание морфологической системы древнетюркских языков на основе анализа грамматико-функционального потенциала и структурно-семантических особенностей корневых морфем и аффиксальных морфем языка древнетюркских письменных памятников VII–IX вв.

Развитие корневых морфем и аффиксальных морфем в тюркских языках, характеризующее главную особенность агглютинативной языковой системы, влияет на формирование специфических особенностей фонетико-фонологической системы, лексического состава и синтаксической конструкции. Это положение позволяет заключить, что морфологическая структура является основным механизмом, обеспечивающим гармоничность исторического развития целостной языковой системы и ее языковых уровней. Фонетико-фонологические и грамматические явления в процессе эволюционного развития языковой системы в одинаковой степени имеют отношение, как к корневым морфемам, так и к аффиксальным морфемам.

Учитывая структурную парадигму и семантическую деривацию гомогенных слов в языке письменных памятников VII–IX вв. и современных тюркских языков, можно предположить, что первичные формы корневых морфем получили развитие из моделей V, VC, CV. Согласно внутренним закономерностям лингвоэволюции и в зависимости от экстралингвистических факторов, обратный процесс привел к вторичному сворачиванию моделей CVC, CVCC, VCC. В этой связи, однослоговые слова моделей CVC, VCC, CVCC в языке исторических памятников не могут являться все к ряду исторически корневой морфемой. Часть из них употреблялась в период тюркского протоязыка, позже формировалась из архетипов с ослабленным лексическим значением и дифференцирующих, конкретизирующих общую сему архиформантов.

Подтекст условных характеристик коннекторов противопоставления в содержании гомогенных морфем сохраняет следы идейной преемственности. Подобные явления, восходящие к начальным этапам развития языка, являются реликтом лексического развития. Данные реликтовые знаки в языке древнетюркских письменных памятников VII–IX вв. отражаются в полисемических, синонимических, антонимических основах исторических корневых морфем моделей V, CV, VC.

В процессе грамматического развития, охватывающем фонетико-фонологические, фоно-морфологические и фоно-семантические процессы, многовекторные и многоуровневые структурно-семантические деривации простых и сложных аффиксальных морфем приводят к ослаблению связей гомогенных окончаний и придают синхронный гетерогенный характер. Данное явление свойственно в тюркском языке для всех групп аффиксальных морфем, системе словообразования, словоизменения и формообразования.

Структурные модели аффиксальных морфем языка древнетюркских письменных источников состоят из одно-, двух-, трехсоставных \sqrt{C} , \sqrt{V} , \sqrt{VC} , \sqrt{CV} , \sqrt{CVC} , \sqrt{VCV} , \sqrt{CVCV} , \sqrt{CCV} форм; архетипы простых аффиксов являются полисемантическими, они формируются согласно однозвучной модели \sqrt{C} , \sqrt{V} и двузвучной модели \sqrt{CC} , \sqrt{VC} , \sqrt{CV} . Многообразие версий о происхождении и применении

омонимических аффиксальных морфем в тюркском языке связаны со сложной структурой этих морфем. Некоторые лексические архетипы аффиксальных морфем могли быть грамматикализованы, сохраняя при этом свое полисемическое качество. Структурно-семантическое, функциональное изменение аффиксальных морфем протекает в структуре общезыковой эволюции. Эволюционное развитие аффиксов охватывает сложные процессы их структурного изменения, семантической стойкости либо изменчивости, одно- или многофункциональность их употребления, структурно-семантической дифференциации и систематизации. В связи с ограничением возможности структурных изменений, один формант может быть употреблен в нескольких грамматических или лексических значениях.

Язык древнетюркских исторических памятников VII–IX вв., сохранивший наряду с огузскими признаками кипчакские свойства, является хронологическим отражением исходного этапа кипчак ⇔ огузской смешанной языковой системы, в дальнейшем представленной средневековой тюркской письменностью.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....5

Бірінші бөлім

ҮІІ-ІХ ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- §1. Түркі тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар 9
§2. Көне түркі жазба ескерткіштері тілі
морфологиялық құрылымының зерттелуі..... 27

Екінші бөлім

ҮІІ-ІХ ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР МОРФЕМАЛАР

- §1. Түбірлер мен түбір-негіздердің сөзжасам
жүйесіндегі морфемалық әлеуеті 41
§2. Көне түркі ескерткіштері тіліндегі түбір морфемалар
мен морфонемалар..... 54
§3. Есім негізді түбір морфемалар мен морфонемалар 76
§4. Етістік негізді түбір морфемалар 102
§5. Тарихи түбір морфемалардың полисемиялық табиғаты..... 123

Үшінші бөлім

ҮІІ-ІХ ҒАСЫР ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМША МОРФЕМАЛАР

- §1. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың
қалыптасу, даму тарихы жайлы көзқарастар 139
§2. Көне түркі ескерткіштері тіліндегі зат есім
тудыратын қосымша морфемалар 155
§3. Зат есімнің грамматикалық категориялары 187
§4. Сын есім жұрнақтары 214
§5. Сын есімнің грамматикалық категориялары 234
§6. Сан есімдердің қосымшалары 236

§ 7. Есімдіктердің қосымшалары	249
§ 8. Үстеулердің қосымшалары.....	258
§ 9. Етістіктердің сөзжасамдық жүйесі	270
§ 10. Етістіктің грамматикалық категориялары	284
ҚОРЫТЫНДЫ	305
Шартты қысқартулар	312
Пайдаланылған әдебиеттер	317

«ҚАЗІРГІ ТҮРКОЛОГИЯ» сериясы

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы
ЕСКЕЕВА Мағрипа Қайнарбайқызы

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ
(VII-IX ғғ.)

Көркемдеуші редакторы
Амиржанова А.

Қалпы 70x100 1/16 Қағазы офсетті. Шартты баспа табағы 21
Таралымы 300 дана.

ISBN 978-601-7340-38-4



9 786017340384